



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



САРЫТЕРЕК ауылдық округі АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ



Сарытерек селолық округі



Құрылған жылы	1928 жыл
Жер көлемі	284707 га
Халық саны	960 адам
Экономикалық белсенді халқы	451 адам
НЕГІЗГІ КӨСІБІ	
Шаруа қожалығы	58
Кәсіпкерлер	8
ОРТАЛЫҒЫ Сарытерек селосы	
Орта мектеп	1
Мәдениет үйі	1
Кітапхана	1
Үй саны	224
Елді мекен	4

САРЫТЕРЕК

**ауылдық округі
АҚТОҒАЙ АУДАНЫ**

ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

ӘОЖ 908
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
С 22

Бас редактор:

Жанболат Башар

Алқа мүшелері:

Қ.Ақтайбеков

С.Балтабаев

Е.Бизақов

Ә.Дауылбаев

Қ.Досмақов

А.Қалымбергенов

А.Тойшыкенов

Шығармашылық топ:

Нұргүл Құсайнова

(жетекші)

Гүлназира Әлібаева

(хатшы)

Қарлығаш Кәрібекова

Шырын Қасенбекова

Нұргүл Алдажарова

Мадина Серік

Б САРЫТЕРЕК ауылдық округі: «Таным мен тағылым».
Қарағанды: «Tengri ltd» ЖШС баспаханасы – 2018ж. – 416 б., илл.
ISBN 978-601-7950-15-6

Бұл кітап - Сарытерек өңірінің өткеніне көз жіберіп, дала төсінде түліктен төл өрбітіп, ақтылы қой өсіріп, ел дәулетін еселеген ерлер туралы сыр шертеді. Тоқырауынның аңызға айналған Ақ бидайын өсіріп дүйім елді елең еткізген диханшы аталар туралы ой тербейді. Ықылым заманнан бері іргесі шайқалмаған еліне құт болған ырысты өңірдің қасиетін айтады. Отызыншы жылдардың ойранын көрген, соғыстың сұрапыл жылдарына төтеп берген қасиетті қазақтың қайсарлығын, елдігін баян етеді. Елдігінің қаймағы бұзылмаған аталарымыздың бірлігін айтып, солардан қалған ұлағатты ізден тағылым түйеді.

Шежіре бір рудың емес, бүтін бір елді аймақтың шаруашылығының қаз басып, қалыптасуын, Сарытерек ауылының кешегісі мен бүгінгі келер ұрпаққа жеткізбек.

ӘОЖ 908
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7950-15-6

© Башар Ж., 2018



Ерлан БИЗАКОВ. Сарытерек ауылдық округінің әкімі

ЕЛДІК ПЕН ЕҢБЕКТИҢ ШЕЖІРЕСІ

Сарытерек – ежелден өрісі малға толған ырысты мекен. Басты қазынасы – мал шаруашылығы болғандықтан кешегі кенестік дәуірде ақтылы қой өсірген, қой тұқымын асылдандырудың да озық тәжірибесін шаруашылыққа енгізген аудан көлеміндегі бірден бір іргелі шаруашылық болды.

Сарытеректің бағзыдағы тарихына көз жүгіртсек бұл өлкеден камал бұзған батыр да, сөз бастаған шешенде, топ бастаған көсемде шыққан. Атақты Сана би, Саумал, Қазыбай биді, Абылайханның заманында камал бұзған баһадүр Аю батырдың есімдерін ел қадыр тұтады. Кешегі Алаштың ақылманы Әлихан

Бөкейхановтың кіндік қаны тамған қасиетті өңір. Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардағы қалыптасқан ел шежіресі бойынша бұл өңірдегі (Қоңырат ауд.) негізінен үш болыс ел болған. Олар Қотана-бұлақ, Балқаш және Тоқырауын болыстары. 1928 жылдары осы аталмыш болыстар біріктіріліп, басқару орындары құрылды. 1927-30 жылдары алғашқы ұйымдасқан серіктіктер (тоз, мойынсерік) құрылды. Сол уақытта Сарытерек ауылдық советіне қарайтын Қарағұла, Қарашілік, Үшөзек, Сарытерек серіктіктері құрылған екен. Содан бергі аралықта біздің халқымыз заманның аласапыран уақыттарын бастан өткеріп, не бір

нәубетті, не бір қуғын-сүргінді көріп жиырма бірінші ғасырға аман-сау жетті. Әріге бармай-ақ, өткен 90 жыл ішінде біздің аталарымыз толарсақтан қан кешіп, сұрапыл соғысты көрді. Елін жаудан қорғады. Соғыстан соңғы соқталы кезеңде күйреген ауыл шаруашылығын көтерді.

Сарытеректің халқы ежелден елдікті мұрат еткен, еңбекті қадыр тұтқан ел. Бұған дәлел әлемде теңдесі жоқ Тоқырауынның ақ бидайын өсірген ел осы біздің байтақ өлкемізді мекендеген қазыналы жұрт. Күні бүгінге дейін сарытеректіктер еңбек етуді өмірлік ұстанымға айналдырған. ХХІ ғасыр қазақ елі үшін алтын ғасыр десе болғандай. Біз ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Соны көру бүгінгі біздің пешенемізге бұйырған зор бақыт, әрі зор жауапкершілік.

Тәуелсіздік алған жылдары (90 ж.) ауыл шаруашылығына оңай болған жоқ. Бірақ тәуелсіздігіміздің арқасында қиындықтарды жеңіп, ілгері қадам бастық. Жоғалтқанымыздың орнын толтырдық. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясаты арқасында ауыл қайта түледі. Алысқа бармай ақ, өткен 2017 жылы Сарытерек ауылдық округіне қарайтын шаруашылықтар жылды табысты аяқтап шықты.

Қазір біздің алдымызда ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында, 5 институционалдық реформаларды жүзеге асыруға арналған «100 нақты қадам – Ұлт жоспарында» және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қойылған басым бағыттар бізді болашаққа бастайтын бағдар шам. Қазіргі таңда осы бағытта тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Сарытерек ауылдық округі бойынша әкімдік, клуб үйі, модельді кітапхана, Жабас Кеңесбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі, отбасылық дәрігерлік емхана, ветеринариялық пункт, почта, жергілікті полиция бөлімшелері, өнер мектебінің, балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің филиалдары, «Ақтоғай-су» мекемесінің су операторы, «Энергия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің элек-трик-контролері, орман шаруашылығының мамандары, ауылдық мешіт, 63 шаруа қожалығы, 2 ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі, 36 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасауда. Осының бәрі жұдырықтай жұмылып аулымызды көркейтуге күш салу-

да. Ондаған жылдар бойы округ аумағындағы малшылар ауылы электр жарығынан ажырап қалған болатын. Соның бәрі бірте-бірте орнына келуде. Бүгінгі күні Сарытерек ауылдық округі бойынша үш елді мекен (Сарытерек, Ақтұмсық, Жетімшоқы) және 7 шаруа қожалықтары (Қарағұла, Самал, Ұзынбұлақ) тұрақты электр қуатымен қамтамасыз етілген. Былтырғы жылы Самал қыстағына «Әлия» шаруа қожалығының (жетекшісі Г.Аманбаева) өз қаражаттары есебінен электр желісін тартып КТП қондырғысын орнатып, қыстаққа және сол жерде тұратын отбасыларды электр қуатымен қамтамасыз етті. Баламалы энергия көздерін дамыту бағытында «Жаннат» шаруа қожалығы (жетекшісі Қ.Қалпебаев), «Башар» шаруа қожалығы (жетекшісі Е. Қали), «Ақ-Еділ» шаруа қожалығы (жетекшісі А.Метжанова), жеке кәсіпкер «Болшымбаев» күн сәулесінен электр қуатын алатын қондырғылар орнатты. Ауылдық округ бойынша бүгінгі күні елді мекендер мен

қыстақтарда 30-дық спутниктік байланыс жүйесіне қосылған. Ауыл тұрғындары 3 теле арнаны: («Қазақстан», «Хабар», «24 kz») көріп отыр, сонымен қатар ауылда және елді мекендерде 150 үй «Отау ТВ» спутниктік бағдарламалар тарту қызметіне қосылған.

Аулымыздың 90 жылдығы аясында шыққалы отырған Сарытерек өңірі туралы бұл кітап, осы өлкеде туып, ел мен жердің ертеңі үшін аянбай тер төккен аға ұрпақтың еңбегіне тағзым секілді ғанибет дүние деп ойлаймын. Кітапқа сәттілік тілеймін. Бұл кітапты шығарудағы басты мақсат – кешегі және бүгінгі өмір шындығын жастарымыз өнеге тұтса деген ниет. Сонда ғана туған жердің киесі мен қасиетін сезінген әрбір азамат оның өркендей түсуінен шет қалмақ емес. Бұл бәріміздің шағын отанымыз. Қазақстандық патриотизмнің өзі әркімнің туған аулына деген шыннайы құрметтен басталады. Олай болса келер ұрпақ аталарымыздың елдік еңбек дәстүрін бойларына дарыта біледі деген сенімдемін.

ШЫҒАРУШЫЛАР АЛҚАСЫНАН

Бұл кітап малды аймақтың өткені мен бүгінін, байлығы мен табиғатын, өнері мен өркениетін баяндайтын танымдық және тағылымдық басылым.

Кітапта аймақтың табиғаты мен табиғи қоры, жер-су атаулары, тарихи ескерткіштер мен тарихы, экономикасы, мәдениеті, білім беру ісі, денсаулық сақтау жүйесі және спорт пен ғылымға қосқан үлесін баяндайтын очерктік шолулар; алфавиттік ретпен орналасқан округтің (ауылдың) мақтан тұтар ұл-қыздары туралы, жеке адамдардың дербес қосқан үлесі жайында деректемелер берілді. Шолу мақалаларда ауыл халқының елдік және еңбек шежіресінен толыққанды мәліметтер беруге, тоқсан жылдық тарихында өткен өткелдері мен жасампаздық істерін жан-жақты суреттеуге баса назар аударылды.

Сонымен қабат өлкемізде туып өскен, аз уақыт қызмет істеп, кейін ел аумағында мәртебелі лауазым атқарған белгілі тұлғаларға да кітаптан орын берілді. Сондай-ақ, өңірімізде туып кейін ғылымға, өнерге өлшеусіз үлес қосып белгілі жетістіктерге қол жеткізген аза-

маттар; қазақтың санын көбейту жөніндегі үкіметіміздің саясатын ескере отырып – Алтын, Күміс алқаны иеленген аналар да ұмыт қалған жоқ.

Сарытерек ауылы туралы тұңғыш рет жарық көргелі отырған бұл басылым бүгінгі және келер ұрпақтың кешегі аталар өмірін танып, содан тағылым алса деген ниетпен жазылды. Кітаптың «Таным мен тағылым» атануы да содан. Кітапқа енетін есімдер жергілікті әкімдікпен, ақсақалдар алқасы белгілеген критерийлер (өлшем) бойынша сұрыпталды.

Ең әуелі, Сарытерек колхоз, совхоз болған уақыттарда бүгінгі селолық округтің, жалпы аймақтың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан, өңірдің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған ортақ тұлғалар, мемлекеттік марапатқа ие болған айтулы еңбек озаттары, өнерде, спортта белгілі табысқа қол жеткізген есімдерді қалыс қалдырмауға тырыстық.

Елді мекеннің өткен тарихынан сыр шертетін суреттерге де орын берілді. Ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігін суреттейтін түрлі-түсті суреттер де бар.

Қыстақтар мен жер-су атаулары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, тау тастағы көне жазулар мен суреттер, тарихи орындар, өткен ғасырларда осы аймақта өмір сүрген атақты адамдар да қамтылды.

Кітапқа үш жүзден астам аққара, 100,..-ден астам түрлі-түсті суреттер, әкімшілік аймақтың сызба карталары жарияланды. Кітап соңында 1898 жылғы санақ бойынша Тоқырауын болыстығында өмір сүріп, мал бағып, егін салған қазақ руларының ауылдары мен қыстақтарының реті жарияланды. Кейбір мұрағат құжаттарының көшірмелері, ауған соғысының ардагерлері мен Ұлы Отан соғысына Сарытеректен аттанып хабарсыз кеткен боздақтардың және тыңға түрен салған тың игерушілердің де тізімі берілді. Малды аймақта

орын алған маңызды оқиғалардың хронологиялық тізбесі, негізгі қысқартулар мен авторлардың тізімі жарияланды.

Кітап малды аймақтың аптал азаматтары туралы, еңбеккер қауымы жайлы тұңғыш рет жарық көріп отырған басылым болғандықтан кейбір кем-кетіктің орын алуы мүмкін. Өкінішке қарай, есімдері мәлім, бірақ өмір деректері қолға тимей кітапқа енбей қалған азаматтар да бар. Полиграфиялық талаптарға сай болмаған біркатар адамдардың суреттерін жариялай алмадық.

Шығарушылар алқасы барды қанағат тұтып, жетіспегені келешекке аманат болсын деген ниетпен, осы ұжымдық еңбекті назарларыңызға ұсынады.

Жанболат БАШАР,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі





САРЫТЕРЕК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

географиялық орналасуы

Қараганды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Сарытерек селолық округі, аудан орталығынан оңтүстік шығысқа таман 42 шақырым, Балқаш қаласынан солтүстікке қарай 170 шақырым жерде, Тоқырауын озенінің оңтүстік-батыс жағалауында, Балқаш – Ақтоғай тас жолының бойында орналасқан. Батысында аудан орталығы Ақтоғай кентімен шығысында – Абай, солтүстігінде Шабанбай би, оңтүстік-шығысында Нарманбет, Солтүстік батысында Нүркен селолық округтерімен шектесіп жатыр. Селолық округ территориясын: Қаратас, Қаракемер, Арқарлы, Бәйті, Қоянкөз, Байқозы, Қожа, Майтас, Қызыл, Айыртас, Жанат, Қойтас, Дастар, Ұзынбұлақ, Қарабауыр, Ақсай, Нартай, Желтау сияқты ұсақ шоқылы

тау жоталары қоршап тұр. Географиялық координаты: $48^{\circ} 04'00''$ солтүстік ендік пен $75^{\circ} 19'60''$ шығыс бойлық. Жер көлемі 284707 га. Халқының саны - 1,1 мың адам (2005).

Сарытерек селолық Кеңесінің іргетасы 1928 жылы қаланған. Бұрынғы (Жетімшоқы) Каганович, Ленин, Сарыши, Үш Өзен, Сарытерек колхоздарының негізінде 1950 жылы ірілендіріліп Ленин колхозы болған. 1963 жылы Ақтоғай совхозы болып қайта құрылды. 1995 жылы кеңшар негізінде 58 шаруа қожалығы құрылған. Шаруашылығының мамандандырылған негізгі бағыты – мал шаруашылығы. Ең жақын Балқаш теміржол станциясы 180 км. жерде.

Ауылда: Сарытерек, Жетімшоқы, Ақтұмсық, Кенелі, Қоянкөз елді мекендері бар.

ТАБИҒАТЫ МЕН ТАБИҒИ БАЙЛЫҚТАРЫ

ЖЕР БЕДЕРІ. Сарытерек аумағы Тоқырауын өзенінің бойына жарыса орналасқан. Жер бедері таулы, қыратты, жазық болып келеді. Сарытеректің оңтүстігі Нарманбет елді мекенімен, оңтүстік батысы Жамшы селолық округінің жерімен шектесін жатыр. Бұл өлкенің жер алабындағы биік – Желтау мен Кенелі таулары биіктігі мың метрлік, қалған таулары ұбақ-шұбақ тіркесіп жатқан ірлі-ұсақты төбелер мен қыраттар.

ТОҚЫРАУЫН ӨЗЕНІ. Солтүстік Балқаш алабындағы өзендердің бірі. Сарыарқаның ең биік Қызылтас (1238м.) тауынан бастау алып, Балқаш көліне 28 км. жетіп құмға сіңіп жер асты суларына қосылады. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарытерек селолық округінің жерімен ағады. Ұзындығы 298 км. Су жинау алабы 21100 км². Тоқырауын өзенінің ірі салалары – Жаланащ, Қараменде, Қасабай, Қаратал. Жінішке, Қусақ өзендері.

Өзен аңғары кей жерінде (жоғарғы ағысында) 10 км, тар жерінде 75 м. Жайылмасының ені 1,0-1,2 км. Арнасы тар, кей жерінде 50 м. Жауын-шашын суынан толыса-



ды. Жылдық орташа су шығыны Ақтоғай ауылы тұсында секундына 2,55 м³. Суы - тұщы. Суын Балқаш көлі, Саяқ кеніші, Ақтоғай, Үшарал, Сарытерек, Шылым, т.б елді мекен тұрғындары ауыз суға, мал, жер суаруға пайдаланады.

Тоқырауын өзеніне Еспе, Шылым, Қаратал, Қусақ салалары келіп құяды. Қар мол болған жылдары Т. өзені Балқаш көліне дейін жетіп, көлдің балықтары өзеннің бойымен көтеріліп талай жерге барады.

Ертеректе (1930-40 ж.ж.) Тоқырауын өзенінің екі жақ қабағына жарыса өскен талдардың қою көлеңкесі өзен суының буланып кетпеуіне қорғаныш болған. Қалың ағаштар мен сыңсыған қарақат, мойыл, доланаға толы өзеннің маңы жан баласын ғажайып күйге бөлейтін. Мойыл – қарақаттың

бір түрі. Тоқырауын өзенінің бойындағы тоғайдың қалыңдығы сонша, арбамен екі жерден ғана өтетін, оның бірін «Кенөткел» деп атаған. Суы да мол еді. 1939-1941 жылдары өзен өткел бермейтін сондықтан тұрғындар өзеннен өту үшін аспа қайықты пайдаланатын. Қазір оның бәрі көрген түстей, тоғайы селдіреп, кей тұстары тып-типыл жалаңаш қалған. Өзені қар суымен көктемде тасығаны болмаса, басқа уақытта тартылып қалады. Бір заманда Әлихан Бөкейханов: «Ағаш суды ұстайды, су ағашты ұстайды, мұны елдің білгені жөн» деп жазған. Яғни, өзен бойындағы тоғайды бұлайша шауып отай беруге болмайды, тоғайы жойылса суы да құриды дегені. Өкінішке орай, Алаш арысының бір ғасыр бұрын айтқаны келді, оны өмірдің өзі көрсетіп отыр. Осы орайда мына бір жағдайды еске алғанның айыбы жоқ. 1813ж. Қарқаралы жерінде көптеген кен көздері ашылып, сырттан келген келімсектер өлшеусіз байлыққа кенелді. Солардың бірі Попов деген көпес саудагер болды. Ол Берікқара жерінен 183 шаршы шақырым жерді арзан бағаға жергілікті байлардан сатып алады. Сөйтіп руда өндіріп, алынған кен жынысынан концентратты айыру үшін отынға Қызылтас, Қайдауыл, Тоқырауын бойынан 80 пар өгіз арбамен

отынға ағаш тасытқан. Тоқырауын тоғайына деген қатыгездіктің басы солай басталған секілді.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан соң 1991 жылдары ел экономикасы киын, күрделі жағдайда болғаны баршаға аян. Сол уақытта ауданның бюджет қаржысын үнемдеу мақсатымен Ақтоғай ауданының әкімі аудан көлеміндегі мектептердегі жылу жүйесін пешпен жылытуға ауыстыруға пәрмен беріп, аудандағы барлық мектептерге пеш қалауды тапсырады. Сарытерек аулындағы Жабас Кеңесбаев атындағы үш қабатты Сарытерек орта мектебіне 18 пеш қалатады. Оқушыларды суыққа ұрындырмай ілдәлап қыстан шығу үшін өзен бойынан отынға ағаш дайындалады. Сонымен мектеп қыстан аман-сау шығады. Оның есесіне Тоқырауынның тоғайы жусап қалды. «Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді. Табиғат адамды тудырған болса, адам табиғатты жаңғыртушы» деген екен XVIII ғасырда өмір сүрген француздың ұлы жазушысы Анатоль Франс. Табиғатқа деген адамның қатыгездігі айналып келін адам пақырдың өзін табатынын да біз ескере бермейміз.

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР.

Қазақ жерінің қай пұшпағын алсаң да, асты мен үстіне бірдей байлыққа тұнған, ырыс дарып, құт қонған

десек артық емес. Сондықтан да, табиғаттан ала білсең оны аялай білуді ұмытпаған жөн. Алып Қазақстанды айтпағанда ат төбеліндей Ақтоғайдың оймақтай ғана Сарытерек деген ауылдық аймағы да қазба байлықтан құралақан емес. Мұнда да руда бар. Молибден және вольфрам кенімен қоса уранның да жұқанасы кездеседі. 1936 жылдары Кенелі-Майтас руднигінен молибден және вольфрам өндірілген. Алынған руданы қапқа салып, оны Ақшатауға арбамен жеткізіп отырған. Жер аяғы алыс, техниканың жоқ кезі. Алайда, кеніштің жұмысы ұзаққа бармай 1942 жылы жаз шыға рудник жабылған. Соғыс жылдары майданға қажетті қару-жарақ жасау үшін молибден рудасы ауадай қажет болды. Молибден болаттың беріктік қасиетін артыру үшін керек екен. Геологтар қазақ жерінің ой шұқырын қазбалап молибденнің мол көзін іздеумен ертеден шұғылданған. Ақыры Шығыс Қоңыраттан молибденнің мол қоры табылып, оны тез арада игеру үшін үкімет пен партия жедел шешім шығарады. Шығыс-Қоңырат кенішін игеруге күш салып, Кенелі-Майтас секілді шалғайдағы ұсақ кеніштер өз жұмыстарын тоқтатқан. Сол жылдары ашылған рудниктердің орны қалай сақталды, оның зиянды тұстары кімді ойландырды?..

1963-1965 ж.ж. облыстың бірқатар аудандарында сол кездегі Бүкілодақтық геология министрлігіне қарасты «Волков-геология» мемлекеттік кәсіпорны кен зерттеу жұмыстарын жүргізген. Кеңестік дәуірдің аса құпия рәсімімен жүргізілген сол зерттеулердің белгісі ретінде облыстың әр түкпіріндегі тау бөктерлерінде үңірейген апандар, ұңғысынан улы иісі аңқыған ұралар қалды. Сондай қазба бұрғылау орындарының бесеуі Ақтоғай ауданының жерінде төңірегіне у-зәһарын шашып, қауін көзі ретінде қараусыз қалған. Геологтар бұл өңірлерден уран элементінің мол қорын іздеген.

Ақтоғай ауданындағы зерттеу-бұрғылау жұмыстары Қызыларай селолық округіне қарасты Қарасиыр қолатында, Шабанбай селолық округіне қарасты Молдашлық, Жидебай селолық округіндегі Нұртай, Нүркен селолық округіндегі Ақсай және Сарытерек селолық округіндегі Майтас, Үрпек қыстақтары маңында жүргізіліпті. Зерттеу жүргізілген орындардың бірінде геологтар тауды үңғи қазса, енді бірінде шахталық құдықтар мен шурфтар арқылы аса терең жер қыртыстарынан радиоактивті уран элементінің қосылыстарын іздестірген екен. Тау қопарған мамандар аймақтан құнды эле-

менттердің түзілістерінің мол қорын таба алмаған соң, бұрғылау орындарын ашық-шашық қалдырып кеткен. Алпысыншы жылдары қопарылған тау бөктерлері кеңестік дәуірде 40 жылдай қараусыз жатып, аудан халқының өкілдері 1993 ж. ерте көктемінде сол кездегі Министрлер Кабинеті мен Жезқазған облысы басшылығының алдына мәселе қойып, соның арқасында зерттеу жұмыстарының нысанына айналды.

Сол жылы жазда «Волковгеология» кәсіпорнына қарасты №39 геологиялық экспедицияның әуе экологиялық партиясының тобы қазба орындарын суретке түсіріп, рекультивация жұмыстарының қажеттігін анықтады. 90-жылдары ашық қалған уран кеніштері орындарын рекультивациялау жұмыстарына 10 миллион тенге қаражат қаралған. Бірақ аталмыш қаржы орталықтағы кеңселердің есігінен шықпай қалған.

*Әдеб.: №142 (368) 20 тамыз, жұма
2010 жыл. «Алаш Айнасы» газеті.*

ӨСІМДІГІ МЕН ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІ. Сарытерек аумағында кеңтараған өсімдіктер: бөрте жусан, селеу, боз көде, ши, көкпек, бидайық, өлеңшөп және жазық жерлерде қараған, тобылғы, баялыш, боз және қара жусан, бұйырғын т.б. өседі. Таулы қыраттарда әредік арша

кездеседі. Өңірде шілік, терек, ұшқат, тікенек, ырғай жазғытұры қызғалдақтар өседі. Сонымен қоса, Сарытеректің сала-саласында: қарақат, мойыл, долана, қымыздық, итмұрын, рауғаш, түйетабан, таупияз, сарымсак, қойжуа өседі. Өзен бойы мен еспенің табанында шілік, Тоқырауынның бойында көк терек өседі.

Сарытерек аймағында: арқар, киік, қасқыр, түлкі, қарсақ, күзен, борсық, ақ қоян, кездеседі.



Кеміргіштерден: сарышұнақ, қосаяқ, тышқан, құстардан: қарлығаш, қара қарға, сауысқан, бозторғай, шіл, бұлдырық, қырғауыл, бөдене, тау бүркіті, қырғи, үкі, жапалақ, жыл мезгіліне қарай әредік тырналар т.б. мекендейді.



АУА РАЙЫ. Сарытерек округінің климаты өте континетті келеді, қысы суық, қары аз, жазы ыстық құрғақ. Қантардағы орташа температура солтүстігінде -16°C , оңтүстігінде -14°C , шілдеде солтүстігінде -16°C , оңтүстігінде 24° Сарытерек а. жауын-шашынның орташа мөлшері 350 мм болады.

Жыл ішіндегі ең салқын ай қаңтар мен ақпан деп есептеледі. Ең ыстық ай шілде.

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

ХАЛҚЫ. Ежелден осы өлкеде өмір сүретін қазақ халқы. Өзге ұлт өкілдері Сарытерек аулында сырттан келген келімсектер мен депортацияланған неміс ұлтының өкілдері өткен ғасырдың 40 ж. болды. Қазір Сарытерек аулында жергілікті қазақтар мекен етеді.

ЕЖЕЛГІ ТАРИХ. Біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда Орталық Қазақстан Түрік қағанатының құрамына енді. 603 жылы Түрік қағанаты екіге бөлініп, Батыс Түрік қағанаты Жетісу мен Орталық Қазақстан аумағын қамтыды. Тарихи деректерге сүйенсек, VII ғасырдың екінші жартысында Батыс Түрік қағанатының ішіндегі ең күшті тайпалық одақ - қимақтар Ертіс өзенінен Сыр, Шу бойына дейінгі аралықты жайлаған. IX ғасырда Қимақ қағанаты жеті тайпадан тұрды, олардың құрамына: қимақ, ланиказ, аджлад, эймур, баяндур, татар, қыпшақтар кірді.

Ал X ғасырда осы тайпалардан қыпшақтар алдыңғы қатарға шығып, Қыпшақ хандығын құрған. X ғасырдың аяғында қыпшақтар Сыр бойындағы оғыздарды ығыстырып, Қазақстанның түгелге

жуық жеріне билігін жүргізіп, Дешті-Қыпшақ деп аталды. XI-XII ғасырларда қыпшақтар екіге бөлінді, оң қанаты Торғай даласын, Жем, Жайық, Еділ бойын жайласа, сол қанаты Орталық және Шығыс Қазақстанды мекендеді. Қыпшақ хандығының алғашқы орталығы Ертіс өзенінің орта ағысында болды, кейіннен Сыр бойындағы Сығанақ қаласына ауысты.

Қыпшақ мемлекетін хан басқарды, олардан басқа билеушілер қатарына тархандар: бектер болды. Олардың кәсібі көшпелі мал шаруашылығына негізделді. Мал жаз айларында Сарыарқаның кең даласын жайласа, қыста тау шатқалдарына, ықтасын жерлерге оралып отырды. Орта ғасырда Сарыарқа арқылы Ұлы Жібек жолының бір тармағы өтті, ол Қарқаралы, Ұлытау, Жезқазғанды басып өтіп, батысқа беттеген. Осы өңірде мыс, темір рудасы балқытылып, олардан еңбек құралдары, қару-жарақтар жасалған. Оған дәлел Қарқаралы маңындағы Кент, Суықбұлақ мекендері, Темірші, Кентөбе кен орындары, Жезқазғандағы Милықұдық қонысы мен біздің

Ақтоғай аймағында да мыс және темір өндірген ежелгі кен орындары бар. Ерте орта ғасырларда ұлы даланың орталық бөлігі, нақты айтқанда Дешті-Қыпшақ даласы құдіретті күшке ие болған. Бұл даланы VI ғасырда Түрік қағанатының құрылуымен Қытай қорғанынан Қара теңізге дейін, түркі тілдес халықтар мекен етті. XI-XV ғ. Еуразия құрлығындағы халықтар тарихында қыпшақтар маңызды рөл атқарды. Олар әлемдік маңызы бар ірі оқиғаларға тікелей қатынасты.

Қыпшақ қоғамы моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңде мемлекет деңгейінде тұрды. Қыпшақтар Орта Азияға, Шығыс және Орталық Еуропаға басып кірген моңғолдардың түріктенуіне аса зор үлес қосты. Олар қазіргі түркі тілдес халықтар: татарлар, башқұрттар, өзбектер, қырғыздар, қарақалпақтар, оңтүстік алтайлықтар және т.б. қалыптасуының бастауында тұрды. Қазақстан даласында қыпшақ тайпалары екі ірі топқа біріккен. Соның алғашқысы Батыс Қазақстан аймағында орналасты (Арал теңізінен солтүстікке қарайғы дала). Екіншісі Орталық Қазақстан аумағында орналасты. Нақты осы географиялық аймақтарға сәйкес кейінгі орта ғасырда Орта жүз және Кіші

жүз тайпалық бірлестіктері қалыптасты. XII ғасырда Жошы ұлысының екі қанатқа бөлінуі табиғи географиялық аудандар негізінде болды (олар Қимақ-Қыпшақ болып екіге бөлінді). Моңғол шапқыншылығы Дешті-Қыпшақтағы көшпелілердің саяси құрылымынбұзғанына қарамастан, моңғолдар қыпшақтардың мықты этно-мәдени бірлестігін ыдырата алмады. Қыпшақтардың кәсібінің негізгі түрі мал шаруашылығы еді. Қолөнер өндірісі мал өнімдерін өндеуге байланысты болды. Қыпшақ қорғандарында ат әбзелдері молынан кездеседі. Мұның өзі олардың металл өңдеумен айналысқанын және темір рудасын балқыта білгендіктерін көрсетеді. Ә.Х.Марғұлан мен М.Қ.Қадырбаевтың қыпшақ қорғандарынан тапқан теңгелері көшпелі шаруашылықта тауар-ақша қатынастарының кеңінен дамығанын көрсетеді.

Қыпшақтар балбал тастарға, табиғат құбылыстарына, аспанға (Тәңір), күнге, отқа табынды. Қыпшақтар көшкен бүкіл дала бойында адам мүсіні бейнеленген балбал тастар қалды. Орталық Қазақстан далаларында, Ұлытау жоталарында, Сары және Қаракеңгір өзені маңайынан әйел бейнесі қашалған балбал тастар кездеседі. Бұларда көз, мұрын, ау-

ыз бейнеленбеген, сірә бұл ислам дінінің енуімен байланысты болса керек (ислам діні бойынша адамның түрін бейнелеуге тыйым салынған). Қыпшақтарда әйелдер құдайы Ұмай ана болған. Ұмай ана ошақ тыныштығы мен ұрпақ таралуының қорғаушысы деп саналады. Басқа түрік тілділер сияқты қыпшақтар үшін де Тәңірі ең жоғары құдай болды. Бұл дәстүр ежелгі түркі дәуірінен келе жатқан ұғым. «Аспан», «құдай» ұғымдары ежелгі түркі руникалық жазбаларында кездеседі. XIII ғасырдың басында Қазақ даласына моңғол инапқыншылығы басталды. Моңғолдың атты әскері Жетісу және Оңтүстік Қазақстан жері арқылы Орта Азияға шабуыл жасады. Орталық Қазақстан жерінде қырғын соғыс болғандығы туралы деректер жоқ. Шыңғыс хан көзінің тірісінде жаулап алған аумағын төрт ұлына бөлген кезде Орталық Қазақстан үлкен ұлы Жошының иелігіне тиді. Кейіннен Жошы ұлысы Алтын Орданың негізін құрап, Орталық Қазақстанның тайпалық одақтары осы мемлекеттің құрамына енді. Шыңғысхан жорығына, оның әулет бұтағына қатысты ең мол белгі Ұлытау өңірінде кездеседі. Солардың ішіндегі ең әйгілісі – Жошы хан күмбезі. Алтын Орда Өзбек ханның

тұсында (1312ж.) мұсылман дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдап, Шыңғысхан ұрпақтарын еріксіз мұсылмандыққа көшірді, бұл ретте хандықтың негізін қалаған түркі тілдес тайпалардың рөлі зор болды. Шыңғысхан ұрпақтарының өзара соғысының салдары, Орта Азияда Темірдің күшеюіне байланысты Жәнібек ханның (1359–1379) тұсыпда Алтын Орда бірнеше хандықтарға бөлініп, Орталық Қазақстанда, алғашқыда Ақ Орда, кейіннен Әбілқайыр хандық құрды.

Әбілқайыр хан (1428–1468) үнемі жорықта болып, елдің ішкі жағдайын әлсіретіп алуының нәтижесінде 1465 жылы Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар өзіне қарасты руларымен наразылық ниетпен Моғолстан жеріне көшіп кетті. Сонымен Орталық Қазақстаннан шыққан екі сұлтан Шу өзенінің бойы, Хантауы жазығында 1466 жылы Қазақ хандығының негізін қалады. 1468 ж. Жәнібек пен Керей сұлтандарды қайтармақшы болып жорыққа шыққан Әбілқайыр хан Балқаш көлінің маңында кенеттен қайтыс болып, әскері кейін қайтты.

Қазақ хандығы Бұрындық (1474–1511) және Қасым ханның (1511–1518) тұсында кеңейіп, Орталық және Ба-

тыс Қазақстан аумағын түгел қамтыды. Қасым хан тұсынан қазақ хандары Ұлытау баурайына да өздерінің алтын үзікті ордасын тігіп отырған. Тұрғылықты халық бұл орынды әлі күнге дейін Хан ордасы деп қастерлейді. Қасым ханның баласы Хақназар (1538–1580) Қазақстанның аумағын солтүстігінде Есіл, Нұра өзендеріне, шығысында Балқаш көліне, батысында Еділ өзені, ал оңтүстігінде Ташкентке дейін жеткізді. Сонымен 16 ғасырда Орталық Қазақстан экономикалық жағынан біртұтас, этникалық құрамы біртектес Қазақ хандығының құрамына енді. 17ғ. қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлік кезеңі. Орталық Қазақстан жерінде қазақтардың әскері екі ірі жеңіске жеткенімен қазақ-жоңғар соғысы әлі жүз жылға созылды. Қалмақтар мен қазақтардың өзара жауластығы қалмақтардың бір одаққа (1400) бірігуінен басталып, оларды қытайлықтардың түгел жойып жіберген (1757) кезеңіне дейін жалғасты. Тәуке хан билік еткен кезеңде (1680-1718) Қазақ хандығының қырғыздармен және қарақалпақтармен одақтасуы жоңғарлардың қазақ жеріне шабуылын уақытша бәсеңдетті.

Осыны пайдаланған Тәуке хан қазақ арасында қоғамдық өмірдің заңдастырылған тәртібін

енгізді. Күшті де қарулы жауға қарсы тұру үшін Тәуке хан әлсіз де бытыраңқы рулардың басын қосты, одақ құрды. Ұлы жүзге Төле биді, Орта жүзге Қазыбек биді, Кіші жүзге Әйтеке биді билікке тағайындады. Сонымен тарихта аты қалып, осы күнге дейін жеткен «Жеті Жарғы» құжаты дүниеге келді. Заңдық сипаты бар құжат көшпелі рулардың тұрмыс-салт дәстүрлеріне негізделді.

Қазақ тарихының небір қалың қатпары арғы заманалар еншісінде жатыр. Соның ең бір көнеден жеткен, ерекше маңызды айғағы Сарысу өзенінің төменгі сағасынан табылған «Таңбалы тас». Аталмыш көне жәдігер Жетіқоңыр құмына жақын, Қаракойын атты тұзды көлдің іргесінде тұр. Таңбалы тасқа зер салып қараған жан Арғынның коз таңбасын, Найманның бақан, Шапыраштының ай, Ыстының көсеу, Қоңыраттың босаға, Адайдың оқ, Жағалбайлының балға таңбасын көруіне болады. Мұның бәрі де қатпары қалың қазақ тарихын оның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын жан-жақты зерттеу әлі де қажет екенін байқатады.

Әдеб.: «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы». Ч.Мусин «Қазақстан тарихы». А..2003. «Қарағанды обл. Энциклопедиясы».2008.

ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ.

Кеудесін ат тұяғының дүбіріне бөлеп, ұлы даланың төсінде сынап-

тай сырғыған Ата Қазақтың тарихы тереңнен бастау алады. Ол тіпті Керей хан мен Жәнібек сұлтанның дәуірінен де әріде жатыр. Ал біз сөз еткелі отырған Сарытерек ауылдық аймағы Қазақстан деген алып елдің бір тамшысы ғана. «Теңіздің дәмі тамшыдан» деген тәмсіл бар. Рухани жаңғыруды ту еткен тұста туған ауылдың өткенін саралап қал-қадірімізше келер ұрпаққа өлкеміздің тоқсан жылдық тарихынан, яғни Қазан төңкерісінен бергі дәуірді тілге тиек етіп, азды-көпті сыр толғасак дейміз.

Өлке тарихын сөз еткен адам Т. өзеніне тоқталмай кете алмайды. Себебі, бағзы заманнан бері бұл өлкені мекендеген адамдар, тағдырын осы өзенмен байланыстырған.

Бастауын Қызылтас тауының оңтүстігіндегі сан тарам бұлақтардан алып, Балқаш көлін бетке ұстап, сарқырап аққан Тоқырауын өзені Арқа төсіне сән беріп жатады. Жолай оған сан тарау өзендер қосылып, ағысын мотайлап, екпінін күшейтіп, иен түзді исіндіріп, өмірге нәр, өңірге сән беріп, ықылым заманнан бері тіршіліктің күретамырына айналған.

Тоқырауын өзенінің бойы — Қарқаралы уезіне қарайтын қалың елдің жаз жайлауы, қыс қыстауы,

ғұмыр дариясындағы алтын тұрағы, киелі мекені болған. Көне заманның бағдаршамындай болған ұлы даланың тау-тасындағы жазулар мен таңбалар соның айғағы. Қазақ жері орыс билігінің отарына айналғанға дейін Тоқырауын бойы киіз туырлықты қазақ жұртының атамекені, құтты қонысы болса, патшалық Ресей ұлы даланы уысында ұстау үшін, елдің еркін тұсау мақсатымен түрлі айла-шарғылар жүргізгені тарихтан белгілі.

XVIII ғасырдың ортасынан бастап патшалық Ресейдің қазақ жеріне деген саясаты сан құбылды. Әуелі, орыс патшасының 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғысы» шықты. Соған сәйкес, Орта жүздегі хандық таратылып, Сібір қазақтарының облысы құрылып, қазақ елі патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналды. Әлгі жарғы бойынша облыс сыртқы және ішкі округтерге бөлінді. 1822-1838ж.ж. аралығында 7 округ құрылды. Олар: Қарқаралы, Көкшетау, Аягөз, Баянауыл, Ақмола, Құсмұрын, Көкпекті. Оның басында округтік мекеме «дуан» тұрды, әкімшілік, полиция, сот соның маңына шоғырланды. Дуандарды аға сұлтандар басқарды.

Ұзамай қазақты билеудің бұл жүйесі де келмеске кетті. Дәлірек айтқанда, 1867-

1868ж.ж. реформалардың негізінде аға сұлтандық жойылып, ұланғайыр қазақ жері үш генерал-губернаторлыққа: Түркістан, Орынборжәне Батыс Сібір генерал-губернаторлық облыстарға қарайтын болды. Осылайша Қазақстанның барлық аумағында 6 облыс құрылды. Ақмола мен Семей облыстары Батыс Сібір генерал-губернаторлығының құрамына кірді.

Облыстар уездерден, уездер болыстықтардан құралды. Әкімшілік ауылдар 100-200 шаңырақтан құралса, болыстыққа бір мыңнан екі мыңға дейін үй болуы тиіс деп белгіленді. Бір ауылдан екінші ауылға, немесе бір болыстықтан екінші болыстыққа көшу ауыл старшындары мен болыстардың рұқсатымен жүзеге асатын болды.

1878 жылы ел басқарудың әкімшілік жүйесінің өзгеруіне байланысты Әлтеке-Сарым болысы екіге бөлініп, Нұра және Тоқырауын болысы құрылды. Нұра болысына Сарымның: Байдәулет, Айдабол, Қоңырбай, Деріпсал, Табын, Алшын тармағы қараса, Тоқырауын болысына: Қожағұл, Құлық, Өтеміс және Әлтекенің: Әтембек-Жарас, Қойкел тармағы сонымен қоса Бөкейхан сұлтанның ұрпақтары енді. Әрине, біздің мақсат ру тарату емес,

сөздің ретіне қарай, сол кездегі қалыптасқан әлеуметтік өмірдің сипатын айту.

БЕЛЕСТЕР. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ҚАССР-да әкімшілік-аумақтық бөлініс әртүрлі болды. Жиырмамыншы жылдарда республика аумағын губернияларға, 1928 жылдың 17 қаңтарынан 1930 жылдың 1 желтоқсанына дейін округтерге бөлу, 1930 жылдың 17 желтоқсанынан 1932 жылдың 20 ақпанына дейін аудандарға бөлу процестері жүрді. Таратып айтар болсақ: 1920ж. 26 тамызда РСФСР Халық комиссарлары кеңесі мен Бүкіл Одақтық атқару комитетінің Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру жөніндегі арнайы Декреті шықты. Осыған орай Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөліністері бекіді. Сол жылдың (1920) желтоқсан айында өткен Қазақ АССР Орталық аткомының бірінші сессиясының қаулысымен Семей губерниясы құрылды. Оның құрамына 4 уезд қарады, соның бірі құрамында Тоқырауын болысы бар — Қарқаралы уезі болды. Әкімшілік-аумақтық бөлініс бес буыннан тұрды: орталық, губерния, уезд, болыс, ауыл-село. Тоқырауын болысына қарайтын ауылдардың ішінде Сарытерек №8 ауыл мен №3 ауылдың құрамына кірді. Ел өміріне еніп жатқан жаңа

өзгерістерді жүзеге асыратын «Қосшы одағы» деген ұйымдар осы кезде құрыла бастаған. 1926 жылы Тоқырауын болысы бойынша алғашқы ауылшаруашылығы Кооперативі құрылды.

1928 жылы барлық губ. таратылып, оның орнына республикада 13 округ, 185 аудан құрылды. Бұрынғы Қарқаралы уезі енді Қарқаралы округі болып өзгерді. 1928 ж. Тоқырауын, Қотан-Бұлақ және Балқаш болыстары біріктіріліп, Балқаш-Тоқырауын ауданы құрылды, орталығы Қарабұлақ болып белгіленді. Ұзамай 1929 жылы бұл да өзгеріп, Тоқырауын ауданы құрылып, жаңа ауданның әкімшілік орталығы Дуаншиге ірге тепті. Сол уақыттан бастап алғашқы серіктіктер, (ТОЗ-дар) өмірге келді.

Бүкілодақтық орталық атқару Комитетінің 1930 ж. 17 желтоқсандағы қаулысына сәйкес Қарқаралы округі таратылып, Тоқырауын ауданы Қоңырат ауданы болып қайта құрылды. Көп ұзамай Қоңырат ауданының орталығы Тоқырауын өзенінің жағасындағы, Шатырша тауының етегіндегі ақ қайыңды алқапқа табан тіреді. Алғашқы 1927-30 ж.ж. құрылған «Басшы» қазіргі аудан орталығы, «Сәуле» қазіргі Қоңырат совхозы, «Бесата», «Оян» Қоңырат совхозының ескі орталығы,

т.б. серіктіктер құрылып 5-15 шаңырақтан бірікті. Осы уақытта Сарытерек аймағында да алғашқы серіктіктер құрылды. Олар: «Жетімшоқы» серіктігінің төрағасы - Сейтжан Мұқашбаев, «Сарытерек» серіктігінің төрағасы - Әбдінің Ахметжаны деген азамат, «Қарашілік» серіктігінің төрағасы – Әлиманның Шәрібі болып, «Қарағұла» серіктігін Жақатай Нұржақыпов деген кісі басқарды. Мұны Рамазанов Қабылбек ақсақал айтады. Осылармен қатар құрылған «Үш өзек» серіктігінің басшысы Түсіпбеков Махмет болған. Осы айтылғандарды мұрағат деректерімен салыстыра қарасақ, «Қарашілік» серіктестігі - 1927 жылы ұйымдасқан, 1938 жылы «Ежов» атындағы колхоз болып аталған, кейін 1941 жылы колхоздың аты өзгеріп, Сарытерек ауылдық кеңесінің құрамына өткен.

Өлкелік партия ұйымының басшылығына келген Голощекин «ауылды кеңестендіру» ұранын көтеріп, тап күресін күшейтті. 20-шы жылдардың басында қабылданған жаңа экономикалық саясат бойынша шаруаларды ұжымдастыру, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін көтеру сияқты күрделі мәселелер шешіледі деп күтілді. Шаруаларды ұжымдастыру

мемлекеттік қысым күшімен емес, экономикалық тиімділік шарттарын сөзсіз орындау арқылы жүзеге асатын шаралар ретінде қаралды. Алайда, 20-шы жылдардың екінші жартысында жаңа экономикалық саясат негізінде қалыптасқан шыннайы бағыт түбірінен өзгерді. Басты міндет – индустрияландыруды қызу қарқынмен жүргізу деп жар салынды. Атап айтқанда, бұл мақсат мемлекеттендірілген колхоз жүйесін жасау, яғни шаруаларды ұжымдастыруды жаппай өткізу арқылы іске асыруды көздеді. Ұжымдастыру байкулактарды тәркілеуден басталды. 1927 жылы желтоқсанда болып өткен партияның XV съезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Және оны жедел аяқтау 1932 жылға жоспарланды. Бұл шара іске асырылу кезінде шаруалардың тілегі мен ықыласы есепке алынған жоқ, ол жоғарыдан берілген әмір, нұсқаулар негізінде жүргізілді. 1929 жылдың 10-17 қарашасында өткен ОК БКП(Б) пленумында колхоздастыру туралы мәселе қаралып, онда жекелеген облыстарда колхоздастыруды жаппай жүргізу міндеттелді. Осыдан соң колхоздастыру қозғалысы шапшаң қарқын алды.

Егер 1928 ж. Қазақстанда ұжымдастыру барлық шаруашылықтар бойынша 2 пайыз болса,

1930 ж. 1 сәуірінде бұл көрсеткіш - 50,4 пайызға көтерілген, 31 қазан айында ұжымдастыру 65 пайызға жеткен. Елде жүргізілген ұжымдастыру жұмысы ешқандай сын көтермейтіндей жағдайда жетті. Шаруаларды күштеп ұжымдастырудың арқасында республикада колхоздар саны қауырт өсіп, 1927 жылы - 1072 болса, 1928 жылы - 2354, ал 1929 жылы - 4876-ға жетті. Бұлар колхоздастыру саясатын жүргізудегі жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін құрылған жасанды шаруашылықтар еді. Осы жағдай Қоңырат ауданын да кеңінен шарпыды. Соның нәтижесінде, бұрын құрылған ұсақ серіктестіктер ірілендіріліп, ауданда 35 колхоз құрылды. Сол уақыттағы құрылған колхоздардың саны көп болғанымен сапасы айтарлықтай болмаған. Мысалға айтар болсақ: Сарытерек ауылдық кеңесіне қарайтын: «Дастан», «Екпетал», «Мирзоян», «Құлымбетов», «Куйбышев», «Молотов» т.б. колхоздарының пайда болуы сол кездегі науқаншыл саясаттың көрінісі демеске лаж жоқ.

Ел ішіндегі жедел өзгерістер, ұйытқыған саясат қазақ халқының ғасырлар бойғы өмір салтымен, шаруашылық ұстанымдарымен қабыспай, елді күйзеліске әкелген уақыттар аз болған жоқ. 1932 ж. 7

тамызда Кеңес Одағы ОАК және ҚХК «Мемлекеттік өнеркәсіптер, колхоздар мен кооперациялардың мүліктерін қорғау және қоғамдық социалистік меншікті қорғауды күшейту туралы» заң қабылдады. Бұл заңда мемлекеттік және қоғамдық мүлікті заңсыз иеленгені үшін жеңіл жағдайда он жылдан жоғары бас бостандығынан айыру жазасы, жазаны ауырлатқан жағдайда өлім жазасын қарастыру көзделген. Осы заң шыққан алғашқы жылы Қазақстанда 33 345 адам сотталған. Жалпы мал басын дайындау қазақ ауылдарында төтенше жағдайға айналып, халық содан зардап шекті. 1932 жылғы алапат аштыққа ұрынып, қазақтың жартысына жуығы нәубет құрбаны болды. Тарихта болмаған нәубеттің қасыретінен ес жиып үлгермей жатып 1937 жылдың қуғын-сүргініне ұрынды. Бір ғана Қарағанды обл., Қоңырат ауданынан ерекше үштік пен НКВД-нің шешімімен 1937 жылы 54 адам сотталған. Солардың 27-сі ату жазасына кесіліп, қалғандары 10-15 жылға сотталып кеткен. Олардың ішінде Сарытеректен Құтжан Әменов, Ахмет Әбдиев (Ахметжан болуға тиіс), Қуанышбек Көшкінбев, Тілеубек Айтжанов деген т.б. азаматтар жалған жаланың құрбаны болған. Құтжан Әменов ұсталардың алдында «Үшөзек»

колхозының басқармасы болған екен.

«К.Бекмаганбетов ҚР ИМ-нің Құрметті ардагері. «Ардагер және қоғам». №24 маусым 2016ж.»

Сол бір қиын кезең туралы Сарытерек ауылының еңбек ардагерлері Әжібек Дауылбаев, Қабылбек Рамазанов сияқты көнекөз ақсақалдар өз естеліктерімен бөлісіп, 1930 жылдар ауылшаруашылығы үшін, жалпы халық үшін ең ауыр кезең болғанын қинала еске алады. Әуелі ел ішіндегі бақуатты жандар кәмпескеге тартылып, одан ашаршылық, одан репрессияға жалғасқан Голощекин басқарған кеңес үкіметінің содыр саясаты халықты күйзеліске, қайғы-қасыретке ұшыратты. Алдында аздаған малы бар адамдарды бай, құлақ деп соттады, жер аударды. Осындай жолсыздыққа шыдамаған елдің наразылығы көтеріліске ұласып, «Тоқырауын көтерілісі» орын алды. Көтеріліс күшпен басылды. Ол жөнінде осы кітаптың алфавиттік бөлімнен оқуға болады.

Жалпы «1930ж., тіпті 1932-1933 жылдарға дейін советтік құрылыс тұсында көшпелі шаруашылық туралы ауызға да алынбаған» деп жазған еді Мұстафа Шоқай. Бұл сөздің қисыны бар, малшылық жағдайда өмір сүрген көшпелі елдің басынан өткерген ашаршылық нәубеті - соның айғағы. Ашаршылық жыл-

тигізген зияны аз болмаған. Оның үстіне шаруашылықты басқаратын билікті азаматтарды «халық жауы, үкіметке қарсы» деген жалған жаламен тұтқындап, жер аударып, кейбір көзі ашық азаматтарды ату жазасына кесін, жоқ қылды. Сол жылдары жалған жаланың құрбаны болып, тағдыры тәлкекке ұрынған азаматтардың көбі елге оралған жоқ. **Бір ғана Қарағанды обл. Қоңырат ауданынан ерекше үштік пен НКВД-нің шешімімен 1937 жылы 54 адам сотталған. Солардың 27 ату жазасына кесіліп, қалғандары сотталып кеткен.** Ал, 1937-38 жылдардағы мәліметке сүйенсек Қарағанды облысы бойынша «халық жауы» деген жалған жаламен қуғын-сүргінге ұшырағандар саны - 6228 адам, олардың 1495 адамы ату жазасына кесілген.

Осындай зұлмат оқиғаларға қарамастан адамдар еңбек етіп, егін егіп, дән жинап, ел ішінде қалыпты өмір жүріп жатты. Ештеңе болмаған секілді. Заман сондай еді. Ол кезде дихандар Тоқырауын бойына егін салуға наурыздың аяғында көшіп, күзде ақ егінді қыркүйек, қазан айларында жинап-теріп, қыстауға оралады екен. Нәпақа қылар басқа дайын ештеңе жоқ. Тек еңбеккүнге қадақтап өлшеп берген бидайды талғажау еткен. «Мал деген

нен бір сиыр 5-6 қой-ешкі. Көжеге қатырарымыз да, шай қылып (ақ су) шалқая тартарымыз да осылардың сүті еді», деп жазды Зияда Аманбаев, өзінің әулетаралық естелігінде. Бұл жағдай сол кездегі көпшілікке тән еді.

Осындай қиын кезеңдерді мойымай бастан өткерген сарытеректіктер – ерекше еңбекқор, жаратылысынан ұйымшыл, бірлігі берік ел. Соның арқасында Тоқырауынның атакты ақ бидайы өмірге келді. Ол ең әуелі сол замандағы аталарымыздың жансебіл еңбегімен келген құбылыс. Тоқырауынның суын бүгінгідей техниканың жоқ кезінде қырға шығару қаншалықты қажыр қайратты, талап етті десенізші?! Сол кездегі мұраптар, тоғанбасылар мен дикандар бүгінгі агрономдардан тәжірибе жағынан көп ілгері болған-ау деп ойлайсың. Қалай десек те, Тоқырауын бойын жайлаған қалың елдің түзді түлетіп әлемде теңдесі жоқ ақ бидай өсіруі, олардың еңбекқорлығымен, өмірге деген құштарлығының көрінісі.

(1941-1945ж.ж.) ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА. Колхоздың шаруасы дамып, мал өнімдеріп көбейтін, егін салып, дән жинап, өркендеп келе жатқанда неміс басқыншылары Кеңес Одағына тұтқиылдан соғыс ашып, ер азамат жаппай майданға аттан-

ды. Олардың орнын карттар мен әйелдер, балалар басты. Сұрапыл соғысқа Сарытеректен 148 адам аттанды. Соның 50-і қан майданнан оралмады. 64 жауынгер соғыстан хабарсыз кетті. 32 майдангер елге оралып, бейбіт өмірде елше қызмет етіп, бейбіт өмірді көріп дүниеден озды. Бүгінгі күні жастары 80-нен асқан екі ардагеріміз қалада тұрып жатыр. Соғыс жылдары жеңісті жақындатуға тылда да жанталасқан еңбек майданы жүріп жатты. Еңкейген кәріден, бұғанасы қатпаған балаға дейін мал соңында, егіс алқабында, шабындық басында жүрді. Колхоз шаруашылығында қажырлы еңбек етіп табан ақы, маңдай терімен жинаған ақшаларын Отан қорына аударып, қаржылай көмек көрсеткен азаматтар да ел ішінде аз болмаған. Солардың бірі - Мәли Жақсыбеков 1943-1946 жылдары «Каганович» колхозының төрағасы болған азамат. 1943 жылы «Танк колоннасын» ұйымдастыру қорына 100 мың сом қаржы өткізіп, КСРО Қорғаныс Комитетінің Жоғарғы Қолбасшысының атынан құттықтау телеграмма алған. Сол секілді Сейдығазым Шомақбаев 1942-1947 жылдар аралығында «Ақтұмсық» колхозының төрағасы болып еңбек еткен азамат, танк қорына 60 мың сом қаржы өткізіп туған елі мен туған жеріне деген

шексіз сүйспеншілігін білдірген. Сарытерек ауылының азаматтары соғыс жылдары тылда да, майданда да алғы шепте болды. Ағдарбек Кенжебековтің есімін Ақтоғай ауданы жақсы біледі. Ұлы Отан соғысы жылдарында А.Кенжебеков партияның ерекше тапсырмасын орындап, радиостанция бастығы ретінде шетелде болған. Ол туралы құжаттар облыстық өлкетану мұрағатында тұр. Қан майданды бастан өткеріп, еліп жаудан қорғаған майдангер әкелеріміз: Алшынбек Кенжебеков, Мүсілім Көшербаев, Мұқажан Көшербаев, Нұрмұқаш Қазыбеков, Сержан Дәкенов, Боранқұл Бапашев, Қасымжан Балағанов, Оразбек Шошымбеков, Төлеубек Рақышев, Төлеген Рақышов, Мырзахмет Құсайынов, Рысбек Ақберғенов, Әмірғалы Темірғалиев, Ақан Әлімбетов, Шәйкен Игібеков, Жағыппар Әбдуәкасов, Мырзабек Көпбаев, Төлеубек Омаров, Айтан Балтабеков, Қабылхан Исабеков, Жакыпбек Рысбеков, Кұлмағанбет Смағұлов тағы басқа майдангерлер қан майданнан аман-есен елге оралған. Олар соғыстан кейін де ел дәулетін еселеу жолында аянбай тер төгіп еңбек етті. «Келер күннен жақын жоқ, өткен күннен алыс жоқ» деген тәмсіл бар. Араға жылдар түсіп өткен күндеріміз алыстаған сайын ел қорғаған



әкелеріміздің атақ-даңқы зорайып, абыройы асқақтай бермек. Себебі, олар Отанын қорғады. Әр азамат үшін Отанын қорғаудан артық, одан қасиетті парыз болмақ емес. Кешегі сұрапыл соғыста әкелеріміз бен ағаларымыз майдан даласында ерлікпен шайқасты, қайсарлықпен батырлықтың небір ғажайып үлгісін көрсетті. Бұл - келер ұрпақ үшін сарқылмайтын тағылым. Жадымызда жаңғырып, жүрегімізді тербейтін - біздің қасиетті Отанымыз тәуелсіз Қазақстан. Оның Тәуелсіздігі, оның амандығы ұрпақтан-ұрпаққа аманат болмақ.

«ЛЕНИН» КОЛХОЗЫ. Соғыстан соңғы жылдар да оңай болған жоқ. Күйреген халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін майданнан оралған азаматтар бірден еңбекке араласты. Бізге мәлімі: «Үшөзек», «Сарытерек», «Ұлы Октябрь», «Ақтұмсық» колхоздары. Бұлардың бәрі де 1920 жылдың соңы, 30 жылдардың басында құрылған: «Жетімшоқы», «Үшөзек», «Қарашілік», «Қарағұла», «Сарытерек» серіктігері

еді. Колхоздастырудың науқаны қауырт жүрген кезде жоғарыдағы ұсақ ұжымдар колхозға айналып, кейбіреулерінің атауы өзгеріп, оларға көсемдердің аты телінді.

Жоғарыда аты аталған серіктіктермен бірге бір мезгілде құрылған «Қарашілік» туралы мына бір мәліметті келтіруді жөн көрдік. «Қарағанды облысы бойынша колхоз, совхоздардың тарихы туралы анықтама» кітабында «Қарашілік» серіктігінің ұйымдасқан уақыты 1927 жыл делінген. Кейін оның атауы өзгерін «Ежов» атындағы, колхоз болып аталғаны айтылады. «Қарашілік» колхозының 1938 жылғы 4.02. статистикалық жылдық есебінде: колхозда 35 отбасы, 134 адам бары көрсетілген. Колхозшылар 48 га. жерге бидай, 9 га. жерге сұлы, 5 га. жерге тары егіп отырған. Колхоздың сол тұстағы төрағасы Сармантаев Қалқай деген азамат.

Мұрағат деректерінде Ленин колхозының ұйымдастырылған кезі - 1927 жыл деп көрсетілген, шамасы Қарағұла, Қарашілік артельдерінің алғаш ұйымдасқан кезі ескерілген секілді. Алайда, құжат бойынша колхоз 1929 жылы құрылған деп жазылған. Әуелде, Ленин колхозы Ақтоғай ауылдық кеңесінің құрамында ұйымдасып, 23.05.1941 ж. бастап Сарытерек ауылдық кеңесінің құрамына

Бір ғажабы жылдық есепте мал ба-
сы көрсетілмеген. Колхоз 1941ж.
23.05. бастап Аманғелді ауылдық
советінің құрамында болған. Кол-
хоз басқармасы болып Жақыпов
Иманбай 1938-1944 ж.ж. колхоз
жұмысын басқарған. Одан кейін
Шомақбаев Сейдығазым, 1947
ж. дейін, Бектұрсынов Адамбай
1947 - 1950 ж.ж. колхоз жұмысын
алға бастырған. 10.09.1950 ж. ба-
стап колхоз «Ұлы Октябрь» колхо-
зымен біріккен немесе « Ұлы Ок-
тябрь» болып аталған.

Сарытерек ауылдық кеңесіне
қараған колхоздың бірі – «Үш-
өзек» колхозы, 1940 жылдан ба-
стап Омаров Төлеубек, 1942ж.
Шыхин Әбен, 1942ж. наурыз айы-
нан бастап 1944ж. дейін Мұқашев
Сейтжан, 1944-49ж.ж. дейін Бай-
жасаров Сүлеймен, 1949ж. нау-
рыз айынан бастап Қалиев Ноғай
деген азамат колхоз жұмысына
басшылық еткен. (Бұл азамат-
тар туралы ақпаратты кітаптың
алфавиттік бөлімінен оқуға бо-
лады, сондықтан олардың
өмір дерегіне тоқталмадық).

«Сарытерек» колхозы: 1940-
41ж.ж. Қалдыбаев Абдрайым,
1941ж.-41ж. Кәріпбаев Рахымжан,
1942ж.44ж. Мұхамбетжанов Бхия,
1944-46ж.ж. Құрымбаев (болуға
тиіс) Кәрімхан, 1946-48ж.ж. Шар-
беков Жазыбек, 1948ж. Қошантаев
Жақыпбай, Сарытерек колхозының
басқармасы болған.

«Ұлы Октябрь» колхозы:
1942-42ж.ж. Исин Саид, 1942-
43ж.ж. Асылбеков Божбан, 1943ж.
мамыр айынан 1943ж. маусымы-
на дейін Әлжанов Байштен, 1943-
44ж.ж. Әлжанов Сәрсембек, 1944-
48ж.ж. Қалиев Ноғай, 1948-49ж.ж.
Рысбеков Жақыпбек, 1950-54ж.ж.
Жүкіжанов Кенжеғара, 1954ж.
Рымқұлов Дүйсембай колхоз
шаруашылығын басқарған.

1929 жылы ұжымға біріккен
«Жетімшоқы» серіктестігі (ең
алғаш басқарған Мұқашев Сейт-
жан) Ақтоғай ауыл советіне
қараған. Сарытерек жерінде алғаш
құрылған ұжымдық құрылымның
бірі де осы «Жетімшоқы» серік-
тестігі. 1933 жылдан бастап
«Жетімшоқы» колхозы **«Кага-
нович»** колхозы болып аталды.
23.05.1941 ж. Сарытерек ауылдық
советінің құрамында болған.
Аталмыш колхозды әр жылдар-
да: 1940ж. Ыбраев Мұкамбет,
1941ж. 07 айынан 1941ж. XII айы-
на дейін Тыныштықбаев Қожабек,
1942ж. Омаров Төлеубек, 1943ж.
Жаксыбеков Мәли, 1946ж. Сма-
ғұлов Кұлмағанбет колхоз жұмы-
сына басшылық жасаған. Соғыстан
соңғы жылдары күйреген ауыл
шаруашылығын оңалту оңайға
түспеді. Техниканың дамымаған
кезі, тінті ауыл шаруашылығының
техникасы жоқтың қасы еді. Ол
кезде колхозшылар Тоқырауын

бойына егін салуға наурыздың аяғында көшіп, күзде ақ егінді қыркүйек, қазанның соңына дейін жинаған. Ол уақытта өңірдегі ұсақ колхоздардың бәрі егін егумен айналысқан.

1946 жылы 16 қыркүйекте ауыл шаруашылығының ауыр жағдайын жою туралы үкіметтің арнайы қаулысы шықты. Осы қаулыға сәйкес шаруашылықтағы зардаптарды жою қолға алынып, ауыл шаруашылығын арнайы техникамен жабдықтауға қаржы бөлінді.

1950 жылы жоғарыда айтқан ұсақ колхоздар ірілендіріліп «Ленин» колхозы болып құрылды. Сол жылдан бастап ауыл шаруашылығы жаңа техникалармен жабдыкталып, Тоқырауын топырағына тракторлардың табаны тиді. Колхоз жұмысына сол кезде Байсұлтанов Бегендік (1950-51) басшылық жасады. Ауылшаруашылық техникалары, егін шаруашылық машина - тракторлар келе бастады.

5.03.1953 жылы Сталин өлді. Осылайша халыққа - 1932-нің аштығын, 37-нің қуғын-сүргін қасыретін шектірген сталиндік дәуірде келмеске кетті. 1953 жылы қыркүйек айында өкімет басына Хрущев келді. Ол да өзінің билігін бекемдеу мақсатында Қазақстан Компартиясының ОК-нің бірінші хатшылығына Қазақстанда ешкім

білмейтін (біздің заманымыздағы Колбин сякты) П.К.Понамаренко дегенді сайлады. Ж.Шаяхметовты қызметтен алу мәселесін Кремльде шағын топ қана шешкен екен. Жалпы Шаяхметовты орнынан алудың басты себебі - тың жерлерді тез арада игеру идеясын қолдамауы негіз болған. Тың көтеру науқаны кезінде Қазақстанда 6,5 млн. гектардан астам тың жер жыртылды. Оның халық шаруашылығына келтірген пайдасы мен залалын айтпағанның өзінде Тың көтеру идеясын желеу етін, қазақ жеріне жүздеген, мыңдаған өзге ұлт өкілдері қоныс аударды. Соның салдарынан қазақ халқы өз жерінде азшылыққа айналып, туған тілі мен дәстүр салтынан айырылып, ұлт ретінде құрып кету қаупі төнді. Әрине, ол өз алдына жеке әңгіме.

«5-ші бесжылдықтың тұсы. Қоңырат ауданы бойынша Қоңырат МТС-і (машина-трактор стансасы) ашылды. Кейіннен 1954 ж.ж. ауданда жаңадан Қарабұлақ МТС-і Жетімшоқыда құрылды. МТС-қа директор болып М.С.Кирилов, бас инженер болып Семнетов, (Семенов болар), Александров сиякты білімді мамандар келді. МТС-қа ауылшаруашылық техникумын, училищесін бітірген жігіттер көптеп келе бастады. Солардың қатарында: Давыдов, Табетов, З.Башеев, Ә.Дауылбаев, Мустафин,

Қарашолақов, Ғ.Боранбаев, С. Боранбаев, А. Боранбаев, З.Тәжібаев т.б.азаматтар болды. 1954 жылдан бастап колхоз жұмысына Серік Отыншин басшылық жасады. Өзінің іскерлігімен колхоз шаруашылығын бес жыл өрге сүйреген Серік Отыншин ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосты. Сол уақытта Қоңыратта құрылған МТС-қа 6 колхоз, Қарабұлақ МТС-іне 5 колхоз қарады. Жетімшоқыда құрылған Қарабұлақ МТС-іне (кейін Ақтұмсыққа көшірілді) егін шаруашылығы жүктеліп, егіс көлемі 15 мың гектарға жеткізілді.

Өңір осылайша жаңа дәуірдің техникасымен тыныстап, ел дәулеті арта түсті. Сол кезде МТС-қа қараған 5 колхоз егін салуға және оны жинауға керекті техникалар мен жүргізушілерді МТС-тан алып отырды. «Ленин» колхозына егістік жерлерді жырту үшін 1-СТО тракторы, (тракторист З.Башеев), ДТ-54 шынжыр табанды тракторымен: Ж.Садықов, Ж.Момынбеков, Т.Төлепбергенов, Т.Садырбеков, Ә.Күземханов, С.Алғамжанов, З.Тажібаев секілді азаматтар еңбек етті. Егін жинауға С-б тіркелген комбайнымен Ә.Дауылбаев жіберілсе, тракторшы У.Мұқатаев, Н.Түймішінов, «Ұлы Октябрь» және «Ленин» колхоздарында егін жинады.

Кейінен колхозға өзі жүріп егін оратын С-4 «самокат» комбайнымен 7 жыл егін жинауға қатысқан Ә.Дауылбаевтың есімі Ақтоғай аудандық құрмет тақтасына жазылып, абыройға ие болды. Сол жылдары Сарытерек механизаторлары Қоңырат, Қызыларай колхоздарынан егін жинау науқандарына қатысып, табысты еңбек етті. Қарабұлақтағы МТС таратылып, ол Қоңырат МТС-не қосылғаннан кейін техника күші Ленин колхозына шоғырланды. Механизаторлар тұрақты жұмыс жасады. Қызылтас учаскесіне егін салып 1955 ж. бастап тіркемелі С-б комбайнымен жұмыс жасалды. 1958 жылы колхозға жаңа СК-4 өзі жүретін комбайнымен егін орағына қатысқан механизаторлар, мол өнім жинап, колхоз шаруашылығына толайым табыс әкелді», - дейді тыңға түрен салған ауылымыздың құрметті азаматы Әжібек Дауылбаев.

«Ленин» колхозының жұмысы 1963 жылға дейін жалғасты. 1963 жылы колхоз құрылымы өзгерін, атауы «Ақтоғай» совхозы болып өңір тарихының жаңа бетін ашты. Енді жоғарыдағы «Ленин» колхозын әр жылдарда басқарып, шаруасын өрге сүйреген азаматтардың есімін атап өтейік. 1938 жылдан бастап колхоз жұмысын жандандырып, қиын да күрделі кезеңдерде елімен бірге болып,

Адам өміріндегі ұмытылмас сәттер көбі-қашада соңы жеткендегі сағынышты сезім жылдарды аяқтап оралтып, көңілді қимастық тұнбалдым. Қимастық демеуші, тын игеру кезінде де қаншама тәжірибелер бірімен тоқайласып, қазықты күндердің сәтті көздерін бірге өткізді екен. Біраулар «Тын игеру ең байтақ даламызды жырм-жырым етіп жыртып тастады. Оның не пайдасын күндерде?» дейді. Артық айтсақ, қазықты бола көрмесің. Тын өлкесінде бүгегі соулетті қалалар, қалалық үлгідегі ауылдар тынның арқасында дүниеге көзі емесің? Бір-бірінен сон тынды игеру тарихы - сол кездегі бабаларымыздың, ала-ларымыздың жанқирлық еңбе-



оңирулып, тапсырылған жұмысты, бүткілген міндетті істейтінді аяқтайп тастауға ұмытылмай. Мен де тын игеруші болып, облыста құрылған ақстар отрядының шәкәріп, 40 шақты комсомолмен бірге өте бардым. Бүгегі Промыштық маңындағы МТС-қа келдім. Сол жылы 20-на тарту аяқ егітудегі ірілетіп алып, «Тоқараядағы мөңбелі» отырлар дәрмәгі тын сұрсақ оқуға алабыз.

Уақыт деген ата шайты, 1955 жылы соңбайышы мезгілі деген ең көп өлеңдегі мөңбелдікті алып шығып, алдымен түркі ауылға оралдым. Жәнеден шығып Қарабулақ МТС-на шәкәріп башылар МТС-та тракторшы-комбайнер болып жұмысдайып, сол кездегі Қаратап, Ленин, Бірлестік

Тың бізді

гінен шәкәріп сыр шертіп тұр емес пе? Жазды болсын далам болсын, тын игеру тарихы парағыма ашпестей болып жазылды. Яғни, тарих қойнауына еніп Тың игерушілердің өнегем ендігі арада жоққа шығара алмаймыз екен. Тың игеру адамдардың соғыстан кейінгі жылдардағы бауырластық, достық сезімі болып табылады. Күй көше астанамызда өтеген мыңдаған ауылдығы ар-алам мыртып ойна достастық аралардан көңішана қонастар келді, естеліктер айтты, ескі достарымен қауымда. Шыңдығында қимас сәттер еді. Кездеріне болған дос-құсшыты қалай айырсың. Ардагерлердің көңісінде, көздеріне жас алғанда да байқалды екен. Бүркі шығуы, сарқимас сәтешеш деген осы. Адамдардың бір-біріне деген ізгілігі, құрметі осындай болса өрес. Оларды жап-жаз кездерінде табыстырған тын алап еңбегі еді той. Енді олардың тағдырын қалайша жоққа шығарарсың. Демек, тын бүркіне өнеке өзіндегі қалықтым, одақтастардың белгілі бір дәрежедегі зиянына іспеттес.

Біз тұрсада өнеке ардагеріміз Әзібек Дауылбаевты жоққа қытырдық. Ақтөрай ауданындағы қадірлі ауыл қаларының бірі.

Жетістік жеткізгендегі ағамыз тын игерудің жайынан біраз аяқтарды өткізді.

«Тын игеру біздің Ақтөрай өңірінде де жүргізілді. Жап-жаз аяқп көзіміз. Арқа төсегіндегі тың дүбірне құлақ түріп өңегізіп отырмыз. Тын дала - бұл бір өзгенің еңбеге сарбаздарын тәрбиелейтін жерарады десем артық емес. Кейінде тың жүргізілген өлді мекенге қолымыз түсіп, барып тұрдық. Қызға арнаймыз. Ардың ең кейіндегі ормандарының іргесінен тын дала төрбелде; мөңбегі бөленді дегені голан өгестік алап ығалады. Оны қалай жоққа шығарарсың. Еңбек пе, өнеке. Мен 1936 жылы 1 қаңтарда Қаратапты облысы, Қоныраі



ерте өсейтті

ауданының Ленин қолысында дүниеге келгенім.

Өнеке Дауылбай Түсіпов бес ағайымды болған өнеке. Өзінен кейінгі төте інесі Айтжан Түсіпов 1932 жылы Сауларда ауылдың өнеке төрегесі болып тұрған кезде 1937 жылы жапқан қалаға ұшырап, ұсталып іеткен. Содан хабарсыз. Тағдыры ай дөңбегіміз. Оған кейінгі өнеке інесі Мислашбай мен Оңарбай 1941 жылы соғысқа аттанып, қайтып оралмайын. Ал өнеке інесі Көкөкөбе Балғаш қаласындағы мыс қорыту зауытында бағытымы болды. Зейнет жасына шығып, кейінде қайтыс болды. Бүірден қалған ұрпақтар облыс қаларының ар өнесінде өнеке өтіп, балғашқа өсіріп, жүріп жатқан жайы бар. Өнеке Ленин қолысында қолымыз болды, шөкеші де сонда жұмыс жасады.

Өзіміз шәкәріп жолын, өнеке соңының қалай басталдымыз?

«Мен өкі алмадым. Бар тауысқанның б қыястық мектеп білемі. Теміртау қаласындағы бір ағайымды сағалап бардым. Ағайымның мені сол қаладағы металлургия зауытына жұмысқа орналастырды. Бұл зауыт сол кезде қанып тұрып қайтап шығаратын. Мин осында аспапты қран машинаның өнеке шығып болып жұмыс жасадым. Алты айдан кейін аспапты қранның машинаның болдым.

1953-54 жылдары тың ұрыны көтеріліп, әр жерде бағалы бастамалар тұндалып жатты. Жүректе қалың бар қандай жұмысқа салса да бетіміз қайтпайды. Бөлені, сол кезде отаныңды руз сөзім, бүгінгіңді тын басым болды ма деп сөйләйімін. Бүгегі жатқан өңкіміді көрмедім. Алла қарай өңкідегі,

қолыңдарыңда жұмыс аласың.

Еңбегіңнің өтеуі болғаны қандай мағысы. 1960 жылы Сауларда Ақтөрай ауданының «Үздік қоймайыңсың» деген атақ алып, «Құрмет» тақтасына аламын. Тоқпай жатқан мақтау, маршалат қалағдары бар, қайсыбірін айтпайын. Кейіннен қолға соғысқа айналды. 1974 жылға дейін соғысқа тағияны сағасында өнеке өтіп, 1983 жылы зейнетке шыққанда дейін Ақтөрай ауданы тұтып қолды Сауда бірлестігінің директоры болып қызмет атқардым, деп өнеке ардагері бір сөз өңіст қалды.

Өзібек Дауылбаев туған ауылына өнеке бағуға өнеке күрешкен екен. Оның бірамырада айтқандай тың игеруден басталған өнеке соңы болса, өнеке - сауда саласы. Жүрген жерінде албырайы болды, халқының құрметіне бөленді. Тоғыз бала тәрбиелей өсірді. Олардан 25 немере көріп отыр. Бүгегі де өзіннің шығын шырарлығы бар. Қазда бау-бақша өсіреді. Тоқарымын өзінің мөлдір суына шөлім басып, ата-бабадан қалған алтын бесік - туған жерінде өнекегі құмарып қалып қалады.

Оралбек ЖҮНІСҒҰЛЫ,
«Орталық Қазақстанның»
мөңбелігі тілшісі.

АҚТӨРАЙ ауданы.

СУРЕТТЕ: өнеке ардагері,
тыңгер өзібек **ДАУЫЛБАЕВ.**

Суретті түсірген
Серге́ей **ЕСІЛБЕК.**

халқын бақытты өмірге жеткізуге, қуатты елге айналдыруға жан-салып еңбек етіп, көп жағдайда соған лайықты баға алмаса да соның өзін дәтке қуат санаған абзал ағаларымыздың есімін келер ұрпақ жадына түйіп жүрсін деген ниетпен соларға тоқталайық.

Ленин колхозының басқармалары:

1938-1942ж.ж.

Өмірбек Сұраншин,

1942-1945ж.ж. Кенжебек Үсенов,

1945-1950ж.ж. Шайкен Жаппаров,

1950-1951ж.ж.

Бегендік Байсұлтанов,

1951-1953ж.ж. Зікрия Исаков,

1953-1954ж.ж.

Тілеужан Қордабаев,

1954-1959ж.ж. Серік Отыншин,

1959-1960ж.ж.

Жағыппар Абдукасов,

1960-1961 ж.ж.

Елубай Нұрмағанбетов,

Рымқұлов Дүйсембай (дұрысы Дүйсембай болуға тиіс) - 1963 жылға дейін колхоз төрағасы болып абройлы еңбек етті. Сол жылдары колхоздарды совхозға айналдыру ісі қауырт қолға алынды. 1963 жылы ҚазақССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен - Жезқазған, Қоңырат, Қу, Ұлытау, Шет және Ульяновск аудандары қысқартылып, олардың орнына Ақшатау өнеркәсіптік ауданы және ауылшаруашылық аудандары - Ақтоғай, Жаңаарқа, Жезді, Қар-

каралы, Нұра, Тельман, Осакаров құрылды. 1963 жылы Ленин колхозы «Ақтоғай» совхозына айналғанда жаңа совхоздың директоры болып, бұған дейін Ленин колхозының төрағасы қызметін атқарған Рымқұлов Дүйсембай басшылық жасады. Осылайша 1950ж. «Каганович», «Үшөзек», «Сарытерек» колхоздарының бірігуі нәтижесінде құрылған «Ленин» колхозы таратылып, солардың негізінде «Ақтоғай» совхозы құрылды. «Бірлестік» колхозының құрамында болған «Жамшы» және «Қоңырат» колхоздарының аумағынан «Ақтоғай» совхозының №5, №6 бөлімшелері құрылды.

Жоғарыда колхоз төрағасы болып қызмет атқарған азаматтардың жеке өмірдерегімен кітаптын алфавиттік бөлімінен таныса аласыздар. Әрине, олардың бәрін бірдей мұрағат қорынан қолға түсіре алмадық, барына қанағат қыламыз.

Әдеб.: Қарағанды қ., облыстық мұрағат: Ф.468.Оп 6.Д.105.л1. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. «Қарағанда» Карагандинская область энциклопедия. «Ел тарихы рухани қазына» 2014ж.Т.Мұқанов.Тын ардагері Өзбек Дауылбаевтың естелігінен.

«АҚТОҒАЙ» СОВХОЗЫ.

Сарытерек ауылының жоғарғы жағында, Тоқырауының бойында бағзыдан келе жатқан үлкен терек өсін тұрушы еді. Терек болғанда тұрпаты бөлек, ерекше үлкен дарак. Теректің биіктігі 25 метр, жуандығы 3



метр алып ағаш. Ауылдың Сарытерек аталуы да осы қасиетті теректің құрметіне қойылған-мыс. Бұрынғы қариялардың айтуына қарағанда мұндағы теректер қолдан отырғызған, екпе терек болса керек. Әрине, мұның бәрі аңыз, нақты дерек жоқ. Бір ғажабы, мұндағы теректер дүниежүзінде аса сирек кездесетін күміс терек. Аумағы 10 гектардай жерге таралып тұтас бір алқапты алып, жайқалып өскен. Жоғарыда айтқан алып терек осы теректердің ортасында, ерекше оқшауланып, бірнеше шақырым жерден көзге шалынатын және күз мезгілінде жапырақтары қызғылт-сары түске малынып алтын сияқты жарқырап тұратын. Өкінішке қарай, осы алып терек 1976 жылы табиғат зиянкестерінің қолынан өртеніп кетті. Қазір оның орнын-

да өртенген түбіртегі ғана қалды. «...Жанып тынды Баба терек еңселі, Зор қайғыдан кәрі тоғай теңселді. Кеудемде бір өксік толы өкініш, Көтертпейді езіп менің еңсемді. Өзен жатты қайғыдан аласұрып, Өр толқыны дамылсыз жағаны ұрып. Кәрі тоғай сыңсиды, өксиді өзен, Өксиді өңір, өксиді дымы құрып,..» деген өлең жолдары сонда жазылған еді. (Ж.Б.) Дәл осы тектес терек «Ақтұмсық» елді мекенінен төменде, әжептеуір жерді алып жайқалып тұрған шок терек бар.

«Ақтоғай» совхозының алғашқы директоры (1964ж.) Рымқұлов Дүйсембай одан кейін:

1964-72ж.ж. Жұмағұл Ыбыраев,
1972-77 ж.ж. Байыз Мейрманов,
1977-84 ж.ж.

Райымбек Абдырахманов
1984-86 ж.ж.

Жанғабыл Қызылбаев
1986-90ж.ж.

Мұхамедия Шардарбеков
1990-92ж.ж.

Есенгелді Тұрсынбеков

1992-95ж.ж. Қайдар Ақтайбеков сияқты азаматтар совхоз директоры болып қызмет жасап, ауылдың дамуына, ел экономикасын нығайтуға әрқайсы өзіндік үлес қосты. Колхоз және совхоз болған кезде оның жанынан ауылдық кеңестертер құрылды.

Сарытерек ауылдық кеңесі 1928 ж. құрылып оның жұмысына басшылық жасаған адам Салық Асанов деген азамат. Былайша айтқанда Сарытерек өңіріне кеңестік жүйенің қазығын қаққан кісі. Онан кейінгі кезеңдерде а/к төрағасы болып: Қалиев Досымбек, Торғай Сәдуақасова, Кенжеғара Жүкіжанов, Избасар Құлпейсов, Салиман Алтынбекова, Шынарбек Игенов секілді азаматтар қызмет атқарды.



1964-72ж.ж. Жұмағұл Ыбыраев деген азамат совхозға басшылық жасаған жылдар ішінде шаруашылықтың қуаты ілгері басты. Ол кезде Ақтоғай совхозының құрамына қазіргі «Жәмші» с.о. бірталай аумағы қарайтын. Ел экономикасы біршама нығайды. Кеңес өкіметі қой шаруашылығын өркендетуге баса назар аударып, мал шаруашылығын заманауи техникамен жабықтауға көңіл бөлінді. Атап айтқанда: жайылымдық алқап, көп жылдық шөп егу, скважина құдықтарын

қазу, суды мотор күшімен тарту кең көлемде қолданылды. Мал фермаларында, қыстақтарда мал қоралары салынып, құнарлы жемшөп әзірлеу, мал суғару механикаландырылды. Малдың жұқпалы ауруларына қарсы шаралар жолға қойылып, кешенді емдеу пункттері ұйымдастырылды. Саулықтарды жоспарлы түрде ғылыми талапқа сай қолдан ұрықтандыру тәсілі жүзеге асты. Төл алу науқаны да табиғат жағдайына сәйкес бір мезгілде өтетін болды.

Ең бастысы - қой малын күтіп өсіре білетін, баға білетін тәжірибелі шопандар қатары толығып, жоғары және орта білімі бар мал мамандары келе бастады. Ақтоғай совхозының жері Ақтоғай ауданы бойынша жазиралы алқапты алып жатыр. О шетімен, бұ шетінің арасы 100-150 шақырымды алып жатқан кең өлке. Совхоздың алты бөлімшесінде жүздеген елді мекендер болды.

Совхоз жер көлемі жағынан да аудан бойынша алдыңғы лектен саналатын. Ол өндіріс мәдениетінің жоғарылығымен де, еңбекті тиімді ұйымдастыруымен де ерекшеленіп үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

1970 жылдары совхоз шаруашылығы қарқынды дамып, еңбекшілер өздеріне жоғары міндеттемелер алды. Яғни, 1972 жылы қой басын 72500 басқа жеткізу, ірі қараны 990 басқа, әр

жүз саулықтан жүз қозы алап, әр қойдан 2 келі, 800 грам жүн кыркып, мемлекетке 188 тонна жүн, 1193 тонна ет тапсыру көзделді. Сарытерек аумағында қой, жылқы, сиыр, ешкі өсіріледі. Ал, түйе түлігі 1950 жылдары болды. Мысалы, Өмірбеков Аққасқа Ленин колхозының түйе фермасын басқарып, түйе баққан. Қазіргі Кенелі бөлімшесінде ертеде шаруашылыққа өгізбен қоса түйе күшкөлік ретінде пайдаланылатын. Қазан төңкерісінен бұрын бұл өлкенің халқы түйе өсірген. Тіпті 1940 жылдары Кенелідегі «Түйеқора» қыстағында Сүндетбайұлы Сисабек түйе баққан. Кенеліде түйе түлігі шамамен 50 жылдың ортасына дейін болған секілді. 60 жылдардан кейін шаруашылықтан түйе түлігі мүлде жойылып кетті. Бұл аймақ негізінен қой шаруашылығымен айналысты. Түліктен төл өрбітіп, сол арқылы ел дәулетін еселеуге ұмтылған малшы қауым еңбек ұйымдастырудың да сан түрлі әдіс-тәсілін ұстанды. Мал шаруашылығы озаттарының іс-тәжірибесін насихаттаудан да жалыққан емес. Бұл орайда совхоздың саңлақ шопандары Көпбаев Зікрия, Жаркенов Исбек, Алғамжанов Совет, Жалбаев Аманжол, Аманбаев Дүкенбай секілді озаттар есімі жиі айтылып, олардың тәжірибесі тараты-

лып отырды. Қой шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырудың басты талаптарының бірі - қой санын еселеп көбейту. Ол үшін жер жағдайы мен ауа райына бейімделген мал тұқымын асылдандыру, соның ішінде дегерес тұқымын жетілдіру міндеті тұрды. Осы жұмыс Сарытерек аумағында ерекше ыждаһатпен қолға алынды. Дегерес қойы мамандардың айтуы бойынша мол өнім беретін қой тұқымы. Дегерес қойының жүні қазақы қойдың жүніне қарағанда 1,5-2 есеге артық. Екіншіден, дегерес қойының жүні ақ, әрі біркелкі биязы жүн. Жүн талшығының ұзындығы 12-14 см. Саулықтарының салмағы 60,6-67,5 келі. Тұқымдық қошқарының салмағы орта есеппен 110-116 келі. Кейде 137 келіге дейін жетеді екен. Қой шаруашылығын дамытуға сүбелі үлес қосқан айтулы шопан ҚазақКСР Жоғарғы советінің депутаты, «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Алғамжанов Советтің бай тәжірибесі совхоз көлемінде кеңінен насхатталып, жастарға үлгі ретінде ұсынылды.

1970 жылдары совхоз экономикасы айтарлықтай көтеріліп, елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы көп жақсарды. Совхозға электр жарығы келді. Сегіз жылдық мектеп он жылдық болып іргесі



кеніді. Совхоз орталығы да жылдан жылға көркейіп, сәулетті құрылыстар бой көтерді. Ауыл еңбеккерлеріне қызмет көрсететін 9 дүкен, 2 автодүкен, 1 аурухана, дәрігерлік пункт, 300 орындық клуб үйі, 1 орта мектеп, 4 бастауыш мектеп, 1 сегізжылдық мектеп, 6 кітапхана, 5 монша, балабақша мен наубайхана жұмыс істеді. Ол заманда бесжылдықтардың белесі міндеттемесіз болмайтын. Совхоз орталығындағы орта мектепте 510 оқушы білім алып оларға дәріс беретін 37 ұстаз қызмет істеді.

Деректер мен суреттер Шегіров Нұржақайдың жеке мұрағатынан алынды.

Ыбыраев Жұмағұлдан кейін 1972-ж. А. совхозға директор болып Байыз Мейрманов келді. Бұл жөнінде сол кезде Целиноград ауыл шаруашылығы институтының зоотехника факультетін ғалым-зоотехник мамандығы бойынша бітіріп келген, кейін облыстық деңгейде жауапты қызметтер атқарған Қабыжан Досмақов бы-

лай деп әңгімелейді: 1972 жыл «Ақтоғай» совхозы мен оның халқы үшін ауыр жыл болды. Сол жылы қысы қатты болды. Қыс басталмай жатып қаһарына мінді: омбылаған қар, бірін-бірі қуалай соққан боран, қақаған аязды болып келді. Сай, жыралардың бәрі қарға толып, ерсілі-қарсылы соққан аязды борандар қарды қатырып тастады. Жеңіл машиналарды айтпағанда, доңғалақты «Беларусь» тракторларының өзі қарға агтам жерге қатынай алмай қалды. Бөлімше мамандары қыстақтарға тек салт атпен қатынап жұмыс жасады, оның өзінде қардың молдығы сондай: аттарын сайлардан жаяу жетектеп өтетін. Ал жедел түрде қыстақтарға жем-шөп, көмір басқа да қажетті жүктерді

Ақтоғай ауданы әкімінің
 Ж Е Н І С
 Ақтоғай ауданы 1972 жылдың 5 наурыз айында

"Ақтоғай" совхозының қыс қыстақтары туралы.

Аудан аты "Ақтоғай" совхозы мен оның халқының арасындағы байланысты нығайтудың мақсатында "Ақтоғай" совхозының қыс қыстақтары туралы

Ж Е Н І С

1. "Ақтоғай" совхозының аты "Толық ауыл" совхозына берілген.

Сол ақпаратты Қазақстан Республикасының Ақпарат және Құқық қорғау органдарына хабарлауға қажет.



С. Дүйсенов

жеткізу үшін күрек тіркелген, сол кездегі алып таркторлар, К-700-дерді пайдаланатын, олардың өзі кейбір өзектерді тазалай алмай, күректері істен шығып жататын.

Бұл аз болғандай табиғат тағы да бір «тосынсый» жасады: мамыражай көктемнің 15-16 сәуір күндері алай-түлей боран соқты. Бұл қой малының қауырт төлдеп жатқан кезі болатын. Және де боран малды өріске шығарып әкеткеннен соң басталды. Өрісте қоздаған қойлар қозыларымен бірге қатып жатты. Сол жолы құрамында 6 бөлімшесі бар, қысқа түсетін 60 мыңнан астам қойдың 12 мыңнан астамы, яғни бестен бірі шығын болып мемлекетке орасан зиян келді. Бұл шығын үшін біреулерді жазалау керек болды: тағы да біраз мал маманы жазықты деп саналып, шартты түрде сотталды немесе жазасын өндіріс орындарында өтеуге кесілді.

Ал енді сол жылы екі рет алапат тасыған Тоқырауын өзенінің әлегін бұған қоспай-ақ қойса да болады.

Міне, осындай себеп-салдардан «Ақтоғай» совхозы орасан материалдық және моральдық зиян шегіп, біраз кадрларынан айрылды. Облыстық, аудандық партия комитеттерінің (ол кезде кадрды іріктеу, тәрбиелеу, орналастыру партияның қолында болатын) ал-

дында осы бағытта біраз міндеттер тұрды. Олар тек «Ақтоғай» совхозына ғана қатысты емес-тің, аудан бойынша совхоз басшыларын, бас мал мамандарын жаңарту қажет болатын.

Ақтоғай ауданында сол кезде жаңадан өсін келе жатқан жоғары білімді жас мамандардың бір шоғыры бола тұрса да, облыстық партия комитеті «Ақтоғай» совхозының директорлығына Қарқаралы ауданы «Еңбек» совхозында бас зоотехник қызметін атқарып жүрген Байыз Мейірмановтың кандидатурасын ұсыныпты. Ол кезде директор лауазымы Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің номенклатурасы болғандықтан, кандидат тек осы ұйымның келісімін алып келген соң барып, қызметке тағайындалатын. Иә, жас маманға үлкен сенім жүгі артылды.

Сонымен, Б.Мейірманов Ақтоғай ауданындағы мал саны бойынша да, территориясы бойынша да, ең үлкен совхозды басқаруға 1972ж. тамыздың ортасында кірісіп те кетті. Алдымен ынаруашылықты аралап, еңбек адамдарымен танысты, жұмысты қай бағытта өрбітетінін өз ойымен екшеп, саралап көрді. Бір шеті шығысында «Шұбартау» совхозы мен батысында Ақшатау кентінің ортасында жатқан алты бөлімшенің тек екеуі ғана жолдың үстінде



екен де, алыс қыстақтары совхоз орталығынан 60-90 шақырымда орналасқан. Кейбір қыстақтарға әлі де электр жарығы жетпеген. Жайылымдарда су тапшылығы орын алған. Екінші бөлімшенің де қыстақтары орталықтан шашыранқы орналасқан, ол өз кезегінде басқару қиындықтарын туғызады. Ауру малдарды аяғына қойып, семіртетін бір де бір бекет жоқ. Міне, осы мәселелерді көңілге түйген директор совхоз мамандарының басын қосып, оған аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының басшыларын шақырып, өзінің шаруашылықты дамыту жөніндегі ойларын ортаға салды, оны бағдарламамен бекітіп, тиісті орындарға құжаттар дайындады.

Қызу жұмыс басталып та кетті. Ауыл шаруашылығында бітпейтін науқандық жұмыстар ғой: қой төлдету, көктемгі және күзгі қырқым, жем-шөп дайындау, қысқа дайындық, күйек алу т.б. Солардың жетегінде кетпей, әлгі бағдарламаны орындауды қадағалауды қолға алды. Басаяғы 2-3 жылдың ішінде ойға алған шаруалардың біразы орындалды. Электр жарығымен барлық қыстақтар қамтылды. №2 бөлімше орталығынан емдеу-санитарлық пункт (ЛСП) ашылып, оған ауру малдарды жинап, семірту жолға

қойылды. Жайылымдарда шегенделген құдықтар, скважиналар қазылды, суғару пункттеріне су тасып беру үшін жаңа су тасушы машиналар алынды. Кеңшарды жаңа да, қуатты К-701, доңғалақты «Беларусь» тракторларымен жабдықтау жалғасты. Кей бөлімшелермен телефон байланысы да орнатылды.

Сол уақытта Жәмші совхозы құрылып: Имек, Бірлестік бөлімшелері жаңа құрылған «Жәмші» совхозының құрамына берілді; Ақтұмсық пен Кенелі бөлімшелерінің қыстақтарынан «Қоянкөз» бөлімшесі құрылды. Шопандыққа жастар тартылып, екі шопан-жастар бригадалары жемісті еңбек етті. Сол жылдары «Жалын» жастар бригадасын басқарған айтулы шопан, бірнеше орден-медальдардың иегері Қабдыраш Тұяқбаев бы-



лай дейді: «Байкең директорлыққа келгеннен кейін «Жалынның» ісі жарқырай, аты дүркірей бастады. Жаңа жемазық цехы іске қосылды. Бригада базасында облыстық шопан бригадаларының кеңесі өтті. Жастарға барлық жағдай, камқорлық жасалды. Екі жыл жұмыс жасағандары өздері қалаған оқу орындарына совхоздың жолдамасымен оқуға түсті». «Байкең еңбек адамдарын қатты құрметтейтін. Кейде өз басымыздың кейбір шаруалары шешілмей жатса, соны бөлімше басшыларына тапсырып, орындалуын өзі қадағалап камқорлық танытатын» дейді еңбек ардагері, сол кездегі озат шопандардың бірі Оралтай Кенжебеков.

Осылайша шаруашылықта шыныққан Б.Мейрмановтың келешек еңбек жолы да айтарлықтай болды.

Қабыжан Мұқтаров

Көп жылдар Ақтоғай совхозында (1975-1992ж.ж. бас есепші, 1992-1995 ж.ж. совхоз директоры болып қызмет істеген Ақтайбеков Қайдар өз кезіндегі шаруашылықтың жетістігі мен совхоздың экономикасы туралы төмендегідей әңгіме тарқатады:

«...1963ж. 1 қаңтарда бұрынғы Ленин колхозының «Ақтоғай» совхозы болып құрылуына байланысты совхозда 6 ферма құрылды.

Олар:

№1 ферма - Жетімшоқы,

№2 ферма - Ақтұмсық,

№3 ферма - Кенелі,

№4 ферма - Бірлестік,

№5 ферма - Көпбейіт,

№6 ферма - Имек ол

уақытта бұлардың бәрі де іргелі шаруашылық болып дамыған кез. 1973 жылға дейін совхозда мал басы көбейіп, фермалардағы қой саны 13-15 мыңға жетті. Көктемде туған төлді есептегенде 100-110 мыңға дейін көбейді. Осы жылдары совхоз Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болып, Бүкілодақтық ауыспалы қызыл туға ие болды. Шаруашылықтың өркендеуіне байланысты аудан бойынша Жәпенев Қаһарман, одан кейін Жаркенов Исбек, Алғамжанов Совет ҚазақКСР-ның Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Совхоз шаруашылығының қарқынды дамуы арқасында 1963-75ж.ж. совхоз орталығына жаңа үлгідегі клуб, 2 қабатты үш тұрғын үй, жаңа типтегі жетілдірілген, сол уақыттың талабына сай, машина-трактор шеберханасы, 2 қабатты жаңа типтегі балалар бақшасы, кітапхана, монша, аурухана, наубайхана және үш дүкен совхоз бюджетінен тыс қаржыға салынды. Совхоз шаруашылығының сол бір өрлеу жылдарында 3 шопан: Ис-

каков Шолан, Жалбаев Несіпбек, Смағұлов Айтжан және бір үздік механизатор Шошымбеков Оразбек ГАЗ-21 «Волга» автокөлігін сыйға алды.

Аудан бойынша қой ба-сын асылдандыру жұмысы да Ақтоғай совхозында бірінші болып қолға алынды. Қылшық жүнді қазақы қойлардың орнына би-язы жүнді «Дегерес» қойларын өсіру шаруашылық үшін үлкен табыс әкелетінін білген Алматы зооветеринарлық институтының ғалымы В.Соколов бірнеше жыл зерттеу жұмыстарын жүргізіп, та-за дегерес тұқымдарын шаруа-шылыққа енгізді. Оған көмекші болып Қырғызбай, Мәден Ноғай-беков секілді ғалымдар еңбек етті.

Осы жылдары совхозда 60-70 автомашиналарды біріктірген авто-парк, 50-60 тракторды біріктірген МТМ жұмыс жасады. Осы аталған шаруашылықтарда: Шошымбе-ков Оразбек, Құсайынов Берікбол, Әріпбаев Қалиасқар, Шайке-нов Есіркеп, Мұхамедиев Орал-хан, Дағылов Тұрсын, Ақшабаев Санақбай, Акимов Тәңірберген, А.Мұса, Әлімбетов Ақан, Қасен-беков Ермек, Тілеубеков Есімхан, Жаппарбеков Төлеугазы, Жаппар-беков Рахман, Жакупов Жамбыл, Түймішінов Нығытай, Түймішінов Нақыпбек, Игенов Шәкәрім, Бей-сенов Кәкен, Төкітаев Бекмағанбет,

Шошынбеков Тұрысбек, Ракишев Балта, Мұхатаев Сағат, Қалиев Қанат, Смайылов Жасымбек, Та-палов Сейіт, Тапалов Наркен, Жал-баев Несіпбек, Жалбаев Түсіпбай, Аяпбеков Серғазы, Мағрупбеков Шарзада, Мағрупбеков Қайыр-зада, Тәжібаев Зекен, Ноғай-беков Сәден, Жақыпбеков Дәулет, Мақсұтбеков Қанат, Жар-мағанбетов Рысмағанбет, Айтыха-нов Төлеухан, Жаппаров Шәйкен, Төлендинов Ақыман, Нұрғалиев Рахман, Тасқынбаев Асылхан, Са-банбаев Иманғазы, Әменов Ма-нат, Мағрупбеков Тілеузада, Сә-дірбеков Медетбек, Борымханов Бейбіт, Асылбеков Кәрім, Садықов Жұман, Бапашев Кәкен, т.б. аза-маттар жемісті еңбек етін, ел құрметіне бөленді.

1973 жылы жаңадан «Жәмші» совхозының құрылуына байла-нысты 3 ферма: Бірлестік, Имек, Көпбейт аумағына жататын аймақ «Жәмші» совхозына берілді де Ақтоғай совхозы төрт фермамен қайта құрылды. Олар:

№1 ферма - Жетімшоқы

№2 ферма - Ақтұмсық

№3 ферма - Кенелі

№4 ферма - Қоянкөз бұл уақытта жоғарыда аталған ферма-лардың әрқайсындағы мал басы 13-15 мыңға айналған болатын. Бұл жылдары халықтың саны да өсті. Бір кездегі мектеп тарлық етіп,

1989 жылы совхоздағы оқушылар санының артуына байланысты 460 орындық жаңа үлгідегі үш қабатты мектеп ғимараты салынып пайдалануға берілді.

1991 жылы «Тұрғын үй-91» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес совхоз орталығында 2 пәтерлі 10 тұрғын үй салынып «91 мөлтек ауданы» деп пайдалануға беріліп ел игілігіне айналды. 2014 жылы мемлекеттік «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша ұзындығы 14 шақырымды құрайтын су құбыры тартылып, ауылдың барлық үйі таза ауызсумен қамтамасыз етілді. Жыл озған сайын совхоздың экономикасы қарыштап өсіп, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Ұрпақ өсті. Ауылдың келбеті бұрынғы жылдардағыдан көп жақсарғанын өмірдің өзі көрсетті. Қорыта айтқанда, Кеңес үкіметі жылдарында да біздің ауылдастарымыз, халқына адал қызмет істеді, маңдай терімен тапқан адал еңбегінің өтеуіне тәубе десті, қанағатшылдығынан, туысбауырға жасаған жақсылығынан айныған емес. Біреулер: «Біздің Сарытерекке 90 жыл емес» дейді. Бірақ біздің халқымыз ғасырға парапар уақытты бастан өткерді. Тарихтың не бір сүреңсіз күндерін, қатыгез жылдарын кешіп өтті. Солақай содыр саясаттың құрбаны

болған әкелеріміз бен ағаларымыз адалдықтың туын жыққан жоқ. Соның бәрін басынан өткерген кешегі арыстарымыздың рухына тағызым ете отырып, келер ұрпаққа бақытты өмір тілейміз. Тәуелсіз еліміздің Туы мәңгі желбіреп, еліміздің бірлігі бекем, болашағы жарқын болса деймін.

*Қайдар Ақтайбеков, совхоздың
1992-95ж.ж. директоры*

АҚТҰМСЫҚ БӨЛІМШЕСІ.

1957 жылы комсомол жастарды еңбекке тарту мақсатымен «Желтау комсомол жастар» фермасы болып құрылды. Ферма менгерушісі Алтынбеков Абзалбек, мал дәрігері Жаров Мұхаметәлі, трактор бригадирі Зекен Тәжібаев. Тойғанбай, Нартай, Қаражал, Қасым,



Мойынкұдық, Ұзынбұлақ, Ақсай, Қарабауыр қыстақтарына барлығы шамамен 70000 бас мал қыстады. 1961ж. Желтау мен Қоянкөз бөлімшелері іріленіп №2 ферма болып аталып, орталығы Ақтұмсық болды. Бөлімше орталығында монша. Кітапхана, бастауыш мек-

теп жұмыс жасады. Кітапханада Нәркеева Кентай, сатушы Асылбекова Жәміш, 4 жылдық мектеп ұстазы Төлепбек, кейін Қожахметова Дария ұстаздық етті. Мед. Пункт меңгерушісі болып Катепова Марал жұмыс жасады.

1962 жылы фермадағы мал басы өсіп, 14 мың қой қысқа түсті. 7 мың бас саулық қой болды. Көктемде мал төлдету 10 жерде жүргізілді. Бұл жылдары №2 бөлімше төл алуда болсын, мал азығын дайындауда болсын табысты еңбек етті. Осы фермадан әр жылдары ҚазақССР Жоғарғы Кеңесіне үш дүркін депутат сайланды. 1959ж. Жапенев Қахарман, 1963ж. Алғамжанов Совет, 1967 ж. Жаркенов Исбек депутаттыққа сайланды. Мұның өзі бөлімше мен совхоз еңбеккерлері үшін үлкен мерей еді. Сондықтанда бөлімше еңбеккерлері мал басын аман сақтап, төл алудың, жүн алудың жоспарын орындап абырой биігінен төмендеген жоқ. Осы атақты шопандар жыл сайын 100 саулыққа 105-тен қозы ертіп, биік көрсеткішке қол жеткізді.

1972 ж. бөлімшеге Ғалиханов Сейтжан ферма меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл жылдары да бөлімше екпінді еңбек етті. 1974 ж. Желтаудың Ақсай қыстағында 8 комсомол мүшесінен құралған «Ұшқын» жастар бригадасы

құрылды. Оның жетекші-тәлімгері болып Зекен Тәжібаев, келесі жылы Алғамжанов Совет еңбек етті.

1975-1995 ж.ж. бөлімшеге Төлеген Егінбаев, Тайтөлеу Төлеубеков, Жамантай Тәжібаев ферма жұмысына басшылық жасады. Сол тұста Ағайынды Тәжібаевтар «Самал» мал бордақылау бригадасын құрды. Ұжым жетекшісі Зекен Тәжібаев. Мүшелері: Сабанбаев Құрмажан, Тәжібаев Амантай, Тәжібаева Ғани, Омаров Асан отбасылық бригада болып еңбек етті. Жыл басында 3000 бас қой, 120 ірі қара, 70 бас жылқы бордақыланды. Бригада мүшелері ұйымшылдықпен еңбек етті, соның арқасында, совхозға көп табыс әкелді. Сол жылдары совхоз көлеміндегі қыстақтар жөнделін, шопан қауымының жағдайы көп жақсарды. Совхоз орталығында МТС салынды, монша, клуб бінеше әлеуметтік ғимараттар жөндеуден өтті. Совхозға директор болған Қызылбаев Жанғабылдың (1984-86ж.ж.) іскерлігі арқасында совхоз өмірінде біршама игі істер орындалды. Соның бірі - совхоз орталығындағы 2 қабатты тұрғын үй. Совхоз басшысы осы үйдің тұрғындарына жаңадан үй бөліп, босаған екі қабатты ғимарат совхоз дирекциясының және ауылдық советтің кеңсесіне айналды. Сол

сияқты балабақша мен монша салынып іске қосылды. Наубайхана, мед. пункт, автоматтандырылған мал тоғыту алаңы және мал сұрыптау, тері өңдеу пункттері жұмыс істеді. Бұл ауыл тұрғындарының, жалпы еңбеккер қауымның қажетін өтеуге, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған игілікті іс болатын. Тағы бір үлкен жұмыс совхоз аумағына ауданның бұрынғы «скотовод» базасының жерін қосып алуы. Нәтижесінде Әлібек қыстағы салынып, оған совхоздың озат шопаны Жалбаев Әшетай қоныстанды.

Біздің өлкенің тарихы бай, небір асыл азаматтарды канаттандырған қасиетті өңір екенін көзі қарақты ел жақсы біледі. Тіпті әріге бармай ақ, ауылымыздың 90 жылдық тарихын зерделесек соның өзі бірнеше кітапқа жүк болары анық. Қазақ ССР Жоғарғы советіне біздің үш бірдей ауылдасымыз депутат болды. Бұған мақтануға бола ма? Болады. Себебі олар ондай құрметке өздерінің адал еңбегімен жетті. Жоғарыда айтқанымыздай олардың үшеуі де шопан-тын. Сол заманның биігінен қарағанда бұл үлкен жетістік еді. Қазір де біз олардың есімін құрмет тұтамыз.

*Тәжібаев Жамантай,
1990 ж. №2 ферманың басшысы.
Бетке түскен фотосуреттер
Нұржақай Шегіровтың жеке
мұрағатынан алынды.*

КЕНЕЛІ БӨЛІМШЕСІ.

30-жылдары Кенелі ауылдық советі №10 ауыл және Майтас ауылдық советі №9 ауыл болып, бірігіп бірнеше серіктестіктер құрған. Солардың ішінде Кенелі а/с «Қожантай» серіктестігі, Майтас а/с «Алғабас», «Ақжар» серіктіктері ұжымдасқан. «Алғабас» серіктігіне қараған 9 ауылдың ақсақалдары бірігіп жерге тәу етін, егін салып дән алу үшін күш-қайратты біріктіріп, тоған қазып Тоқырауынның суын қырға шығаруға күш салған» деп жазды Сапарбеков Орынбай ақсақал өзінің «Өмір жолы» деген ғұмырбаяндық кітабында. Жоғарыда айтылған серіктіктер кейін ұсақ колхоздарға айналып, егін егіп, мал өсіріп, жағдайды түзеу үшін күн демей, түн демей еңбек етті. «Ақжар», «Алғабас» колхоздары 1937 ж. «Чапаев» колхозы болып аталды. 23.05.1941 жылдан бастап Кенелі ауыл советі «Калинин» ауыл советі болды. 40-жылдары колхоз төрағасы Дошаев Аятай болған. Артельдің 90-нан астам мүшесі болған екен.



02.01.1963ж. «Калинин» және «Коммунизм» колхоздарының негізінде «Қоңырат» совхозы құрылды.

1963 ж. «Ленин» колхозының «Ақтоғай» совхозы болып құрылуына байланысты, «Калинин» колхозының Кенелі бөлімшесі «Ақтоғай» совхозының құрамына берілді. Кенелі бөлімшесінде жұмыс жасаған адамдардың дені осы жерде қалып қойды. Ол кезде бөлімше орталығы «Төкеш» болатын. Кенес өкіметінің саясатын қолдап, алғашқы серіктіктен бастап тынымсыз еңбек еткен аптал азаматтар бертінге дейін еңбектен қалмай мал шаруашылығын өркендетуге өлшеусіз үлес қосты. Атап айтқанда: Әбеуов Әбілхан, Сыздықов Ноғайбек, Балтабай, Қалиев Башар, Көпбаев Мырзабек, Қожабаев Кенжебек, Асылбек, Тоқболат, Исабеков Қабылхан, Р. Жарқынбеков, Баймұрзаұлы Жүніс, Стахов Мылғалшер және Несжан (Амангелдінің шешесі) осы кісілер, сол кездегі кенестік дәуірдің бастауында тұрды. Мұның бергі жағында Қалпебаев Қасымдар. Фермада сатушы болған Дошаев Аятай деген ағамыз жұмыс жасады. Ферма меңгерушісі Нұрғали (тегін таппадық) мамандығы мұғалім болатын. Сонымен қатар №2 бөлімшенің Оңғарбай, Майтас, Қоске, Айыртас қыстақтары

№3 бөлімшенің құрамына берілді. Бұрынғы жылдары Майтас сиыр фермасының орталығы болған, фермада Райымхан ағамыз ферма меңгерушісі болды, есепші (учетчик) болған Каукенов Мәжетай деген азамат еді. Бақташы болып Спатаев Нөкеш, Қыдырхан әкелеріміз еңбек етті. Осы Майтас қыстағында Нөкербек, Айтхан, Нөкеш, Қыдырхан, Нұржан, Мәжетайлар еңбек етіп, осы жерді мекен еткен. Фермада сатушы Оқап ақсақал болатын. «Оңғарбай» қыстағында Мақашев Шойынбай, «Қоске» қыстағында Ахметов Жанабай бақташы болды. «Айыртас» қыстағында Майлыбаев Рахымжан бір отар қой бақты. Кейінгі кезде Мұқашев Сейітжан, Қуанышбек отбасымен көшіп келіп, Қоске қыстағын мекен етіп, мал бақты.



25.05.1985ж. №3 фермада төл алуда жақсы аяқтап, ферма бойынша 100-ден 93 төл ертіп аудандық ту тапсырып тұрған сәт. Ту ұстап тұрған партия ұйымының хатшысы және зоотехник Сейітжан Галиханов пен Егінбаев Төлеген.

№3 фермада, ферма менгерушісі болып Жүкіжанов Кенжеғара, Ғалиханов Сейтжан, Алтынбеков Абзалбек, Егінбаев Төлеген, Төлеубеков Тайтөлеу, Төкітаев Кәкімаған, Мәжетаев Кәрібайлар қызмет жасады.

Бәрі де өздерінің қал-қадірінше ел игілігін еселеуден аянған жоқ. Бухгалтер болып Қасымбеков Құрма, Шоланов Қасым, Шойымбаев Тілектің жолдасы Күлмәралар еңбек етті. Мал азығын дайындауда атсалысқан азаматтар: Нөкербеков Фабрик, Аубакиров Бөріғұл, Әлібаев Тиыштықбай, Нөкешов Болат механизатор болды. Тиыштықбай мен Нөкешов Болаттың тұстастары Мылғалшерев Қабыл, Ахметов Карбоз шопан болып жұмыс жасады. Кейінгі кезде мал азығын дайындауда Мұхамеджанов Егінтай, Нөкешов Бегімбай, Мылғалшерев Қабдолла, Әлібаев Дәулеттер ауылдың экономикасын көтеруде үлес қосты.

Сол кезде Кенелі бөлімшесінде Шайықұлы Фермабай шофер болды, одан кейін Қантаев Боранқұл, Садуов Қаппар, Серікбаев Бақтыбек, Ноғайбеков Сәден, Жарқынбекұлы Тұрсынғали секілді азаматтар ел дәулетін еселеу жолында аянбай тер төкті. Сәден әкесі Ноғайбек (Ноған) секілді қолы шебер еді, кейінгі кезде ол

К-700 тракторының құлағында ойнады. Фермада мал дәрігері болып Жолдасбаев Есен, Қанафин Марат, Смағұлов Тиышбек, Есеев Кенжабай, Мұхаметәлі аға, Сыздықов Рзағалы, зоотехник болып Тұтқабеков Қайырберлі, Дәрібеков Ұзақбай жұмыс жасады. Бәрі де аянбай адал еңбек етті.

Жалпы Кенелі адамдары бір-бірімен жарасты күн кешті, жастары бір адамның баласындай, құлын-тайдай тебісіп бірге өсті. Бір-бірімен ренжісіп, сөзге келіскенін көрмеппіз, бәрі бір адамның баласындай, сыйластықта жүретін. Бөлімше орталығы Төкеште жиі басқосатын. Бір заманда шамамен 50 жылдары Төкеште Қызыл бұрыш деген болатын. Ол бір дүрілдеп тұрған мекеме емес. Бір бөлме, ішінде бетін қызыл матамен жауып қойған ұзын үстел орналасқан. Одан басқа бірді екілі газет пен үнпарақтар ғана болатын. Оның меңгерушісі Қабылхан Исабеков болатын. Сол Қызыл бұрыш кейін ауылдың кітапханасына айналды. Кітапхана меңгерушісі Мәки Серікбайқызы еді. Бас қосуды да сол ұйымдастыратын. 1967 жылдары ферма орталығы Қарағашка жаңадан салынды. Осы жерге алғашқы болып, көшіп келіп жаңадан үй салғандар: Мылғалшер, Ноғайбек, Несжан, Оқап, Әбілхан, Жүніс, Қыдырхан,

Нұржан ақсақалдар болды. Ахметов Сейітхан ақсақал жаңадан көшіп келіп үй салды, пошташы болып жұмыс жасады.

Ауылжастары: Қазыбаев Тілеулі, Қалиев Ерболат, Әбілханова Пәну мен Пәнура, Қабылханова Күміс, Тоқболатов Төлеш, Кенжебеков Қабыл, Ноғайбеков Сәден, Илясов Амантай, Мылғалшерова Күләш, Асылбекова Бақыт, Қабылханов Әділхан, Егінтай, Бегімбай, Есенбаев Бақтыбек, Мәки, Әбілханов Төкім, Шойынбаев Тілек, Күлмара, Жүнісова Рысжан, Балтай, Айғазылар болатын. Бәрі де өрімдей жастар еді. Ұйымшыл еді. Ферма меңгерушісі Сейтжан Ғалиханов күзге қарай ауыл жастарын жинап алып, 2-3 машинаға бөліп, шөп түспеген қыстақтарға жұмысқа апаратын, сол шөп түспеген қыстақтардың шөбін 3-4 күнде салып бітіріп, Секеңнен алғыс алып жүретін».

*Баймағанбет Әлібаев, 1963 ж.
ферманың есепшісі.*

БІРЛЕСТІК БӨЛІМШЕСІ.

Ақтоғай совхозы құрылғанда «Бірлестік» бөлімшесінде 15 мыңдай қой, 1 мыңға тарта сиыр болған. Ақтоғай совхозының құрамына енген «Бірлестік» бөлімшесінің алғашқы меңгерушісі Алдаберғенов Қарпық, №5 (Ақсай) бөлімшенің меңгерушісі Қақабаев Елеген, №6 (Имек)

бөлімшенің меңгерушісі Қордабаев Тілеужан болды. Осы арада колхоз кезінде де іргелі шаруашылық болған «Бірлестік» бөлімшесі туралы белгілі журналист Қуандық Сәденовтің жазбасынан қысқана үзінді келтірейік.

«...1963 жылдан кейін Бірлестікке аудан орталығынан телеграф желісі тартылып, коммутатор қызметі арқылы сөйлесуге мүмкіндік беретін телефон аппараты қойылды. Ол бөлімше меңгерушісінің кеңсесіне орналастырылды. 1973 жылы автоматты жаңа телефон торабы іске қосылып, Бірлестік ауылына 2-13-62 телефон нөмірі берілді. 1982 жылы «Жамшы» совхозының орталығы Нүркен селосынан Бірлестікке дейін жаңа телефон желісі тартылған соң, ауыл совхоздағы АТС-қа қосылып, екі бірдей жаңа нөмір берілді: 23-2-91 және 23-2-92.

Совхоз құрылғаннан кейін Бірлестікте екі-үш нысанның құрылысы салынып, пайдалануға берілсе, соның біреуі – 1964-1965 жылдары тұрғызылған монша үйі болатын. Осы моншаның электрмен дәнекерлеу жұмыстарын Петр Почебыт және Кәкітай Сәлімбаев жасаған еді. Кәкітай Сәлімбаев ауылдың бірінші электрмен-газбен дәнекерлеушісі. Ол кісіні білікті дәнекерлеуші

болғандықтан арнайы Ақшатаудан көшіріп әкелген. Моншаның ішкі конструкциясын құрастырған Кәкітай Абақұлы болатын. Моншаны іске қосудың аркасында ауыл тұрғындарының санитарлық-гигиеналық тазалық мәселесі шешілді. Демалыс күндері істейтін моншаға басшылық жасау, оның отын жағып, суын қолмен тасып дайындау оңай шаруа еместін. Монша жұмысын алғашқыда Кәкітай Сәлімбаев пен ол кісінің жолдасы Төлеужамал апай, 1980-ші жылдары Күміс Шоқанова басқарып, халыққа қызмет көрсетті.

Совхоздың құрылуымен Бірлестікке өркениеттің көші келе бастады. Бірінші кезекте ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту қолға алынды. Алғашқы бір мәдени нысан – 1969-1970 жылы бөлімше орталығындағы «тас мектептің» жанынан салынған жаңа типтегі клуб үйі болатын. Жаңа, 1971 жылды қарсы алуға арналған жасыл шырша мерекесі осы клубта өтті. «Жамшы» совхозы құрылғаннан кейін бөлімше меңгерушісінің кабинеті, клуб, пошта жаңа клуб үйіне көшірілді. Бұл клуб үйінде 1973-1974 жылы жаңадан құрылған «Жамшы» совхозының әкімшілік кеңсесі уақытша орналасқан еді.

Клуб үйі бой көтергеннен кейін, 1971 жылы жаңа медпункт

үйінің құрылысын салу басталып, ол 1972 жылы пайдалануға берілді. Осы жерде бір айта кететін жәйт, 1966 жылы білікті фельдшер Лидия Розенконың бастамасымен ауыл медпункті жанында перзентхана бөлімшесі (амбулатория) анылып, жұмыс істеді. Ол «финский дом» деп аталған ауылдағы жаңа үш үйдің шеткісінде, бөлімшенің басқарма кеңсесінің бір қанатында орналасты. Медпунктте екі фельдшер – Лидия Розенко мен Рәуия Ермекова және санитарка Альма Гатская жұмыс істеді. Осы перзентханада 1966 жылы 7 желтоқсанда бірінші болып дүниеге келген Алин Мәдениет еді. Оның есімінің «Мәдениет» деп қойылуына себеп болған осы жәйт болатын. Содан соң бұл перзентхана екі-үш жыл интернаттың бір қанатында орналасып, одан қайыра бастапқы орнына көшірілді. Ауылдың көптеген сәбилері осы перзентханада дүниесігін ашты. Менің білетінім, осы перзентханада 1969 жылы Сәулебек Қордабаев, Қадыржан Сәденов, Кенжетай Абдрахманов және 1970 жылы Саят Кенжин, Бауыржан Сәденов, 1972 жылы Саягүл Байдүйсенова, Гүлжан Бедербекова, Маржан Абдилдина, 1973 жылы Досан Баспақов және т.б. дүниеге келді.

1973 жылы Бірлестікті әкімшілік-аумақтық бағынысы жағы-

нан тағы бір өзгеріс күтіп тұрды. Сол жылы Жезқазған облысының құрылуына байланысты Ақтоғай ауданы Қарағанды облысының құрамынан шығарылып, жаңа облысқа берілді. ҚазақССР Ауыл шаруашылық Министрлігінің 1973 жылғы 23 қыркүйекте шыққан Бұйрығына сәйкес «Ақтоғай» совхозының құрамындағы Бірлестік, Имек, Ақсай және «Қонырат» совхозының құрамындағы Калинин бөлімшелерінің негізінде жаңа «Жамшы» кеңшары құрылып, Бірлестік кеңшар орталығы болып белгіленді. Кеңшардың әкімшілік басқару орталығы 1973-1974 жылдары Бірлестіктегі клуб үйінде орналасты. 1974 жылы Жамшы өзені бойындағы бірде «Сарыесік» немесе «Құлықтың склады», бірде «Тезекбайдың етегі», енді бірде «Қояншоқының ағысы» аталған өлкеде кеңшардың жаңа орталығы салынды. Кеңшардың тұңғыш директоры болып Қауаз Мұқажанов тағайындалды. Алматы ауыл шаруашылық институтын инженер мамандығы бойынша бітірген Қ.Мұқажанов кеңшарды 1991 жылдың көктеміне дейін басқарды. Совхоз тікелей осы кісінің басшылығымен тұрғызылып, еңбегімен көктеп гүлденді. Жиырма шақты жылдың ішінде жаңа шаруашылықтың өркендеп, республика мен Одақ

көлеміне аты шығуы, совхоздың әкімшілік орталығы ретінде сәулеті мен сәні келіскен қала типтес поселкенің тұрғызылуы Қауаз Мұқажанұлының іскерлік және ұйымдастырушылық қабілетін танытқан үлкен еңбек.

1973 жылы 30 желтоқсанда «Жамшы» кеңшарының көлемінде Нұркен селолық Советін құру туралы ҚазақССР Министрлер Советінің Қаулысы, ал 1974 жылы 20 наурызда ҚазақССР Жоғарғы Советінің Жарлығы жарияланды. Қаулы шығысымен Нұркен селолық Советі атқару комитетінің төрағасы болып Зияда Аманбаев тағайындалып, оны 1975 жылдың күзіне дейін атқарды.

1973 жылы 9 желтоқсанда №1 Калинин бөлімшесінде жаңадан ұйымдасқан «Жамшы» кеңшары коммунистерінің жалпы жиналысы шақырылды. Осы жиналыста кеңшар партия комитетінің құрамы мен хатшысын сайлау туралы мәселе күн тәртібіне қойылды. Алғашқы партком хатшылығына Мырзахан (Кілкен) Қалиақпаров, партия комитетінің құрамына Зікірия Көпбаев, Қасымбек Жұмабеков, Қауаз Мұқажанов, Мырзахан Қалиақпаров, Қаура Әбдіразақов, Шәмел Башаев, Зияда Аманбаев сайланды. Совхоздың бас инженері Сәулебек Изатов, бас агрономы Азанбай Арыстан-

беков, бас зоотехник Қалмерден Шаймерденов, бас мал дәрігері Қуан Қасымов, бас бухгалтер Қасымбек Жұмабеков, бас экономист Сағынтай Аяғанов, экономист Құдайберген Ордабаев, жұмысшы кәсіподақтары комитетінің (рабочком) төрағасы Қаура Әбдіразақов, кадрлар бөлімінің бастығы Данагүл Стамбеков, МТМ меңгерушісі Құрал Рақымбеков, гараж меңгерушісі Тасболат Атабаев, машдвор басшысы Баймырза (Байтан) Байболатов, прораб Құрал Карин болды. М.Қалиакпаров 1975 жылдың күзіпе дейін істеп, онын орнына партком хатшысы болып Зияда Аманбаев сайланды. Ол кісі осы қызметті зейнеткерлікке шыққанша аткарып кетті. Ал, кәсіподак комитеті төрағасының орнына кейіннен Қуаныш Әбдіғұлов келді. Құрал Карин баскарып кеткен құрылыс саласын Нығман Бейсенбаев қабылдап алып, ұзақ жыл прораб болып қызмет етті. Бұлардың барлығы алдыңғы шепте болған, совхоздың қалыптасу, аяғынан тік тұру кезеңінде жан аямай тер төккен нағыз еңбек ерлері еді» деп жазды. Қуандық Сәденов «Ауылым Жалаңтөстің Қызылтасы» Қарағанды. 2016ж.

БАЙЛАНЫС. Сонау 50 жылдары отгондар аудан орталығымен рация арқылы байланысатын.

Оның байланысы нашар болса да, қысқа-қайырым тіл алып тұруға жарайтын. Жылдар озған сайын ел өміріне жаңа техника келіп, ауыл арасындағы байланыс жүйесі де жетіле түсті. Телефон байланысы «Ақтоғай» совхозына 1975 ж. келді. 2-13-89 нөмірі беріліп, ауданмен тікелей сөйлесетін болды. Совхоз орталығы Сарытеректе коммутатор байланысы орнатылып, ауданаралық байланысқа «ВВ-3» аппараты қойылды. Соның нәтижесінде аудан арасында бір мезетте үш адам сөйлесетін мүмкіндік туды. 1977 ж. ауыл азаматы Қабылғазы Жұмаділов Алматы қаласында АТС автоматты телефон станциясының үш айлық арнайы курсы бітіріп келіп, совхоз тарихында, алғаш рет іске қосылған АТС станциясында жұмыс істеді.

АУЫЗСУМЕН ҚАМТУ. 2014 жылға дейін Сарытерек тұрғындарды ауызсуды құдықтан алатын. Ол кезде әр үйдің ауласын-



дәтәспен шегендеген бір-бір құдық болатын, суды қауғамен тартатын. Тоқырауын өзенінің іргесінде тұрғандықтан болар суы тұщы, халықтың ауызсудан таршылық көрген кезі болмаған секілді. Бүгінде 75 мың халқы бар Балқаш қаласы Тоқырауын суын пайдаланып отыр. 2014 жылы мемлекеттің

«Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша ұзындығы 14 шақырымды құрайтын су құбыры тартылып, ауылдағы барлық үй таза ауызсумен қамтамасыз етілді.

*Сарытерек а.о. мұрағатынан
Оқырман назарына: Қырбасов Еркеш 1960 жылдары Ленин колхозы төрағасының орынбасары болып қызмет істеген.*

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Мектеп тарихы ертеден бастау алады. Бұрын Қарқаралыға қараған 22 болыс елдің ішінде бұл елді «Тоқырауын болысы» деп атаған. 1923 жылы Ақшатау-Нұра болыстары қосылып «Кедей болысы» деп аталып, оның болыстық комитет төрағасы болып Қалқашев деген азамат, сот төрағасы болып Сапарғали Бегалиндер қызмет жасапты.

1926 жылы Қарқаралыда Кедей болысынан бір бастауыш мектеп ашу туралы шешім қабылданды да, мектепті ашатын жер, орын туралы таласқа түскенде Болатком мүшелерінің көпшілігі оны №6 ауылдан ашу керек деп шешеді. Мектептің алғашқы менгерушісі болып Қарқаралыда оқып, білім алған Мұхамбетжан Жиенқұлов деген кісі тағайындалады. Ол өзімен қоса мұғалімдікке Қарқаралы педагогикалық техникумда оқып жатқан Қарахан Байғарашев деген азаматты да ала келіп, екеулеп мектеп құруға кіріседі. Олардың Дөненбаев Шегір деген ұстамен таныстығы болғандықтан мектепті сол кісінің үйінің бір бөлмесіне орналастырады. Мектепке қажетті: стол,

орындықтарды жергілікті шеберлер тал-теректерден жасап береді.

Сол 1926 жылы мектепке 10-нан астам оқушы қабылданып өз жұмысын бастап кеткен. Алғашқы оқушыларының қатарында Сарытерек ауылының тұрғындары, қазір о дүниелік болып кеткен Қуандық Ыбышев, Смағұлов Күлмағанбет, Яхин Жансұлтан, Байсұлтанов Бегендік, Кәжен және Рахымжан Кәріпбаевтар, Шәкіров Мұсан, Көшербаев Мұсілімдер болған. Мектеп тарихы да осындай қариялардың айтуы, естеліктері бойынша жазылды.



1926 жылғы мектеп

1928 жылы Сарытерек ауылдық кеңесі құрылып, төрағасы болып Асанов Салық деген адам қызмет жасайды. Мектептің әріқарайғы дамып, өсуіне де осы кісінің еңбегі зор көрінеді. 1928 жылы мектеп менгерушілігіне педагогикалық

білімі бар Нұрғали Мұқашев тағайындалады. 1929 жылы ауылдық бірлестіктер құрылып, бала саны 30-дан асқанда Нұрымжан Әбдіқалиев деген кісіні қосымша мұғалімдікке алдырып, екеулеп мектептің оқу-материалдық базасын нығайтуға үлкен еңбек жасаған.

1936 жылы жеті жылдық мектеп ашылып оған сол аймақтағы Сарытерек, Үшөзек, Сарыши және Ақтұмсық колхоздарының балалары тартылды. Мектеп үйі Сарытерек колхозының аумағында Тоқырауын өзенінің оң жақ қабағындағы дөңестеу жерден, биіктігі 4 метр етін жаңадан салынды. Құрылыс материалдары жергілікті саз балшықтан құйылған кірпіш, төбесі 20 шақырым жердегі Бегазы тауынан өгіз-арбамен жеткізілген терек бөренелер мен сырғауылдар, едені мен есік-терезелері 170 шақырым қашықтықтағы Балқаш қаласынан түйеарба, өгізарбалармен жеткізілген. Сырты ақ топырақпен сыланып, өте алыстан көзге көрінетін болғандықтан «Ақшкол» деп аталып кеткен. Сол атау осы күнге дейін сақталып келеді. Мектеп үйі де осы кезге дейін өзінің сыртқы келбетін бұзбаған, тек қана кішкене аласарған.

7 жылдық мектептің бірінші директоры болып Айтан Балта-

беков, мұғалімдері болып Рахымхан Дәрібаев, Бекен Ыбыраев, Бейсенбек Күземхановтар қызмет атқарған.



1937 жылғы жеті жылдық мектеп

1939-1941 жылдары Амангелді, Қусак ауылдық кеңестерінен де балалар қабылданып, мектеп жанынан интернат ашылып оқушылар саны көбейе бастайды. Мұғалімдер құрамы толықтырылып, Токмет Құрманғалин, Еркеш Сақыпов, Наталья Дорощенко сияқты педогог-мамандар қосылды.



1937 жылғы Сарытеректің орта мектебі

1960 жылы мектептің жаңа ғимараты «Ақшколдан» 2 шақырым қашықтықтағы Ленин колхозының орталығынан 150 балаға арналып қайта салынды. Мектеп үйінің

кабырға және пеш кірпіштері халықтың демеушілігімен тегін дайындалған. Колхоз орталығында тұратын әрбір отбасы 1000 кірпіштен құйып, құрылыс басына жеткізіп берген. Мектептің жалпы құрылысына сол кезден колхоз прорабы Қожахмет Әліметов басшылық жасаған. Есік-терезе, еден, шатыр салу сияқты негізгі жұмыстарын мектеп мұғалімдері, қолынан өнер тамған ағаш шеберлері Мұхтар Досмахов пен Нұржақай Шегіров, ауыл ұстасы Нұрғаш Сүлейменов, ауыл тұрғындары Білал Хамиев, Әліхан Тілеубеков, Қаһарман Жәпенев, Кенжетай Керментаева, Нәсжан Рахымбекова, Айтбала Тапалова, Шәрбан Максұтбекова, Нұрбике Алтынбекова, Жасымбек Сымайлов, Берекен Садуақасова, Берікбол Құсайынов, Сүндет Омарбаев, Амантай Дүйсенбеков, Ақжолтай Оңғарбаев, Жұман Садықов, Оразбек Шошынбеков сияқты азаматтар жасаған.

1960-1961 оқу жылындағы мектеп жұмысы осы жаңа мектептен басталды. Сол жылы мектеп 7 жылдықтан 8 жылдыққа айналып №4 мектеп атауын алды. Бұл кездегі мектеп директоры «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Жабас Кеңесбаев болатын.

1965-1966 оқу жылынан бастап мектеп №4 орта мектеп болып қайтадан ұйымдастырылды.

1966-1967 оқу жылында мектепке 370 бала тартылып, мектеп үйіне бұл оқушылар 2 ауысымның өзінде де сыймайтын болғандықтан совхоз директоры Жұмағұл Ыбыраев қосымша 150 оқушыға арналған 1 қабатты ғимаратты совхоз қаржысымен салдырып берді. Бұдан кейінгі жылдары мектептің оқу-материалдық базасымен кадрлардың сапалық құрамы жақсарып, 1980 жылдардың ортасына қарай оқушы саны 600-ден, ал мұғалімдер саны 60-тан асты.



Одақтың Қазақстандағы мал басын өсіру саясатына байланысты 1973 жылы Республикада бірінші болып, Семей облысының Шұбартау ауданында құрылған комсомол-жастар бригадасының бастамасын екінші болып, сол 1973 жылы Сарытерек орта мектебінің бітіруші түлектері жалғастырған еді. Бұл кездегі мек-

теп директоры Әзімхан Нұрланов еді. «Жалын» комсомол жастар бригадасының жетекшісі болып «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері озат шопан Қабдыраш Тұяқбаев тағайындалды. Бригада құрамында Г.Дүйсенова, Қ.Рысбеков, О.Орынбаева, Д.Тақымбаева, Ж.Рысбеков, Н.Төлеубеков, З.Бәкірова, С.Жақабая, Д.Кенжебеков, Ә.Есенбаев, К.Мажетаев, Қ.Балағанов т.б еңбек етіп, кейіннен көпшілігі жоғары оқу орындарына түсіп, әр салада қызмет атқарды.

1973 жылдан бастап №4 орта мектеп атауы Сарытерек орта мектебі болып өзгертілді. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Қ.Тоқаевтың № 1576 қаулысымен мектепке ҚазақССР-ның еңбек сіңірген Мұғалімі* Жабас Кенесбаевтың аты берілді. Мектеп осы уақытқа дейін өзінің білім және тәрбие беру міндетін абыроймен атқарып келеді. Қандай көрсеткіштері жағынан болмасын аудан бойынша алдыңғы қатардағы мектеп.

Сонымен қатар ауылдық округ территориясында бастауыш мектептер дәрежесінде жұмыс жасап, мектептің оқу-тәрбие жұмыстарының құрамдас бөлімдері болып саналған мектептер де бар. Олар: Ақтұмсық, Жетімшоқы, Қарашілік, Қарақұла, Майтас, Қарағаш /Кенелі/ елді



мекендерінде жұмыс жасады. Бұл мектептерде әртүрлі кезендерде Досмақов Мұқтар, Шәріпов Жаппарғалы, Есенбаев Серікбай, Жүнісов Амантай, Молдағұлов Төлепбек, Смағұлов Күлмағанбет, Жаңабаев Темірғалы, Шаймерденов Алшынбай, Құдайбергенов Нұрғали, Кәріпбаев Рақымжан, Қожахметова Дария, Досмақова Бақыт, Байбосынова Зияш, Жабасова Нағима, Қасенбекова Бақша, Әмірбекова Бақша, Ыдырысбай Төлеутай, Нөкешов Талғаттар мұғалім болып қызмет атқарды.

1946 жылдан бастап малшы-шаруалардың балаларының мектепке тартылуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп жанынан интернаттар ашыла бастады. Алғашқы интернат «Ақшолдағы» мектеп жанынан ашылып, от жағушы болып Өсербаев Дағыл, аспазы болып Айша деген әйел тағайындалыпты. 1965/66 оқу жылынан бастап интернатқа жеке меңгерушілер тағайындалған. Алғашқы меңгеруші болып Дос-

маков Мұқтар, одан кейін Тойшыкенов Амантай, Құсайынов Серік, Айтжанова Қадидша, Ахметжанов Сәкібай, Кәрібеков Алтынбай, Аманова Гүлназдар қызмет жасады. Интернатта тәрбиеленушілер контингенті 120 балаға дейін жеткен. 2002 жылы шаруашылықты жекелендіріп, нарықтық экономика құруға байланысты ауылдағы жұмыссыздық пен миграция жағдайында ауыл халқы көптеп қалаға көше бастауының салдарынан бала саны азайып интернат жабылып қалды.

Мектеп дамуындағы қосымша салалардың бірі - шаруашылық жұмыстары. Мектептің күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізілуі, жылуы, жарығы, тазалығы, абаттандыру жұмыстары тікелей шаруашылық меңгерушісі мен сол салада еңбек жасап жүргендерге байланысты. Осы салада мектептің шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс жасаған мына адамдардың еңбегін ерекше атауға болады. Олар: Малдыбаев Кәрібай, Құдыш, 25 жыл қатарынан осы саланы басқарған: Әменов Серік, Бапашев Кәрімқұл, Сабанбаев Жанғазы, Дағылов Бағдат. Сонымен мектептің шаруашылық жұмыстарына белсене араласқан Досмаков Күләш, Нарымбекова Қауазия, Құтжанова Жақсылық, Тапалова Айтбала, Тапалова Шәкен,

Садықова Нұрбала, Досмақова Майтай, Шалқарбаева Ілия, Асылбекова Шайза, Садуақосова Берекен, Қауырова Әйкен, Бауымбекова Майкон, Оспанқұлова Күлбараш, Досжанова Алтын, Бәкірова Қоңырша, Дауылбаева Кәкіжан, Тойшыкенова Отай, Шакаримова Марзия, Жағыпарова Зекмандардың еңбектерін де ерекше атап өткен жөн.

Мектептің даму, өркендеу үрдісінде әр кезеңде мектепті басқарған басшылардың әрқайсының өзіндік үлестері бар. Мектепті 1926-2018 жылдар аралығында мынандай адамдар басқарып, директорлық қызмет атқарды:

Жиенқұлов Мұхамбетжан -

1926-28 жылдар

Мұқашев Нұрғали -

1928-1930 жылдар

1930-36 жылдар аралығындағы директорлар анықталмады.

Балтабаев Айтан - 1936-40 жылдар. 1936 жылы Көкшетау педагогикалық училищесін бітірісімен Қоңырат ауданындағы Сарытерек колхозының жеті жылдық мектебіне директор болып тағайындалды. Білім саласындағы ерен еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту ордені және медальдармен марапатталған, Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озаты.

Құрманғалин Тохмет -

1940 -1943 ж.ж.

Сақыпов Еркеш -

1943-46 ж.ж.

Кенжебеков Алшынбек -

1946-1949 ж.ж.

Мекеев Қалиакпар -

1949-1952 ж.ж.

Төлеубаев Әубәкір -

1952-1955 ж.ж.

Жармағанбетов Шыран -

1955-1957 ж.ж.

Кеңесбаев Жабас -

1957-1961 ж.ж.

Мұсанов Төлеу - 1975-1980,

1990-2003ж.ж.

Тойшыкенов Амантай - 1960ж.

Айтбаев Бекен- 1982-1987ж.ж.

Өкімбаев Еркін- 1987-1990ж.ж.

Досмақов Хайролла -

2003-2016ж.ж.

Құсайынова Нұрғұл 2016 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін мектеп директоры болып еңбек етуде.

Сарытерек мектебі алғаш ашылған 1926 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі әр жылдарда мектепте 200-ден астам мұғалім еңбек етіп, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде өзіндік үлес қосты. Олардың әр қайсы туралы жеке-жеке тоқталудың реті келмегендіктен әр жылдары ұстаздық қызмет атқарған мұғалімдердің тізімін кітаптың қосымшасынан оқуға болады.

Жабас Кеңесбаев атындағы орта мектеп аудан, облыс көлемінде алдыңғы қатарлы мектеп болып

саналады. 1962 жылы Қоңырат ауданы көлемінде ең бірінші болып осы мектеп мұғалімдері драма үйірмесін ашып онда «Қыз Жібек» пьесасын сахналап облыстық байқауда 1-ші орынды иеленді. Мұнда ұстаздар: Шегіров Нұржақай - Төлегеннің, Әбішева Зүпини - Жібектің, Досмақов Мұқтар - Шегенің, Шаймерденов Алшынбай - Бекежанның рөлін ерекше сомдағаны үшін байқаудың бас дипломымен, ұстаздар: Жүнісбеков Нұрмаш, Бейсенбаева Кісебай, Яхин Жансұлтан грамотамен марапатталған.



Ж Кеңесбаев атындағы орта мектеп

1975 жылы мектеп жанынан құрылған оқушылардың өндірістік бригадасының жұмысы КСРО халық шаруашылығы көрмесіне ұсынылып, мектепке МТЗ-50 тракторы сыйға берілін, мектеп директоры Мұсанов Төлеу КСРО халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қола медалімен марапатталды.

1980 жылы осы өндірістік бригада жұмысы Павлодар қаласында

өткен республикалық слетке қатысып, бірінші орынды иеленіп, Т-40 тракторын сыйға алды.

1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына байланысты өткізілген облыстық байқауда Сарытерек орта мектебінде оқушылармен жүргізілген әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары мен әскери кабинеттің жабдықталуы мен безендірілуі ең үздік деп танылып, әскери жетекші Досмақов Хайролла облыстық білім бөлімі бастығының Құрмет грамотасымен марапатталып «аға әскери жетекші» атағына ие болды.


2004-2017 жылдар аралығында өткізілген Ұлттық бірыңғай тестілеу жұмыстарында мектеп аудан бойынша 18 орта мектептің арасында 1-5 орындар аралығын ұстап тұрды. 2010 жылы мектеп түлегі Манат Сымбат аудан бойынша бірінші рет «Алтын белгі» иегері болды.

Еліміздің Тәуелсіздік жылдары /1991 жылдан бастап/ аудан бойынша 24 оқушы ерекше аттестат иегері болса, соның 6-уы Жабас Кеңесбаев орта мектебінен шықты.

2006 жылы облыс мектептерінің арасында бірінші рет мектепте әдеби-танымдық «Үштаған» газеті шығарылып, осы күнге дейін үздіксіз жұмыс жасауда. Бұл газет мектеп директоры Х.Досмақовтың

ұйымдастыруымен, редакция алқасы Әсия Мұхамедиева, Шырын Қасенбекова, Анар Қызылбекова, Раушанқыз Мүтәлиева және казак тілі мұғалімдері Нағима Жабасова мен Зәмзағұл Әменовалардың қолдауымен оқу-тәрбие үрдісіне өз көмегін көрсетіп келеді. Мектептің осындай жақсы үрдістері қазір де өз жалғасын табууда.

Білімге құштарлық. Сарытерек ауылдық округіндегі «Ж.Кеңесбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» директоры Құсайынова Нұргүл Серікқызы бастаған мектеп ұстаздарының алдында тұрған басты міндет - білім сапасын арттыра отырып, білім берудің халықаралық стандартына жетуді басты нысанаға ала отырып мектепте 2016ж оқу жылынан бастап Кәсіби бағдар беру мақсатында нақты жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі— Амантай Қалымбергеновтың бастамасымен Ұлт кадрларын тұлшықтырған тоталитарлық жүйенің тамұғын тесіп шығып, еліне ерен еңбек сіңірген, артында айрықша із қалдырған алғыр азаматтың өмірі өнеге, ісі үлгі Қоңырат ауданының Сарытерек ауылының тумасы Рақымжан Омарұлы Шаяхметов атындағы «Агро –Бизнес – Кабинеті», 2017ж «Роботтехникасы кабинеті», «INTELECTUM» кабинеттері ашылып материалдық



техникалық базасы нығайып жатса, мектеп тарихындағы айтарлықтай жетістігі мектебіміз «TALIS-2018 сабақ беру мен оқытудың халықаралық зерттеуіне» қатысып жақсы жетістікке қол жеткізіп отыр. Нәтижесінде мектеп директоры Н.Кусайынова, мектеп үйлестірушісі Г.Әлібаева Алғыс хатпен марапатталды, мұғалімдеріміз Кәрібекова Қарлығаш, Мұхамбетжанова Купаш, Мұхамедиева Әсима, Қасенбекова Бақшагуль, Омарбаев Қизат, Аубакирова Алтынай және Жарылғапова Гүлмира ҚР білім және мәдениет саласындағы үздік қызметкерлердің «Алтын кітабы» атты республикалық энциклопедиялық жинағына енгені үшін, кәсіби саласында нәтижелі жетістіктерге жеткені үшін «Үздік маман» медалімен марапатталды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ел болашағы жастардың қолында, жастардың тағдыры ұстаздардың қолында» деген нақыл сөздері біздің мектебіміздің түлеп ұшқан жастарының ғылым–білім саласындағы жеткен жетістіктері мақтанып айтарлықтай.

Оқушымыз, жас ақын Төкен Ернұр 100-ге жуық өлеңдер жинағы «Балауса жауқазын жырлар» кітабының облыстық көлемде тұсауын кесіп тұңғыш кітабын халыққа ұсынды, сондай-ақ Мұқа-

ғали мұрагері төсбелгісімен, Ыбырай Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясы мен Тұран университетінің бірлескен ғылыми жобалар сайысында бақ сынап I орынды иеленіп, «Алтын медальмен» марапатталды. 2017ж мектепті өте жақсы бітіріп, Қарағанды қаласындағы КарГу-ге математика, механика мамандығының грант иегері атанды.

Астана қаласы «Фари-за, Фаризажан, Фариза қыз» атты Республикалық Фариза Оңғарсынованың өлеңдерін оқу және ақын өлеңдеріне жазылған әндерден «Көркем сөз» номинациясы бойынша «Майра» продюсерлік орталығының директоры, ҚР еңбек сіңірген артисі Майра Ильясова, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Фариза Оңғарсынова атындағы жеке қордың директоры Алмагүл Оңғарсынова, М.М. Смайыловалардың қолынан мектебіміздің мақтанышы Бағдатұлы Нұрзат бас жүлдені жеңіп, арнайы сертификат пен кубокты қанжығасына байлады. Абилбек Жаксыгелді ақын, оқуда озат бірнеше аудандық, облыстық диплом грамоталарды иеленген, соның талантты журналист Ерлан Омашев Бағдатұлын еске алу құрметіне арналған «Аққан

жұлдыз» атты мүшәйрадан I орынды және облыстық «Бұхарекен» жырлайды атты жыр сайысында бас жүлдені иемденді. Талантты шәкіртіміз 2017ж. мектепті үздік аяқтап, Қарағанды қаласындағы Политех университетіне грантка түсіп, оқып жатыр. Бұл оқушылардың сынып жетекшісі Алибаева Гүлназираның еңбегін ерекше айтуға болады.

Әменова Санагүл Манатовна 2007-2011 ж.ж. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің «математика» факультетінің «математика» мамандығы бойынша білім бакалавры, 2011-2013 жылдары «Математика» педагогика ғылымдарының магистрі, 2013-2014 жылдары Қарағанды қаласындағы «Дарын» мектебінде математика пәні мұғалімі, 2014 жылдан бастап химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде математика пәні мұғалімі болып қызмет жасайды.

Әменова Данагүл Манатқызы 2009-2013ж.ж. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің «Физика-техникалық факультетінің радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры, 2013-2015 ж.ж. «Физика педагогика ғылымдарының магистрі», 2014-2018ж.ж. химия, биоло-

гия бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің физика пәні мұғалімі.

Манат Сымбат Манатқызы 2011ж. Жабас Кенесбаев атындағы орта мектепті «Алтын белгімен» бітірген. 2011-2015 ж.ж. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің «Физика-техникалық факультетінің радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің «Физика-техникалық факультетінің радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры, 2015-2017 ж.ж. «Физика педагогика ғылымдарының магистрі», 2016-2017 ж.ж. Қарағанды қаласындағы «Дарын» мамандандырылған мектеп интернатының физика пәні мұғалімі, 2017-2018 ж.ж. химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің физика мұғалімі.

Манат Алуа Манатқызы 2013 - 2017 ж.ж. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің «математика және ақпараттық технологиялар» факультетінің «математика» мамандығы бойынша білім бакалавры, 2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін «математика» мамандығы бойынша магистранты.



Балтабай Акерке Сәтімбекқызы 2011-2015ж.ж. Қарағанды «Болашақ» университетінде «қазақ тілі мен әдебиеті» білім бакалавры академиялық дәрежесін алды. 2015-2018 ж.ж. Ресей Федерациясы, Уфа қаласындағы М.Ақмола атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінде магистратурада оқыған. Педагогика ғылымдарының магистрі. 2015 ж. Балқаш қаласы №15 мектеп-лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болып қызмет атқарады. 2016 жылдан бастап Абай атындағы №2 лицейде

ұстаздық жолда еңбек етуде.

Сабанбаев Нұрбол Иманғазыұлы КарМУ-ді қызыл дипломмен аяқтап, қазіргі таңда КарГУ-де мұғалім болып қызмет жасайды. 2009-2011ж.ж. магистратура бітіріп, қазір педагогика факультетінің докторанты. Осылайша Сарытерек орта мектебінің кешегі түлектерінің бүгінгі бағындырған биігі осындай. Олар алатын асулар әлі алда.

*Хайролла Досмақов «Білімнің қиялында»
(Ақтоғай ауданы білім саласының тарихы)
Қарағанды. «Гласир» баспасы. 171-187бет.*



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІ

Ауыл халқына медициналық қызмет көрсету және емдеу жұмыстарында ақ халатты абзал жандардың - дәрігерлердің де атқарған ауқымды жұмыстарын ел есінде ұстайды. Колхоз кезінде аурухана мен емханалар болмағанымен фельдшерлік пункттер жұмыс істеді. Кейіннен 1971 жылы совхоз орталығында сол кездегі уақыт талабына сай 20 орындық аурухана салынып, жабдықталған болатын. Оған аудан орталығынан білімді дәрігер, ерлі-зайыпты Қнашин Амантай мен Қнашина Күләш жұмысқа шақырылды. Олар 15 жыл бойы Сарытерек халқына дәрігерлік көмек көрсетіп ел жұрттың алғысын алды. Қнашин Амантай аурухананың бас дәрігері болып қызмет жасады.

Ленин колхозы құрылған 1950 жылдан осы уақытқа дейін әртүрлі кезеңдерде төмендегі адамдар Сарытерек аулында дәрігер және медбибі болып қызмет атқарды. Олар: Сатбекова Ася, Төлепбергенова Рәш, Құтжанов Ғазиз, Ежебаев Қабдуахит, Қырбасова



Бану, Смағұлов Мыңкен, Барланова Мінуар, Омарханов Сайлау, Мұхамедин Серғалы, Хамидова Ардақ, Жүнісова Рысжан, Төлешова Зоя, Нөкешова Раузия, Қанатбекова Дария, Тапалова Шәни, Катепова Марал, Бекжанова Күмістай, Қапасова Айтбала, Бақыт, Алтынбекова Риза, Анар т.б. медицина қызметкерлері халыққа қызмет көрсетті. Сонымен қоса Кенелі медициналық бөлімшесінде медбике болып Кенжебекова Гауһар, жұмыс жасаған, Жетімшоқы медициналық бөлімшесі, Ақтұмсық медициналық бөлімшелері, Бірлестікте медициналық бөлімшелері жұмыс істеп, ел-жұрттың сенімін ақтаған болатын.

Хайролла Досмақов

ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін спорттың бұқаралық сипат алуына көп көңіл бөлінді. Ерікті спорт қоғамдары жұмыс жасады. Бұндай қозғалыстар қалалық жерлерде өріс алды. Ал, ауылдағы жағдай басқаша болатын. Алпысыншы жылдары біздің ауыл мектебінде спорт зал деген болған емес. Спортқа да жете мән берілмейтін. Жылдар озған сайын спортқа деген талап өзгерді. Бүгінгі күні Сарытерек орта мектебінде спорт жабдықтарымен қамтылған арнайы спорт зал оқушылардың игілігіне айналған.

Бұрынғы өткен аталарымыз қазақтың ұлттық спорт ойындарын оның ішінде қазақ күресін дамыта білген. Соның арқасында жаурыны жер иіскемеген түйе балуандар болған. Соның бірі, біздің өлкеден шыққан Қылышов Нұрмұханбет. Ол кісі балуандармен белдесу үшін, қарсыласын іздеп барып күрескен. Боз кілемнің үстін шаңдатып талай қарсыласын тізе бүктірген, тіпті Қоянды жәрмеңкесіне іздеп барып күрескен деседі. Бір жылы Қоянды жәрмеңкесіне Моншакбай балуан, Ыспан балуан, Нұрмұханбет балу-

андар бірлесіп барған екен. Сол жолы жәрмеңкесінің төрінде отырған қазақтың піл жоталы, баһадүр балуаны Қажымұқан Мұңайтбасовты көріпті. Содан алған әсерлерін бертінге дейін тамсана айтады екен. Сол баһадүр әкелеріміз аудандық, облыстық ауыл шаруашылық слетінде өткен жарыстарға қатысып талай мықтыларды шаң қаптырған деседі ел. Кейінгілердің ішінде республикалық дәрежедегі додаларға қатысып, сан мәрте оза шауып жүлдегер атанған, жерлесіміз Егінбаев Әмірдің есімін мақтанышпен айтуға болады. Бүгінгі жастарымыз да аталар мен ағаларының дәстүрін жалғап келеді.



Осыған орай Ж.Кеңесбаев атындағы мектепте оқыған жас балуандардың бір шоғырының есімін атайық: Мұсанов Ардақ,

Акимов Қуат, Егінбаев Санат, Шоланов Кәрттай, Галиханов Мәзибек, Мақұлбеков Қозы, Төлеубеков Сағат, Жалбаев Бауыржан, Тұяқбаев Саят, Кәтепов Марғұлан, Сыздықов Серікбол, Кенжебеков Азамат, Искаков Арнұр, Аятбеков Айдын, Құсайынов Теңлік, Дағылов Нұрлат, Ақшабаев Қайыр, Кәженов Мадияр, Шакаримов Әділбек, Әбілбек Жақсыгелді, Санак Нұрхат.

Республикалық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болғандар: Мұсанов Ардак Төлеуұлы 1981-1983 жылдар аралығында «Қазақ күресінен» аудандық, облыстық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы атанған. Осы жылдардың ішінде жасөспірімдер арасында өткен жарыстарда I разрядты «Қазақша күрес майталманы» атағын жеңіп алды. Жезқазған облысының іріктеу командасының мүшесі бола жүріп, «Республиканың екі дүркін» жеңімпазы атағына ие болған.

Кейінгі жылдарда облыстық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болған: Дағылов Нұрлат, Ақшабаев Қайыр, Омарбаев Думан, Төлеу Есбол, Төлеу Бекбол, Төкен Ернұр, Әбілбек Жақсыгелді, Айтыханов Кәмелхан, Кәженов Мадияр, Сыздықов Серікбол, Кенжебеков Азамат, Аятбеков Айдын, Абзалбеков Тұрарбек.

Жоғарыда айтылған Ж.Кенесбаев атындағы мектептің спорт жаттықтырушысы болып қызмет жасап, мектептің жас балуандарын дайындап, жоғары нәтижеге жеткізін, еңбек жасаушы жоғарғы білімді, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Шакаримов Жазибек. 2017 жылы аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің базасында 0,5 жүктемемен волейболдан жаттықтырушы бірлігі ашылып, мектеп ұстазы Ж.Шакаримов мектеп жасөспірімдерін волейбол спортына жаттықтырып, аз уақыт ішінде жасөспірімдер, жастар командалары ауданымызда өткен жарыстарға тұрақты қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алды.

Ауылда шахматқа да ден қойылған. Ауыл ішінде шахматтан әр түрлі сайыстар өтіп тұрады. Ойлы ойыншылар: Кенжебеков Алшынбек, Қасенбеков Серік, Мұхамедиев Оралхан. Жарқынбеков Қожай, Төлеубеков Боташ, Төлеубеков Марат.

Тоспа доп ойынының шеберлері: Нұрымханбетов Есенгелді, Ынтымақбеков Тілеутай, Токымбаев Ноғайбек, Нашарбаев Несіпбек, Жұмаділов Қабылғазы, Омаров Дәлмағанбет, Досмақов Хайролла

Бұнымен қоса ауыл спортшылары жазғы және қысқы Спартакиадаларына, басқа да турнирлерге тұрақты қатысты.

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР

Сарытерек - мәдениеті бай өлке. Сарытерек топырағынан азулы ақындар мен жезтаңдай әншілер, балбармақ күйшілер де көптеп шыққан. Олардың қатарында Жабас Кеңесбаев, Алшынбек Кенжебековтер 1950-90 ж.ж. аралығында өткен ірі айтыстарға қатысып, аттары шығып айтыскер ақын атанған адамдар. Одан кейінгі бу-



ын Амантай Тойшыкенов бірнеше рет аудандық, облыстық ақындар айтысына қатысып, 1984 жылы Алматыда өткен Кенен Әзірбаевтың - 100 жылдығына арналған республикалық айтыста бас жүлдені иеленіп, ҚазССР мәдениет министрінің құрмет грамотасымен марапатталып, бағалы сыйлықтарды еншілеген болатын. Ал алдыңғы ағалардың ізін қуушы кейінгі толқын: бірнеше кітаптардың авторы, жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағының

мүшесі Жанболат Башар, сондай-ақ өмірден ерте озған Секен Көбенов, Ардақ Тойшыкенов те ақындығымен ел аузына іліккен азамат.

1972 жылы Ақтоғай ауданында құрылған «Тоқырауын толқындары» этнографиялық ән-би ансамблінде әр кездерде мүше болып өнер көрсеткен Қабыжан Досмақов кейінде «Ұлытау» ән-би ансамблін ұйымдастырып оның жетекшісі болды, одан кейін облыстық кәсіподақтар, облыстық партия комитетінде және облыстық әкімшіліктерде басшы қызметтерде болды. Хайролла Досмақов 1975 жылы Ұлы Жеңістің 30 жылдығына арнап Мәскеуде



өткен көркемөнерпаздардың Бүкілодақтық байқауына қатысып, КСРО Халықшаруашылықтары

жетістіктері көрмесінің күміс медалімен марапатталды. Сол жолы «Тоқырауын толқындары» ансамблі Бүкілодақтық байқауда он бес одақтас республикалар ішінен екінші орынға ие болған еді. Сол сияқты Нестай Қалиева, Аманжан Асылбекова, Құралай Асылжанова, Базарәлі Жақыповтар осы өнер ұжымына мүше болып, өнерімен халқын сүйсіндірген болатын. Ал, Жабас Кеңесбаев атындағы орта мектептің түлегі Кеңес Нұрланов болса қазір Республикаға танымал театр және кино актері, Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының ең беделді актерлерінің бірі, мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты.

Ауыл мәдениетін дамытуда қол өнерімен айналысып, көптің құрметіне бөленген шеберлерімізді де айта кеткеніміз жөн болар. Олардың қатарында киізүй ағашын жасаушы шеберлер: ағайынды Ысқақ, Досымақ, Тұяқбай, Тойшыкен Ахметовтерді, Қалиасқар Сапарғалиевті, Дағыл Өсербаевті, Тұрсын Дағыловты; алаша, сырмақ, түскиіз шеберлері: Күлиша Мұқатаева, Күлаш Иманбайқызы, Күлаш Разакова, Күлпаш Қауымбекова, Күміс Байдүйсенова, Үміт Ақтайбекованы; ет-сүт өнімдерінен ұлттық тағам даярлауда ерекше аты шыққан Күлаш Иманбайқызы;

темірден түйін түйіп, ұсталық өнерді дамытқан Дөненбаев Шегір, Сүлейменов Нұрғалиды, Балағанов Қасымжанды; ағаш



шеберлері Мұхтар Досмақов, Нұржақай Шегіров, Қуанышбек Дінасіловты; атшана және ат әбзелдерін жасаумен айналысқан шеберлер: Төлеген Егінбаев,



Асылжан Балағановты және Абай Ақшабаевтарды ерекше ықыласпан айтуға болады.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мектеп оқушыларының туған елге, туған жерге деген сүйіспеншілігі мен отаншылдық рухын көтеру

және ауыл тарихын, оның құрылуы мен дамуына еңбек сіңірген азаматтардың есімдерін есте сақтау. Отан үшін от кешкен аға буын өкілдерінің ерлігін есте қалдыру мақсатында өлкетану мұражайы жұмыс жасайды. Мұражайдағы экспонаттар мен барлық құндылықтар оқушылардың туған өлке тарихын толығырақ білуіне, елдің ертеңін, келешегін құрметтеуге,



патриотизм мен ұлтжандылыққа, отаншылдыққа, азаматтық рухқа тәрбиелеу секілді мақсаттарды көздеп жинақталған.

Мектепте жүргізілетін мұражай жұмыстары, яғни туған өлкенің тарихын зерттеу, соның нәтижесінде жиналған материалдарды оқу-тәрбие жұмыстарында жоспарлы, жүйелі түрде пайдалану. Мұражайдың ішінде ұлағатты ұстаз Жабас Кеңесбаевтың бұрышы бар. Онда атақты ұстаздың суреттері, альбомдары, домбырасы, қолжазбалары қойылған.

«Отан үшін от кешкен» аға буын өкілдерінің ерлігі, марапаттаулары, орден, медальдары, суреттері, альбом мен қолжазбалары жинақталған.

«Шебердің қолы ортақ» деген бұрышта: қолөнер бұйымдары, бастырылған киіз, текемет, сырмақ, термелі алаша, құрақ көрпе заттарымен көркемделіп, жас ұрпаққа білім мен тәрбие өзіндік дәстүрмен кеңінен таныстырады.

«Өнер халықтыкі» деген бұрышта өнер адамдары, ақын, әнші, спортшы адамдардың альбомдары, суреттері, қолжазбалары, еңбектері т.б бар.

«Алаштың арыстары деген бұрышта үш арыстың суреттері, қолжазбалары, еңбектері, альбомдары т.б. бар.

«Ауылым-алтынбесігім» деген бұрышта ауылымыздың көнеден бергі, қазірге дейін жалғасқан тарихы бар. Ауылымыздың мектебі, мәдениет үйі, әкімшілік ғимараты, фельдшерлік пункті, ауыл мешіті, Отан қорғаушылар объектісі, сауда орталығы, Сарытерек селолық округінің картасы, әртүрлі үлкен кесенелер, электр жүйесінің орталығы т.б. суреттер бар.

«Алтын ұя - мектебім» деген бұрышта 1926 жылғы көнерген мектеп, 1937 жылғы ұжымдық мектеп, 1960 жылғы мектеп, қазіргі жаңа мектептердің су-

реттерін көруге болады. Мектеп ішінің көрінісі, оқушылардың, мұғалімдердің сабақ үстіндегі суреттері орналасқан. Сондай-ақ, бұрынғы қызмет жасаған мұғалімдердің және ардагер ұстаздардың естеліктері, естелік альбомдар қойылған. Мектептің үздік және алтын медальмен бітірген түлектерінің және ауылдан шыққан ғалымдардың альбомдары бар.


Көнекөз қарияларымыздан қалған асыл бұйымдары – көрік, Дөненбаев Шегір 1886 жылы жасаған. Мосы, жез шәйнегімен Досмақов Мұхтар атамыз тапсырған. 1967 жылы жасалған қайрақ, егін бастыратын мола тас, көне диірмен тасы, ағаш төсек, темір ошақ, шөмке, бұрғы, қақпандар, шопа-шоп, кісен, қырықтық, қаймақ жинайтын топатай, саптыаяқ, сүймен, 1919 жылғы шокпар, өгіз арбаның жармасы, алаша тоқитын қылыш, мойынағаш, ағаштабақтар, ағаш қабықтайтын орақ, кәкпір, жез самаурын, 1930-1980 жылдардағы жазу машиналары т.б заттар бар. «Айналымда болған ақшалар» көрмесі бар. Онда 1835 жылғы күміс теңгелер, рубль, сом, ақшалар, тиындар бар.

Соғыс кезіндегі Төлешова Зинаның тіккен кестелі ормалдары және Қазыбеков Нұрымқаштың

үйінен келген ошақ, шөмке, қазандар т.б.заттар бар. Әр сынып оқушылары дер кезінде үнемі мұражайға саяхат жасап және күнделікті сабаққа, өмірге альбомдарды оқып, танысып пайдаланып жатады. Оқушылар өздерінің ата-бабаларының өмірбаяндарын жазып, мақтан тұтып, басқаларға үлгі ете отырып, альбомдар жасап ұрпаққа ескерткіш ретінде мұражайға әкеліп тапсырады. Мұражайдағы экспонаттар мен коллекцияларды оқу-тәрбие жұмысына пайдалану жөнінде де мектепте жақсы тәжірбие жинақталған. Мұражайда тарихтан сабақтар өткізіледі оны сабақта пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Мәселен, 30-жылдардағы сауатсыздықты жою, 31-33 жылдардағы ашаршылық. 41-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, тоқырау жылдары немесе ұлы тұлғалар жөнінде, ақын-жазушылар туралы Алаш арыстары, ауылдың тарихы және мәдени орталықтары, ескерткіштер, көне қорғандар, материалдық және рухани мәдениет жөнінде тағы басқа көп мысалдар айтып, көрсетуге болады.

Алибаева Гульназира Ферзатқызы. Жабас Кеңесбаев атындағы ЖОББМ тарих пәнінің мұғалімі.

Әдеб.: Қазақстан тарихы әдістемелік журналы 47-бет, 2016 ж. Мектеп «Өлкетану мұражайының» материалдарынан, Ауыл тарихы мен мектеп тарихы кітабы.



ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР.

Бұл жерден Жалаңтөс батыр, Аю батыр, Өмірбек батыр сияқты жаужүрек баһадүрлер шыққан. Спан, Нұрмұханбет, Қуандық, кейіннен Егінбаев Әмір секілді жауырыны жерге тимеген балуандар, Сана би, Саумал сияқты әулие адамдар, ұлтының болашағы үшін тер төккен Алаштың арысы атанған Әлихан Бөкейханов, елім деп еңбек еткен Рахымжан Шаяхметов сынды мемлекет және қоғам қайраткерлері де шыққан. Бұлардың әрқайсының өмір тарихы өз алдына бір төбе.

Сарытерек аумағында өткен тарихымыздың ескерткіші болып тұрған жерлер де аз емес. Сарытеректің солтүстік шығысында Қарақұлада тұрған Санаби әулиенің кесенесі, Саумал бабаның кесенесі өткен тарихымыздың куәсіндей болып көзге ыстық тартады. Ауыл орталығынан 18 шақырым жердегі «Жіңішке» деп аталатын шағын өзеннің жағалауындағы «Талды Бейіті». Бұл - «Алаш партиясын» ұйымдастырушы, қазақтың біртуар перзенті Әлихан Бөкейхановтың ата-бабалары жерленген қорым. Бұл жөнінде сонымен қатар Желтаудағы Тойғанбай, Қарабауыр қыстақтарының маңындағы өткен тарихымыздың көне ескерткіштері ретіндегі таңбалы тастарда 3000-

нан астам суреттер бейнеленген. (Бұл жөнінде кітаптың алфавиттік бөлімнен «Желтау петроглифтері» туралы оқуға болады.) Осы таудағы Бабеке сайы және таудың ұшар басындағы «Аспан су» деп аталатын бұлақ сағасында Жоңғар шапқыншылығы кезінде Айнабұлақ шайқасына қатысқан батырлар ат шалдырған деген аңыз бар. Ал, Майтас тауындағы «Құдайменде шыңында» Кенесары ханның батыры Құдайменде орыстардан қорғаныс жасап, қолға түспеу үшін шың басында өзін өзі жарып өлтірген.

КІТАПХАНА – БІЛІМ БЕСІГІ. Бүгінгі ауыл кітапханаларының бастауында кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында ашылған: «Қызыл отаулар», «Қызыл бұрыштар» тұр десек артық емес. Сарытерек совхоз болып құрылғаннан кейін кітапхана болып ашылған. Кітап қоры да айтарлықтай болатын. Сол уақыттарда кітапханада жұмыс жасағандар: Алтынбекова Есенбике, Нұрымқашева Бақыт, Калиева Зина, Сопыжанова Әния, Досмахова Алма, Ақторғаева Нәсен, Сәдірбекова Зиятай секілді азаматшалар кітапханаға жұмысына өз үлестерін қосты. Кітапхан бөлімшелері фермалар жұмыс жасады. Кенелі е.м. Махметова Шәмен, Мұхаметжанова



Үрипа, ауыл аксакалы, «Ауданның құрметті азаматы» Ахметжанов Сәкібай осы кісілердің қолдауымен кітапхана қайта ашылды. Қазіргі таңда кітапхана Сарытерек а.о. үлгілі кітапханасы болып 2007 жылыдан бастап қайта жаңғырды. 13183 кітап қоры, 510 оқырман, қазіргі заманға сай түрлі техникалық жабдықтармен жабдықталған. Ақтоғай ауданы әкімінің қолдауымен Ақтоғай ауданына қарасты №3 филиал Сарытерек с.о. кітапханасы 2008 жылы Қазақстан Республикасы «Мәдениет туралы» 15-желтоқсан 2006 жылғы Заңын басшылыққа ала отырып, ауыл кітапханасының ақпараттық және мәдени орталық ретінде мүмкіндігін кеңінен пайдалану, ауыл тұрғындарының жаңа кітапханалық-ақпараттық

Естай, Ақтұмсық е.м. Шоланова Шолпан, Садықова Бахтыбала, Қоянкөз е.м. Діншина Мағрипаш, Жетімшоқы е.м. Қасымжанова Сулеш, Донакова Зоя, жұмыс жасады. Содан 1996 жылы 25 майда оңтайландыруға байланысты кітапханалар жабылды. Әр кітапхананың кітап қоры мектеп кітапханасында сақталды, кейін кітапхана ашылған кезде сол жерден кітап қорын алдық. «2000 жылы Мәдениетті Қолдау» жылында ЦБС директоры Үкібаева



мәдениетін қалыптастыру, ауылды ғылыми және ақпараттық жағынан қамтамасыз ету мақсатында Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 30-маусым 08/23 қаулысына сәй-

рес, Сарытерек селолық округінің кітапханасы Сарытерек ауылы Үлгілі кітапханасы мәртебесіне ие болды. Осы жылдан бастап кітапхана мәртебесін сақтап, оқырманға қызмет көрсетуде. Аудандық бюджеттен бөлінген қаржының арқасында кітапхана заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген. Көпшілік сұранысына сәйкес кітапхана қоры жаңа әдеби кітаптармен, ағымдық басылымдармен толықты. Интернет желісі де іске қосылды. Қазіргі таңда кітапхана қоры жалпы - 14862 кітаптан тұрады, оның ішінде қазақшасы - 9053 дана. Жаңадан келіп түсетін кітаптарды толықтыру көздері: аудандық бюджет, мәдениет басқармасы, Н.В.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы болып табылады. Баспасөз басылымдарына жазылу - 113160,83 теңгені құрайды, 15 газет, 14 журнал түрлеріне жазылған. Оқырмандар саны – 510. Келіп-кетуші- 5965. Кітап берілімі – 11100.

Кітапхана әкімшілік ғимаратының 2-ші қабатында орналасқан. Кітапхана телефоны 30-4-75 Алып отырған бөлмелерінің көлемі – 80,6 кв.м. Жылу- АСО. Жиһаз жартылай жаңа. Кітапхананы мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыра отырып, оқырмандарды, әсіресе, балалар мен жасөспірімдерді кі-

тап оқуға баулу мақсатында әр бағыттағы кітап көрмелерін өткізеді. Анықтамалық құралдар арқылы оқырмандар сұранысы қанағаттандырылып тұрады. Рабис бағдарламасы орнатылған, селолық клуб, мектептермен бірігіп жұмыс жасайды. Өлкетану бағытында жұмыс жүргізіледі, папқалар толықтырылып отырылады.

Өз оқырмандарының қандай кітапты сүйіп оқитындарын білу, олардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқырмандар формулярына зерттеу жұмыстарын жүргізіп, анкеталық сұрақтарға жауап алу қолға алынған. Мысалы: «Қандай кітап сүйіп оқисың?», «Қандай ақын-жазушыларды жақсы көресің?». Кітапханада «Шебер қолдар» клубы жұмыс жасайды. Клубтың мақсаты - оқырмандарды қазақтың ұлттық қолөнері шеберлігіне баулу, ою-өрнек, құрақ құрау, ши тоқуды үйрету т.б. Оқырмандармен аудан аралық өтетін іс-шараларға үнемі қатысып отырады. Аудан орталығында өткен 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне арналған «Ақтоғай аруы - 2013» атты қыз сынына қатысып, оқырман Нұрлан Назерке жүлделі 2-ші орынға иеленді.

Әдеб.: Ақтоғай ауданына қарасты №3 филиал Сарытерек ауылдық округі кітапханасының мұрағатынан.

Жанболат БАШАР

САРЫТЕРЕК

*Сарытерек десе сағымға сіңіп сан ойлар,
Балалық шақтың базары маған атойлар.
Тоқырауынды толқытып оскен жағалай,
Сағынар ма екен селдіреп қалған тоғайлар.*

*Сонау бір тұста бұрқырап бұйра самайы,
Биіктен барлап тұратын торғын тоғайды.
Қайда екен, қайда, қасиет тұнған Терезім,
Өлкемнің сұлу, өлкемнің сұлу шырайы.*

*Кенелі, Желтау келісті кербез биігім,
Күн сүйіп мәңгі тұрады оның иығын.
Даланың күйін, алаштың жырын тербеген,
Тектілер туған Сарытерек жердің ұйығы.*

*Бәйті мен Дастар бәйгеге шапқан аттайын,
Түкөде тұнып басылар көзге оттайын.
Құрсағы алтын, жұпары аңқып құт мекен,
Жанымды мәңгі қыздырып тұрар шоқтайын.*

*Арқарлы тұрар биігі көзді талдырып,
Бабалар өткен баурына тұлпар шалдырып.
Бірлігін ойлап, тірлігін екішер қазақтың,
Жадыңда жүрсін Алаштың жыры жаңғырып.*



А Б Д Р А Х М А Н О В

Қабдығалы (1904ж.т.-1986ж.к.)



Бала кезінен байлардың қозы-лағы мен малын бағып ержеткен. Алғашқы коллективтендіру кезінде белсенді жұмыс жасаған адам.



Латынша, арабша, орысша оқыған. Халықты сауаттандыру жұмыстарына қатысып, ислам дінін таратушы ретінде ел арасында молла

атанған. Соғыс басталғанда Балқаш зауытына жұмысқа жіберілін, зейнетке шыққанша зауытта еңбек етті. 1956 жылы зейнеткерлікке шығып, ауылға келіп, совхоздың төл алу жұмысына, ет комбинатына мал айдауға, совхозға көмек беріп шөп шабуға қатысқан. Елге сыйлы болған адам. Ұрпағы жоқ. Жұбайы Мәре Смагулова 1924 жылы туған. Алғашқы комсомол мүшесі. Жасынан колхоз жұмыстарында болып, егін салып, егін оруға қатысқан. Соғыс басталатын 1941 жылы Балқаш қаласындағы зауытқа жіберіліп,

сонда еңбек етті. 1956 жылы отбасымен ауылға қайта келіп, Ленин колхозында жұмыс істеді. Совхоз кезінде де төл жұмыстарына қатысты. Үкіметтің «Екпінді еңбегі үшін» медалімен және жеңістің 30,40,50,60 жылдығына арналған мерекелік медалімен марапатталған. 2010 жылы 86 жасында қайтыс болды.

АБДРАХМАНҰЛЫ Райымбек (01.01.1937 ж.т. Ақтоғай ауд.,



Қаратал совхозы, (қазіргі Шабанбай ауылы., -2.09.1995ж.к.). Орта мектепті аяқтап Қоңырат руднигінде электр-менгерушісі болып еңбек жолын бастады. 1961ж. Алматы а/шаруашылық институтын ауылшаруашылығының механикаландыру мамандығы бойынша бітіріп, 1965 жылға дейін «Бірлестік» колхозы мен «Ақтоғай» совхозында бас инженер-механик, 1965-1971жж. а/шаруашылығы басқармасының бас инженері, 1971-74жж. аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің менгерушісі, 1974-77жж. аудандық Кеңес атқару комитеті

төрағасының орынбасары, 1977-84жж. Ақтоғай совхозының директоры, 1984-90 жылдары аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің меңгерушісі, 1990-95жж. мамыр айына дейін аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет жасады. Райымбек Абдрахманұлы қай жерде, қандай қызмет жасамасын өзінің білімділігімен, іскерлігімен танылып ел құрметіне бөленді. Жұбайы Әбдіғалиқызы Нәсжан (19.03.1939-14.05.1985ж.ж.) 1960 жылдан аудандық тігін комбинатында тігінші болып жұмыс жасады. Көктемгі науқандық қой қырку, мал төлдету жұмыстарына белсене араласты. Совхоздың экономикасын арттыруға өз үлесін қосқан еңбек адамы болды. Үлгілі отбасында 9 баланы дүниеге әкелген ардақты ана. Артындағы ұрпақтарынан өрбіген немерешөберелері қазіргі таңда әртүрлі мамандық иелері болып, әр салада еңбек етуде.

АБДЫРАХМА- НОВА Тиыштық

(т.ж.к.) осы колхоз-да аянбай еңбек етіп, шөп шабу, тоған қазу, егін суару, егін ору жұмыстарын істеді. 1950-51жж. 4 кол-



хоз қосылғанда Тиыштық Абдырахманова сүт бұлағын ағызған атақты сауыншы болды. Әр

ферманың сауын сиырларын жинап, Қызыларайдың арғы жағында Былқылдақ май зауыты болған, соған елдерді көшіріп, сиыр сауғызып, сүт тапсырып тұрған. Бірнеше жылдар сондағы сауыншылар: Айдарханова Жамал, Гүлсім, Алтын, Кәукер, Жәміш, Биша шенелерімізбен бірге жұмыс істеген.

АҒЫБАЕВ Ақылбек 1902 жылы 1-қаңтарда туылған Сарытерек ауылында. (Үшозек ауылы., - 5.09.1975ж.қ.) 1942 жылға дейін колхоз жұмысында малшы-жұмыскер болған. Ұлы Отан соғысы басталғанда Шет аудандық әскери комиссариатынан соғысқа аттанады. 1942 жылы оң қолынан жараланып, «II топтағы мүгедек» болып елге қайтты. Жарақатынан айығып, денсаулығы оңалғанша, ауылда жеңіл-желпі жұмыстар атқарды. Кейін «Нартай», «Үлкен Ақсай» қыстақтарында қой бақты. 1975ж. «Ұлы Отан Соғысының 30 жылдық» медалімен марапатталды. 1968 жылға дейін шопан болып еңбек етті. Зейнеткерлікке шыққан соң Сарытерек ауылында тұрды. Жұбайы Ағыбаева Қамария (1921-4.02.1970) Соғыс жылдары колхозда еңбек етіп: егін суаруға, шөп шабуға, қой бағуға қатысқан.

АЗИМБАЕВ Өмірзақ (11.05.1929ж.т. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарыте-

рек колхозы.) Аталмыш колхоз-да 1936ж. мектепке қабылданған. 12 жасқа толғанда Ұлы Отан соғысы басталады. Колхоздың атқа мінерлерінің бәрі соғысқа аттанған, тек балалар мен үлкен кісілер ғана қалған. Еңбекке ерте араласқан. Қыстың күні қыстақта мал бағып, жаздың күндері тоған қазу, егін салу жұмыстарын істеген. 1953ж. отбасын құрады. 1955ж. дейін колхозда әр түрлі салада жұмыстар істеген. 1956ж. Ақтоғай ауданының орталығына көшіп келін, ДЭУ мекемесінде жүргізуші болып жұмыс жасаған. 1989ж. зейнеткерлік демалысқа шыққан. Бүгінгі таңда 3 баласы, 5 немере, 8 шөберенің қызық-куанышын қызықтап отыр.

АЙДАРХАНҰЛЫ Аманбек (1936ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, Қарақұла колхозы). Колхозда жұмыс істеп жүрін, Қоңырат руднигінде бұрғылаушы бригадир болып жұмыс істеді. Аманбек Түсіпбекқызы Мәруамен отбасын құрып, жанұяда Нэтай атты қыз баланы тәрбиелеп өсіреді. Аманбек өмірден жас кетті. Баласы Нэтай қазір Балқашта тұрады.

АЙНАБЕКОВ Есімхан (1885ж.т. Сарытерек а.с., Жетімшоқы, Балаған қыстауы). Есімхан ақсақал кенестік дәуірдегі қайғы-қасыреттің көбін бастан өткерген: қазан төңкерісінің дүрбелеңін, 32-

ші жылғы нәубет пен 37ж. қуғын-сүргіннің, 1941-45жж. Ұлы Отан соғысының куәгері болған адам. Есімхан әкеміз арабша хат танып, арабша оқып сауатты болған. Ол кісінің 1939ж. латынша жазылған еңбек кітапшасынан соны оқуға болады. КСРО кезінде кооперативке май жинаушы, сатушы болып жұмыс істеген. Есімхан ақсақалдың бәйбішесі - Жамал апа. Бұл кісілердің жалғыз қызы Дәкен. Есімхан ақсақал жүйрік атқа мінін, аң аулап, жүйрік тазы ұстап, қазақтың аңшылық-саятшылық дәстүрін ұстанған адам. «Есімханның торы жорғасы» деген жүйрігі аудан, Республика көлеміндегі жорға жарысында топ жарған. Алматыдағы ипподромда өткен жарысқа қатысқан ат. Есімхан ақсақал атқа көз тимесін дегендей аттың кекіліне үкі тағып, жүйрік атты ерекше құрметтеген. Сол кезде атқа шабандоз болған адамдар: Төкен Сәдірбеков, Совет Алғамжанов, Қалтай Қырбасов. Дерек беруші: жиені Бақыт Нұрғалиева.

АЙНАБЕКОВА Злиха Бегдербекқызы (1952 ж.т. Балқаш қаласы, Қоңырат кенті) - медбیبі. 1972 ж. Балқаштың медициналық училищесін фельдшер маман-



дығы бойынша бітірген. Сарытерек ауруханасында фельдшер болып еңбек етті. 1983ж. отбасы жағдайына байланысты №1 фермаға ауысып, бөлімшедегі медпункт меңгерушісі болды. 2002-2013жж. Сарытеректе балалар фельдшері болып жұмыс жасап, 2008 жылдан бастап I дәрежелі фельдшер болып, зейнеткерлікке шықты. Мемлекет еңбегін бағалап, медицина қызметкерлеріне арналған «Жеңістің 70 жылы» медалімен марапаттады.

АЙНАПИЛОВ

Жақымет (1894 ж.т. Ақтоғай ауд., Үшөзек е.м., 1982 ж. қ.) 1918-1940 жылдар аралығында ауыл шаруашылығында әртүрлі жұмыстар атқарған. 1940-1947жж. - «Сарытерек» елді мекенінде қойма меңгерушісі. 1948-1963жж. аралығында “Ленин” колхозының жаңадан құрылған “Айыртас” бөлімшесінде бригадир, аға шопан. 1963-1976жж. Ақтоғай совхозының Ақтұмсық бөлімшесінде асыл тұқымды «дегерес» қошқарын бағып, зейнеткерлікте болса да, қой тұқымын асылдандыруға үлесін қосқан.

АЙТАНҰЛЫ Ақанай (17.12. 1959 ж.т.) 1977ж. Сарытерек орта мектебін бітірген соң, 1983 жылы

Қараганды мемлекеттік медицина институтында оқып, дәрігер мамандығын алып шықты. 1983-1986жж. Ақтоғай аудандық орталық ауруханасында клиникалық-бактериологиялық зертхананың меңгерушісі болып еңбек жасады. 1986-1996жж. Көкшетау облысы, Қызылту ауданында Мемлекеттік бас санитарлық дәрігері, 1996-2000жж. осы облыстың Зеренді ауданында аудандық санэпидстанцияның бас дәрігерінің орынбасары болып қызмет атқарды. 2000-2008 жылға дейін Ақмола облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасында бөлім бастығы, 2008 жылдың қаңтар айынан бастап Астана қаласы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінде бөлім бастығы қызметін атқарды. 2012-2015 жыл аралығында Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқарамасының әкімшілік бөлімінің басшысы қызметінде болды. 2015ж. бастап, қазіргі уақытқа дейін Ақмола облысы Целиноград аудандық емханасында бас дәрігердің орынбасары қызметін атқаруда.

Көп жылғы медицина саласында сіңірген еңбегі бағаланып,



2003 жылы Денсаулық сақтау министірінің Құрмет грамотасымен, ал 2008 жылы шілде айында «Астана қаласының 10 жылдығы», және 2014 жылы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау саласының үздігі» медалімен марапатталған.



АЙТАНҰЛЫ

Бекен Қарағанды педагогикалық дене тәрбиесі институтын бітірген. Еңбек жолын 1976 жылы «Қаратал»

кеңшарындағы мектепте мұғалім болып бастады. 1981–82 оқу жылында Бірлестік сегіз жылдық мектебінің директоры, 1988 жылға дейін Сарытерек орта мектебінде директор болып қызмет атқарды. 1988 жылдан бастап ұстаздық қызмет жасап, 1997 жылы Қарағанды қаласына қоныс аударды. 40 жылдан астам ұстаздық еңбек жолында талай жасты спортқа баулыды. Қазір зейнеткер.

Бекен Айтанұлының елеулі еңбектерінің ішінде «Қаратал» кеңшарындағы «Шалқар» халық театрын ашуға ұйытқы болғаны бірден ауызға ілігеді. 2005 жылы театр өзінің 25 жылдық мерейтойын атап өтті. Осыған байланысты Қарағанды облыстық мәдениет Департаменті Бекенді Құрмет Гра-

мотасымен марапаттады. Театр алғашқы ашылған жылдары Бекен Айтанұлы спектакльдерде басты рөлдерде ойнап, оның белді мүшелерінің бірі болды. Жеті жыл селолық Советтің депутаты болды. Бүкілодақтық Кәсіподақ ұйымының Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Жұбайы Рымкеш Айтбаева мамандығы бухгалтер, көп жылдар бойы Сарытерек селосында еңбек етті. Ауылдық советтің есепшісі, мектептің кассирі, «Қаратал» совхозында дүкен меңгерушісі болып жұмыс жасап, зейнеткерлік демалыста.

АЙТАНҰЛЫ

Берік (22.05.1962 жылы туылған Қарағанды обл. Жәмші селолық округі.) 1979



жылы Сарытерек орта мектебін бітірген. 1984ж. Жезқазған педагогикалық институтының «География және биология» факультетін тәмәмдаған. 1986ж. мамыр айына дейін азаматтық борышын атқарды. 1986 жылы қыркүйек айында Сарытерек орта мектебінде география пәні мұғалімі болып орналасты. 1998–1999 оқу жылында директордың тәрбие жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 1999 жылдың қыркүйек айынан бастап алғашқы әскери даярлық

пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып, 2010-2014 жылдар аралығында Сарытерек ауылдық округінің әкімі болып абыройлы қызмет атқарды. Қазіргі таңда Жабас Кеңесбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектепте ұстаздық жолын жалғастыруда. Зайыбы Жақыпбекова Айтқайша, (20.04.1964) Сарытерек ауылында дүниеге келген. 1981 ж. Сарытерек орта мектебін бітірген соң, ҚарМУ-дің математика факультетіне түсін, оны 1986 жылы аяқтап, ұстаздық еңбек жолын Сарытерек орта мектебінде аға жоғары болудан бастаған. Кейін өзі қалаған математика пәнінен сабақ берді. Осы жылдардағы істеген жұмыстары бағаланып, білім беру саласына қосқан зор үлесі мен қол жеткен табыстары үшін аудандық білім бөлімінің грамотасымен марапатталды. Берік пен Айтқайша 4 баланың ата-анасы.




А Й Т Б А Е В А
Зейнеғайн Күлмағанбетқызы 1946 жылғы қарашаның 11 жұлдызында туылған (Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы.

Сарытерек е.м.).

1971 ж. Қарағанды Мемлекеттік медицина институтын балалар дәрігері мамандығы бойынша бітірген. Міне осы 1971 жылдан

бастап №3 балалар ауруханасында, №2 балалар емханасында балалар дәрігері болып еңбек етті. Кейіннен Қарағанды қаласының денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері, 1980 жылдары Қарағанды қаласының Октябрь ауданының депутаты, 1985-1990жж. ҚазССР Жоғары советінің депутаты етіп бір ауыздан сайлады. Депутат ретінде Жоғары Совет сессияларында сөз сөйлеп облыстың денсаулық саласына жетпей жатқан жақтарын айтып, үлкен типті бұрынғы профсоюз мекемесінің ғимаратын мамандандырылған балалар емханасына айналдырды, Октябрь ауданының жолдарын түзеп асфальттауға және көп балалы аналарға үй алуға көмектесті. Жоғары Советтің денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау комиссиясының мүшесі бола отырып еліміздің облыстарында бірталай проблемаларын мінбеден айтқан, олар Жамбыл, Қостанай, Көкшетау облыстары болатын. Денсаулық сақтау саласының ардагері, 2004 жылы жасына байланысты зейнеткерлікке шықты, күні бүгінге дейін жасөспірім балалардың денсаулығын қорғауда Астана қаласында балалар дәрігері болып еңбек етіп келеді.

АЙТАНҰЛЫ Көкенай (17.07.1957ж.т. Ақтоғай ауданы, Са-



рытерек аулы.,- 2005ж. қ.) 1974ж. Сарытерек орта мектебін бітірген. 1975 ж. азаматтық борышын өтеуге әскер қатарына шақырылды. 1979

жылы Қарағанды бухгалтер-есепші техникумын бітірген. Еңбек жолын туған ауылы Сарытерек совхозында бухгалтер-есепші қызметінен бастады. 1980ж. Ақтоғай ауданының «Жол жөндеу» мекемесіне бас есепші қызметіне кірісін, 1995ж. дейін осы мекемеде қызмет атқарды. Осы уақыттар ішінде аудандық партия ұйымында, комсомол ұйымында әртүрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып отырды. Зайыбы Сабирә (1979ж. Балқаш педагогикалық училищесін бітіріп, еңбек жолын Сарытерек балабақшасында тәрбиеші болып бастап, Сарытерек орта мектебіне мұғалім болып ауысты. 1995ж. Ақтоғай ауданында мұғалімдік қызмет атқарды. Қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы №68 мектеп-интернат балабақша кешенінде тәрбиеші болып жұмыс жасауда. Бала тәрбиелеуде ерен еңбектерімен көзге түсіп жүрген Сабина мектеп әкімшілігінің және Қарағанды облыстық Білім департаментінің құрмет грамотасымен марапатталған. Қазіргі

таңда ҚарМУ-де профессор Ж.С.Ақылбаев атындағы инженерлік жылу физикасы кафедрасында әрі қарай жұмысын жалғастырып, студенттер мен магистранттарға дәріс оқуда.



АЙТБАЕВА

Күлбаршын Айтанқызы 1947 жылы 20-қаңтарда дүниеге келген (Қарағанды обл. Ақтоғай ауд. Сарытерек ауылы). Алматы

қаласындағы қыздар институтын бітірген. Еңбекке ерте жүріп, кооперативтік техникумды тәмамдаған. 1992 жылға дейін сауда қызметі жүйесінде қызмет атқарды. 1998ж. бастап Қарағанды қаласының №68 мектеп-интернат балабақша кешенінде жұмыс жасайды.

Бүкіл өмірін балалары мен бауырларына арнап, өмірлік серігіне адал жар, ардақты ана бола білген Күлбаршын өмірге 5 бала әкеліп, бүгінде қызын қияға, ұлын ұяға қондырып, алды 11 класқа, кейінгісі алдағы ағаларының ізімен өсіп келе жатқан немерелерінің сүйікті әжесі болып отырған асыл Ана. Жолдасы Божбанов Балапан Уалиұлы Қарағанды қаласының ішкі істер бөлімінде көптеген жылдар қызмет атқарып, сол жерден зейнеткерлікке шықты.



АЙТАНҰЛЫ Төлеген Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылының тумасы (9.11.1942ж.т. - 17.05.2014ж.к.). 1962 жылы Ақмола сауда-кооперативтік

техникумын бухгалтер мамандығы бойынша, 1967 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітірген. 1969 жылы Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясын бітіріп, екі жыл мұғалім болып қызмет жасады. 1973-1994жж. Қарағанды облыстық қаржы басқармасының аға экономисі, облыстық бақылау-тексеру басқармасының аға ревизоры, Қарағанды қаласының бас ревизоры қызметтерін атқарып, облыстық қаржы басқармасының бірінші орынбасары қызметіне дейін көтерілді. 1994 жылдан Қазақстан Республикасының аудиторы. 2004-2007жж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бекітуімен Қарағанды тұтыну Одағы Қарағанды экономикалық университетінің «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссиясының төрағасы болды.

«Аудит және Консалтинг-АА» ЖШС-нің 2005 жылы Женевада «Іскерлік тәжірибесі жоғары са-

па» алтын медалін жеңіп алуына бірден-бір атсалысқан тұлғаның бірі. Төлеген Айтанұлы Айтбаевқа Қазақстан Республикасының аудиторы, «Аудит және Консалтинг-АА» ЖШС-нің бірінші вице-президенті қызметін атқарды.

АЙТЖАНОВ

Әбен Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылында 9.03.1953ж. туып, Балқаш қаласында 2016 ж. қайтыс болды. Ауылшаруашылығында жүргізуші болып жұмыс жасаған. Ешкімнің ала жібін аттамай адал өмір сүрген ақынжанды азамат, өмірден өткен соң «Әке аманаты» атты өлеңдері мен аңыз әңгімелер жинағы жарыққа шықты. Жолдасы Дәрібекқызы Кенжетай ұзақ жыл ұстаз болып қызмет етті. Еңбегі елеусіз болған жоқ. 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталған. Әбен мен Кенжетай өмірге бес перзент әкелді, балаларының бәрі де ержетіп азамат болған.

АЙТЖАНОВА

Рауза Айтжанқызы (15.05.1942ж.т. Ақтоғай ауд. Сарытерек ауылы.) 1959ж. бастап совхоздың



әртүрлі салаларында еңбек етті. 1981 жылдан 1995 жылға дейін Сарытерек ауылдық кеңесінде кассир болып жұмыс жасады. Ауылдағы науқандық жұмыстарға: мал төлдетуге, қой қырқуға белсене қатысып, еңбегінің арқасында ауылдық, аудандық советтерге бірнеше рет депутат болып сайланған. 6 бала тәрбиелеп өсірді. Қазір зейнеткерлік демалыста. Қарағанды қаласында немерешөбересінің ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

АЙТЖАНОВ Санақ 1937 жылы туылған (Сарытерек ауылы). 1960 жылдардан бастап ауылда телефон байланысында жұмыс істеді. 1972ж. Шығыс Қоңыратта мұғалім болған. №8 шахтада жұмыс істеді. 1979 ж. Гүлшат совхозында ауыл шаруашылығында еңбек етті. 1980ж. Шұбартүбекте ферма басшысы болды. 50 жасында зейнеткерлікке шығып, Бектауатада комбинаттың қосалқы шаруашылығында еңбек етті. Жолдасы Балапанқызы Клара екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірген. Қазіргі таңда екеуі де өмірден озған.

АЙТЖАНОВ Тілеубек Қоңырат ауданы, Ленин колхозында 1919ж.т. 1969ж.к.) Бастауыш білімі бар. Сауатты, еліне адал қызмет атқарған азамат. Әкесі Түсіпов Айтжан хат таныған, арабша жа-

за білген. 1920ж. коллективтендіру науқанына белсене араласқан. Жетімшоқы, Қарағұла, Қарашілік е.м. еңбек еткен. Егін бригадирі болған. Көшпелі елді отаршылдыққа үйретуге көп еңбек сіңірген. Ұйымдастыру қабілетіне қарап аудан басшылары «Сәуле» е.м. ауылдық кеңес төрағасы, одан кейін сол жерде басқармалық қызметте жұмыс жасаған. Қажырлы еңбек жасап жүргенде халық жауы аталып, ит жеккенге айдаған. Баласы Тілеубек 17-18 жасында әкесінен тірідей айырылған. Есепші болып жүргенде Қарағандыға барып отызыншы шахтада жер астына түсін, көмір қазып көптеген қиындықтарды бастан өткеріп, Балқаш қаласына қайтып келіп, әпкесі Айтжанның апасы Ырысбаланы паналаған. Денсаулығына байланысты әскерге алынбаған. Соғыс кезінде Тасаралда балық аулап, майданға көмек беру үшін еселі еңбек етіп, балықшылар бригадасын басқарған. «Ленин» колхозы кезінде Шұбартау отгонында одан кейін №1 фермасында ферма меңгеруші болып жұмыс жасады. Қажырлы да адал еңбегі арқасында «Халық жауының баласы» коммунистік партия қатарына қабылданып, Ақтоғай совхозында жылқы фермасының меңгерушісі

болып жүргенде, 49 жасында қайтыс болды. Қазіргі күні үрім бұтақтары: шет елде, Алматы, Қарағанды және Балқаш қаласы мен Сарытерек ауылында тұрады.



А Й Т Ы - ХАНОВ Абил

Камелханұлы
(20.09.1932 ж.т.
Қарағанды обл.
Қоңырат ауданы,
Сарытерек а.с., Ле-

нин колхозы.,-1969ж.к.) Әкесі Камелхан соғысқа кетіп, қайтып оралмады. Үлкен әкесі Айтханның қолында өсті. Жас кезінде үш сыныптық білім алды. Одан кейін колхоздың қара жұмысына араласып: тал кесу, шарбақ тоқу, шөп ору жұмыстарын атқарды. Сол ауыр жұмыстың салдарынан мүгедек болып; екі аяғы жүрмей, арбаға таңылып қалды. Отбасылы, жолдасы және үш баласы бар. Жолдасы Бейсекина Жамал Абдирахманқызы. Үлкен ұлы Төлеухан тракторист болып жұмыс жасады. Екінші ұлы Тілеухан фермада бригадир, механизатор болды. Үшінші баласы Доклад Ақтоғай аудандық ауруханада әйелдер бөлімшесінде 38 жыл кіндік шеше болып қызмет атқарды. Сол сіңірген еңбегінің арқасында, комиссия шешімімен 2015ж. «Жеңістің 70 жылдығына» арналған медальмен

марапатталды. 2016ж. Қазақстан Республикасының «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Айтханов Абил Камелханұлының артында жолдасы Жамал және үш баласы қалды.

АҚБЕРГЕНОВ Әйіпбек

(1900ж.т. Қоңырат ауд. Үшөзек колхозы, Желтауда Молдабай қыстауы., 1989ж.к.) Әйіпбек әкеміз халыққа сыйлы адам болған. Бұл кісінің атын атамай “Әйем” деп атап кеткен. Әйем Омарбайқызы Мәкенмен отбасын құрып, жанұяда Серғазы баласын тәрбиелеп жалғыз ұл бала болған соң еркелетіп өсірген. Әйем әкемізбен Мәкен шешеміз «Ленин» колхозында көп жылдар бақташы (сиыршы), сауыншы болып жұмыс жасаған. Әйіпбек әкеміздің еңбегін бағалап, үкімет одақ бойынша «Ауылшаруашылық» озаттар слетіне қатысып, Москваға барып, Ленин мен Сталиннің мавзолейіне кіріп, көзбен көріп қайтқан. Бұған дәлел Мұхаметжанов Қасенхан, Ақтайбек, Ақшабай деген ақсақалдар бірге бардық деп айттып отыратын. Бұл кісілер зейнеткерлікке шыққан соң Мәкен шешеміз 1985ж.қайтыс болды. Жазған: Максұтбекұлы Қанат.

АҚТАНБАЕВА Үмітжан

(1924 ж.т. Сарытерек аулы.,-2009ж.к.) Соғыс кезінде тыл-

да еңбек етті, колхозда әр түрлі жұмыстар атқарды. Қиындықты қайсарлықпен жеңе білген, рухы биік адамтын. Жастайынан өнерге жақын, «Саусақтары майысқан шебер» болатын. Ісмерлік өнермен қатар, әншілік өнерімен де ауыл-аймаққа танымал еді. Отағасы екеуі 6 ұл-қыздарын өсіріп немере-шөберелерін тәрбиелеп берекелі отбасы болды.



А К И М О В

Амантай Татибекұлы (23.10.1944ж.т. Сарытерек ауылы., Үшозек е.м.,) Аудан орталығындағы М . Г о р ь к и й

атындағы орта мектепті 1962 жылы бітірген. Отан алдындағы әскери міндетін атқарып келген соң, 1972ж. Қазақтың мемлекеттік а/шаруашылығы институтының энергетика және электрлендіру факультетін инженер-электрик мамандығы бойынша бітірген. Жас маман ретінде «Казэлектросетьстрой» трестінің Қарағанды қаласындағы электр желілерімен подстанция халықтың механикаландырылған колониясына қызмет істеді. Еңбек жолын қатардағы электромонтажшы болып бастаған. Алты айдай істеген соң мастер прораб, 1974ж. өндірістік-техникалық бөлімге алдымен аға-инженер, кейін сол

бөлімшенің бастығы болып 1995ж. дейін еңбек етті. 1991ж. одақ тарап, еліміз тәуелсіздік алғанда Ақтоғай ауданы, совхоздары, елді мекендері, малшы қыстақтары толық электр көзіне қосылған еді. Еліміздегі көптеген өзгерістерге байланысты 1997 жылға дейін жеке меншік серіктестігінде директор болды. 1997ж. қайтадан мемлекеттік мекемеге, яғни 500 және 220 киловольтты аса жоғарғы кернеулі линиялар мен подстанцияларды басқаратын қазақстандық энерго-компания «KEGOC» басқармасының Қарағанды филиалына қызметке ауысты. 2000-2004жж. өндірістік-техникалық басқару қызметін басқарған, 2004-2009 жж. осы мекемеде, метрология және өлшеу системалары қызметін басқарып, 1.10.2009ж. бастап зейнеткерлікке шықты. 2006ж. талай жылғы еңбегі ескерін, «ҚР Құрметті энергетигі» деген атақ беріліп, ҚР Энергетика және пайдалы қазбалар министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Өмірлік жары – Рысты жоғарғы оқу орнын бітірген мұғалім. Үш баласы, жеті немересі бар. Балаларының бәрі жоғары білімді.

АКИМОВ Тәнірберген

(28.08.1939 ж.т.) - 1959 ж. бастап Ленин колхозында, кейін Ақтоғай совхозында жүргізуші болып ең-

бек етті. 1978-1983жж. қойма меңгерушісі, 1983-1989 жж. гараж меңгерушісі, 1988-1994 жылдары МТМ меңгерушісі болып, жемісті еңбек етін. 1994 жылы зейнеткерлікке шықты. Көп жылғы еңбегі лайықты бағаланып, ауданның құрмет грамоталарымен марапатталған. Зайыбы Иманова Рымкүл (1948 ж. т.).

1966 ж. Қарағанды педагогикалық институтының жаратылыстану факультетін биология мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Сарытерек орта мектебінде мұғалім болып бастады. 1967ж. ұзартылған күн тобының тәрбиешісі, кейінен бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етті. Осы ерен еңбегінің арқасында 1988ж. «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, 1989ж. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Оқу жылында үздіксіз 25 жыл еңбек өтілімен зейнеткерлікке шыққан. Тәңірберген мен Рымкүл дүниеге 4 бала әкеліп, ұлын ұяға қызын қияға қондырған бақытты отбасы.

А К П А Р О В
Кәрібай Шағырұлы (20.12.1947ж.т. Балқаш қаласы, 10.09.2016 ж.к.)



К.Ақбаров 35 жыл Ақтоғай совхозында электрик болып еңбек

етті. Совхоз шаруашылығында ол араласпаған жұмыс жоқ шығар. Қыстың суығы, жаздың ыстығы қарбалас жұмысқа тосқауыл болған емес. Абыройлы еңбек етті. 90-жылдың соңында Кәрібай отбасымен Балқашқа қоныс аударды. Балқаш қаласында «Балқашэнерго» ҚМК-да электрик болып қызмет жасады, мұнда да ол өзіне тән байсалды ісімен, тыңғылықты еңбегімен танылып, сый-құрметке ие болды. Кәрібай Шағырұлы жас мамандарға үлгілі ұстаз бола білді. «Балқашэнерго» ҚМК-ның 15 жылдық мерейтойына сәйкес бірнеше жылдық еңбегін бағалап, Кәрібай Шағырұлын Құрмет грамотасымен марапаттады. 14 жасынан еңбек еткен Кәрібай Шағырұлы өмірінің соңғы күндеріне дейін өз мамандығынан айныған жоқ. 1989 жылы қаңтар айының 26-да К.Ақбаров бірнеше жылдық еселі еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Жұбайы Қожахметова Дария Қожахметқызы (3.08.1948ж.т. Қарағанды обл., Молотов ауданы., - 2.03.2015ж.к. Балқаш қаласы.) 1972 жылы ҚарМУ-ды тарих мамандығы бойынша бітірген. 1972 ж. бастап, Дария Қожахметқызы Ақшатау, Айыртас орталығында мұғалім болып қызмет атқарады. Кейін Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы,

Сарытерек ауылында мұғалімдік қызметін жалғастырады. 2000-2007 жж. Балқаш қаласында Ресей политехникалық филиалында тарих мамандығы бойынша мұғалім болды. 1988 жылы 6-желтоқсанда Қожахметова Дарияға адал және бірнеше жылдық еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Ақбаров Кәрібай мен Қожахметова Дария атана, іні-қарындастарын сыйлай білген, жақындарына жақсылық тілеген, жолдастарына, замандастарына сыйлы бола білген айрандай ұйыған, тату-тәтті, бірлікте өмір сүрген қарапайым, үлгілі отбасылардың бірі болды. Отбасында екі бала тәрбиелеп өсірді, балалары ер жетіп, әр салада жемісті еңбек етуде.

АҚБЕРГЕНҰЛЫ Ғалия - (1936ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы Сарытерек ауылы.) 1951ж. Сарытеректегі 7-жылдық мектепті тәмамдаған. Қарағанды қаласы Саран мұғалімдер училищесінің әңкүй бөлімін бітірген. 1955-59 ж.ж. Тынық мұхитында Отан алдындағы әскери борышын атқарып, 2-дәрежелі старшина шенін алып елге оралады. Әскерден келген соң Ғалия мен Шайза отбасын құрады. Жанұяда тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Ғалия мен Шайза білім мен мәдениет саласында еңбек етті. Ақтоғай аудандық «Тоқырауын

толқыны» ән-би ансамблінде көп жылдар бойы табанды еңбек етін, өнерін шыңдады. Ақтоғай ауданының әнші-биші атанған өнер санлақтары: Мәдениет Қожамбаев, Дариға Ақатаева, Шәпибай Алпысбаев, Мусин Совет, Жақсылық Омашев, Дәртай Сәдуақасов, Тұрған Түсіпбаевтармен бірге Ақтоғайдың «Тоқырауын толқыны» ән-би ансамблінің құрамында өнер көрсетін, сол кездегі одақтас республикаларда, тіпті шет мемлекеттерге дейін барып жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар ол орта мектептерде әңкүйден сабақ беріп, жастарды өнерге баулыды. Нарманбет ауылында, Ақтоғай совхозының Бірлестік бөлімшесінде мұғалім болды. Ғалия Ақбергенұлы ерекше дарында әншілігімен: бүкіл республикаға, облыс, аудан көлеміне әйгілі әнші болды. Оның репертуарында: Шашубайдың «Аққайың», Біржан салдың «Жанбота» әндері айырықша естілетін. Әнші Ғалияның орындауында Естайдың, Үкілі Ыбырайдың, Әсеттің әндері т.б. көптеген халық әндері өте шебер орындалып, халық ұйып тыңдайтын. Шын мәнінде Ғ.Ақбергенұлы ғажайып әнші еді, даусы биік, әрі таза алты қырдың астынан естілетіндей асқақ болатын. Облыстық әндер фестивалінде Жаңарқа ауданының

жезтандай әншісі Игілік Омаровпен Ғалия салған әндерді салыстырып Ғалия 1 орынды жеңіп алды. Дарынды әнші тіршілігінде облыстық, республикалық, аудандық Құрмет грамоталарымен, Лениннің 100 жылдық медалімен марапатталды. 1990 жылы зейнеткерлікке шығып, Балқаш қаласына қоныс аударды. Өмірден озғанша сонда болды. Қазір Шайза апа 80 жасқа келіп отыр. Балаларының қолында немере-шөбере сүйіп отыр.

АҚБЕРГЕНОВ Рысбек (2.11.1907ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, бұрынғы Сарытерек колхозы). Әкесі Ақберген колхозда жұмыскер болып жүріп, өмірден ерте озды. Жас қалған Рысбек анасы Күнікейге көмектесіп, Балқаш қаласында тұрып жұмыс істеп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталады. Рысбек 1940ж. Балқаш қалалық әскери комисариаты арқылы армия қатарына алынып, соғысқа аттанды. Украина майданына қатысып, сол сұрапыл шайқаста аяғы мен қабырғасынан ауыр жарақат алып, әскери госпитальда емделіп, денсаулығы соғысқа жарамсыз болғандықтан елге оралады. Елге келген соң, Ленин колхозында кейін 1963ж. совхоз құрылғанда бақташы, шопан болып еңбек етті. Рысбек зайыбы Жұматайқызы Нұрғайша

екеуі: Серғазы, Биғазы, Бикен атты балаларын тәрбиелеп өсіріп, ұрпағының қызық-қуанышын көріп, өмірден озды.

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА (1723-29жж.) - қазақ халқының тарихындағы ауыр кезең, Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі жылдары. 1723ж. көктемде жоңғарлар 70 мың қолмен Қазақстанның оңт. шығыс аудандарына басып кіріп, Талас өзенінің алабына дейін жетті. Жоңғар әскерлері халықты жаппай қырғынға ұшыратып бар мүлкін тонады, айуандықпен жәбірледі. Тоз-тоз болып босыған қазақ ауылдары Сырдария өңіріне бетіне өтті. Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының бір бөлігі Шыршық өңіріне ар жағына шығып кетті. Жаудан қашқан қазақ елінің біразы Алакөл маңынан Бұқара мен Самарқанға қарай ағылды. Қазақтар арасында бұл оқиға «Алқакөл сұлама» деген атпен белгілі. Өз жерінен шығысқа таман отырған Кіші жүз қазақтары қазіргі Шиелі, Қызылорда тұсынан Хиуаға қарай беттеді. Туған жерінен, атамекенінен, ағайынтуыстарынан айырылған халық осы қиын күндерді «Ақтабан шұбырынды» деп атап кеткен (сірә, шұбыра босқан елдің жүре-жүре табаны тозды деген ұғымнан

шықса керек). Бұл зар заман халық аузынан «Елім-ай» сынды зарлы, мұнлы ән қалдырған. Шоқан Уәлихановтың жазуы бойынша, бұл кезең қазақ халқының өміріндегі сұмдық, ең ауыр кезең болды. Жоңғарлар, Еділ бойының қалмақтары, Жайық казак-орыстары мен башқұрттар тұс-тұстан қазақ ұлысын талап, малын айдап әкетті, бала-шағаны тұтқынға алды, қыстың суығы мен аштық күйзелісті күшейте түсті. Орта Азия халықтарының жеріне келген қазақтар онда қолайлы мал жайлымын таба алмады. Бұқара мен Хиуа хандары қазақтардың ауыр жағдайын пайдаланып оларды жаппай құлдыққа ұшыратқысы келді. Бұған қарсы шайқаса отырып, қазақ қауымы енді батысқа, солтүстік-батысқа, яғни Ресей шекарасына қарай ығысты. Жұрттың алдыңғы легі: Жем, Жайық, Елек, Өр, Ойыл, Қиыл өзендерінің алқабына жетіп тоқтады. 1723-25жж. Жоңғар нояндары қазақ хандығының қарамағындағы Ташкент, Түркістан, Сайрам қ-н басып алды. Қазақ халқы қорлыққа шыдамады. Әбілқайыр, Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары т.б. қалың елдің басын құрап, 1726ж. Жоңғар басқыншыларына қарсы аттанды. 1727ж. Бұланты ө-нің жағасында қалмақтарға күйрете соққы берді.

Осы жылдары қазақ әскерлері Қаратауды қайтарып, Хан тауына Ту тігіп, Аңырақай даласында (Балқаш к-нің оңтүстік жағалауы) шешуші жеңіске жетті. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»-ның аласапыраны қазақ халқының елдігі мен бірлігіне сызат түсірмей, қайта жігерін жанып, еркіндік пен ерлік рухын шыңдады.

*Әдеб: «Қазақстан тарихы».
Дайындаған Ж.Башар*



АҚТАЙБЕКОВ

Қайдар Ақтайбекұлы (15.08. 1947 ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы, (бұрынғы «Ленин» колхозы). 1966 ж.

М.Горький атындағы орта мектепті аяқтаған соң Жамбыл Зооветеринарлық техникумына оқуға түсіп, оны 1968ж. ауыл шаруашылық бухгалтер-экономист мамандығы бойынша бітірген. 1980ж. Алматы ауылшаруашылық институтының сырттай бөлімін тәмамдады.

Алғашқы еңбек жолын 1968ж. Ақтоғай совхозының №1, 2 фермаларында аға есепші болып бастады. 1972 ж. осы сов. бас есепшісінің орынбасары, 1973ж. Қызыларай сов. бас экономисті, 1975-1985жж. Ақтоғай совхозының бас есепшісі болып қызмет атқарады. Сарытерек ауылының гүлденуіне, экономикалық дамуына өз үлесін

қосып, туған еліне адал қызмет жасады. Осы жылдарда совхоздың есеп жұмысын жолға қойып, үздік нәтижеге жылдың пайдамен аяқталуына үлес қосқаны үшін сол кездегі Кеңес Одағының астанасы Мәскеудегі «Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне» тегін жолдамамен ынталандыру есебінде барып қайтады. 1985 жылы Ақтоғай ауданы «Қаржы бөлімінің» меңгерушісі болып тағайындалып, сол жылдары екі рет Аудандық Кеңестің депутаттығына сайланады. Облыстық қаржы басқармасының Құрмет грамотасымен бірнеше мәрте марапатталады. 1988 жылы Ақтоғай совхозының бас есепшісі, 1992ж. Ақтоғай совхоз директоры болып қызмет атқарды. 1996 ж. совхоздар таратылып шаруа қожалықтары құрыла бастағанда, Сарытерек шаруа қожалығы құрылып, осы қожалықтың төрағасы болып сайланады. 2005-2010жж. Сарытерек селолық округі әкімінің орынбасары болып еңбек етіп, зейнеткерлік демалысқа шықты. Жұбайы Сәулеш Мақсұтбекқызымен алты бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты отбасы.

АҚТАЙБЕКОВА Үміт (1938 ж.т. Ақтоғай ауданы, Жетімшоқы ауылы.) 7 сыныпты бітірген соң 1953 ж. Ұзынбұлақ ауы-



лында агрегатта шопанның көмекшісі болып, қой қырқып еңбеке араласты. Кейін ауыл шаруашылығының әр түрлі саласында еңбек етті. 1955 жылдары сауыншы, 1978 ж. Сарытерек орта мектебінде кіші жұмыскер, 1988 ж. МТМ-де дәнекерлеуші болып 1990 жылы зейнеткерлікке шыққанша еңбек көшінен қалмады. Еңбек ете жүріп отағасы Медеубеков Балықбай екеуі 8 баланы дүниеге әкеліп, бәрін де тәрбиелеп жеткізді. Бүгін де балаларынан немере, шөбере сүйіп отыр.

АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

Қарағандыобл. оңт.-шығысындағы әкімшілік аудан. 1928 жылы құрылған. (1963ж.дейін Қоңырат ауданы). Тұрғындар саны 20,9 адам. (2005ж.) Жер көлемі 52,0 км2. Ауданда 15 округ, 2 кент бар. Аудан орталығы Ақтоғай сел. Ауд. Сарыарқаның оңт.-шығысында, шөлейтті және шөлді аймақта орналасқан. Солтүстігін аласа таулар тізбегі алып жатыр. Олардың арасында Балқаш пен Қарасор алаптарының су айрығы болып саналатын Қызыларай (1565м), Қызылтас (1238м.) және басқа таулар мен олардың сілемдері орналасқан. Ауданның орталық



өңірі - Балқаш көліне қарай еңістеп аласара беретін ұсақ шоқылы, қырқалы жазық. Түстік өңірінде белесті Солт. Балқашмаңы жазығы жатыр. Ауданның оңтүстік шетін Балқаш көлі көмкереді. Кен байлықтарынан: мыс, молибден, вольфрам, қорғасын, мырыш, темір, кварцит, табиғи құрылыс материалдары, т.б. өндіріледі. Климаты тым континенттік, қысы суық, қары аз, жазы ыстық, құрғақ. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері солтүстігінде 350 мм, оңтүстігінде 150 мм болады. А.ауданында: Тоқырауын, Қусак, Қаратал, Еспемейірман, Ақтайлак, Ащыөзек, Еспе өзендері бар. Орта және оңтүстік өңірлерінде құба баялыш, көкпек, боз және қара жусан, бұйырғын т.б. тау аңғарларында қарағай қайын, көктерек өседі. Жануарлардан: арқар, елік, сайғак, доңыз, қасқыр, түлкі, ақ қоян, қарсақ, борсық, күзен, суыр, ондатр, құстардан: шіл, бұлдырық, су құстары мекендейді. Тұрғындардың орташа тығыздығы 1км-ге 0,6 адамнан келеді. Аудандағы ірі елді мекендер: Шашубай, Саршыған, Гүлшат, кенттерден: Торанғылық, Ортадересін, Тасарал, Сәуле, Ақжарық, Шылым, Нүркен, Сарытерек, Қошқар, Айыртас, Жаңаорталық, Абай, Ақтас, Ақши ауылдары бар. А. ш-на пайдаланылатын жері 3990,7

мың га (1997) оның 42,2 мыңы егістік, 3910,2 мыңы жайылымдық жер. 38,1 мыңы шабындық жер. А.аудан. шаруашылығының басты саласы - мал-ш. Қой, жылқы, ірі қара өсіреді. Ауданда кәсіптік техникалық колледжі, бастауыш және орта мектептер, балабақша, 2 емдеу-сауықтыру мекемесі, 23 клуб, мәдениет үйі, халық театры, демалыс үйлері, оушылар лагері бар. Аудан арқылы Қарағанды – Ақтоғай –Балқаш - Қарағанды автотомб. жолы өтеді.

Әдеб..Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан.

АҚЫЛБЕКОВ Ақан (1943ж.т. Қоңырат ауд. Үшөзекте е.м.-1968ж.к.) Ауылдағы мектептен білім алған. 1961 жылы комсомол жастар бригадасы құрылған кезде шопан болып жұмыс істеді. Отбасы жағдайына байланысты Шұбартау совхозына барғанда әскер қатарына шақырылып, солдатқа кетті.

АҚШАБАЕВ Санақбай - (1938ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы, Сарытерек колхозы.,-2011ж.к.) Балалық шағы ауыр еңбектермен басталған. 1948ж. мектеп табалдырығын аттап, 1955 жылдары аяқтаған. 1960ж. шоферлық курсты бітіріп, колхозда, кейін Ақтоғай совхозында әртүрлі жұмыстар атқарды. Ауылдың өркендеуіне өз үлесін

қосып, Құрметті азамат атанған. 1979 жылы 15 маусымда «Қой қырку» ІҮ конкурстың облыстық байқауынан 1 орын алады. 1980 жылы өсы байқау аясында 2 орын иеленіп, дипломмен марапатталды. 1993 жылы құрметті демалысқа шықты. Ақшабаев Санакбай өнерлі қолы шебер адам болған. Ол кісінің өз қолынан жасаған ат шана, киізүй жабдықтары т.б туындылары бар. Сонымен бірге домбыра шертіп, ән салатын өнерпаз жан еді. Ақшабаева Шамшия (1939 ж.т.) 12 құрсак көтерген батыр ана. Санакбаймен 50 жыл отасқан. 1963 жылы қатардағы жұмыскер болып еңбеке жолын бастаған Ш.Ақшабаева ұзақ жылдар еңбек көшінен қалмады. Ол қандай жұмыс атқарса да жақсы жағынан көрініп, Алғыс хаттармен марапатталған. Отағасы екуінен тараған ұл-қыздары әр салада еңбек етіп жүр. Бүгінгі таңда Шамшия анамыз ұл-қыздарынан көптеген немере-шөбере сүйіп отырған бақытты әже.

АЛҒАМЖАНОВ Совет
(01.01.1937ж.т., Ақтоғай ауданы Сарытерек ауыл.,— 2015ж.к., Сарытерек) - атақты шопан, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы. Ол 1957ж. орта мектепті



аяқтаған соң еңбекке араласып, Ленин атындағы колхозда, жылқышы, шопан болып, мал шаруашылығында еселі еңбек етті. 1992ж. бастап құрметті еңбек демалысына шыққанша Ақтоғай ауданында мал шаруашылығын өркендетуге өлшеусіз үлес қосып: ауылдық, аудандық советтің депутаты, социалистік жарыстың үздігі, ауыл шаруашылығының озаты атанды. «Дегерес» қойынын тұқымын сұрыптау, асылдандыру, өсіру алғаш рет Алғамжанов Советтің отарында жүргізілді. ҚазақКСР ауылшаруашылығы министрлігінің асыл тұқымды мал өсіру ғылыми-зерттеу институтының маманы Соколов, Садыкулов, Имашев оз мамандарымен көктемде қой төлдегенде, күзде күйекалуда бір-бір айдан осы отарда болып, Советтің қатысуымен мал тұқымын сұрыптап, таза дегерес қойын ауыл шаруашылығына енгізді.

1963 жылы С.Алғамжанов ҚазақКСР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Ол өзінің ұзақ жылғы мінсіз еңбегі арқасында ҚазақКСР Министрлер Советінің қаулысымен «Қой шаруашылығының шебері» атанып, БЛКЖО Орталық Комитетінің қола медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен, басқа да мерейтойлық марапаттарға ие болған. Есімі Қазақ

КСР-нің Құрметті Алтын кітабына жазылып, «Құрмет дипломының», «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет Белгісі» ордендерінің иегері, «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» атанды. С.Алғамжанов саналы ғұмырын мал шаруашылығын өркендетуге жұмсаған бірегей тұлға, өзіндік еңбек мектебін қалыптастырған жастардың тәлімгері, еңбек озаты ретінде ел жадында қалды. 1963 жылы ҚазақССР Жоғарғы Советіне Ақтоғай сайлау округынан дупутат болып сайланды. Сайлаушылардың бірінші аманаты аудан орталығы жанында Тоқырауын өзеніне көпір салдыру еді. Депутаттың облыстық, республикалық орындардың алдында мәселе қоя білуінің нәтижесінде каражат бөлініп, 1966 жылы көпір салынды. Жұбайы Алғамжанова (Балтабаева) Жолтай (01.01.1940ж.т. қазіргі Сарытерек ауылы.) - Ленин колхозындағы мектепте оқыған. 1957 жылы Совет екеуі шаңырақ көтеріп, алты

ұл, төрт қызды дүниеге әкелген, бірнеше рет Ауылдық, Аудандық Советтің депутаты болған «БА-ТЫР АНА» ордені мен «Алтын алқа» иегері. 35 жыл жемісті еңбек еткен «Еңбек ардагері» медалінің иегері.

АЛДАБЕРГЕНОВ Қарпық. Ақтоғай совхозының Бірлестік бөлімшесін басқарған уақыты: 1.01.1963 – 1967жж. және 1971 – қазан, 1977жж. Қарқаралы зоовет-техникумын 1959 жылы зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Сонымен қатар, Мичурин совхоз техникумына оқуға түсіп, оны бітіріп, бухгалтер мамандығын алды. 1954 жылдың 1 қаңтарынан 1963 жылдың 1 қаңтарына дейін «Бірлестік» колхозында жұмыс істеді. 1959 жылдың мамыр айынан 1963 жылдың қаңтарына дейін «Бірлестік» колхозының зоотехнигі. 1963 жылдың қаңтар айынан 1967 жылдың мамыр айына дейін «Ақтоғай» совхозының №4 ферма меңгерушісі (Бірлестік), одан соң 1969 жылдың мамыр айына дейін «Ақтоғай» совхозының жұмыскері болды. 27.05.1969 ж. «Ақтоғай» совхозының №5 фермасында бас бухгалтер, 16.04.1971 – 10.1973 – «Ақтоғай» совхозының №4 ферма меңгерушісі қызметтерін атқарды. Ал, 1973 жылдың қазан айынан бастап, қайтадан Бірлестік бөлімшесінің



менгерушісі болып тағайындалды. Бұл уақытта Бірлестік – «Жамшы» кеңшарының №2 фермасы болды. 1977 жылдың 9 қыркүйегінен бастап «Жамшы» кеңшарының материалдық құндылықтар бойынша есепшісі (бухгалтері) болып істеді. Қазір зейнеткер, Балқаш қаласында тұрады.

АЛДАЖАРОВ Жарылғапбек (1931ж.т.). 1950 жылы әскери борышын өтеп келгеннен кейін колхоздың сүт таситын машинасын жүргізген. Кейін Иманбаева Әнешке үйленіп, көп жылдар совхозда қой бағып, шопан болған. Ұзақ жылдар істеген еңбегінің арқасында «Тыл ардагері», «Еңбек ардагері» медальдерімен марапатталған. Кейін зейнетке шығып 2013 жылы сәуірдің жиырма бірінші жұлдызында дүниеден озды. Жары - Алдажарова Әнеш (1938ж.т.) Дүниеге тоғыз бала әкелген. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, немере-шөбере сүйген ардақты ана. «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері.

АЛТЫНБЕКОВ Абзалбек Алтынбекұлы -(1930ж.т. Сарытерек ауылы Арқарлы таулының Мыңшұңқыр.,-2008ж.к.) Әкесі Алтынбек ақсақал кішкентайынан еңбекке баулып, қиындыққа үйрете білген. Жастық, балалық шағы ҰОС-ның қиын кезеңінде өтті. 11 жасынан бастап шешесіне

көмектесіп, бұзау тартып, соқаға жегілген өгіз басын жетектеп, қозы бағып, колхоздың барлық шаруашылығына көмек көрсетті. Соғыс қиыншылығын басынан кешкен Абзакең небары 4-сыныпты бітіріп, еңбекке ерте араласты.

1952ж. Ақтастағы май зауытында есепші болып жүрген кезінде Кеңес армиясының қатарына алынды. Одан оралған соң Ленин колхозының Желтау бөлімшесінде алғаш рет ашылған комсомол-жастар бригадасының жетекшісі болып жемісті еңбек етті. Осы жылдардағы елеулі еңбегі ескеріліп колхоздың басшылық жұмыстарына іліге бастайды. 1960ж. Қарқаралы қаласындағы бір жылдық шаруашылық мектебін есепші мамандығы бойынша бітіріп, фермада есепші болып қызмет атқарды. Желтауда бригада басшылығында жүргенде алғашқы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Жаркенов Иісбектің және совхоз құрылғаннан кейін ферма басшысы болып тұрған кезінде екінші рет Қазақ ССР Жоғарғы



Кеңесінің депутаты болған Алғамжанов Советтің сайлауына еңбек сіңірді.

Бұдан кейінгі жылдары Ақтоғай совхозы құрылғаннан кейін 1963 ж. бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін Ақтұмсық, Жетімшоқы, Кенелі, Имек, Қоянкөз бөлімшелерінде 40 жылға жуық басшылық қызметте болды.

Абзалбек Алтынбекұлы ұзақ жылғы қажырлы еңбегі үшін бірнеше мәрте аудандық, облыстық партия комитетінің, облыстық атқару комитетінің және Қазақ ССР кәсінодақтарының «Құрмет» грамоталарымен марапатталған. «Тың ардагері», халқының қалаулысы, 11 бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке. Әкесі Олжабекұлы Алтынбек ақсақал жас кезінде жауырыны жерге тимеген балуан болған. Колхоз ұйымдасқаннан бастап егін етіп, мал бағып, тылда еңбек еткен адам. 1967 жылы дүниеден өткен.

Шешесі Молдахметқызы Нүімкен (1902-1990) Өте қарапайым, қолынан өнер тамған ісмер кісі болған. Колхозда сауыншы болып еңбек етті. Зейнеткерлікке шығып, 90 ж. дүниеден озды.

АЛТЫНБЕКОВ Манарбек Абзалбекұлы-(1970ж.т. Ақтоғай



ауданы, Сарытерек ауылы.) 1987 жылы Сарытерек орта мектебін бітірген. 1988 жылы армия қатарында болып, азаматтық парызын өтеп келген соң ауыл шаруашылығында еңбек етті. Содан күні бүгінге дейін ел игілігі үшін аянбай тер төгіп келеді. Қазіргі таңда Әкенің берген тәрбиесінің арқасында «Олжабек» шаруа қожалығын ашып, мал шаруашылығымен айналысуда. Жыл озған сайын мал басын өсіріп, халықты ет өнімімен қамтамасыз етуге ат салысуда. Шаруашылығының қуаты артып, жақсы жетістіктерге жетіп келеді. Бұл орайда еңбегі еленіп, аудан және облыс басшылары тарапынан алғыс алуда, екі дүркін Қарағанды облысы әкімінің құрмет грамотасымен марапатталды. «Әке көрген оқ жонар» деген, әкесі Абзалбек Алтынбеков ұзақ жылдар Ақтоғай совхозында басшылық қызметте болып, өзінің адал да, қарапайым еңбегімен елге сыйлы болған адам. Манарбек те әке өнегесін бойына сіңіріп өскен ел азаматтарының бірі. Отбасында берекенің ұйтқысы болып отырған жары Ақгүл екеуі 8 бала тәрбиелеп өсіріп отырған, үлгілі жанұя.

АЛТЫНБЕКОВА Салиман Алтынбекқызы (1950ж.т. Ақтоғай ауданы Киров ауылдық кеңесі, Сәуле селосы.) 1973ж., Саран



педучилищесін, кейін ҚарМУ-дың филология факультетін бітірген. Еңбек жолын Қ.Нұржанов атындағы орта мектепте мұғалім болып бастаған.

1980-1982жж. Ақши орта мектептерінің директоры, 1982-1989 жж. Сарытерек селолық советі атқару комитетінің төрайымы, Ақтоғай аудандық әлеуметтік қорғау бөлімінің, Ақтоғай аудандық әлеуметтік қамсыздандыру басқармасының бастығы секілді жауапты қызметтер атқарған. 2001ж. – Тораңғалық орта мектебінің директоры, 2005-2009жж. Тораңғалық селолық округі әкімі аппаратының бас маманы болып жемісті еңбек етті. Мемлекеттік қызметтегі ұзақ жылғы абыройлы еңбегі жоғары бағаланып: облыс әкімінің Құрмет Грамотасымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» мерекелік медальмен марапатталды.

АМАНБАЕВ Наурызбай (1890-1983жж.) 1925ж. бастап Ленин колхозында жылқышы, қойшы, сиыршы болып еңбек еткен. Жұбайы Ершіманова Күлғайша (1915-2003). 1938 жылдан бері Ленин колхозында әртүрлі жұмыстар істеген. 9 бала өсіріп тәрбиелеген.

Ұзақ жылдар Ленин колхозында сауыншы болған. 1958ж. ауданның құрмет тақтасына суреті ілініп, жарыс жеңімпазы атанды. Бірнеше рет аудандық, облыстық Құрмет грамотасымен марапатталған.

АЛАШОРДА - Алаш автономиясының үкіметі (1917ж. желтоқсан-1920). А. немесе Ұлттық Кеңесі) 1917ж. желтоқсан айының 5-13 күндері Орынборда өткен ІІ Бүкілқазақтың съезінде сайланды. Съездің күн тәртібіне енген он мәселенің ішіндегі ең маңыздысы «Алаш автономиясын құру және оның үкіметін сайлау» болды. Съездің 12 желтоқсанда қабылданған шешімінің 6-бабында былай делінген: «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша «Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылсын. Алашорданың уақытша тұратын орны - Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады» («Сарыарқа», 1918, 25 қаңтар, №29). Съезде құрылған Алаш автономиясының үкіметі Уақытша Ұлттық Кеңес - Алашорда деп аталынды. Оның төрағасы болып, Әлихан Бөкейханов сайланды. Негізгі мақсаттың бірі:

Қазақстанда Ресейде жеңіске жеткен «социалистік» революциядан (бүлікшіліктен) қорғау болды. Осы міндеттерді ойдағыдай атқару үшін Алаш автономиясының «Алаш халықтық милициясы» атанған Қарулы Күштерін жасақтауға үлкен мән берілді. Оған қажетті офицерлер дайындау үшін атаман Дутов басқарған Орынбор қазақ әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажет деп табылды. Алашорданың Дутовпен жақындасуы оның жетекшілерінің жағдайын қиындата түсті. Өйткені Оңт. Оралда Әліби Жанкелдин ұйымдастырған қызылдар жасағы қызыл гвардия отрядымен бірлесе отырып, 1918 ж. 18 қаңтарда Орынборды басып алды.

Азамат соғысында жеңіске жеткен кеңес үкіметі Алаш партиясы мен А. Үкіметін таратты. Кеңес үкіметі Алаш пен Алашорданы Қазақстанның саяси қоғамдық өмірінен аластауда алдау мен арбау әдісін де, қару мен күш көрсетуді де жұмсады. Кезінде 1919, 1920жж.) Кеңес Үкіметі Алаш қозғалысына белсене қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, олар түгелге дерлік сталиндік қуғын-сүргіннің құрбанына айналды.

Әдеб.: Нұрпейсов К. «Алаш һәм Алашорда». 1995; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.-А1995; «Алтын бұлақ» (жиснақ).-А.2001жс.

АЛТАЙ бабамыз (т.к.ж.б.) найман ұрпағынан тарайды. Жабас атасы Кеңесбай өз заманында ауқатты адам болған. Кеңесбай бабамыздың қыстауы «Кеңесбай қорасы», «Кеңесбайдың Ақшиі», «Кеңесбайдың көк талы» деп аталған. (Қазіргі Майтас қыстағы). Алғашқы совхоз құрылғанда ескі картада көрсетілген. Бұл туралы деректер ескі картада анық көрсетіліп жазылған. Деректер қазіргі аудандық жер комитетінде сақтаулы. Кеңесбай 63 жасында дүниеден озған. Жабас әкейдің әкесі Халиолла ескіше сауаты. Абайдың өлеңдерін жатқа айтады екен. Әлихан Бөкейханов Думаға депутат болып сайланарда ел ішіндегі үш адам куәлік берген, соның бірі - Халиолла Кеңесбаев, екіншісі - Аяпберген Балабатыров, үшіншісі - Сүлеймен Бектібаев. Бұл деректі Қ.Әбішевтің Ресейдің мұрағатынан алған құжаттарында бар екені туралы Аяпберген Балабатыров айтады. Онда куәліктің 1906ж. 1 мамырда жазылғаны көрсетілген. Соның алдында 30 сәуірінде тағы жеті адам Әлиханның Думаға өту үшін куәлік берген екен. Онда Халиолла әкеміздің аты көрсетулі тұр дейді.

Қуандық Сәденов. Құлық-Жалаңтөс (Соқыр) ұрпағының шежіресінде 2009жс. жазылған.

АЛШЫМБЕКОВА Күлмара
Кұрмақызы (1948ж.т.)



Орта мектепті 1966 жылы бітірген соң, 1968 жылы Қарағанды есеп-қисап училищесін бітіріп, «бухгалтер» мамандығын алған соң еңбек жо-

лын МТМ-да бухгалтер болып бастаған. 1970ж. жұбайы Тілек Шойынбайұлының қызмет бабына байланысты қоныс аударып, Кенелі бөлімшесінің бухгалтері болып жұмыс жасап, одан кейінгі жылдары да әртүрлі салада: «Жамшы» совхозында балабақша тәрбиешісі, «Қаратал» кеңшарында рания маманы болып еңбек етті. Отбасында 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп, балаларының білім алып, өз алдына жеке үй болуына қамқор ана, немерелеріне абзал әже болып, абыройлы әулет атануына сіңірген еңбегі зор.

АМЕНОВ Несіпбек (1936ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы., -2013ж.к.) - мұғалім. ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Қарағанды обл., Шығыс Қоңырат руднигіндегі №17 ОМ, Балқаш қаласындағы №18 ОМ, №2 Абай атындағы ОМ қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Ақтоғай ауданы, Сарытерек орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет

пәнінің мұғалімі болды.

Ол қайда қызмет істесе де ұстаз ретінде әрбір өскелең жастан дербес тұлға, өмірге құштар адам тәрбиелеуге тырысты. Әдебиет арқылы жас ұрпақтың бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін еге білді. «Жас тілші», «Жас актер» үйірмелерін құрып, оқушыларды журналистік, актерлік өнерге баулыды. Н.Аменовтың көп жылғы еселі еңбегі еленін: 1981ж. «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісін, 1987ж. Қазақ КСР Оқу министірлігінің Құрмет грамотасын алып құрметке ие болды. 1983ж. «Еңбек ардагері» медалімен және «Ұлы Отан соғысына - 60 жыл», секілді бірнеше мерекелік медальдарымен марапатталып, есімі «Қарағанды облысының ұлағатты ұстаздары» атты энциклопедияға енді. Зайыбы Барланова Мінуар (5.11.1939ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд., Сарытерек ауылы.) 1963ж. Қарағанды медициналық техникумының фельдшер-акушер мамандығы бойынша бітірген. 1963-2003жж. Сарытерек ауылында фельдшер-акушер болып еңбек етті.

Сарытерек ауылының денсаулық сақтау саласында жақсы жұмыстарымен елге танылған, қолының шипасы бар дәрігер, көпшілік құрметтеген кіндік шеше, аяулы ана. Өмірлік

қосағы Аменов Несіпбек екеуі ұл-қыз тәрбиелеп, одан немере сүйіп, өнегелі отбасы бола білді. Бүгінгі күні балаларының бәрі жоғары білімді, әр салада адал қызмет етуде. Күміс алқа және Алтын алқа иегері атанды. Ақтоғай ауданы әкімінің Құрмет грамотасын, Қарағанды облысының денсаулық сақтау саласындағы мүлтіксіз адал еңбегі, саланың дамуына қосқан үлесі үшін Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының Алғыс хатымен марапатталған.

АМИРТАЕВ Әмірғали

(1936ж.т. Қоңырат ауданы, Кенелі е.м.) Қарағанды Мед.институтын бітірген. Көп жылдар бойы Айыртас совхозында, Қоңырат руднигінде, Балқаш қаласында хирург, терапев дәрігер болып еңбек етіп зейнеткерлікке шыққан. Зайыбы Жабасқызы Қалимаш 1943 ж.т. Сарытерек ауылы.) Қарағанды мұғалімдер институтын қазақ тілі . әдебиет факультетін бітірген. Ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарған. Айыртас совхозында, Қоңырат кентіндегі орта мектепте мұғалім болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. Отбасында 4 бала тәрбиелеп өсірген.

АРБАБАЕВ Асқар (т.к.ж.б.)

АЙДАРХАНҚЫЗЫ Бибішпен отбасын құрып, жанұяда Мапруза, Аманбала есімді бала тәрбиелеп өсірген. Асқар ата мен Бибіш апа

Қоңырат, Ақжал рудниктерінде жұмыс істеп, Сарытерекке қоныс аударып, совхоз кезінде көмекші шопан болып, зейнеткерлікке шыққан соң қайтыс болды. Айдарханқызы Бибіш - 1912ж. Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Қарағұлада туып өскен. Колхозда тоған қазып, егінде жұмыс жасаған.

АСАУСАРИН Бідырыс Асау-сарыұлы (1884ж.т.- ата қонысы «Бәйті» тауының етегінде, 1981ж.қ.)



1932 жылғы ашаршылықта елге төнген ауыртпашылықты жеңілдету жолында шиті мылтықпен бір ауылды асыраған құралайды көзге атқан мерген болған. «Коганович» колхозының «Қойтас» елді мекенінде мал баққан. Жолдасы Күлшар екеуі екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген. Балалары ержетіп, үйлі-баранды болып, әр тарапта еңбек етуде.

АСАУСАРИ-

НА Күлшар Қалиламбекқызы

(1890ж.т. Қарқаралы уезі «Берікқара» е.м. - 1975ж.қ.) Колхоздың маусымдық жұмыстарына қатысқан.



Барша әлем халқының тынышын алып, бейбіт өмірді ойран еткен неміс-фашист басқыншыларына қарсы

күрес күндерінде тылдағы еңбек майданына араласып, жеңісті жақындату жолында өзіндік үлес қосқан жан.

АСЫЛБЕКОВ Мақсүткәрім Сыздықұлы (1934-1991)

Алғашқы сауатын 1944 жылы Сарытерек орта мектебінде ашқан. 1954ж. аудан орталығындағы М.Горький атындағы орта мектепті үздік бітірген. 1957-58жж. Сарытеректе клуб меңгерушісі, 1958-61жж. Ленин атындағы колхоздың сүт фермасында меңгеруші болды. 1961-63жж. Қарағанды қаласындағы облысаралық совет партиясы мектебінің толық курсы аяқтап, XXII Партсъезд совхозында партком қызметін атқарды. 1965-1970жж. Ақтоғай ауданы халықтық депутаттар кеңесінің төрағасының орынбасары, (1970-1977) Қоңырат совхозы директоры қызметін атқарды. Осы жылдары еңбек ете жүріп, Целиноград ауылшаруашылығы институтын сырттай оқып, зоотехник-ғалым мамандығын игерді. 1977-1978жж. Жамшы совхозында кадр бөлімінде аға инспектор, 1978-1981жж. Шұбартау совхозында бас зоотехник, 1981-1986жж. Приозерный ауылында кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарды. 1982 жылы Москвада кәсіподақтар ұйымының мектебінен білім алды. 1986-1991 жылдары Айыртас,

Шұбартау совхоздарында селолық советтің председатели қызметін атқарды. ҚазақССР мен Қазақстан коммунистік партиясының құрылғанына 70 жыл толуына орай Мақсүткәрімнің халқына сіңірген еңбегін бағалап, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Алғыс хат» жіберді. Мақсүткәрім 9 бала тәрбиелеп өсірген.

АСЫЛБЕКОВ Сыздық Асылбекұлы (1898-1984) 1930 жылы атақты Спан балуанның қызы Биғайшамен шаңырақ көтерін 1 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген. Сарытерек ауылының құрылып, өсін- өркендеуіне атсалысқан азаматтардың бірі. Сыздық атамыз қолөнер шеберлігімен елге танымал болған. Қазақтың қара шаңырағы «Киіз үй» жасаудың шебері болған. Сарытеректе зав.ферма болып жұмыс жасаған. 1945-1955жж. партия қатарына қабылданған. ҰОС жылдарында Ақшатау кентінде тылда еңбек еткен.

АУБАКИРОВ Жазибек Бөріғұлұлы – (Ақтоғай ауданы, Ақтоғай совхозы 7.04.1972ж.т.) 1989 ж. Ақтоғай ауданындағы М.Горький атындағы қазақ орта мектебін бітірген. 1989-90жж. Сарытерек ауылында механизатор болып еңбек етті. 1990-92жж.



Ресейдің Красноярск қаласының 6701 Ә/Б-де жүргізуші болып әскери міндетін атқарып келді. 1996ж. Қарқаралы Зооветтехникум оқып бітірді. 21.01.2002ж. Теміртау қаласындағы ҚР ПМ-нің тыңдаушысы, 27.02.2002ж. Ақтоғай ауданы «Нүркен» а/округі ПМ ӘПБ учаскелік инспектор көмекшісі, 2005-2010жж. аралығында Сарытерек округінің ПМ ӘПБ учаскелік инспекторы қызметін атқарды. 2010-2012жж. Ақтоғай ауданы ПБ «Лицензия және рұқсат беру жүйесінің аға инспекторы», 2012-2017жж. аралығында ПБ «Азаматтық және қару айналымын бақылау жөніндегі аға инспектор» қызметін атқарып, 01.07.2017ж. полиция майоры шенімен зейнеткерлікке шықты. 2,3-дәрежелі ІО-ның медалымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

АУБАКИРОВ Бөріғұл

(2.01.1937ж.т. Қоңырат ауданы Сарытерек а/с. «Каганович» колхозы). Бұғанасы қатпай жатып еңбекке араласты: өгіздің басын ұстап, жер жыртысып, егін салысты. Аудан орталығындағы М.Горький атындағы мектепте оқып, 7 сыныптық білім алды. 1954ж. әкесі өмірден өткен соң, әрі қарай оқудың реті келмегендіктен колхоздың қара жұмысына шықты. 1956ж. Қарағанды қаласындағы

Токеревкадағы №27 училище-ге трактористік оқуды бітіріп келді. Бұл - «Каганович», «Сарытерек», «Ленин», «Үшөзек» колхоздары қосылып «Ленин» колхозы болған кез. 1957ж. трактордың құлағына отырған Бөріғұл: КДП-35, ДТ-54 секілді шынжырды трактормен еңбек етті. 1963ж. Ақтоғай совхозы құрылғанда совхоз басшылығы Аубакиров Бөріғұлды Кенелі бөлімшесіне жіберді. Кенеліде трактор жүргізін, мал шаруашылығын өркендетуге атсалысты. 1970ж. совхозға К-700 тракторы келіп, басшылар тәжірибелі механизатор Б.Аубакировка сенім артты. Кенелі бөлімшесінде 10 жылдан аса еселі еңбек етіп, ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Обылыстың, ауданның озат механизаторы атанып, 5 жылдық жеңімпазы болды. 1973ж. озат механизатор ретінде Бөріғұл Аубакировка «Москвич» жеңіл автокөлігі сыйға тартылды. Еңбек ардагері және бірнеше



мамлекеттік төсбелгілермен ма-
рапатталды. Басшылардың ұй-
ғаруымен 1975-1979 жылдар
аралығында Ақтұмсық бөлімше-
сінде тракторшылар бригадасына
басшылық жасады.

1980ж. совхоздың Жетімшоқы
бөлімшесіне ферма меңгерушісі
етіп тағайындалды. Бөкең өзіне
жүктелген бұл міндетті де абы-
роймен атқарды. Бәйбішесі Тәкіш
екеуі 9 бала тәрбиелеп өсірді.
Бүгінде балаларының жетеуі
жарық дүниенің қызығын ата-ана-
ларына көрсетіп: немере, шөбере
сүйгізін отыр. Тәуелсіздік алған
жылдары құрылған «Бөріғұл» ша-
руа қожалығына жетекшілік етіп,
ақтылы мал өсіріп, бала-шаға,
немере-шөберенің қызығын көріп,
отырған жайы бар.

АХМЕТТЕГІ

Жанабай 1890ж.,

Маңабай 1895ж.,

Әлібай 1901ж. және

Нұрила болған.

Жанабай бір тоға
кісі болды, қас

соқта шаруасы жоқ,

сол кездегі туыста-

ры Жанкең дейді

екен. Жанкең ерте

кезде жылқышы бо-

лыпты, одан кейін

зейнетке шыққанға

дейін бақташы бо-

лып жұмыс жасады. Бұл әкеміздің

бірінші бәйбішесі Бибіжан шеше-
мізден: Айбала 1995ж., Шайма-
ғанбет 1920ж., Темірғалы 1927ж.,
Дана 1930ж. есімді балалары бар.
Шаймағанбет ағамыз Ұлы Отан
соғысында қайтыс болды. Екінші
шешеміз Аманжолқызы Рымба-
ладан: Серік 1945ж., 1955ж. со-
қыршектен қайтыс болды. Мәне-
ре, Мафруза, Сара, Мәре атты
балалар тәрбиелеген.

Деректі ұсынған:

ұрпағы Баймағанбет Әлібайтегі.

АХМЕТЖАНҰЛЫ Сәкібай

(1932ж.т. Қар.обл. Ақтоғай ауд.

(Майтас елді мекені Сарытерек

ауылы). Әкесі Ұлы Отан соғысына

кеткен соң бұғанасы қатпай 10 жа-

сынан бастап еңбекке араласқан.

1952-1954жж. аудандық халық

сотының хатшысы болып еңбек

жолын бастаған А.С. 1954-57жж.

Қарағанды педагогикалық инсти-

тутында оқып, физика-математи-

ка мамандығын алған. 1957-68жж.

«Калинин» кол-ғы сегізжылдық

мектептің оқу ісі жөніндегі

меңгерушісі, 1968-74жж. Сарыте-

рек орта мектебі директорының

оқу ісі жөніндегі орынбасары,

1974-86жж. «Ақтоғай» совхозы

кәсіподақ комитетінің төрағасы,

1986-92жж. аталмыш мектеп-

те мұғалім, бастауыш партия

ұйымының хатшысы міндеттерін

абыроймен атқарған.

Туған жерінің гүлденіп даму-
ына С.Ахметжанов өзіндік қосқан



үлесі үшін оның есімі аудандық «Құрмет кітабына» жазылып, 1966ж. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, 2000ж. Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, атағына ие болды. 1995 жылдары Сарытерек ауылы ардагерлер кеңесінің жұмысына басшылық жасады. Зайыбы Дауылбаева Мәкіжан Түсіпқызы - 1936 жылдың 19 маусымында дүниеге келген. 1957 жылы Ахметжанов Сәкібайға тұрмысқа шығып, шаңырақ көтерген. Өмірге 13 бала (7 ұл бала, 6 қыз бала) әкеліп, оларды тәрбиелеп өсірген, ұлағатты ана. Көп балалы ана ретінде «Алтын жұлдыз» иегері. Ұзақ жыл үй шаруасында болып, балаларына тәлім-тәрбие берген, кейінде ауыл орталығындағы балабақшада тәрбиеші болып қызмет атқарған, елге елеулі қадірлі жан. Бұл күнде 11 баладан 38 немере, 35 шөбересі бар. Балалары, немерелері әр жерде, әр салада қызметтер жасап, еліміздің дамуына өз үлестерін косуда, шөберелері мектепте, жоғарғы оқу орындарында білім алуда. Жаны жайсаң, мінезі ашық, сабырлы, салмақты жан.

АХМЕТОВ Сейтхан (1910 ж.т.- 15.10.1986 ж.к.) Кенеліде №3 фермада почта тасушы болып еңбек етті. Жұбайы-Ахметова Жукен Ақайқызы. 1923 жылы туған. 5 тамыз 2017 жылы қайтыс болған.

Бұл кісілер ел-жұртқа сыйлы, гибратты жандар болатын.

АХМЕТОВ Тойшыкен (1893 ж.т. Тоқырауын бойы, Арал



төбе алқабы.,-1976 ж. к.) Жасынан ауылшаруашылығындағы: мал бағу, шөп шабу, әсіресе тоған қазу жұмыстарына көп қатысқан. Ағалары: Ысқақ, Досмақ, Тұяқбай төртеуі киіз үйдің ағашын жасауда елге үлгі болған, олардың шеберлігіне ел тәнті болған. 1942-43жж. Т.Ахметов Орал қаласында еңбек батальонында кара жұмыс жасаған. 1943ж. күзінен 1964ж. соңына дейін Ленин колхозында аға шопан болып еңбек етті. Абыройлы еңбегінің арқасында 1958 жылы ауданның озат шопандары қатарында болып, Москвада өтетін Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне аудан басшыларының ұсынысымен қатысқан. Зайыбы Әйгелқызы Рабиға (1906-1993жж.) еңбек ардагері. Ленин колхозындағы ауылшаруашылық

жұмыстарына белсене араласқан, көп жыл көмекші шопан болып, қой күзетіп, қой сауып әртүрлі сүт өнімдерін жасайтын орындарға өткізіп отырған. Бірнеше рет колхоздың мыңдаған қойын Балқаш қаласындағы ет комбинатына бесалты әйел бірігіп атпен, түйемен, өгіз арбамен айдап, аман-есен өткізіп ауылдың, ауданның мақтау марапаттарына ие болған. Отбасыларында 6 бала тәрбиелеп өсірген, бәрі де ер жетіп ел азаматы атанған.

АХМЕТХАНОВ Карбоз (1942-1982жж.) әкесі Маңғазбайұлы Ахметхан (1891ж.т. Үшөзек колхозы Тойғанбай қыстағы), анасы Рахима. Карбоз ержетіп, атжалын тартып азамат болған соң, зейнетке шыққан әкесі Ахметханның орнына жылқышы болған. 1977ж. шопандыққа ауысқан. Жолдасы Ахметханова Ғайни Мұқатайқызы (1944 ж.т.) Көп балалы ана «Күміс алқа» иегері.

АХМЕТОВ Қайдекеш және Майдекеш (1901 ж.т. егіздер, Қаракұла е.м.) Жасынан сөзге, жұмысқа ширақ, әртүрлі жұмыстарды атқарған. 1942ж. Ұлы Отан соғысына аттанған. 1943-44 жылдары ауылға хат жазып тұрған одан кейін хабарсыз кеткен. Қайдекештің жұбайы Әлиманова Бибіш (1910-1992жж.) Балалары бар. Колхоз, совхоздың ауылшаруашылық жұмыстарының

барлық түріне араласып, адал еңбек еткен қадірлі ана.

АЮ батыр - тарихта Табылдыұлы Тұрсынбай (Аю батыр) деген атпен белгілі болған. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов жазбаларынан және Ә.Марғұлан естеліктерінен кездестіруге болады.

Орта жүз, Арғын, Мейрамсопы, Болатқожа, Ақша, Тымырсық, Майқы би, Сарым, Тоқсан, Жиенгелді, Қожағұл, Тілеулі, Табылдыұлы АЮ ((Тұрсынбай) батырдың мазары. 1714 жылы туып, 1810 жылы 96 жасында дүниеден өткен.

Десек те Аю батыр туралы деректер аз, оны зерттеу келешектің ісі. Төменде келтірілген сілтеме: Аю батырдың қай заманда, кімдермен тұстас өмір сүргенінен және қандай жорықтарға қатысқанын білдіреді: 1728-жылдан бастап Шұбартеңіз маңындағы соғысқа қатынасады. 1729 жылы Балқаш көлінің оңтүстік өңіріндегі 80 күнге созылған Шора соғысына қатынасады. 1730 жылы Аңырақай шайқасы, жоңғарлардың Іле өңіріне дейін қуылуына қатынасады. 1748 жылы қалмақ әскерлері, Сарыарқа беліндегі Баянауыл, Қарқаралы, Бектауата (Әулие ата), Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс жағалауына жоңғарлар шабуыл жасайды. (Қ.С.Ә 106-109 бет және Әлкей Марғұланның

естеліктерінде). Орта жүздің әр руынан шыққан батырлар: Бас сардар Қанжығалы, Әлдеуін тегі, Ақша ұлы (анасы Болмашы) **Бөгенбай батыр** (1680-1778) бастауымен, оның ішінде мыңбасы, жүзбасылар сайланып, жауға аттанады. Орта жүз, Қаракесек, Келдібек ұлы Қаздауысты Қазыбек би, әрі батыр (1667-1778), Найман руынан Мәмбет тегі, Қожағұл ұлы Ерасыл (Қабанбай) батыр (1691-1769), Орта жүз, Арғын, Шұбыртпалы, Қоңырбай ұлы Ағыбай (Ақжолтай) батыр (шешесі Қойсана) (1800-1884), Орта жүз, Арғын Бәсентиін, Токтауыл батырдың ұлы Малайсары батыр, Малайсарының, қарындасы, Қабанбай (Ерасыл) батырдың жары Гауһар батыр, Арғын, Тәнбі сопы, Шақшак, Қошқар ұлы Жәнібек батыр (1705-1751), Арғын, Бәсентиін Өмір ұлы Жасыбай батыр (1706-1788), Арғын, Сүйіндік, Толыбай ұлы, Олжабай батыр (1709-1783), Арғын, Қаракесек, Қожағұл, **Табылды ұлы Тұрсынбай (Аю)** (1710-1810), Арғын, Өтеміс, Дос батырдың немересі, Қожаназар ұлы Жидебай батыр (1726-1831), Арғын, Құлық Жалантөс батыр, Жарылғап батыр, Тобықты, Асан Шақа ұлы Қараменде (анасы Нарбике) (1707-1797), Арғын, Сарым Сабота батыр, Арғыннан тараған Байзақ батыр, Кәрсенбай батыр, Сәрсенбай, Дүйсенбай, Тарақ батырлар, Уак

Баян батыр (1715-1757) өз сарбаздарымен жауға күйрете соққы береді. Жоғарыда аттары аталған батыр бабалар мың, жүз басылары.

(Қ.С.Ә 106-109 беттер және 4 том, 161 бет, Баян батыр туралы Шоқан Уәлиханов шығармалары, 1 том 22 бет)

1741 жылы Жоңғардың әскерлерімен қиян-кескі соғыс жүріп жатқанда, екі жүздей сарбаздарды бастап, торуылға шыққан Абылай аңдаусызда қолға түсіп қалады. Орта жүз бен Кіші жүзді Жоңғарға бағынуды ұсынып (подданствоны), екі жылдай жібермей қояды. 1743 жылы Әбілпайыз сұлтан Абылай мен Барақ сұлтанның балаларын аманатқа ұсыну арқылы босатып алды.

1750 жылы Жоңғардан қашып шыққан Амусараны іздеп шыққан Қытай әскерлерін тегіс қырған. Содан бұл соғыс жүрген жер қазіргі Қарағанды облысында «Шүршіт қырған» аталады. 1750 жылдың соңындағы Жоңғар қақпасындағы жеңіс жоңғарлармен соғысқа нүкте қойды. Осы соғыстарда аса көзге түскен, майданның қатты шайқасына 103 рет кірген Найман руының батыры Ерасылға бас сардардың ұсынысымен, қабандай күркіреген даусының айбынына қарап «Қаракерей Қабанбай» аты беріледі.

Қаракесек, Қожағұл Табылдының Тұрсынбайына жауға қарсы шапқандағы даусының ащы-

лығынан қарсылас дұшпаннын аты қан сиіп тұрып қалады екен. Сол сәтті пайдаланып, біздің сарбаздар жауды жапырып өтетін болған. Аюдай айбынды даусы үшін «Аю батыр» атағы берілген.

Жауды жеңіп, батырлар тарарда Қотана, Балқаш, Тоқырауын бойының Сарыарқаның батырларына бөлінген олжадан сыртқары, ерекке (сыйлықтың атауы) отауымен бір сұлу қыз, бір бәйгі ат, бір қалы кілем жапқан қара нар, бір камқа тон бөлінеді. «Өздерің бөліп алыңдар» деп, олжаны барлығына бірақ береді. Былай шыққаннан кейін батырлар ауылдарына қайтарда олжаны бөліспекші бола-

ды. Ол кездің заңдары бойынша көзге түскен бір батырға бөліктен сыртқары ерек беріліп, қалғаны үлкен-кіші демей барлығына тең бөлінеді екен. Еректі кімге беремізге келгенде, жасы үлкен, әрі батыр, әрі би Қараменде: «Үйде отырған қатын алушы ма еді?! Жауға атой салып, жол ашқан батыр алады да. Бұл жолғы ерек Табылдының Аюына лайық», - депті. Үш жүзден ерек алған деген ел аузындағы сөз осы болуы керек. Мұнан басқа жазба деректен көре алмадым.

Әдеб.: «Қ.С.Э 106-109 бет және Ә.Марғұлан Естеліктер», «Шоқан Уәлиханов шығармалары, 1 том 22 бет».

еңбек етті. Әбекең бәйбішесі Дәмөгей (1900-1985) екеуі отыз жыл мал бақты. Қой бағудың қырсырын жетік меңгеріп, Қоңырат ауданы бойынша мал бағудың шебері атанғандардың бірі осы - Әбілхан ақсақал еді. Әбекең бір рет халық депутаттары аудандық советіне, екі рет облыстық советке депутат болып сайланған адам. Үлкен ұлы Төлеуқұл Әбілханов Қазақстан Республикасына белгілі қоғам қайраткері болды. ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланған азамат. Төкім деген ұлы ұзақ жыл Балқаш кен-металлургия комбинатында еңбек етті. Ұрпақтары өсіп жетіліп, ел көлемінде еңбек етуде.



ӘБЕУОВ Әбілхан (1894ж.т.

Балқаш көлінің жағасында, Шұбартүбек е.м.,-1984ж.к. Балқаш қаласы.) Жастайынан еңбекке араласқан. Құбылтайдың Ахметінің атқошсысы, кейін байдың бас жылқышысы болған. Кеңес үкіметі келіп, бай біткен тәркіленген кезде сүзекіде жұмыс жасаған. 1938 ж. жұмыс күші аздық етіп, Кенеліге көшіп келіп, қой баққан. Соғыстан бронмен қалып мал шаруашылығында



ӘБДУАҚАСҰЛЫ Жағыпар (20.05.1924 –1986жж.) Ұлы Отан соғысының ардагері, 2-ші топтағы соғыс мүгедегі. Қатардағы жауынгер, 30.08.1942 - 29.01.1944жж. дейін 22-ші атқыштар полкында соғысқа қатысқан. Сол қолынан ауыр жараланған. Бірнеше орден-медальдары бар. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 02.04.1946ж. Жарлығымен «1941-1945жж. ҰОС Германияны жеңгені үшін» медалімен, «Жауынгерлік қызметі үшін» медалімен, осы Президиумның 11.03.1985ж. Жарлығымен неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі, батырлығы және табандылығы үшін «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен, 12.04.1985ж. Жарлығымен «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл» және 27.07.1979ж. Жарлығымен «КСРО Қарулы Күштеріне 60 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

Ж.Әбдуақасұлы еңбекке жастайынан араласқан. Еңбек кітапшасы 10.01.1945ж. басталады. Петропавлдағы ауылшаруашылық техникумын агроном мамандығы бойынша бітірген. Бірінші қызметі – «Сарытерек» колхозының есеп жүргізушісі. 15.09.1947ж. – Сарытерек ауылдық кеңесінің хатшысы; 10.03.1953ж. – ауылдық кеңестің төрағасы; 1954-1957жж. – Ақмола

қаласындағы үш жылдық колхоз төрағасын дайындау курсы бітірген. 7.09.1957ж. – «Ленин» колхозы төрағасының орынбасары; 1959ж. – сол колхоздың төрағасы; 1961ж. – агроном. 1963 жылдан «Ақтоғай» совхозы жұмыскерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1971ж. 5 қарашасынан бастап кадрлар бөлімінің инспекторы қызметтерін атқарды. 1959ж. 1 наурызда және 1965ж. 14 наурызда өткен сайлауларда Сарытерек ауылдық кеңесіне депутат болып сайланған.

Отанға, елге сіңірген еңбектері кезінде өз бағасын алып, жоғары құрметке ие болды. 10.07.1985ж. Жезқазған облыстық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің шешімімен «Еңбек ардагері» медалі берілді. Ал соғыс уақытында тылда жасаған еңбегі 15.09.1946ж. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен бағаланды.

Жақанның зайыбы Базар Мұхаметжанқызы, шаңырақтың берекесін кіргізіп, бүкіл ауылдың, ағайын-туыстың көңілін таба білген адам. Соғыс уақытында елмен қатар жұмыс істеп, тыл ардагері атанды. 1942 жылдың I қаңтарынан 1963 жылдың I қаңтарына дейін жұмыстан қол үзген жоқ. «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен, «Ұлы

Отан соғысындағы Жеңіске 30, 50 және 60 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды. Ал Ұлы Жеңістің 55 жылдығы құрметіне ТМД үкіметтері басшыларының 1999 жылғы 8 қазандағы шешімімен «1941-1945жж. соғыс ардагері» белгісі тапсырылды. Балқаш қаласында қыз баласы Нариманның қолында тұрып, 2010 жылдың қараша айында дүниеден өтті.



Ә Б Д І Ғ Ұ Л О В

Әшембек (1928ж.т.) 1935-1942ж.ж. жеті жылдық мектепті бітіреген соң, колхоздың әртүрлі жұмыстарына қатысып еңбек етті.

1943-1947жж., Қоңырат ауданы Жәмші ауылсоветіне бастауыш мектеп мұғалімі болып тағайындалады. 1947-1948жж. Қарағандыдағы екіжылдық мұғалімдер институтының қазақ тілі, әдебиеті, факультетін бітірген. 1949-1952жж. Киров атындағы колхоздың жетіжылдық мектебінде оқытушы және оқу ісінің меңгерушісі болыптағайындалады. 1952-1955жж. осы қызметін Калинин атындағы жетіжылдық мектепте атқарады. 1951-1953жж. Алматы қаласындағы ҚазПИ-ді сырттай оқып бітіреді. 1955-1958жж. Қоңырат аудандық оқу

бөлімінің инспекторы, 1958-1961 жылдары аудан орталығындағы М.Горький атындағы мектепте және кешкі мектепте сабақ берумен қатар аудандық партия комитетінің консультант-нұсқаушысы болып қызмет жасайды. 1961-1962жж. аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1963-1964жж. тұтыну қоғамы басшысының орынбасары, 1965-1966жж. аудандық мәдениет бөлімінің басшысы, 1967-1975жж. Сарытерек (Ақтоғай) совхозының партком секретары, 1975-1978жж. Шұбартау совхозының партком секретары, 1978-1982жж. Приозерный аудандық бақылау комитетінің аға нұсқаушысы, 1982-1991жж. Нүркенселолық кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған. Партия советі қызметіндегі ұзақ жылғы мінсіз еңбегі жоғары бағаланып: 1957 жылғы «Тың жерлерді игергендігі үшін», «1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін», «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 20 жылдығы» 30,40,50 жылдығына арналған мерекелік медальдармен марапатталған. Ұлы Отан соғысы жеңісінің 55 жылдығына арналған ҚР Президенті Н.Назарбаевтың, Қарағанды облысының әкімінің және Ақтоғай ауданының әкімінің құттықтау хаттарымен және «Соғыс ардагері» белгісімен мара-

патталған. 1991ж. зейнеткерлікке шығып, 1992ж. дербес зейнетақы тағайындалған. Зайыбы Түсінбекова Мүслима.

ӘБДІҰЛЫ Уақап (1900-1986 жылдар) Уақап ақсақал Кеңес үкіметінің қуғын-сүргінін, аштық нәубетін, соғыстың ауыр жылдарын бастан өткерді. Сол қиын жылдардың бәрінде де елімен бірге еңбек етті. 1934 жылы «Калинин» колхозында бригадир болып жұмыс жасады. 1942-1950 жж. «Калинин» колхозында сиыр фермасының меңгерушісі, 1951-1965жж. «Кенелі» мен «Майтас» колхозында сатушы болды. Зейнетке шығып 1973 жылы Қоңырат поселкісіне көшіп келді. Жұбайы Жазықбекқызы Жақсыбала (1913-1986 жж.)

ӘБІЛПЕЙІС Көшербайұлы



(1906ж.т. Арқарлы – Қарабалы, қазіргі Қорысбай батыр қыстауы., - 1979ж.қ., Сарытерек ауыл.) – Ұлы Отан соғысының ардагері. 1932 жылы Шет райвоенкомат/Қоңырат ауданы/ арқылы Ақтоғайдан Балқаш комбинаты-

на жіберілген. 1932-1934 жылдары «Стахановшы» деген атақ алған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, Украина майданында 605 атқыштар полкінде минометчик болған. Запорожье маңындағы шайқаста ауыр жарақаттанады. Сол жылы I топтағы мүгедек болып елге оралған. 1943ж. мүгедектігіне қарамай, колхозда шопан болды. Ақтоғай ауданында үздіксіз еңбегі үшін 1950-1961жж. Қоңырат-Ақтоғай ауданы атқару комитетінің басқару мүшесі болды. 1959-1966жж. Ақтоғай аудандық советінің депутаты. 1964 жылы Ақтоғай ауданында мал шаруашылығын өркендеткені үшін, I-ші шопандар тойында жеңіл автокөлікті сыйға алған. Жеңістің әр жылдардағы мерекелік медальдарымен марапатталған. Өмірлік жары - Майра Қалқайқызы (1924-2016жж.) - ата-анасынан ерте айырылып, Ленин колхозында 1941ж. 7 кластық білім алған. Соғыс жылдары тылда еңбек етіп, жеңісті жақындатуға үлес қосты. 1943ж.тылдағы еңбегі жоғары бағаланып: «1941-1945 Ұлы Отан соғысындағы екпінді еңбегі үшін» және жеңіс құрметіне арналған меркелік медальдарымен марапатталған. Дүниеге 15 бала әкелген Батыр ана, тыл ардагері.

ӘЙІПБЕКОВ Серғазы - (1948ж.т. Ақтоғай ауданы Ле-

нин колхозы.,-2008ж.к. Балқаш қаласында.) 1965ж. Сарытерек орта мектебін бітірген. 1966ж. Балқаш қаласында шофер-тракторист мамандығын алып, ауылға келген соң «Ақтоғай» совхозында жүргізуші, тракторист болып жұмыс жасаған. Секең совхозда озат механизатор атағын жеңіп алған. Алған алғыс хаттары мен заттай сыйлықтары аз емес. Серғазы жұбайы - Гүлнар екеуі жанұяда 8 бала тәрбиелеп өсірген, «Күміс алқа» иегері. Қазір Балқаш қаласында кенже ұлы Дидардың қолында тұрады.

ӘЙНӘПІЛОВТЕР: Дәкен және Бибіқайша. Дәкен (1887-14.02.1957жж.) Бейсенбайұлы Әйнәпідің отбасында дүниеге келген. Бауырлары Бибіш, Жақып және Жақыметпен қатар өсін, ер жеткен. 1917 жылы Мұстапақызы Бибіқайшаға үйленіп, отау құрды. Төрт бала сүйді: Сержан, Боржый (шын есімі Қажыкәрім), Тахсин, Майра (ерте қайтыс болған). Еңбекке ерте араласқан, күш-қайраты мол, мінезі қатал адам еді. Ұжымдастыру кезінде ауылдағы көптің бірі болып колхозға мүшелікке кірген. Онда малшы, егінші, т.с.с бірқатар жұмыстарды атқарған. Ауыл адамдары мен туыстар арасында беделді кісі болған. Дәкен Әйнәпілұлын ағайын-туыстар

Кіші аға деп қадірлесе, былайғы жұрт Пірәдәр деп сыйлаған. Бибіқайша Мұстапақызын туыстары Баба десе, өзге жұрт Бибекке деп құрметтеген. Атамыз қақпан құрып, ит салып саятшылықпен айналысқан. Апамыз көбінесе үй шаруасында жүрген. Суырып салма ақындығымен айтыстарға қатысқан, қиса, ертегі, жұмбақ, жаңылпаштардың айтқышы еді.


1926 жылы Тоқырауын өзеніндегі Тасөткелге жақын жерге қыстақ салды. 1928-1932 жылдары қыстаққа Ленинградтың су зерттеу ғылыми институтының ғалымдары көктемде келін, күз түскенше өзен суына зерттеулер жүргізген. Дәкен әулеті олардан орысша үйренген. Көкөністер өсіруді солардан көрген. Дәкен Әйнәпілұлы өмірінің соңғы жылына дейін колхозда еңбек еткен. Бибіқайша Мұстапақызы 1975 жылы қайтыс болды. Дерек берген ұрпағы.

ӘЛМАҒАНБЕТОВ Әбіл

- (1.12.1946 ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылы.) Әкесі Әлмағанбет, шешесі Гүлқайыр момын, елге сыйлы, туған-



туысқа өте қамқор болған адамдар. Әбіл 1-сыныпты осы ауы-



лынан бастап Ақтоғай, Балқаш қалаларынан оқып аяқтаған. Мектепті бітірген соң совхозда клуб меңгерушісі қызметіп атқара жүріп, Алматы қаласына «Суретшілік» мамандығы бойынша оқуға түсіп бітіріп алды. Содан кейін ауылдағы Сарытерек орта мектебінде 33- жыл мұғалім болып қызмет атқарды. Осы жылдар ішінде Әбілдің көп еңбектері газеттерге жарияланып тұрды. Мектептегі оқушылары апарған көрмелерден жүлделі қайтып отырды. Бұл еңбектері еленіп ауылдық, аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға ие болды. Алматыдан суретші өнеріне байланысты арнайы келіп суретке түсіріп кітапқа шығарып Ақтоғайдың музейі мен кітапханасына жіберілді.

Отбасылы. Жолдасы Бақытгүл мектепте мұғалім болып еңбек жасап жатыр. Қызы Маржан Балқаш қаласында тұрады. Екі баласы бар.

ӘЛІБАЕВ Тиыштықбай (1942ж.т. - 1982.28.XIIж.к.) 7 жылдық мектепті бітіргеннен кейін Дубовкадағы Ремесленный училищесінде оқып, механизатор мамандығын алған. Ленин колхозында тракторист, комбайнер болып жұмыс жасады.



1977-1979жж. жылқы, 1979 жылдан бастап совхозда қой бақты. 1982 жылы 40 жасында қайтыс болды.

ӘЛІБАЕВ

Баймағанбет



(1947ж.т.) - есепші. Көп жылдар бойы Ақтоғай ауданында есепші қызметін атқарған. Жолдасы Құдабай Ықыласқызы Күлбарам 1948ж. туған.

ӘЛІБАЕВ Ферзат /Дәулет/ (1955ж.т. Ақтоғай ауданы, Кенелі е.м.) Сарытерек орта мектебін бітірін, әскери борышын өтеп келген соң, совхоздың Кенелі бөлімшесінде еңбек етті. Екпінді еңбегімен көптің назарына ілікті. Ауылдық советке бірнеше рет, Ақтоғай аудандық советіне екі



дүркін депутат болып сайланған. Кенеліде таңдаулы механизатор атанды. Зайыбы- Айтжанқызы Зинаш дүниеге 6 бала әкелген «Күміс алқалы» ардақты ана. Зинаш тұрмысқа шыққанға дейін Сарытеректе үздік кітапханшы болып еңбек еткен. 1974ж. комсомол жастарды мал шаруашылығына тарту саясаты басталған кезінде совхоз басшысының ұсынысымен Зинаш Айтжанқызы мал шаруашылығына жіберілді. Әлібаевтар отбасы 1980-95ж.ж. ауыл шаруашылығына үлкен үлесін қосып, қажырлы еңбек еткен мал шаруашылығының озаттары атанды. Совхоз тараған соң қазіргі уақытта отағасы Дәулет екеуіде №3 фермадағы «Талдыбұлақ» шаруа қожалығын дөңгелетіп отыр

ӘЛІМБЕТОВ Ахмедия

Әлімбетұлы (1917ж.т. Қоңырат ауданы., 2006ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Бұғанасы қатпай колхоз жұмысына араласты. 1941 жылы әскерге алынып, 77-ші атқыштар полкнің құрамында майданға кірген. 1942 жылы Сталинградты азат етуге, одан кейін 19-шы Армия құрамында, 2-Беларус майданында, 95-атқыштар полкінің құрамында сұрапыл шайқастарға қатысқан.

Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін»,

«Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, «Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков» медалімен, «КСРО Қарулы күштерінің 70 жылдық медалімен», Ұлы Жеңістің мерекелік медальдарымен марапатталды. Соғыста екі рет ауыр жарақат алып, елге оралған соң бейбіт еңбекке араласып, өз мамандығы бойынша зоотехник, жүргізуші болып жұмыс жасады.

ӘЛІМБЕТОВА Күләят Даниалқызы (1924ж.т. Балқаш өңірінде.,-1987ж.к.) - сатушы. Жеті жасында анасынан жетім қалып әкесінің інісінің қолында ержетін, 16 жасынан жұмысқа араласып, соғыс жылдары үлкендермен бірге мұз үстінде түн қата жүріп, майданға азыққа балық дайындасқан. 1946ж. Қоңырат ауданында Әлімбетов Қожахметпен тұрмыс құрып, колхозда әртүрлі жұмыстар атқарады.

1960ж. бастап кооперативке кіріп зейнет жасына жеткенге дейін сатушы болып қызмет жасады. Осы жылдар ішінде халықтың сұраныс тілектерін қанағаттандырып абыройлы еңбегі үшін аудандық, облыстық мақтау қағаздарымен, медальдармен марапатталды. Еңбек және тыл ардагері. Алты құрсақ көтеріп, екі қыз тәрбиелеп оқытып өсірді.

ӘЛІМБЕТОВ Қожахмет Әлімбетұлы (1915ж.т. Қоңырат

ауданы.,-2006ж.к.) Соғыс жылдары Балқаш қаласында тылда жұмыс жасаған. Отбасы жағдайына байланысты колхозда еңбек етті. Шұбартау отгонында ферма меңгерушісі, көмекші шопан, құрылыста есепші, қойма меңгерушісі болып жұмыс жасады. Ұзақ жылғы табанды еңбегі ескеріліп, «Еңбек ардагері» медалімен наградталып, бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталған.

ӘЛІМБЕТОВ Нүрке Мұхамедияұлы (5.07.1924ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы. «Ақсай» қыстағы.) Бұғанасы қатпастан 10 жасынан бастап, өгіз басын ұстап еңбекке араласқан. Аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне бір кісідей сүбелі үлес қосқан Нүрке Әлімбетов ауылшаруашылық саласына 1968-69жж. шопан болып, еңбек сіңірген. «Тыл ардагері және Еңбек ардагері» Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерекесінің медалімен марапатталған.

ӘЛИМАНОВ Шәріп (1900 жылы туып - Қарағанды облысы. Қоңырат ауданы, Тоқырауын бойында, Қарашілік., «Әлиман» қыстауы., 1990 жылы қайтыс болды.)

Ақтоғай ауданы құрылған алғашқы жылдардан ел басқарған. Сарытерек ауылдық кеңесінің төр-

ағасы қызметіп атқарған. Шәріптің әкесі ұста болған адам. Халыққа күрек, қайла, соқа тісін, арба, су диірмен, бидай ұнтақтайтын ауыр тастарды қашап жасаған. Әкесі мен Шәріп су диірменін құрып, бидай тартқан. Аш кедей, босыған халықты аман алып қалу үшін, бидай тартып ел үшін аянбай еңбек еткен. Шәріп әкеміз Әмірбайқызы (Шегір) Жания шешемізбен отбасын құрып, жанұяда Қаукен, Мәкен, Дәкен, Абзал атты балалар тәрбиелеп өсірді. Шәріп Әлиманов сауатты болған, 7 сынып бітірген. 1928ж. алғашқы ауданды ұйымдастырушылар қатарында бірге жұмыс жасаған. Кейін партия қатарына өткен. 1932ж. партияның нұсқауы бойынша Сарытеректе басқарма болып жұмыс жасап жүрген кезде 1939ж. қаңтар айында түнделетіп келген НКВД-ның жендеттері: “Сен халық жауысың!” деп кісендеп алып кеткен дейді. Шешеміз Жания НКВД-ның милицияларынан қорқып, айтпайтын. Кейінгі жылдары бар айтқаны жалған арыз жазғандар НКВД-ның екі милициясы айдап әкеткен өзіміздің танытын ауылдың, ауданның адамдары деп, іштей ауыр күрсініп, жылап отыратын. Шешем төрт баламен колхозда сауыншы болып жұмыс істеп балаларын асырады. 1993ж. 9 шілдеде «Сарыарқа» газетіндегі

тізімде Әлиманов Шәріп 1900ж. 15 жылға сотталған. 1959 жылы ақталды деген «Зерде» кітабының жұмысшы тобы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің облыстық басқармасы, облыстық прокуратурасы және облыстық ішкі істер басқармасы бірлесе отырып, 30-40 жылдары және 50 жылдардың басында саяси қуғын-сүргін, жазалау зұлматына іліккендерді ақтау жөніндегі қосымша тізімде жазылған. Шәріп әкеміз жалған жаланың құрбан болды. Шешем Жания ауылымыздың арыз жазған, жалақорларымен бірге колхозда жұмыс істеп жүріп, жылаумен өмірден озды. 1937 жылы сталиндік қанды қырғынның құрбаны болған.

ӘЛІБАЙ (т.қ.ж.б.) Нүрке кожадан ескіше оқыған. Кейін өз бетімен сауатын ашып газет жорналды оқи беретін. Көп кисаларды жатқа білетін. Бес уақыт намазын оқып, басқадай моллалық жасамаған адам. Бәйбішесі Ынтықбек қызы Рсалды 1918ж туған, бірге туғандары жоқ. Шешеміз әкемді Әле деп атағаннан кейін басқалар да солай Әле дейтін. Жаңкең мен Маңкенді әке дейтінбіз. Әлең 1942 жылға дейін Каганович колхозында әртүрлі жұмыс жасаған. 1942-1949 жылдар арасында Балқаш

қаласында еңбек батальонда болып, жай жұмыс жасаған. Батальоннан келгеннен кейін 10 жылдай жылқы бақты. 1957 - 1970 ж.ж. қойшы болды. Шешем Кағанович колхозында қолдай қара жұмыс жасаған, ерте көктемде егін салатын кезде тоған аршиды екен. Сол тоғанды Сәуір айында жалаңаяқ тұрып тазалайды екен. Соның салдары ма екен шешем 60 жасқа жетпей қайтыс болды. Шешеміз Рысалдыдан Гүлшат 1935ж, Тиыштықбай 1942ж, Баймағанбет 1947ж, Жасұзақ 1953, Дәулет 1955жылғы.

Ә М Е Н О В А
Күлзия Серікқызы - (24.08.1954ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.)



1972 ж. орта мектепті бітірген соң, ауылдағы балабақшада тәрбиеші, Сарытерек орта мектебінде аға пионер вожатый болып қызмет атқарған. 1973ж. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың физика факультетіне оқуға түсіп, 1978ж. Сарытерек орта мектебіне физика пәнінің мұғалімі болып орналасты. 1988-92 жылдар аралығында Қызыларай орта мектебінде мұғалім болып жұмыс жасады. 1992-2015 жылдарға дейін Ж.Кеңесбаев атындағы мектепте мұғалім болып қызмет

атқарды. 2012ж. зейнеткерік демалысына шықты. Ұзақ жылдардағы педагогикалық қызметі үшін, бірнеше мәрте аудандық, облыстық білім басқармаларының, аудан әкімінің құрмет грамоталарымен және ҚР Білім және ғылым министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. 4 баланы тәрбиелеп өсірген ардақты ана.

ӘМЕН Төкен Әліұлы (1927 жылы туып Ақтоғай ауданы Қызылтас бөлімшесінде, 1966 жылы қайтыс болды).

Әкесі Әлі 1940 жылы Мәскеуде өткен ауылшаруашылық көрмесіне қатысып «Алтын грамотамен» марапатталған. Өзі 1930-1937 жылдары Қызылтаста ашылған Әлкей Марғұланның бастауыш мектебінде алғашқылардың қатарында сауат ашқан. 1957-1958 жылдары ағаш кабиналы машиналардың жүргізушісі, 1964-1966 жылдары Сарытерек ауылында диспетчер болып қызмет жасаған. 1944 жылы отбасын құрып, Әлина Үкібаламен отбасын құрған. Жанұясында 4 бала тәрбиелеп өсірген. Үкібала колхоздастыру кезінен бастап «Тыл еңбеккері» атағын алған. 1966-1973жж. Ақтоғай совхозы №4 ферма Бірлестік бөлімшесінде бухгалтер қызметін атқарған. 1993 жылы дүниеден өтті.

ӘМЕНОВ Құтжан (т.ж.б.-1943ж.к.) Тоқырауын өзенінің бойындағы сол кезгі «Үшөзек» колхозында бригадир болып жұмыс жасап жүргенде, жалған жаламен айдалып кетіп, 1943 жылы Волго-Вятск қаласында (атақты Беломорканал құрылысында) орыс басбұзарларының қолынан мерт болған.



ӘМЕНОВ Серік (1.01.1930ж.т. Қоңырат ауданы Сарытерек ауылы, Үшөзек колхозы.) 1939ж. Сарытерек орта мектебіне қабылданып, 1946 жылға дейін оқыды. Одан соң аудан орталығындағы М.Горький атындағы мектепке ауысты. Мектеп бітірген соң колхоздың ауыл шаруашылық жұмыстарына көмектескен. 1947 жылы Балқаш қаласындағы «Фабрично-Заводское обучение» мектебінде 6 айлық курста оқып, тас қалаушы мамандығын алады. Содан Шығыс Қоңырат руднигінде біраз жыл жұмыс жасайды. 1954 жылы геолого-разведочный мекемесінде жұмыс жасады. Осы ГРП-де жұмыс жасап жүргенде қолынан жарақат алып, 1955 жылы 3-топтағы мүгедектігіне байланысты зейнетке шықты. Зейнетке шыққан соң туған ауылына



Ленин колхозына қой фермасында есепші мамандығында жұмыс жасады. Бұдан кейін Ақтоғай аудандық потребсоюзға жұмысқа орналасады. 1968 жылдан бастап Сарытерек орта мектебінде зейнеткерлікке шыққанға дейін шаруашылық меңгерушісі болып еңбек етті. Жұбайы Тапалова Айт-бала (01.01.1936ж.т. Сарытерек ауылы.) Мектепке 4 сыныпқа дейін оқып, Соғыс басталуына байланысты оқуын жалғастыра алмай 1940ж. бастап еңбекке араласқан. Соғыс кезінде әке-шешесіне сиыр сауып, егін орып, масақ теруге көмектескен. 1950ж. Әменов Серік деген азаматпен отбасын құрып, еңбек етіп 10 бала тәрбиелеп өсірген. Соғыстан кейінгі жылдардың өзінде де 1955ж. жазда арық тазалап, картоп егіп, белсенді еңбек етті. Совхоздың маусымдық жұмыстарына қатысып: мал төлдету, қой қырку жұмыстарына араласқан. 1973ж. «Социалистік жарыстың озаты», 1989ж. «Еңбек ардагері» медальдарымен «1941-45ж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне 60 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. 1977-79жж. екі мәрте Сарытерек селолық кеңесінің депутаты болған. Көп балалы ана ретінде 1977ж. «Батыр ана» атағына, 2004ж. «Алтын алқа» белгісіне ие болған. 1998ж. зейнеткерлікке

шықты. Балаларының барлығыда жеке-жеке отау құрып еңбек етуде.

ӘМІРБЕКОВ

Тұрлыбек - (1.04. 1935ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, Нығман қыстауы Қарашілік.,- 2016ж.к.) Әкесі Сұраншин Әмірбек



Ленин колхозының алғашқы басқармаларының бірі болған. Анасы Жұматайқызы Нұржәмила сиыр фермасында сауыншы болып жұмыс істеген. Тұрлыбек 1942-47жж. ауыл мектебінде білім алып, егін салу, шөп шабу жұмыстарына қатысқан. 1954ж. әскер қатарында болып келген соң, еңбек жолын жалғастырады. Қоңырат руднигіндегі жер бұрғылаушы, кен іздеуші, 1963ж. Ақтоғай совхозында жүргізуші, білікті маман, озат жүргізуші болып жұмыс жасады. «Еңбек ардагері» (1987), 1941-45жж. Ұлы Отан соғысына 60 жыл, 65 жыл мерекелік медальдарымен, «Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске 70 жыл» мерекелік медалімен т.б. мақтау қағаздарымен марапатталған. Тұрлыбек Құтжанқызы Күлжанмен отбасын құрып, жанұяда 6 бала тәрбиелеп өсірді. Шешеміз Күлжан 1937ж. Сарытеректе туып өскен. Совхозда клуб үйінде жұмыс жасаған. Совхоздың мал төлдету, қой қырку

т.б жұмыстарына қатысқан. Содан зейнеткерлікке шығады. Қазір кенже ұлы Қуаттың қолында тұрады.

ӘМІРҒАЛИҚЫЗЫ Күлбағира (1907ж.т.) Ол кісі тоған қазып, егін салып Ленин колхозында еңбек еткен. Ленин колхозы алғашқыда Қарақұла колхозы деп аталған. Сол жерде масақ теріп, нан пісірген. Анамыз сырмақ басып, алаша тоқыған, ал әкеміз Қалиев Мұқатай қолөнер шебері болған екен. Ол кісі ертоқым, етік шегелеп, қолөнер бұйымдарын жасаған.

ӘУЕЗ ЕНЕ - көріпкел, әулие, халық емшісі. Ақтоғай-Балқаш қаражолында Әуезбақы деген бұлақты, көғалды жер бар. Әуез ене ұрпақтары сол жерде «Әуез ананың 250 жылдығына» арнап ас берді. Қабырын мәр-мәр таспен жауып, басына құлпытас орнатты.

ӘУЕЛБЕКОВ Әміржан (1928ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Каганович колхозы.,-2001ж.к.). Әміржан әкеміз колхозда тоған қазу, егін салу, шөп шабу жұмыстарын жасап, кейінгі жылдары колхоз малын бағып еңбек еткен. Жұбайы Нығметжанқызы Төкен екеуі отбасын құрып, жанұяда 10 бала тәрбиелеп өсірді. Әкемізбен шешеміз Ленин колхозында сиыршы болып совхоз құрылғанда әкем шопан шешеміз көмекші шопан болып жұмыс жа-

сады. Нығметжанқызы Төкен ба-тыр ана. Төкен Нығметжанқызы 2002ж. қайтыс болған. Артында қалған балалары мен не-мере, шөберелері өсіп жатыр. Сарытеректің киелі топырағынан бұрындары би, болыс, страшындар шыққан екен. Старшын біздің әкеміздің туған ағасы Жаманкүл деген адам болыпты.



БАЙДАРОВА Бибі Туғанбайқызы (1944ж.т. Жамбыл обл., Жуалы ауданы, Успенка селосы.) 1963ж. мектепті алтын ме-дальмен бітірген. 1967ж. Ал-маты қаласындағы Қыздар пединститутының математика факультетін бітірген. 1965 жылы Көкшетаудың Рузаев ауданына, 1966 жылы Павлодардың Лебяжье ауданына тың көтеруге қатысқан.

Бибі Туғанбайқызы 1967ж. қыркүйек айынан бастап, 2000ж. дейін 33 жыл Сарытерек орта мектебінде математика пәнінен сабақ беріп, шәкірт тәрбиеледі. 1964 жылы тың және тыңайтқан жерлерді игерудің 10 жылдық мерекелік медалімен марапатталды. 1979-1980жж. есімі ауданның Құрмет кітабына жазылды. 1982

жылы ҚазКСР ағартушы атағын алды. Бүгінде Бибі Туғанбайқызының шәкірттері әр салада абыройлы еңбек етуде. 1967ж. Сарытерек тұрғыны Мақұлбеков Ерғазыға тұрмысқа шығып, өмірге жеті бала әкелген аяулы анасы. Әке өсиетін, ана тәрбиесін көріп өскен балалары жемісті еңбек етіп ел игілігін еселеуге атсалысуда.

БАЙЖАСАРҰЛЫ Сүлеймен (1910-1980.30.11жж.) 1944-1949 жылдары «Үшөзек» колхозында басқарма болған.

БАЙМЫРЗАҰЛЫ Жүніс (1892ж.т., Тоқырауын Әлібек тоғаны., 1977ж.к.)



жұмысшы. Бала кезінде Тоқырауын бойында тоған аршу, егін салу науқандық жұмыстарына қатысқан. Ақтоғай ауданының Чапаев колхозында алғашқы колхозшы. Шөп шабу машинасымен мал азығын дайындаған. 1950ж. колхоздарды біріктіргенде «Кенелі» отгонына көшіп келін мал шаруашылығында еңбек етті. 1952 жылы еңбек демалысына шықты. 1977 жылы 85 жасында дүниеден озды.

БАЙСҰЛТАНОВ Бегендік (1910ж.т. Шабанбай би ауылы.,-1986ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. 1920-1929жж. Сарытерек ауылдық кеңесіне қатысты

өлкеде егіншілік жұмыспен айналысқан. 1929-36 жж. Сарытеректе «Орыс қорасы» деген жерде су өлшеу жұмыстарын жүргізген. 1936-37жж. Қызыл отау меңгерушісі; 1937-38жж. балалар лагерінің басқарушысы; 1938ж. бастап «Ақтұмсық» колхозында колхозшы; 1939ж. Сарытерек ауыл советінің төрағасы қызметін атқарды. 01.03.1943 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, Украина, Венгрия жерінде, Украинаның өндіріс орталығы Запорожьені т.б. қалаларды жаудан азат етуге қатысып, қан майданды бастан өткерді. Сұм соғыста көрсеткен ерен ерлігі әртүрлі дәрежедегі: «Будапешті азат еткені үшін», «Жеңіс үшін» т.б. медальдармен марапатталған. 1945ж. аман-есен ауылға келіп, соғыстан соңғы ауыл шаруашылығын қалпына келтіруге атсалысты. 1953-1962жж. Ленин колхозында басқарма кейін басқарма орынбасары қызметін атқарды. 1961 жылдан өмірінің соңына дейін аудан бойынша мақтаулы орманшы болды. Жұбайы Байсұлтанова Дәркен Рахымберліқызы (1911-1984жж.) өмір бойы ауыл шаруашылық жұмыстың барлық саласына қатысқан, үлкен абыройға ие болған, 5 баланың аяулы анасы.

БАҚТЫБАЙҰЛЫ Бәкір - (т.қ.ж.б.) Тоқырауын өзені бой-

ында Қарашілікте Әлиман қыстауында туып өскен. Жасынан колхоздың жұмысына қатысып, бел шешпей еңбек еткен: тоған қазып, жер жыртып, егін екті. Бәйбішесі Шүршітбайқызы Күлипа (Күпіш) алғашқы колхоздар ұйымдасқан кезде Қарашілікте сиыр фермасында сауыншы болып істеген. Бәкір өмірден ерте озды, бәйбішесі 1996ж. қайтыс болды. Бәкең мен Күлипа шешеміз: Қиынбек, Кәукербек, Самалбек атты балаларын тәрбиелеп өсірген.

БАЛАҒАНОВ Қасымжан (1.01.1925ж.т.-20.09.2003ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Жастайынан еңбекке араласқан. 1943 жылы 5 қаңтарда әскер қатарына шақырылды. 147 атқыштар полкының қатарында Қиыр Шығыс майданында фашистік Германияның жақтаушысы Жапон әскерімен соғысқа қатысты. Ерен ерлік көрсетіп, бірнеше орден, медальдармен марапатталды. Жараланғаннан кейін «писарь» болып істеді. Елге соғыс біткеннен кейін 2 жылдан соң, яғни 1947 жылы 20-наурызда оралды. Соғыстан кейін ауыл шаруашылығын көтеруге белсене араласты, қажырлы еңбек етті. Өртүрлі жұмыстар істеді. 1948 жылы Тойшыкенова Жәмішпен отбасын құрып, 5 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірді. Балалары тәрбиелі, оқыған.

Бұл күнде әрқайсы отбасы құрған ақарлы-шақарлы жанұя. Осы балаларынан 30 немере, 7 шөбере сүйді. Зейнеткерлікке шыққанға дейін МТМ-де ұста болып істеді. Еңбекте де абыройлы болды.

БАЛТАБЕКОВ

Айтан 1915 жылы Қарағанды қаласында туған, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1929-1931жж. балалар үйінде тәрбиеленген. 1933ж.



жер астына маман жұмысшылар даярлайтын кен училищесін бітірін 1933-1935жж. сол училищесінде инструктор болып еңбек етті. 1935-1938жж. Көкшетау қаласындағы педагогикалық училищеде оқып, мұғалімдік мамандық алған. 1938ж. Қазақ КСР Оқу министрінің бұйрығымен Қарағанды облыстық білім бөлімі Ақтоғай ауданына қызметке жібереді. Сол жылдан бастап Сарытерек колхозындағы жеті жылдық мектептің директорлық қызметіне тағайындалған. 1939ж. М.Горький атындағы мектептің директоры болды. Бір жылдан соң, қайтадан Сарытеректе жеті жылдық мектебіне директор болды. 1940-1942жж. аудандық партия комитетіне нұсқаушы болып қызмет атқарды. Соғыс жылдары Гомель әскери училищесінде командирлер дайындайтын оқуға

түсіп, мұны бітірмей Сталинградты жаудан азат етуге жіберіліпті. 1943 жылы шілде айында елу күн, елу түн болған Сталинград шайқасына, одан кейін Курск шайқасына взвод командирі, гвардия аға сержанты болып жойқын ұрыстарға қатысты. Курск майданында екі рет жараланған. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 18.04.1949ж. Жарлығына сәйкес «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және «Ерлігі үшін» медальдарымен, сондай-ақ «КСРО Қарулы Күштеріне 50 және 60 жыл» мерекелік медальдарымен, ал 1985 жылы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен Жеңістің 40 жылдығына орай «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталды. Соғыс біткен соң елге оралып ұстаздық қызметін жалғастырды. 1945-1953жж. Сарытерек жетіжылдық мектепте директор, 1953-1956жж. Киров атындағы колхозда жетіжылдық мектепте директор болып еңбек етті. 1954ж. Қарағандыдағы мұғалімдер институтын бітірді. 1956-1958жж. аралығы Қарабұлақ ауыл советіне қарасты Сталин атындағы колхозда жеті жылдық мектеп директоры, 1958-1965жж. «Бірлестік» жетіжылдық мектебінде директор, 1960-1965жж. осы мектеп-

те мұғалім, 1965-1975жж. Сарытерек орта мектебінде мұғалім болып қызмет жасаған. 1957ж. Қазақ ССР Оқу Министрлігінің халық ағарту саласының үздік қызметкері белгісімен, 1965ж. 30 желтоқсанда ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Жас ұрпақтарға білім берумен бірге аудан мәдениетімен экономикасын дамытуға белсене атсалысты. Соғыс ардагері, қадірлі ұстаз А. Балтабековтың өмір жолы көпке өнеге.

БАЛТАБАЕВ Сәттарбек (1945 ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы, Сарытерек.,-2012ж.к.) 1952-1960жж. Сарытеректе оқып, білім алады. 1961ж. Балқаш қаласынан шоферлік мамандық алып, ауылға келген соң көмекші шопан болып жұмыс жасады. 1963ж. Асқарқызы Аманбаламен отбасын құрып, жанұяда Жанболат, Бақытгүл, Гүлнар, Талғат атты балаларын тәрбелеп өсірген. 1963-72жж. совхозда шофер болып жұмыс істеп, 1973-1995 жылдары. совхоздың №2 фермасына аға шопан болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шығып Балқаш қаласына қоныс аударды. Бүгінгі күні Аманбала балаларының қолында Балқашта тұрады.

БАЛТАБАЕВ Сәтімбек (1948 жылы туған, Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ау-



ылы). Сарытерек сегізжылдық мектепте оқып, 1964-66 жылдары Қарқаралы мал дәрігерлік зоотехникалық техникумын бітірін, 1969-72 жылдары Отандық борышын Владивостокта Тынық Мұхитында корабльде атқарған. 1973 ж. Жабасқызы Нағимамен отбасын құрып, жанұяда Қайрат, Шалқар, Айдын, Ақерке атты балалар тәрбиелеп өсірді. Қайрат баласы жастай шетінеп кетті. Өзі 1984ж. Алматы малдәрігерлік институтын, Нағима КарГУ-дің филология факультетін бітірген. 1973-82ж. совхоздың Кенелі бөлімшесіне зоотехник, Нағима осы бөлімшедегі бастауыш мектепте мұғалім болып жұмыс жасады. 1982ж. совхозда бас зоотехник, мал тұқымын асылдандыруда совхоздың жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Совхоз тараған соң 1995ж. Қарағанды облыстық статистика бөлімінде 5 жылдай жұмыс жасап, 2011ж. зейнеткерлікке шыққан. Кейінде аудандық ветстанциясында селолық округінде мал маманы болып жұмыс атқарды. Жұбайы Нағима 1982ж. Ж.Кеңесбаев атындағы ЖОББ бастауыш сыныпта, кейінде қазақ тілі мен әдебиет пәні бойын-

ша сабақ берді. Мектепте 38 жыл қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Осы еңбегінің арқасында ауылдық, аудандық, облыстық, республикалық грамоталармен және бірнеше «Құрмет» грамотасымен марапатталған.

БАШАР Жанболат 1949 жылы туған, Ақтоғай ауд. Сарытерек ауылы, Кенелі бөлімшесі). ҚарМУ-ді бітірген. Қазақстан Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. 1981-1991 жылдары Балқаш телестудиясында редактор, аға редактор, 1992 жылдан аймақтық «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы, 1998 жылдан бастап облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Балқаш, Ақтоғай, Шет аймақтары бойынша меншікті тілшісі. 2001ж. бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін қалалық «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы болып қызмет істеді.



Ж.Башар Балқаш қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы (1990ж.) болып қызмет істеген жылдары қалада ұлттық балабақшалар мен қазақ тіліндегі мектептер ашуға ұйытқы болды. Оның тікелей араласуымен қалада жеті көшеге ұлт зиялыларының есімі берілді. Олар: Қараменде

би, Ағыбай батыр, Әлихан Бөкейханов, Шоқан Уәлиханов, Күләш Байсейітова, Сәкен Сейфуллин, Желтоқсан көшелері.

Ж.Башарбаспасөзбенқоғамдық қызметтегі қажырлы еңбегі және жоғарғы кәсіби шеберлігі үшін 2002ж. Балқаш қаласы әкімінің «Үздік редактор» сыйлығын, 2004-2006жж. Қарағанды облысы әкімінің екі дүркін Құрмет грамотасымен марапатталып, 2012ж. Қар.обл. әкімінің «Тіл жаршысы» сыйлығының иегері атанды.

Оның қаламынан: «Үкілі үміт» (1999ж.), «Далам менің - ки ем менің» (2001 жылы), «Көкше көлдің самалы» (2004 жылы), «Самғау» (2006 жылы), «Үркер туғанда» (2009 жылы), «Шандоз» (2011 жылы), «Пешене», «Кепиет», «Қабір үстіндегі зұлмат» (2016 жылы) атты әңгімелер мен эсселер жинағы жарық көрген. Сонымен бірге ол: «Шашубай» (1990 жылы), «Мағауия мақамы» (2017 жылы) атты естеліктер жинағын, «Балқаш аймақтық ақындар антологиясы» атты жыр жинағын (2013 жылы) құрастырып шығарды.

БАЙБОСЫНОВ Жанбырбай (1907ж.т. Сарытерек аулы., «Қорған» алқабында.,-1981ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Еңбек жолын осы Сарытерек ауылы Ақтұмсықта, Қорғанда ауылшаруашылық жұмыстарын

атқарудан бастаған. 1926-1928жж. 1941 жылға дейін бөлімше басшысы, шөпшілер бригадасының басқарушысы, егін бригадирі т.б. басшылық жұмыстарын атқарған. 1942 жылы соғысқа аттанып, Сталинград майданына қатысқан. 1944 жылы соғыста бір аяғынан жараланып ауылға оралған.

1941-45жж. «Отан соғысы жылдарындағы еңбектегі ерлігі үшін» медалімен т.б. грамоталармен марапатталған. Соғыстан кейін де осы ауылда абыройлы еңбек еткен. Соғыс және Еңбек ардагері. Жұбайы Байбосынова Дәметкен Рахымберліқызы (1917 ж.т. Сарытерек ауылы, Қорған алқабы., 2015ж.к.). Еңбек жолын қорғанда егін ору, шөп тасу, сауыншы жұмыстарынан бастаған. Соғыс кездерінде солдаттарға күпәйке, шалбар, қолғап, шұлық т.б. киімдер тігіп, тамақ пісіріп, соғыстағы солдаттарға жөнелтіп отырған. Осы жұмыстарын жақсы орындағаны үшін әртүрлі ауылдық, аудандық мақтауларға ие болып, «Еңбек ардагері», «Стахановшы», «Тыл ардагері» деген құрметке ие болды. Отбасында 9 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана.

БАЙҚАСҚАҰЛЫ Кенжетай (1930ж.т. Ақтоғай аудан., Жетімшоқы ауылында.,- 2012ж.к. Балқаш.к.) Жастық-балалық шағы ел басына күн туған қиын-



қыстау заманда өтті. Соғыс жылдары қарттармен бірге ауылшаруашылығында еңбек етті. Алғашқы мамандықты 17-18 жасында Алматы қаласында байланысшы-радист-морзе мамандығын игеріп, Ақтоғай ауданының әуе қатынасы байланысында қызмет жасады. 1960ж. Ақтоғай совхозы болып құрылғанда прораб, бухгалтер-экономист болып қызмет атқарды. 1975ж. Балқаш қаласына көшіп келіп, Қонырат кентінде жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты. Ұзақ жылғы жемісті еңбегі бірнеше медаль және құрмет грамоталарымен аталып өтті. Зайыбы Абдірахманқызы Гүлсім көп балалы ана, Алтын алқалы ардақты ана. Екеуі тоғыз бала тәрбиелеп, оқытып, өсіріп ел азаматы деңгейіне көтерді.

БАЛАҒАНОВ Асылжан (1927ж.т. Қарағанды обл., Қонырат ауданы, Ленин колхозы.,-2008ж.к.) - 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, ағалары әскерге кеткен соң, мектепті бітіре алмай еңбекке араласты. 1944 жылы ауданға барып, 3 айлық мал санитарлық курсы бітіріп, колхозда 1947 жылға дейін түрлі жұмыстар атқарып, еңбек еткен. 1948ж. Балқаш қаласы Қонырат кенішіндегі, №13 Ремесленный училищеде 2 жыл оқу оқып, электрмен дәнекерлеуші мамандығын

алып, 1950 жылға дейін рудникте еңбек еткен. Денсаулығына байланысты ауылға көшіп келіп, Қонырат аудандық халық сотының хатшысы қызметіне орналасып, 1953ж. дейін жұмыс істеді. Кейінгі 1981-1991жж. Ақтоғай совхозының техникалық жабдықтар қоймасында қоймашы болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Жолдасы Ахметова Нұрғайын (1933ж.т.) 10 бала тәрбиелеп өсірген «Ардақты ана».

БАЛҚЫБЕКОВ Жекенбек (1907ж.т. -21.08.1961 ж.к.) 1941 жылы майданға аттанды. 1943 жылы сол аяғынан жараланып Қазан қаласында 7 ай госпитальде жатқан. Госпитальден шыққан соң майданға жарамсыз деп елге қайтарылған. Соғыста бірнеше медаль және орденмен марапатталған. Елге келген соң совхоз жұмысына араласқан. Жекенбек ақсақал қоймашы, ферма менгерушісі, есепші, бригадир болып қызмет атқарған. Кейін егін шаруашылығымен айналысты. Шұбар деген жерде жүгері алқабын өсірген, өнім алған. Жұмыста озат адам болған. Ел сыйлаған еңбекқор адам болды. Ағаштан түйін түйетін, қолы шебер еді. Зайыбы- Балқыбекова Төлеу Сүлейменқызы. (08.03.1906 ж.т. - 27.02.2008ж.к.) Алты баланың анасы, ұлдары: Төлеу-

тай мен Төлеубай. Қыздары: Дәнерия, Шәмен, Дәмелі, Дәмет. Төлеу Сүлейменқызының да колхоз шаруашылығында істемеген жұмысы аз шығар. Ол кісі сауыншы, сушы, «прачка» т.б тылдағы еңбегі үшін 4-5 медальдармен марапатталған. Төлеу Сүлейменқызы өте ісмер адам болған: сырмақ, текемет, алаша, түскиіз тоқыған. Іс машинасымен ауылдың адамдарына киім тігіп беріп отырған. Бие байлап, бие сауған. Сабаны өзі тігіп, теріден тұлып тымақ, елтіріден малақай тіккен. Еліне өте сыйлы адам еді. Өмірден 102 жасында өтті.

БАПАШЕВ Боранқұл (наурыздың 8-і 1924ж.т. Балқаш өңірінде., - 07.09.2016ж.қ.)



Қарағанды облысы Шет аудандық әскери комиссариатының шақыруымен 1942 жылдың тамыз

айында Қызыл әскер қатарына алынады. 6 ай бойы кіші командирлер курсынан өтіп, бөлімше командирі ретінде Түркістан әскери округіне жөнелтіледі. Соғысқа бірінші Белорусь майданының құрамында қатысып, небір жойқын шайқастарды бастан өткереді. 1944 жылы ауыр жарақат алып, елге қайтарылады. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «II

дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Елге оралған Боранқұл Әбдірбайұлы ауыл шаруашылығын көтеруге бір кісідей атсалысады. 1953 жылға дейін бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет етеді. 1953-1963жж. Ленин колхозында ауылдық кеңес хатшысы болып жұмыс жасады. 1963ж. зейнет демалысына шыққанға дейін Ленин колхозында есепші қызметін атқарған.

Жұбайы Күміс Дүйсеманқызы (10.06.1926-19.11.2004жж.) да соғыс кезінде тылда еңбек етіп, тыл ардагері атанып, медальдармен марапатталды. Бір ұл, бес немере, он екі шөбере көрген өнегелі жандар. Балалары Кәрімқұл (Кәкен) Боранқұлұлы мен Шәрбат Ақыжанқызының да ауылдың көркейіп, өркендеуіне қосқан үлестері зор. Кәрімқұл Машина-трактор шеберханасында бірнеше жыл моторшы қызметін атқарды, кейін мектепте жүргізуші болып жұмыс істеді. Шәрбат Ақыжанқызы жоғары оқуды аяқтап келгеннен кейін Сарытерек орта мектебінде химия-биология пәнінен дәріс беріп, ұстаздық етті. Қазір құрметті зейнет демалысында. Қарағанды қаласында тұрады.

БАРЛАНОВ Мұрат (1930ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, Сарытерек ауылы). 1951-55жж.

Қарқаралыда оқыған. 1955-66жж. Сарытеректе бас есепші болып жұмыс жасаған. 1966-70жж. Айыртас совхозында, 1970-77жж. Партсъезд, Қызыларай совхоздарында есепші қызметін атқарды. 1983-92жж. Озерныйда қызмет жасап, 1992ж. зейнеткерлікке шықты. 1956 ж. Айтжанқызы Бикенмен отбасын құрып, жанұяда 8 бала тәрбиелеп өсірген. Бикен - 1937ж. Сарытерек ауылында дүниеге келген. Совхоздың қол жұмыстарын істеп, сатушы болып жұмыс жасаған. Өз замандарында көп қиыншылықты көріп, ел ішінде қандай жұмыстар бар, соны істеп жастайынан әке-шешелеріне қолғабыс қылып, балалық шақтың балын ішпей, ерте есейген. Қазіргі таңда екеуі де бейнеттің зейнетін көріп, бала-шаға, немерелерінің, шөберелерінің қызығын көріп отырған бақытты қариялар. Балалары жан-жақты оқыған, әр қалада, әр саланың қызметкерлері болып, еліміздің дамуына зор үлестерін қосып отырған жандар.

Қысқаша өмірбаян Мәкеннің айтуы бойынша жазылды.

БАУЫМБЕКОВ Каким

(10.02. 1932 ж.т. Ленин колхозы Қоңырат ауданы). Еңбек жолын Ақтоғай колхозында сот хатшысы болып бастаған. Кейіннен редакцияда және поштада қызмет жасады. 1957-1970 ж.ж. қазіргі Са-

рытерек ауылында сиыр бақташы; 1970-1981 ж.ж. осы ауылда шопан болып еңбек етті. Зайыбы Бауымбекова Мәйкө (08.03.1941ж.т.) Сарытерек ауылында көп жылдар үзіліссіз еңбек етіп, Жезқазған облыстық халық депутаттарының шешімімен 15.09.1989 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 6 баланы дүниеге әкеліп тәрбиелеп өсіргені үшін 21.09.2010ж. ҚР Президенті Жарлығы бойынша «Күміс алқа» медалімен марапатталған. Балаларының бәрі де ақарлы-шақарлы үй болып, ұрпақ өсіріп бақытты ғұмыр кешуде.

БӘДІҒҰЛОВ Ахметқали

(1905ж.т.) Ферма меңгерушісі қызметін атқарған. Ленин колхозында (қазіргі Қарағұлада) 1947ж. малы кем болып 10 жылға сотталды. Қарағанды қаласында Қарабас түрмесінде отырып, 1952ж. ақталып сол түрмеде қайтыс болды. Сол жерде жерленген. Ұрпағы жоқ. Әкесі Бәдіғұл үш рет қажылыққа барған екен. Үшінші рет қажылыққа барғанда сол жерде қайтыс болды. Бұл да бір қиын тағдыр ғой. Егінбаев Төлегеннің әкесі Мұқатаев Егінбаймен немере.

Бұл деректі жазған: Егінбаев Төлеген.

БӘКІРТЕГІ Алтай Қалымбергенұлы (2.05.1937ж.т. Сарытерек ауылы.,-2013ж.қ.) Алтай Қоңырат кентіндегі №25 орта

мектепті бітірген соң, әкесі, марқұм «өзіме серік болсын, балаларды оқытсын, жүгімді жеңілдетесін» деп ертерек үйлендіріп, жеке отау шығарған екен. Алтекең әке үмітін ақтап, бауырларына тірек бола білген азамат болған.

Алтай Қалымбергенұлы Сарытеректе шофер, Ақтоғай аудандық тұтынушылар қоғамында автодүкен жүргізуші, «куста» меңгерушісі болды. Нарманбет ауылында да шофер болып еңбек етіп, содан зейнетке шықты. Зайыбы Нестай (шын аты Дариға) он баланы дүниеге әкелген, батыр ана. Балаларының бәрі жоғары оқу орнын бітірген, әр салада еңбек етіп жүр, дені Балқашта тұрады.

БӘКІРОВ Камелбек (1939ж.т. Сарытерек колхозы, Қарашілік е.м.). Ол 1-4 сыныпты Сарытеректе оқып, 8-сыныпты Ақтоғайдан бітірген. Балқаш қаласынан суретке түсіруші мамандығын алды. Ақтоғай, Балқаш, Жезқазған қалаларында (газеттерде) фототілші болып жұмыс істеген. Камелбек пен Әмірешқызы Раушан отбасын құрып, жанұяда төрт бала тәрбиелеп өсірген. Камелбек о дүниелік болып кетті. Жұбайы Раушан мұғалім болып еңбек еткен, қазір зейнеткер, Жезқазған қаласында тұрады.

БӘКІРОВ Кәукербек (26.05.

1937 ж.т. Сарытерек колхозы, Қарашілік қыстағы). Анасымен бірге еңбекке ерте араласты. Сол кездегі ауыл шаруашылығының барлық жұмысына қатысқан. 1947ж. Сарытерек ауылында 1-4 сыныпты оқып, кейінде 7-сыныпты Балқаштан бітірді. 1958ж. үш жыл әскер борышын өткеріп, 1962ж. Бәкірқызы Бақытпен отбасын құрып, жанұяда: Анар, Жанар, Бауыржан, Сабыржан, Арман, Талгат балаларын тәрбиелеп өсірген. «Тұтыну» қоғамдық мекемесінде жүргізуші болып еңбек жасап, озат жүргізуші грамотасымен марапатталған. Жұбайы ұзақ жыл баспаханада жұмыс жасап, озат баспаханашы атанып, аудандық «Құрмет» тақтасына ілінді. Қазіргі таңда екеуі де бейнеттің зейнетін көріп отырған бақытты отбасы.

БӘКІРҰЛЫ Қиынбек (т.ж.б.) Әлиман қыстауы Қарашілікте туып-өскен. Қиынбек 1-7 сыныпты Балқаш қаласынан бітірген, орысша, қазақша, сауатты алғыр адам. 1941ж. Армия қатарына алынады. Ұлы Отан соғысында неміс басқыншылары басып алған, «Крепосты Выборг», Смоленск, Карельск, Ленинград, Бухарест, Австрия астанасы Вена, Дьер, Камаро, Будапешт, Корнейвурр, т.б. қалаларды жаудан тазартып, соғысты Берлинде аяқтаған. «1941-45 жж. Ұлы Отан соғысындағы

Германияны жеңгені үшін» медалі және жоғарыда аталған қалаларды неміс басқыншыларынан тазартқаны үшін Жоғарғы Бас Қолбасшының Алғыс хатымен марапатталған. 1947ж. елге оралған соң Дүйсенбайқызы Қоңыршамен отбасын құрды. Қыздары Ардақты тәрбиелеп өсірді. Қиынбек ормантоғай күзетшісі болып көп жыл жұмыс істеп, 1977ж. қайтыс болады. Қоңырша Дүйсенбайқызы іс тігу, ою-өрнек, балалардың күпәйкісі, шалбар, камзол, қолғап тоқыған ісмер адам еді. Қазір Қоңырша шешеміз балаларының қолында.

БЕГІМ (Бегежан) ханым - Әлихан Бөкейхановтың анасы. Ә.Бөкейхановтың анасы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының анасы туган апалы-сіңілі адамдар. Атақты Мамай батырдың немерелері. Әлиханның анасы Бегім ханым, Шәкәрімнің анасы Төлебике ханым Тобықты руынан шыққан. Бұл кісілер өте сауатты, қасындағы адамдарға дін үйретіп, арабша, парсыша жазуды оқытқан. Ел ішінде қайырымды, өнегелі жандар болған. Ертегі, жырларды жатқа білген аналар. Бегім ханым өте мейірімді, жаны ізгі ана болған. Ауылындағы бар адамға арабша сабақ берген. Тіпті, көрші ауылдағы жетім балаларды алдырып, сабақ оқытқан.

Бегім ханым 1918 жылы қайтыс болды. Оны Әлихан Бөкейхановтың өзі 1884 жылы 62 жасында қайтыс болған әкесі Мұқан-төре мен жастай қайтыс болған інісіне арнап салдырған, зиратқа жерледі. Әлихан анасының жерлеуіне келе алмаған, қуғында жүрген кезі. Жергілікті ел — «Талдыбейіт» атап кеткен; осы әулеттің қорымына айналған зираттың шетінде Алаш арысының анасы Бегім ханым жатыр. Оның құлпытасына мынадай сөздер жазылған: «Тобықты Мамай батырдан, Нұрмұхаммед ханымы Бегежан 1918 жылы 27 сентябрьде 77 жасында өмірден өтті.

Жетімменен жесірдің
Жел жағында панасы,
Ық жағында қаласы,
Тоңғанға болған тон,
Шөлдегенге болған сусын,
Жылағанның анасы,
Жығылғанның сүйеніші,
Сүйіскеннің сәулесі,
Бежекем тәні осы жерде.
Тау - Желтау, өзен - Жіңішке
тасты жаздырған баласы
Смахан» делінген.

БЕЙСЕКЕҰЛЫ Қайыржан (Кәкен) (1945ж.т. Қоңырат ауд. Қарақұла колхозы). Ол жылдары анасы Күлзағира қолоракпен егін орып, кейінде Қарақұла колхозында сауыншы болып жұмыс жасады. Кәкен Қарақұла колхозындағы

бастауыш мектепте кейін Сарытерек №4 орта мектебінде оқыды. Жасынан еңбекке араласқан Кәкен 1959-1962жж. АТ машинсымен шөп шауып колхозда жұмыс жасады. 1963ж. шоферлік курсты бітіріп келін совхозда шофер болды. 1965 жылы Шәкәрім қызы Оңалмен отбасын құрып, 4 бала тәрбиелеп өсірді. Әділжан, Ғаділжан, Тілеужан, Олжахан атты балалары бар. Жолдасы Оңал да совхоздың бар жұмысына атсалысып: мал төлдетуде, қой қырқуда еңбек етті.

БЕЙСЕКИНА Жамал Абдірахманқызы (1.01.1930ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, Сарытерек ауылы, Ленин атындағы колхозы, -26.12.2016ж.к.) Әкесі Абдирахман, анасы Айжан ашаршылық жылдары екеуі дүниеден өткен. Сол кезде шешемізді Бейсекин Кәкеннің әкесі Бейсеке деген кісі алып, жолдасы Күлзағираға әкеліп, «осы қызды асырап, сен жеткіз» деп аманат еткен. Сол күннен бастап шешеміз осы үйде тәрбиленген. Үш сыныптық білім алған, содан кейін колхоздың жұмысына араласып, орақпен шөп шабу, егін егу, жер жырту, тоған қазу жұмыстарын істеген. 1952ж. Абилмен отбасын құрып, өмірге үш бала әкелген. Сол балалардың жастығына қарамай: сиыр сауу, шөп шабу, қой

бағу, қой қырқу, шарбақ тоқу, тал кесу және көмекші шопан болып мал бағу жұмыстарын атқарған. Істеген еңбектері ақталып, тыл еңбек ері медальдарымен және сыйлықтармен марапатталған. Осы еңбектері арқасында құрметті демалысқа шығып, екінші ұлы Тілеуханның қолында тұрып, 86 жасында шөбересінің қолынан су ішіп, дүниеден өтті. Артында екі ұлы, бір қызы, немере, шөберелері бар.

БЕЙСЕНБАЕВА Кісебай (1920ж.т.Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауданы, - 1994ж.к.). Педагогикалық училищені бітіргеннен кейін Қарағанды қаласында мұғалім болып қызмет атқарған. 1953ж. күйеуі Жармағанбетов Шыранның Қоңырат ауданындағы Ленин колхозының сегізжылдық мектебіне қызметке келуіне байланысты осы мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып орналасқан. 1976ж. зейнеткерлікке шыққанға дейін 23 жыл бойы Сарытерек орта мектебінде бастауыш сыныптың мұғалімі болып қызмет атқарған. Ұзақ жылғы педагогикалық қызметі үшін аудандық, облыстық білім бөлімімен Қазақ ССР Оқу министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақ ССР халық ағарту ісінің озаты атанған.

БЕЙСЕНБАЕВ Сопыжан (12.01.1928ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай аудан., «Ленин» колхо-

зы). Ата-анасы орташа отбасы болған. Сопыжан мен Өміржан әке-шешеден ерте жетім қалған. Жастайынан еңбекпен шыңдалып өскен Сопыжан, інісі Өміржанды жанына алып колхоздың жерін жырту үшін соқаға жеккен, өгіздің басын 7 жастан жетектетіп, еңбек етіп өмір сүрген. Сол кездегі Қожкеев Тапал деген азамат бригадир болған. Колхозды көркейту үшін 1952ж. «Дастар» қыстағын алып қой бақты. 1958ж. «Ленин» колхозының есеп-учет жұмысымен еңбек жолын бастады. Колхоздағы малдың есебіп жүргізді. 1962ж. жұмысты жақсы атқарғанын біліп «Айыртас» отғонына ферма меңгерушісі міндетіне жіберілген. 1964 жылға дейін сол жерде қызмет етті. 1965ж. бастап «Ақтоғай» совхозында кассир болып 30 жыл еңбек етіп, зейнетке шықты. Еліне елеулі, халқына қалаулы қадірлі азамат болды. Отбасында 4 ұл, 4 қыз өсіріп үлгілі семья болған жандар. Балалары: Жания, Нығыман, Рахман, Ибрахим, Әния, Мира, Жұмакелді, Бақшагүл.

БЕЙСЕНБАЕВ Өміржан (1927ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Каганович колхозы., 2011ж.к.) Жас кезінде әкешешесінен жетім қалып, аға-еңгесі Сопыжан мен Қауазияның қарамағында өскен. Қаршадайынан еңбекке араласқан.

1954ж. Жармағанбетова Көкенге үйленіп, өзі жеке отар қой алып, 1984ж. дейін қой бақты. Көп жылғы еңбегі еленіп, 1971ж. «Құрмет белгісі» орденімен және көптеген медальдармен марапатталды. Кейіннен денсаулығына байланысты зейнетке шыққан. 1977 жылы бәйбішесі ауырып, қайтыс болған соң. 1979ж. Қожабекова Шайзадаға үйленген. Ер жеткен бала-шағасы әр тарапта еңбек етуде.

БЕКМАГАМБЕТОВ Абдыкеш (1927ж.т. Қарқаралы уез., Семипалатинск губ., Қотана-Балқаш болысы, №9 ауыл., -1993ж.к.) 1943ж. наурыз айынан 1944ж. ақпан айына дейін Жәмші ауылдық кеңесі, Қоңырат ауданының Жамбыл атындағы колхозда колхозшы, 1944-1950 жылдың наурызына дейін Сарытерек ауылдық кеңесі «Үшөзек» колхозында есепші болып еңбек етті. 03.1950.-05.1959 жж. Ақтоғай ауылында ЛКСМК аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аудандық орман шаруашылық бухгалтері, аудандық оқу бөлімінің бухгалтері болып қызмет жасап, 1959 жылы Балқаш қаласы Ортадересін подхозына ауысқан. Ұзақ жылғы мінсіз еңбегі үшін «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы епінді еңбегі үшін және КСРО

Жоғарғы Кенесі Президиумының ұзақ жылдардағы қажырлы еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған.

БЕКТІБАЙҰЛЫ Нығман (т.қ.ж.б.) - Тоқырауынның жағалауында Қарашілікте қыстау салып, тоған қазып, егін егіп, мал баққан адам. Бәйбішесі - Сұлушаш отбасында: Балтабай, Қадиша атты балаларын тәрбиелеп өсірді. Сұлушаш әжеміз қасиетті, көрінкел, емші болған. Қарашіліктегі Нығман қыстауын сол кездегі үлкен қариялар «Әжем» ауылы «Әжем» үйі деп атап келген. Алғашқы ұсақ колхоз ұйымдасқан кезде Қарашіліктің басына үйлер қора салынып «Сарытерек» колхозының сиыр фермасын құрып, сол жерге халық көп қоныстанып, мектеп салып, ірілендірген сүт фермасы болған.

БЕКТІБАЙҰЛЫ Сүлеймен (т.қ.ж.б.) бабамыз өз уақытында ауқатты, еліне халқына беделді, әділ, шыншыл болыпты. Қарқаралы уезіне қарасты Тоқырауын болысындағы №7 ауылдық старшина болған.

Қуандық Сәденовтың Құлық Жалаңтөс (Соқыр) ұрпақтарының шежіресінің №134 бетте жазылған Әлихан Бөкейханов Думаға депутат болып сайланарда ел ішіндегі үш адам куәлік берген екен, соның бірі Халиолла Кеңесбаев,

екіншісі Аяпберген Балабатыров, үшіншісі Сүлеймен Бектібаев. Бұл Қ.Әбішевтің «Ресейдің мұрағатынан алған құжаттарында бар» дейді. Сүлеймен бабамыздың бірінші әйелінен Зейнеп, Темірғали, екінші әйелі Бұлжан әжеден Төлеу апа, Нұрғали, Мұрат туады.

БЕКМАҒАНБЕТОВА Сәулеш (23.01.1949ж.т. Ақтоғай ауданы Сарытерек аулы.) Мектепті 1968 жылы бітірісімен, Қарағанды кооператив училищесіне түсін, 1969 жылы дипломмен туған ауылына оралып, сауда саласында сатушы болып еңбек етті. Алғашқы жұмыс күндерінен елмен тығыз байланыста, мұң-мұқтаждарын ескеріп, бірлесіп шешуге атсалысты. Жұмысқа қабілетін бағалай білген совхоз басшылары коммунистік партия қатарына алды. Бірнеше дүркін ауылдық кеңестің депутаты болып сайланып, оны абыроймен атқарды. 1972 жылдың қазан айында Нәсір Мүслімұлымен отбасын құрды. 3 баланың анасы, немерелерін, шөбересінің сүйіп, тәрбиелеп өсірін отырған аяулы әже.

БИМУРЗИНА Сәулеш Мақсұтбекқызы- (1949ж.т.) 1969-73 ж.ж. Сарытерек орта мектебінде биология пәнінің мұғалімі, 1973-75 жылдары Қызыларай орта мектебінде, 1975-84ж.ж. Сарытерек орта мектебінде, 1984-

87ж.ж. аудандық білім бөлімінде фильмотека директоры, 1987-2007ж.ж. Ж.Кеңесбаев атындағы орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарған. Ұзақ жылғы педагогикалық қызметі үшін аудандық, облыстық білім басқармалары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған. «Еңбек ардагері» медалының иегері.

БИЯЛОВ Болшымбай - (1901ж.т. бұрынғы Қоңырат ауданы, Ленин колхозның Қаракұла ауылы,-1994ж.к.) Ауылда әртүрлі жұмыстар істеген. Осы Қаракұлада 1928ж. алғашқы артельдер құрылғанда Болшымбай шаруашылықтың қандай ауыр жұмысы болсын белсене атқаратын. Тоған қазу, егін суару, күзде егін алып, біткен соң өгіз арбамен мемлекетке берешек бидайды, Дуандағы астық дайындау пунктіне апарып тапсырушылар Қоғалов Қызылбек, Биялов Болшымбай, Сапарғалиев Қалиасқар болған. 4 колхоз қосылған соң 1950-51жж. Орталық Сарытерек Ленин колхозы болып аталды. Осы колхозда Болшымбай ақсақал аянбай еңбек етті. Құрылыс жұмыстарын жүргізуге атсалысты. Бұлшекенді Қаратал қыстағына сиыр бағуға бақташылыққа жібереді. 1967ж. зейнеткерлікке шығып, Сарыте-

рекке келін үй салып, балаларын оқытты. Сарытеректің алғашқы еңбек тарландарының бірі болған адам осы Бұлшекен.

Жұбайы Сапуова Мәмила да осы колхозда ел қатарлы еңбек етті. Зейнеткерлікке шыққанша тоған қазу, егін салу, егін ору, сауыншылық сияқты жұмыстармен айналысты. 4 бала тәрбиелеп өсірген. Сапуова Мәмила – 1986 ж. өмірден өтті.

БОЖБАНОВА Алмагуль Балапановна (29.10.1968 ж.т. Алматы қ.). 1985ж. Ақтоғай ауданының Сарытерек орта мектебін бітірген соң, 1991ж. ҚарМУ-ді, 2003ж. Қарағанды экономикалық университетін бітірген. Тұрмыста, үш бала тәрбиелеп отыр. Жолдасы Онгарбаев Мейрамбек Ақжолтайұлы Қарағанды қаласының халыққа қызмет көрсету орталығында инженер болып қызмет атқарады.

БӨКЕЙХАНОВ Смахан (1881ж.т. Қарқаралы уез., Тоқырауын болысы №7 ауыл,-1966ж.к.) Нұрмұхаммедсұлтанның бесінші баласы. Смақан төренің тағдыры қым-қигаш оқиғаларға толы. Балалық шағы туган аулында өтті. Сауатын молдадан ашып, арабша құран сүрелерін үйренген. Бұдан соң Семейге барып, онда жетіжылдық орыс мектебінде оқыған. Қалған оқу-тоқу дегенді Смекең өз бетімен меңгерген.

«Айкап», «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде тілші болған. Патшаға сенімсіз адам ретінде екі рет түрмеге отырып шығады. 1917-19жж. облыстық сот қызметінде болады. 1920-22жж. аудандық сот қызметін атқарған. Одан кейін Сарымай зауытының қызметінде болады. 1930-32жж. жекеіше салығын таратып, ел көмегімен айдаудан, абақтыдан аман қалады. 1933 жылы Алматыға барып, біраз уақыт сонда тұраған. 1938ж. Смаханнның отбасы Сібірге темір жолдың бойындағы «Топчиха» деген қалада бір жылдай тұрып одан кейін Алтайдағы Алейская станциясына келеді. Сол жылдары баласы Жәңгір екіжылдық педагогикалық институтқа түсіп, оны аяқтасымен Зыряновскиге жолдамамен барады. Кейінде ол Жамбыл облысының Красногор ауданына ауысып, мектепте ана тілінен сабақ береді. Оқу ісі бөлімінің меңгерушісі болады. Отбасы соның жанына көшіп келеді. Сөйтіп жүргенде Отан соғысы басталып, 42 жылы Жәңгір майданға аттанады. Жәңгір майданнан ауыр жараланып, контузия алып оралған. Жарақатының салдарынан тұрақты жұмысқа тұра алмады. Жасы ұлғайған сайын ауруы меңдеп 1979 жылы қайтыс болған.

Соғыс жылдары Алматыға арнайы рұқсатсыз кіруге болмай-

тын. Үлкен қызы Сәуле 1943 жылы педучилищенің жеделдетілген курсына түседі де Красногорскиге қайтып оралып, бастауыш сыныптарға сабақ бере бастайды. Соғыстан кейін ол Алматыдағы пединститутқа түседі, содан кейін сырттай оқуға ауысып, Шелек ауданындағы «1 Май» колхозына көшеді. Бүкіл отбасы сол маңайға жиналып, онда 1953 жылға дейін тұрады. Сталин өліп, жылымық заман орнаған соң, Смекең отбасымен түгелге жуық туған өңірі Балқашқа оралады.

1966 жылы ол Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі туыс-туғандарының барлығын жинады. Асылдың соңғы тұяғын ел-жұрты ақ жауып, арулап соңғы сапарға шығарып салды. Смекең қаңтар айының аяғында, Балқаш өңірінде сарышұнақ аяз бен өкпеден өтетін өкпек жел соғып тұрған кезде қайтыс болды. Әкесі Нұрмұхаммедтің қасына жерленген.

Әдеб.: С.Р.Бөкейханов «Өткен күнде белгі бар» 2016ж. Алматы; Әдеб.: Қазақ ССР-і қысқаша энциклопедиясы, Алматы, 1989, 4 т., 658-бет. Ықшамдап дайындаған Ж.Башар.

БЫХИН Болат Быхияұлы (1940ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Сарытерек ауылы). 1963ж. Қарағанды Политехникалық институтын инженер-металлург мамандығы бойынша бітірген. 1963-65жж. осы институтта ме-

таллургия факультетінде ассистент болып еңбек етті. 1965-67жж. Қарағанды металлургия зауытының Орталық Зертханасында ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысты. 1967-70жж. Мәскеу Болат және Қорытпалар институтында аспирантурада оқыды. 1970ж. бері Теміртау қаласындағы «Зауыт ЖТО» жоғарғы техникалық оқу орнында (1993ж. Қарағанды Металлургиялық институты және 2006ж. Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университеті) еңбек етті. Осы жылдар ішінде ассистенттік қызметтен бастап: аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, факультет деканы және институттың тәрбие ісі проректоры қызметтерін атқарды. Ғылыми дәрежесі-техника ғылымдарының кандидаты, Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университетінің Құрметті профессоры. Ғылыми зерттеу және педагогикалық еңбектерінің нәтижелері 110 мақала, 2 оқулық, 2 терминологиялық орысша-қазақша түсіндірме сөздігі және 3 қосымша оқу құралы түрінде баспадан шықты. Сонымен қоса 3 өнертабыс Патенттерінің иегері (оның екеуі өндірісте қолданылған). Ғылыми-зерттеу, педагогикалық және металлургия саласына қажет жоғарғы кәсіби инженер-техникалық мамандар

даярлау бағыттарындағы көп жылдық нәтижелі еңбегі төмендегідей мемлекеттік марапаттаулармен бағаланды: ҚР «Білім беру ісінің үздігі» белгісі, СССР Жоғарғы және Арнайы Білім беру Министрлігінің Құрмет Грамотасы, ҚР Жоғарғы Оқу Орындары Қауымдастығының А.Байтұрсынов атындағы күміс медалі, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасы, ҚР «Еңбек ардагері» медалі т.б. сый-сияпаттарға ие болған.

БІЛЕМБАЙҰЛЫ Сәтбек

(1886ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы, 1975 ж.қ.) - Ленин атындағы колхозда аға шопан болып еңбек еткен. Қыстауы – Көгалбай, жайлауы - Қызыладыр және Тоқырауын өзенінің жағасы. Ахмет еспесі мен Жетімшоқының төңірегі. Еліне сыйлы – пірөдар атанған адам. 1957 жылы әр жүз саулықтан 112-ден төл алып, Қоңырат ауданы бойынша алғашқылардың бірі болып Москвадағы ВДНХ көрмесіне барған. Ауылдың бас есепшісі Сүлейменұлы Мұрат ертіп апарған, сол жолы «Еңбек даңқы» медалімен марапатталды. Зайыбы Иқанбайқызы Қамила екеуі 8 бала тәрбиелеп, ұлықты ұл, қылықты қыз өсірген өнегелі әулет.



БӨКЕЙХАН Әлихан Нұрмұхаммедұлы (1866ж.т. қазіргі Қарағанды обл., Қарқаралы ауд., 27.09.1937ж.қ. Москва) - Қазақстанның қоғам қайраткері, ғалым, публицист. Омбы техникалық училищесін (1888), С.-Петербург орман-техникалық институтының экономика факультетін (1894) бітірген. 19 ғасырдың соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен айналысты. Ресейдің көрнекті экономистері, географтары қатысқан «Россия. Біздің Отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18-томына автор ретінде қатынасты. 1904ж. қазақ даласына кең қоныс аудару қозғалысын даярлап берген Ф.А.Щербина экспедициясының құрамында болды. 1905ж. бастап Россия конституциялық-демократ. (кадеттер) партиясының мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. 1905ж. Қарқаралыда патша үкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1905ж. Семей қазақтарының атынан I-Мемлекеттік думаға де-


путат болып сайланды. Патша указымен Думаның таратылуына байланысты оған қарсылық ретінде жазылған Выборг манифесіне қол қояды. Отарлық езгі мен самодержавиелік билікке қарсы бағытталған жұмыстары үшін Семей, Павлодар абақтыларында жатып шыққан. 1905-07ж. кадет партиясының Омбы губ. комитетінің құрамында болып, «Иртыш», «Омич», «Голос степи» газеттерінің редакторы қызметін атқарды. 1905-1907 жылдардағы бірінші Россиялық революция жеңілгеннен кейін полицияның нұсқауына сәйкес Самара қаласында тұрып, ғылыми-публицистикалық қызметпен айналысты. 1910ж. А.И.Костелянскийдің редакциялауымен шыққан «Формы национального движения в современных государствах» атты жинағына «Қазақтар» деген ғылыми мақала жазды. 1911-14ж. «Новый Энциклопедический словарьдың» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты.

1913 жылы А.Байтұрсынов, М.Дулатовтармен бірге «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырып, қазақ халқының саяси сана-сезімін оятуға, олардың арасында оқуағарту ісін насихаттауға белсене ат салысып, «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен мақалалар («Думадағы партиялар», 1913ж.,

3 наурыз; «Дума һәм қазақтар», 1913, 23 шілде; «Август Бебель», 1913, 15 тамыз т.б.) жазып тұрды. 1916 жылдың күзінде кадеттер билігіндегі Бүкілроссиялық Земство одағының бұратана халықтар бөлімінің меңгерушісі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына еніп, Торғай обл. ко-миссары болып бекітілді. 1917ж. шілдеде Б. кадеттер партиясының жерге меншік түрі, ұлттық тәуелсіздік және дін саясатына байланысты программалық бағытымен келісе алмайтындығы себепті партияның құрамынан шығатынын мәлімдеп, басқа серіктерімен бірге Алаш партиясын құрды. Осы партияның 1917ж. желтоқсанда болып өткен съезінде Алашорда үкіметінің председателі болып сайланады. Өмірінің осы кезеңінде Бөкейхан большевиктерге қарсы наси-

хат жүргізіп, Колчактың Сібір үкіметімен байланыс жасайды. Қызыл Армия жеңістері Алашорда үкіметін Совет өкіметінің жергілікті органдарымен келісімдер жүргізуге мәжбүр етті.

1919ж. БОАК-нің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімінен кейін Бөкейхан қалған өмірін Отанға қызмет етуге арнайды. 1920ж. қазанда өткен ҚазССР Советтерінің I-Құрылтай съезіне құрметті қонақ ретінде қатысады. Өкінішке орай, оның адал ниетіне күмән келтірушілердің көрсетуімен 1922, 1926ж. екі рет кінәсіз тұтқындалып, босатылған. Қазақстанда 20-жылдардың басында көрініс тапқан ұлттық интеллигенция өкілдерін қуғындау науқаны кезінде Алаш партиясының басқа да мүшелері сияқты Бөкейханов та қуғынға ұшырады. Ақырында сталиндік репрессияның құрбаны болды. 1989ж. 16 мамырда ақталды.



ҒАПОВА Қауазия (15.05. 1922ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Ленин колхозы). Әкесі орташа өмір сүрген. Шешесінен жастайынан жетім қалған қыз еңбекпен пісіп, есейді.

Колхоздың сиырын сауып, сүтінен май жинап, еңбек еткен. 1948ж. Бейсенбаев Сопыжанмен отбасын құрып, өмірінің соңына дейін берекелі ғұмыр кешкен. «Үшөзек» деген жерде 1951ж. тауық фермасына завферма болған. 1952ж. «Дастар» қыстағында отбасыларымен қой баққан. 1958ж. бастап бір отар қойды өз атына алып, колхозды



көркейтуге өз үлестерін қосқан. 1959ж. еңбегі бағаланып, Қауазия Аудандық партия комитетінің пленум мүшесі болған. Сарытеректе өтетін наурыз мейрамдарына үнемі наурызкөжесін жасап, өлеңін айтып, белсенді болып жүретін жүзі жарқын жан еді. Қауазия шешеміз бие сауып, торсыққа қымызын ашытып, қымызшылардың жарысына қатысып, бал қымызы бағаланып жүлделер алып жүретін. Ауылымыздың сыйлы азаматшасы болды деп айта аламыз.

ҒАЛИХАНОВ Сейтжан (1.02. 1929ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Ақтоғай а.с., Қуаныш е.м.). 1943-1946жж. Қарқаралы зооветтехникумына оқуға түсіп, мал дәрігері мамандығы бойынша бітірген. 1949-1964жж. учаскелік мал дәрігері, МТС-тің бас мал дәрігері, Қоңырат ауданының совхоздарында бас мал дәрігері қызметтерін атқарған. 1964-1984жж. Ақтоғай ауданы «Ақтоғай» совхозының №3, №2 бөлімшелерінде басқарушы қызметін атқарған. Бірнеше рет аудандық, ауылдық Советтердің депутаттығына сайланған. 1961 жылы бірінші республикалық интеллигенция съезіне Қоңырат ауданы бойынша делегат болып сайланған. Жұбайы Ақтайбекова Төкен екеуі 8 бала тәрбиелеп өсірді. Ғалиханов Сейтжан тыл

және еңбек ардагері. Ұлы Отан соғысының 30, 40 және 50 жылдығы мерекелік медальдарымен, 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

ДАҒЫЛОВ Тұрсын (1932ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-1998ж.к.) Сарытерек жетіжылдық мектебін, Қарқаралы мал дәрігерлік техникумын бітірген. 1954ж. «Желтауда» ұйымдастырылған алғашқы косомол жастар бригадасына басшылық етті. 1955-1957жж. Қарағанды қаласындағы «Жоғарғы партия» мектебінде 2 жыл оқып, оны үздік бітірін, ауылға келген соң 1963 жылы алғашқы құрылған Ақтоғай совхозының №1 бөлімшесінде меңгерушісі болып, 1968 жылға дейін абыройлы еңбек етті. Осы жылдары бөлімше шаруашылығы совхоз бойынша алдыңғы қатарда болып, ұжым басшысы үлкен беделге ие болып, ауданда, облыста мақталған. 1968-70жж. Сарытеректе клуб меңгерушісі болды. 1970ж. орманшы болып жұмысқа тұрып, зейнеткерлікке шыққанша табиғат қорғаушысы болып еңбек етті.

Т.Дағылов майталман қолөнер шебері еді. Әсіресе киіз үйдің есігінен бастап, 60 уық, 6 қанат кереге, айшықты шаңырақ оюларын әсем келтіріп, жасаған өрнекті үйі көз тартарлық болатын.

ДАҒЫЛОВ Тұрған (1.01. 1938ж.т. Қоңырат аудан. Ленин колхозы.,-31.12.2002ж.к.) Еңбек жолын колхозда жұмысшы болудан бастаған. Соғыс уақытында тылда еңбек етті. Алғашқы механизаторлардың бірі. 1959ж. бастап колхозда шофер болып жұмыс істеді. Ол ауыр жүк көліктерінен бастап, жолаушылар таситын автобуска дейін жүргізді. Колхоз кезінде өзіне жүктелген жұмыстың бәрін атқарған, тіпті инженер болып та еңбек еткен. Тұрған Дағылов ізденімпаздығымен тынбай еңбек істеген жауапкершілігі мықты азамат болды. Соның арқасында бірнеше грамоталармен және сыйлықтармен марапатталған. Бірінші жолдасы Тапалова Шәкенмен (10.11.1941ж.т. - 25.05. 1985ж.к.) отбасын құрып, дүниеге: Перизат, Гүлнар, Шұға, Күлкен, Жұмагелді, Гүлшат, Салтанат, Ерсін атты балаларды дүниеге әкеліп, тәрбиелеген. Колхоз кезінде Ш.Тапалова ауыл шаруашылығында еңбек етті, кейін ескі мектепте тазалықшы болып жұмыс істеді. 1986ж. мамыр айында ауырып дүние салды. Екінші жолдасы Дағылова Сарқытпен отасып: Гуля, Есен, Нұрлан, Күләш, Ермек атты балаларды тәрбилеп өсірген. Сарқыт интернаттың асханасында аспазшы болып жұмыс істеді сонымен қоса жаңа мек-

тепте тазалықшы болды. Ал қазір Сарқыт Дағылова зейнеткерлікке шығып, бала-шағасының қызығын көріп Балқаш қаласында кенже ұлы Ермекпен тұрады.

ДАҒЫЛОВ Тұрғанбек Дағылұлы (4.05.1940ж.т. Ақтоғай ауд., Сарытерек ауылы.,- 26.05.1991ж.к.) Сарытеректің жетіжылдық мектебін бітірген. Бухгалтерлік курсты оқып тәмамдап, ауылға келіп есепшілік қызметте селолық кеңесте көп жыл еңбек етті. Кейінде Сарытерек ауылында селсоветте ұзақ жылдар бойы бас есепші болып қызмет жасап, ауылдың өркендеуіне көп үлесін қосқан беделді азамат еді.

ДАКЕНОВ Мұқсын (15.12. 1948ж.т. Балқаш қаласы.) 1966ж. Ақтоғай селосындағы М.Горький атындағы №1 қазақ орта мектебін бітірген. Еңбек жолын Ақтоғай совхозында механизатор болып жұмыс істеуден бастады. (1966-1967жж.) 1967-1969жж. әскер қатарына алынып, азаматтық борышын өтеп келді. 1974ж. Абай атындағы ҚазПИ-нің тарих факультетін үздік дипломмен тәмамдады. Институттың жалпы тарих кафедрасының шешімімен кафедраға стажер-зерттеуші ретінде қалдырылып, онда 1975-1977жж оқыды. Батыс Еуропаның саяси-әскери кіріктенуінің өзекті мәселесін

зерттеді. Оқу мерзімі аяқталған соң М.Дакеновке Қазақ ССР Оқу-ағарту министрлігі Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институтына жолдама берді. 1977-1986жж. сол институтта қызмет істеп, кешкі дайындық бөлімінің менгерушісі, СОКП тарихы және ғылыми коммунизм кафедрасының менгерушісі болып жұмыс істеді. Сонымен қатар Торғай облыстық партия комитетінің жанындағы кешкі марксизм-ленинизм университетінің кафедра менгерушілігін қоса атқарды.

1980-1983жж. М.В.Ломоносов атындағы ММУ-де СОКП тарихы кафедрасында аспирантурада оқыды. 1984ж. наурызда аталмыш университеттің мамандандырылған кеңесінде «Тоғызыншы бес жылдықта ауылшаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттырудағы Қазақстан компартиясының қызметі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1986-1988 жж. Қазақ ССР Білім беру министрлігінің қоғамдық ғылымдарды оқыту Бас басқармасының бас маманы болып қызмет істеді. Тарих пәндері бойынша орта мектеп оқушыларына арналған ұлттық оқулықтар мен оқу бағдарламаларын және студенттерге арналған фи-

лософия, саяси экономика оқулықтарын жазып шығаруды ұйымдастырушылардың бірі.

1988-2013жж. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доценті, профессоры (2007ж.) болып жұмыс істеді. ҚР Білім беру ісінің үздігі (1998ж.). 2013ж. бастап бүгінгі дейін Алматы энергетика және байланыс университетінің Қазақстан тарихы және мәдениеті кафедрасының профессоры (2015ж.) болып жұмыс істейді.

Орта мектеп оқушыларына тарих пәні бойынша, республикалық деңгейге жарық көрген оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторларының бірі. Дүниежүзі тарихы. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Алматы: Мектеп, 2006, 2010, 2014. 16 б.т. (қазақ, орыс тілдерінде); Дүниежүзі тарихы. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Алматы: Мектеп, 2006, 2010, 2014. 13 б.т. (қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде); Ежелгі дүние тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбына арналған оқулық. Өң-

делген. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Алматы: Атамұра, 2006, 2010, 2014. 13,46 б.т. (қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде); Ежелгі дүние тарихы. Оқу әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 6 сынып мұғалімдеріне арналған. Өңделген. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Алматы: Атамұра, 2006, 2010, 2014. 5,04 б.т. (қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде).

Студенттерге арнап 15 оқу құралын жазды. Ғылыми мақалалары Венгрия, Болгария, Германия, Польша, Ресей басылымдарында, ҚР энциклопедиясында, ғылыми журналдарда жарыққа шықты. ҚР Ұлттық Энциклопедиясында, ғылыми журналдарда, оқулықтар бірнеше мәрте басылып шығарылып, қазірде қолданыста. Монографиялар: Тарихтың тағылым айдыны. – Алматы, 2009., Х.М.Әділгереев – тұңғыш қазақ тарихшы ғалымы – Алматы, 2017. Сайып келгенде М.Дәкенов 100-ден астам монографиялардың, ғылыми мақалалардың оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың, кітапшалардың авторы.

М.Дакенов туралы мақалалар: - Әбсатаров Р.Б., Мұқажанова Ә.Ж. Ғалым. Ұстаз. Азамат. // Хабаршы.»Әлеуметтану және сая-

си ғылымдар» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2009. - №1(25). – 73-75б.

М.Дакенов //Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары мен оқытушылары – Алматы, 2008.- 358-359б. М.Дакенов – 60 жаста! //Білім – Образование. Ғылыми-педагогикалық журнал. – Алматы. – 2009. - №1(43). – 73б.

ДАКЕНОВ Сер-

жан (1.05. 1918 ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат (қазіргі Ақтоғай) ауданы, Үшөзен колхозы. 14.04.2001ж.к.) - Ұлы Отан соғысының



ардагері. Әкесі Әйнәпілов Дәкен, анасы Әйнәпілова Бибіқайша Мұстапақызы. Ауылдық мектептен жеті сыныптық білім алған. 1939 жылы 30 қыркүйекте Қызыл әскер қатарына шақырылып, Амурдағы комсомол қаласында орналасқан бөлімде міндетін атқарды. Ұлы Отан соғысында 23 мото-атқыштар бригадасының 7 ротасында бөлімше командирі, барлаушы болған. Гвардия сержанты. Сталинградты қорғауға, Еуропа халықтарын фашист басқыншыларынан азат етуге, Берлинді алуға қатысты. Үш рет жарақат алған. Отан соғысының орденімен, «1941-1945жж. Ұлы

Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне 20, 30, 40, 50 жыл», Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков медальдарымен, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығы құрметіне «1941-1945 жж. соғыс ардагері» белгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Соғыстан оралғаннан кейін Балқаштың мыс қорыту зауытындағы 517 цехта жұмыс істеген. Озат еңбегі үшін ол туралы «Балқаш жұмысшысы» газетінде бірнеше мәрте мақалалар жарияланған, құрмет тақтасына ілінген. 1962 жылдан бастап Ақтоғай совхозында автомай құйюшы болып жұмыс істеген, зейнетке шыққан.

ДОСМАҚОВ Ғабидолла Мұхтарұлы (19.10.1963ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы). 1970-1980 жылдары Сарытерек орта мектебін оқып тәмамдаған. 1982 - 1984 жылдар аралығында Отан алдындағы әскери міндетін атқарған. 1984-1986жж. Целиноград қаласында экономика техникумында оқып, мамандық алды. Сарытерек селолық советінде, Сарытерек орта мектебінде қызметтер атқарды.



1992 жылы маусым айында Жезқазған облыстық мешітінен 4 айлық медреседе алғашқы сауаттандыру курсы бітірген. 1992 жылы қыркүйек айының соңында Шақаұлы Қараменде би бабамызға алғаш рет рухына арнап ауданда ас берілді. Сонда алғаш Құран оқып, хатым жасаған. Сол жылдың қазан айында Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Мұқанов Тұңғышбайдың ұсынысымен аудан орталығында салынып жатқан мешітке, болашақ имам ретінде, аудан атынан Жезқазған қаласындағы медресеге 3 ай оқуға жіберілді. Оны жыл соңында бітірін келді.

1993 жылы 17 қаңтар күні Ақтоғай селосының әкімі Нөкешов Ораздың және ауыл ақсақалдарының ұйғарымымен Ақтоғай ауданы мешітінің имамы міндетіне Ғабидолла Мұхтарұлы ұсынылады. Бұл ұсыныс Жезқазған облыстық мешіттің имамы тарапынан қолдау тапты.

1993 жылы наурыз айының 3 күні Ақтоғай аудандық мешіті ашылды. Ақтоғай аудандық мұсылмандар мешіті діни бірлестігі болып құрылды. Мешіт имамы Ғабидолла Досмахов, наібкөмекші Қалиасқаров Кәрімбек болды. Осы жылдар ішінде аудандық мешіттің бас имамының қолдауымен ауданның жеті округі

гінде мешіттер ашылып, халықтың игілігіне берілді. Олар: Сарытерек забия мешіті, Шабанбай би забия мешіті, Нүркен забия мешіті, Жидебай забия мешіті, Қызыларай забия мешіті, Тасарал забия мешіті, Шұбартау забия мешіті. Ғабидолла Мұхтарұлы 2003ж. Алматы қаласынан Ислам институтын аяқтап, қолына Шахада дипломын алды.

1992 жылы алғаш рет Шақаұлы Қараменде би бабамызға ас берілді. 1993 жылы мазары жаңартылып, қайыра ас берілді. Одан кейін барлық осы төңіректегі Жидебай батырға, Сана би, Шабанбай би бабаларымызға, Сеңкібай батыр би атаға, Кәріпбай қожаға, Мәнжіғұл батырға, Төлеген мырзаға, Әуез енеге, Шот бабаға, Жалантөс батырға, Қожағұл баба, Көшкін баба, Кенішбай ақындарға астар беріліп, осы астарда Құран оқып, хатым түсірді. Аудан имамы болып 2004 жылдың қазан айына дейін 12 жыл қызмет атқарды.

ДОСМАҚОВ Ғайнолла Мұхтарұлы (3.12.1958 ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы, Киров селолық округі). 1975 жылы Жезқазған қаласындағы №8 қазақ орта мектебін бітірген соң, екі жыл туған ауылы Сарытеректе «Құрдастар» комсомолжастар бригадасында көмекші шопан болып еңбек етті. 1976

жылы Жезқазған педагогикалық институтының жалпы техникалық пәндер факультетіне оқуға түсіп, оны 1981 жылы физика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. Жолдамамен Приозерск қаласына барып, онда бір жыл мектепте өз мамандығы бойынша қызмет жасады. 1982-1983 оқу жылында Сарытерек орта мектебінде еңбек етіп, 1983 жылы Бірлестік бөлімшесіндегі «Жамшы» сегізжылдық мектебіне директор болып тағайындалды. Үш жылдан соң, 1986 жылы Балқаш қаласына қоныс аударып, №2 Абай атындағы мектепте ұстаздық қызметін жалғастырды. 1988-2000 жылдары Балқаш ет комбинатында қызмет атқарды. 2000 жылдан бері өз алдына жеке кәсіпкерлікпен айналысып келеді.

ДОСМАҚОВ Мұқтар (1927 ж.т. Ақтоғай ауданы, Ленин колхозы.,- 2010ж.к.) 1942 жылы аудандағы М.Горький атындағы мектептің 8 сыныбын бітірген. Содан соң 2 жыл совхозда жұмыс жасаған. 1944 жылы Қарқаралы қаласындағы педагогикалық училищеде алты айлық мұғалімдер дайындайтын курсты бітіріп, Калинин колхозында бастауыш сынып мұғалімі бо-





лып, 1950 жылға дейін қызмет істеді. 1955ж. Киров атындағы колхозда мұғалім, 1956ж. бастап 1988 жылға дейін Сарытерек орта мектебінде мұғалім болып жұмыс жасады. Үздіксіз адал еңбегінің нәтижесінде 1970 жылы Қазақ ССР оқу министрлігінің «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогымен марапатталған. 1968 жылы Қазақ ССР оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1946 жылы Ұлы Отан соғысы кезіндегі жанқиярлық еңбегі үшін медальмен марапатталған Тыл ардагері. 1984 жылы Еңбек ардагері атағын алды. Ұлы Отан соғысының 55 жылдық мерекесінде ҚР Президенті Н.Назарбаевтың құттықтау хатына ие болды. Иманбайқызы Күләш (Гүлбаһрам) – Досмақ келіні (1927-1992). 1942 жылы Ленин колхозындағы жетіжылдық мектепті бітіріп, еңбек жолын колхоздың қойма меңгерушісінің көмекшісі болып бастаған. 1947 жылы тұрмысқа шыққаннан кейін жолдасы Досмақов Мұқтармен бірге Қаракұла ауылындағы бастауыш мектепте тазалықшы, 1950-55жж. Қоңырат ауданының Киров колхозындағы (Қазіргі Ақтоғай ауданының Үшарал ауылы) сегізжылдық мектепте есепші, 1956-61жж. Сарытерек ауылындағы сегізжылдық мектеп-

те интернат аспазы, 1961-73 жж. Сарытерек орта мектебі жанындағы интернатта аспазшы және түнгі тәрбиеші жұмыстарын атқарған. 14 бала тәрбиелеп өсірген Батыр Ана. Халқының бәрі құрметтейтін ел анасы болды. Қазақтың ұлттық тағамдарын өте шебер дайындауымен ел аузына ілікті. Ұлттық қолөнерімен де ерекшеленді. Ол кісінің қолынан шыққан сырмақ, алаша, түскиіз, текемет, шымши, бесік жабдықтары аудандық, облыстық көрмелерге қойылып, жүлделі орындарға ие болып марапатталды.

ДОСМАҚОВ Алпысбай (1945-1997) Қарқаралы зооветеринарлық техникумын бітірген соң Ақтоғай совхозында ферма зоотехнигі, ферма есепшісі болып жұмыс жасаған. Кейінгі жылдары механизатор болыпта жұмыс атқарды. 1973ж. Республикада екінші болып құрылған «Жалын» комсомол жастар бригадасының жетекшісі Тұяқбаев Қабыраштың көмекші қызметін атқарып, совхоз экономикасын дамытуға өз үлесін қосқан. Жұбайы Рақымжанова Нескен жолдасы Досмақов Алпысбаймен бірге еңбек жасап, Ақтоғай совхозының орталығындағы дәрігерлік пунктте және №1 бөлімшеде медбибі қызметін атқарды.

ДОСМАҚОВ Зейнолла Мұхтарұлы (1956ж.т. Ақтоғай аудан-

ны Сарытерек ауылы.) 1971ж. Саран қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеге оқуға түсін, оны үздік дипломмен бітіргеннен кейін еңбек жолын Айыртас орта мектебінен бастаған. 1982ж. дейін Сарытерек орта мектебінде мұғалім, 1982ж бастап Ақтоғай аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет жасаған. 1988-1992ж.ж. Қызыларай ауылында учаскелік инспектор, аудандық ішкі істер бөлімінде анықтаушы, экономикалық бөлімінің инспекторы, 1992 жылдан 1997 жылға дейін Балқаш қалалық ішкі істер бөлімінің ППС батальонының штаб бастығы, Қоңырат поселкелік милиция бөлімінің бастығы қызметтерін атқарып, 1997ж. милиция майоры шенімен зейнеткерлік демалыста. Ұзақ жылғы мінсіз қызмет үшін, ҚР ІІМ-ң облыстық ішкі істер департаменті бастығының құрмет грамоталарымен «Милиция қызметінің үздігі» I, II, III дәрежелі «Ішкі істер орындарындағы қалтқысыз қызметі үшін» медалдармен марапатталған. 1997ж. бері аудан экономикасының дамуына елеулі үлес қосып отырған кәсіпкер. Әлеуметтік жағдайы томен адамдарға үнемі көмек көрсетіп отырған меценат, халықтың алғысына бөленіп отырған азамат. Кәсіпкерлік қызметі үшін 2015ж.

ҚР Президентінің Алғыс хатын, 2016ж. «Бейбітшілік әлемі» дипломын, 2017ж. халықаралық казак творчестволық бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалімен Қарағанды облысының алғыс хатымен, «Нұр Отан» ХДП-ның алғыс хатымен марапатталған. «Тоқырауын толқындары» эн-би ансамблінің мүшесі. Ол кәсіпкерлікпен шұғылданғаннан бастап ауыл тұрғындарына, мектептерге, әлеуметтік күнкөрісі төмен отбасыларына материалдық тұрғыда қаржылай көмек беріп, демеушілік көрсетіп келеді. Елбасы тарапынан бастау алған қазақстандық өндірушілердің өнімін насихаттап, халыққа сатуда маңызы бар жұмыстар атқаруда. Мұндай кезде жұбайы Әлияда үй шаруасымен қатар отағасының көмекшісі болып, отбасылық кәсіпті дөңгелетуге өз үлесін қосып келеді.

ДОСМАҚОВ Қабдолла (Қабжан) (24.10.1948ж.т. Сарытерек с.к. қарасты Қарақұла (қазіргі Жалын) қыстағында). 1965ж. Ақтоғай аудан. М.Горький атындағы орта мектепті тамамдаған. 1971ж. Целиноград (қазіргі Астана) ауыл шаруашылығы институтының зоотехния факультетін ғалым-зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Институтты «Ақтоғай»

совхозының жолдамасымен оқып бітіргендіктен, ол осы совхоздың №2 бөлімшесіне зоотехник болып жұмысқа орналасты. Бұл бөлімше сол кезде жаңадан шығарылайын деп жатқан «Дегерес» асыл тұқымды қойын өндірісте сынайтын асыл тұқымды ферма есебінде болатын. Оған Алматы зооветеринарлық институтының ғалымдары келіп жыл бойы селекция, сынақ жұмыстарын жүргізетін. Оның негізгі ядросы бір кездері Қазақ ССР-і Жоғары Кеңесінің депутаты болған, бірнеше орден иегері озат шопан Иісбек Жәркеновтің отары болды. Міне, жас маман өзінің институт қабырғасында алған білімін еңбекпен, селекциялық жұмыспен ұштастырды. Оның бұл жұмысын сол кездегі совхоз директоры Жұмағұл Ибраев, бас зоотехнигі Тайкен Қалиев, селекционер-зоотехник Ерғазы Мақұлбековтер қоштап, қолдау көрсетіп отырды. Қабжан осы бөлімшеде еңбек еткен бір жарым жылында үлкен еңбек, өмір мектебінен өтіп, жақсы азамат, білікті маман болып қалыптасты.

1973ж. Жезқазған облысы құрылып, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында зоотехник қызметін атқарып жүрген Қабжанды облыстық қой шаруашылығы басқармасының аға

зоотехнигі етіп тағайындайды. Институт қабырғасында жүргеннен-ақ ән өнеріне жақын болған Қабжан 1974ж. Жезқазған облыстық халық шығармашылығы Үйінің жанынан құрылған «Ұлытау» ән-би ансамблінің құрамына қабылданып, 1975 жылы жұмысын өнер саласына ауыстырады. Осы ансамбльді, одан соң облыстық Халық шығармашылығы мен мәдени-ағарту орталығын басқарған ол, ансамбль құрамында Алматы, Мәскеу, Германия Демократиялық, Германия Федеративтік республикаларында, Исландия елінде өнер көрсетін, екі дүркін Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты атанады.

Қабжанның мәдениет пен өнер саласындағы шығармашылық, ұйымдастырушылық қабілеттеріне тәнті болған облыстың идеология басшылары оны 1982 жылы Жезқазған облыстық кәсіподақтар кеңесінің мәдениет және спорт бөліміне басшылыққа жібереді. Мұндағы нәтижелі жұмыс атқарған соң, облсовпроф басшылығы оған 1986ж. облыстық ауыл шаруашылығы кешені қызметкерлерінің кәсіподағы комитеті басшысының орынбасары қызметін ұсынды. Осы жылы ол Мәскеудің мәдениет институтын сырттай тәмамдады. Облыстық комитеттегі қызметті де

абыроймен атқарып, ол 1989ж. облыстық партия комитетінің идеология бөлімінде мәдениет және спорт мекемелеріне партиялық басшылықты қадағалайтын нұсқаушы болып тағайындалды. Бұл жылдар да облыс мәдениеті үшін айтарлықтай жаңалықтар әкелген жылдар болды: ұлттық дәстүрді, өнер мен салтты насихаттайтын облыстық «Ұлытау үні», ұлтаарлық татулықты, бірлікті насихаттайтын «Байқоңыр дауысы» фестивальдері өмірге келіп, облыстық Күләш Байсейітова атындағы әнші қыздар, Сайдалы Сары Тоқа атындағы күйшілер конкурстары өткізілді.

1992 ж. ақпанында тәуелсіз еліміздің алғашқы басқару билік институттары – жергілікті әкімшіліктер құрыла бастады. Облыс басшылығы Қабжанды облыс Әкімі аппараты жетекшісінің орынбасары – ұйымдастыру кадр бөлімінің бастығы етіп тағайындады.

1997 ж. Жезқазған облысы тараған соң, аз ғана уақыт Жезқазған қала әкімі аппаратында ұйымдастыру бөлімін басқарған Қабжанды сол күзде Жәйрем-Атасу экономикалық еркін аймағы төрағасының – Қаражал қаласы әкімінің орынбасары, 1998ж. басынан қала әкімінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарды.

1999ж. көктемінде құрылған «Отан» партиясының Қаражал қаласындағы бөлімшесінің бірінші төрағасы болды. Осы жылдың жазында экономикалық еркін аймақ жабылды да, Қабжан Мұқтарұлы Жезқазғанға қайтып келіп, қайтадан қалалық әкімшілікте бас маман қызметін атқарды. 2000ж. жазында ол «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы «Отан» партиясының атқарушы директорының орынбасары, ал келер көктемде директоры болып тағайындалды. Мұнда да көптеген игі істер атқарылып, кейін филиалға айналған өкілдіктегі партия мүшелерінің саны 6600-ден төрт-бес жылда 32 мыңға дейін өсті. Сол жылдардағы еселі еңбегі үшін Қабжан Мұқтарұлы «Астана» медалінің иегері атанды, партияның «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

2010ж. Қабжан үшінші рет кәсіподақ жұмысына оралды: бұл жолы ол өңірдегі әріптестерімен бірге «Қазақмыс» корпорациясының кәсіподақ ұйымын қайта жандандырып, алдымен Аумақтық кәсіподақ ұйымын, кейіннен жеке салалық «КәсінҚазақмыс» кәсіподағын құрды.

Қабекен жұбайы Мәруамен екеуі бала тәрбиелеп, ұрпақ

өсіріп отырған ата-аналар. Балалары жоғары оқу орындарын тамамдап, өмірден өз орындарын тапса, немерелері Назарбаев университетінде, Қытайдың, Польшаның жоғары оқу орындарында білім нәріне сусындап жатыр.

Қабжан Мұқтарұлы жоғарыда аталған «Астана» медалі, «Нұр Отан» партиясының «Белсенді қызметі үшін», КСРО Мәдениет министрлігінің, Бүкілодақтық фестивальдер лауреаты төсбелгілерімен, Жезқазған облыстық атқару комитеті төрағасының, Мәдениет министрлігінің, облыстық кәсіподақтар Кеңесінің грамоталарымен марапатталған.

ДОСМАҚОВ Сағидолла Мұхтарұлы (25.02.1960 ж.т. Сарытерек ауылында.) 1976 жылы Сарытерек орта мектебін бітіргеннен кейін 2 жыл «Жалын» жастар бригадасында еңбек етті. 1978-1983ж.ж. Жезқазған педагогикалық институтында оқып, география-биология пәні мұғалімі мамандығын алып, өзінің алғашқы еңбек жолын 1983 жылы Жамшы негізгі мектебінде биология-география пәнінің мұғалімі болып бастады. 1984-1985 ж.ж. Совет Армиясы қатарында әскерлік борышын атқарды. 1985-1988 ж.ж. Ақтоғай селосындағы № 14 кәсіптік техникалық училище-

де өндірістік оқу шебері, сонымен бірге училищеде оқытушылармен қызметкерлердің кәсіподақ комитетінің төрағасы, 1989-1991 ж.ж. қазіргі А.Бөкейханов атындағы қазақ орта мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.

1991 ж. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, биология-география факультетінің, география кафедрасында аға оқытушы және факультет деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметінде 10 жылдан астам еңбек етіп келеді. 60-тан астам ғылыми мақалалардың, 2 оқу құралының, 1 электронды оқулық пен электронды дәрістердің және оқу әдістемелік нұсқауларының авторы.

Еңбек еткен уақыттарда өз білімі мен біліктілігін жетілдіруде Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің Біліктілікті жетілдіру факультетінде, ҚР ЖОО педагогикалық мамандықтары оқытушыларының «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтында, Біліктілікті көтеру «Жаңа экономикалық география» тереңдетілген денгей, РУДН, Москва (2016ж.), Қазақ географиялық қоғамында және Аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде курстардан өткен.

С. М. Досмахов ғылым және білім саласындағы белсенді еңбегі және қоғамдық қызметі үшін Академик Е.А. Бөкетов Қарағанды мемлекеттік университеті ректорының Құрмет грамотасымен, Қарағанды қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен, Ақтоғай аудандық білім беру басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Жұбайы – Кенжетаева Зауре Рымханқызы –Қарағанды технология және сервис колледжінде физика пәнінің мұғалімі, жоғары санаттағы оқытушы. Ұлы – Давид, қызы – Дина жоғары білімді мамандар, әр салада жемісті еңбек етуде.



ДОСМАҚОВ

Хайролла 2003-2016 жылдар аралығында. Алматының Абай атындағы казак педагогикалық институтын бітірген. 1973-

88 ж.ж. Сарытерек орта мектебінде әскери жетекші, 1988-1992 ж.ж. Қызыларай орта мектебінің директоры, 1992-2003ж.ж Жабас Кеңесбаев атындағы орта мектеп директорының орынбасары, 2003-2016 ж.ж. Жабас Кеңесбаев атындағы орта мектеп директоры қызметін атқарған. Мектеп кадрларын қалыптастыруда, оқу-тәрбие үрдісін дамытуда, мектептің заманауи материалдық-

техникалық базасын нығайтуда, мектепті безендіру мен абаттандыруда ерекше еңбек сіңірген директор, «Тоқырауын толқындары» этнографиялық-фольклорлық ансамбліне мүше болған. Ақтоғай аудандық маслихатының екі шақырылымының депутаты. Ауданның қоғамдық-саяси және мәдени өміріне сіңірген еңбегі мен ұзақ жылғы педагогикалық қызметі үшін КСРО ХШ Көрмесінің күміс медалімен, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, ҚР Білім және ғылым министрінің, облыстық білім департаментінің, бірнеше мәрте аудандық білім бөлімінің, Қарағанды облысының, Ақтоғай ауданы әкімінің құрмет грамоталарымен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» және «Қазақстан маслихаттарына 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

ДУЛАТБЕКОВ Орынбасар

- 1964-1969 ж.ж., Ақтоғай совхозы кезінде партком хатшысы қызметін атқарған. Дулатбеков Орынбасар ауылдың экономикасын, мәдениетін көтеруге лайықты үлес қосып, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарған.

Ал, ұлы Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбеков қазіргі таңда ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты. 2018 жылы аулымыздың 90

жылдығы қарсаңында Нұрлан Орынбасарұлы бір кезде әкесі қызмет еткен Сарытерек е.м., ат басын бұрып, ауылдың тұрмыс-тіршілігімен танысып қайтты.



ДАУЫЛБАЕВ Әжібек (1934 ж.т., Қоңырат ауданы, Ленин колхозында). Әкесі Дауылбай Түсіпов колхозшы, ал екі інісі Молдашбай мен Оңғарбай 1941 ж.

соғысқа аттанып, хабарсыз кеткен. Әкеден жас қалған Ә.Дауылбаев 1942ж. бастап әкесінің апасы Дәметкеннің тәрбиесінде болған. Дәметкеннің де жалғыз ұлы Сәкітай соғысқа кетіп, оралмаған. Ә.Дауылбаев 1944-1945жж. колхоздағы бастауыш мектепте, кейін аудан орталығындағы М.Горький атындағы мектепте оқып білім алған, одан соң: колхоздағы егін салу, шөп шабу жұмыстарына қатысып, өзі құралпылас жасөспірімдермен бірге еңбек етті.

1953 жылы Токаревкадағы УМСХ-да оқып тракторшы мамандығын алып, Теміртау металлургия зауытына кран машинисінің көмекшісі; тыңигеру жылдары комбайнер болып жұмыс істеді. 1955ж. Қарабұлақ МТС-да комбайнер-тракторшы болып жұмыс жасаған. Сол кездегі қажырлы еңбегі бағаланып, Ақтоғай ауданының

“Үздік механизаторы” атағына ие болды, есімі бірнеше рет Құрмет тақтасына жазылып, мақтау грамоталарын иеленді. Ә.Дауылбаев сол жылдардағы еселі еңбегі үшін: 1987ж. «Еңбек ардагері» медалімен, 1970ж. «Ерен еңбегі үшін», «Тыңға 50 жыл» «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл», «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды. 10 жылдан аса механик-гараж меңгерушісі болып туған жерін түлетуге сүбелі үлес қосты. 1974ж. бастап ширек ғасырға жуық тұтыну қоғамы сауда бірлестігінің директоры болып абройлы қызмет істеді. 1993ж. бастап еңбек демалысына шыққан. Тыл ардагері.

Зайыбы Қауырова Әйкен екеуі 9 бала тәрбиелеп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған, өмірлері ғибратқа толған өнегелі әулет.

ДАУЫЛБАЕВ Жаманбек (1928ж.т. Қоңырат ауданы, Қарақұла ауылы.,-1982ж.к.) Қарақұладағы бастауыш мектепті бітіріп, 1944 ж. Балқаш қаласындағы ФЗО-ға алынған. 1946 жылы Қоңырат руднигіндегі бұрғылау машинасында көмекші қызметін атқарған. 1968 ж. Ақтоғай совхозына жұмысқа орналасып, ұзақ жылдар бойы шофер болып еңбек етті. Қоңырат руднигінде

жұмыс жасағанда ерен еңбегінің арқасында бірнеше рет грамоталармен марапатталған. 6 бала тәрбиелеп өсірген ата. Қазіргі уақытта балалары әр салада жұмыс жасайды. Барлығы балалы-шағалы, тәрбиелі отбасылардың бірі.

Жұбайы – Омарбекова Шәкен (1923ж.т. Қоңырат руднигі.,-2004ж.қ.) Ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығында әртүрлі жұмыс жасай жүріп, зейнеткерлікке шыққан.

ДАУЫЛБАЕВА Кәкіжан (1932 ж.т.) - Ардақты ана. 17 жасынан бастап колхоз жұмыстарына белсене араласып, совхоз экономикасын көтеруге атсалысқан. Бір рет аудандық Советтің, бес рет Селолық советтің депутаты болып сайланған. 35 жыл совхоздың әртүрлі жұмыстарын атқарды. 10-15 жыл «Балабақшада» жұмыс жасаған. Еңбек ардагері. 12 бала тәрбиелеп өсірген батыр ана. Балаларының арасынан әскери қызметкер де, ұстаз да, дәрігер де басқа да мамандық иелері де шыққан. Бүгінгі күні отағасы Қасенбеков Ермек екеуі немере-шөберелерінің қызығын тамашалауда.


ДИНШИН Әбіш – (т.ж.б.) Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, Бірлестік колхозының Қарақозы қыстағында туып өскен. Малшаруашылығында шопан,

бақташы болып жұмыс жасаған. Жұбайы- Сейтжанқызы Мәкен көмекші шопан болып еңбек етті.

ДУАНБЕКОВ Мағазбек (1938ж.т. бұрынғы Жетімшоқы, қазіргі Сарытерек ауылы). Әртүрлі жұмыстар атқарған: тракторист, токарь, шопан, бригадир, ЛСП жетекшісі болып қызмет атқарды, «Төлеутай» шаруа қожалығын құрып кейін, бауыры Дуанбеков Сәттарбекке тапсырған. Қазір М.Дуанбеков Қарағанды қаласының маңындағы Жұмабек елді мекенінде тұрады. Алла жар болып, 2016 жылы қажылық парызын атқарып келген.

ДУАНБЕКҰЛЫ Мақсұтбек 1939ж. Қазақ КСР-і, Қарағанды обл., Шет аудандық әскери комиссариатынан әскерге алынды. 1941ж. Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға кірді. 1943 жылдың сәуір айынан Белорусия жеріндегі соғысқа қатысқан, содан хабарсыз.

ДУАНБЕКОВ Сәттарбек (т.ж.к.) алған мамандығы шоферлік, «Төлеутай» шаруа қожалығының жетекшісі Ақтоғайдың Сарытерек ауылының «Күңгей» қыстағында тұрады. Бірінші жолдасы Қарлығаш, екінші жолдасы, Абайқызы Айткүл. Айткүл екі ананың баласын бөлмей, ұлын үйлендіріп, қызын ұзатып ірілік танытты.



ДҮЙСЕКИН Шәйкен (12.01.1915ж.т. Қарағанды обл., Қонырат ауданы, Амангелді а.о.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Мамандығы есепші. 1942 жылы 5 наурызда Шет аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алынған. 1942ж. наурыз айынан, май айына дейін Көкшетау қаласында запастағы атқыштар полкінде әскери дайындықтан өткен. 1942ж. қараша айынан бастап, Украина партизан дивизиясында автоматшы болып соғысқа кірген. Соғыстан 1945ж. 2 маусымда елге оралған. Соғыстың басынан аяғына дейін украинадағы атакты партизан қолбасшысы, Совет Одағының 2 мәрте батыры С.А.Ковпактың дивизиясында соғысқан, деп жазды өзінің өмір дерегінде. Соғыс жылдары екі рет жарақат алған. Жауынгерлік наградалары: «Германияны жеңгені үшін» медалімен, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысының партизаны» медалімен марапатталған. Соғыстан кейін аман-есен елге оралып, бейбіт еңбекке араласқан. Мал фермасында басқарма төрағасы, сол кездерде тың игеру кезінде, Ақтұмсық елді мекенінде Қарабұлақ МТС-де есепші болып қызмет атқарған. Одан кейін Ақтоғай аудандық мал дайындау мекемесінде қабылдаушы болып бірнеше жыл еңбек етті. Бәйбішесі

Дария Іңкәржанқызы екеуі 7 бала тәрбиелеп өсірген ата-ана. Балалары қазіргі уақытта әр салада жұмыстар жасап, қызмет атқарады.

ДҮЙСЕНБЕКОВ Амантай (1927ж.т. Сарытерек ауылы). Мамандығы автокөлік жүргізушісі. Сарытерек кеңшарында жұмыс жасаған.



ЕГІНБАЕВ Әмір (22.02.1957ж.т. Қоңырат ауд., Амангелді ауылдық советі.) Мектеп бітіргеннен кейін Қоңырат ауданындағы, Орман мекемесінде орманшы болып еңбек жолын бастаған. 1970ж. Көкшетау облысы, Щучье қаласындағы орман шаруашылығы техникумына оқуға түсіп, техникумды оқи жүріп «Еркін күреспен» және «Классикалық күреспен» жаттығып, спортпен тығыз айналысты. Сол жылдары Көкшетау, Павлодар облысында Ленинск қаласында өткен жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетін: «Еркін күрестен» I разряд, «Классикалық күрестен» спорт шеберлігіне кандидат нормаларын орындады. Оқуды 1973ж. бітірін, Қарағанды облысы Қарқаралы қаласына жү-

мысқа келді. Қарқаралы қаласында «Қазақша күреспен» жаттығып, Қарағанды облысының біріншілігіне қатысып 85 кг. салмақта 1-ші және абсалюттік салмақтар бойынша чемпион атанған.

1976 жылы Ақтоғай ауданына оралып, Ақтоғай орман шаруашылық мекемесінде 2-3 ай жұмыс істегеннен кейін Ақтоғай аудандық балалар спорт мектебіне жаттықтырушы болып, жас ұрпақты спортқа баулумен айналысты. Спорт мектебінде жұмыс істей жүрін, облыстың құрама командасының мүшесі ретінде «Қазақша күреспен» және «Дзюдо» күресімен айналысты. «Қазақша күреспен» Диханбай Биткозов, «Дзюдо» күресімен Бауыржан Жаналин және Сүйіндік Әріновтер жаттықтырды. 1979 жылы «Дзюдо» күресінен Шымкент қаласында өткен Қаз ССР біріншілігіне қатысып, спорт мастерлігіне кандидат нормасын орындап шығады. «Қазақша күрестен» 1980ж. Семей қаласында өткен Қазақ ССР чемпионатына қатысқан Әмір Егінбаев байрақты бәсекеде жүлделі орын алып Қаз ССР спорт шебері нормасын орындап шықты. Ол Жезқазған облысында «Қазақша күрестен» өткен біріншіліктер мен спортакиадаларда сан дүркін боз кілемді шаңдатып жеңіс тұғырынан көтерілді. 1983

жылға дейін күреске қатысып, ел намысын қорғаған Әмір балуан 1980 жылы отбасы жағдайына байланысты туған ауылы Сарытерекке қоныс аударып, осында еңбек ете бастады. 2007 жылдың 4 сәуірінен бастап, Ақтоғай орман шаруашылығында «Орманшы» болып қызмет атқарып, зейнеткерлік демалысқа шықты. Жұбайы Ағыбаева Рыстай Ақылбекқызы (25.10.1950ж.т.) Жезқазған қаласындағы бір жылдық бухгалтерлік мектепті бітірген. Ақтоғай совхозындағы МТМ-де бухгалтер болып қызмет атқарды. 1995 жылы денсаулығына байланысты ІІ топтағы мүгедектік зейнеткерлігіне шыққан. Балалары ержетіп азамат болған.

ЕГІНБАЕВ Рахымберді (1924 ж.т. қазіргі Ақтоғай аудан., Сарытерек ауылы). Әскерге шет АӘК арқылы шақырылған. Қатардағы жауынгер. Соғысқа атқыш болып қатысып, 1943ж. желтоқсанда хабарсыз кеткен.

ЕГІНБАЕВ Төлеген (1938ж.т. Ленин колхозының Қарашілік е.м.). 1937ж. әкесі қайтыс болғанда 9 жаста екен. Қарғұлада бастауыш мектепте оқып, содан Сарытерек орта мектебінен 7 жылдықты бітірген. 1954-1959жж. №1 фермада есепші болып еңбек етті. 1959-1961жж. колхозда қой қырку, мал азығын дайындау, көмекші шо-

пан және қол еңбегін қажет ететін жұмыстардың бәріне атсалысты. 1.02.1961ж. бастап №2 фермада есепші болып 1963ж. 1 қаңтарға дейін еңбек етті. 1963ж. қаңтарда «Ақтоғай» совхозы құрылған жылдан бастап, №2 фермада есепші болып қызметін жалғастырды. 1968-1974жж. аға жұмыскер, 1975ж. құрылыста есепші, 1975ж. қазан айынан бастап №2 фермада басқарушы болып 1981ж. дейін абыройлы еңбек етті. 1981-1984жж. совхозда мал бордақылау (зоотехник) жұмысын атқарды. 1984-1987жж. №3 ферманың басқарушысы, одан кейін №1 ферманың басқарушысы болып мал шаруашылығын өркендетуге үлес қосты. 1993ж. наурыз айында зейнеткерлікке шығып, совхоз орталығындағы орталық қоймада 1995ж. дейін жұмыс жасады. Жұбайы Мақсұтбекқызы Шарбан (1936ж.т.) Жастай еңбекке араласқан: тоған қазып, соқа жегіп, егін егіп, тыл ардагері атанған. Өз заманында күні-түні колхоздың қандай жұмысы болсын сақман, қырықтықшы, сылақшы, кірпіш құйып ауылға мектеп салуға да қатысқан. Қазіргі таңда екеуі 60 жылдан аса отасып, 11 бала дүниеге әкеліп «Алтын алқалы» батыр ана атанып отыр.

ЕГІМБАЙҚЫЗЫ Мағира-
(1924ж.т. Қарағанды облысы,

Ақтоғай ауданы, Сарытерек колхозы.) Сарытерек орта мектебінде оқып, орта білім алған. 1943ж Айтжанұлы Тілеубек әкемізбен отбасын құрып, жанұяда 5 бала тәрбиелеп өсірген. Екеуіде қиын қыстау замандарда колхоздың бар шаруашылықтарына көмектесіп, «Тыл ардагері», «Еңбек ардагері» атанған.

ЕРМЕКБАЕВ Құлжанбек
(1898ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Ақтоғай совхозы-1978 ж.к.) Ақтоғай совхозында әртүрлі жұмыстар жасаған. 1946 ж. Нығыметжанова Қанымбаламен шаңырақ көтеріп, 9 бала тәрбиелеп өсірген. 1965 жылы зейнеткерлікке шыққан. Нығыметжанова Қанымбала (1921ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-2012ж.к.) Совхозда әртүрлі жұмыстар жасаған. 1941-1945жж. – Тыл ардагерінің медалімен 1946 жылы қыркүйек айында марапатталды. Дүниеге 9 бала әкеліп, Күміс алқа иегері атанған. 1965 жылы зейнеткерлікке шыққан.

ЕСЕКЕВ Смағұл – (1879ж.т.-1959ж.к.) Құралайды көзге атқан мерген болған. Ашаршылық жылдарында ауылды аң етімен асыраған. Ұрпақтары бар. Жолдасы Қуанышбайқызы Нұржан 1932ж. дүниеден озған.

ЕСЕКЕЙҰЛЫ Әбет (т.ө.ж.б.) Каганович колхозында өмір сүрген.



Алғашқы колхоздас-тыру кезінде, өзінің ұсталық дүкені болған, колхоздың соқасын, арба, шаналарын жасаған. Ертоқым, жүген, үзенгі секілді ат әбзелдерін өрнектеп жасайтын қолы шебер адам. Сырмақ, тұскиіз секілді тұрмыстық бұйымдарға арнап оюлар ойған. Онысын елжұрт: «Әбеттің оюы» деп атайтын. Әбет дүкені 1965 жылға дейін Жетімшоқы ауылында болды. Кейін бұзып, ішіндегі «көрікті», «төстерді» басқадай саймандарын алып кеткен. Өзі мерген, аншы Әбет ақсақал 1963 жылы 78 жасқа қараған шағында Сарытерек ауылында пәниден озды.

ЕСЕНБАЕВ Серікбай (17.08.1919ж.т. Қонырат ауданы, Сарытерек ауыл., Қаракозы-Майтастын баурайында,-16.03.1988ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Жас күнінде Қарқаралы жақтағы Бесоба деген жерде орналасқан балалар үйіне өтіп кеткен, ол жерден оны Аманбай ақсақал қайтып алып келген. Есі кіріп, мектеп жасына іліккен шағында Қожа қыстауындағы Сланбек қожаның мешітіне барып, Нүрке қожадан мұсылманша дәріс алған. 1937ж. Қарқаралыдағы педагогикалық техникумда оқып, мұғалімдік білім алған.

1939 жылы әскер қатарына алынып, азаматтық парызын өтеп жүргенде соғыс басталып, Секең 1941 жылдың тамыз-қараша айлары аралығында 15-ші жеңіл артиллерия полкында атқыш болып соғысқа кірген. Бұдан соң 1942 жылдың қаңтар айына дейін 4754-ші мотоатқыштар бригадасында барлаушы, ал қаңтар айында Хабаровскідегі жаяу әскерге курсант болып алынады. Сол жылдың наурызынан 1945 жылдың қыркүйек айына дейін 247-ші курсанттар бригадасында курсант, ал одан кейін 25-ші армияның күзет штабында бөлімше командирі болған. Осы қызметті 1946 жылдың наурыз айына дейін атқарады. Әскери шені – аға сержант, соғыста көрсеткен ерлігі үшін бірнеше орден, медальдармен марапатталған. Солардың ішінде «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған. Бұдан басқа «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 20 жыл», «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 30 жыл» медальдары, сондай-ақ, соғыс ардагерлері комитеті Президиумының 21.02.1986ж. шешімімен мерекелік ескерткіш белгі табыс етілген.

Соғыстан кейінгі кезеңде 40 жыл Айыртас, Шұбартау, Бірлестік, Сарытерек, Кенелі елді мекендерінде мұғалім болып қызмет жасады. Зейнеткерлікке

Кенелі мектебінен шықты. Жезқазған облыстық еңбекшілер Кеңесі атқару комитетінің 7.07.1980ж. шешімімен Серікбай Есенбайұлы «Еңбек ардагері» атанды. «Қазақ КСР-іне Еңбегі сіңген құрметті мұғалім» атағымен марапатталған.

Өмірлік жары Күләй Шырақбайқызы (01.01.1921ж.т.-01.01.2003ж.к.) - 8 баланың анасы, ҰОС жылдары Ақтоғай ауданындағы «Чапаев», «Жамбыл» колхоздарында ауылдық кеңестің хатшысы қызметін атқарған, ардақты ана.

ЕСМАҒАНБЕТҰЛЫ Аятбек (1920ж.т. Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Сарытерек колхозы, Қожа қыстағы, Кенелі.,-1972 ж.к.) Жастайынан мал бағып, шопан болып жұмыс жасаған. Жұбайы Дінәсілқызы Мәрпішпен екеуі отбасында 6 бала тәрбиелеп өсірді. Жұбайы Мәрпіш 1995ж. қайтыс болған. Алиман әжеміз Сарытерек, Үшөзек колхозында егінде, масақ теруде және колхоздың сауыншысы болып жұмыс жасаған. Алиман 1992ж. қайтыс болған.

ЖАБАСҚЫЗЫ Бибіш – (1924 ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-1993ж.к.) Қарағанды мұғалімдер институтының физика-математика факультетін бітірген. Еңбек жолын 1950 ж.ж. Ақтоғай аудандық комсомол комитетінің хатшысы қызметінен

бастап, өмірінің соңына дейін Балқаш қаласы Абай мектебінде математика пәнінен оқушыларға дәріс берген. Отағасы Шойынов Көкежан 4 баланың әкесі. Көкежан 1996 жылы қайтыс болған.

ЖАБАСҚЫЗЫ Мағираш - (1934 ж.т. Ақтоғай ауданы Сарытерек а.с.,2017ж.к.) Ұзақ жылдар бойы байланыс бөлімде жұмыс істеген. Отағасы: Галиев Мағыжан баласы Орман, келін баласы Балқия – мұғалім. Мағираш апамыз 2017 ж, Мағыжан жездеміз 2001 ж қайтыс болған. Баласы Орман мен Балқия өмірден жастай кетінті.

ЖАБАСҚЫЗЫ Қабираш - (1938 ж.т. Сарытерек аулында.) Қарағанды мұғалімдер институтын химия факультетін бітірген. Сарытерек, Қаратал, Бірлестік, Орта-Дересін, Шұбартау мектептерінде мұғалім болып жұмыс істеп химия пәнінен дәріс берген. Жолдасы: Нұрмағамбетов Қанағат білімі жоғары, совхоз директоры болып, басшы қызметтерін істеген. 5 бала тәрбиелеп өсірген, зейнеткерлер.

ЖАНАБАЕВ Темірғалы (9.05.1927ж.т.). Еңбек жолын 1945ж. Жамшы бастауыш мектебінде мұғалімдік қызметтен бастаған. Қарағанды қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институтты бітірген. 1956ж. бастап Сарытерек 8 жылдық мектебінде 19 жыл

мұғалім болып қызмет атқарды. 1.09.1964ж. бастап Ақтоғай совхозында жанармай базасының меңгерушісі болып, 1988ж. еңбек демалысына шықты. Еңбек еткен жылдарында Ұлы Отан соғысы жеңісіне 30, 50 жыл мерекелік медальдарымен марапатталған. «Тыл ардагері» ұзақ жылғы еңбегі ескеріліп, ауданның еңбек ардагері атанды. Жұбайы Төлеубекова Күләй (27.02.1937ж.т.) 1955 жылдың желтоқсан айында Жанабаев Темірғалыға тұрмысқа шығып, 10 бала (4 ұл бала, 6 қыз бала) тәрбиелеп өсірген «Батыр ана» атанды. Ұзақ жыл үй шаруасында болып балаларына тәлім-тәрбие берген, абзал ана. Бұл күнде 10 баладан 20 немере, 7 шөбересі бар. Барлық балалары жоғары білімді. Балалары, немерелері әр жерде, әр салада еңбек жасауда. 1975 жылдан 1984 жылдың 30 тамызына дейінгі аралықта Сарытерек совхозында азық-түлік дүкенінде сатушы болып қызмет атқарған. Осы жерден 1984 жылы еңбек демалысына шықты. Қазірде екеуі де өмірден озды.

ЖАҚЫПБЕКҰЛЫ Амантай (15.08.1943ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-5.04.2017ж.қ.) Ақтоғай селосындағы №1 М. Горький атындағы орта мектепті тамамдаған. 1968ж. Қарағанды медицина институтын терапевт-



дәрігер мамандығы бойынша бітірген. Жастайынан зерек, алғыр Амантай аз уақытта өзінің жақсы маман екенін еңбегімен дәлелдеді, бірін жылда жақсы маман атағы аумаққа жайылды. Қарағандының сантехникалық құрылғылар зауытында учаскелік дәрігер болып қызмет жасап жүрген Амантайды зайыбы Гаухар Кенжеқызының туған жері Көкшетау облысына жұмысқа шақырады. Сөйтіп бірер жыл Щорс атындағы кеңшар ауруханасының бас дәрігері болып, кейін Зеренді аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарды.

Оның дәрігерлік-емшілік қасиетіне облыс, аудан тұрғындары тәнті болды. Облыс медицина саласының басшылары оған өңірдегі ең бір көрнекті шипажайды – «Оқжетпес» санаторийін басқаруды сеніп тапсырды. Кейін бұл шипажай республика Министрлер Кеңесінің, Президенттің Іс басқармасының қарауына өтті. Шипажайдың осы статусын Амантай Жақыпбекұлы тиімді пайдаланып, оған жақсы мамандардың шоғырлануына, оның материалдық-техникалық базасының нығаюына оң ықпалын тигізді. Аз уақыттың ішінде

«Оқжетпес» еліміздегі іргелі шипажайлардың біріне айналды. Онда Бурабайдың климаттық ерекшеліктерімен қатар озық медицина жетістіктері пайдаланылды. Шипажайдың жана ғимараты салынды. Заман талабына сай медициналық қондырғылар мен техникалар алынды. Дем алушыларға жыл бойы қымыз, шұбат беруді жолға қойды. Осы шипажайда еңбек еткен 19 жылда еміне дауа, шипа іздеп келген талай елімізге әйгілі адамдармен танысты, солардың алғысына бөленді.

Бірінші жыл Щучинск қаласының орталық ауруханасында қызмет еткен Амантай Жақыпбекұлы зейнеткерлікке шыққанша Астана қаласындағы Республикалық медициналық ғылыми орталықта қызмет атқарды. Гиппократқа берген антына, мамандығына адал болып, халқының сый-құрметіне бөленді.

«Мен үшін ең үлкен марапат – пациенттерімнің, халықтың алғысы, солардың рахметі», деп отыратын Амантай Жақыпбекұлы Үкіметтік марапаттарға да ие болды. Бірнеше мерекелік медальдармен, Жоғары Кеңес, Министрлер Кеңесі, Денсаулық сақтау министрінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Халық депутаттары облыстық,

аудандық Кеңестерінің, аудандық мәслихаттың депутаты болып бірнеше мәрте сайланды.

Қамшының қысқа сабындай мынау өмірде артына өшпестей із қалдырған, өзі құрметтеп отыратын Сарытерек ауылын әр кез естен шығармаған Амантай Жақыпбекұлы өткен жылы 74-ке қараған шағында дүниеден озды.

ЖАҚЫПБЕКҰЛЫ Даулет (1949ж.т. Ақтоғай ауданы, Ұлы Октябрь колхозы.) – инженер-механик. Целиноград автотранспорт техникумын техник-механик мамандығы бойынша 1979ж. бітірген. Ақтоғай совхозында механик, гараж меңгерушісі, техника қауіпсіздігінің инженері, меларация инженері, Ақтоғай совхозы мердігерлік әдіске көшкенде №7 бригаданың мал бригадирі, ферма меңгерушісі болып жемісті еңбек етті. Кейін Балқаш қ. қоныс аударып, Қоңырат руднигінде механик, Балқаш қалалық «ПатИМ» көлік мекемесінде механик, колонна басшысы болып абройлы қызмет атқарды. 2012ж. бері зейнеткер. **Жүнісқызы Рысжан** (1949ж.т. Ақтоғай ауданы, Чапаев колхозы) - медбibi, Балқаш қаласының медициналық училищесін фельдшер-акушер мамандығы бойынша 1971ж. бітірген. Ақтоғай совхозының орталық ауруханасында, балабақшада, отбасылық

емханада фельдшер – акушерлік қызмет атқарды. 1994 жылы еңбек отілі бойынша зейнетке шықты.

ЖАНҚҰТТЫ БИ Ботантайұлы (1810, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Аюлы тауының баурайы -1873, Сауд Арабиясы, Мекке қаласы) - шешен, би. Бала кезінде ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауатын ашды. Кейін әкесі Жанқұттыны Қарқаралы қаласындағы медресеге оқуға береді (1824). Медресені бітіргеннен кейін ел ішіндегі әртүрлі билік, әкімшілік жұмыстарына араласды. Жанқұтты өз заманының әділ биі, от ауызды, орақ тілді шешені Шабанбай бидің батасын алып, тәлім-тәрбиесін көрген. Ол Жанқұттыға былай деп бата берген екен: “Аллаға жағам десен - азанды бол, Ағайынға жағам десен - қазанды бол, халқыңа жағам десен - әділ бол, Судай таза бол, Жердей берік бол, Өмірің ұзақ болсын, Аймағың суат болсын, Сөзің халқыңа қуат болсын!”. Құнанбай, Алшынбай, Құсбек төресияқты ел жақсыларымен қарымқатынаста болған Жанқұтты бала Абайдың болашағын болжап, бата берген. Қажылыққа екі рет барған (1850ж., 1873ж.). Соңғы барғанда Құнанбайдың келесі жылы барайық деген сөзіне: “Келер жылға қарар едім, ажал қарамайды

ғой” деп жүріп кетеді. Сол сапарында Меккеде қайтыс болған. Жақсы Жанқұтты атанған шешен, бидің кейінгі ұрпаққа өсиет етіп қалдырған, үлгі боларлық нақыл сөздері мол. Жанқұттының алғаш жұртқа танылуы Жамантаймен жауаптасуы. Қарқаралыға аға сұлтан болып сайланған Жамантай төре елдің игі жақсыларын жинапты. Жер көріп, танысын деген ниетпен Ботантай Жанқұттыны ертіп келеді, мұны көрген Жамантай: “Бұл қатын-қалаш, бала-шағаның өсек айтатын жері емес, алқалы топтың бас қосатын мәжілісі емес пе, мына бала кім?” депті. Сонда Жанқұтты: “Ғафу етіңіз, кеше келгенде бір үйге қонақ болып дәм ішіп едік, бір ақсақал “еті арық екен” деп тыжырынып отырды, бүгін мені көріп сіз тыжырынып отырсыз! Сонда бұл қалай? Адам алжыса астан шошиды, төре алжыса жастан шошиды деген осы ма? Болмаса, “Асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады” деген аталы сөзді аттап кеткеніңіз қай сасқандығыңыз?”- депті. Жамантай қасындағыларының бірі: “Сөзін қара, болайын деп тұрған бала екен!” дегенде, Жамантай төре: “Болайын деп емес, болып тұрған, төрт құбыласы тең түсіп, толып тұрған жас екен, бұдан былай біздің округтің ішіндегі дауға қатысты мәселені осы шешетін

болсын”, деп шешім шығарыпты. Жалпы, Жанкүттының айтқан сөздерінен үш түрлі бағыт байқалады: 1) халыққа қамқор болу, сыртқы дұшпандарынан қорғану үшін жасаған іс-әрекеттері; 2) ел бірлігін сақтау, ру арасындағы даулы мәселелерді шешу барысында әділқазылық жасау; 3) ұрпаққа ұлағатты сөз қалдыру, жастарды тәрбиелеуге айрықша мән берін, көңіл бөлуі. Жанкүтты туралы деректер Қ.Жұмалиевтің “XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті” (1967), Б.Адамбаевтың “Халық даналығы” (1984), “Ел аузынан” (1990) еңбектерінде келтірілген.

Әдеб. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы.

ЖАЙЛЫБАЕВА Рымтай Жұманиязқызы (1941ж.т. Павлодар обл., Баянауыл ауданы, Майқайың кенті,) - мұғалім. Алматыдағы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтын 1964ж. бітірген соң Сарытерек орта мектебінде ұзақ жылдар ғибраты мол ұстаздық қызмет атқарып, 1991 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. Ұлағатты ұстаздық еңбегі үшін Құрмет грамотасымен және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталып, құрметке ие болған. Отағасы Төлеу Мұсанов



екеуі: 5 ұл, бір қыз бала тәрбиелеп өсірген өнегелі жанұя.

ЖАЙСАНБАЙҰЛЫ Қапас (1907 ж. Әкесі қайтыс болған соң (1968ж.) Сарытерекке көшіп келген. Сарытеректе мектеп бітірген соң отбасы жағдайына байланысты, бірден еңбекке араласты, әр түрлі техникалар жүргізді (комбайн, трактор). 1972ж. әскер қатарында болып азаматтық парызын атқарып келген соң, Балқаш қаласында оқып электрик мамандығын алып, совхозда инженер-электрик, техникалық қауіпсіздігі жөнінде инженер қызметін атқарған.

1977 ж. оны мамандығына сәйкес шақырумен 1977-1998 ж Балқаш электр жүйесі кәсіпорнына қарасты, Ақтоғай электр тарату жүйесіне бас инженер болып еңбек етті. Жұмыс істеп жүріп, Россияның Иванова қаласындағы жоғары оқу орнында оқып инженер-электрик мамандығын алды. 1974 ж. бастап Ақтоғай, Приозерск аудандары көлемінде барлық ферма қыстақтарға электр жарығы тартылды. Оның ішінде электр желілерінің көп тартылған Ақтоғай совхозының барлық қыстақтары 100 пайыз электр жарығымен қамтыды. Қарағандыдағы мехколонеда өндірістік техникалық бөлімшесінің бастығы жерлесіміз Амантай Әкімовтің еңбегі зор. 1998 ж. бастап Жезқазған электр

тарату компаниясы акционерлік қоғамына қарасты Балқаш филиалының Ақтоғай және Шет аудандарын электр жүйелері бөлімшелерін басқарады. Қазақстан Республикасы ЭНЕРГЕТИКА ардагері атағын алған. Жұбайы Көккозова Айтбала 1975 ж Балқаш медучилище бітіріп фелдшер мамандығы бойынша жолдамамен Сарытерек учаскелік ауруханада қызмет жасады көптеген марапаттарға ие болған.

ЖАЛБАЕВ Аманжол (Әше-тай) Ақтоғай ауданы, Сарытерек а.о. тумасы. Әкесі



Жалбай ақсақал қарапайым шаруа адамы болған. Анасы Жаңылған көп балалы ана. Аманжол еңбек жолын ерте бастады. Қыстың

аязы мен жаздың аптабында аттан түспей, мал бағып еңбек етті. Ол ерекше еңбекқорлығымен ақтылы қой өсіріп, кеңес үкіметінің мақтау қағазынан бастап орденді де омырауына тақты. Көп жылдар аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болды. Облыс пленумына да мүше болды. Зайыбы Балтай да Аманжолға сенімді серік бола білген, парасатты жан. Балтайдың алақаны ашық, дастарханы мол болды. Аманжол өмірден өтсе де Балтай орда-

лы шаңырағын шайқалтпай, балашағасын тәрбиелеп бір ауыл болып отыр.

ЖАЛБАЕВА Несіп (1946ж.т.) Өмірлік қосағы Тиыштықбай қайтыс болғанда Несіп 38 жаста еді. Содан өмірдің қиындығын көріп, ауылда әртүрлі жұмыстар атқарды. 11 баланы бір өзі тәрбиелеп оқытты. Кіші баласы Сайран 1995 жылы ауырып қайтыс болды. Қазіргі таңда 10 баласы жан-жақта жұмыс жасап, үйлі-баранды болып отыр. Ал Несіп қазір Балқаш қаласында кіші ұлы Марғұланның қолында, немерелерінің қызығын көрін отырған бақытты «Алтын алқа» иегері.

ЖАППАРБЕКОВ Төлеуғазы (1937ж.т. Үшөзек колхозы-1982ж.к.) 7 жылдық мектепті бітірген. Колхоз жұмысына ерте араласқан. 1963 жылы жүргізушілік курсы бітіріп, жүргізуші мамандығын алған. Оқу бітіргеннен кейін, Ақтоғай савхозында ЗИЛ көлігімен совхоздың көптеген жұмыстарын атқарды, 1972ж. бір отар қой алып, шопан болып еңбек етті. Он жылдан аса мал бағып, жақсы жетістіктерге жетіп, мақтауларға ие болды. Жеті бала тәрбиелеп өсірді, зайыбы да совхозда еңбек жасап, зейнеткерлікке шықты.

ЖАППАРБЕКОВ Рахман (1945ж.т. Сарытерек а.с.Үшөзек

колхозы.,-2003жж.) Колхоз уақытында 7 жылдық мектепте оқып бітірген, кейін совхоз уақытында 11 жылдықты сырттай оқып аяқтаған. 1964 жылдан бастап Ақтоғай сов. жүргізуші болып көп жылдар еңбек етті. Жанармай тасыды, кейінгі жылдарда водавозбен алыс шопандарға су тасыды, совхоздың қандай жұмысы болса да бастартпаған елгезек, еңбекқор азамат болған. Зайыбы Айдарханова Орынбасар 1950 жылы дүниеге келген. 1968-1972жж. фермада есепші, 1972-1996жж. совхоздың жинақ кассасында еңбек етті. Бес бала тәрбиелеп, зейнетке шықты. Совхоздың қой төлдету, қой қырку және мәдени іс-шараларына белсене қатысқан. Бірнеше мақтау қағазының иегері болған.

ЖАРКЕНОВ Иісбек (1932 ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек е.м.) - атакты шопан. Өз бақытын еңбектен тапқан жандардың бірі. Сонау 1965 жылдары аудан бойынша мал шаруашылығын өркендету науқаны жүріп жатқан кезінде ол өзінің атақонысы Қарабауыр қыстағында шопандық, оның ішінде асыл тұқымды дегерес қойларын өсірумен айналысты. Сол кездері И.Жаркеновтың мал өсіру



көрсеткіші аудан бойынша өте жоғары болған. Мемлекетке сапалы ет пен жүн тапсыруда алдына жан салмады. Орынборлықтардың тәсілімен малды қыстақта қоздатып, әр мың тоқтыдан 50 келі ет, әр қойдан 3 келі 600 гр қой жүнін қырықты. Жолдасы Несіпбала екеуі қысы-жазы желдің өтінде, жаңбырдың астында жүріп адал еңбек еткен жандар. Иісбек Жаркенов еселі еңбегі ақталып, 1966 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1971 жылы «Октябрь Революциясы» орденімен марапатталды. 1963 жылы Иісбек Жаркенов Қазақ КСР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланған. 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Өмірі өнегелі жанның бірі болды.

ЖАХМЕТОВ Зарубек (Саматай) (1949ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, «Сарытерек» ауылы). 1967ж. «Сарытерек» орта мектебін бітірген. 1967-1970жж. аралығында Ақтоғай совхозында тракторист, аға шопан болып жұмыс істеген. 1976 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтының ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетін бітірген. 1976-1981жж. Жезқазған облыстық ауылшаруашылық басқармасында: инженер, жетекші инженер, бас инженер. 1982-1997жж. Жезқазған облысының ауылшаруашылық тех-

никаларын мемлекеттік тұрғыдан қадағалау инспекциясының басшысы. 1997-1999жж. Қарағанды облыстық ауылшаруашылық департаментінің бас маманы. 1999-2006жж. Жезқазған аймақтық басқармасының бас инженері. 2006-2012 жж. «Қазақмыс» АҚ-да инженер, бас инженер, бөлім бастығы. 2012 жылдан бастап зейнеткер, Еңбек ардагері. Ауылшаруашылық министрінің және облыс әкімінің бірнеше құрмет грамотасымен марапатталған. Астана қаласында тұрады.

ЖАҚЫМЕТОВ Мантай

(1952 ж.т. Ақтоғай ауданы, Ленин колхозында, қазіргі «Сарытерек» елді мекені.,-2009ж.к.) Орта мектепті бітіріп, әскери борышын өтеп келген соң 1971 жылдан бастап Ақтоғай совхозында тракторист болып жұмыс істеген. Совхоздың, ауданның үздік механизаторы деген атақтың бірнеше дүркін жеңімпазы. Өзінің адал еңбегінің арқасында бірнеше медаль, ақшалай, заттай сыйлық және облыстың, ауданның мақтау қағаздарымен марапатталған. Жұбайы Наркейқызы Кентаймен отбасын құрып 5 бала тәрбиелеп өсірді Кентай мен Мантай өмірден жас озды бала-шағалары бар.

ЖАҚЫПОВ Ақторғай

(Қуандық) (1914ж.т. Сарытерек е.м.,-1994жж.)

Ауылдағы мектепте 4 класстық білім алған. Мектепті аяқтаған соң әскер қатарына алынған. Әскерде жүріп 1941 жылы соғысқа аттанып кеткен. Соғыстан 1950 жылдары елге қайтып келген соң 1950-1957жж. Майтас руднигінде (қазіргі Майтас қыстағы) геологиялық-зерттеу орталығында бас есепші болып қызмет атқарған. 1957 жылы Майтас руднигі жұмысын тоқтатқан соң Шығыс Қоңырат руднигіне көшіп келіп, жергілікті жердегі емханада бас есепші қызметіне тағайындалған. Ауылдық кеңесте есепші болып қызмет жолын жалғастырған. 1969ж. денсаулық жағдайына байланысты ауылға көшіп келіп, шамамен 1974 жылға дейін Гаражда есепші болып жұмыс істеді. Кейін зейнет жасына шыққанша (сол кездегі Айгүл) балабақшада шаруашылық меңгерушісі болып еңбек етті. Отбасында үлгілі әке, мейірімді жар. Көңіл қосып қосылған жарынан 6 бала сүйіп, немерелерінің қызығын көрді.

ЖАМАНБЕКОВА Майкен

(1.02.1946ж.т.). 1965ж. аудандағы орта мектепті бітірген. Мектеп бітірісімен бірден еңбекке араласты. 1970ж. ортасына дейін совхозда кадр бөлімінде қызмет атқарды. Қоғамдық жұмысқа белсене араласты. «Тоқырауын толқыны» ән-би

ансамблінің белсенді мүшелерінің бірі болды. Қазір Қарағанды қаласында тұрады. 3 баласы бар. Барлығыда өз мамандығы бойынша әр жерлерде қызмет істейді. Немерелерінің үлкені әскери міндетін өтеп келіп, ішкі істер бөлімінде қызмет жасайды.

ЖАРМАҒАНБЕТОВ Есенкелді Жармағанбетұлы (1941ж.т. Сарытерек ауыл., Жетімшоқы е.м., -1992ж.қ.) Ақтоғай селосындағы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын «Сельхозтехника» кәсіпорынында мастер болып бастаған. Айыртас, Еңбек совхоздарында МТМ-де токарь болып жұмыс жасады. Темірден түйін түйетін шебер болды. Өнерге де бейім домбырамен өлең айтатын. «Білім және еңбек» журналында темірді пайдаланудың жолдары туралы мақалалары шыққан.

ЖАРМАҒАНБЕТОВ Клим Жармағанбетұлы (1936ж.т. Сарытерек ауылы., -1989ж.қ.) Еңбек жолын осы жерде механизаторлықтан бастаған. Қаратал совхозында ферма меңгерушісі, Айыртас совхозында директордың орынбасары, Қоңырат совхозында бас инженер болып жұмыс жасады. Бірнеше рет республикалық, облыстық, аудандық «Құрмет грамоталарымен» марапатталған. Өнерге жақын азамат аудандық «Тоқырауын толқыны», «Халық театрларына»

қатысқан. Аудандық, облыстық ақындар айтысында жүлдегер атанған.

ЖАҒЫПАРОВ Баймұрат (1946ж.т. Сарытерек ауылы, Басқора қыстауы, Қарашілік). Сарытеректе 8 жылдық мектепте оқып, орта мектепті аудан орталығындағы М.Горкий атындағы мектебінде оқып бітірді. 1966-1970 жылдары мамыр айына дейін Ақтоғай совхозындағы сельсоветте секретары болып жұмыс істеп 1970 ж. әскер қатарына шақырылады. Отан алдындағы борышын өтеп келіп, Есмағанбетқызы Ақжолтаймен отбасын құрып, жанұяда үш бала тәрбиелеген. Совхозда бірнеше жыл дәнекерлеуші болып жұмыс істеген. Кейінде зейнеткерлікке шығып, совхоз тараған соң өзі жеке «Шоңбай» бабам атындағы шаруа қожалығын құрып, қазіргі уақытқа дейін сонда жетекшілік етіп, Қарғұла ауылында тұрады.

ЖАҒЫПАРОВ Шаймұрат 1920ж.т. Сарытерек ауылы, Қарағұла е.м. Мұғалім болып қызмет жасап жүріп 1941ж. Ұлы Отан соғысына аттанған. 1944ж. хабарсыз кеткен.



ЖАКЕНОВА Нағима (1931ж.т. Қарағанды обл., Қу ауданы, қазіргі Егіндібұлақ ауы-

лы). Қиын-қыстау заманды бастан кешірген. 15 жасынан еңбекке араласып, Қарағанды қаласында типографияда еңбек жолын бастаған. Соғыстан соңғы жылдары отбасымен Майтас руднигіне (қазіргі Майтас қыстағы) көшіп барып, сол жерде дүкенші болып жұмыс істеді. 1957ж. Шығыс Қоңырат емханасында тазалықшы болып еңбек етті. Жолдасының денсаулығына байланысты ауылға көшіп келіп, ауылдағы емханада тазалықшы болған. Зейнет жасына дейін ауылдық аурухананың әртүрлі жұмыстарын атқарған. Өмірге 6 бала әкеліп, өзінің ерекше мейірімділігінің арқасында 87 жасқа келіп, қазіргі таңда аяулы ана, 10 немере, 12 шөбересінің сүйікті әжесі болып отыр.

ЖАКУПОВ Жамбыл - (1939 ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы Қаратал ауылы.) Қоңырат кентіндегі орта мектепте білім алған. Қаратал е.м. көп жылдар жүргізуші /шофер/ болып еңбек етті. 1973 ж. Ақтоғай совхозына қоныс аударып, совхозда шофер болды. Зайыбы Әбдіғалиқызы Мағрипа Ақтұмсық елді мекенінде, «Әбдіғали» қыстағында дүниеге келген. Ауыл шаруашылығында еңбек ете жүріп отбасында 4 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Ж.Жакупов совхоз тараған жылдары кенеттен ауырып қайтыс болды.

Бәйбішесі- Мағрипа көп жылғы еңбегінің зейнетін көріп, қазіргі уақытта еңбек демалысында. Бала-шағасымен Балқаш қаласына қоныс аударып, немерелерінің қызығын көруде.

ЖАПЕНОВ Қақарман



(1.05.1932ж.т.-Сарытерек ауылы.,-31.12.2003ж.к.) Орта мектепті бітірген соң 1941-1945жж. ауыл шаруашылығы саласында әртүрлі жұмыстар атқарған. 1957ж. комсомолдық жолдамамен Айыртас отгонына шопан болып еңбекке араласты. Еңбекқор жас мал бағудың қыр-сырын үйрене жүріп, 100 аналықтан 100 қозы алып, жақсы еңбек көрсеткіштеріне қол жеткізді. 1959ж. Ақтоғай сайлау округі бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланып, елге қызмет етті. Өмірлік жары Сламбекқызы Шайза екеуі жыл сайын жоспарлы міндеттемелерін асыра орындап, ел дәулетін еселеуге қомақты үлес қосты. Өмірге 8 бала әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіріп, ержеткізді.

Бүгінде балалары әр салада жемісті еңбек етіп, туған еліне қызмет етуде. Қақарман ақсақал мен жұбайы Шайза зейнеткерлікке шыққан соң Балқаш қаласына қоныс аударды. Балаларының ішінде Бауыржан Жәпенев әке жолын қуып, шопан таяғын қолына алып бүгінде Айыртастағы «Тазқұдық» қыстағында шаруа қожалығының жұмысын дөңгелетіп отыр.

ЖАРҚЫМБЕКОВ Рақымбай (1887 ж.т. Қарағанды обл., Қарқаралы уезі, Кенелі е.м. 1974ж.қ.) Өгіз соқамен жер жырып, егін салған. Кейін мал бағумен айналысқан. Жұматайқызы Күлжамила шешемізбен отбасын құрып, 4 бала тәрбиелеп өсірді. Күлжамила шешеміз Қарамойын жерінде туып еседі. Әке-шешеден ерте айырылады. Жетім қалған жас қызды Жүнісқызы Қайша анамыз асырап жеткізеді. Рақымбай ақсақал совхоз уақытында шопан болып жұмыс жасаған. Жұбайы— Күлжамила өте еңбекшіл, ер адамның жұмысын бір кісідей өзі атқараған. 1993ж. қайтыс болды. Артында қалған балалары Жарқынбеков Қожай мен Күләш ұрпақ өсіріп, өркен жаюда.

ЖӘНІБЕКҰЛЫ Досмақ (1879ж.т. бабаларының атақоныс мекені Қарақұла-Шұбар алқабында). Бүгінде бір әулеттің бастауында тұрған адам. Бір

кіндіктен туған Ысқақ, Тұяқбай, кейінгі әкелері Ахметтен туған Тойшыкен, Қайдакеш, Майдакеш бауырларымен бірге қазіргі Сарытерек селолық округі көлемінде мал бақты, егін салды. Кеңес үкіметі орнаған соң мойынсеріктерде, артельдерде, кол-



хоздарда ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысты, өзен бойынан арық қазып, су шығарып, егін салды. Дошаң (көпшілік ел солай атайтын еді) жұмысына ұқыпты, шаруасына тиянақты, азда байыпты сөйлеп, көп шаруа тындыратын адам болған. Кезінде ағасы Ысқақ, інілері Тұяқбай, Тойшыкендермен бірге киіз үйдің сүйегін басқан, Тоқырауын бойындағы белгілі шебер үйшілер болған. Негізгі кәсібі - үйшілік. Ол кісілердің қолынан шыққан киіз үйдің ағаштары үлкен сұранысқа ие болған. Ертеректе өнімдерін Қоянды жәрмеңкесіне өткізін, өздерін қажетті азық-түлік, киім-кешек және тұрмысқа қажетті заттармен қамтамасыз етіп отырған. Сонымен қатар Қарашілік Ленин колхоздарында мал бағу, шөп шабу, қора салу сияқты науқандық жұмыстармен айналысқан. Дүйсенбіқызы Қазине (1901-1992жж.) күйеуі Досмақпен

бірге колхоздың наукандық жұмыстарымен айналысқан. Күз айларында егін ору жұмыстарына үнемі қатысып, алдыңғы қатарда еңбек жасаған үшін, колхоз басқармаларынан алғыс хаттармен заттай сыйлықтар алып отырған. Киіз үйдің киіздерін тігіп, шилеріп тоқудың, алаша тоқудың және киіз үйдің жабдықтарын жасаудың шебері болған. Бірнеше жыл мектеп асханасында аспаз болыпта жұмыс жасаған. Отбасында 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген, үлкен екі ұлы ашаршылық жылдары шетінеп кетіпті. Қалғандары – Мұқтар, Жолтай, Майтай, Алпысбайлар ержетін, білім алып, әр салада халық шаруашылығын көтеруге ат салысты.

ЖӘНІБЕКҰЛЫ Тәжібай (1923ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, Сарытерек колхозы.,-1964ж.к.) Әкеміз Алтынбекқызы Күнбике мен отбасын құрып, жанұяда 6 бала тәрбиелеп өсірген. Әкем, шешем Сарытерек «Ленин» колхозында егін егу,тоған қазу, шөп шабу жұмыстарын жасаған. Әкем кейінгі жылдары Балқаш қаласы, Шығыс Қоңырат руднигіне қоныс аударып шахтада кен өндірушілердің бригадирі болып еңбек еткен. 1964 жылы Тәжібай Жәнібекұлы отбасымен Сарытерек ауылына көшіп келіп қоныстанады. Сол жылы Тәжібай

әкеміз ауырып дүниеден озды. Шешеміз 6 баланы тәрбиелеп өсіріп, ер жеткізіп 1979 жылы дүниеден өткен.

ЖӘНІБЕКҰЛЫ Ысқақ (1879 ж.т. Қарақұла алқабы, Аралтөбеде е.м.,-1954ж.к.) Жасынан еңбекке араласып, киіз үйдің ағаштарын өрнектеп, әдемі жасаудың шебері атанған. Жолдасы Бәдіғұлқызы Камила көп балалы, қадірлі ана болған.

ЖҮНІСҰЛЫ Әдібек (27.11.1937 ж.т. Қоңырат ауд., Чапаев колхозы.,-17.03.1990жж.). 1945-1950 жж. Чапаев Калинин бастауыш мектебінде оқыған. Қоңырат руднигінде 10 жылдық мектебін бітірген. 1965ж.



Қарағанды Медициналық институтын бітірген соң, сол жылдан бастап Балқаш қаласының орталық ауруханасында хирург-травматолог болып еңбек етті. Қоңырат руднигінде 1971-1976 жж. бас дәрігері қызметін атқарды. Тәжірибесі мол, қолы шипалы, жоғары дәрежелі хирург. 1980 жылы Ленинград қаласында 6 ай білімін жетілдірген. 1980 – 1990 жылдар аралығында Балқаш қаласының №1 емханасында травматолог. Медицина саласында жасаған еңбектерін бағалап,

Құрмет грамоталарымен, ақшалай сыйлықпен марапатталған.

ЖҮКІЖАНОВ Кенжеқара (1911-1991жж.). Бұрынғы Қотанбұлақ болысы 9 ауылда дәулетті отбасында дүниеге келген. Ауыл молдасынан сауатын ашқан. 1927-30 жылдары аулынайға хатшы болып еңбек жолын бастаған. 1930 жылдары «Байдың баласы, халық жауларының жақтасы деген желеумен қудалаған соң Балқаш қаласына келін жұмысқа орналасады. 1932-1935 жж. бастауыш мектепте оқып білім алған. Сол жылдары Ленин комсомолына мүшелікке қабылданып, цехтың комсомол хатшысы міндетін атқарады. 1936-1939жж. совет әскері қатарында әскери міндетін атқарып келген соң Балқаш қаласына оралып, жұмысын жалғастырған. Сол жылдары партияның ауыл шаруашылығын көтеруге арналған шешіміне сәйкес әскерде жүріп, партия мүшелігіне кандидат болып өткен. Қоңырат ауданына жіберіледі. Алғашқыла ол Аудандық НКВД-ға жүргізуші болып орналасып, кейін ауданда жаңадан ашылған өрт сөндіру мекемесіне бастық-оперуәкіл болып қызметке тұрады. Соғыстан броньмен қалдырылған.

1947 жылы денсаулығына байланысты милиция қызметінен босап, денсаулығын түзеп келген соң

«Ақтұмсық» колхозында басқарма болып сайланды. 1950ж. ұсақ колхоздарды біріктіріп ірілендіргенде, «Ұлы Октябрь» колхозына басқарма болып тағайындалды. Осы қызметті 1956ж. абыроймен атқарып «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. 1957-1959жж. «Бірлестік» колхозында еңбек етіп, сол жылдары колхозда егіннің бітік шығуына байланысты екінші рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. 1960 жылы «Сталин» колхозына сауда менгерушісі, 1961-1963 жылдары Кенелі фермасының менгерушісі, 1963-1971жж. Сарытерек селолық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып еңбек етті. 1971ж. партияның тапсырмасы бойынша шаруашылығы артта қалған №1 ферманың жұмысын алға бастырып, озаттар қатарына жеткізін зейнет демалысына шықты.

К.Жүкіжанов партия қайда жұмсасада тапсырған істі сеніммен атқарып аудан экономикасын алға бастыруға бір кісідей атсалысқан іскер азамат ретінде ел құрметіне бөленді.

ЖҰМАБЕКҰЛЫ Кәкімаш (т.қ.ж.б.) және бәйбішесі Айдаш Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, «Каганович» колхозында туып, осы жерде өмір сүрген адамдар. Баласы, Жұмабекұлы Кәкімаш Каганович, Ленин колхозында туып, Қарақұлада білім алған. МТС-

оқып тракторист мамандығын алған. Колхоз, совхозда шөп шабу, жер жырту, егін салу жұмысын Ақтұмсық бөлімшесінде атқарған. Кейінгі жылдары, Балқаш, Қарамұрын жерлеріне қоныс аударып, сол жерде қайтыс болған.

ЖҰМАДІЛОВ Қабылғазы (17.02.1950ж.т. Сарытерек ауылы).



Орта мектепті бітіргеннен соң Ақтоғай совхозында МТМ мекемесінде трактор жөндеуші-слесарь болып еңбек етті. 1968ж. бастап совхоздың радио то-

рабында кезекші монтер болып бір жарым жылдай еңбек етті. 1969ж. тамыз айында осы мекемеге электр механик болып орналасты. 1975ж. Ақтоғай совхозына коммутатор байланысы орнатылып, ауданаралық байланысқа «ВВ-3» аппараты қойылды, соның нәтижесінде аудан арасында бір мезетте үш адам сөйлесетін мүмкіндік туды. 1977ж. Қ.Жұмаділов Алматы қаласында автоматты телефон станциясының (АТС) үш айлық арнайы курсы бітіріп келген соң, совхоз тарихында, алғаш рет іске қосылған АТС станциясына механик болып орналасты. Кейін Сарытерек байланыс бөлімшесіне меңгеруші болды. Қ.Жұмаділов осы бөлімшені

32 жыл басқарды. 2012 жылы бір мекемеде 40 жыл абыройлы еңбек еткені ескерілін, оған «Қазақстанның Құрметті байланысшысы» атағы берілді. 2014 жылы құрметті демалысқа шықты. Өмірлік жары Исабекова Тілеубала екеуі бес бала тәрбиелеп өсірген өнегелі отбасы. Қазір балаларының барлығы ат жалын тартып ержетіп, жан-жақты азамат болған.

ЖҰМАДІЛОВ Нұрғазы (1929ж.т. Сарытерек ауылы, Қойтас қыстағы.,-1957ж.к.) 1936ж. Сарытерек ауылдық советіне қарасты жетіжылдық мектептің 1-сыныбына барып, осы мектепті 1943 жылы бітірген соң, колхозда шөп шабу науқанына қатысып, қолынан келген жұмыстарды атқарды. Сол жылдары ер адамдар соғысқа кетіп, тылда әйелдер мен балалар жұмыс жасады. 1950ж. барлық шағын колхоздар біріктіріліп, «Ленин» колхозы құрылды. 1952 жылы колхоз мүшелері Жұмаділов Нұрғазы мен Шошымбеков Оразбек екеуіне Қарағанды облысындағы Долинка елді мекеніндегі кәсіптік-техникалық училищеге оқуға жолдама берді. Жұмаділов Нұрғазы тракторшы курсына, ал Шошымбеков Оразбек шоферлік курсқа қабылданып, оны бітіріп шықты. 1953 жылы колхозға техникалар келді, бірінші «Шотаяк» тракторы, осыдан кейін «ЧКА»

тракторы әкелінді. Осы кезде Жұмаділов Нұрғазы трактор бригадасының бригадирі болып қызмет атқарған. Сол уақыттарда ол бірнеше шәкірттер тәрбиелеп, техникаға үйретті. Мысалы, өзінің немере ағасы Төлепбергенов Тәуке, Қасымбеков Жолдыбай, Сәдірбеков Медетбек, Күземханов Әбілбек, Төлепбергенов Серіктерге тракторды жүргізудің қыр-сырын үйретті. Бұл 1954 жыл болатын, ол кезде колхоз басқармасы Серік Отыншин деген азамат еді. Нұрғазыны жақсы еңбек жасап, техниканы қолдануда жетік маман, әрі ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болғандықтан 1955 жылы Мәскеу қаласына ВДНХ көрмесіне жіберді. Бұдан кейін де ол колхоз экономикасын көтеруде жақсы еңбек жасады.

ЖҰМАТАЕВ Адамбек (т.ж.к.) Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы Сарытерек ауылында дүниеге келген. Қоңырат кенішінде кен бұрғылаушы болып жұмыс жасаған. Кейін (Ленин колхозы) Сарытерекке қоныс аударып, осы совхозда құрылыста үй салу, мал қорасын салу секілді жұмыс жасады. Жұбайы Оспанқұлқызы Күлбараш екеуі еңбек ете жүріп, отбасында: Саулеш, Серік, Бақша, Зәуреш атты балаларын тәрбиелеп өсірді.

ЖҰМАТАЕВ Серік Адамбекұлы (1961ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-1998ж.к.) Білімі - орта. Осы ауылда оқып, мектеп бітірген. Отандық борышын өтеп келгеннен кейін Сарытерек ауылында құрылысшы болып еңбек етті. Жұбайы Рымтайқызы Гүлнармен отбасын құрып, жанұяда 3 бала тәрбиелеп өсірген.

ЖҰМАТАЕВА Шарбан (1919 ж.т. «Сарытерек» елді мекені.,-1997ж.к.) Соғыс жылдарында жұмыс таңдамай, Отанымызға қандай көмек керек болса, қолынан келгенін жасаған. 1948-1976 жж. аралығында аға шопанға көмекші болып еңбек еткен.

ЖІҢІШКЕ ӨЗЕНІ - Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы жерімен ағады. Ұзындығы 65 км, су жиналатын алабы 611 км². Бастауын Қызыларай тауынан алып, Ақтұмсық аулының тұсынан Тоқырауын ө. құяды. Арнасы тар, жағасы тік жарлы болып келеді. Жауын-шашын, бұлақ суларымен толығады. Көктемде еріген қар суы ағып, жазда тартылып қалады. Кішігірім салалары бар, ірісі – Миөзек. Суы мен жайылмасы түрлі шаруашылықтарға пайдаланылады.

ЖЕЛТАУ - Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы жерінде, Тоқырауөзенінің солтүстік жағасында. Солтүстіктен оңтүстікке

карай 11 шақ-ға созылып жатыр, ені 6 шақ. Ең биік жері 1016 м. Желтаудың қойын қолаты петроглифтерге толы. Мұнда таска салынған 3000 жуық таңбалардың бары анықталған. Желтаудың бөктерінде, Қасым қыстауында 1866ж. көктемде Алаштың көсемі, қоғам қайраткері, ғалым Әлихан Бөкейханов дүниеге келген.

ЖЕЛТАУ ПЕТРОГЛИФТЕРІ. Әрине, әркімнің өз туған жері



бар. Оның әрбір тауы мен тасының, ағып жатқан өзені мен көлінің, жайқалып өсіп тұрған орманы мен тоғайының, ондағы аңы мен құсының тарихы бар. Ал сол жерде тұрған адамдардың тағдыры тіпті ерекше. Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы осындай жерлерді зерттей отырып зерделеуге жетелейді.

Қазақстанның киелі жерлерінің бірі біздің өңірдегі - Желтау. Ол Қызыларай тауларының оңтүстігіндегі оқшауланған тау

жүйесі, дұрысы Тоқырауын өзенінің сол жағында орналасқан сай, жыралармен тілімделген ұсақ шоқылардан тұрады. Осында «Таңбалы тастар» бар немесе оны «Желтау петроглифтері» деп те атайды. Бұл тарихи ескерткішті 2007 жылы Ә.Марғұлан атындағы археология институтының Сарыарқа археологиялық экспедициясы ашты. Экспедицияның жетекшісі ғалым-археолог А.З. Бейсенов.

Алғашқы адамдар тас бетіндегі бейнелерді ерекше бір сыры бар жазу деп түсінген. Көне заманға тән жартастағы суреттер ғалымдардың тұжырымдауынша бірнеше дәуірге бөлініп қаралады. «Желтау петроглифтері» тобында аң аулау көріністері, түйелер керуені бейнеленген. Бұл шатқалдың таңбалы тастары зерттеушілердің назарын қызықты, әдеттегіден тыс көптеген бейнелерге аударды. Суреттер тегіс тас етегінде және шың басында орналасқан. Сызба бойынша салынған жабайы құландар тобының, өгіздердің, жылқылардың, адамдардың, жеке алғандағы тау ешкілерінің бейнелерін білдіреді. «Желтау петроглифтерін» зерттеушілер, бұл жердің негізгі сюжеті адам және жылқы болып табылады деп айтады. Әсіресе тау ешкілерінің бейнелері басым.



Осы киелі жердің баурайында менің ата-бабаларым мекендеген. Мен атамның бауырына басып, тәрбиеленген немересімін. Атам Медетбек үнемі бізге ата-жұрт туралы әңгімелеп отыратын. Біздің бала күнімізде сендерді ата-жұрттарыңның басына апарамын. Сол жерлерді сендерге көрсетемін деп жүретін. Өкінішке орай, атам бізге көрсетуге үлгермеді, қайтыс болып болып кетті. Бірақ, атам көзі тірісінде «Ақтұмсықтағы» бейіт басына құлпытасын өзі қойдырып кеткен болатын. Онда мынадай сөздер жазылған: «Құлсары, Көшкін, Қазыбай, Отар, Қонақбай, кайратпен алған қонысымыз Ақ құдық, Үңіреу, Ұзын бұлақ, Таңбалы тас ... 1890.

Бұл тасты атама онымен жақын араласқан Смахан төре жасап берген. Тасқа жазып қалдырған кісі аттары мен жер-су тарихын зерттей бастадым.

Атамның басына қойылған ескерткіштегі жазылған есімдер

жайлы іздестіру жұмыстарын жүргіздім. Орталық Қазақстанды ұзақ жылдар бойы зерттеп жүрген танымал өлкетанушы, қазір Санкт-Петербург қаласында тұратын Ю.Г.Поповқа хат жаздым. Юрий Григорьевичтен мынадай жауап алдым: «... 1898 жылғы халық санағының Тоқырауын болыстығына қарайтын № 3 ауылда Қонақбай, Отар деген кісі аттары және қыстау Таңбалы тас тіркелген. Тарихта болған адамдар...».

Бүгінде Желтаудағы «Таңбалы тастың» баурайында біздің ата-бабаларымыздың жұрты сақталған. Осы киелі жер - атақонысыма жылына бала-шаға, немерелерімді апарып, тағзым етіп тұруды әдетке айналдырдым. Ал ұрпағым бұл жерлердің «Қазақстанның киелі географиясы» жобасына енгенін мақтан тұтады.

ЖЕТІМШОҚЫ - Сарытеректен солтүстік батысқа қарай 14 шак., жердегі оқшау тұрған жалғыз шоқы. Жетімшоқының іргесінде, Тоқырауын өзеннің батыс қабағында «Жетімшоқы» елді мекені орын тепкен. 30 жылдары Жетімшоқы «Үшөзек» колхозының орталығы болған. Бүгінгі күні бөлімшенің орталығы.



ИБРАЕВ Нығметжан (1881 ж.т. қазіргі Сарытерек ауылдық округінде., -1969 ж.к.) 1930 ж. Ленин колхозында кейін (1963) Ақтоғай совхозында ауыл шаруашылығында еңбек еткен. Жұбайы-Ибраева Бөпе (1903 ж.т.-1978 ж.к.) Нығметжан екеуі 5 бала тәрбиелеп, өсірген.

ИБРАЕВ Оспанқұл (1900 ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы., -1967 ж.к.) 1950-1960 жылдары Шұбартау ауылында еңбек етіп, 1960 жылдан бастап Сарытерекке қоныс аударып, өмірінің соңына дейін мал шаруашылығында көмекші иопан болып еңбек етті. Анамыз Ибраева Марфуға (1913 ж.т. Сарытерек аулы., -1998 ж.к.) Отбасында үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Ұрпақтары, яғни ұл-қыздары мен немере-шөберелері қазіргі таңда Балқаш, Қарағанды және Астана қалаларында қызмет етеді. Дерек берген: ұлы – Тілеутай, келіні – Шакмаран.

ИБРАЕВ Санақ (5.10.1939 – 1985 жж.). Бөлімше меңгерушісі болған уақыты: 1977 – 1985 жж. Жетіжылдық мектепті Бірлестіктен, онжылдық мектепті Ақшатау кентінен бітірген. 1960

жылы Алматы қаласындағы зооветеринарлық институтқа оқуға түсіп, екі жыл оқығаннан кейін, 1962 жылы денсаулығына байланысты оқудан қол үзген. 1964-1967 жылдары Қарқаралы зооветтехникумында оқып, зоотехник мамандығын алған.

Еңбек жолын 1967 жылы Бірлестік бөлімшесінде бастап, 1968 жылы «Ақтоғай» совхозының №5 бөлімшесі Орта Ақсайға зоотехник болып ауысты (бұл бөлімше кейінде, «Жамшы» совхозы құрылғаннан кейін Ақсеңгірге көшіріліп, совхоздың №3 бөлімшесі болды). 1977 жылы қазан айында Бірлестік бөлімшесінің меңгерушісі қызметіне тағайындалып, өмірінің соңына дейін (1985 жыл) атқарды.

ИГЕНОВ Шынарбек (1947 ж.т. Ақтоғай ауданы Ленин колхозы., -2007 ж.к.)



Қарқаралы зооветтехникумын зоотехник, веттехник мамандығы бойынша 1967 ж., Алматы қ. Абай атындағы қазақ

педагогикалық институтының тарих факультетін 1974 ж. бітірген. Еңбек жолын қатардағы жұмысшыдан бастаған Ш.Игенов. 1970 жылы ауылдық кеңестің хатшысы болып тағайындалады.

1973-1979жж. ауылдық жа-стар ұйымына жетекші, 1979-1989жж. Ақтоғай ауданы маман-дандырылған бірлестіктің партия ұйымының хатшысы (қазіргі Ке-жек селолық округі, бұрынғы Ақши кеңшары) міндетін атқарды. 1989ж. өзінің туып өскен ауы-лы Сарытерек селолық атқару комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалады. 1993ж. әкімшілік басқару құрылымы өзгерген кез-ден бастап, Сарытерек селолық округінің әкімі болып жұмыс жа-сап, зейнеткерлік демалысқа шықты. Зайыбы Шолпан 8 баланың анасы. Күміс, алтын алқа иегері. Мамандығы - есепші. Ұзақ жылғы мінсіз еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

ИГІБЕКОВ Шаймұханбет (1920 ж.т.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. 1941-1945жж. сұрапыл соғысты бастан өткерген Ш.Игібеков 181-ші құрылыс батальо-нында командир, 761-атқыштар бато-льонында старши-на болған. 1942ж. ұрыста сол аяғынан жараланған. Ерлігі

үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, Отан соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Будапештті алғаны үшін» 1945ж. «Жапонияны жеңгені үшін», 1946

жылы «Кавказды қорғағаны үшін» 1947ж. «Венаны алғаны үшін» ме-дальдарымен марапатталған. Со-нымен бірге Карпатты кешіп өткені үшін, Ужгородты азат етуге қатысқаны үшін, Будапештті азат етудегі ерлігі үшін, Жау қорғанын бұзып Верташпедшы тауын алудағы ерлігі үшін алғыс хаттарға ие болған. Соғыстан аман-есен келген соң ауылшаруашылығында еңбек етті. Совхоз кезінде ме-ханизатор, тракторист болып жұмыс істеген. Кейінгі кезде қой шаруашылығына ауысып, шопан болды. Сол жерден зейнеткерлікке шыққан. Өмірлік жары Нескен екеуі тоғыз бала тәрбиелеп , ұлды ұяға, қызды қияға қондырды.

ИМАНБАЕВ Бақыт (1948-21.01.2018жж.). 1966 жылы Ақ-тоғайдағы М.Горький атындағы орта мектепті бітірген. 1969ж. Қарқаралы зооветтехникумын, 1976ж. Целиноград қаласындағы ауылшаруашылық институтының агрономия факультетін бітірген. 1976-82жж. Ақтоғай совхозында



бас агроном, 1982-84жж. аудан-аралық сельхоз химия мекемесінің директоры, 1984-90жж. Жамшы совхозы кәсіподақ ұйымының төрағасы, 1990-97 жылдары аумақтық (Ақтоғай, Шет, Агадыр) аудандарының орман шаруашылығы мекемесінің директоры, 1997-2000жж. аудандық ауылшаруашылық аумақтық инспекциясының инспекторы, 2008-11жж. инспекция директорының орынбасары болып жауапты қызметтер атқарған. Осы салада еңбек ете жүрін зейнеткерлік демалысқа шықты. Зайыбы - Дәуренбекова Хадиша (1951ж.т.). 1971ж. Целиноград медициналық училищесін бітіріп, еңбек жолын медбикелік қызметтен бастаған. 1976-82жж. Ақтоғай совхозында учаскелік аурухананың медбибісі, 1982-84жж. Ақтоғай аудандық ауруханасының медбибісі, 1984-90жж. Жамшыкеңшарындағы учаскелік амбулаторияның медициналық фельдшері, 1990-2004жж. Ақтоғай аудандық ауруханасының фельдшері қызметтерін атқарған. Ұзақ жылғы медициналық қызметі үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасының және Ақтоғай ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ИМАНБАЕВ Шөкен Иманбайұлы (1933ж.т. Сарытерек ауылы, Үшөзек колхозы.,-2007ж.қ.) 9 жасынан бастап, Каганович кол-

хозында шөп машинаның басына мініп, мал азығын дайындауға атсалысқан. 1949 жылы 16 жасында Ақшатау кенішінде кен копарушы болып жұмысқа орналасып, еңбек етті.



Сол жерде әскер қатарына алынып азаматтық міндетін орындап келген соң, Ақшатау кентінде еңбек жолын жалғастырды. 1960ж. әкесі Иманбай кенеттен ауырып баласы Шөкен Ақтоғай совхозына көшіп келіп, әкесінің таяғын қолына алып, аға шопандық жұмысқа кірісті. 1965ж. еселі ецбегі арқасында «Құрмет» белгісі орденімен марапатталады. Біраз жыл Ақтоғай совхозының жылқы фермасында еңбек етіп, шопандық жұмысына қайта оралды. 1995ж. ҰОС Жеңістің 50 жылдығына орай «Тыл Ардагері» медалімен марапатталды. Өмірлік қосағы - Аманбаева Бәтес Аманбайқызы (1939ж.т. Шет ауданы) - он бала тәрбиелеп өсірген Алтын алқа иегері. Бүгінде бала-шағасы ержетін, ақарлы-шақарлы, ордалы отбасы болған.

ИМАНБЕКҰЛЫ Серіктай (10.02.1942ж.т. Қоңырат ауданы, Тельман ауыл советі, Жалаңаш ауылы). Қарақаралы

Зоотехникалық техникумын мал дәрігерлік мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1964 жылы Ақтоғайда бастап, ауылшаруашылық басқармасында мал дәрігері болған. 1970ж. Қоңырат совхозының №3 фермасына инженер меңгеруші болып қызметке келді. Қоңырат совхозында бас зоотехник, Сарытерек совхозында бас экономист, 1978-1985жж. қазіргі Ақши ауылында бас экономист, Кеншоқы совхозына бас зоотехник, Қоңырат совхозының №3 фермасы меңгерушісі болып қызмет атқарды. Жұбайы Байсұлтанова Тлеукен (Төкен) Бегендікқызы (1941ж.т. Аманкелді ауылы) 1962 жылы ҚарПИ-дің физика-математика факультетін бітірген. Еңбек жолын Сарытерек ауылында бастаған. 1964-1970жж. М.Горкий атындағы қазақ орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі және пионер вожатый болып қызмет жасады. Отағасының қызмет бабының ауысуына қарай: Қоңырат совхозы Қызылтас ауылының 8 жылдық мектебінде, К.Нұржанов атындағы орта мектепте, Сарытерек және Ақши орта мектептерінде ұстаздық қызмет атқарды. Осы жылдардағы еселі еңбегі арқасында «Оқу-ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Бүкіл саналы ғұмырын

ұрпақ тәрбиесіне арнаған білікті ұстаз атанды. Отбасында 6 бала тәрбиелеп өсірген ана, Күміс алқаның иегері.

ИНКӘРБЕКОВА Төлеуғайша (1935ж.т.). Сарытерек кеңшарында ұзақ жылдар бойы ауылшаруашылық саласында еңбек еткен. Әр жылдары аудандық кеңестің делегаты болып сайланған. Кеңшар директорының Құрмет грамотасымен, ҚР Мемлекеттік «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.



ИСАБЕКОВ Асылхан Қабылханұлы (7.04. 1954 ж.т. Ақтоғай ауданы, Кенелі бөлімшесі.,- 20.10.2004ж.к.) 1975 ж. Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен кейін Кенелі бөлімшесінде көмекші шопан болып жұмыс жасады. Мал шаруашылығында еңбек ете жүріп Қарқаралы қаласындағы зооветтехникумды сырттай оқып бітірген. Кейін мал дәрігерлік мамандығы бойынша жұмысын жалғастырды. 1983 жылы Алшағырова Барқұтпен отбасын құрды. Отбасында 4 бала тәрбиелеп өсірді.



1995 ж. бастап «Жанат» ша-
руа кожалығының мүшесі болды.
Қазіргі уақытта балалары әр жер-
де, әр салада жұмыстар жасайды.
Жолдасы, Барқұт қазіргі кезде не-
мере қызығын көріп отыр.

ИСАБЕКОВ Қабылхан (1920
ж.т. Қоңырат ауданы, Калинин кол-



хозы) - Ұлы Отан
соғысының ардагері.
Колхозда егіс бри-
гадасында жұмыс
жасаған. Қ.Исабеков
1940ж. әскерге алы-
нып, әскери міндетін
атқарып жүрғенде

Ұлы Отан соғысы басталды.
Финляндия соғысына катысып,
сол жерде жараланып, Курск
облысындағы әскери госпитальде
емделеді. Жарақаты жазылған соң
қайтадан майданға аттанады. 1943
жылы соғыста ауыр жарақат алып,
Астрахань қаласында госпитальде
емделін шыққан. 1941-1945 жыл-
дарда 51-танк бригадасында жүріп
2 рет тағы да жарақат алып ел-
ге оралған. Елге келген соң отба-
сын құрып Кенелі бөлімшесінде
аға шопан болып жұмыс жаса-
ды. Сол Кенелі бөлімшесінде
зейнеткерлікке шықты. Зайыбы
Исабекова Мария Елеусізқызы
екеуі сегіз бала тәрбиелеп, ұлын
ұяға, қызын қияға қондырып,
бақытты ғұмыр кешіп, дүниеден
озды.

**ИСАБЕРЛИНА Бәтия Мұқы-
жанқызы** (1952ж.т.). 1975ж.
С.М.Киров атындағы Қазақ мемле-
кеттік университетінің (қазір-
гі Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің) химия
факультетін бітірген. 1975-1976
оқу жылында «Сарытерек» орта
мектебінде мұғалім болып жұмыс
істеген. 1976-2012жж. Жезқазған
педагогикалық институтында және
Жезқазған политехникалық инсти-
тутында мұғалім, аға оқытушы,
кафедра меңгерушісі болып
жұмыс жасаған. Зейнеткер. Аста-
на қаласында тұрады.

**ИСКАКОВ Төлеуқұл Шолан-
ұлы** (2.01.1960ж.т. Ақтоғай ау-
даны, Сарытерек ауылы). Ор-
та мектепті 1976 жылы бітірген.
Еңбек жолын Ақтоғай совхозында
«Ұшқын» комсомол жастар бри-
гадасында шопан болып бастаған.
1977-1985жж. № 2 бөлімшеде ме-
ханизатор, 1985-1995жж. №4
бөлімшеде аға жұмыскер, трактор
бригадасының бригадирі, бөлімше
зоотехнигі, бөлімше меңгерушісі
болып жұмыс жасаған. Ерен
еңбектерінің арқасында әртүрлі
грамоталармен марапатталған.
Еңбек еткен жылдар ішінде
совхоздың қоғамдық жұмысқа
белсене араласқан. 1999-2009
жылдары ұлттық халық санағында
санақшы және бірінші ұлттық
ауылшаруашылығы санағының



1-ші және 2-ші кезеңінде санақшы болған. 1984-2012жж. сайлау комиссиясының мүшесі, төрағасы, хатшысы болып жұмыстарын атқарған. Жолдасы Сабанбаева Салтанат Құрмажанқызы (24.10.1959 ж.т. Сарытерек ауылы). Еңбек жолын шопанға көмекшісі болып бастаған. Ауылда тігін цехында тігінші болып еңбек етті. №4 бөлімшеде радист, әртүрлі науқандық, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан. Отағасы Искаков Төлеуқұл екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді. Балалары қазіргі уақытта балалы-шағалы әр жерде, әр салада жұмыс жасап, қызмет атқарады.

ИСКАКОВ Шолан (1896 ж.т. Тоқырауын болысына қарасты №8 ауыл). Кеңес үкіметі тұсында «Каганович» колхозында егін егін, тоған қазып, су шығарып, егін бригадасына бригадир болып жұмыс атқарған. Кейінде



ұсақ колхоздар біріктірілген кезде «Ленин» атындағы колхозда бақташы болды. 1964ж. колхоздар совхозға ауысқанда қой фермасында «Қоянгөз» қыстағында шопан болып еңбек еткен. Зайыбы Қайша Рахымбекқызы колхозда сауыншы, көмекші шопан болып еңбек етті. Қарамағындағы 25 бас сиырды 3 мезгіл сауып, сүтін «Ақбас» май зауытына тапсырып отырды. Қайша Рахымбекқызы 9 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана. «I дәрежелі Ана» медальімен, 1962-68 жылдары 7 және 9 бала тәрбиелеп өсіргені үшін «Ана даңқы» орденінің I-II-III дәрежесімен марапатталды. Искаков Шолан, Искакова Қайша 1963ж. кәсіподақ мүшесі болды және сол уақыттарда құрылған кооператив мүшелері болды.



КАТЕПОВ Ералы (1955ж.т. Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылы.) Орта мектепті 1974 ж бітірген. 1974-75 ж.ж. армия қатарында болды. Әскерден келген соң №1 бөлімшеде механизатор болып еңбек етті. Мал шаруашылығы, мал азығын дайындап, совхоздың экономикасын көтеруге өз үлесін қосқан еңбек адамы. №3

бөлімшеде жылқышы болып еңбек етті. Совхоздың жылқы малын өз төл есебінде әр жүз биеден 85 бас құлын ертіп, өсірген. Мал басын аман сақтағаны үшін 2 рет Облыстық Советке депутат болып сайланған. Сайлаушылар аманаты бойынша қазіргі Ж.Кеңесбаев атындағы орта мектеп құрылысын салуға ықпал еткен. Қазіргі таңда Жабас Кеңесбаев атындағы орта мектепте электрик болып жұмыс жасайды. Жолдасы Гүлдания Өміржанқызымен екеуі 1 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді. Қазіргі таңда немерелерінің қызығын көріп отырған ардақты ата –әже.

КАТЕПОВ Нұрәлі (1966 ж.т. Сарытерек аулында., -2001ж.к.). 1984 ж. орта мектепті бітірді. 1985-86 ж.ж. Совет Армиясы қатарында болды. Армиядан келген соң совхозда әр түрлі жұмыста және кәсіподақ комитетінде жүргізуші болып еңбек етті. Одан кейін 1997 жылдан Балқаш мыс қорыту заводында жұмыс жасады. 1989 жы-

лы Амантайқызы Рыммен отбасын құрып, 5 бала тәрбиелеп өсірді. Жолдасы Рым немерелерінің қызығын көріп отырған ардақты әже.

КАТЕПОВ Оразәлі (1952 ж.т. Ақтоғай ауданы Сарыте-



рек ауылы., -2002ж.к.) 1971 ж. орта мектепті бітірген. 1972-73 ж.ж. армия қатарында азаматтық борышын өтеп келді. Еңбек жолын ауылдағы ауруханада жүргізуші болып бастады. 1982 ж. аудандық ауруханада жедел жәрдем жүргізуші болып өмірінің ақырына дейін еңбек етті. Еңбек еткен жылдарында ұжымның арасында отбасында беделді азамат бола білді. Ардақ тұтар аға, өзінен кейінгі бауырларына қамқоршы болды. Жолдасы Саягүл Кәженқызымен 1974 жылы отау құрып, 4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді. Зайыбы Саягүл де аудандық ауруханада көп жылдар есепші болып зейнетке шыққан. 2017 жылы қайтыс болды.

КАТЕПОВА Марал (18.07. 1958ж.т. Қарағанды обл., Сарыте-





рек селосы, - 03.02. 2005ж.к.) 1975ж. орта мектепті бітірген соң, Жезқазған қаласындағы медицина училищеге оқуға түсіп акушер-гинеколог мамандығын

алып 1979 жылы Ақтоғай ауданы Ақтоғай совхозының №2 бөлімшесіне медбике болып еңбек жолын бастаған. Туған ауылының халқына адал қызмет жасап, аудан басшыларының алғыс хаттарымен марапатталған. Сол жылдары ауыл азаматы Түймішінов Төлегенмен отбасын құрып, дүниеге 2 ұл, 3 қыз әкеліп аяулы ана атанып, үлгілі отбасының бір болды. Өмірінің соңына дейін тынбай жұмыс жасап тер-төкен азаматша.

КӘРІБЕКОВ Мәжікен Кәрібекұлы (1937 ж.т.). Әкеден ерте қалған Мәжікен 4 кластық білім алып, қаршадайынан колхоз жұмысына араласты. Кейін совхозда бақташы болды, одан соң қой



бақты. Жұбайы Жаманбекқызы Қияш екеуі 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. Балалары бүгінде әр салада еңбек етіп жүр. Мәжікен мен Қияш ұзақ жылғы атқарған еңбектері үшін 1985ж. «Еңбек ардагері» медалімен және Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай мерекелік медальмен марапатталды.

КЕНЕЛІ ТАУЫ - Ақтоғай селосынан оңтүстікте 65-70 км қашықтықта жатыр. Тау жотасы солтүстік-батыстан оңтүстік шығысқа созылған. Абс.бик-1000 м. Жер қыртысы қоңыр топырақты. Солтүстік батыс етегінде Жанат қыстағы ірге тепкен. Шығысында Қосбұлақ жайлауы бар. Кенелі тауының қойын-қолаты шұрайлы, шөбі шүйгін малға жайлы жер.

КЕНЕЛІ БАСТАУЫШ МЕКТЕБІ - 1948 жылдан бастап жұмыс істей бастаған. Төрт кластық бастауыш мектептің алғашқы мұғалімі соғыстан келген майдангер Қабдолла деген азамат болған. Өкінішке орай тегін анықтай алмадық. Одан кейін келген жас жігіт бір жыл істеп, кетіп қалған екен. Сол жылдары К. бастауыш мектепте 20-ға жуық балалар оқыған. Олардың арасында Амангелді Смағұлов, Тілеукен Ноғайбекова, Елубай Шайықов, Тиыштық Смағұлова бастауыш сыныпта Тілеуғалы Әміртаев т.б. шәкірттер білім алған. 1950 жылы

бастауыш мектепке «Бірлестік» колхозынан Шәріпов Жаппарғалы мұғалім болып, келін 1962 ж. дейін жемісті еңбек етті. 1962 ж. К.бастауыш мектебінде 1972ж. дейін Нұрғали, 1972ж. бастап Есенбаев Серікбай мұғалім болып 1980 жылға дейін мектеп жабылғанша қызмет істеді.

КЕНЖЕБЕКОВ Алшымбек (1914 ж.т. Қарқаралы ауданы Тортан селолық советі.)— Ұлы Отан соғысының ардагері.



Еңбек жолын «Абыралы» ауданында мектепте мұғалім болып бастаған. Кейінгі жылдары бірнеше оқу орындарында мектеп директоры болып қызмет атқарған. 1937 жылдарда Шығыс Қазақстан облысындағы мектептерде мұғалім болған. 1940-1946 ж.ж. Ұлы Отан соғысы басталғанда Әскер қатарына алынып штабта саяси қызмет атқарған. 1942-1943жж. №846 атқыштар полкі құрамында Оңтүстік Батыс майданында взвод командирі болып соғысқа қатысқан. 3 рет жараланған 1941-1945 жылдарында Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін медалімен марапатталған. Елге оралған соң, «Сарытерек» жетіжылдық мектептің директоры, кейінде аудандық оқу бөлімінің

менгерушісі қызметін атқарған. «Калинин», «Қусак» «Жамшы» сегізжылдық мектептерінің директоры болып қызмет істеген. Ақтоғай аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болған.

КЕНЖЕБЕКОВА Күләш

(27.07. 1946ж.т. Ақтоғай аудан., Шұбартау совхозы). Шұбартауда 7 класстық мектептен сауатын ашқан. Мектепті аяқтағаннан соң, атанасына көмекші бо-



лып, қолғабыс жасап жүріп 16 жасында тұрмысқа шыққан. Отбасылы болғаннан кейін де жолдасына көмекші болып еңбек етті. Отағасы Оралтай Кенжебеков екеуі отбасында 11 бала тәрбиелеп өсірді. Көп балалы ана ретінде 1983ж. 8 қыркүйекте «Батыр Ана» орденімен марапатталды. 1978ж. 21 маусым « I және II дәрежелі «Ана Даңқы» орденімен, 2004ж. 8 сәуірінде «Алтын Алқа» медалінің иегері атанды. 1987ж. 1 сәуірінде «Еңбек ардагері» медалін иеленді. Бала-шағасының тілеуін тілеген аяулы жан бүгінде өмірден озған.

КЕНЖЕБЕКОВ Оралтай (5.03.1943 ж.т. Сарытерек с.о., Кенжебек қорасы). 1952ж. Ақшолда мектеп қабырғасында сауат ашып білім алған. 1959-62жж. Қоңырат совхозында (бұрынғы Сәуле, Ертіс

деген жер) механизаторлар дайындайтын арнайы курста оқып, мамандық алып колхоздың: егін егу, шөп шабу, мал қыстату сияқты жұмыстарына белсене араласқан. 1960ж. жары Күләшпен отау құрды. 1964ж. «Желтау» фермасында комсомол бригадасында шопан, 1965-73жж. Ақсай қыстағында қой бақты. 1968ж. жас шопандардың аудандық бірінші слётіне делегат болып қатысты. Ақтоғай совхозының аға шопаны болып жемісті еңбек етті. 12.02.1968ж. еңбекте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін арнайы грамотамен марапатталды. 25.02.1986ж. Социалистік жарысты өрістетуде, мал қыстатуды ойдағыдай өткізген еңбегі үшін «Еңбек ерлігі» куәлігі табыс етілді. 11.11.1968ж. ВЛКСМ-нің 50 жылдығы құрметіне еңбекте жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталып, сый-сияпаттарға ие болған. 1997ж. совхоз тараған соң Сарытерекке көшіп келіп, кіші қызы Арайлымның қолында бала-шағасымен бірге, немерешөбересінің ортасында отыр.

КЕҢЕСБАЕВ Жабас – (1900 ж.т. Семей губ., Қарқаралы уезіне қарасты Тоқырауын болысының № 7 ауылы). 13 жасынан бастап 20 жасқа дейін ауыл мектебінде оқып, білім алған. 1920ж. Қарқаралы қаласындағы педагогикалық тех-

никумға оқуға түскен. 1923ж. педагогикалық техникумның 3-ші курсын аяқтаған соң, аймақтық білім бөлімі озат оқушы ретінде Кедей болысының 12-ші ауылына мұғалім етін жібереді. (Қоңырат ауданы) 1926ж. аймақтық білім бөлімі Ақсары болысындағы «Бесоба» ауылына (кейінде Қарқаралы ауданының Бесоба совхозы) бастауыш мектеп меңгерушісі етіп тағайындайды. 1928ж. Қоңырат ауданындағы «Қуаныш» бастауыш мектебінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1932-38жж. аралығында Қоңырат аудандық білім бөлімінде инспектор болып қызмет жасайды. 1938-40жж. аралығында Қоңырат ауданының 1-май колхозындағы «Октябрь» атындағы орта мектеп директоры болды. 1940-48жж. аралығында Ақтоғай селосындағы орта мектеп директоры, 1948-50жж. Киров жетіжылдық мектебінің директоры, 1950-54жж. аралығында «5-Дектябрь» атындағы жетіжылдық мектеп директоры, 1954-57жж. «Шылым» сегізжылдық мектебінің директоры, 1957 жылдан 1961 жылға дейін Ленин колхозындағы №4 сегізжылдық орта мектеп директоры болып, 1961 жылы зейнеткерлікке шыққан.



Ұзақ жылғы жемісті педагогикалық қызметі үшін 1945ж. 12 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен «Қазақ ССР-не еңбек сіңірген мұғалім» атағы берілген. 1949ж. 21 қаңтарда «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1951ж. 28 қыркүйекте Ленин орденімен марапатталған.

Жабекен Жаңыл шешемізбен бірнеше ұл-қыз тәрбиелеп өсірген, өнегелі әке.

Аудан мектептеріне сіңірген еңбегі үшін 2002ж. Қазақстан Республикасының Үкіметі Сарытерек орта мектебіне Жабас Кеңесбаевтың атын берді.



КЕҢЕСБАЕВ Бауыржан

(1950ж.т. Ақтоғай ауд., Сарытерек ауылы). 1968 жылы Қарағандыдағы №41 мектепті, 1977 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің химия факультетін бітірген. Екі жыл университеттің



өзінде қалып жұмыс істеп, 1979 жылдан бастап қазіргі кезге дейін Сарытеректегі орта мектепте ұстаздық қызмет жасап келеді. Осы жылдар ішінде

ұстаздық жұмыспен қатар мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, дәл бүгінгі уақытта мектептің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі болып еңбек етуде. Ұрпақ оқытып, тәрбиелеудегі ерен еңбегі үшін 1986 жылы «III дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен марапатталды. Жабекеннен қалған ұстаздық дәстүрді Бауыржанның ізбасары Жаннұр жалғастыруда. Ол ҚарМУ-дың химия факультетін тәмамдады. Жолдасы Махметова Айжан Зекенқызы 1955ж. туылған. Қарағанды қаласының тумасы. ҚарМУ-дың химия және орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. Осы Сарытерек ауылындағы Ж.Кеңесбаев атындағы мектепте 37 жыл еңбек етіп, 2015ж. зейнеткерлікке шықты. Мектепте жұмыс жасап жүрген кезде ауылдық, аудандық, облыстық, республикалық бірнеше грамоталармен марапатталған. Мектепте ауылдық қоғамдық жұмыстарға үнемі белсенді атсалысып жүреді. Отбасында екі баласы бар. Ұлы Жаннұр Қарағанды қаласында ішкі саясат бөлімін басқарады. Қызы Лалагүл фармацевтика бітіріп, мамандығы бойынша еңбек етеді.



КЕҢЕСБАЕВ Жасұлан

Жабасұлы (1946 ж.т. Ақто-



Сарытерек логотипінің
авторлары
Қ. Досмақов,
Ө. Әлмағамбетов



1963 ж. ҚазССР Жоғарғы
Кеңесінің депутаты
Алғамжанов Совет



1959 ж. аудан тарихында
ҚазССР Жоғарғы Кеңесіне
қарапайым еңбек
адамдары қатарынан
депутат болып сайланған
Жәпенев Қақарман



1967 ж. ҚазССР Жоғарғы
Кеңесінің депутаты
Жаркенов Иісбек





Алаштың арыстары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мыржақып Дулатов



**Әлихан
Бөкейханов**



Дінмұхамед Қонаев егіс алқабында.
Сол жақта бірінші **Рақымжан Шаяхметов**



**Рақымжан Шаяхметов, Никита Хрущев
және Анастас Микоян**



Көрнекті қоғам және
мемлекет қайраткері –
Рақымжан Шаяхметов



1926 жылғы бастауыш мектеп



Жабас Кеңесбаев



Ж. Кеңесбаев атындағы орта мектеп



Жеңіс саябағы



Әлиманов Рамазан
Әлихан Бекейхановтың
атқосшысы болған



Әменов Құтжан
1937 ж. жазықсыз қуғын
сүргін құрбаны болған



Жәнібекұлы Досмақ,
алғашқы колхозшы



Қамысбаев Шошынбек,
алғашқы колхозшы



Түсіпов Дауылбай,
алғашқы колхозшы





**Түсіпбеков
Махмет**



**Қалиев Башар,
алғашқы колхозшы**



**Қыдырхан
ақсақал**

**Түсіпбекұлы Мағұрыпбек
(1898-1980),
алғашқы колхозшы**



**ҚазССР-на еңбегі сіңген мұғалім Жабас Кеңесбаев,
Торғай Сәдуақасова, Жұмағұл Ыбыраев**



ҚазССР Жоғарғы советінің депутаты **Иісбек Жаркенов**
партком хатшысы **Ә.Әбдіғұловпен** пікірлесуде



1970ж.совхоз директоры **Ж.Ыбыраев** мамандармен жиналыс өткізуде



Совхоз партия ұйымының хатшысы **А.Кенжебеков**, **З.Көлбаев**, **А.Балтабеков**



1967 ж. аудандық комсомол конференциясына қатысқан Ақтоғай совхозының делегаттары – комсомол ұйымының хатшысы **С.Қасенбеков**, облыстық комсомол комитетінің хатшысы **А.Арыстанбеков**, аудандық комсомол комитетінің 1-хатшысы **Ж.Қошанов**, т.б.



ҰОС ардагері
Мұқажан Көшербаев



ҰОС ардагері
Бапашев Боранқұл



ҰОС ардагері
Айтан Балтабеков,
ұстаз



ҰОС ардагері
Оразбек
Шошынбеков

ҰОС ардагері
Нұрымқаш
Қазыбеков



Көшербаев
Мүсілім

Рамазанов
Қабылбек





Өмірбеков Аққасқа,
алғашқы колхозшы



ҰОС ардагері
Рысбеков Жақыпбек



Көшербаев Зейдеш 1939 ж. қасында отырған анасы **Бәтиха**,
түреге тұрған – қарындасы **Сәкина**,
алдындағы бала **Кәдір Мүсілімұлы**



Ш.Асылбекова, А.Тойшыкенов, С.Ахметжанов, Б.Смайлова



Қантаев Боранқұл, еңбек озаты



1965 ж. қыркүйек айы. Облыстық кәсіподақтар конференциясының делегаттары.
Ж.Тәжібаев әріптестерімен бірге



Солдан оңға қарай: **Қ.Ақтайбеков, С. Ахметжанов, Ж. Смайылов** және басқалар



Шошымбеков Тұрысбек
шопан



Дуанбеков Мағазбек,
еңбек ардагері



Қылышбаева Ақбала
98 жастағы батыр ана



**Жахметов Зарубек
(Саматай)**



**Сарытерек ауылының
тумасы
Қабдолпа Досмақов**



**Омаров Дәлмағанбет,
ұстаз**



Көбенов Секен, ұстаз



Аменов Несіпбек, Барланова Мінуар



**Сарытерек орта мектебінің директоры Н.Құсайынова
және облыстық мәслихат депутаты А.Түкбаева әріптестерімен бірге**



Мұғалім Ақбергенов Ғалия 6-класс оқушылармен бірге 1959-1960 оқу жылында



Досмақов Мұқтар сабақ үстінде 1-класс оқушыларымен 1960-1961 оқу жылында



Ауыл ардагерлері



Облыстық мәслихатының депутаты **Айман Түкбаева** мектепте өткен 2010 жаңа жылдың құрметті қонағы



гай ауданы., -1979 ж.к.) 1953ж. аудан орталығындағы М . Г о р ь к и й атындағы мектепті бітіріп, Қарағанды қаласындағы ки-

но-механиктер дайындайтын оқуға түсіп бітіріп шықты. Осы мамандық бойынша Сарытеректе жұмыс жасады. 1972ж. Қорланмен отбасын құрып, Бүркіт, Ербол, Қарлығаш атты балалары өмірге келді. Балалары ержетіп, оқу бітіріп, әр салада еңбек етіп жүр.

КЕҢЕСБАЕВ Қасейін Қобайұлы – (1917ж.т. Семей губ. Қарқаралы уез. Қазіргі Ақтоғай аймағы.) Әскерге Шет АӘК арқылы шақырылған қатардағы жауынгер, атқыш. 1943ж. Ұлы Отан соғысында хабарсыз кеткен. Басқадай дерек жоқ. «Боздақтар» кітабында «Хасен Қабаев» деген адам осы болу керек.

КЕҢЕСБАЕВ Құсайын Қобайұлы -1919ж.т. Семей губ. Қарқаралы уез. Қазіргі Ақтоғай аймағы.). Әскерге Шет АӘК арқылы шақырылған. Қатардағы жауынгер. 1943ж. 16 жасында соғысқа барамын деп сұранып кеткен. Басқадай дерек жоқ. Соғыстан балалары келмеген соң қайнысы Жабас Кенесбаевтың шаңырағында болды. Ақбет әжеміз 2 баласы Қасейін мен Құсайынды

келеді деген үмітпен сағынып, өмірден өтті.

КЕРМЕНТАЕВА

Кенже-

тай (1924ж.т. Павлодар обл., Екібастұз қаласы.,-2002ж.к.) 7



сыныпты бітіргеннен кейін, соғыс кезінде ФЗО-да оқып, мамандық алған соң

Балқаш қаласына жіберілген. Осы жерде тұрмысқа шығып, Шығыс Қоңырат руднигінде еңбек етті. Кейін Ленин колхозында, суармалы егіпнің бригадирі болып жұмыс жасаған. Бірнеше жыл Ақтоғай совхозында аспаз т.б. әртүрлі жұмыстар атқарды. 10 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана, аяулы әже. «Алтын алқа» иегері. Балаларының бәрі де ақарлы-шакарлы үй болып, бүгінгі күні өздері де ата мен әже болған бақуатты жандар.

КӨБЕНОВ Секен (20.01.

1953ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд., Сарытерек ауылы). Сол кезде жазған «Сықырлы қыз», «Аңшы Шәкен аға», «Сүйікті менің анашым» т.б. әңгімелері бар. Жоғары сыныпқа келгенде поэзияға қарай ауысты, яғни 9-сыныпта оқып жүргенде «Отан» туралы, соғыс ардагерлері Нұрымқаш, Мұқажан, партизан Шайкен ағалар туралы жазған мақалалары облыс және аудан газетінің беттерінде жиі жа-

рияланып тұрды. Өмірден ерте қайтқан досы жайлы аудан газетінде басылған «Оның есімі Мұрат еді» атты мақаласы да көпшіліктің есінде. Жас кезінен бастап табиғат берген дарын алғырлық үнемі ізденімпаздыққа, соңы шығармашылыққа ұласты. Екі жыл бойы комсомол-жастар бригадасында көмекші шопан болып жұмыс жасай жүріп, «Арқа еңбеккері» газетінің штаттан тыс тілшісі болып жұмыс атқарды. 1971 жылы аудан экономикасы мен мәдениетін көтеруде, аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің жұмысына белсене қатысқаны үшін, аудандық партия комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

1972 жылы алғаш ашылған Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсті. 1-курстан бастап университеттің қоғамдық жұмыстарына белсенді атсалысты. Тарих факультетінің 1-ші курсына оқи жүріп, ақындыққа жақын жігіттердің басын қосып арнайы үйірме ұйымдастырды. Студенттер арасында поэзиялық кештерді ұйымдастырудың басы - қасында болатын. 1973 жылы орталық Қарағанды телестудиясында «Жастық оттары» атты бағдарламаның алғашқы жүргізушісі, ұйымдас-

тырушысы осы Секен еді. Ол кісі «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Көксерек» атты фильмнің Қарағанды қаласының көрікті театрларының бірі «Октябрьский» қазіргі «Шалқыма» кинотеатрында өткен тұңғыш тұсаукесерінің жүргізушісі және ұйымдастырушысы ретінде де замандастырының жадында қалды.

Жоғарыда аталған университетті 1977 жылы тәмамдап, сол жылы Ақтоғай ауданы Сарытерек орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып орналасты. Ұстаздық шеберлігін үнемі шыңдай отырып, жазушылық шеберлігін де, өнерге деген құштарлығын да арттыра түсті. Қысқа ғұмырында атқарылғаннан гөрі атқарылмай қалған істері, орындалмаған армандары көп еді, әттең, соған жете алмай кетті, күйрықты жұлдыздай сағым боп өтті бұл өмірден. Қос қарлығашы Анары, Қамары өмірін жалғастыруда. Зайыбы Жұмабаева Роза Молдашқызы (14.04.1954ж.т. Қостанай обл., Амангелді ауданы.) 1975ж. Қарағанды кооперативтік институтын бітірген. 1975-1976 жж. экономика, ұйымдастыру және жоспарлау мектебінде мұғалімдік қызметін атқарды. 1976 жылдан Ақтоғай ауданының «Ақтоғай» совхозында қатардағы есепші болып бастап, осы аталған совхоздың

бас есепші дәрежесіне дейін әрдайым жақсы жүруіне ықпал көтерілді. 1998 жылдан бастап «Аудит и Консалтинг - АА» ЖШС бас тексерушісі, аудитор көмекшісі болып қызмет атқарып келеді.

КӨБЕНОВ Әйеш (01.01.1906



ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауд., -05.08.1973ж.қ.) Сарытерек өңірінде Кенелі бөктерінде өмір сүрген, сол жерде осы кісінің атымен аталатын Әйеш қорасы әлі де бар. Сарытерек ауыл шаруашылығын көтеру жолында аянбай еңбек еткен адамдардың бірі. Тері өңдеу, оны өткізу жолында еңбек етті. Сонымен қатар 1940 жылдан бастап Қарағанды обл., Қоңырат ауданындағы Қоңырат тұтыну қоғамының мүшесі болды. 1963 жылдан бастап Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Ақтоғай тұтыну қоғамының мүшесі болып еңбек етті. Сол жылдары Ақтоғай совхозының сауда саласында қызмет атқарды. Жұбайы Көбенова Қабира Қантайқызы (1917-04.05.2000жж. Қарағұла е.м.). Жолдасының қасында ісінің алға басуына, жұмысының

етіп, демеу болып отырды. 2 бала тәрбиелеп өсірді. Көбенова Жақсыбала медицина саласында қызмет атқарған, қазіргі таңда Алматы қаласында тұрады, зейнеткер. Көбенов Секен, осы Сарытерек орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқарған, дүниеден озған. Жанұясы Қарағанды қаласында тұрады. Немере- шөберелері бар.

КӨПБАЕВ Зікірия (5.01.1911 – 24.08.2010жж.). Сталиндік репрессиядан жапа шеккен, «Дала академигі» атанған, аты аңызға айналған адам. 1930 жылдары «Бірлестік» колхозында кооператив ұйымдастырып, сатушы болып жұмыс істеп жүргенде жалған жаламен тұтқындалып, он жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесілген. «СССР-дегі саяси террордың құрбандары» деген электронды мәліметтер кітабында: «Копбаев Зкрия, 1911 ж.т., туған жері – Қарағанды облысы Қоңырат ауданы Жамшы ауылдық советі, білімі орта, ауылдық тұтыну одағында жұмыс істейді, 1937 жылғы 23 қарашада тұтқындалып, сол жылы 8 желтоқсанда Қарағанды облыстық УНКВД үштігі РСФСР Қылмыс кодексінің 58-2, 58-7, 58-10, 58-11 тармағы бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырған. Жазасын СССР ішкі істер Министрлігінің

бас бостандығынан айырылғандар жазасын өтейтін мекемеде (Калинин облысы, Шимковский ауданы) 23.11.1937 жылдан 24.11.1947 жылға дейін өтеген. Қылмысы болмағандықтан, Қарағанды облыстық соты 1958 жылы 24 сәуірде ақтаған», – деп жазылған.

З.Көпбаев 1982 жылы 30 наурызда ет-жүнді бағыттағы «Дегерес» қой тұқымын шығарғаны үшін КСРО ауыл шаруашылық министрлігінің №3126 авторлық куәлігіне ие болып, есімі республикалық Алтын Құрмет кітабына жазылды. 1971 жылы Ленин орденімен, 1976 жылы «Октябрь Революциясы» орденімен марапатталды. 1970 жылы КСРО халық шаруашылығы көрмесінің Күміс медалін, ал 1973 жылы Алтын медалін иеленді. 2000 жылы 25 қаңтарда «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» деген мәртебелі атаққа ие болды. Қазақстан Компартиясы XV съезінің делегаты.

2001 жылы «Ақтоғайдың ақиық ақсақалы» деген кітап баспадан шықты. Онда З.Көпбаев өмірінің сан қилы белестері, басынан өткізген қиыншылықтары мен алған асулары, қол жеткен жетістіктері баяндалады. 90 жасқа толу мерейтойы 2001 жылы 21 қыркүйекте Ақтоғайда аталып өтілді. Осы тойға арнап белгілі ақын Жеңіс Қашқынов «Ғасыр

ғұмыр» деген толғау-өлеңін жазды.

Зайыбы Закария Аманқұлқызы, 11 бала тәрбиелеп өсірген абзал ана, «Батыр ана» Құрметті атағы мен «Алтын жұлдыз» медалінің иегері.

Әдеб.:Қуандық Сәденов «Ауылым Жалаңтөстің Қызылтасы» кітабынан.

КӨПБАЕВ Мырзабек (1911




ж.т. қазіргі Ақтоғай ауданы, Сарытерек а.о., Кенелі. б. -2001ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. 1939 жылы әскер қатарына алынғанға дейін колхозда еңбек

етті. Ұлы Отан соғысына қатысып, 1946 жылы елге оралғаннан кейін совхоздың малын бағып, өңірдің өркендеуі жолында тер төккен ардагер шопан. II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордеі және Г.Жуков атындағы медальдың, Ұлы Жеңістің 30,40,50,60 жылдық мерекелік медальдарының иегері.

КӨПБАЕВА **Мауия**

Әбетқызы (1924ж.т. қазіргі Ақтоғай ауданы.,- 2013ж.к.Балқаш қ.). Мауия Әбетқызы ж а с т а й ы н а н еңбекке араласты, соғыстан кейінгі халық



шаруашылығын көтеруге өз үлесін косты. Жолдасы Көпбаев Мырзабек екеуі өмірге 12 бала әкелін, ардақты ана атанды. «Батыр ана» медалінің иегері. Аудандық Советтің үш дүркін депутаты болып сайланған. Балаларының бәрі де бүгінгі күні азамат болып ержетін, әр салада түрлі қызмет атқаруда

КӨСЕМҚҰЛОВ Сәндіғұл Намазұлы (20.12.1889ж.т. Сары-



терек ауыл советіне қарсы Ақтұмсұқ е. м., - 1965 ж. к.)

Сәндіғұл ақсақал екі дәуірдің куәгері болған адам. Жасынан әке өнегесін

көріп өскен ол өсе келе өзі де еңбекқор болды. Тоқырауын өзенінің бойына салынған су диірменде жұмыс жасады. Тоқырауының ақмаржанынан ұн тарту үшін су диірменінің атқарған ісі өте зор еді. Сәндіғұл ақсақал диірменнің тоқтаусыз жүруіне бірден-бір жетекшілік еткен адам. Диірменнің игілігін сол мандағы және алыс жердегі халық көрді. «Тіпті ашаршылық жылдары да Сәндіғұл мен Сембайдың диірмені өзегі талған елге талғажау болған» дейтін бұрынғы ақсақалдар. Диірменнің орны әлі күнге дейін бар. Ақтұмсық өткелінен қашық емес. 1937 жылға дейін су диірмеі

жұмысын үзген жоқ. Содан кейінгі жылдары Сәндіекен Сарытерекке келін өз қатарлы ақсақалдармен ұжымдасып, маусымдық жұмыстарға қатысып, денсаулығы сыр бергеніне қатардан қалған жоқ.

КӨСЕМҚҰЛОВА Сарқыт Тұрсынбайқызы (1902-1986 жылдары) Сарқыт Тұрсынбайқызы өмірінің соңына дейін

Сарытерек наубайханасында тынбай еңбек етті. Бес бала тәрбиелеп өсірді, Алланың жазуымен, немерелерінің қызығын көруге тағдыр жеткізбеді. Қазір бес баладан қалған Қанағаты ата-анасының қарашаңырағын ұстап отыр. Қанағат жастайынан техникаға әуес болып, кейін трактордың түр-түрін меңгеріп, белгілі механизатор болды. Туган жері - Сарытеректің гүлденуіне үлес қосып еңбек етті.



Қитапқа мәлімет беруші немересі Серік.

КӨШЕРБАЕВ Зейдеш Әбілтайұлы (1917 ж.т. Ақтоғай өңірінде). Ұлы Отан Соғысына 1942 ж. аттанып, атты әскер құрамында майданға кірген. Соңғы жазған хатында «1944 ж. 15 қазанында жауға қарсы шабуылдап барамыз» деп жазған. Содан кейін хабар болмаған. Аға-бауырлары

соғыс бітсе де «Зейдешіміз аман-есен келеді» деп үміт үзбей тосумен болған. Ағасы Мүслім мен інісі Мұқажан кезінде Совет Одағының қорғаныс министрлігіне хат жолдап, сұрау салған. Бірақ асыл азаматтан нақты дерек болған жоқ.

КӨШЕРБАЕВ Мүслім Әбілтайұлы (1913 ж.т. Ақтоғай ауданы.,-2007ж.қ.) - Ұлы



Отан соғысының ардагері. Алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашқан. 1930ж. Зооветтехникумда оқып, мал дәргерлік мамандығын алған.

Осы сала бойынша 1936ж. дейін қызмет атқарды. Осы жылы Қарағанды қаласындағы байланысшылар курсына оқып бітірген соң Ақтоғай аудандық дайындау бөлімінің инспекторы міндетін атқарды. 1941ж. соғыс басталғанда ағасы Әбілпейіс, інілері Зейдеш, Мұқажан, немере інісі Қазыбеков Нұрымқаш төрт ағайын Отан қорғауға аттанады. М.Көшербаев Ақмолла қаласындағы жасақталған дивизияның құрамына еніп 6 ай бастапқы дайындықтан өткен. 2-Украин майданында атқыштар дивизиясының 4 полкінде партия ұйымының хатшылығын абыроймен атқарған. 1945ж. Польша жерінде болған сұрапыл шайқаста ауыр жарақат алған соң 2-топтағы

мүгедек болып, 1945ж. май айында елге оралды. 1950ж. басында сиыр фермасының меңгерушісі болады, жасы ұлғайғанда бір отар қой бағып мал өнімін мемлекетке шығынсыз тапсырып отырды. Отан соғысынның ардагері, Ұлы Жеңістің 60-жылдығын көзімен көрді. 94 жастан асқанда немере, шөберелерінің алдында абыз карт дүниеден озды.

КӨШЕРБАЕВ Мұқажан Әбілтайұлы (1924ж.т. Ақтоғай ауд., -2013ж.қ.) - Ұлы

Отан соғысының ардагері. 1942 жылы 18 жасында Ұлы Отан соғысына аттанған. Жауынгер Көшербаев Белорусияның, Украина-ның отқа оранған қалаларын жау тырнағынан азат етуге қатысты. Сондай ақ ол: Венгрия, Польша, Румыния, Чехословакия мен Кенигсберг-Шығыс Пруссияны жаудан азат ету үшін болған сұрапыл соғысты бастан өткерді. Осы шайқастарда көрсеткен ерлігі үшін жоғарғы қолбасшының арнайы алғысы Қызыл әскер кітапшасына жазылған. М.Көшербаев Ұлы Отан соғысын 1945 жылдың 7 мамырында Германия жерінде аяқтады. Майданда көрсеткен ерекше ерлігі мен өжеттігі үшін I дәрежелі «Қызыл



жұлдыз» орденімен және басқада медальдармен марапатталған. Соғыстан келген соң 1953 жылға дейін Ақтоғай ауыл шаруашылық бөлімінде агроном болып қызмет атқарған. 50-жылдардың ортасында Ақтұмсық ауылының МТС-ке, алғашқы мотор арқылы жарық беруші моторист болды. МТС таратылған соң Ленин колхозына көшіп келін техника саласында жұмыс жасады. 1963-1986жж. совхозда қоймашы болып, адал еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан соң 1987ж. Балқаш қаласына қоныс аударды. Жары Дақияқызы Сара ұлқыздарын мәпелеп өсірген алтын алқалы батыр ана.

КӨШКІН БАБА—2002 жылы Балқаш-Ақтоғай тас жолының бойында Сарытерек ауылына төмендеу жазықта. Көшкін бабаға ас беріліп, мазар тұрғызылып, басына құлпы тас қойылды.

КҮЗЕМХАНОВ Шәкәрім (1911-1972жж.) 1938 жылы репрессияға ұшырап, «Халық жауы» деген жаламен сотталып, Сібірге жер аударылған. 1953 жылдың аяғында 15 жылдан кейін елге келді. Содан 1954 жылы «кінәсі жоқ» деп ақталды. Елге жұбайы (ұлты якут) Даниилқызы Анастасиямен (1922-



1992жж.) оралғаннан бастап, құрылыста жұмыс істеп, Сарытерек совхозының қыстақтарына үй салды. Атап айтқанда: Қособа, Дастар, Талдыбұлақ, Бірлестік қыстақтарын салуға атсалысып зор үлес қосты. Сарытерек ауылындағы екінші салынған мектеп ғимаратына да атсалысып, құрылыс жұмысына үлкен үлес қосты.

КҮЛТЕБАЙТЕГІ Хамитұлы Тәңірберген - Техника ғылымының докторы, (өлкетанушы Юрий Поповтың материалы бойынша Хамитұлы Тәңірберген Күлтебайтегіне қатысты деректі осы кітаптың соңынан оқи аласыз. *Ж.Б.*). 1969 жылы Алматыдан Ақтоғай аудандық партия комитетінің хатшысы Қ.Каленовке жолдаған хатында Тәңірберген 1922-1923жж. Ақтұмсықтағы төрелер ашқан алғашқы совет мектебінде оқыдым» деп жазған. Алғашқы мектепке Кеңес Үкіметінің арқасы деп қуанғандардың бірі. Осыдан кейін Қарқаралыдағы мұғалімдік училищеде 2 жыл оқыған, бітірместен Семейдегі өнеркәсіп-экономикалық техникумына жолдама берген. 1928 жылы Ташкенттегі мұғалімдер дайындайтын институтты бітірген. 1946 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік инс-

титутының аспирантурасын тәмамдап, Ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты ғылыми атағын алған. Қазақ ССР Министрлер кабинетінің кеңесшісі, мал шаруашылығы институтының директоры қызметтерін атқарған. 20 жылдан астам Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтында мал шаруашылығы кафедрасының меңгерушісі, ғылым докторы.

Институт Ректоры, академик Хайдар Арыстанбекұлы мен Тәңірберген Хамитұлы көп жыл бірге қызметтес болды. Қатты сыйласты, бірін бірі түсіне білді. Тәңірберген ағамыз 10 жыл институт партия ұйымының хатшысы міндетін қоса атқарды. Ұлдары Темірлан, Едіге ауылшаруашылығы институтын бітірді, кішісі биология ғылымының кандидаты еді. Тәңірберген Хамитұлы, жұбайы Майя, ұлдары Темірлан мен Едіге марқұмдар Алматыда Кеңсайда жерленген. Дайындаған: Амантай Қалымбергенов.

КҮСЕНБАЕВ Жолдыбай— (1954ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылы.) Сарытерек орта мектебін бітірген. Отандық міндетін атқарып келген соң, Балқаш қаласында темір дәнекерлеуші/токарь/мамандығын алып. Сарытерек ауылында осы мамандығы бойынша еңбек еткен. 1981 жылы Ақданаспен от-

басын құрып жанұясында 4 бала тәрбиелеп өсірген. Дәметкен 1995 жылы қайтыс болған. Қазіргі уақытта Жолдыбай мен Ақдана Балқаш қаласында тұрады.



ҚАЗАНҒАПОВ Кәжен (1932 ж.т.) Жетімшоқы елді мекені, «Каганович» колхозында). Малдәрігерлік техникумын бітіріп, колхоздарда «Ленин» колхозында мал дәрігері болып жұмыс жасаған. Кәжен әкеміз Мұқатайқызы Бикан шешемізбен отбасын құрып, жанұяда Саягүл, Зекенай, Съезд, Қайрат атты балаларын тәрбиелеген. Әкем алғашқы совхоз құрылған кезден бастап фермаларда мал дәрігері, ферма меңгерушісі болып жұмыс жасаған. Бұл кісілер зейнеткерлікке шыққан соң дүниеден озды. Әке жолын қуып баласы Съезд, немересі Данияр ауылда мал дәрігері болып жұмыс жасап жүр.

ҚАЗЫБЕКОВ Нұрымқаш (1924 ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы., - 2007ж.қ.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. 17 жасында әскер қатарына



алынған Н.Қазыбеков әуелі Көкшетау қаласында жасақталған кіші офицерлер даярлайтын 367-ші минометті атқыштар полкында даярлықтан өтеді. Көп ұзамай олар Новосибирск, Горький қалаларында гвардиялық минометшілер полкымен бірге әскери тактикалық даярлықтан өтті. 1943ж. Смоленскінің Стоздомск қаласын жаудан азат ету үшін 4 тәулікке созылған шабуылға қатысқан. Осы шайқаста оң қолынан жарақаттанып, госпитальге түсін, жарақаты жазылған соң, Белоруссияның астанасы Минск қаласын азат ету үшін шабуылға шыққан. Осы шайқаста ерекше ерлік көрсетіп алғыс алады. Бұдан кейін 1944 жылы Литваның Вильнюс және Каунас қалаларын жаудан тазартуға қатысты. 1945 жылы сәуір айында әйгілі Кенигсберг шайқасына қатысады. Осы сұрапыл соғыста Н.Қазыбеков ерлікпен шайқасқан. Шығыс Пруссияны алуда көрсеткен ерекше ерлігі үшін Н.Қазыбеков «Отан соғысы орденімен» наградталды. Сол жолы 2 аяғынан да ауыр жараланып, Ярослав облысының Рыбинск (қазіргі Андоров) қаласындағы госпитальға түседі. Сұм соғысты Кенигсберг қаласында аяқтап, 1946 жылы елге оралған Қазыбеков Нұрымқаш Ұлы Отан соғысында көрсеткен

ерлігі үшін бірнеше орден, медальдармен марапатталған. Солардың ішінде ІІ және ІІІ дәрежелі «Отан соғысының» ордені, «Жеңіс» ордені, «Ерлік үшін» медалі, “Кенисбергті алғаны үшін”, “Минскіні алғаны үшін” және көптеген мерекелік медальдар сұрапыл жылдардан сыр шерткендей. ҰОС-ның қилы жолдарынан өтіп, елге келген соң да І топтағы мүгедектігіне қарамастан, сол кездегі «Ленин» колхоздарында 20 жылдан аса есепші қызметін абыроймен атқарды. Содан кейінгі еңбегін Ақтоғай совхозының байланыс почтасында жалғастырды. Қазыбеков Нұрымқаш еліміз тәуелсіздік алған кезде «Құрмет» орденімен марапатталып, төбесі кокке жеткендей қуанып, тәуелсіз елінің құрметіне бөленді. Қазыбеков Нұрымқаштың зайыбы - Үміт әжей 1924 жылы дүниеге келген. Соғыс кезінде ауылдың біршама жұмыстарын атқарған. Әнші, ұлттық қолөнер шебері, оюшы ауыл келіндеріне біраз білгендерін үйретіп кеткен ардақты, қасиетті ана.



ҚАЙДЕКЕШОВА Рахима (Тоқыш) (1932 ж.т. Қарақұла алқабы, Аралтөбе., Бастауыш сынып-

ты Қарақұла мектебінде оқыған. Жас кезінде ауылдағы барлық жұмыстарға қатысқан: егін ору, шөп шабу, қой қырқу т.б. әкелері Ахметов Қайдекеш інісі Майдекештер Отан соғысына кетіп, барлық ауыртпалық шешесі Әлиманова Бибіш туған сіңілісі Мәнтай үшеуіне түскен. Екі әкесі де соғыстан хабарсыз кеткен. Соғыстағы солдаттарға киім-кешек тігу, мал өнімдерінен тамақ жасап, майдан даласына жөнелтіп отырған. Өзінен кейінгі сіңілісі Қайдекешова Мәнтай екеуі балалы-шағалы қадірлі аналар. Тоқышта 4 бала бар. Өзі Еңбек және Тыл ардагері.

ҚАЛАБАЕВ Әбдуәкас (1933 ж.т. Қарағанды облысы, Ленин колхозы). 1959ж. Ақшатау Руднигінде, Ақжалбайыту фабрикасында еңбек еткен. 1967-2003 жылдары Сарытерек ауылына көшіп келіп, мал шаруашылығына араласып ерен еңбегі арқасында атакты шопан болды. «Мал шаруашылығының екінші дәрежелі шебері» деген атаққа ие болды. зайыбы Мағауқызы Қамария екеуі 8 бала тәрбиелеп ұл-қыз өсірген өнегелі отбасы. Қазіргі таңда Қарағанды қаласында, бала-шағасының ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

ҚАЛАБАЕВА Қамария Мағауқызы (1943ж.т. Қарағанды облысы, Шет ауданы, 10-ауыл).

1961ж. Қалабаев Әбдуәкаспен шаңырақ көтерген. 8 бала тәрбиелеп өсіріп, олардан 25 немере-шөбере көріп отырған «Күміс алқа» және «Алтын алқа» иегері атанған бақытты ана. Бірнеше рет Ақтоғай ауданының еңбекшілер депутаттарының Сарытерек селолық Советінің депутаты болып сайланды. 2003 жылы Қарағанды қаласына қоныс аударған. Қазіргі таңда Қарағанды қаласында ақсакалы Қалабаев Әбдуәкаспен бірге ұрпағының қызығын көріп, бақытты өмір сүруде.

ҚАЛДЫБАЕВ Әбдірайым (1900-1975жж.). 1940-1941жж. Сарытерек колхозының торағасы болып қызмет істеген. Соғыс басталған жылдары (1942ж.) аз ғана уақыт «Бірлестік» колхозының төрағасы болған.

1.12.1942-8.12.1942жж. – 126-шы бригаданың құрамында Ленинград бағытында соғысқа қатысып жеңіл жарақат алған. 18.05.1943-16.10.1943жж. – Орел бағытында 250-ші атқыштар дивизиясының құрамында ұрыстарға қатысқан. 15.12.1943ж. Майск қаласына жасалған шабуылдар кезінде ауыр жараланып, емделген соң, 1944 жылдың мамыр айында жұмысшылар батальонына ауыстырылған. «ІІІ дәрежелі Даңк» орденімен марапатталған.

Соғыстан келген соң, 1945 жылы Әлихан Бөкейхановтың немере қарындасы Батима Мәнерханқызына үйленіп, 1947-1948 жылдары Қарқаралы жаққа көшіп кеткен, бұрынғы «Киргизия» совхозында тұрған. Баласы Жұмагелді (1.04.1946 ж.т.) Қарағанды қаласында тұрады.

ҚАЛИЕВ Башар (1901ж.т. Қарқаралы уезі, Семипалатинск губерниясы, Балқаш болысына қарасты 10-шы ауылда, -1987 ж.к.) 1928 жылы Прибалхаш құрылысына қарасты Қоңырат кенішінің бұрғылау цехында қатардағы жұмысшы. 1932ж. коммунистік партия қатарына өтеді. Сол жылы коммунист ретінде ауылшаруашылығын көтеруге жіберілген. Қоңырат ауданы 10-шы ауылда ауылдық кеңестің төрағасы, Калинин атындағы колхозда ауылдық кеңестің төрағасы, кейін осы колхоздың басқармасы болып еңбек етті.

1933-37жж. Калинин колхозында колхозшы, 1937ж. бастап Қоңырат ауданы Жамшы ауылдық кеңесінің, Амангелді ауылдық кеңесінің төрағасы, «5-Декабрь» колхозының төрағасы болып қызмет атқарған. Б.Қалиев оқып бітірген оқуы

болмаса да табиғатынан зерек ауылшаруашылығы жұмысының ретін жақсы білетін іскерлігімен, басшылық, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында қиын жылдарда табанды еңбек етін, халқына қал-қадірінше аянбай қызмет қылды. Атқарған адал еңбегі үшін әр жылдарда аудан бойынша марапаттар алған. Есімі Облыстық құрмет тақтасына жазылған. Бұл жөнінде 1940 жылғы аудандық «Қызыл Ту» газеті былай деп жазған: «Башар Қалиев басқаратын «5-Декабрь» колхозы қоғамдық мал басын өркендетуде мол табысқа жетті, мал басы айтарлықтай өсті: сиыр фермасында 100 бас, қой фермасында 500 бас аналық мал басы бар. Мемлекет тапсырмаларын барлық жоспар бойынша орындап табысқа қол жеткізгені үшін колхоз төрағасына аудан атынан сыйлық берілді. 1940 жылдың қортындысы бойынша «5-Декабрь» колхозы 40 мың сом таза пайда тапты». (Аудандық «Қызыл Ту» газеті.) 1940ж. бастап Қусак ауылдық кеңесі Береке колхозының төрағасы болып қызмет істеген. Б. Қалиев зейнеткерлікке шыққанша Калинин колхозында, кейін Ақтоғай совхозында шопан болып еңбек етті. Зайыбы Қалиева Бағдат Молдаханқызы (1924ж.т. Қоңырат ауданы Шұбартау е.м., -2004ж.қ. Балқаш қаласы.) Ауыл



шаруашылығында жұмыс істеген. Сегіз баланың анасы. Отағасы Башар Қалиевпен екеуі балаларынан немере, шөбере көріп, ақсақалды ата, ақ жаулықты әже болып өмірден озды.

ҚАЛИҰЛЫ Досымбек (1897 ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы №12 ауыл.). Сарытерек ауыл советінің басқармасы болып қызмет жасап жүргенде 1937 жылы 16 қыркүйек айында №58/2, 58/10,58/11 УК ОСФСР баптары бойынша жазықсыз сотталып, Үштіктің үкімімен (УНКВД) 8.01.1937 жылы қуғын-сүргіннің құрбаны болып атылып кеткен. Қарағанды облыстық соты 24 сәуір 1958 жылы ақталған туралы №13/530 анықтама қағазы бар.



ҚАЛИЕВ Ерболат Башарұлы (1947 ж.т. Ақтоғай ауданы.) Орта мектепті бітірген соң Ақтоғай сов. шопан болып еңбек етті. Қыстың ақырған ақ боранына, жаздың аптап ыстығына кайсарлықпен төзе жүрін, ұзақ жыл мінсіз еңбек етіп, ақтылы қой өсіріп, ел дәулетін еселеді. Әр бесжылдықтың озаты атанды. Үкімет Е.Қалиевтің адал еңбегін жоғары бағалап: III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, БЛКЖО Орталық комитетінің қола

медалімен, Құрмет грамоталарымен марапаттады. Қазақ КСР Министрлер Советінің қаулысымен «Қой шаруашылығының шебері» атанды. Зайыбы Пәну Әбілханқызы екеуі жеті бала өсіріп ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, бақытты ғұмыр кешуде. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Е.Қалиев шаруа қожалығын құрып, әлі де еңбек сапынан қалмай жастарға өнеге болуда.

ҚАЛИЕВ Зейнолла Қанапияұлы (1925ж.т. Сарытерек ауылы., -2009ж.к.) Еңбек жолын 1955ж. Шығыс Қоңырат руднигінде бастаған. 1965ж. Са-



рытерек ауылына қоныс аударып, құрылыста құрылысшы болды. Туған ауылында табан аудармай 30 жыл абыройлы еңбек етіп, талай үйдің іргесін көтеріп, қабырғасын қалаған құрыш қолды құрылысшы азаматтың бірі. Сонымен қатар ол ағаштан ою-өрнек ойып, әшекейлеп бесік, үй жиһаздарын жасаған қолөнер шебері. Көптеген жастарды еңбекке баулыған тәлімгер азамат.

ҚАЛИЕВ Қанат (1950ж.т. Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылы., -2002ж.к.) Сарытерек орта мектебін бітірген соң совет әскері қатарында азаматтық міндетін

атқарып келді. Совхозда жүргізуші болып жемісті еңбек етті. Кейін Балқаш қаласына қоныс аударып, мұнда да түрлі салада жұмыс жасады. Ол табиғатынан ақ көңіл, елгезек азамат болатын. Жолдасы Нүргүлім екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірді. Қазір бала-шағасы ер жеткен.

ҚАЛИЕВА Майра Тілеукешқызы (1938-2015 ж.ж.). 9 бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана. “Күміс” және “Алтын” алқаның иегері.



ҚАЛИЕВ Мұқатай (1905 ж.т. Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылы., қ.ж.к.) Сарытеректе Ленин колхозында, жұбайы Әмірғалиқызы Күлғабира екеуі тоған қазып, егін салып, есепші, бригадир болып жұмыс жасаған. Қазіргі Жетімшоқы фермасындағы ескі тоғанның орнын үлкен кісілер «Қали» тоғаны деп атап кеткен. Бәйбішесі— Әмірғалиқызы Күлғабира 1907 жылы туған. Ленин колхозында еңбек еткен алғашқы колхозшылардың бірі.

ҚАЛИЕВА Нестай Айтжанқызы (1941 ж.т. Сарытерек ауылы.,). Жоғарғы оқу орнын Қызылорда және Алматыда музыка мамандығы бойынша бітірген. Жоғарғы оқу орнын аяқтаған соң туған жеріне келін, Сарытерек ор-

та мектебінде ән-күйден сабақ берген. Қазіргі уақытта Балқаш қаласында тұрады. Балқаш қаласында бірнеше мектептерде жұмыс жасаған. Зейнеткерлікке шықса да музыкалық мектепте дарынды, қабілетті балаларды байқауларға дайындайды. Ол кісінің дайындаған балалары қалалық, облыстық, республикалық және дүниежүзіне Қытайға, Германияға, Россияға, Польшаға т.б. жерлерге барып, байқаулардан жүлделі орындарға ие болған. Нестай мұғалім өзі дайындаған шәкірттерімен есеп беру концерттерін өткізін тұрады. Шығармашылық еңбегіне сай абыройға бөленіп, марапаттарға ие болған.

ҚАЛИЕВ Ноғай (1910 ж.т. Қарқаралы уезі, Ақшатау болысы. 10-шы ауыл.,- 1976 ж.к.). 1944-1948 ж.ж. Сарытерек ауылдық советіне қарайтын «Ұлы Октябрь» колхозының басқарма қызметін атқарған. Жамшы ауылдық кеңесінің атқару комитетін басқарған мерзімі: 1961-1963 ж.ж. күйші, сазгер, ақын. Білімі бастауыш. Жиырмамыншы жылдардың басында Қарқаралыда оқиды. Кейіндеу рабфак, совпарт мектептерін бітіреді. Журналист мамандығын алады. Қарқаралы, Шет ауданы, Балқаш қалалық газеттерінде қарымды қаламгердің

бірі болады. Қу аудандық комсомол қызметінде жүргенінде (1928-1930жж.) қызыл кәмпескені қуаттамағаны үшін қамауға алынып, Алматы түрмесінде М.Әуезовпен бірге отырады. 1938ж. теріс көз-қарасты «Іске сәт!» мақалаларын жазғаны үшін халық жауы болып ұсталады. Жазасын Сібірде (Колыма, Оймякан, Верхоянск, Сахалин) өтейді. «Сибдаль» шахталарында забойшы болады. Қазактың біртуар ұланы М.Әуезовке өзінің ақтығын айтып хат жазады. Сол кісінің араласуымен 1940ж. 27 мамырда ақталып шығады. Кейін қажырлылығының арқасында партиялығын қайтып орнықтырады. Қоңырат, Шет аудандарының шаруашылықтарында колхоз басқармасы, ауылдық кеңестің атқару комитетінің төрағасы болып істейді. Ноғайдың қайырмасы аталатын әні ел ішінде кеңінен таралған... («Шет ауданы» энциклопедиясынан).

ҚАЛИЕВ Саят Айтжанұлы (10.06.1959 ж.т. Сарытерек ауылы,-2003ж.қ.). Саят өз заманында сері, әнші әрі аңшы болған. 1977ж. Сарытерек орта мектебін бітірген. 1979ж. Гүлшат совхозында ауылшаруашылығы жұмыстарын атқарды. 1980ж. №3 фермада еңбек етті. 1981ж. №4 фермаға шопан болып мал

бақты. 1982ж. №4 фермада тракторшы болған. 1983ж. шопан болып ауысқан. Тоқырауын совхозы №4 пішеншілер бригадасының қайрақшысы болып жұмыс істеген. 1993ж. №3 фермаға шопан болып ауысқан. 1995ж. «Талдыбұлақ» шаруақожалығының мүшесі болған. Жолдасы Ахметжанова Мира Сәкібайқызымен екеуі 5 бала тәрбиелеп өсірген.

ҚАЛИЕВ Тайкен Башарұлы

(16.04.1937 ж.т.



Ақтоғай ауданы, Кенелі бөлімшесінде – 10.07.1982 ж.к. Дересін.). Талғар ауылшаруашылық техникумын, Алматы ауылшаруашылық

институтын бітірген. Еңбек жолын 1958 жылы Балқаш қаласындағы Шұбартүбек қосалқы шаруашылығында аға зоотехник болып бастады. Одан кейін Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясының инспекторы, КПСС XXII съезі атындағы совхозда бас зоотехник, «Ақтоғай» совхозында бас зоотехник, «Айыртас» совхозында бас экономист қызметтерін аброймен атқарды. Т.Башарұлы 1978ж. Приозерный ауданы «Айыртас» селолық советі атқару комитетінің төрағасы болып сайланып, 1980ж. дейін Айыртас елді мекенінде

халық шаруашылығын көркейтуге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға еңбек етті. 1980ж. «Балқаш» совхозы партия комитетінің хатшысы болып сайланып, партиялық қызыметте болды. Ол қайда қандай қызмет істесе де, елдің қамы, қоғамның жұмысы деп уақыт талабына сай еңбек етіп, абырой биігінен көріне білді. Бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.

ҚАЛИҰЛЫ Ағдарбек (1904 ж.т., Ақтоғай (Қоңырат) ауданы, Сарытерек ауылы, Шүленбайдың «Ақсай» - 1977ж.к., Бектауата е.м.). Совет үкіметі орнаған соң Ақтоғай (Қоңырат) ауданында колхоздар ұйымдастырылған кезде Сарытерек ауылында, әр түрлі жұмыста істеп, мал шаруашылығында еңбек еткен. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң 1946 жылы Бектауата елді мекеніне қоныстанып, зейнетке шыққанша беделді жұмыскер болған.

Бәйбішесі Биғайша сегіз баланың анасы, 1999 жылы дүниеден өтті. Үш ұл, бес қыз тәрбиелеп, өсірді. Ұрпақтары үйлі-баранды, балалы-шағалы болып, бақуатты тұрмыс кешуде.

ҚАЛИЕВ Тұрсынбек Ағдарбекұлы (1940ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Сарытерек ауылы.). 1958ж. Балқаш қаласында №2 қазақ орта мектебін бітіріп,

сол жылы октябрь айында Балқаш кен-металлургия комбинатына мыс балқыту цехына жұмысқа түседі. 1960 ж. Қарағанды политехникалық институтының кешкі бөліміне оқуға түсіп, 1966 ж. инженер-механик мамандығын иеленеді. 1978 ж. Серго Ордженикидзе атындағы Сібір металлургия институтына сырттай оқуға түсіп, инженер-металлург мамандығын алып, еңбек жолын жалғастырды.

Еңбек жолы комбинаттың мыс балқыту цехында 1997 жылға дейін жалғасты: конвертер бөлімінде фурмовшик, мастер, аға мастер, бөлім бастығы болып қызмет етеді. 1990 - 1997жж. мыс балқыту цехын басқарды. 1997 жылдан бастап комбинат басқармасы өндірістік бөлімі бастығының орынбасары, өндірістік бөлім бастығы қызметтерін атқарды. Комбинат бас инженері лауазымына тағайындалды. 2012 жылы комбинаттың пирометаллургия бас маманы қызметінен құрметті демалысқа шықты. Т.Қалиевтің комбинаттағы жалпы еңбек өтілі 54 жыл. Көп жылғы адал еңбегі елеусіз қалған жоқ: СССР Құрметті металлургы, ҚазССР Еңбек сіңірген металлург, Балқаш



каласының Құрметті азаматы, «Еңбек даңқы», «Еңбек ардагері», «Үздік еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. Өмірлік жары Қалиева Нағима Шағатқызы, жоғарғы білімді ұстаз. 35 жыл жас ұрпаққа білім берін, алдынан сандаған шәкіртті қанаттандырған ғибраты мол мұғалім. Үш баланың анасы, ержеткен балалары жемісті еңбек етіп, ата-анасының мақтанышы болуда.

ҚАЛИҰЛЫ Айтжан – (1907 ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Қарақұла е.м.-1961ж.к.) Қарақұлада бастауыш сыныпта латынша оқып, білім алады. Қали тоғанында тоған қазып, ақбидай еккен. Қарқарылыдан оқуын жалғастырып, «Шив» школын бітіреді, Ауылға келген соң Қарақұла мектебінде мұғалім болып, балаларға латынша дәріс береді. 1948-51жж. Ленин колхозында ауылдық советтің хатшысы болып жұмыс істейді. Айтекең орысша-латынша сауатты, білімді азамат болған. Сол уақытта ауылдық совет төрағасы Маңғазбаева Торғай, Ленин колхозының басқармасы Отыншин Серік болған. 1951-55жж. колхозда (дүкен) сатушы, кейінде қойма меңгерушісі болып, жұмыс жасаған. Айтжан әкеміз жоқ, жетім-жесір, әл-ауқаты төмен адамдарға тамақ, киім-кешекпен

көп көмек берген адам. Халыққа сыйлы қамқоршы адам болған. **Айтжан әкеміз Төлепбергенқызы Нұрғайым** шешемізбен отбасын құрып, өмірге 15 бала әкелген. 7 баласы жас кездерінде шетінеп, ауырып қайтыс болған. Қалған 8 баласы аман-есен ержетті. Нұрғайым совхоздың бірнеше жұмыстарын атқарған. Нұрғайым шешеміз 76 жасында дүниеден озған.

ҚАЛИЯСҚАРОВ Кәрімбек (20.03.1936ж.т.Сарытерек ауылы.), 1953ж. Сарытерек ауылының 7

сыныптық мектебін бітірген соң, Қ а р а ғ а н д ы д а н 1 жылдық курста оқып, тракторист мамандығын алып, Қарабұлақ МТС-на тракторист болып жұмыс істеді. 1960ж. әскер қатарында болып азаматтық міндетті орындап елге келген соң, жол бойында механизатор болып еңбек етті. Жол бойы механигі, аға механик тәрізді әр сала бойынша жұмыстар атқарды. Ұзақ жыл бойы ұжым Партия ұйымының хатшысы болды. Ақтоғай-Балқаш, Ақтоғай-Шет, Ақтоғай-Қаратал-Қызыларай, Ақтоғай-Еңбек, Ақтоғай – Жамшы көтерме тас жолдарын салуға зор үлес қосып Үкімет тарапынан еңбегі ескерілін әр жылдары



төмендегідей марапаттарға ие болды: «Үздік еңбегі үшін» медалімен, «Құрметті жолшы» төсбелгісімен, (Еңбектегі ерлігі үшін) медалімен марапатталды. Сондай-ақ ол «9-шы бесжылдық озаты» (1975ж.), «Еңбек ардагері» медалімен (1985ж.), «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл» мерекелік медалімен және бесжылдықтың тапсырмасын орындаудағы аса көрнекті табыстары үшін (16.02.1976ж.), есімі Қазақ ССР-ның «Алтын Құрмет» кітабына жазылды. Көп жыл автомобиль жолдарына сіңірген еңбегі және 50 жасқа толған мерейтойына орай, Ақтоғай аудандық автожолдар мекемесі басшылығымен, кәсіподақ ұжымының Құрмет грамотасымен марапатталған.

ҚАЛПЕБАЕВ Қасым (1927 ж.т.-). Ауылда әр түрлі жұмыстар



жасаған. Техника тілін жақсы білетіндіктен колхоз уақытында, кейін ауылда қырықтық кезінде мотор жүргізуші болып еңбек етті. 60 жылдардың соңында

бір отар қой алып шопандық жұмысты атқарды. Жұбайы Асылбекова Үрмия (1929ж.т.). Қасым Қалпебаев екеуі 10 бала тәрбиелеп өсіріп, ұлды ұяға қызды қияға қондырды. «Күміс» және «Алтын алқанын» иегері, Тың ардагері.

ҚАЛЫБЕКОВ Жакыпбек (1904ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы, Қарашілік қыстағы) - малшы. Еңбек жолын 1939ж. Каганович колхозында 700 бас тоқты бағудан бастаған. Осы баққан 700 бас тоқтының әр басына 1 қозыдан ертіп, аман сақтай білді. Атқарған еңбегін жоғары бағалаған үкімет оны 1941ж. Москваға Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне жіберген. Сол жылы соғыс басталды. Мәскеуден қайтып келген Ж.Қалыбеков мал бақты. 1942ж. наурыз айының аяғында Ж.Қалыбековті соғысқа дайындау үшін Қарағанды қаласына жөнелтті. Сол жерде №1 шахтаға жұмысқа жіберді. Кейін Балқаш қаласындағы әскери заводқа жұмысқа келді. 1944 жылдың қазан айына дейін заводта жұмыс жасаған Ж.Қалыбеков денсаулығының нашарлауына байланысты әскери комиссияның шешімімен жұмыстан босап елге қайтты. Ауылға келіп Каганович колхозының 900 бас жылқысын бақты. Осы жұмысты ол 15 жыл

бойы аттан түспей атқарды. 1959ж. жылқы бағудан босап, осы колхоздың Көгелбай қыстағында 800 бас қой бағуға кірісті. Сол кездегі колхоз басқармасы Смағұлов Күлмағанбет болатын. Малды аман сақтап, баққан еңбегіне малдай қосымша ақы алып отырған. 1963 жылы колхоздар біріктіріліп совхоз болып құрылды. Сол совхоздың малын 1966ж. дейін бағып зейнеткерлікке шыққан. Ғасырға жуық ғұмыр кешіп, үш дәуірдің куәсі болған Ж.Қалыбеков ұзақ жылғы абыройлы еңбегі үшін мерекелік медальдармен, құрмет грамоталарымен марапатталған. Алғашқы бәйбішесі – Рәбән, 1959 жылы ауырып қайтыс болғаннан кейін, екінші рет Токбергенова Қаменмен отбасын құраған Ж.Қалыбеков жұбайы екеуі алты бала тәрбиелеп, өсіріп ақарлы-шақарлы үлкен әулетке айналған.

ҚАЛЫБЕКОВ Мейірхан

(1917 ж.т. Қоңырат ауд., Сарытерек ауылы, Қарашілік қыстағы.). Ақшатау кентінде оқу оқып біраз уақыт мектепте қызмет істеген.



Кейіннен өзінің туған жері, Каганович колхозына келіп, есепші болып жаз айларында, шөп шабу науқандық жұмыстарға

қатысып, ауылшаруашылығында жұмыс жасады. Совхоз құрылған соң шопан таяғын алып, мал бағумен айналысқан. Отбасындағы жалғыз ұлдары - Оралхан мектеп интернатында оқыды, білім алды, ержетті. Отбасын құрып, жеке өз алдына отау иесі болды. Қазір ата-анасына немере сүйгізіп отырған жайы бар.

ҚАЛЫБЕКОВ Сағатбек Жакыпбекұлы (8.06.1960ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы). Еңбек жолын 1977 ж. орта мектепті бітірген соң Ақтоғай совхозында бақташы-жылқышы болып бастаған. 1978 жылы қазан айында әскер қатарына шақырылып, Одақтас Чехославакия Социалистік Республикасында әскери қызметін мінсіз атқарып жүргенінде СССР Бас қолбасшының бұйрығымен 1979 жылдың желтоқсан айында Ауғанстан Демократиялық Республикасына интернационалдық борышын атқаруға, жарияланбаған жабық соғысқа жіберілді. 1981 жылдың 2 қаңтарына дейін жарияланбаған соғысқа қатысқан. Әскери борышын атқаруына байланысты алған марапаттар: 28.12.1988ж. «КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Грамотасы», 1988 19 мамырда Ауғанстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ауған халқының

ризашылығымен интернационал жауынгер» медалімен, «СССР Қарулы Күштеріне 70 жыл» мерекелік медалімен, 23 ақпан 1989ж. Орден «Ветеран Афганской Войны» Председатель Совета ОО Союз Вивако 20.11.2012 год. Награжден Решением Совета министров обороны государств – участников Содружества независимых Государств от 5 июня 2013 год. «В Память 25 летия Окончания боевых действий в Афганистане». «Армия генералы С.Қ.Нұрмағамбетов» медалімен марапатталды. «Қарулы Күштер Ардагерлері» Орталық кеңесі төрағасы Халық Қаһарманы 22 мамыр 2014 жыл. Награжден медалью « За Боевые Заслуги» 10.02.2015 год. т.б. сый-сияпаттарға ие болған. 1981 жылдың сәуір айынан бастап, Ақтоғай совхозында жұмыскер, құрылысшы болып жұмыстар атқарды. 1984 ж. совхоздың мал шаруашылығы саласында ферма зоотехнигі, меңгерушісі, бас зоотехник болып қызмет жасады.

1994ж. Алматы қаласындағы Зоотехникалық – малдәрігерлік институтын бітірген. 1994 жылы мал дәрігері мамандығы бойынша жоғары білім алып шығады. 1995-2007жж. Сарытерек селолық округінде «Ақсай» шаруақожалығының жетекшісі болып жұмыс жасады. 15.03.2007

ж. Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясына ветеринар-инспектор болып қабылданып 2014 жылдың ақпан айына дейін жемісті еңбек етіп, аудандық аумақтық инспекциясының ветеринариялық – бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы болып қызмет атқарады. 2014 жылдың ақпан айының соңынан бастап, Ақтоғай ауданының әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтоғай ауданының ветеринариялық станциясы» КМК директоры болып күні бүгінге дейін қызмет жасайды.

Жұбайы Шалаханова Мақта Көшкетайқызы 22.05.1962 жылы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Қазіргі уақытта Сарытерек ауылындағы Жабас Кеңесбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде мұғалім, үш баланың аяулы анасы. Балалары ержетіп, әр салада қызмет етуде.

ҚАЛЫМБЕРГЕНОВ Амантай Қалымбергенұлы (1944 ж.т. Сарытерек ауылы). 1962 жылы Қоңырат кентінде Ы.Алтынсарин атындағы №25 онжылдық мектепті тәмамдаған, карьерде кен қопарушы болып еңбек жолын бастаған.



Балқаш кешенді геологиялық барлау экспедициясында жұмыскер, кейін ауысым шебері. 1964-1969жж. Қазақ ұлттық ағроуниверситетінің (Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институты) экономика факультетін бітірген.

Ақтоғай ауданы Айыртас совхозында бас экономист, Приозерный аудандық ауылшаруашылығы басқармасы экономика – жоспарлау бөлімінің бастығы, КПСС XXII Партсъезд совхозында директор (Нарманбет ауылы), Приозерный аудандық ауылшаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, ҚР Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті Балқаш бөлімі бастығы, «Қарағандымебель» өндірістік бірлестігінде бас экономист, Жезқазған облыстық агропром комитетінің экономика жөніндегі орынбасары. Приозерный ауданы мемлекеттік мүлік комитетінің бас маманы.


1999-2010жж. жекеменшік Балқаш экономика-заң колледжінің директоры. 2002 жылы «Сарытерек мейірімділік қорын» құрып, Көшкін Баба кесенесін салдырды.

Балқаш көлі байлығын қорғауға арнап балық инспекторы атты жаңа мамандықтың мемлекеттік стандартын жасап шығарды. ҚР Білім және Ғылым Министрі Ж.Күлекеевтің 2006 жылғы №777

21 қыркүйектегі бұйрығымен колледж стандарттың авторы атанды. 2007 жылдан зейнеткер, Балқаш қаласында тұрады. 2014 жылы «Ауылым Ақтоғайда Арқадағы» атты жыр кітабы, 2017 жылы «Орысбайдың тоғаны» атты аралас жинағы жарық көрді. Негізгі тақырыбы: ауыл тіршілігі, қордаланған күрделі мәселелерге ғылыми тұрғыдан қарап оның шешу жолын ұсынады. Бұқаралық ақпарат беттерінде көлемді мақалаларымен де танымал.

2017 жылы Сарытерек ауылы Ж.Кеңесбаев атындағы орта мектебі жанынан көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Рақымжан Омарұлы Шаяхметов атындағы Ағробизнес кабинетін өз қаражатымен ашты, құны 500 мың теңге. Мақсаты - мектепке жоғары сыныпта дуальді білім беруді енгізу. «Ауыл кәсіпкері» курсы ашып, жұмысшы мамандықтарын беру. Үстіміздегі жылы «Ақтоғай ауданы агроөнеркәсібін кешенін дамытуды жеделдету жөнінде Қазақ ұлттық ағрарлық университеті ғалымдарының ұсыныстары» атты жинақты шығаруға мұрындық болды.

ҚАМЫСБАЙҰЛЫ ШОШЫМБЕК (1885 жылы туған Қарқаралы уез., Қотан-Бұлақ болысы., 1959 жылы қайтыс болды). Балқаш мыс зауытының құры-



лысына қатысқан. Сонда кірпіш зауытында жұмыс істеп жүргенде, аяғын вогонедка басып кетін мүгедек болып қалған. Қалған өмірін ауылда

өткізген.

ҚАНТАЕВ Боранқұл (12.12.



1941ж.т, Қоңырат ауд., Сарытерек ауыл., Қарағұла.,-2012ж.к. Балқаш қ.). 1958ж. кең салалы трактор-машинист дайындайтын курсында оқып, мамандығын алған соң Қарағанды обл. Қоңырат ауданындағы, Қарабұлақ МТС-іне тракторист болып еңбек етті. Сол жылдан бастап тракторист, шофер қызметтерін түрлі салада, түрлі мекемеде атқарды. Ақтоғай совхозының ауылшаруашылығын көтеру барысында орасан зор үлес қосты. Шопан көмекшісі болып та, жұмыс жасады. Ауыл шаруашылығындағы ұзақ жылғы еселі еңбегі еленін, Жезқазған

облыстық халық депутаттары атқару комитетінің шешімімен КСРО Жоғарғы советінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Жұбайы Қантаева Бәтима (23.08.1947ж.т. Бірлестік е.м.) 1969 ж. бастап Ақтоғай совхозының №2 фермасында қатардағы қызметкер болып еңбек жолын бастаған. Содан 1989 жылға дейін әртүрлі салада еңбек етті. Шаруашылықтың төл алу науқанында 100 аналықтан 100-ден төл алуда бірнеше рет жеңіске жетті. Осы еңбегі бағаланып, 1986 жылы арнайы дипломмен марапатталған. 1972 жылдан бастап Ақтоғай совхозының ауылшаруашылық қызметкерлері кәсіподағының мүшесі болды. 1989 ж. Сарытерек орта мектебінде тазалықшы жұмысын атқарып, осы жерден зейнетке шықты. 5 бала тәрбиелеп өсірген аяулы ана.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ - Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік. 1932 жылғы 10 наурызда құрылған. Жерінің аумағы 428,0 мың км². Тұрғыны 1333, 6 мың адам. Солтүстігінде Ақмола, Павлодар, шығысында Шығыс Қазақстан, оңтүстігінде Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, батысында Ақтөбе, Қостанай облыстарымен шектеседі. Облыс 9 ауылдық, 2 қалалық, әкімшілік ауданға



бөлінеді. 11 қала, 39 кент, 168 ауылдық әкімшілік округі бар. Әкімшілік орталығы-Қарағанды қаласы.

Қарағанды облысы Сарыарканың оңтүстік жарты бөлігінде орналасқан. Қиыр батысын Торғай қолатының шығысы мен Тұран ойпатының солтүстік-шығысы, солтүстігін Теңіз-Қорғалжын ойысы, Есіл жазығы, Ерейментау, Қызылтау және басқа ұсақ таулар, шығысында Ащысу, Дағанбай өзендерінің аңғары, оңтүстігін Бетпақдала сазды шөлі мен Балқаш көлі алып жатыр. Бедері негізінен ұсақ шоқылы, төбелі-белесті болып келеді. Олардың арасында ерте кездегі өте биік қатпарлы таулардың жұрнақтары-гранитті тау массивтері көптеп кездеседі.

Қарағанды облысының шығысын көтеріңкі келген Балқаш-Ертіс суайрығын құрайтын таулар тізбегі-Қарқаралы (Жиренсақал

тауы, 1403 м), Кент тауы, Қу, Қарақуыс тауы, Қызылтас тауы, Қызыларай тауы т.б. көптеген таулар алып жатыр.

Қарағанды облысы өзендерінің ішіндегі шаруашылыққа маңыздылары Балқаш-Ертіс су айрығынан басталып, Теңіз-Қорғалжын көліне құятын Нұра, оның сол салалары - Шерубайнұра және Құланөтпеспен Көң өзендері. Облыстың оңтүстік-шығысын Мойынты, Жәмші, Тоқырауын, Құсақ, т.б. өзендер суландырады.

Қарағанды облысы - Қазақстанның ірі өнеркәсіп кен байлықтары мен ауылшаруашылығы шикізатының негізінде көмір өндіру, энергетика, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ өнеркәсіптері дамыған, облыс экономикасының ірі орталығы.

Халқының саны 1 миллион 381,6 мың адам, оның ішінде 1 миллион 138,5 мың адам қалаларда тұрады. Облыста республика халқының 9%-ы тұрады. Тұрғындарының орташа тығыздығы 1 км².- 3,2 адамнан келеді.

Қалалары: Қарағанды, Абай, Балқаш, Жезказған, Қаражал, Қарқаралы, Приозерск, Саран, Сәтбаев, Теміртау, Шахтинск.

Қарағанды облысында қазақтардан (37,6%) басқа көптеген ұлт өкілдері мекендейді: орыстар (43,6%), украиндар (5%), беларусьтер (4,0%), немістер. (0,2%), басқалары (7,5%).

Облыста республикадағы марганецтің баланстық қорының 100, вольфрамның 80, молибденнің 64, қорғасынның 54, мырыштың 40, мыстың 36, көмірдің 32, соның ішінде коксті көмірдің 100, баридің 70 пайыз қоры бар.

Кеңес өкіметі жылдары облыста жергілікті кен байлықтары мен ауыл шаруашылығы шикізатының негізінде көмір өндіру, энергетика, қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау және металл өңдеу, құрылыс индустриясы, жеңіл және тамақ-өнеркәсіптері дамып, облыс экономикасының негізгі салаларына айналды.

ҚАСЕНБЕКОВ Ермек (1937ж.т. Ақтоғай ауданы.) Жастайынан еңбекке араласып, колхоздың барлық шаруашылық жұмыстарында қолдай атсалысқан. Аудандық қазіргі жұмыспен қамту орталығында маман /сабесте/, Ленин колхозындағы жетіжылдық мектепте қатардағы мұғалім болып алғашқы қызметін бастаған. Балқаш қаласында арнайы шоферлық жүргізушілік мамандығын алып бірнеше жылдар

бойы Ленин колхозында жүргізуші болып жұмыс жасаған. Техника мамандығын одан әрі меңгеріп, білімін әр қарай жетілдірумен айналысқан. Өзінің ұйымдастыру қабілеттілігімен алған мамандығына сәйкес совхозда автомеханик, автогараж меңгеруші, жөндеу шеберханасының меңгерушісі, машина, трактор алаңының меңгерушісі болып қызмет жасаған. Совхозда мал басын қысқы мал азығымен қамтамасыз ету мақсатында аудан, облыс көлмінен тыс жерлерден қосымша мал азығын дайындау жөніндегі пішеншілер бригадаларының жұмысын басқарып, үлкен ұйымдастыру жұмыстарын атқарған. Сарытерек ауылының колхоз, кеңшар кезіндегі экономикасы мен мәдениетінің одан әрі дамуына лайықты үлес қосқан азамат.

ҚАСЕНБЕКОВ Серік (1940 ж.т. Ақтоғай ауданы.) Ақтоғай ауданында орта мектепті бітірген. Техникалық училищені бітірін тракторис-машинист мамандығын, Қарағанды қаласында бір жылдық баянистер курсы бітіріп, баянист-хор жетекшісі болып ауылдық клуб меңгерушісі мамандығын алған. 1961-1964 жж. әскер қатарында болған. Әскер қатарында жүріп, Әскер бөлімінің Жарлығымен «Озат құрылыс әскері» төсбелгісімен марапатталған.

1966-1973 ж.ж. Ақтоғай совхозы комсомол ұйымының хатшысы қызметін атқарған. 1918-1968 жылдары Комсомол ұйымының құрылғанына 50 жыл құрметіне БЖОК юбилейлік медалімен және ауыл мәдениетін көтеруге қосқан үлесі үшін 1967 жылы Қазақстан жастар орталық комитетінің ВЛКСМ «Құрмет» грамотасымен марапатталған. Бірнеше жылдар бойы халық депутаттары Сарытерек селолық округінің депутаты болып сайланған. 2002 жылы Ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқаны үшін аудан әкімінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Отбасында 7 бала тәрбиелеп өсірген. Балалары әр салада жұмыстар жасайды. Қазіргі таңда немере, шөбере қызығын көріп отыр.

ҚАСЫМОВ Төкен (1936ж.т. Қызыларай совхозы.,-2011ж.к.). 1974 жылдан бастап Ақтоғай совхозында көп жылдар шопан болған. «Тыл ардагері» медалімен марапатталған. Жары Тұяқбаева Шайза (1949-1996жж.) алты бала тәрбиелеп өсірген ана.

ҚАУКЕНОВ Қабылмәжит (1912-1979жж.). Қаукенова (Макашева) Шакен (1922-2002жж.) Қаукенов Қабылмажит зайыбы Шакен екеуі Ақшатау совхозында туып өсін, кейінгі жылдары Ақтоғай совхозына көшіп келген.

Ақтоғай совхозында сиыр фермасына келіп қызмет еткен. Ферма басқарушысы болып еңбек етті, жолдасы Шакен сауыншы болды. Кейінгі жылдары Сарытерек орталығына келіп үй салып, осы совхозда бала-шағасымен тұрған.

ҚАУЫМБЕКОВ Дәкім Қауымбекұлы (1936ж.т. Сарытерек ауылы., 2009ж.к.). Әкесі Қауымбек соғысқа кеткенде Дәкім бес жасар бала екен, әкесі майданнан оралмады. Өмір тауқыметін көріп өскен Дәкім 1956 жылы Ақбергенова Күлпаш екеуі отау құрып, бір отар қой алып, шопан болды. Жұбайы Күлпаш екеуі 10 бала тәрбиелеп өсірді. Көп жылғы еңбектері еленіп екеуі де 1985 жылы 10-шілдеде «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Ерлі-зайыпты Қауымбековтердің ғажайып киіз үйі Қазақстанның көптеген облыстарында болып, атап айтқанда 1989ж. Талдықорған қаласында, 1992ж. Алматыда, Дүниежүзі Қазақтарының Құрылтайына, 1995ж. Семей облысындағы Абайдың 150 жылдық мерейтойына, және басқада үлкен шараларға тігіліп, жүлделі орындарға ие болды. Бұл киіз үйдің ерекшелігі ішіндегі жиһаздары ұлттық нақышта өрнектелген. Тұс киіздері таза ақ киізден жасалған. Күлпаш әжей «Алтын алқа» иегері атанған бақытты ана.

ҚАУЫМБЕКОВА Тийштық (1942ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-2017ж.қ.). Жастайынан мүгедек, денсаулығы болмағандықтан оқи алмады. Алайда өзінің қолөнер шеберлігімен ауыл-аймаққа танымал болды. Ол кісі: алаша, түскиіз, сырмақ, текемет тоқудың айтулы шебері болатын. Әсіресе киіз үй жабдықтарын жасауда өте шебер болды. Өзінің туған бауырларына, ағайын-туыстарына өте сыйлы қадірлі жан еді.

ҚАУЫРҚЫЗЫ

Әйкен (1937 ж.т. Қоңырат аудан, «Ұлы Октябрь» колхозы,-1974ж.к.). Әкесі Бабашұлы Қауыр, анасы Бабашева Рабиға «Ұлы



Октябрь» колхозында жұмыс жасаған. Әкесі Қауыр 1942ж. соғысқа кетіп, майданда қаза тапқан. Әйкен 1950ж. «Ұлы Октябрь» колхозының орталығында жетіжылдық білім алған соң колхозда жұмыс жасап еңбек етті. 1956ж. тұрмысқа шығып, отағасы Әжібек Дауылбаевпен екеуі 10 бала тәрбиелеп, өсірген ордалы әулет, өнегелі жанұя болды. Балалары: Несіпжан, Бейбітжан, Жұмабала, Бағдат, Қайрат, Мақтагүл, Әнуарбек, Дәурен, Аманғелді (қайтыс болған), Талғат бәрі де ержеткен балалы-шағалы, еңбек жасап жатқан жағдайлары бар.

ҚАШҚЫНБАЕВ Түсіпбек (1890ж.т. Ақтоғай ауд., «Ленин» колхоз., Қарақұла ауылы.,-1970ж.к.) Осы Қарақұла ауылында 1930 жылы алғашқы серіктіктер құрылғанда әртүрлі жұмыстар істеген. Тоған қазу, егін айдау, мал бағу, жұмыстарын белсене атқарған. Жолдасы Қашқынбаева Некей осы шаруашылықта түрлі жұмыстар істеген. Мал бағу, тоған қазу, бидай ору, егін суару сияқты жұмыстарды атқарып, еңбектен қол үзбеді. Н.Қашқынбаева 1970ж. қайтыс болды.

ҚОҒЫЛОВ Қызылбек (1895 ж.т. Сарытерек ауылы.,-1976ж.к.). Соғысқа дейін ауылдың әр-түрлі жұмыстарын жасаған. Соғыс жылдары еңбек батальонында Балқаш каласында балықшы болып еңбек етті. Колхоз кезінде суармалы егін шаруашылығымен айналысып бақташы болған. 1959 жылы жазда совхоздың мектебін салысқан. Кейін ауылдағы құрылыстың қоймасын күзеткен. 3 ұл тәрбиелеп



өсірген: Оразбек, Тұрсынбек, Тұрысбек. Жұбайы Әлиман қызы Бибі (1906-1973жж.) Сарытерек ауылының тумасы. Үй шаруасында болды. 1973 жылы тамыз айында өмірден озған.

ҚОЖАҒҰЛ БАБА МАЗАРЫ. 2004 ж. Жетімшоқы елді мекенінде Қожағұл бабаға арнап ұрпақтары ас берін, ескерткіш кесене орнатып құлпытас қойды.

ҚОЖАБАЕВ Кенжебек (1901 ж.т. Қоңырат ауданы, Қусак ауылы.) Қожабаев Кенжебек Айыртас отгонында ферма меңгерушісі болып қызмет жасады. 1953ж. Калинин колхозының Кенелі бөлімшесіне көшті. Сонда мал шаруашылығымен айналысып, қойшы болды. 1963 ж. Ақтоғай совхозы ашалғанда Кенелі жаңа совхоздың құрамында қосылды. Кенжебек ақсақал Кенеліде ұзақ жылдар шопан болып еңбек етіп зейнеткерлікке шықты. Атақты шопан, мінезіне қарай дархан, денесіне қарай палуан кісі болған. Бірнеше грамоталармен марапатталған. Өмірлік қосағы— Сапарбайқызы Көлтай (1913ж.т. Қоңырат ауданы Шқбартау е.м.) өмірге алты баланы әкелген ардақты ана. Әкесінің еңбек жолын жалғастырған баласы Әділ шопан таяғын алып Кенеліде қой бақты. Кейін Орта-Дересін е.м. қоныс аударды. Балалары Қабыл мен Қабаш

ұзақ жылдар Балқаш мыс зауытында жемісті еңбек етті. Қазір зейнеткер. Қыздары тұрмыста.

ҚОНАҚБАЙҰЛЫ Медетбек (1890ж.т. Желтаудың Таңбалы тас.,- 19.04.1969ж.к. Сарытерек ауылы). Тоқырауынның ақ бидайын өз қолымен өсірген дихандардың бірі, бригадир болған адам. Ашаршылық жылдары да, Ұлы Отан соғысы кезінде де сол бидайдың игілігін адамдар көре алмаған. Егістікте көбінесе әйелдер ғана істеген кезде, оларға көп көмек жасаған. Өйткені ол заманда тәртіп, күзет қатал болған. Егіннен шыққанда үсті-басын тексеріп, киім-кешегін шештіріп шығарған. Сонда атам олар бір уыс бидай сиятын дорба тіктіріп, аяғының бақайына іс тігетін жіппен байлап, кезекпен алдыртып отырған.

Бригадир болған соң өзі де күр қол болмайды ғой. Содан жинаған қоры 1960-шы жылдарға дейін болды. Шамамен сол жылдардың бірінде (онда Шұбартаудың Қалқан деген жеріндеміз –авт.) атам екеуіміз түйеге екі қанар ақ бидайды тиеп алып, екі атпен Тоқырауын бойындағы Кенжебек деген кісінің су диірменіне әкеліп, тартқызғанбыз. Сол ақ бидайды шешеміз біздерге қуырып беретін, талқан жасайтын.

Медетбеков Қалқабай.

ҚОРДАБАЕВ Тілеужан. (1918 – 4.07.1999жж.). 1953-54жж. Ленин колхозының төрағасы болып қызмет істеген. Он жеті жасқа толар-толмастан еңбекке араласқан. 1935-1937 жылдары Бірлестік артеліндегі саужай мектебінде ересектерді оқытқан. 1937-1941жж. Жамшы ауылсоветінде пошта агенті болып жұмыс істеген. 1942 жылы әскер қатарына шақырылған, бірақ майданға жіберілмей, Қоңырат ауданынан шақырылған 20 адаммен бірге броньмен Ақшатау кен-байыту фабрикасына жұмысқа қалады. Онда 1945 жылдың тамыз айына дейін жұмыс істеген. Одан кейін қайта ауылға келіп, бұрынғы жұмысын жалғастырған.

1946 жылы «Бірлестік» колхозының сиыр фермасына меңгеруші болып тағайындалып, оны 1950 жылға дейін атқарған. 1950 жылы мал өнімдерін тапсыру мен оның өсімін көбейтудегі еңбегі бағаланып, «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталған. Сол жылы ұсақ колхоздар ірілендіріліп, «Бірлестік» колхозы басқармасының орынбасары болып тағайындалған. Сол жылдардан бастап «Бірлестік» колхозында, кейіннен «Ленин» колхозында колхоз басқармасы, ферма меңгерушісі, сауда бірлестігінің қойма меңгерушісі болып

қызметтер атқарған. 1975 жылдан кейін зейнеткерлікке шыққанша «Жамшы» совхозында комендант болып еңбек етті.

Осы жұмыстарда жүрін аудандық партия комитетінің мүшелігіне кандидат, аудандық және жергілікті Советтің депутаты болып сайланған. Бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ҚҰЛЫҚҰЛЫ ЖАЛАҢТӨС (СОҚЫР) БАТЫР.

(1698 – 1775 ж. кейін). Арғын Қаракесек руының Сарым тармағынан. Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста көзсіз ерлік көрсеткен батыр, көріпкел әулие. Халық арасына кең тараған екінші бір есімі – Соқыр батыр. Киесі – қызыл бүркіт. Жауға шапқанда мінген тұлпары «Оқжирен». Өте кие тұтқан заты – қой асығы.



«Жалаңтөс батыр бастаған шайқас – Сарыарқаның құтты өңірі Қарағанды маңында, Нұра мен Соқыр арасында орын алған. Бұл кезде Жалаңтөстің ерлік дабысы кең тараған екен. Соғыста жау жеңіліс табады. Жалаңтөстің қасында біраз батырлар аянбай кескілескен, жан алысып, жан беріскен. Қанды арпалыс кезінде батырдың көзіне жебе қадалғанда да айқас тоқтамаған. Бір көзінен

айырылған Жалаңтөс айбары туралы дабырайта айтылып, оны әйгілі ету үшін, батыр есімін ел Соқыр батыр лақабына айналдырған. Сондықтан, жау садағы тиіп азат етілген жердің өзен суы Соқыр деп айтылады. Жалаңтөстің батырлық әрекеті нағашысы канжығалы Бөгенбай батырдың тәрбиесі. Жастайынан атақты батырдың қасына ерген Жалаңтөс, бірге жүрін соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген. Қаз дауысты Қазыбек би калмақ ханынан құн даулай барған сапарында Жалаңтөсті ақылшы әрі айбар есебінде қоса ерте барады». («Бұқар жырау ауданының тарихы», монографиялық еңбек, 2012 жыл, 201-202 бет, Мақсат Алпысбес, Темірғали Аршабек).

Сол уақытта Жалаңтөс батырдың жасы 44-те болған. Көзінің құнына калмақ батырының жалғыз қарындасы Аксұлуды және батырдың екі құла айғырын алып келген. Олар сол уақытта «Құлықтың қос құла айғыры» атанып, аламан бәйгелерде көзге түскен.

«Жалғыз баласынан айрылған әке перзентінің жақсылығын жеткізіп айтам деп, өзін кішірейте «Шақадан туған Қараменде бидей еді, Құлықтан туған Жалаңтөс батырдай еді» депті деген сөз бар. Шақа да, Құлық та біртоға, момын адамдар болса керек». (Мәсғұт Халиолла. «Орталық Қазақстан» газеті, 11 тамыз 1993 жыл).

Жалаңтөс батыр жөнінде Мәсғұт Халиолла, Ақылбек Шайхы, Мұхамедқали Баймұханов, ақын Жәніс Қашқынов, Әнуарбек Адамбеков өз еңбектерінде жазды.

Ә.Адамбековтің «Жұлдыз» журналына жазған хатында бұрын кездеспеген деректер бар. Бөгенбай батыр өмірінің соңғы кездерінде Абылайханға өкпелеп, ауылымен Кіші жүз (Әбілхайыр хан) жеріне көшпек болады. Бұған қатты ашуланған Абылай: «Бөгенбай ауылын қайтарындар, көнбесе жазалаңдар» – деп маңындағы Төлеңгіт жігіттерінен құралған үлкен жасақ жібереді. Мұны естіген Қаракесектен шыққан батырлар – Жарылғап (Бөгенбайдың құдасы), Жидебай, Жалаңтөс бас қосып, ашу үстіндегі әділетсіздікке жол бермейді. Орта жүздегі осы бір алауыздықты пайдаланған калмақтар оңаша қалған Бөгенбай ауылын тұтқиылдан шауып, жайдақ атқа қарғып мініп, жаумен жағаласқан қарт батыр Бөкенді мерткітіріп кетіпті. Жауды өкшелей қуған қазақ қолын Жалаңтөс бастаған екен. Осы жолы калмақтар ойсырай жеңіледі, Бөгенбай батырға құн төленеді.

Ә.Адамбековтің хатында батырға байланысты тағы бір қызықты дерек кездеседі. «Абылай хан ауырып Түркістанға кеткен кезінде Орта Жүздің елі мен

даласы иесіз қалды деп, солтүстік шығыс жақтан қазақ жеріне тағы да жау қаптайды. Орта Жүз рулары дабыл қағып, Қарқаралы маңына өздерінің жасақтарын топтастырады. Жасақтың негізін Арғын, Найман, Керей, Уақ жігіттері құрайды. Бас батыр етіп Жалаңтөс батырды сайлайды. Қолдың оң қанатын Жасыбай батырға, сол қанатын Көшет батырға береді. Екі жақ Баянтаудың түбінде кездесін, қатты қырғын соғыс болады. Бұл соғыста қалмақ жағы қатты қырғынға ұшырап, мүлдем жеңіледі. Бұл соғыс қазақ-қалмақ соғысының ең соңғысы деп те аталады. Осы соғыс болған жерді кейіннен Жалаңтөс батырдың құрметіне «Жалаңтөс асуы», «Қалмаққырған» деп атайды. Бұл әңгімені ертеде, 1941-1946 жылдары академик жазушымыз Сәбит Мұқанов жазған еді. Ұмытпасам, 1940 жылдардың соңындағы «Ана тілі» оқулығында сол соғыс туралы қысқаша деректер берілген, оны өзім оқыған едім, бірақ сол әңгімені кейін еш жерден кездестіре алмадым» – деп еске алыпты Әнуарбек Төлепберліұлы.

Ал, осы Баянауыл маңында болған тарихи оқиға Қарағанды қаласының тумасы, кейін Павлодар индустриалдық институтында қызмет жасаған ғалым, профессор Тлеукен Ахметұлы Еңсебаевтың (1947-2009) «Ертіс-Баянауыл

өңірінің шежіресі мен Қанжығалы шежіресі» атты еңбектерінде «XVIII ғасырдың 40-жылдарында жоңғарлар Ертіс өзені жағындағы Баянауыл далаларын басып аламыз деп әрекет жасаған. Қазақтар жауға тойтарыс беру үшін пұғыл қосын ұйымдастырды. Арғындардың әскерін Олжабай батыр Төлебайұлы басқарады, жеке әскери топтардың басында Олжабайдың жиені бәсентиін Жасыбай батыр, Едіге, Жәуке, Алпыс, Жаңабек, Көшет, Дулат, Жалаңтөс батырлар тұрады» деп жазылыпты.

Жалаңтөс батыр Жасыбай батырмен дос болған. Баянауылда «Жалаңтөс асуы» деген жер атауы сақталған. Осы жер атауы қазақтың көрнекті ақын-жазушысы Дихан Әбілевтің «Жасыбай батыр» поэмасында, «Сұлтанмахмұт» романында кездеседі.

Құлық Жалаңтөс батырдың есімі Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті қазына» деген кітабындағы XVIII ғасырдағы қазақ батырларының тізіміне енді. Қарағанды облысының энциклопедиясында да аздаған деректер бар.

Жалаңтөс батырдың кіндігінен тараған үш тайпа ел бар. Батыр ананы ерекше сыйлаған адам болған. Үш әйелін үш ауылға отырғызып, ол ауылдарды әйелдердің атымен атаған. Содан бері баба ұрпақтары

осы аналардың атымен «Үлкен енеңнің балалары» (Жібек), «Ортаншы енеңнің балалары» (Маңхан), «Кіші енеңнің балалары» (Ақсұлу) деп аталып келеді.

Батырдың бірінші әйелі Жібек – Тобықты руынан, Жуантаяқ Шортан деген адамның қызы. Шортаннан: Құттыбай, Құтжан, Жібек. Екінші әйелі Маңхан – қазақтың атақты үш биінің бірі Қаз дауысты Қазыбектің қызы. Шын есімі – Қамқа. Маңханның зираты Нұркен селолық округінің аумағындағы Айдай тауының күнгеі жақ бөктерінде. Үшінші әйелі Ақсұлу – қалмақ батырының қарындасы. Осы үш әйелден 18 ұл, 2 қыз бала туған. Бір қызын Керей ер Жәнібек батырға ұзатқан.

Жалаңтөс батырдың жаз жайлауы Нұраның бір саласы болып табылатын Соқыр өзенінің бойындағы «Соқырдың сораңы» деген жер. Қазіргі кезде ол жерде Саран қаласы орналасқан. «Саран» деген сөздің өзі сол сөздің орысшаға бейімделген түрі.

Ал, «Абай ауданының топонимикасы» деген кітапта («Ана тілі» газеті, 14.11.2013ж.) «Соқырдың Сораңы – Жалаңтөс батырдың қарауыл қарайтын шоқысының атауы. Сораң – биік, жеке-дара деген мағына білдіреді. Осы Жалаңтөс батыр бейіті Сораң тауының солтүстігі, Соқыр өзені жағасында

жатыр. Қазір ол өңір – Соқыр бейіті деп аталады» – деп жазды. Соған қарағанда, «Соқырдың сораңы» деп осы маңдағы бірнеше шоқылардан тұратын таулы алқаптың жалпы атауын айтатын секілді. Өйткені, «XIX ғасырдың ортасында Соқырдың Сораңына жататын шоқылардың бірі – Ақбұйрат адыр бөктерінде Рязанов мұрагерлері мен оның компаниясы зауыт салған. Ол тарихта Спасск металл қорыту зауыты деген атпен таныс. Онда негізінен мыс қорытылған». (Жамбыл Артықбаев, XIX ғасырдағы Қазақстан тарихы. Қарағанды. 1992 ж. 36-бет).

Батырдың қысқы қонысы Жәмші мен Тоқырауын өзендерінің аралығындағы Қызылтас, Қарақозы, Майтас, Айдай, Қира, Қосшоқы тауларының маңайы. Сол маңдағы «Жалаңтөстің үш қорығы», «Жалаңтөстің Қызылтасы» деген жер атаулары күні бүгінге дейін айтылып келеді. Қызылтастың өз басы («Бірлестік» колхозының орталығы орналасқан мекен) – Басқорық, Қызылтастың батыс жағында Жәмшіге баратын жол бойындағы көк шалғынды алқап – Ортақорық (Айтқанқорық), ал Қызылтастың теріскейін алып жатқан кең өлке – Аққорық.

«Жамшы» кеңшарының №2 бөлімшесі болған Қызылтас

(Бірлестік) 90-шы жылдардың басында «Жалаңтөс батыр» ауылы деп өзгертілді.

Жалаңтөс батырдың мазары Қарағанды қаласының оңтүстік шығысында, Соқыр өзенінің жағасында, «Соқыр басы» деп аталатын төбеде. Жергілікті халық бұл жерді көбінесе «Соқыр батырдың басы», «Соқыр әулие жатқан жер» деп атайды. Бұл төбенің маңайы қазір Қарағанды қаласы мұсылмандарының зиратына айналды. 1970-ші жылдардың соңына қарай Зікірия Көпбайұлының қаржылай көмегімен (сол кездегі акшамен 500 сом) Әнуарбек Адамбеков батырдың басына бірінші рет кара граниттен құлпытас қойды.

1995 жылдың қазан айының мазары жаңартылып, келесі, 1996 жылы 16-17 тамызда Ақтоғайда баба рухына арналып ас берілді, үлкен той өткізілді.

ҚҰСАЙНОВ

Манап (1897 ж.т.)

Ұлы Отан соғысына

қатысқан. Жұбайы

Құсайнова Каукер

(1.03.1908ж.т.) Зей-

нет жасына келген-

ге дейін екеуі бірге

Сарытерек-

те мал шаруашылығында жұмыс

жасады, шопан болып ауылдың

өркендеуіне үлес қосты.

ҚҰСАЙЫНОВ

Берікбол

Құсайынұлы (1932ж.т.,- Сарыте-

рек ауыл., 2008ж.к.) – жүргізуші.

1953ж. колхоз

басқармасы Отын-

шин Серіктің «По-

беда» машинасын

алғашқы жүргізген,

совхоздың өркен-

деуіне өзіндік үлесін

қосқан еңбеккер аза-

мат. Ақтоғай совхозы құрылғанда

алғашқы гараж меңгерушісі

қызметін атқарған. Ауылдық және

аудандық советке бірнеше мәрте

депутат болып сайланған. Туған

өлкесін көркейтуге еселі еңбегімен

елеулі үлес қосқан азамат. 1957ж.

«Тың және тыңайған жерлерді

игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі

үшін», «Бесжылдықтардың оза-

ты» белгісімен, «Еңбекте үздік

шыққаны үшін» медальдары-

мен марапатталған. Сонымен

бірге есімі ауданның «Құрмет

тақтасына» жазылған Сарытерек

ауылының еңбек ардагері. Өмірлік

жары Досмақова Майтай алтын

алқа иегері, ардақты ана.

ҚҰСАЙЫНОВ Мырзахмет

(1912 ж.т. Қоңырат ауд. Сарыте-

рек ауыл.,-1991ж.к.) - Ұлы Отан

соғысының ардагері.

Әке-шешеден жа-

стай айырылған ол

13 жасынан бастап

Балқаш қаласында

ауыр жұмыстар істеп,

еңбекте шыңдалып



өседі. Жас болса да «Прибалхаш-строй» тресінде мемлекеттік емтиханды өз мамандығы бойынша «өте жақсы» деген бағамен тапсырып, озат жұмысшы қатарынан көрінген.

Сонау ел басына күн туған соғыс жылдары майданға аттанып сұрапыл соғысты бастан өткерді. Украина, Курчатов, Смоленск, т.б. қалаларды жау тырнағынан азат етуге қатысып, ажал бүріккен от пен оқтың ортасында жүрді. Алғаш сол аяғыма оқ тигенде есімді бір жисам, аласа ит жеккен шана кетіп барады екен. Ысқырып қалып едім, жетін келді. Ол мені шағын медпунктке алып барды. Сол жерде бізді госпитальға жіберу үшін пойызға тиеді. Жаралы адамдардың түрі мен ыңырсыған дауысы адам аярлықтай. Судай аққан қанның жылымшы иісі, біреудің құлағы, біреудің қолы, аяғы, мұрны, көзі, т.б. оқ тимеген жер жоқ. Жайлап мінгізуге уақыт тығыз, шетімізден қарулы қолдар пойызға лақтыра берді. Сөйтіп Котельнич қаласына госпитальға түстім» деп өткен күндерді еске алатын. 1944 жылы бір аяғынан айырылып, елге мүгедек болып оралды. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін бірнеше медальдармен және І-ші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды.

Жұбайы Нұрсейітқызы Нұржамал 1921 жылы ауқатты байшонжарлардың отбасында дүниеге келген. Кеңес өкіметі байларды жаппай тәркілеген кезінде ата-анасы және бауырларынан көз жазып қалады, сөйтіп Балқаш қаласындағы жетім балалар үйіне қабылданып, сонда жүріп, 1939 жылы 18 жасында кен-байыту фабрикасына флотатор болып еңбек еткен.

М.Құсайынов соғыстан кейін бірнеше жыл Сарытерек ауылында пошта қызметінде істеді. Ерлізайыптылар алты бала тәрбиелеп өсірді. Жасы келіп, күші азайған шағында бәйбішесі екеуі кіші ұлдарының қолына Шығыс Қоныратқа келіп қоныстанып балашағасының ортасында бақытты ғұмыр өткерді.

С.Құсайынова, Ә.Дуанбекқызы

ҚҰСАЙЫНОВ Серік Берік-болұлы (т.ж.к.) Мұғалім. Сарытерек ауылында тұрады. 1978ж. бері бір орында 40 жылдай ұстаздық қызмет атқарады. Сол кездегі ауылда осы кездегідей компьютерлік дизайндағы көрнекіліктер болмаған кездің өзінде мектепті безендіруге ерекше құлшыныспен кірісіп, он саусағынан өнер тамған шеберлік танытты. Сонымен бірге күнделікті сабаққа әр мұғалімге көрнекіліктер жасап беріп мектептің өркендеуіне өз

үлесін қоса білді. Еңбегі еш кеткен жоқ, көптеген марапаттарға ие болды. Ауыл әкімінен бастап, аудан, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, аудандық облыстық білім бөлімінен әр жылдардағы алған мадақтамалары бар. 1986-1990 жылдары мектеп жанындағы интернат меңгерушісі болып, 1991 жылдан бастап мектеп кәсіподақ ұйымның төрағасы болып қызмет атқарады. Көп жылдардағы еңбегі үшін 2017 жылы ҚР Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін медалімен марапатталды.

Жанұядағы үш баласы да мұғалім болып қызмет атқарады. Қызы Құсайынова Нұргүл мектеп директоры, Құсайынов Теңлік Сарытерек ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы. Зайыбы Мұхамедиева Әсима ол да мұғалім. 1979 жылдан бір орында жемісті еңбек етуде. Жоғары санаттағы математика пәнінің мұғалімі. 2004-2015жж. мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

ҚҰСАЙЫНОВА Нұргүл Серікқызы 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап «Жабас Кеңесбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры. Нұргүл Серікқызы ҚарМУ-

дің шетел тілдер факультетінің ағылшын және қытай тілдерінің мұғалімі мамандығын бітірді. Теміртау қаласында Ғабиден Мұстафин атындағы №5 мектепте еңбек жолын бастап, 2005 жылдары «Қарағанды маңызды білім беретін Болашақ» колледжінеде аға мұғалім болып 7 жыл қызмет атқарып, 2011 жылдары өз ауылының мектебіне ағылшын тілінің мұғалімі болып ұстаздық еңбек етті. Қарағанды маңызды білім беру «Болашақ» колледжінің мадақтама грамотасымен, «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми практикалық орталығының дипломымен, ҚР ғылыми педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының Алғыс хатымен марапатталған. Халақаралық журналдарда жаңа мазмұндағы білім беру бағыты бойынша 7 мақаласы және «English-Russian-Kazakh phraseological dictionary», Ағылшын тілі сабақтарында фразеологизмдердің қолданылуы кітаптарының авторы. Ендігі мектеп алдында тұрған міндет – білім сапасын арттыра отырып, білім берудің халықаралық стандартына жету, 12 жылдық білім беруге көшуге дайындық жұмыстарын жетілдіру болып табылады. Мектеп ұжымы осы бағыттағы жұмыстарын әріқарай дамыта беретін болады.

ҚҰТЖАНОВ Райымхан Құтжанұлы (01.01.1927 ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, Сарытерек селосы, Үш Өзек ауыл.). 01.11.1949 – 30.09.1950 жылдары аралығында Қарағанды облысы Қарқаралы каласының біржылдық ауыл шаруашылық мектебінде оқыды. Еңбек жолын Калинин ауылында агроном саласында қызмет атқарған. Ұзақ жыл ауыл шаруашылығында жемісті еңбек етті. Еңбек ардагері медалімен және «1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 30 жылдығы», 40,50,60 жылдығына арналған мерекелік медальдарымен марапатталған.

ҚҰТЖАНҚЫЗЫ Күлнәр (15.12. 1931ж.т.) Тыл және еңбек ардагері, көп балалы ана, «Алтын алқа» иегері.

ҚҰТЖАНОВ Ғазиз (1.08. 1938ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылы.,). 1957-1959жж. Қарағанды медучилищесінде білім алған. 1959-1961жж. Ақтоғай совхозында фельдшер қызметін атқарған. 1969-1973жж. Қарағанды Мемлекеттік университетінде оқып бітірген. 1973-1978жж. Айыртас совхозында бас дәрігер, 1978-2002жж. Жәмші совхозында бас дәрігер болып қызмет істеп зейнеткерлікке шықты. 1997 жылы Алматы қаласында өткен алғашқы

Қазақстан дәрігерлерінің I съезіне Ақтоғай ауданы бойынша делегат болып қатысты. 1986 жылы «Тыл ардагері», 2004 жылы «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. Бірнеше мадақтама және алғысхаттар иегері. Жолдасы Ракишева Орынбасар Төлеубекқызы 1947 жылы туған, мұғалім.

ҚЫЗЫЛБАЕВ Жанқабыл (20.06. 1940ж.т. Ақтоғай ауданы / бұрынғы Қоңырат ауданы/ Пушкин колхозында /Қазіргі Қарақой е.м./) 1960 жылы 10 жылдық білім алған соң «Коммунизм» колхозында еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастаған. 1971ж. Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітірген. 1971ж. аудандық ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу және сапасын бақылау жөніндегі инспектор, 1973ж. аудандық шикізат дайындау мекемесінің директоры, 1977ж. ауданның «Жәмші» совхозының бас зоотехник қызметін атқарған. Алматы зоотехникалық мал дәрігері институтының ғылыми қызметкерлері жергілікті қазақы қой мен Алматы облысы Бақанас кеңшарынан әкелінген деге-



рес қойын будандастыру арқылы жартылай биязы дегерес қойын өмірге әкелуге көп еңбек сіңірді. 1983ж. Ақтоғай кеңшары партия комитеті хатшылығына сайланып кейін осы кеңшардың директоры болды. 1989ж. аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы 1992ж. аудандық шаруа қожалығы қауымдастығының төрағасы қызметтерін жемісті атқарып, зейнеткерлік демалысқа шығар алдында аудан әкімі аппаратында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Ақтоғай аудандық партия комитетінің мүшесі, бюро мүшесі, екі рет халық депутаттары Сарытерек селолық советінің депутаты болып сайланған. Көп жылдық еңбегін бағалап «Еңбек ардагері» медалі және «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл, Лениннің туғанына 100 жылдық және Ұлы Отан соғысының жеңісіне 20 жыл» және т.б. мерекелік медальдармен марапатталған.

Жары – Дариға Айтжанқызы Алматыда қыздар педагогикалық институтының география-биология мамандығын алып, 1969-72жж. Қонырат кеншарындағы Қазыбек Нұржанов атындағы 1972-77жж. Ақтоғай селосындағы М.Горький атындағы 1977-83жж. Жәмші кеңшарындағы Н.Әбдіров атындағы мектепте 1983-87 жыл-

дары Ақтоғай кеншарындағы Сарытерек орта мектебінде мұғалім болып қызмет істеді. 1987-96 жж. Ақтоғай ауданының білім бөлімінің жас натуралистер үйірмесінің қызметтерін абыроймен атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты. Жанұясында Алтын, Әлия, Ернат, Ержан, Маржан атты бес баланы тәрбиелеп өсірген. Барлығы да жоғары білім алып мамандықтар бойынша еңбек еткен. Жангабыл мен Дариға бүгінде немере мен шөберелерінің қызығын көріп отыр.

ҚЫЗЫЛБЕКОВ Тұрсынбек (1934ж.т. Сарытерек ауылы., - 2006ж.к.). Орта

мектепті бітірген соң шоферлық мамандық алған. Сол кезден бастап зейнеткерлікке шыққанша совхозда механизатор болып жұмыс жасады. 2004 жылы 14-қыркүйекте Ұлы Жеңістің 60-жылдығына орай мерекелік медальмен марапатталды. Жұбайы Тойшыкенова Орынтай екеуі 9 бала тәрбиелеп өсірді. Балалары бүгінде әр салада жемісті қызмет жасап жүр.

ҚЫЗЫЛБЕКОВА Орынтай Тойшыкенқызы осы Ленин колхозында туған. Жасынан ауылшаруашылық жұмыстардың барлық түріне қатысқан. Мектепте



тазалықшы, еңбектің қандай түрі болсын абыроймен атқарған. Тоғыз

шаруашылығын көтеруге атсалысты.



бала тәрбиелеп, бәріне әр түрлі мамандық әперуге еңбек еткен ата-ана. Үлкен мақтауларға ие болған. «Батыр Ана», «Еңбек

ардагері» медальдарының иегері.

ҚЫЛЫШБАЕВ Тәжібай

(1891-1984жж.). Үлкен отбасының ұйытқысы болған, ағалары Қазыбек пен Жақыпбектің жоқшылық кезінде солардан қалған 8 баланы өзінің 9 баласымен бірге тәрбиелеп, ер жеткізіп азамат болуларына камкорлық жасаған. Зайыбы Қылышбаева Ақбала (1921 ж.т.) колхоз кезінде сауыншы, қыста көмекші шопан болып еңбек етті. 9 баланың анасы бүгінгі уақытта 98 жасқа келін отырған көненің көзі.

1928ж., Қотан-Бұлақ, Тоқырауын болыстары біріктіріліп, Балқаш ауданы болып құрылғанда аудандық партия ұйымының алғашқы бюро мүшелігіне өткен 4 адамның бірі осы - Қылышбаев Тәжібай болатын. Кейін Қарабұлақта ауылдық совет болып 4 жыл еңбек етті. 1961 жылдан бастап Ақтоғай совхозында шопан, көмекші шопан болып жұмыс жасады. Зейнеткерлікке шыққанша қатардан қалмай ауыл

Дерек беруші: Тәжібаев Жамантай

ҚЫЛЫШБАЕВА Мәрия Салмырзақызы (1880 ж.т. Қара

ғұла е.м. 1969 ж.к. Сарытерек ауылы). Мәрия әжеміздің ақсакалы Қылышбайұлы Қантай молла (Қанафия) аты мтай - жо март



атақты молла болған деседі. Қантай молланың алтын діндегіне айналған Мәрия әжеміз өте берекелі, қолы ашық, ешкімнен ештеңесін аямайтын адам. Сонау ашаршылық заманында сұраған жанға алдына ас қойып, нанымен бөлісін, талай адамды аман есен алып қалған. Әжеміздің көрінкелдік қасиеті бар болатын. Қасиетті Әжемнен көп кісілер бата сұрайтын. Әжемнің көзі өткір, тілі оқ болатын. Әжемнің алдын ешкім кесе көлденең өте алмайтын. Ол кісінің айтқанын әрдайым қабыл алып, орындауға тырысады екен. Ел жұрт арасында беделі жоғары, халқының қалаулысы, елінің елеулісі болған. Өмірге 8 қыз, 1 ұл әкелген екен. Ұрпағы өсін өнген ақарлы-шақарлы ел.

ҚЫЛЫШЕВ Нұрмұханбет (1906ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Қарақұла колхозы, Қылыш қыстағы.) - Ұлы Отан соғысының

ардагері. Нұрмұханбет ауылда латынша оқыған, сауатты адам болған. Ауыл шаруашылығында әр түрлі жұмыстар атқарды. Тоған қазды, егіп салды, шөп шапты. 1941ж. соғыс басталғанда Шет аудандық әскер комиссиясының шақыруы бойынша, майданға алынып, Калинин бағытындағы шайқасқа қатысқан. Ол қан майданда 4 жыл соғысып, Берлинді алып, жауды жеңіп 1945ж. аман-есен елге оралды. «1941-1945 Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Соғыстан соң еңбекке араласып, Айыртас бөлімшесінде шопан болып жұмыс жасады. Нұрмұханбет жұбайы Жолжан екеуі жанұяда екі ұл тәрбиелеп өсіреді. Моншақбай, Ыспан, Нұрмұханбет сияқты тағыда басқа балуандармен қатар жүріп, «Қоянды» жәрмеңкесінде күреске қатысқан. Нұрмұханбет бәйбішесі Жолжан екеуі жанұяда Амангелді, Есенгелді атты балаларын тәрбиелеп өсірген.

Амангелді - Сарытеректе 8 жылдық мектепте оқып, Қарқаралы малдәрігерлік техникумын бітірген. Мамандығы бойынша XXII – партияның съезі атындағы совхозда жұмыс істеп жүріп, өмірден ерте озды.

Есенгелді - Сарытеректе 8 жылдық мектепті бітіріп, Қарағандыдағы бухгалтерлік кур-

ста оқып, мамандық алып ауылда №2 фермада учетщик, совхозда әртүрлі жұмыстар істеді. Күлмағанбетқызы Күлғайымен отбасын құрып, жанұяда Нұргүл, Айгүл, Нұргелді есімді балаларын тәрбиелеп өсіреді. Есенкелді мен Күлғайың өмірден жастай о дүниелік болды. Нұрмұханбет әкеміз, Жолжан шешеміз зейнеткерлікке шығып, Сарытерекке қоныс аударып келген соң, қайтыс болды. Артында бар оңалар демекші Нұрмұханбет ақсақал мен Жолжан шешеміздің немересі Нұргелді шөбере өсіріп шаңырағын жалғастыруда.

*Естелік берушілер:
Сәдірбеков Амантай,
Балтабаев Сәтімбек.*

КНАШИН Амантай Күлмағанбетұлы (20.05. 1941ж.т. Ақтоғай ауданы,-). 1966 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтына бітірген. Ақтоғай орталық ауруханасына хирург маманы болып орналасты. 1969-1971жж. Алматы мемлекеттік медицина институтында хирургия саласының ординатура деңгейін игерді. Кнашина Күләш Үсенқызы 1964ж. Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітіріп, жас маман ретінде Ақтоғай



аудандық ауруханаға балалар дәрігері болып орналасты.

1971ж. Сарытерек ауылында аурухана ашылып, оған Амантай Қнашин жұбайбы Күләш екеуі Жезқазған облыстық денсаулық сақтау басқармасының жолдамасымен, Сарытерек ауылына келді. Ауыл орталығындағы ғимарат жөндеуден өткізіліп, 25 орындық учаскелік аурухана ашылды, бас дәрігері болып Амантай Кұмағамбетұлы, жалпы аурулар дәрігері ретінде Күләш Үсенқызы еңбек ете бастады. Ауруханада шамамен 15 шақты адам еңбек етті, 3 бөлімшеден және 5 фермалық нүктеден құралған аурухана халыққа қызмет көрсетті.

1971-1982жж. Ақтоғай ауданы Сарытерек учаскелік ауруханасында бас дәрігер болып қызмет атқарды. 1982-2006жж. Қоңырат кеніші ауруханасының бас дәрігері болып еңбек жолын жалғастырды. 2006-2011жж. Балқаш қаласының наркологиялық диспансері директорының орынбасары ретінде қызмет атқарып жүрін дүниеден өтті.

Амантай Кұлмағамбетұлы медицина саласында белсенді қайраткер ретінде көзге түсті, бірнеше рет облыстық денсаулық сақтау басқармасының мадақтама, алғыс хаттарымен марапатталды. 1991 жылы республи-

ка көлеміндегі медициналық сақтандыру компаниясының өкілі ретінде қосымша еңбек етті.

1989-1994жж. Жезқазған облыстық Кеңесінің депутаты ретінде қоғам өміріне белсене үлес қосты. Екі мәрте Қоңырат кеніші кеңесінің депутаты болып сайланды. Медицина саласында 38 жыл еңбек еткен жұбайы Күләш Үсенқызы екеуі отбасында 6 бала тәрбиеледі, бәрі де жоғары білім алып, бүгінгі таңда өз салаларында жемісті еңбек етуде.



МАҒҰРЫПБЕКОВ Қайырзада (1946-2015жж.) Совхозда жұмыс жасап, кейінен Сарытерек орта мектебінде трактордан бірнеше жыл сабақ берді. Қайырзада өз ісіне шебер, оқушыларына техниканың бөлшектерін жете түсіндіретін тәжірибелі ұстаз бола білді. Жұбайы: Саршақызы (Саршина) Ағлипа (1946-2001жж.) Совхозда сельсовет, ауылдағы балалар бақшасының мецгерушісі, кейінде совхоздың кадр бөлімінің басшысы болып қызмет істеді. Екеуі де зейнеткерлік демалысқа шыққан соң, отбасымен Балқаш қаласына қоныс аударды. Қалаға барған соң

кәсіпкерлік іспен айналысты. Балалары: Мирагүл, Нұргүл, Жаңагүл, Зергүл, Ерсін, Гүльнат.

МАҒҰРЫПБЕКОВ Шарзада (1938 ж.т. Сарытерек ауы-



лы, «Үшөзек» колхозы.). Шарзада Ақтоғай совхозында зав.маш. двор болып жұмыс жасаған, осы жұмысында жақсы жақтарынан көрінгендіктен Ақтоғай ауылшаруашылық басқармасында инженер тех.надзор қызметіне ауыстырылды. 1967 жылдан бастап, Ақтоғай совхозында бас инженер қызметін атқарды. Бірнеше рет совхоз партия ұйымының бюро мүшесі болды. 1970 жылы 20 наурызда В.И.Лениннің 100-жылдық мекрекелік медалімен марапатталды. Ш.Мағұрыпбековтың өмірі қысқа болғанымен, мағыналы өмір сүріп, адал еңбегі арқасында елге сыйлы азаматтардың бірі болды. Зайыбы Шалхарбайқызы Ылия (1957ж.т) екеуі: 4ұл, 3 қыз баланы өсірді. Ержеткен балалары әке өнегесін еш етпей әр тарапта абыройлы еңбек етуде.

МАҒҰРЫПБЕКОВ Хамзада (1942ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-1972ж.қ.). Мектеп бітірген соң мұғалімдік мамандық алған. Сарытерек орта мектебінде биология пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаған. Жұбайы Нестай екеуі 2 бала тәрбиелеп өсірді.

МАЖЕТАЕВ Карібай Мажетайұлы (22.11.1955ж.т. Ақтоғай ауд. Сарытерек ауылы.,-6.11.2008ж.қ.). Мектеп бітіргеннен кейін «Жалын» бригадасында қой шаруашылығында жұмыс істеген. Кейін әскерге барып келгеннен соң өз мамандығы бойынша совхозда шофер болды. 1982 -87ж.ж. №4 фермада зоотехник болып қызмет етті. 1988-92ж.ж. №3 фермада, ферма басшысы, 1993ж.ж. бас жылқышы болып, жылқы фермасында еңбек етті. Одан кейінгі жылдарда «Қожалық» шаруашылығын басқарды. Кәрібайдың жолдасы Бекжанова Күмісжан Сабуржанқызы – 1958ж. 7 наурызында туған. Мектеп бітіргеннен кейін 1977ж. Балқаш медучилищесін бітірін, Ақтоғай



совхозында медбиби болып жұмыс істеген.

МАЙЛЫБАЕВ Рақымжан (1930ж.т. Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Каганович атындағы колхоз.,-29.01.2011ж.к.). 1942-1945жж. тылда жұмыс істеген. 1948ж. Балқаш қаласында №8 ФЗО-да болған. 1970 жылдан бастап Ақтоғай совхозында мал бағумен айналысқан. Көп жылғы еңбегі еленіп мерекелік медальмен марапатталған. 1973 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1985ж. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен» және Жезқазған облысы халық депутаттары шешімі бойынша «Еңбек ері» медалімен марапатталды. Рақаңның бәйбішесі Майлыбаева Сарби Хурматовна (1.01.1927ж.т. Ресейдегі Башкирия жерінде.,-29.03.2018ж.к.). 1946ж. Жезқазған кенішіне көшіп келіп, теміржолда шпал, тас көтеруші болып жұмыс жасаған. Сол жылдары, яғни 1951 жылы 25 наурыз айында Жезқазған кенішінде «труд.армияда» сантехник болып жұмыс істеп жүргенде Майлыбаев Рақымжанмен танысып, 1953 жылы екеуі қол ұстасып Сарытерекке келген. Сол жылдардан бастап олар «Каганович» колхозында мал бақты. Жолдасы Майлыбаев Рақымжан екеуі қой бағып, шопанның көмекшісі болған. Бұл кісілер шаршауды

білмейтін, өте еңбекқор жандар еді сол жақсы қасиеттері мен еңбегі еленіп, Рақаң орденді шопан атанып, ел-жұртының мақтанышына айналды. 55 жасында зейнетке шықты. Ұлы Қыдырбай, қызы Қарлығаш ақарлы-шақарлы үй болып отыр.

МАҚАТАЕВ Бейсенбек (1913ж.т. бұрынғы Қоңырат ауданы, Каганович колхозы.,-1995ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. 1941ж. соғысқа аттанып, 1944 жылы елге аман-есен оралды. 1949 жылы отбасын құрып Тәтибекова Қауамен отыз жылдай отасты. Отбасында бала болмады. Кейінде жұбайы қайтыс болған соң 1983 жылы Сарытеректегі немере інісі Қауымбеков Дәкімнің үйіне көшіп келіп Сарытеректе тұрды.

МАҚСҰТБЕКОВ Болат (17.05. 1939ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Үшөзек колхозы.,). Болат Сарытерек орта мектебінде 1946-56 жылдары 7 жылдық сыныпты бітірген. Шығыс Қоңырат руднигіне барып жұмысқа тұрды.



Кеңіште жүріп темір дәнекерлеуші (сварщик) мамандығын игеріп еңбек етті. 1958-62жж. Отан алдындағы борышын өтеп келген соң Қарағанды қаласында ме-

ханизатор мамандарын даярлайтын училищені оқып бітірді. Сол жылы жаңадан ашылған Айыртас совхозына жіберіліп, онда машина алаңының меңгерушісі болып еңбек етті. Ауылда техника қауіпсіздігінің инженері болды. Кеншоқыдағы СПТУ-174 мекемесіне механизатор дайындайтын бөлімге мұғалім, кейін Шығыс-Қоңырат кенішінде шахтада еңбек етті. 1975ж. 23-наурызда әкесі қайтыс болып, елге қайтып келіп, МТМ меңгерушісі, 1986ж. совхоз директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болып осы қызметті совхоз тарағанша атқарған. 1995ж. совхоз тарап, жеке «Нартай» шаруа қожалығын құрып, ШҚ жетекшісі болды. Ұзақ жылғы нәтижелі еңбегі арқасында «Еңбек ардагері» атанып, бірнеше мақтау қағаздарымен және ақшалай сыйлықтармен марапатталған. Зайыбы Қиқанова Күлпанмен екеуі 8 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп ержеткізді. 1998ж. зейнеткерлікке шықты.

МАҚҰЛБЕКОВ Ерғазы (1940ж.т. Қоңырат ауд., Ленин колхозы.,- 1979ж.к. Сарытерек аулы.). 1967ж. Алматы зоотехникалық институтын бітірген. 1968-1969жж. Алматы ғылыми-зерттеу институтында және Ленинград ғылыми-зерттеу институтын-

да оқып ғылыми жұмыстармен айналысқан. Белгілі ғалым Г.Ф.Сокловтың жетекшілігімен Ақтоғай совхозында дегерес қойын асылдандыру бағытында жүргізілген ғылыми ізденіс жұмыстарына қатысқан. Өз жұмысына өте тыңғылықты, еңбексүйгіш, абзал азамат жеті баланың ардақты әкесі, отбасының тірегі болатын.

МАҚАШЕВ Тілек Шойынбайұлы (1946 ж.т. Ақтоғай ауданы.) Еңбек жолын

Шет ауданы Ақшатау кентіндегі орта мектепті бітіргеннен 1965ж. Ақшатау тау-кен комбинатында жөндеу цехының монтаждаушысы болып бастаған. 1966 ж. Совет Армиясы қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын абыроймен, үздік жауынгер ретінде атқарып келген соң, 1969 жылы туған жеріне оралып, әуелі «Ақтоғай» совхозының № 3 фермасында («Кенелі» бөлімшесінде) ветеринарлық санитар, бір жылдан соң аға жұмыскер болып еңбек етті. Өндірістен қол үзбей жүріп, 1970-1975жж. Қазақ малдәрігерлік-зоотехникалық институтын «зоотехник» мамандығы бойынша



бітірді. 1978ж. осы совхоздың № 2 фермасына («Ақтұмсық» бөлімшесі) зоотехник болып еңбек етті. Өзінің ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білгендіктен 1981 жылы Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бұйрығымен осы шаруашылықтың №4 фермасының («Қоянкөз» бөлімшесі) басқарушысы болып тағайындалады. Ферма жыл сайын мал шаруашылығын өркендету, мал өнімдерін арттыру, жемшөп дайындау жұмыстарында алдыңғы қатардан көрініп, білікті маман жоғарғы партия, совет органдарының ұйғаруымен 1983 жылы «Жәмші» асылтұқымды қой совхозына бас зоотехник лауазымына жіберіледі. Алматы ғалымдарымен бірлесе отырып Дегерес қой тұқымын одан әрі жетілдіріп, оның өнімділігі мен сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар өз нәтижесін беріп, совхоздың ұяң және биязы жүнді дегерес қойының элита саулықтары мен қошқарлары бірнеше рет республикалық, одақтық көрмелерге қатысып, жүлделі орындарға ие болады. Шаруашылық жылқының мұғаджар тиіпті жабы, Қостанай асыл тұқымды түрлеріп өсіруде де үлкен табыстарға жетуіне сүбелі үлес қосып, осы жұмыстардың негізгі ұйымдастырушысы бола-

ды. 1991 ж. маусымында «Қаратал» совхозы кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметіне сайланып, 1992 жылы өз өтінішімен туған жері «Тоқырауын» совхозының Ақтұмсық бөлімшесіне басқарушы-ұйымдастырушы болып ауысып, заман талабына сай шаруашылықты нарықтық экономикаға бейімдеп, жекешелендіру жұмыстарымен шұғылданады. 1995 жылы ұжымшар толық жекешелендірілгеннен соң, өз алдына «Ұзынбұлақ» шаруа қожалығын құрып, оның қалыптасып, өркендеуіне еңбегін сіңіреді. 2009 жылдан бері зейнеткер 5 бала тәрбиелеп, өсірген. Жоғарғы органдардың бірнеше грамоталарымен, төсбелгілерімен марапатталған.

МАҚАШҰЛЫ Шойынбай (1906ж.т. Қоңырат ауданы, бұрынғы Каганович колхозы,-20.03. 1987ж.к.). Еңбек жолын туған жерінде алдымен артель, кейіннен ұжымдық шаруашылық құру ісіне белсене араласудан бастаған. 1946 жылы еңбек батальонына алынып, сол кездің екпінді құрылыстарының бірі - Мойынты-Шу теміржолын салуға қатысты. Мерзімді уақыты аяқталған соң ауылына оралып, колхоздың өркендеуіне атсалысты.



Тоқырауынның бойында атакты «Ақбидай» тұқымын өсірін, егін салып, жер жыртып, тоған қазу жұмыстарында болды. «Мал шаруашылығы - екпінді майдан» деген кеңестік үндеуге үн қосып колхоздың, кейіннен совхоздың мал шаруашылығын дамытуға қомақты үлес қосты. Баққан сиыр табыны мен қой отарының жоспарлы көрсеткіштерін үнемі асыра орындап, адал еңбек етті. Колхоз, совхоз басшылығының тиісті марапаттарын алып, еңбеккерлер арасында үлкен бедел иесі болды. 1966 жылы құрметті еңбек демалысына шыққанда, құтты шопан таяғын ұлы Төлегенге табыстап, ұрпақ сабақтастығының, еңбекке тәрбиелеудің жарқын үлгісін көрсете білді. Зайыбы Дәменмен бірге жеті бала тәрбиелеп өсірін, олардың өмірден лайықты орындарын табуына бағыт берді.

МАНАСБАЕВ Жаманбек - (1892ж.т. Желтау е.м., Ақсай қыстағы.). Үшөзек колхозында сиырдың, қойдың завфермасы болған. Бәйбішесі Нүркейқызы Ығишамен екеуі де еңбек етуден еш қол үзбеген адамдар. Сөйте жүрін 6 қыз тәрбиелеп өсірген. Бұл күндері 2 өмірден өтіп, 4-еуі бала-шағасының қызығын көріп отырған бақытты адамдар.

МАҢҒАЗБАЙТЕГІ Сыздықұлы Сейдіғалы (1900ж.т. Са-



рытерек ауылы, Маңғазбай Ақшоқысы (Туыс қайқаңы) деген қыстау,-1976ж.к.). Аумалы-төкпелі заманда: бірінші дүниежүзілік соғысты, қазан төңкерісін естіп көзімен көрген. Ескіше хат танып, кейінде өз бетінше оқып үйренген. Әкесі Сыздық шебер – ұста болған адам, әкеден өнеге алып өскен, С.Сыздықұлы да құралақан болмаған. Еңбекке ерте араласқан. Жастайынан мал шаруашылығын өркендетуге өз үлесін қосты. Әке-шешеден ерте көз жазды. Бәйбішесі Істілдақызы Ұлтуар (1906ж.т. – 1986ж.к.) екеуі отасып 56 жыл бірге ғұмыр кешіп, дүниеге 11 ұрпақ әкелін, оның 8-ін аман-есен өсіріп, қатарынан қалдырмай жеткізді. Ел басына қиыншылық туған (1941-1945) соғыс жылдары еңбек майданында болған, тыл ардагері.

МЕДЕТБЕКҰЛЫ Балтабай (1.01.1928ж.т.-7.08.2012ж.к.). Мектеп бітіргеннен кейін, Қарқаралы қаласындағы зооветеринарлық техникумға оқуға түскен. Оқуды



бітіргеннен кейін ауданымыздың қазіргі Шұбартау, Қоңырат, Қаратал жерлерінде бас маман болып қызмет атқарған. 1961 жылы алғаш совхоз құрылғанда Сарытерекке бас мал дәрігері болып келді. Сол уақыттан зейнетке шыққанға дейін бас маман, ферма дәрігері, жылқы фермасының басшысы сияқты ауыл шаруашылығының әр саласында қызмет атқарды. Жұбайы - Атабекқызы Айтбану (Айткен) (1925 ж. т. - 30.03.1982 ж. қ.). Үй шаруасындағы адам болды. Бірақ он саусағынан өнер тамған, ісмер кісі еді. Киіз үйдің барлық жабдықтарын (киіз басу, арқан-жіп иіру, ши тоқу) өзі жасайтын. Бұдан басқа сырмақты өзі ойып, өзі тігетін; текемет басты; алаша тоқитын. Өз қолымен де, іс машинасымен де киімнің барлық түрін тігетін. Ешкінің түбітінен де, түйенің жүнінен де иіріп тоқитын киім-кешектің түрлерін де өзі жасай беретін. Сонымен қоса, өнерге жақын тұратын, үйренгісі келетін қыз-

келіншектерге шеберлік сабағын жалықпай үйрететін. Медетбекұлы Балтабай Атабекқызы Айтбанумен (Айткен) екеуі үш ұл, бес қыз өсіріп тәрбиеледі. Бүгінгі күні олардың ұрпақтары еліміздің әр өңірінде еңбек етіп жүр. Дерек беруші баласы Қалқабай Медетбеков.

МЕЙРМАНОВ Байыз Төлеубайұлы 1972-1977 жж. Ақтоғай совхозының директоры болып жемісті еңбек етті. Одан соң Ақтоғай аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, Приозерный ауаткомының, Тоқырауын аудандық Кеңесінің төрағасы, осы ауданның бірінші әкімі, Приозерск қаласының әкімі қызметтерін абыроймен атқарды. Еңбегінің еленгені болар, Кеңес кезінде «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталса, Егемен елдің «Еңбегі сіңген қайраткер» атағын алғандардың бірінші сапында болды. Байыз Төлеубайұлы, әжесі Гүлбаһрам, әке-шешесі Қасенғазы мен Биған, жұбайы Орынжамал өле-өлгенше өздерінің Сарытерекке, мұқым Ақтоғай еліне рахметтерін айтып отыратын. Марқұм Орынжамал жеңгеміз: «Сарытеректің елінен, жерінен, халқынан айналайын! Осында Алладан тілеп алған Мақсатымыз туды. Осында Байкеннің қанаты қатайып,

қыран болып шарықтады. Ендеше мұндай елден неге айналмасқа?!» дейтін шын ниетімен.

Жүсіп Баласұғын бабамыз: «Құрметтер ел, болса егер затың жақсы, Талай ғасыр жаңғырар атың жақсы» деген екен. Сарытерек пен Ақтоғай елі осы қасиетті жерге еңбек еткен азаматтарды ұмытпасы, ал олардың жақсы аты жаңғыра берері анық.

Жазған Досмақов Қабыжан.

МЕДЕТБЕКОВ Қалқабай (24.06.1952ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.). Сарытерек орта мектебінің тарихында бірінші рет алтын медальға үміткер оқушы болды. Кеңестік дәуірдің солақай саясатына байланысты, алтын медаль берілген жоқ, бірақ 1970ж. Сарытерек орта мектебін «өте жақсы» бітіріп, еңбек жолын ауылда шөп тиеуші болып жұмыс істеуден бастады. Сол жылы қараша айында әскерге шақырылды. 1972 жылы әскери борышын өтеп келісімен, ҚарМУ-дің дайындық бөліміне оқуға түсті. 1973 жылы физика факультетіне студент болып қабылданды. Осы оқу орнын 1978 жылы аяқтап, Қарағанды қаласында «Казэлектросетьстрой» мекемесіне жұмысқа қабылданды.



1980 жылы Стройпластмас комбинатына қызметке ауысты. 1991ж. осы комбинатқа қарайтын Қарағандыда өндірістік деңгейде табиғи тастан өнім шығаратын «Әсемтас» фирмасын құрып, оның директоры болды. Шығарылған өнімдер (ұлутас, мәрмәр тас) сол кездегі қаладағы ірі құрылыс нысаны – Сарыарқа әуежайын және басқа да құрылыс орындарын қамтамасыз етті. Бұдан басқа өңірдегі Балқаш, Жезқазған және Көкшетау, Петропавловск аймақтарына да жіберіліп тұрды.

1996 жылы ЖШС «Кенттін» директоры болып ауысты. 1997 жылы ЖШС «Тас» директоры болды. 2005ж. жеке кәсіпкерлікпен айналысады.

Медетбеков Қалқабай туған ауылы Сарытеректен қол үзбеген, жомарт жандардың қатарына жатады. Ол екі ұл, бір қыз және олардан тараған 5 немере мен 1 жиен тәрбиелеп отырған ұлағатты жан.

МОЛДАШБАЕВ Зекен (1936ж.т.-2002ж.к.). Әкесі Молдашбай ерте қайтыс болып қарындасы Дәнен екеуін анасы Үкітай тәрбиелеп жеткізген. Жастайынан еңбекке араласып колхоздың, совхоздың барлық шаруашылық жұмыстарына қатыса жүріп, кейін шопан болып еңбек етті. Өмірінің соңына дейін аудандық орман шаруашылығында

225

орманшы болды. Жұбайы: Рахметжанова Зейнеп (Зина) 1938 жылы туған. Отағасы Зекемен бірге көмекші шопан болып, ақтылы қой өсірін жемісті еңбек етті.

МОЛДИН Айтмағанбет Жармағанбетұлы (1915ж.т. Сарытерек аулында., 1990ж.к.). Еңбек жолын осы жерден бастаған. Ауданның дамуына өзіндік үлкен үлес қосқан. Талғар техникумын бітірін, ауданда алғашқы тракторист мамандарын дайындаған. 1939 жылы Совет Армиясына шақырылып, 1941-1945жж. Ұлы Отан Соғысына қатысқан. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталып, 1946ж. елге оралған. Соғыс және еңбек ардагері. Соғыстан кейін Калинин колхозында басқарма, одан кейін зейнеткерлікке шыққанша 45 жылдай аудандық «Сельхозтехника» кәсіпорынында бас инженер болып жұмыс істеді. Жұбайы Молдина Екатерина Ивановна (1924ж.т. Беларусия. Могилев обл. Осиповичи ауданы., -1998ж.к.) Соғыста партизан отрядында болған. Сол отрядта Айтмағанбетпен танысып 1946 жылы Қазақстанға, Сарытерек ауылына келген, медсестра болған. Аудандық ауруханада 1956 жылға дейін медбибі болып жұмыс жасады. 1956 жылы Киров селолық округінде зейнеткерлікке

шыққанша «Балабақша» менгерушісі болды. 8 бала дүниеге әкелді. Бәрі жоғары білімді. Соғыс және еңбек ардагері.

МОЛДИН Жармағанбет (1896-1959жж.) Сарытерек ауылында туған. Колхозда жұмыс жасаған. Соғыс жылдары Қарағандыда шахтада еңбек еткен. Өнерге бейім, халық әндерімен қазақ жыр, эпостарын домбырамен жатқа айтатын. Ел ішінде беделге ие болып «Әтінай» - деп аталған. Сал-сері, аңшылықпен шұғылданып, құс, құмай ұстаған. Киіз үй, ертоқым, шана жасаған.

МОЛДИНА Макен Жармағанбетқызы (1938 ж.т. Сарытерек ауылы, «Жетімшоқы» е.м.). Ақшатау кентінде тұрады, көп балалы ана. Еңбек және тыл ардагері.



МОМЫНБЕКОВ Жақатай (24.02.1937ж.т. Қоңырат ауданы, Үшөзек колхозы., -1979 ж.к.) Сарытерек мектебінде оқып 7 кластық білім алған соң 1955ж. Токаревкадағы техникалық училищеде оқып трактористік мамандық алған. Ленин колхозында тракторшы, кейіннен жүргізуші болып



еңбек етті. Еңбекқор адам болатын. Зайыбы- Жұмашева Күләш (7.03.1939ж.т. Ақтоғай ауданы, Ұлы Октябрь колхозында, - 1978ж.к.) Ұлы Октябрь колхозында екі кластық білім алып, еңбекке ерте араласқан. Совхоз кезінде мектепте тазалықшы, интернатта кезекші болып еңбек етті.

МҰҚАТАЕВА Күлиша (1900 ж. т. - 22.12.1986 ж. к.).



Соғыстың айықпас зардабын көрген, тыл ардагері. Жастайынан тоған қазып, егін егу, шөп шабу, диірмен тарту, мал төлдету жұмыстарына

қатысқан. Жолдасынан жастайынан жесір қалып, жеті бала өсірген. Екі баласы Төлеубай мен Рахымберді соғысқа кетіп, біреуі қаза болып, екіншісі хабарсыз кетті. К.Мұқатаева ер мінезді, басына не қиындық түссе де мойымаған адам. 1953 жылға дейін колхозда еңбек етті. Соғыс біткен жылы ауылда Серке атты құрдасымен күреске түсіп, оны жеңгені ел аузында. Қыздары Мағира, Зәйра, Төлегеннің ұрпақтарын көріп, 86 жасында дүние салды.

МҰҚАТАЕВ Сағат (1949ж.т.) Ұзақ жылдар бойы Ақтоғай совхозында шофер болып жұмыс жасаған. Халықтың алғысына

бөлене отырып, бірнеше жылғы еңбегінің арқасында «Құрмет грамоталарымен»

марапатталған. Зайыбы, Қазақбаева Мағираш екеуі отбасында 5 бала тәрбиелеп өсірген. Балалары: Жасұлан, Гүлмира, Ерлан, Нұрлан. Қазір әрқайсысы әр қалада,



әр салада жұмыс жасап қызмет атқарады. Зайыбы Қазақбаева Мағираш (1949ж.т.) Сарытерек ауылында 1971 жылдан бастап 30 жыл сауда саласында еңбек етіп, халықтың алғысына бөленген. Бірнеше жылғы ерен еңбегінің арқасында «Еңбек ардагері» медалімен және Тұтынушылар қоғамының төс белгісімен, мақтау грамоталарымен марапатталған. 2 рет селолық советте, 3 рет Ақтоғай аудандық советке депутат болып сайланды. 1980-1990жж. Ақтоғай аудандық партия комиссиясының бюро мүшесі болып сайланды.

МҰҚАТАЕВ Тиышбек (1923 ж.т. Сарытерек ауылы.) Алғашқы колхоздастыру кезінде еңбек еткен. Алғашқы жоғарғы оқу орынын бітіргендердің бірі болған. Қарқаралыда мұғалімдер дайындайтын арнайы курсты бітірген. Оқу бітіргеннен кейін ауырып, қайтыс болған.

МҰҚАТАЕВ

Төлеубай (1919 ж.т. қазіргі Ақтоғай ауд., Ленин колхозы.,- 6.12.1942ж.к.) 26-шы Армияның құрамында взвод командирінің орынбасары болып соғысқа қатысқан. Әскери шені -сержант. 1942ж. 6 желтоқсан күні майдан даласында қаза тауып, Калинин облысы. В.Луки ауданында, Бабкин деревнясында жерленген.



МҰҚЫШҚЫЗЫ Мекен Нұршы келіні

(1884 ж.т. Қазіргі Ақтоғай ауданының Нарманбет ауылы.,- 1988ж.к.) Кеңес үкіметі орнаған кездегі бойжеткен қыз артельдің құрылуын, колхоздастыру кезеңінен, қуғын-сүргінді, ҰОС кезінде тылдың барлық ауыртпашылықтарын басынан кешкен. Сарытерек ауылдық кеңесі құрылған 1928 жылдардан бері колхоздың құрылуына, дамуына үлкен үлес қосқан адам. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған, 2 баланың, 20 немеренің, 95 шөберенің ардақты анасы.



МҰҚАШЕВ Сейтжан- (т.ж.к.)

Қарағанды обл. Қоңырат ауданы Каганович колхозы Жетімшоқы

ауылында өмір сүрген. Жұбайы-Күлмара шешей екеуі осы колхозда мал бағып, шопан болып, өмірінің ақырына дейін еңбек етті.

МУХАМЕ - ДИЕВ Сейілхан

(10.09.1945 ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек с.о.). 1964ж. Ақтоғай селосын-



дағы М.Горький атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік ауылшаруашылық институтының экономикалық факультетіне түсті. Аталған институтты 1969 жылы бітіріп, ғалым агроном-экономист мамандығын алып шықты. Еңбек жолын Ақтоғай ауданындағы “Қаратал” кеңшарында еңбекке ақы төлеу жөніндегі экономист болып бастап, 1971 жылы осы кеңшарда комсомол комитетінің секретары болып, 1973 жылдың қазан айына дейін қызмет етті.

1973-1984жж. Ақтоғай аудандық партия комитетінде нұсқаушы, саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1984-1988жж. Ақтоғай аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, 1988-1991жж. халық депутаттары Ақтоғай аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудандық партия комитетінде

партиялық бақылау комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарды.

1991-2008жж. Ақтоғай аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының директоры, еңбек және халыққа әлеуметтік көмек көрсету бөлімі басшысының орынбасары болып жұмыс істеді.

2008 жылдың қыркүйек айынан зейнеткер. 2010 жылдан Қарағандыда тұрады. Жұбайы – Ахметбекова Несіпжан 1946 жылы туған, білімі - жоғары, орта мектептерде математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаған, қазір зейнеткер. Мухамедиев Сейілханның отбасындағы 6 бала әртүрлі салада, тиісті мамандықтары бойынша қызмет жасауда.

МҰРСАЛБЕК (т.ж.б.) элек-



трик мамандығын алған. Түрлі жұмыстар атқарды. Жолдасы шуаш Рымбекқызы Тұтқабек совхозда еңбек етті. Құрметті зейнеткер, Тыл қайраткері. Балалары: Мұғазбек, Ғалым, Ислам, Бекзат, Аймұхамбет, Бимұхамбет, Қалкен.

МУХАТАЕВ Уәли – (1935ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы,

Қарақұла.,-1983ж.к.) Қарақұла мектебінде бастауыш сыныпты оқып, Сарытерек «Ақшкылдан» 7 сыныпты бітірген. Жастайынан әкесіне көмектесіп егін егін, шөп шабып, өгіз басын жетектеп жер жырту жұмыстарында еңбек еткен. 1954ж. Қарабұлақ МТС тракторист-машинист даярлау курсында оқып мамандығын алады. «Ленин» колхозында тракторист болып жер жырту, шөп шабу, егін егу жұмысын атқарған. «Тыл ардагері» Уәли әкем Алтынбекқызы Нұрбикемен отбасын құрып, жанұяда 3 бала тәрбиелеп өсірген. Әкем мен шешем 1963-1983 жылдары Ақтоғай совхозының №2 бөлімшесінде аға шопан болып жұмыс атқарған. Колхоз-совхоздарда ерен еңбектері үшін «Құрмет грамотасы» алғыс хаттармен, заттай сыйлықтармен марапатталған. Анамыз Нұрбике көмекші шопан болып жұмыс жасап зейнеткерлікке шыққан. 1999ж. қайтыс болды. Артында қалған үш баласы қазір жеке-жеке шаңырақ иесі. Әкем мен шешемнің немере, шөбересін тәрбиелеп өсіріп жатырмыз. Дайындаған: Балалары Әлтай мен Қалтай.

МҰСАНОВА Гүлдания Мұсанқызы (1954ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-1999ж.к.). 1972ж. Сарытерек орта мектебін бітір-

ген. 1975ж. Жезқазған педучи-
лищесін бітіріп,
Сарытерек орта
мектебіне мұғалімі
болып бірнеше жыл
қызмет атқарған.
1977ж. Алматыға
ҚазПИ-дің тарих
факультетіне түсіп,
оны 1982ж. бітіріп шықты. 1983ж.
бастап аудан орталығындағы кол-
леджде бірнеше жыл ұстаздық
еңбек етті. Қызмет атқарған жыл-
дары үлкен еңбегі үшін бірнеше
рет аудандық, облыстық грамо-
талармен марапатталған. Жолда-
сы Муканов Санабек екеуі 3 бала
тәрбиелеп өсірген.



МҰСАНОВ Төлеу (1941ж.т.
Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы,
Сарытерек ауылы.) - мұғалім. 1965
жылы Алматыдағы Абай атындағы
педагогикалық институтының та-
рих факультетін бітірген. 1970-
1975 ж.ж. Сарытерек орта мектебі
директорының тәрбие жұмыстары
жөніндегі орынбасары, 1975-1980
ж.ж. мектеп директоры, 1980-1984
ж.ж. аудандық білім бөлімінің
меңгерушісі, 1990-2003 ж.ж. Жабас



Кеңесбаев атындағы
орта мектеп дирек-
торы қызметтерін
атқарған. Қазақ ССР
Халық ағарту ісінің
үздігі, КСРО халық
ш а р у а ш ы л ы ғ ы

жетістіктері көрмесінің қола
медалімен, Қазақ ССР оқу
министрінің, Қазақ ССР
кәсіподақтарының Құрмет грамо-
тасымен марапатталған. Аудандық
мәслихаттың екі шақырылымдағы
депутаты болып сайланған.
Жұбайы Жайлыбаева Рымтай
Жұманиязқызы ұзақ жылдар
бойы Сарытерек орта мектебінде
ұстаздық еткен. Жанұясында 5
ұл бала, бір қыз бала тәрбиелеп
өсірген қадірлі ұлағатты ұстаздар.
Қазіргі уақытта балалары әр сала-
да жұмыс жасап, қызмет атқарады.

МҰСТАФИН

Кәтеп (1909 -
1973 жж.) Бүкіл
саналы өмірін ауыл
шаруашылығының
өркендеуіне арнаған
азамат. Көктемде



соқамен жер жыртып, егін екті,
жазда мал азығын дайында-
ды, күзде қол орақпен егін ору,
қыста мал күту жұмыстарына
араласып, еліміздің экономика-
сын арттыруға үлес қосқан еңбек
адамы. Әкесі Сейтімұстафа
әнші-домбырашы, ит жүгіртіп
құс салған аңшы, әрі мер-
ген адам болған. Сонымен бірге
көріпкелдік қасиеті де болған.
1932 ж. ашаршылық кезінде бір ау-
ылды құс атып, аң аулап аштықтан
аман алып қалған. Ұлы Отан
соғысы жылдарында түйе арба-

мен кіре тартып, халықтың ауыр тұрмысына қолқабыс тигізген. Шешесі Түскеева Рахила Ақтоғай ауданында тұңғыш Қызыл Отаудың жұмысына белсене қатысқан, ескіше сауатты адам болған.

МҰСТАФИНА Орал Катепқызы (1946 ж.т. Ақтоғай ауданы, «Қарақұла» е.м.) - ұстаз. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1965ж. еңбек жолын шопандықтан бастаған. 1966ж. Қазақстан комсомолының XI съезіне делегат болып қатысқан. 1967ж. Қарағанды қаласындағы мұғалімдер институтына сырттай оқуға түсіп, 1974ж. ҚМУ-ді қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. 1967ж. Сарытерек орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарған. 1988 жылы көп жылғы еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 2010 жылы «Алтын алқа» иегері атанды. Қазіргі уақытта Мұстафина Орал мен жолдасы Қасенбеков Серік екеуі ауылдың қадірлі қариялары. Немере, шөбере қызықтарын көріп отыр.

МҰСТАФИНА Ұлту Дауылбайқызы (1924-1988жж.). Ұлы Отан соғысы кезінде тоған қазып, колхоздың барлық шаруашылық жұмыстарына араласқан. Ұзақ



жылғы еселі еңбегі арқасында 1946ж. «Тыл ардагері» медалімен марапатталды. Зейнеткерлікке шыққанша колхоз-совхоздың барлық жұмысына қатысып, аянбай адал еңбек етті. Отбасында 6 бала тәрбиелеп өсірді. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырған үлкен әулеттің ұйтқысы, елінің қадірлісі бола білді.

МҰХАМЕТЖАНОВ Қайырберлі Быхияұлы - (1935ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Сарытерек ауылы.) Қарағанды Мемлекеттік медициналық институтын бітірген. 1958-60жж. Ақтоғай селосындағы орталық ауруханасында дәрігер болып қызмет атқарды. 1960-82жж. Қарағанды Мемлекеттік медицина институтының биохимия кафедрасында ассистенттік мамандықтан бастап, оқытушы және аға оқытушы, кафедра доценті және кафедра меңгерушісі болып еңбек істеді. Биохимия мамандығына сәйкес медицина ғылымдарының кандидаты атағын қорғап шықты. 1982-97жж. Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ биохимия кафедрасында, одан кейін молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істеді. 1997-2004жж. Болашақ университетінің «Жастарды мәдени және элеуметтік тәрбиелеу проблемалары» зерт-

ханасында, 2004-2010жж. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің биология және биотехнология кафедрасында еңбек етті. Молекулалық биотехнология саласының ғендік инженерия бағытында студенттермен магистранттарға дәріс оқып, зертханалық жұмыстар жүргізді. Биотехнология саласына қатысты Республикада алғашқы рет қазақ тілінде 5 оқулықты баспадан шығарды. Қазіргі кезде бұл еңбектерін Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Қарағанды Мемлекеттік медицина университетінің және ұлттық аграрлық уни-в-ң биотехнология мамандығына сәйкес оқытатын студенттері және магистранттары өздерінің оқу үрдістеріне пайдаланады. 2010ж. бері еңбек демалысына шығып, Астана қаласында тұрып жатыр. Ұзақ жылғы өмір тәжірбиесі нәтижесінде жинақталған үлкен ақпараттарды пайдаланып, халқымыздың тарихына байланысты еңбегін жазу үстінде.

М Ұ Х А М Б Е Т Ж А Н О В
Сағынтай Қасенханұлы (1936 ж.т. Семей обл., Бөрлітөбе ауыл., -2003ж.қ.). Әкесі Қасенхан мен шешесі Қалима елге қоныс аударып, Сарытеректе, Қарақұлада 7-ші

сыныпты бітіреді. «Қарабұлақ» МТС-те тракторист-машинист мамандығын алып «Ленин» колхозында тракторист болып жер жырту, шөп шабуда жұмыс істеді. Совхоз уақытында шопан болып еңбек етті. Сағынтай «Ленин» колхозында және алғашқы совхоз құрылған жылдары жасаған еңбектері үшін, «Тың игеру», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Рамазанова Мәкен Шәріпқызымен отбасында 11 бала тәрбиелеп өсірген «Батыр ана», «Алтын алқа» иегері, «Еңбек ардагері», социалистік жарыс жеңімпазы. Қазіргі уақытта шешем зейнеткер, кіші баласы Аманқайырдың қолында тұрады. Жазған: Ұлы Қайыртай.

М Ұ Х А М Б Е Т Ж А Р Ұ Л Y
Мұхамбетәлі - (1906 ж.т. Тоқырау өзені, Жіңішке өзенінің шығысында, Желтаудағы Бөкейхан қыстауы, /қазіргі атауы Қасым қыстағы/, -1985ж.қ.) Қарқаралы жив.школының мал дәрігерлік мамандығын алып, елге келген соң Қарасуда, Дуаншиде мал дәрігері болып жұмыс жасап жүріп Мұхамбетәлі әкеміз Шәмен шешемізбен отбасын құрайды. Кейінгі кезде Ақтұмсық, Үшөзек колхоздарында мал дәрігерлік жұмыстарын жалғастырған.1963 ж.Ақтоғай совхозы құрылған жылдардан бастап

№1,2,3 бөлімшелерде мал дәрігері болып еңбек етті. Мұхамбетәлі Мұхамбетжарұлы халқына сыйлы, еңбекқор қадірлі адам болған. Мұхаңмен қатар жұмыс жасаған ауыл адамдары ол кісіні: «Доктор Айболит» деп атап кеткен. Ауданның, совхоздың басшылары Мұхаңның еңбегін бағалап, «Ауданның үздік мал дәрігері», «Құрмет грамоталарымен» және «Алғыс хаттармен» марапатталған. Зейнеткерлікке шыққан соң 1985 жылы «Самал қыстағында» дүниеден озды. Шәмел шешеміз Қарасуда қайтыс болды.

Жазған: Балтабаев Сәтімбек.

МҰХАМЕДИЯҰЛЫ Серғалы

- (1941ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы., -2016ж.қ.) Қарағанды медицина институтын бітірген.



Қарағанды қаласындағы Мақанжановтың клиникасында және нейрохируг, профессоры Молдаевпен бірге істеп білікті маман атанған. Қазан, Алматы қаласында нейрохирургия саласында білімін жетілдірген.

1972-74жж.

Грузияның Миха-Цхака қаласында екі жыл әскери дәрігер болып қызмет істеді. Кейінгі жиырма жыл туған ауылында дәрігер болды. Серғалының тамыр ұстап

қойған диагноздары қандай жерге барса да дұрыс болып отырған. Тамыр арқылы блокада жасаудың шебері. Зейнеткерлікке шыққан соң, Қарағанды қаласына қоныс аударған. Жолдасы Аманова Гүлназбен отбасын құрып, жанұяда Тілек, Қайыр, Ерлік атты балаларды тәрбиелеп өсірген. Гүлназ 1970ж Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих бөлімін аяқтап, жолдасының жұмыс орнының ауысуына байланысты 1972-74ж Грузияның Миха-Цхака әскери қаласында мұғалім болған. 1974-89ж.ж. университетте жұмыс жасаған. 1989ж. бастап Сарытеректе бала бақша меңгерушісі, 2002ж. Сарытерек мектебінде тарих пәнінен сабақ берді. 2004ж зейнеткерлікке шыққан. Жұмыс жасаған кезінде еңбектері бағаланып, бірнеше грамоталар, дипломдармен марапатталған.

МҰХАДИҰЛЫ Төлеутай

(1913 ж.т.) Жетімшоқыда мұғалім болып тұрған кезінде соғысқа кетіп, 1942 жылы 27 қарашада Сталинград майданында ерлікпен қаза тапқан.

МҰХАМЕДИЕВ Дуанбек

(т.қ.ж.б.) Совет өкіметі алғашқы құрылғанда «Қосшы» ұйымына кірген, содан қоймашы болған. Елге сыйлы ауыл ақсақалы. Атеистік кеңес дәуірі кезінің өзінде ауыл имамы болған. «Қарақтарым,



ЖШС-нің төрағасы болып жұмыс жасайды.



НАРЫМБЕКОВА Қауазия Білісбекқызы (22.10.1931ж.т. Сарытерек колхоз.,-2001ж.к. Сарытерек.). Жетіжылдық мектепті бітірісімен еңбекке араласты. Өмірлік жары Нарымбеков Медеубай 1958 жылы жол апатынан қаза болғаннан кейін, Қусак селолық советінде тұрды. 1963ж. Сарытерекке көшіп келіп, мектеп интернатында аспазшы болып еңбек етті. Кешкі мектепте оқып орта мектепті бітірді. 1968-74жж. совхоз директорының хатшысы қызметін атқарды. 1975-90жж. Ақтоғай совхозының МТМ гаражында— диспетчер, нормировщик және партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды. Қауазия Білісбекқызы қайда, қандай қызмет істесе де адал еңбек етті. «Еңбек ардагері» белгісімен марапатталды. Екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ана.



НАШАРБАЕВ Рыскелді (1948ж.т. Ақтоғай а.). Еңбек жолын Ақтоғай совхозында бастап, 1976-1969жж.

жүргізуші болып еңбек еткен. 1969 жылы әскер қатарына алынып, азаматтық парызын өтеп келген соң А. совхозда еңбек етті. 1972 жылы селолық советтің депутаты болып сайланған. 1977ж. Балқаш қаласына көшіп келіп, Кен-металлургия комбинатының Байыту Фабрикасында аппаратшы болып жұмыс істеген. 2005ж. «Еңбек ардагері» төсбелгісімен, қала әкімінің алғыс хатымен марапатталған.

НӘСІПОВ Әйіп (5.05.1916ж.т. -1989 ж.к. Сарытерек аулы.) 1930ж. Балқаш қаласына барған. 1939 жылы әскер қатарына алынып, әскердің аяғында 1941 жылы соғыс басталып, сол соғыста 2-ші Украин фронтында, Будапешт түбінде майданға кірген. Сержант Нәсіпов Әйіп «Ұлы Отан соғысында Германияны азат етуге үлкен үлес қосқаны үшін» медальмен наградталған. «Сельская жизнь» газетінің ұжымы «Селодағы мәнді мағыналы мақалалар жазғаны үшін» медальмен марапаттаған. Сонымен қатар 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен ерлігі үшін жеңістің 20,30,40 жылдығына байланысты мерекелік медальдармен, 1988 жылы 23 ақпанда «СССР



Карулы Күштеріне 70 жыл» аты медальмен марапатталған. 1946 ж. мамыр айында майданнан оралғаннан кейін, Балқаш қаласы Шығыс Қоңырат кенішінде комендант болып жұмыс істеген. Зайыбы Жұмадилова Нұрбала (1926ж.т.-1971ж.к.) дүниеге үш бала әкеліп, тәрбиелеп өсірген. 1963 жылы Сарытерек савхозы құрылғанда отбасымен ауылға көшіп келіп, Автогаражда диспетчер болып жұмыс атқарып, 1978 жылы зейнетке шыққан.

НОҒАЙБЕКОВ

Мәден (1936 ж.т. Ақтоғай ауданы Калинин колхозы. 10-шы ауыл.) 1950ж. Кенелідегі бастауыш мектепті бітірген соң, Балқаш қаласындағы Абай атындағы қазақ орта мектебін, 1960ж. Алматы обл. Талғар ауылшаруашылығы техникумын, 1996ж. Алматы зоотехникалық-малдәргерлік институтын бітірген. 1960-62жж. Калинин атындағы колхоздың зоотехнигі, 1962-64ж.ж. Шет ауданы «Октябрьдің -40жылдығы» совх. бас зоотехник, 1965-71ж.ж. Ақтоғай ауд. Ақтоғай совх. зоотехнигі болып еңбек етті. 1971-96 ж.ж. Алматы зоотехникалық-малдәргерлік институтының ғылыми қызметкері. 1986ж. ауыл



шаруашылығы ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болған. 1986ж. бастап зейнеткерлікке шыққанша осы білім ордасында ұстаздық қызмет атқарды. Кейін Балқаш қаласындағы өнер мектебінде дәстүрлі өнерден сабақ берін, балаларды домбыраға баулыды. М.Ноғайбеков табиғатынан өнерпаз, өз жанынан ән шығаратын әуесқой сазгер, әрі ақын.

НОҒАЙБЕКОВ Сәден (1949 ж.т. Қоңырат ауд. Кенелі бөлімше., 2016ж.к.). Мектеп бітірген соң ұзақ жылдар Ақтоғай сов. Механизатор болып еңбек етті. Техника тілін жетік білгенінің арқасында ол өнертапқыштықпен де айналысып, ауылшаруашылығы техникаларын жетілдіріп, тиімділігін арттыра білетін шебер. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары шаруа қожалығын құрып балалары Еділ мен Нәсенді кәсіпкерлікке баулыды. Бүгінде ұлдары әке сенімін ақтап, шаруасын дөңгелетіп отыр. Ерсіні де ержетті.



НӨКЕРБЕКОВ Фабрик (1939ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы., -1990ж.к.) Жастайынан еңбекке араласқан. Ақтоғай совхозының Кенелі бөлімшесінде трактористер ұжымының бригадирі болып

еңбек етті. Білікті механизатор, өз ісінің кәнігі шебері ретінде көптің құрметіне бөленген адам-тын. Өмірлік жары Төлеубекова Марияш (1941ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек аулы.,-2003ж.к.). Мәрияш анамыз да еңбекке жастайынан араласа жүріп 7 баланы дүниеге әкеліп, бәрін де заман талабына сай тәрбиелеп ұясынан ұшырды. Үлгілі отбасының қалыптасуына жағдай жасай отырып жарына сүйеніш бола білген адам.

НӨКЕШҰЛЫ Берімбай

1946ж. туған. Кенелі бөлімшесінің тумасы. Мамандығы бойынша 30-40 жылдай механизатор, тракторшы болып жұмыс істеген. Жұбайы-Фаузия Балқаш қаласындағы медучилищені бітіріп келіп, еңбек жолын осы Кенелі бөлімшесінде медбике болып бастаған. Осы салада 40 жылдай еңбек жасап, халықтың алғысына бөленген адам. Аудандық, облыстық денсаулық сақтау бөлімдерінің грамотоларымен, алғыс хаттармен марапатталған. Отбасында 6 бала тәрбиелеп өсірді. Қазір бұл кісілер Кенелі фермасында тұрады, зейнеткерлік демалыста. Балалары ер жетіп азамат болған.

НӨКЕШҰЛЫ Болат (1941 ж.т. Ақтоғай ауд., Ленин колхозы., 1991ж.к.). Жастайынан жұмысқа араласты. 1958-59жж. Майтаста сүт тасыды. 1963ж.

әскер қатарында азаматтық міндетін атқарып оралған соң мал шаруашылығында еңбек етті. 1975-77жж. Сүйірбай

қыстағында «До-стар» бригадасына жетекшілік етті. Кейін жеке отар алып Қожа қыстағында мал бақты. Жүз қойдан жүз қозы алып міндеттемесін орындап атақты шопан болды. 1984 жылы «Еңбек ардагері» атанды. 1986ж. денсаулығына байланысты шопандық жұмыстан шықты. Елу жасында дүниеден озды. Жұбайы Абдрахманқызы Рәзия (Үміт) (1945-2014) Совхозда сауыншы болып еңбек етті. Сегіз бала тәрбиелеп өсірген «Күміс» және «Алтын алқа» иегері, ардақты ана.

НӨКЕШҰЛЫ Марат

1952ж. туған. Ақтоғай совхозында туып-өсін, механизатор, тракторшы болып жұмыс жасаған. Жұбайы Әубәкірқызы Нұрзекенмен отбасын құрып, 3 бала тәрбиелеп өсірді. Марат әкеміз өзі жеке «Бекет» шаруа қожалығын құрып, сол шаруа қожалығында мал басын өсіріп еңбек жасауда.

НҰРБАЙҰЛЫ Егінбай (1909-1962ж.) 1953 жылы Шылым колхозынан көшіп келген. Өмірінің соңына дейін «Ақтоғай» совхозында тұрды. Қоңырат ауданы Орман шаруашылығының Сарыте-



рек ауылында «Орман күтушісі» болып жұмыс істеді. Жұбайы – Нұрбаева Рахия(1910-1981жж.) үй шаруашылығында болған.

НҰРБАЕВ Өмір Егінбайұлы (12.9.1954ж.т.Сарытерек ауылы.). Сарытеректегі орта мектепті бітірген. Сарытерек ауылында шофер болып жұмыс істеді. Кейін Ағадыр станциясына ауысып, сол жақтан зейнеткерлікке шықты. Ағадыр кентінде тұрып жатыр. Жолдасы – Қаратаева Гүлзабира.

НҰРБАЕВ Темірбай Егінбайұлы (28.01.1947ж.т.). Сарытерек орта мектебінде оқыған. «Бурабай орман шаруашылық» техникумын бітірген. Ақтоғай орман шаруашылығында қызмет жасап, солжердензейнеткерлікдемалыска шықты. Қызмет еткен көп жылдар ішінде Мақтау қағаздары мен «Еңбек ардагері» деген медалімен марапатталған. Жолдасы – Лоренц Дана (11.05.1949ж.т.). Отбасылы, Қарағанды қаласында тұрады.

НҰРҒАЛИҰЛЫ Рақыманберлі (1952ж.т. Ақтоғай совхозы, Сарытерек аулы). Дәулетқызы Зеремен отбасын құрып, Фархат, Мақсат, Гүлжаһан атты балаларын тәрбиелеп өсірген. Рақыманберлі Сарытеректе орта мектепті бітірген соң совхозда К-700 тракторын жүргізіп, тракторист болған. Зайыбы Зере совхозда мал төлдету, қой қырку т.б. жұмыстарды атқарған.



Кейіннен Балқаш қаласына қоныс аударып екеуі де өмірден өтті. Балалары ер жетіп, бір-бір шаңырақ иесі болған.

НҰРЛАНОВ Әзімхан -1966-1975 жылдар аралығында. 1956 жылы Қарағанды педагогикалық институтын бітіргеннен кейін М.Горький атындағы орта мектепте мұғалім, Қуаныш сегізжылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры, Еңбек кеңшарында кәсіподақ ұйымының төрағасы, Жақып Ақбай атындағы орта мектебінің директоры қызметін атқарған.Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, «Ерен еңбегі» үшін медалімен марапатталған.

НҰРЛАНОВ Кеңес (1.03. 1962ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы). 1969-1979жж. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылында орта мектепті бітірген. 1979-1983жж. Т.Жүргенов атындағы



Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино және драма актері» мамандығы бойынша КСРО халық артисі, профессор Шолпан Жандарбекованың сыныбын бітірген. 1983-1993жж. Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актері. 1993-2007жж. Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері. 2007 жылдан Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының актері. 1996 жылы Қазақстан жастар одағы сыйлығының иегері. 2006 жылы «Ерен еңбегі» үшін медалімен, 2012 жылы Елбасының Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен марапатталған. М.Әуезов «Айман-Шолпан» – қортық шал, «Қарагөз» – Нарша, «Еңлік-Кебекте» – Кебек, «Абай» – Әбдірахман, Керім, Ғ.Мүсірепов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» – Қозы, Қодар, «Ақан сері-Ақтоқты» – Балта, М. Мақатаев «Қош махаббат» – Қасым, Г.Гауптман «Ымырттағы махаббат» – Ганефельд, С.Мұқанов «Мөлдір махаббат» – Бүркіт, Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейнесі» – Құмар, Қ. т.б. көптеген рөлдері сомдаған.

НҮРМАҒАНБЕТОВ Елубай (1916ж.т. Қарқаралы уезі, Берікқара болысы., Семей губ.). - Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1960 жылы наурыз айынан бастап Ленин колхозының төрағасы болып еңбек еткен 1961 жылы қазан айында колхоз жұмысын Рымқұлов Дүйсенбайға тапсырған.

НҮРШИН Мухамеди (1894 ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек с.о.,-1979ж.к.). Жас кезінде молдалардан дәріс алып, сауатын ашқан. Сарытерек селолық округі аумағында алғаш құрылған Ленин атындағы колхозға мүше болып әртүрлі жұмыс атқарған. Қазіргі Айыртас селолық округінің аумағында Ленин колхозының Шұбартау атты отгоны болған. Сол отгонға Нұршин Мухамеди жанұясымен 1948 жылы шопандыққа жіберіледі. Сонда шопан болып 1959 жылға дейін еңбек етеді.

Ол кісінің қоғам жұмысына деген жауапкершілігі өте жоғары болған. Бекітілген қоғам малын аман сақтап, өнімділігін арттыруға бәйбішесі Нұршина Жамаш екеуі баса назар аударып, қажырлылықпен еңбек еткен. Ол кездердегі қиындықтарға қарамастан жақсы еңбек көрсеткіштерге жеткен, мал бастарын аман сақтап, өз төлінен өсіріп, қоғамға үлестерін қоса білген.



Туысқандар, елдер арасында сыйлы, беделді болған.

Отбасында 3 ұл, 1 қыз өсіріп тәрбиелеген. Олардан бірнеше немерелері, шөберелері, жиендері бар. Отгоннан Сарытерекке 1961 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін көшіп келеді. Бәйбішесі Нұршина Жамаш (1902-1964жж.) аталған колхозда шопан көмекшісі болып еңбек етті. 1964 жылы қайтыс болды.

НЫҒМАН Балтабай (1902ж.т. Қарашілік, Нығман қыстауы.) Зайыбы Жамал Айдарханқызымен (1881-1954жж.) отбасын құрып, жанұяда Дәмелі, Зәрубек, Жолтай, Саттарбек, Сәтімбек атты балалар тәрбиелеп өсіреді. Дәмелі, Зәрубек өмірден ерте озды. Балтабай қолхоз жұмысына атсалысты: тоған қазып егін шаруашылығында жұмыс істеді. 53 жасында өмірден өтті. Жамал Айдарханқызы алдыңғы қатарлы сауыншы болып көп жылдар бойы Ленин колхозында үздіксіз жұмыс жасады. 1954ж. 73 жасында қайтыс болды.

НЫҒЫЗБАЕВ Нұрымхан (т.ж.к.) Ақтоғай совхозының ауылшаруашылық саласында механизатор болып еңбек етіп, ауыл экономикасының дамуына елеулі үлес қосты. Бүгінде зейнет демалысына шығып, Қарағанды шаһарында тұрады. Жұбайы – Қожақова Сарқыт жастық шағын

ауылды гүлдендіру жолына жұмсап, көп еңбек етті. Алты баланың анасы, күміс алқа иегері, бүгінгі таңда немере-шөбере сүйіп отырған ардақты ана.



ОМАРОВ Ахан (1.01.1937 ж.т. Қытайдың Құлжа қаласында.,- 2007ж.к.) Ата жұрты-Қазақстанға 1961 ж.қараша айында келген. Сол уақыттан бастап Ақтоғай ауданы Сарытерек совхозында 1994 жылға дейін шопан болып, мандай терін төгіп еңбек етті. Балаларын тәрбиелеп өсірді. 1994 жылы зейнетке шығып Сарытерек совхозының Ақтұмсық елді мекенінде орнықты.

ОМАРБАЕВ Сүндет (1932ж.т.-қ.ж.б.) Қаршадай кезінен колхоздың козы-лағын бағып, еңбек етті. 1941ж. Ұлы Отан Соғысы басталып, колхозда жұмыс істеп жүрген үлкендер майданға кетіп ауылда жұмыс істейтін жасы ұлғайған ақсақалдар мен қыз-келіншек, аналар және жасөспірім балалар ғана қалды. Сарытерек ауыл советіне қарасты төрт колхоздың бірі «Үш өзек» колхозында оқудан қол үзіп, 1943-1947жж. қой баққан. 1948ж. бастап қол үзіп қалған оқуын



жалғастырып, 1951ж. жетіжылдық мектепті бітіріп, колхозшы болып жұмыс істеді. 1952-1956жж. Совет армиясының қатарында болып азаматтық парызын өтеп келген соң «Ленин» колхозда есепші болды. 1963ж. Ақтоғай совхозы құрылған кезден бастап совхозда есеп айырысу бухгалтері, 1965-1974жж. еңбекақы жөніндегі экономист, бухгалтер болып еңбек етті. Ақтоғай ауданық Госстрах мекемесінде агент болып екі жұмысты қатар атқарған. Совхозда жұмыс істеген кезінде атқарған еңбегіне қарай бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталды. 1992 жылы еңбек демалысына шығып, 1994 жылы жұмысты тоқтатты. 10.06.1985ж. «Еңбек ардагері» медалімен және бірнеше мерекелік медальмен марапатталған. Жұбайы- Билялова Күлзада екеуі отбасында 8 бала тәрбиелеп, барлығына жоғарғы білім әперін, үйлендіріп, немерелерінің қызығын көрін өмірден өтті.

ОМАРОВ Дәлмағанбет Мұхтаевич (1949ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы., 2009ж.қ.). 1975ж. Қараганды педагогикалық институтын бітірген. Сол жылдан бастап Сарытерек ауылының орта мектебінде ұзақ жылдар мұғалім болып жұмыс істеді. Жас ұрпақты спортқа баулуда тынбай еңбек етін,

шәкірттер тәрбиелеген ұлағатты ұстаз болды.

ОМАРОВ Төлеубек (1902ж.т. Қоңырат ауд., Сарытерек ауылы.,-



1969ж.қ.). 1935-39жж. «Еңбек» колхозында, 1942ж. қаңтарынан осы жылдың қазан айына дейін «Үшөзек» колхозында басқарма болып жұмыс істеп, Ұлы Отан соғысына аттанған. Соғыстан 1945ж. елге аман-есен оралды. Қан-майданды бастан өткерін келген Төкең - «Ерлігі үшін», «Ленинградты қорғағаны үшін», «Берлинді алуға қатысқаны үшін» т.б. медальдарымен марапатталған. Елге оралған соң 1953ж. «Пушкин» колхозында басақарма, 1953-62жж. Қарабұлақ МТС-та жанармай бекетінің меңгерушісі болып еңбек етті. 1962 жылы зейнеткерлікке шығып, Ақтұмсықта жанармай бекетінде жұмыс істеді. Жұбайы-Разакова Жолды (1920ж.т.) тоғыз бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана.



ОҢҒАРБАЕВ Ақжолтай
Дауылбайұлы (1932ж.т. Ақтоғай



ауд., Сарытерек ауыл., Қожа қыстағы). Білімі орташа, байланыс техникумында оқыған. 1948ж. Шұбартау мал отгонында радист болып еңбекке араласты. 1959ж. армия қатарында азаматтық парызын өтеп оралған соң, Ленин колхозында есепші болып қызмет атқарды. Үлгілі еңбегімен көзге түскен жасты 1961 жылы аудандық комсомол комитетінің пленум мүшелігіне және тексеру комиссиясының мүшелігіне сайлады. 1963ж. совхоз құрылған кезде №3 фермада, 1966 жылдан 1969 жылға дейін ферма бухгалтері болып қызмет істеді. 1969-1972жж. совхоздың жабдықтау бөлімінің инженері болды. Совхоз басшылығы Ақжолтайды қай жерде жұмыс жөнді жүрмей жатса, сол жерге жіберіп отырды. 1972ж. №1 ферма меңгерушісі, 1974ж. совхоз директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болып осы қызметті 10 жыл абыроймен

атқарды. 1984-1986жж. құрылыс мастері, одан кейін прораб, техника қауіпсіздігінің инженері, еңбекақы жөніндегі экономист, 1990-1994 жж. мал семірту зоотехнигі болып өзінің қарапайым да адал еңбегімен құрметке бөленген жан. Ұзақ жылғы совхозда атқарған жұмыстары еленбей қалған жоқ, 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалінің иегері атанды. Зейнетке шықса да ауыл өміріне араласып, шамасы келгенше қолынан келген көмегін аямай еңбек етті. Оңғарбаев Ақжолтай жұбайы Екатерина Тюрбаева екеуі он екі ұл-қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ата-ана. Үлкен әулет.

ОРАЗБЕКОВ Саулебек (10.09. 1950 ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.) 1967 жылы Сарытерек орта мектебін бітірген. 1969-1971жж. Әскер қатарында болып, азаматтық борышын атқарып келген соң 1973 жылдан бастап 1977 жылға дейін Ақтоғай совхозында жүргізуші болып, ауыл шаруашылығында еңбек етті. Өмірлік қосағы Айтжанова Үміт (15.08.1950 ж.т. Сарытерек ауылында). 1968 жылы Сарытерек орта мектебін бітірген соң 1970 жылы Балқаш қаласындағы сауда училищесіне түсін, оны 1970 ж. ойдағыдай аяқтаған. 1972-1977 ж.ж. Сарытерек ауылында дүкенде сатушы болып жұмыс жасады. Екі

баланың анасы. 1977 жылы отбасы жағдайымен Балқаш қаласына қоныс аударды. Қазір екеуі де зейнеткер.



ӨКІМБАЕВ Еркін Берікұлы (1962ж.т. Ақтоғай ауд.,) - мұғалім. 1985ж. ҚарМУ-дің филология факультетін бітірген. 1985-1987жж. «Еңбек» совхозының «Ақтас» тоғызжылдық мектебінде, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1987-1990жж. Сарытерек орта мектебінің директоры болған. Осы 1988 жылы совхозда жаңа мектеп салынды. Отбасы – жұбайы Саналиева Әлия Тілеумбетқызы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауд., Ақши селосының тумасы. Мамандығы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Өнегелі жанұя.

ӨМІРБЕКОВ Ақтайбек (1896 ж.т. Ақтоғай аудан., Ленин колхозы., 1980ж.к.). Ақтоғай ауданы (Қоңырат) Ленин колхозының атақты шопаны болды. 1955 жылы Москваға «Еңбек озатарының көрмесіне» қатысқан. 1961 жылы семьясының қай-



тыс болуына байланысты қараша айында қойдан шығып, отарды Н.Тапаловқа тапсырған. Осы кісінің жетістіктерінің нәтижесінде екінші рет орнына Н.Тапалов 1962ж. ақпан айында Москваға көрмеге барып қайтты. Облыстық, аудандық, республикалық Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ӨМІРБЕКОВ Аққасқа (1892-1972жж.) Ақтоғай (Қоңырат) ауданының Ленин колхозында түйе фермасын басқарған. Қоянғөз қыстағында түйе баққан.

ӨМІРТАЙҰЛЫ Тұрсынбек (Түймішін) (1880ж.т. Жетімшоқы ауылы.,-1966ж.к.). Соғыс кезінде шөп шабу, мал бағу, соқа басын ұстаусияқты жұмыстарға қатысқан. Жолдасы Солтабаева Тауық (2.03.1910ж.т.-01.06.2008ж.к.). Ата-анасынан ерте айырылған. Ұлы Отан соғысы кезінде ел басына түскен ауыртпалықты басынан кешкен. Тоқырауын өзенінен тоған қазып, суды бұрып егін салуға көмектескен. Колхозда егін жинау, шөп тасу, сиыр сауу сияқты науқандық жұмыстарға қатысқан. Тылдағы “Ерен еңбегі үшін” медалімен марапатталған. Бос уақытында киіз басу, сырмақ, түскиіз, құрақ құрау сияқты қолөнермен айналысқан. Балалары бәрі де ержетіп ел азаматы атанған.

ӨСЕРБАЕВ Мауыш (1900-1974жж.). Ленин колхозында шо-

пан болды. Қарақия, Байғозы, Қойтас қыстағында қой баққан.

Алтай бабамыздың найман ұрпағынан тарайды. Жабас атасы Кеңесбай өз заманында ауқатты адам болған. Кеңесбай бабамыздың қыстауы «Кеңесбай корасы», «Кеңесбайдың Ақшиі», «Кеңесбайдың көк талы» деп аталған. (Қазір Майтас қыстағы деп аталады). Алғашқы совхоз құрылғанда ескі картада көрсетілген. Бұл туралы деректер аудандық жер комитетінде сақтаулы. Кеңесбай 63 жасында дүниеден озған. Жабас әкейдің әкесі Халиолла ескіше сауатты. Абайдың өлеңдерін жатқа айтады екен. Әлихан Бөкейханов Думаға депутат болып сайланарда ел ішіндегі үш адам куәлік берген, соның бірі Халиолла Кеңесбаев, екіншісі Аяпберген Балабатыров, үшіншісі Сүлеймен Бектібаев. «Осы деректі Қ.Әбішев Ресей мұрағатынан алған құжаттарда кездестірген», дейді Аяпберген Балабатыров. Онда куәліктің 1906ж. 1 мамырда жазылғаны көрсетілген. Соның алдында 30 сәуірінде тағы жеті адам Әлиханның Думаға өту үшін куәлік берген екен. Онда Халиолла әкеміздің аты көрсетулі тұр, дейді. Қуандық Сәденов. Құлық Жалаңтөс (Соқыр) ұрпағының шежіресінде 2009ж. жазылған.



РАЙЫМБЕКҰЛЫ Бейсеке (т.ж.к.) Қарақұла колхозында туып өскен. Бейсеке Қарақұла колхозында тоған қазып, егін салып, мал баққан және мал емдеуші болып жұмыс атқарған. Зайыбы Онбай қызы Күлзағира да ауыл шаруашылығында еңбек еткен. Отбасында: Смел, Қайыржан, Дәмелі, Қамар атты балаларын өмірге әкелген. Дәмелі өмірден жастай озған.

РАЙЫМБЕКОВ Өмірбек (Өкен) (8.03.1949ж.т. Ақтоғай ауданы, Киров колхозы, Буденный ауылы). 1964 жылы орта мектепті бітірген соң, Қарқаралы зоовет техникумында оқыды. Еңбек жолын кіші мал дәрігері болып бастады. 1976ж. бастап, Ақтоғай совхозында мал дәрігерлік қызмет атқарды. Содан өмірінің соңына дейін осы салада жұмыс жасады. Жұбайы-Ахметжанова Сәуле екеуі 8 бала тәрбиелеп өсірді. Сәуле апай 8 баладан 17 немере сүйіп отырған бақытты әже.

РАКИШЕВ Болат Төлегенұлы (1.11.1949ж.т.). 1965ж. Қарағанды қаласындағы №26 қазак

мектебінде 8 класты бітірген соң, 1969ж. Қарқаралы қаласындағы зооветтехникумында оқыған. Ақтоғай совхозының №1 фермасында зоотехник болып жұмыс істеді. 1971-73жж. әскери борышын Норвегия шекарасы - Мурманскіде өтеп келді. 1973-79жж. Қарағанды қаласындағы мединститутты оқып бітірді. Осыдан бастап Алматы қаласындағы онкологиялық емханасында бас дәрігер болып еңбек етті. Жоғары дәрежелі дәрігер. Меккеге Сауда Арабиясының королінің шақыруымен құрметті қонағы ретінде болып қайтқан. 4 рет қажылыққа барып келген. Қазір зейнеткер. Астана қаласында тұрады. Жолдасы Ахметова Раиса инженер-электрик. Үш баласы «Болашақ» бағдарламасы бойынша Парижде оқып келген. Мадинасы Астана қаласындағы ұлттық өнер институтында мұғалім.

РАКИШЕВ Балта (Боташ) Төлеубекұлы (7.05.1949ж.т.) 1956ж. Қарағанды қаласындағы Киров атындағы №65 сегізжылдық мектепті 1963ж. бітірген. 1966ж. Қарағанды қаласына «Часовой» мастер мамандығын оқып, 1967-68жж. Ақтоғай ауданында тұрмыстық комбинатта шебер болып жұмыс істеген. 1968-70жж. Ташкентте әскери борышын өтеген. 1970-92жж. Ақтоғай со-



вхозында шофер болып ұзақ жыл еңбек етті. Денсаулығына байланысты зейнеткерлікке ерте шықты. Әлі күнге ауылдың қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, спорттық жарыстарға, соның ішінде: шахмат, дойбы ойнаудан ерекше үлгі көрсетіп, аудан, облыс бойынша I,II орынды жүлдегер атанып, бірнеше марапаттарға ие болған. Қазіргі таңда ардагерлер қауымының мүшесі. Жолдасы Тілеубекқызы Тоғжан екеуі балашагасын өсіріп отырған, бақытты жандар.

РАКИШЕВ Төлеген (1906 ж.т. Қоңырат ауданы, Ақтоғай ауданы) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Майданға 314 батальоның Атқыштарполкының құрамында танк пулеметшісі болып: Белоруссия, Польша жерлерін фашизмнен азат етуге қатысып, бірнеше рет ауыр жараланған. 1945ж. дейін сұрапыл соғыстың



нелер киын күндерін бастан өткерді. 1945ж. 18 шілдеден бастап Қиыр Шығыс майданына қатысып, елге аман оралған соң Т.Ракишев бейбіт еңбекке араласып, №3 Киров шахтасында еңбек етті. Соғыс және еңбек ардагері. «Германияны жеңгені үшін» т.б. мерекелік медальдарымен марапатталған. I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» және «Қызыл Жұлдыз» орденімен және бірнеше жауынгерлік медальдарымен марапатталған. Зайыбы Зүпін 6 бала тәрбиелеп өсірген, ардақты ана.

РАҚЫМЖАНОВА Гүлсім Қаленқызы (19—ж.т. Ақтоғай аудан.). Жолдасы Рақымжанов Қасенбек 1941ж. Ұлы Отан соғысына аттанды. Гүлсім Қаленқызы содан бастап, еңбекке араласып ауылда егін егу, мал өсіру, мал азығын дайындау тағы басқа шаруашылық жұмыстарында 1966 жылға дейін еңбек етті. Кейін сиыр фермасында ұзақ жылдар бойы сауыншы болды. Ленин колхозынан екі бөлімше Қарашілік, Кенелі қыстағынан 20 шақты үй жаз айында Былқылдақ май зауытына көшіп барып, сәуір айынан қазан айына дейін күнделікті үш мезгіл сиыр сауып, май жинап сүт зауытына жөнелтіп отырды. Әр сауыншы күнделікті үш мезгіл 70-тен аса сиыр сауып еңбек жасады. Кейінде қазіргі «Еңбек» совхоз. Ақтас де-

ген жерде еңбек етті. Бастапқы кезде өндірілген май зауытқа өгіз арбамен жеткізілсе, кейінде арнайы сүт таситын машинасымен күнделікті үш мезгіл жеткізіліп отырған. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін 1946 жылы «Тыл ардагері» медалімен марапатталған. Балаларын өсіріп олардан немере, шөберелерін көріп ұзақ өмір сүрді.

РАМАЗАНОВ Қабылбек

(1928 ж.т. Қоңырат ауданы, Қарашілік е.м.). Сарытерек мектебін 1941ж. бітіріп, Қарағанды қаласындағы мұғалімдер даярлайтын училищеде оқыған.



Одан кейін Алматыда кооператив училищесінде оқып есепшілік мамандық алған. Қабекеңнің бүкіл саналы өмірі Ақтоғай ауданына қарасты совхоз шаруашылықтарында бухгалтерлік жұмысқа арнаған. Шұбартау, Ақтоғай совхоздарында есепші болып еңбек етті. Мамандығы есепші болса да ол сөзге шешен, жазуға шебер адам. Өлке тарихына қатысты «Тоқырауын бойы - тектілер мекені» атты кітабы туған өлкенің



өткен тарихынан сыр шертетін жақсы дүние. Қабекеңнің балашағалары ержетіп, бүгінде немере, шөбере көріп отырған, абыз ақсақалдың бірі.

РАХЫМБЕКОВ

Рахман (1926ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек селосы.), 1940-1947жж. Совет Армиясының қатарында болған. 1947-1949жж. Бірлестік колхозында қойма меңгерушісі болып қызмет жасаған. 1959-1960жж. колхозда бас есепші, 1962-1963жж. экономист болып қызмет жасаған. Одан кейін Ақтоғай совхозында 10 жыл бас экономист болып еңбек етті. Осы совхоздың Желтау бөлімшесінде жанар-жағар май станциясының бастығы болып еңбек етті. Дәл осындай қызметпен 1979 жылы Жәмші кеңшарына ауысқан. Сол қызметті зейнетке шыққанға дейін атқарған. 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, 1985 жылы «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 40 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. Бірнеше жылдар КПСС мүшесі болған. Рахман ата Жәмші ауылында жерленген. Зайыбы, Тоқабаева Майра Тоқабайқызы, колхозда әртүрлі жұмыстар жасаған. I және II



дәрежелі «Ана» медалімен, III дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған. 1991 жылы «Алтын алқа» белгісінің иегері болды. Отбасында 10 бала тәрбиелеп өсірген. **Раханның балаларының** бәрі орнықты, өз беттерімен оқып, жоғарғы білім алып әкелерінің өнегелі жолын жалғастыруда.

РАШЕВА (Баязитова) Рашида Зиннатулақызы (21.10.1921 ж.т. Татарстан Республикасы, Қазан қаласы., - 19.02.2003 ж.к.). 1941 жылы Ұлы Отан соғысының отты жылдарында еңбек жолын Қазақстанның ырысты даласында бастаған. Он сегіз жасынан бастап, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Калинин колхозында, одан кейін 1963 жылдан бастап 1988ж. дейін Сарытерек совхозында мал дәрігері және дәріхана меңгерушісі болып қызмет атқарған. Еңбек пен ізеттіліктің нәтижесінде келесі сый-құрметтермен: «Еңбек Ардагері», «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің отыз жылдығы» мерекелік медалі, «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің елу жылдығы» мерекелік медалі т.б. мерекелік медальдарымен марапатталған. Ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес



қосқан қайраткер, тыл қызметкері. Сегіз бала тәрбиелеп ұлын ұяға, қызын қияға қондырған қадірменді ана, ел құрметтеген игі ниетті аяулы жандардың бірі болған.

РЫМКҰЛОВ Дюсембай (Дүйсенбай) (1927 ж.т. Ұлы Октябрь колхозы, Амангелді а.с., -1977ж.к.)

мамандығы агроном. Қарағанды совет. партия мектебін бітірген. 1943ж. «Ұлы Октябрь» колхозында ауылдық кеңестің хатшысы, Амангелді ауыл советінің төрағасы қызметін атқарған. 1954ж. ақпан айынан бастап 1954ж. желтоқсан айына дейін «Ұлы Октябрь» колхозының төрағасы қызметін атқарды. 1954-55жж. біржылдық кадрларды даярлау курсында оқып білімін жетілдірген. 1955ж. бастап «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы колхозда, колхоз бастығының орынбасары болып еңбек еткен. Сол жылдары еңбек озаттарымен бірге Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Осы қызметті атқарып жүргенде оны үшжылдық Қарағанды партия мектебіне оқуға жібереді. Оқуды 1961 жылы 26 тамыз айында бітірген соң Ленин колхозының төрағасы бо-



лып тағайындалды. Осы қызметті ол 1964 жылға дейін атқарып, Ленин колхозы совхоз мәртебесін алған соң Ақтоғай совхозының директоры болып табанды қызмет атқарды. Ол өте іскер, білімді, білікті азамат болды. 1963 жылы мал азығын дайындау жұмысы 50 пайызға, жылдық жоспар 79 пайызға ғана орындалып, совхоз жұмысы шабандап қалды деген себеппен 1964 жылы қызметін Ибраев Жұмағұлға тапсырды.

РЫСБЕКОВ Жақыпбек (1910ж.т. Ақтоғай ауд., Сарытерек окр., Жетімшоқы ауылы., -1976ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Ескіше араб тілінде молдадан оқып сауатын ашқан. Қарқаралыда алты айлық мұғалімдер курсы тәмамдаған. Ақтоғай ауданында бастауыш мектеп мұғалімі, Партия мектебінің нұсқаушысы, сауда мекемесі бастығының орынбасары болып қызмет істеген. 1939 жылы үздік қызметі үшін облыстық сауда мекемесінің құрмет грамотасымен марапатталып, сыйлыққа велосипед алған. 1942ж. март айында майданға шақырылып, Сталинград майданына қатысқан. Соғыста полк командирінің атқышы болған. 1942ж. қазан ай-



ында аяғынан жараланып, елге оралған. 1942-43жж. «Каганович» колхозында басқарма, 1943ж. егін орып, мал азығын мезгілінен бұрын орындағаны үшін есімі Ақтоғай ауданының «Құрмет тақтасына» жазылған. 1944-1948жж. шикізат дайындау мекемесінде қызметкер. 1948-1950жж. «Ұлы Октябрь» колхозының басқармасы. 1950-1958жж. шикізат дайындау мекемесіне қайта шақырылды. 1958 жылы соғыстан алған жарақатына байланысты зейнеткерлік демалысқа шыққан.

РЫСБЕКОВ Қойшыбек Жақыпбекұлы (1956ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы). Еңбек жолын ауданда алғаш құрылған «Жалын» комсомол жастардың шопандар бригадасында аға шопан болып бастаған. 1976-78жж. Талғар ауылшаруашылығы



техникумын, агроном-ұйымдастырушы мамандығы бойынша, 1993ж. Алматыдағы Ауыл шаруашылығы институтын агроном мамандығы бойынша бітірген.

Ақтоғай совхозында спорт нұсқаушысы, Сарытерек селолық кеңесіне қарасты мәдениет үйінің директоры, Қаратал сохозында спорт нұсқаушы, комсомол ұйымының хатшысы жұмыстарын

атқарды. 1980-1984жж. Ақтоғай совхоз. комсомол комитетінің хатшысы, Қызыларай совхоз. бас агроном, Ақтоғай аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы, Ақши селолық кеңесі төрағасы қызметтерін атқарды.

1993-1995 ж.ж. Тоқырауын кеңшарында бас агроном, «Сарытерек» шаруа қожалығының мүшесі, Ақтоғай орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орманшысы, 2007-2008жж. Сарытерек с.о. әкімі аппаратының бас маманы болып еңбек етті. 2013ж. бері Шабанбай би а.о. әкімі, 2006 жылы облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, «Үздік мемлекеттік қызметші» номинациясымен марапатталған.

РЫСБЕКОВ Нұрғазы (Биғазы) (1942ж.т. Сарытерек ауылы, Ленин колхозы.,-2007ж.қ.). Сарытерек орта мектебін бітірген. Отан алдындағы әскери борышын атқарып келген соң, Жұмаханқызы Рыстаймен отбасын құрды. Еңбек жолын тракторист болып бастаған Биғазы, кейін бір отар қой алып, мал бағудың қырсырын игеріп, №2 фермадағы алдыңғы қатарлы аға шопанның бірі болды. Совхоз тараған соң жеке «Әлібек»



атты шаруа қожалығын құрып кейін де жаңадан «Қойгелді-баба» қыстағын салды. Жұбайы Рыстай мен балалары шаруашылығына ие болып, кенже ұлы Батырлан әкесі ұйымдастырып кеткен шаруа қожалықтың жұмысын жалғастырып, табысты еңбек етуде. Нұрғазы мен Рыстай жанұяда Бірлән, Баян, Гүлсан, Базарлан, Батырлан, Гауһар атты балаларын тәрбиелеп өсіреді. Екеуі де еңбекшіл, халқына сыйлы жандар-тын.



САБАНБАЙҰЛЫ Құрмажан (1927ж.т. Сарытерек ауылы Да-стар қыстағы., 2000ж.қ.). Соғыс кезінде егін егіп, егін оруға ат салысты. 1947 ж. Балқаш кен-барлау кәсіпорнына жұмысқа тұрды. 30 жылға жуық Бурабай кен-барлау учаскесінде мастер болып еңбек етті. 1968 жылы отбасы жағдайымен Сарытерек ауылы-



на көшіп келді. 1995 жылға дейін совхозда шопан болып абыройлы еңбек жасады.

САҒЫНДЫҚОВА Зайра (Капитан) Теміржанқызы (1.01.1926ж.т.). 1932ж. нәубетте ата-анасын ашаршылық тырнағынан араша-лап қалмақ болып, небары 16-17 жасында өрімдей жас қыз, елмен бірге жаяу-жалпылап, Балқашқа жеткен. Сол уақыт-тарда зауытта жұмыс жасай-тын кісі саны жетпегендіктен бірден жұмысқа тұрған. 1942ж. №3 цехта металды қолмен кесу станогында жұмыс жасап үйренген. Соғыс уақытында лен-та шығарып, пистолет, мылтық, танкі снаряд оқтарын дайындап, майданға жіберуге атсалысқан. Күніне 600 грам кара нан береді, одан басқа нәр сызбайды. Мұндай жоқшылыққа төзеалмаған соң Семей жаққа нағашыларына паналап кетеді. Уақыт өте келе ағасының қолдауымен Ақтоғай ауданы, Ду-анши ауылына мұғалім болып ба-рып, 4 жылдай еңбек жасайды. Одан соң малшы, шопан көмекшісі болып еңбек еткен. Тылдағы атқарған еңбегіне орай Үкімет та-рапынан бірнеше мақтау, марапат-тау алған.



САДИРБЕКОВ Медетбек
Сәдірбекұлы (1.01.1935 ж.т. Ақтоғай ауд., Қарағұла е.м.) 1942-43жж. ауыл мектебінде оқып сауатын ашқан. Сарытерек ауылында 7 класты бітірген соң, ауылда әртүрлі са- лада жұмыс істеген.



1954-56жж. әскерде болып, азаматтық борышын өтеп оралған соң, 1957ж. Қарағанды обл. То- керовкада бір жылдық механиза- тор дайындайтын курсты оқып бітірген. Содан Ленин колхозында механизатор болып жұмыс жаса- ды. Тың игеруге қатысқан. 1963ж. Ақтоғай совхозы құрылған соң №1 ферманың трактор бригадасының бригадирі, 1974-76жж. фер- ма басқарушысы болып еңбек етті. 1985 жылға дейін фермада тракторшылар бригадирі болып жұмыс жасады. Осы уақыт ішінде «Лениннің 100 жылдық» мерекелік медалімен және бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталған. Жұбайы Манасбаева Күлән (25.05.1940ж.т. Үшөзек колхо- зы.) Сарытеректегі жетіжылдық мектепті оқып бітірген соң, ау- ыл шаруашылығында еңбек етті. Наукандық жұмыстарға қатысты: қой қырқу, мал төлдету, шөп жи- нау т.б. жұмыстарға белсене ара- ласты. Отағасы Садирбеков Ме-

детбекпен екеуі 10 бала тәрбиелеп өсірді. 1985ж. Батыр ана «Ал- тын алқа» иегері атанды. Кейінен 1987ж. бастап сохоздың монша- сында жұмыс жасады. 1995ж. зейнеткерлік демалысқа шығып, немере-шөберелерінің қызығын көріп отырған бақытты ана.

САДЫҚОВ Жұмабек
 (1937ж.т. Ақтоғай ауданы Са- рытерек ауылы.) Сарытерек жетіжылдық мектебін бітірген. 1953ж. механизаторлық училищені бітіріп, ауылдағы алдыңғы қатарлы механизатор болған. Бұдан кейінгі колхозға жаңа келген техникалар- ды білікті маман ретінде тиімді пайдалануға бағыт бере білген. Ленин колхозында, Ақтоғай со- вхозында 45 жыл еңбек етіп, ау- ыл жастарының техника тілін тез игеруіне өз үлесін қосты. Ұзақ жылғы табанды еңбегі құзырлы орындар тарапынан: алғыс хат- тарымен, мақтау грамоталары- мен, мерекелік медальдармен ма- рапаттары. «Еңбек және тыл ардагері». Жұбайы Басеркина



Нұрбала 1938ж. туған, ауылдағы барлық ауылшаруашылық жұмыстарға қатысқан. Ақтоғай совхозының озат сауыншысы, озат қырықтықшысы, мектепте алдыңғы қатарлы жұмыскер болған. Отбасында 10 бала тәрбиелеген. Барлығына арнаулы орта және жоғарғы білім алуына қамқор болды. «Батыр ана» 1980ж. өмірден өткен. Жұмабек Садықовтың екінші жолдасы Жаныманқызы Рауза 1957ж. туған. 1984ж. Ақтоғай совхозында барлық ауылшаруашылық жұмыстарына қатысқан «Еңбек ардагері», екі бала тәрбиелеген.

САДЫҚОВ Махамбет (1941 ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Сарытерек ауылы, - 2007ж.к.). Сарытерек сегіз жылдық мектебінен кейін Отан алдындағы борышын өткеріп, ауылға келіп Қарағанды мұғалімдер институтының тарих факультетін бітірген. Сарытеректе мұғалім, мектепте әскери дайындық сабағынан берген. За-

йыбы Зина екеуі отбасында 7 бала тәрбиелеп өсірді. Кейінгі жылдары жұмыс жағдайымен Шұбартау совхозындағы мектепте мұғалім болып еңбек етті.

САДУАҚАСОВ Байдалы (1900ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Ленин колхозында, Қарабұлақ ауылы). Осы ауылда бала кезінен жұмыс істеген. 1928ж. колхоз құрылғанда, қой фермасының бригадирі, қой фермасының басқарушысы болды. 1924-25жж. зайыбы Абдырахманова Тийштық екеуі 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірген. Ұлы Байдалин Мұратбек 1941ж. 17 жасында соғысқа алынып, аға лейтенант дәрежесінде майданға қатысып, 25.01.1943ж. Вороженск обл., Германия ауданы, Прокудино деревнясы үшін болған ұрыста ерлікпен қаза тапқан.

САДУАҚАСОВ Әшірбек (1906ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Қарақұла ауылы). Латынша оқып, білім ала жүріп колхоздың әртүрлі жұмыстарын атқарған. 1941ж. соғысқа аттанған. Соғыста Калинин майданында атқыштар полкінің құрамында талай рет ұрысқа кірген. Соғыста 3 рет жараланып, 1945 жылы елге оралған соң көп жылдар ауылшаруашылығында әртүрлі жұмыстар жасады. Егісте бригадир болды. 1949ж. Ленин кол-



Торғай Маңғазбайқызының сөзі өтімді, іскер басшы болғанын айтып жүрді. Аудандық атком басшылығынан сан рет алғыс және марапат алған.

Торғай Маңғазбайқызы еліне елеулі қамқоршысы бола білген, турашыл адам ретінде көпшіліктің есінде қалды.

САЛПЫҰЛЫ Шаймерден (1887ж.т. Тоқырауын өңірінде.,-1954ж.к.). «Үшөзек» колхозында



да әр салада еңбек жасады. Бәйбішесі Қайша. Осы кісілерден туған балалары 4 ұл, 2 қыз Мәстәрия, Балқыбек, Қуатбек, Ақжамаш, Шалғынбай, Алшынбай.

Шалғынбай әкеміз (1922ж.т.) 18 жасында 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанды. Соғыста Сталинград шайқасына қатысып, көрсеткен ерлігі үшін «Ленин» орденімен марапатталған. Соғыстан аман-есен елге оралып, туған жерінде еңбек етті. Алтынбекова Торқа анамызбен отбасын құрды. Шалғымбай әкеміздің Шалғынбаева Жамал (1949ж.т.), Шаймерденов Марал (1952ж.т.) есімді балалары бар. Торқа анамыз колхозда үздік орақшы болып, Москваға барған. Сонда Н.Крупскаямен суретке түскен екен. Өкінішке орай,

ол сурет жоғалып қалған. 1952 ж. соқырішек ауруынан, анамыз Торқа 1954 ж. мезгілсіз дүние салды. Мәстәрия әпкемізден 1 ұл, 3 қыз дүниеге келді.

Дерек беруші ұрпағы.

САПАРБЕКОВ Орынбай— Ақтоғай ауданы, Сарытерек а.с.



дүниеге келген. Орекең де өмірдің қиындығын көріп, елмен бірге ауыр жылдарды бастан өткерді. 1933ж. Балқаш аймағындағы Рембазадан көлдің солтүстік батыс жағалауындағы Шұбартүбекке көшіп келін, әкесі сүзекіде жұмыс жасады. Анасы балықшыларға тамақ дайындап аспаздық жұмыс атқарды. 1936 ж. сол кездегі жалғыз қазақ мектебіне ілігіп оқуға барып, білім ала бастаған кезде, 1941 ж. соғыс басталып 6-сыныпты бітіріп үлгерген. Сол жылы 13-15 жастағы балаларды ФЗО-ға шақырып Орынбай да соған тіркеліп, мамандық алды. Осыдан кейін, сол кездегі мехцех зауыттың батыс жағында, көлге тақау Шилиауыз деген жерде болған. Үш айдай үйренуші шәкірт болып, кейін 2-3

разрядты токарь болып еңбек етті. О.Сапарбеков мұнан кейінгі бүкіл саналы өмірі Ақтоғай ауданы Сарытерек аймағында өткізді. 1969ж. ол Қарқаралыдағы малдәрігерлік техникумын, 1979ж. Қарағанды кооперативтік институтын бітірген. Қарапайым жұмысшыдан аудандық тұтынушылар қоғамының директоры қызметіне дейінгі жолдан өткен, ерекше ізденімпаз еңбекқор адам болды. Бүгінде Орекеңнің бала-шағасы ер жеткен. Бәрі де бір –бір үй болып әке өнегесін қалт етпей абыройлы еңбек етуде. Орекең бәйбішесі Зинаш екеуі ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, өздерінің шаңырақ құрғандарының алтын тойын да, гаухар тойын да өткерін бақытты ғұмыр кешкен өнегелі жандар. Деректер: О.Сапарбеков. «Өмір жолы» 2007ж. кітабынан алынды.

САНА БИ ҚОЖАНТАЙ-ҰЛЫ (1717ж.т.—1797ж.к.) Дадан тобықты Қалдау ішінде Ақсақ. Тарихи деректерге қарағанда ол Сыр бойында туган. Жоңғар шапқыншылығы кезінде қалың ел арқаға үдере көшкен үргінші заманда елді бастаған Сана би бабамыз, Қараменде бидің қапияда жол табатын, ойламаған жерде сөз табатын, жақсы көретін жан серігі болған. Өз заманында «қанатты кара» атанған қасиетті адам деседі. Ат ұстап, көлік мінбеген,

көзге көрінбей ұшатын қасиеті болған. Мазары Тоқырауын өзені бойындағы жалғыз төбе үстінде. Бұл жер «Сана би» деп аталады. 1994 жылы үлкен ас беріліп, мазары жаңартылды.

САПАРҒАЛИҰЛЫ Қалиасқар (1905ж.т. Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы Қаршілілік е.м.,-1973ж.к.) Қалиасқар «Қали» тоғанын қазуға, егін шаруашылығына атсалысқан. Өгіз арбамен «Бегазы» тауынан құрылысқа керекті ағаш тасып, тұрғын үй салумен айналысқан. Кейінгі жылдары Сарытерек, Ленин колхозында бақташы болды. Қалиасқар мен Нығыманқызы Камал жанұяда сегіз бала тәрбиелеп өсірді. Камал Нығыманқызы колхозда сиыр сауып, сауыншы болып көп жылдар бойы жемісті еңбек жасаған. Бұл кісілер ұлын ұяға, қызын қияға қондырып немере-шөбере көрген адамдар. Камал шешеміз 2001 жылы дүниеден озды.

Дерек берген: баласы Іңкәрбек.

САРМАНТАЙҰЛЫ Қалқай (Қалмұхамбет) (т.ө.ж.б.) Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, бұрынғы Тоқырауын болысына қарасты Қаракұла деген жерде туып өскен. Еңбек еткен. 1938-1942 жж. Қарашілік колхозының басқармасы болып қызметтер атқарған, ел ішінде үлкен беделге ие болған адам. Колхозда



басқарма, бас есепші, бөлімше меңгерушісі т.б. жауапты қызметтер атқарған. Ж ұ б а й л а р ы : Дәметкен және Райхан.

Қалқай 1943 жылы Ұлы Отан соғысына аттанған. Соғыста алдыңғы шепте жүргені туралы хатпен жазып, хабарлап тұрған. Қалқайдың соңғы хаты 1945 жылы 20 сәуірде келген екен. Осы соңғы хатында ауылға, балашағасына деген сағынышын мынадай өлең жолдарымен жеткізген. Елімде аман ба екен туыс-бауыр, Сұм соғыс бар халыққа

болды ауыр

Көтеріп қару жарақ, жаралыны
Бүгінде арқа біткен болды жауыр,-
деп ұзақ өлеңмен сағынышын білдірген.

САРЫТЕРЕК АҢЫЗЫ.

Аңыз әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Мұндай адамдардың ел үшін еткен еңбегі, қамқорлығы, халық намысын қорғауы, сол жолда жасаған игілікті іс-әрекеттері ел аузында аңыз эпсанаға айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Сондай дуалы ауыз абыз аталарымызға, батырлар мен билерімізге қатысты аңыз әңгімелер біздің қасиетті Сарытерек аумағында да аз кездеспейді.

Оған дәлел: Сана би, Саумал, Қазыбай бабаларымыз елге қамқор, көш бастаушы, қиыншылықтан алып шығар көреген, ауырғанын емдеп жазатын, ұрпақ тілегенге шынайы шапағаты тиген, ерекше тұлғалар болған. Сол сияқты көріпкел, дұғасымен халыққа көмегі тиген, ауа-райының құрғақшылық кезінде, егін, шөпке т.б ауыл шаруашылық жұмыстарының сапалы болуына қасиетті дұғасымен көмек жасаған деген аңыз әңгімелер ел аузында сақталған. Қазыбай бабамыз өзі батыр, аса қайырымды, аруақты ел сыйлаған, ерекше атағы елге жайылған. Ұлы тойларда баулан болса, ат жарысында бүкіл жұрт Қазыбайлап ұран шақырып, бәйге алатын болған. Ел аузында мақтанышпен айтылып жүрген Аю батыр, Өмірбек, Қорысбай, Ердене т.б. Атақты Абылай ханның сенімді қолбасшысы, кеңесшісі, руы тама Сенгірбай бабаларымыз осы Сарытерек ауылының киелі топырағында жерленіп, аруақтары, батырлықтары ел аузында аңыз болып айтылып жүреді. Абылай хан әртүрлі жорықтарда осы Сарытерек ауылының тұсында «Тоқырауын бойында айлап, апталап қаншама қолымен демалып, батырлармен кеңес өткізген» дегенді тарихтан оқуға болады.

Ауыл көлемінде Жалпаққайын,

Кереге тас сілемдерінен құлай аққан Ахмет еспесі. Ахмет-өте бай болған. Төрт түліктің бәрі біткен. Елге сыйлы, қадірлі адам болған деседі. Жетімшоқы тауына жақын қорасы, үйі болған, жұрты бүгінге дейін бар. Сонымен қоса екі жерде: Қызыладыр, Керегетас, сілемдерінде Шошалай деп аталған күзектері болған. Тоқырауынның оң жағында (батысында) Сарытеректің дәл тұсында биіктігі биіктігі 700 м. жақын Бәйті тауы орналасқан. Бәйті бір батырдың есіміне байланысты айтылған деседі. Оның қойны-қолатының шөбі шүйгін, суы бал, сай-сайы толған күміс бұлақтар, жыл мезгілдерінде ағысын тоқтатпайды. Бауырында қыстақ, күзектер орналасқан. Сонымен қоса Қаракұла, Доңғал тауларының өзін тән жақсы сипаттары, сулулық бейнелері көрген жанды қызықтырады. Ал Арқарлы тауы сай-сайымен биік жоталарында арқар, басқада аң түрлері көп болғандықтан, Арқарлы деп аталған. Ақбиік, Қызылжал тауының ел аузындағы аңызы мынадай оқиғаға негізделген: Атақты Аю батыр 10-15 жігіт көтере алмаған үлкен қара тасты жалғыз өзі иығына салып көтергенде аяқ киімі жыртылып, жалаң аяқ табанын тас жыртып аққан қанынан тау жотасында қызыл жол пайда бола-

ды. Осыған байланысты Сұрбет тауы Қызылжал атанып, Қызылжал қыстағы салынған. Атақты Балжан еспесінің бойында тұрған Тұрсынбек басы Қоскемпір аталып келген. Оның да бір себебі бар болар. Кенеліде Туыстың қайқаңы деген жер бар. Ол Байғозыдан 7-8 шақырым, Сарытеректен 10-15 шақырым, солтүстік батысқа қарай Қойтас пен Қарақияның ортасында тұр. Туыс деген Қараменде бидің төртінші ұлы. Шапқыншылық жылдары «ауылға жау келіп қалды» дегенде қалың қолға жалғыз шауып кеткен екен. Жаудың жасағына ие бермей бірнеше қарсыластарын аттан түсіреді. Соған ыза болған жоңғарлар оны қоршап алып найзаға түйреп өлтірген дейді. Сол ара Туыстың қайқаңы аталып кеткен. Бейті де сол жерде. Бұл айтқанымыз туған жердегі аңыз-әпсананың жүзден бірі ғана.

*Амантай Тойшыкенов,
Жанболат Башар*

САРЫТЕРЕК МЕШІТІ – мұсылмандардың құлшылық ғибадат жасайтын орны. Араб тілінде «масджид» сөзі қазақ тілінде «сәжде ететін орын» деген мағына береді. Мешіт - жамағатты ынтымаққа, имандылыққа, бауырмалдыққа тәрбиелейтін орын. Мұсылмандар 5 уақыт намаздарын мешітте оқиды. Мешітке дәрет алып, таза киім киіп бару керек.

Мұсылмандар мешітте бір-бірімен танысып, бір-бірін жақсы көреді. Мешітте шулауға, айғайлауға, ойнауға, намаз оқып жатқан адамдарға кедергі келтіруге болмайды. Мешіттерді Алла тағала және оның Пайғамбарлары, ізгі құлдары жақсы көреді.

Сарытерек селолық округінде 1999 жылы ауылдық забия мешіті ашылды. Ауылдық мешіттің ашылуына ауыл ақсақалдары, дін жанашырлары, жалпы ауыл тұрғындары, солардың жинаған садақа көмектерінің негізінде салынды. Ақтоғай ауданының Бас имамы Досмахов Ғабидолла Мұхтарұлының тағайындауымен ауыл мешіті молдасы болып Яхин Ерлан Жансұлтанұлы бекітілді.

СӘДЕНОВ Қуандық Мақсұтұлы (11.11:1961 ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы «Бірлестік»



колхозында (қазіргі Жалаңтөс батыр ауылы.) Ақын, сазгер, өлкетанушы. Абай атындағы Саран педагогикалық училищесінде, Жезқазған политехникалық және Қарағанды политехникалық институтының кешкі-сырттай бөлімінде оқып білім алған. 1982-1984 жж. — «Қарағандыгорсельпроект» жобалау институтының филиалын-

да техник-архитектор, 1985-1990 жж. — Балқаш кен-металлургия комбинатының құрылыс-жөндеу цехында ағаш шебері, 1990-1999 жж. — «Балқаш өңірі» газетінде тілші, редактордың орынбасары, 2000-2002 жж. — «Сырлас» газетінде тілші, 2003-2008 жж. ҚР Парламенті Мәжілісі депутатының депутаттық жұмыстарды ұйымдастыру штабында аудармашы болып еңбек етті. 2008 жылдан қазіргі күнге дейін екі тілде шығатын ақпараттық-коммерциялық «Пульс» газетінің қазақ бөлімінде тілші, редактордың орынбасары болып қызмет жасайды.

«Ару Балқаш әнім менің», «Ақтоғай ұлылар мекені», «Аяулы Жәмші мекенім», «Тоқырауын толғауы», «Қызылтас», «Алтын анам», «Аңсаған менің әнімсің», «Баһадүр бабам Жидекем», «Бақыт құсым», т.б. жиырмаға жуық әндердің авторы. Балқаш қаласының 80-жылдығына арналған әнұран авторларының бірі.

«Жырлайды жүрек» өлеңдер жинағы (2003, Қарағанды. «Арқо»), «Құлық Жалаңтөс (Соқыр) батыр ұрпақтарының шежіресі» (2009), «Құлықшежіресі» (2015) және «Ауылым Жалаңтөстің Қызылтасы» тарихи-энциклопедиялық зерттеу кітаптары (2016) жарық көрді. «Алтын анам» атты аудиоальбомы шықты (2011, Алма-

ты, «Меломан» фирмасы). Халық шығармашылығының Бүкілодақтық II фестивалінің лауреаты (1988), Балқаш қаласында өткен ақындар мүшәйрасының Бас жүлдегері (1998), облыстық отбасылық ансамбльдер конкурсының Бас жүлдегері (1989), Орта Азия мен Қазақстанның отбасылық ансамбльдері фестивалінің лауреаты (Шымкент, 1989).

С Ә Д Е Н Ұ Л ы



М а к ы п б е к
(0 1 . 0 5 . 1 9 3 4 -
- 0 9 . 0 6 . 2 0 0 8)
Мамандығы - есепші, жасынан колхоз, совхозда есепші болып қызмет атқарды.

С Ә Д І Р Б Е К О В

Амантай

(01.01.1942 ж.т. обл., Қоңырат аудан., Ленин колхозы., Карақұла ауылы). Әкесі

Қарағанды



Садуақасов Сәдірбек 20.02.1942ж. соғысқа аттанып, содан хабарсыз кеткен. Шешесі

Садуақасова Бибіхан 4 бала тәрбиелеп, колхоздың жұмысына ерлермен бірдей қатысып, еңбек етті. Амантай 1951ж. Шұбарайғыр деген жерде 3 жыл мектепте оқып, 1954ж. Карақұлада Рақымжан Кәріпбаевтан 1 жыл оқып, 1955ж. Сарытерекке келін, 1957-58жж.

оқу жылында 7 класты бітірген. 1959-1960жж. жоғарғы Қоңыратта механизаторлар дайындайтын курста 1 жыл оқып тракторист, шоферлық мамандығын алып шықты. Бұдан соң әскер қатарында болып азаматтық парызын атқарып келіп, 1964 жылдан бастап ауылда механизатор болып еңбек етін, екпінді еңбегі үшін бірнеше рет ВДНХ СССР-ның қола медалімен марапатталған. 1976-1977 жылдары аралығында «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1977-1979 ж.ж. социалистік жарыс жеңімпазы грамотасымен марапаталған. 1978 ж. қараша ұзақ жылғы екпінді еңбегі үшін Болгария қаласына демалуға жіберілген. 1983 жылдан бастап совхозда шопандардың жетіспеуіне байланысты, трактористермен 2 жыл қой бағып беруге шарт жасасқан. Қой бағуға «Қаракемер» қыстағы беріліп, жыл сайын әр 100 саулықтан, 90-100 қозы алып отырған. Осы ерен еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 1995 жылдары совхоз таратылып, сол жерде қожалық құрған. Қазір сол қожалықты кенже баласы Садірбеков Саят басшылық жасап мал басын өсіруде. Отбасында 6 бала тәрбиелеп өсірген қадірлі әке. Балалары әр салада жұмыстар жасайды.

С Ә М С І Н О В

Мақсұтбек

(1902-1975жж.) «Үшөзек» кол-

хозында егін бригадирі болып жұмыс жасаған. Одан 1956ж. Қызылтас бөлімшесінде егіп қоймасында қоймашы болды. 1965ж. совхоз орталығына көшіп келіп, зейнеткерлікке шыққан. Зайыбы Спанқұлқызы Разия-1904ж. туған. Колхозда әр түрлі жұмыс жасады. Көп жылғы еңбегінің арқасында «Еңбек ардагері», «Тыл ардагері» атанған. Отбасында 5 бала тәрбиелеп өсірген абзал ана.

СӘТБЕКОВ Сабырғалы

(1947 ж.т. Қарағанды обл.,



Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауыл.). Алғашқылардың бірі болып Ресейдегі Волгоград қаласының ауылшаруашылық институтының ме-

ханика факультетін бітіріп, инженер-механик мамандығын алған қойшының баласы. Еңбек жолын Жезқазған облысы Приозерный ауданында ауыл шаруашылық басқармасында бас инженер, кейін Айыртас совхозында бас инженер, кеңшардың ұжым басшысы болып қызмет жасаған. Қазақстан ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Балқаш қаласында тұрады. Зейнеткер.

СӘТБЕКОВА Төлеу Төрбекқызы (1936ж.т. Қар.обл., Қоңырат ауданы, Сталин колхозы, Қызылту бөлім.). Сәтбеков Шегендіктің

жұбайы. Зейнеттік демалысқа шыққанға дейін Ақтоғай совхозының №1 бөлімшесінде еңбек етті. 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.



Төлеу Төрбекқызы 1981 ж. он бала тәрбиелеп өсіргені үшін ССРО Жоғарғы Советі Президумының указымен «Батыр Ана» орденімен марапатталған, бақытты Ана. Астана қаласында тұрады.

СӘТБЕКҰЛЫ Шегендік

(1930ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай

ауданы, Сарытерек ауыл). Қарқаралы зооветтехникумын бітірген. Ақтоғай совхозында әр салада мамандығы бойынша қызмет істеп ел игілігін еселеу



жолында адал еңбек етті. Ұзақ жылғы мінсіз еңбегі үшін алған алғыс марапаттары аз емес. Зейнетке шыққан соң Ш.Сәтбекұлы екі мәрте (2012-2014жж.) Мекке-Мединеге барып, қажылық парызын орындады. Қазір Шегендік қажы Астана қаласында тұрады.

СӘТТІБАЙҰЛЫ Күсенбай -

(1833 жылдар шамасында туған.) Күсенбайдың бірінші әйелі Рабиға, одан Несіпбала туған. Несіпбаланың бала-шағасы бар, өзі өмірден озған.

Рабиға қайтыс болғаннан кейін Күсенбай екінші рет Омарқызы Нұрбибішпен отасып одан Төлеш есімді қыз дүниеге келген. Қазіргі уақытта ол кісінің жасы 80 –нен асып отыр, Ақтоғай ауданында тұрады. Жұмағыл- 1896 жылы Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы Желтаудатуып өскен. Сарытерек ауылында «Бес лақ» қыстағында, Жұмабайқызы Дәметкенмен отасып, 5 бала тәрбиелеп өсірген. Балалары: Сәбит, Тұрар, Рысжан, Алма, Жолдыбай. Балалары Сәбит пен Тұрар ертерек қайтыс болып кеткен. Қазіргі кезде Рысжан атты қызы Балқаш қаласында тұрады. Жұмағыл 1952-54 жылдары «Бес лақ» қыстағында сиыр бағып, кейінгі жылдары Желтаудың «Тойғанбай», «Нартай» қыстақтарында шопан болып еңбек еткен. 1962-63 жылдары зейнеткерлікке шығып, Сарытерекке қоныс аударып, балалары Алма мен Жолдыбайды оқуға беріп, тәрбиелеп өсірді. Жұмағыл ақсақал 1969 жылы дүниеден өтті.

Жазған: Жұмағылқызы Алма

СЕЙДИҒАЛИҰЛЫ Аманкелді (1944-1981жж.) 1963 жылдан бастап Ақтоғай кеңшарында жүргізуші болып еңбек жолын бастады. Аманкелді техника тілін меңгерген білікті маман болды. Кеңшардың маусымдық



жұмысынан сырт қалған емес. Еңбек екіпіндісі, озат жүргізуші атақтарын жеңіп алды, ауылдың Құрмет тақтасынан суреті түскен жоқ, селолық кеңестің бірнеше дүркін депутаты болды. Жары-Батталова Жанар (1944-1981жж.) екеуі алты ұл-қыз тәрбиелеп өсірді.

СЕЙДИҒАЛИЕВ Рахымберлі (1924ж.т.- Сарытерек ауылы., 2005ж.). Еңбек жолын Сарытерек колхозында есепші болып бастаған. 1948-1963жж. Пушкин атындағы колхозда, МТС колхозында, «Бидайық», «Бірлестік» колхоздарында және Ақтоғай ауданы өндірістік басқармасында бас есепші, бас есепшінің орынбасары қызметін абыроймен атқарды.

1963-1965жж. Шет ауда-



ны бойынша тұтынушылар одағының басшысы, одан кейін Ақтоғай ауданы шикізат дайындау мекемесінің басшысы, Ағадыр аудандық мемлекеттік статистика басқармасының төрағасы, Ақтоғай ауданы тұрмыстық комбинатының бас есепшісі болып ұзақ жылдар әр саласында тер төкті. 1973-76жж. Балқаш орман шаруашылығы комбинатының басшысы, кейін Ақтоғай совхоз. мал шаруашылығын асылдандыру зоотехнигі болып еңбек етті. Ол қайда қандай қызмет атқарса да шынайы турашылдығынан айнымады. Зайыбы Әсемхан Жүнісбекова қолы шебер, ісмертігінші болып еңбек етті. Отағасы Рахаң екеуі ұлағатты ұл, әдепті қыз өсірген өнегелі әулетбасы болды.


СЕЙТЖАНОВ Айғазы (т.ж.к.) Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданыны Ленин колхозында туған. Білімі – арнаулы орта. Талғар ауыл шаруашылық техникумын агроном мамандығы бойынша бітірген. Жолдасы Қайыркүл екеуі совхозда аға – шопан, көмекші шопан болып жұмыс жасаған.

СЕЙТЖАНОВ Биғазы (т.ж.к.) Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ленин колхозында туып өскен. Колхозда совхозда көмекші шопан, тракторист, шофер болып жұмыс жасады. Жұбайы- Динши-

на Жәміш науқандық жұмыстарға төл алу, мал қырку, көмекші шопан болып жұмыс жасады.

СЕЙТМҰҚАШЕВ Гинаят (27.01.1941ж.т. Ақтоғай ауданы, Сәуле селосы.). 1969ж. Алматы мал дәрігерлік институтын ғалым-зоотехник мамандығы бойынша бітірін, еңбек жолын «Қаратал» совхозының №2 бөлімшесінен бастаған. 1970-1973жж. аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1973-1978жж. аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі, 1978-1981жж. Ағадыр ауданы ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары және осы ауданда ауылшаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасы, 1982-1991жж. Ақтоғай аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, Ақтоғай совхозы партия комитетінің хатшысы болып қызметтер атқарды. 1991 жылдан Тоқырауын кеңшары директорының коммерциялық жұмыс жөніндегі орынбасары болды. Отбасында 4 бала тәрбиелеп өсірген.

СМАҒҰЛОВ Айтжан (1910 ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы., 1999ж.к.). 1943ж. Челябинск танк зауытында қару-жарак даярлауда тылда еңбек етті. 1946 жылы елге оралды. Бұрынғы Ленин колхозы, (кейін Ақтоғай совх.) 1989 жылға дейін қойшы болып



еңбек етті. Ұлы Жеңіске қосқан зор еңбегі үшін Ұлы Жеңістің әр он жыл сайынғы мерекелік медалімен марапатталды. Ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан өлшеусіз үлесі үшін, 1963 жылы сыйлыққа «Волга-21» автокөлігін алды. Айтжан Смағұловтың әкесі Смағұл құралайды көзге ататын мерген болған. 1932-1933 жылдардағы ашаршылықта аң аулап, көрші-көлемін аңның етімен, терісімен асыраған екен. Аңның киесінен ол кісінің екі көзі соқыр болып, 28 жыл отырған. Інісі Әбет деген кісі де, өнерлі, қолынан зергерлік бұйымдар, ағаштан халық тұтынатын заттар жасаған арба, шана, үй жиһаздарын тағы басқалар «Құрал-сайманы болса, ұшақ жасар едім» дейді екен. Осындай әкелерінен қасиет дарыған Айтжанның жалғыз ұлы Әбен ақынжанды, еңбекшіл болды. Ауыл шаруашылығында жүргізуші болып жұмыс жасаған. Өмірден өткен соң «Әке аманаты» атты өлеңдер әңгімелерін жинақтап жарыққа шықты. «Ұрпақ ұядан» деген осы екен.

Зайыбы Смағұлова Магзура еңбекшіл, ширақ, қолынан өнері тамған адам болды. Ол кісі жасаған «алты қанат ақұйы» еліміздің тойларына тігіліп, бағалы сыйлықтарға ие болған.

СМАҒҰЛОВ Әзібек (1926 ж.т. -1976ж.к.). Жылдары оқу ағарту саласында жемісті еңбек еткен. Сарытерек мектебінің 1963-65 жылдары директор болып қызмет істеген.

СМАҒҰЛОВ Күлмағанбет (1913ж.т. Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысында) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Қазан төңкерісінен кейін, Қоңырат ауданында 7 жылдық мектепті бітірген. 1933-1942жж. мұғалім болып еңбек етті. 1942ж. соғысқа аттанып, Украина майданында шайқасқа кірді. Майданда Будапешті, Вена қалаларын жау қолынан азат ету үшін сұрапыл ұрыстарды бастан өткерді. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «За взятие Будапешта», «За взятие Вены», «За отвагу», «Победа над Германией» секілді медальдармен марапатталды. 1945 жылы ноябрь айында соғыс аяқталып елге оралды. 1945-1946жж. «Каганович» колхозында басқарма болып бейбіт еңбекке араласты. Көп жылдар МТС-та кадр жөніндегі инспектор болып қызмет атқарды. Зейнеткерлікке шығар алдында бір талай жылдар бойы Сарытерек со-

вхозында пошта бөлімін басқарды. Жолдасы Жаңабаева Айбала екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірді. Балалары жан-жақта абыройлы еңбек етуде.

СМАГУЛОВ Токмағанбет (1915ж.т. Есекей бұлағы, Тау-



асар кыстағы., 1982 ж.ж.). Әкесі Смағұл алғашқы колхоз құрылғанда мал баққан, егіншілікпен айналысқан.

Токмағанбет әкесінің жанында жүріп Каганович, Ленин колхоздарында мал азығын дайындауға қатысқан. Қыста сиыр фермасында 20-30 бас сиырды күтін, көмек берген. Токмағанбет - немере ағасы Досжан қайтыс болған соң жеңгесі Жауһараға үйленген. Т.Смағұлов 1967ж. бастап совхоздан жеке отар қой алып, Жетімшоқы, Қаракемер, Алшағыр, Шұбаршілік, Үлкен Күнгеі қыстақтарында мал бақты. 1973ж. бастап 100 саулықтан 100-105 қозы алып, табысты еңбек етті. 1976 жылы зейнеткерлікке шыкса да қошқар, кәрі қой баққан. Еңбек ардагері атанып, көптеген мерекелік медальдармен марапатталған.

СМАЙЛОВ Жасымбек (1931ж.т. Ақтоғай ауд., Сарытерек колхозы.) Әкесі Смайлов Канафия – (1887ж.т. Қоңырат ауд., Сарытерек колхозы). Егін егін ауыл шаруашылығында жұмыс жасаған,

ол кісінің бәйбішесі Смайлова Дәми Мұсабайқызымен екеуі 14 бала тәрбиелеп

өсірген. Жасымбек Смайлов пен Берекен Садуақасқызының отбасында 9 бала өсіп ержетті. Канафия Күлзимасы өмірден ерте озды.

Қалған балалары ержетіп, жан-жақты азамат болған.

СМАЙЛОВ Канафия (1887ж.т.) Ұлы Отан соғысының



ардагері. Сарытерек колхозында туып өскен. Бәйбішесі Смайлова Дәми Мұсабайқызы өмірге 14 бала әкеліп, оларды тәрбиелеп өсірген абзал ана. Балаларының 2-уі жастайыннан өмірден озған. Алтынбек деген баласы Ұлы Отан соғысына кетіп содан хабарсыз. Қуатбек деген баласы 1956 жылы мемлекеттік қызметте милиция аға лейтенант болып, істеп жүргенде, қаза болды.

СМАҒҰЛОВ Төлеу (1947ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ау-

дан. Сарытерек ауылы.). 1969ж. Қарқаралы зоотехникалық малдәрігерлік техникумын бітірген. 1969 жылы Ақтоғай совхозының №6 фермасында зоотехник, 1969ж. Ақтоғай совхозының жүн сұрыптаушысы, 1980ж. 10 қазанда №3 фермада басқарушы болып еңбек етті. 1984ж. 13 қарашада Ақтоғай совхозы директорының орынбасары, 1987ж. №2 фермада зоотехник болып жемісті қызмет істеп, зейнетке шықты.

СПАТАЕВ Мұхаметжан (1912-1984жж.). Зайыбы Қуанышбекова Қауаш (1924ж.т.–1979ж.қ.) еңбек жолын 1946-47жж. Шу станциясында шойын жол салудан бастаған. Бір жылдан соң Ленин колхозына яғни, «Сарытерек» елді мекеніне оралады. Кейін «Шұбартауға» келіп, мал шаруашылығы жұмысына орналасады. Содан 1965 жылы «Ақтоғай совхозына» қайта оралып, туған аулында жұмыс істеді. Зайыбы Қуанышбекова Қауаш дүниеге он бір бала әкеліп, алтын құрсақты

ана атанып, 1971 жылы «Батыр Ана» орденімен марапатталған. Тыл еңбек ардагері.

СПАТАЕВ Нөкеш - 1906ж. Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Каганович колхозының (қазіргі Қоянкөз) қыстағының Аю батыр ауылында дүниеге келген. Ұсақ колхоздарда егін шаруашылығында жұмыс істеп, сиыршы болып еңбек



жасаған. Нөкеш әкеміз Кәмеш шешемізбен отбасын құрған. Кәмеш шешеміз - 1913ж. туған. Жанұяда Жаңыл, Болат, Бегімбай, Мұрат, Марат, Нәсіп, Бақыт атты балаларын тәрбиелеп өсірген. Кәмеш шешеміз еңбекке ерте араласып, егінші, сауыншы болып жұмыс жасаған. Нөкеш әкеміз 1941-43 жылдары Ұлы Отан соғысында Украина майданында атқыштар полкінде шайқаста жүріп оң жақ қолынан бастап, көзден ауыр жарақат алып, әскери госпитальде жатып, соғысқа жарамсыз болып елге оралады. Соғыстағы ерліктері үшін, «За победу над Германией в великой отеч. войны 41-45гг.», «За отвагу», «За боевые заслуги», «40 лет Победы в ВОВ», «Двадцать лет П. ВОВ», «70 лет ВС СССР» медальдарымен марапатталған.



СУ ДИІРМЕНІ. Бұрынғы кезде Тоқырауын өңірінде ұн тарту үшін су диірмен қолданған.



Өткен ғасырдың 1958-1959 жылдарына дейін осы өзеннің орта ағысында Кенжебек диірмені, Сембай диірмеі, Қасымбек диірмені жұмыс істеп тұрды. Бұлар әр колхозға (Ленин, Ұлы Октябрь, Таң) қарайтын. Диірмен

жаз, күз және қыс маусымдарында істеп, көктемгі тасқынның алдында бұзып алынатын. Тасқын аяқталған соң өзен (немесе оның бір тармағы) қайта бөгелетін. Бөген салу асар арқылы жүргізілетін.

Су диірменнің ең басты элементі екі дөңгелек тас (1-сурет). Тастың диаметрлері 80-95 см мөлшерінде, әрі үстіңгі тас астыңғыдан жеңілірек болуы шарт. Үйткені айналып тұратын үстіңгі тас астыңғы тасты қозғалта алмайтындай болуы керек. Сондықтан астыңғы тас қалыңдау, енділеу болып келеді. Сонымен қатар астыңғы тасты жиектей жұқа қаңылтырдан қоршау қойылады. Әйтпесе ұн жан-жаққа шашы-

рап ысырап болады. Қоршаудың тек шанақтың үстіне шығар тұсы ғана ашық болады да, ұн үстіңгі тас қозғалғанда қоршауды айнала ығыстырылып әкеп, шанаққа (жәшікке) төгіліп жатады (2-сурет).

1-суретте көрсетілгендей үстіңгі тас ортасына қарай ойықтала, ал астыңғы тас дөңестеле «безеледі», яғни, тастың ішкі беті арнайы балғамен тықылдата отырып тегістеледі. Бұған әдетте бірнеше күн уақыт кетеді. Астыңғы тастың дөңестігі үстіңгі тастың ойыстығына қарағанда «жұқалау» болып келеді. Сондықтан екі тастың арасындағы қуыс олардың шетіне қарай тарыла береді де, әуелгі дән жармаға одан ұнға айналып, біртіндеп майдалана береді. Екі тастың арасына түскен дәннің тас айналған сайын шетке қарай ығыса беруіне олардың беттерінің әлгіндей безелуі, әрі тастың айналу бағыты Жер шарының біздің ендіктегі (солтүстік ендік) айналыс бағытымен сай келуі ықпал етеді. Мұны бұрынғы адамдар ертеден байқап, іс жүзінде қолдана білген.

Бұл екі тастың да ортасы тесік: үстіңгісі бидай түсін тұруы үшін, ал астыңғысы білік өтуі үшін тесіледі. Сондықтан үстіңгі тастағы тесік кеңдеу болады. Сонымен бірге үстіңгі тастың ішкі бетінен

ұзынша төртбұрышты ойық жасалады. Бұл ойыққа біліктің басына кигізілетін «тәйтемір» енгізіледі. Білік айналғанда тәйтемір үстіңгі тасты өзімен қоса айналдырады.

Тастардың сыртқы беті онша тегіс болмайды. Әсіресе, үстіңгі тастың сырты тым тегіс болмауы қажет. Үйткені оның үстіне бидай шанақ орнатылады, одан бидай біртіндеп түсуі тиіс. Бұл үшін шанақтың төменгі ауызы клапанмен жабылып, клапан жінпен «бақа темірге» байланады (2-сурет). Осы бақа темір бұдырлардан секірген сайын клапан керекті мөлшерде ашылып-жабылып тұрады да, бидайдың біркелкі түсуін қамтамасыз етеді.

Ал енді білікті айналдыру судың кинетикалық және потенциалдық энергиясы арқылы жүзеге асырылады. Бұл үшін суды бөгең, деңгейін керекті мөлшерге дейін көтереді (3-сурет). Одан соң



науа (екі жағы ашық, іргелелері тік, әрі төменге қарай тарыла беретін ағаш астауша) арқылы төмен жіберілген су түйдектеліп, параларды екпінмен ұрады. Па-

ралар күпшекке, күпшек білікке бекітіледі. Судың энергиясын үстемелей пайдалану үшін параның төменгі және сыртқы шетінде жолақша қыр қалдырылады (1-сурет). Осы қырларға толған су параны одан әрі итермелей түседі де, қозғалтқыш күшті арттырады. Күпшектің астына ұзын, шпал тәрізді бөрене қойылады. Бөрененің жоғарғы басы бөгеттің түбіндегі тактайға немесе, қазыққа бекітіледі де, төменгі басы шынжырмен диірменнің платформасына бекітіледі. Бұл бөренедегі темір «оймақпен» қапталған арнайы ойыққа біліктің төменгі ұшы тіреліп тұрады. Шынжыр арқылы білікті (күпшекпен бірге) аздап көтеріп, түсіруге болады.

Бір маңызды нәрсе - диірмен астындағы су деңгейі күпшекке жетпеуі тиіс, яғни, күпшектің айналуын тежемеуі керек.

Бидай мен ұн ылғалданбас үшін платформаның үстіне жауын-шашыннан қорғайтын күрке орнатылады.

Су деңгейін реттеп отыру үшін бөгеттің жоғарғы жағынан қашыртқы (суды керегінше сыртқа жіберіп, немесе жібермей тұратын қосалқы бөгет) салынады. Диірменге қажет тастар Бегазыдан әкелінетін де «үйде» өңделетін.

Дайындаған

Боранбай Кенжебеков, 2018 жыл

СТАҚҰЛЫ Мылғалшер - (1884ж.т. Қарағанды обл. Қоңырат ауданы, Қызылтас колхозы (Чапай)е.м.) Кейінгі жылдары Кенелі бөлімшесіне қоныс аударып, ауыл шаруашылығында еңбек етті. Жер жыртты, егін екті, кейін шопан болып, ұзақ жылдар мал бақты. Мылғалшер ақсақалдың бәйбішесі Күлбарам Ахметқызы (1923ж.т.) Кереку (Повладар) облысының тумасы. Әкесі Ахмет ауқатты адам болған. 1928ж. байларды тәркілеу кезінде Күлбарамның да әке-шешесі тәркіге түсіп, барианан айрылып айдауда кеткен. Жалғыз інісі Ұлы Отан соғысына қатысып, ол да хабарсыз. Сол кезде 15-16 жастағы Күлбарам әкешешеден жетім қалып, ФЗО-ға оқуға кіреді. Сөйтіп, Қарағанды шахтасына, кейін Балқаш-Қоңырат рудниктерінде жұмысқа жіберілген. Тағдырдың ию-кию жолдары Күлбарамды Мылғалшер ақсақалмен табыстырып, 1946 жылы олар отбасын құрған. Жанұяда 6 бала тәрбиелеп өсірді. Балашағалары ер жетіп, олардан немере шөбере көріп, еңбек етіп, тер төккен ата жұртта өмірден озды. Суретте Күлбарам Ахметқызы.



ж.т.) 1930ж. Қоңырат ауд. Ленин колхозында колхозшы. 1936ж. колхозда бригадир болып еңбек етті. 1938 жылы осы колхоздың басқармасы болып 1942 жылға дейін колхоз жұмысына басшылық етіп, сол жылы майданға аттанған. Соғыста «Красноармеец-26» арнайы атқыштар бөлімінде шайқасқа қатысқан. (05.12.1942ж. «26 атқыштар» бөліміндегі 305 солдат Березуга селосы, Великолукского ауданы Псковский облысындағы бауырластар қорымына жерленген деген деректе 20.12.2007ж.) Сарытерек орталығындағы «1941-1945ж.ж. Ұлы Отан соғысына қатысып хабарсыз кеткендерге» арналған мемориалдық тақтада Әмірбек Сұраншиннің есімі тасқа қашалып жазылған.

СҮЛЕЙМЕНОВ Мұрат (1928ж.т. Қарашілік, Сарытерек колхозы). Колхозда шөп шабу, егін ору, астық (бидай) өлшеу жұмыстарымен айналысты. Колхозда есепші жұмысын жасаған. Алматыда счетовод мектебін бітірген соң 1972ж. осы қаладан бухгалтерлік білімін жетілдіру курсына бітірген. Өзінің іс-тәжірбиесін жастарға үйретуден аянбаған Мұрат Сүлейменовтың шәкірттері: Барланов Мұрат, Игенов



СҰРАНШИН Әмірбек (1905



Райымқұл, Муқатаев Тәнкен, Са-деннов Нақып, Наханов Қабкен, Бе-дербеков Амантай, Сейдіғалиев Рзағалы, Ақтайбеков Қайдар, Ақпарова Қадияшат.б 1976-1989 жж. Жәмші совхозында бас бухгалтер болып жұмыс жасаған. Саналы өмірінің 44 жылын бухгалтерлік жұмысқа арнаса, соның 31 жылын Ақтоғай совхозында өткізді. Еткен еңбегі үкімет тарапынан ескерусіз қалған жоқ. 1941-1945 жж. «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін», «За освоение целиных земель», 1970 ж 12 тамыз «Ерен еңбегі үшін», 1987 ж. 19 желтоқсан «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Жұбайы Дәкен Есімханқызы екеуі 8 бала тәрбиелеп өсірді. Балалары ержетін, ақарлы-шакарлы бір-бір үй болды. Бәрі де білімді өнегелі азаматтар.

СҮЛЕЙМЕНОВ Нұрғали (1911 ж.т. Қоңырат ауданы, Ле-нин атындағы колхоз). Ұлы От-ан соғысы жылдарында еңбек ар-миясына шақырылып, Қарағанды қаласында шахтада еңбек ету-ге қалған. Қасында жерлесі, туы-сы Қасанбек деген кісі болған. Сол шах-тада жұмыс істеп 1947 ж. елге ора-лады. Қайтарында Қарқаралының қызы Күлмағанбетова Ма-



рия анамызбен үйленіп келеді. Анамыз еті тірі, қолынан барлық іс келетін, қаладан үйренгені көп, іскер адам болған. Совхоздың қой төлдету, қой қырку жұмыстарына қатысып, маңдайалды қырық-тықшысы болды. Әкеміз өмір бойы ұсталық кәсіппен айналы-сты. Темірден түйін түйетін өте шебер адам болған. Он саусағынан өнер тамған азамат ат әбзелдерінен бастап шаруашылыққа қажетті құрал-саймандарын, тұрмысқа керек заттардың бәрін жасай-тын. Кейінен совхозда арнайы ағаш ұстасы болып, Қуанышбек Дінәсілов екеуі өмірінің соңына дейін жұмыс істеді. Алған медаль-дары, құрмет грамоталары көп еді. Өкінішке көбі сақталмаған.

СЫЗДЫҚОВ Құдайберлі (1935 ж.т.). Ұзақ жылдар ішкі



істер саласында МАИ инспекто-ры болып үзбей қызмет жасап, сан мәрте медаль, мақтау грамотасы-мен марапатталған, құрметті зей-нетке шықты. Жары Рымбекқызы Орынтаймен 62 жыл отасып

ғұмыр кешіп, ұл-қыз өсіріп ұрпақ жалғастырған өнегелі жандар.

СЫЗДЫҚОВ Мұқажан (1918 ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек



селолық округі.), 1939ж. міндетті әскери борышын өтеуге аттанып, Қиыр Шығыстағы Комсомольск қаласында әскери өнерге жаттығып, Батыс Украинаға шекара түбіне ауыстырылады. 22.06.1941ж. тұтқиылдан соғыс басталғанда әуелі Украина, сосын Белоруссия майдандарында қиян-кескі шайқастарға қатысып, майданда көрсеткен ерлігі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Сұрапыл соғыста жауды тықсырып, Берлин түбінде болған ұрыста сол қолынан жараланып госпитальге түседі. 1946 жылы әскер қатарынан босап, туған елге оралған Мұқажан бейбіт еңбекке араласып, Балқаш мыс қорыту зауытының мыс балқыту цехына жұмысқа тұрып, табан аудармай 22 жыл мыс қорыту пешіне шикізат тиеуші болып еңбек етті. Мұқа-

жан Сыздықов мыс балқыту цехында ұзақ жылдар абыройлы еңбек етіп, «Еңбек сіңірген металлурғ» құрметті атағына ие болды. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Елбасы Н.Назарбаев Балқашқа келгенде зауыт басшыларының арнайы шақырумен барып, Президентпен кездесіп, әңгімелескен еңбеккер азамат.

СЫЗДЫҚОВ Разахберлі Сейдіғалиұлы (1930-1996жж.). Алғашқы еңбек жолын соғыс жылдарында 11 жасынан бастап тылда колхоздың әртүрлі жұмыстарында қолдай еңбек етті.

1948ж. Балқаш мыс зауытында электр-слесары болып жұмыс істеді. 1950 жылы әскери міндетін атқарып келген соң, ИБ органында қызметін атқарды. 1956ж. Қоңырат МТС (машина және трактор жөндеу орталығы) кадр бөлімінің басшы қызметінде болды. 1960ж. М.Горький атындағы №1 мектептің шаруашылық бөлімінің басшысы, Қоңырат райисполкомында жол бойының аға





шебері, 1965 жылы Ақтоғай совхозында «десятник» қызметін атқарды. 1967- 1977жж. Ақтоғай совхозы, Сарытерек ауылында әртүрлі қызметтер атқарып, 1977ж. еңбек демалысына шыққанға дейін Ақтоғай аудандық орман шаруашылығында еңбек етті.

Орманшы болып жұмыс жасай отыра, «Арқа еңбеккері», «Жезқазған туы», «Орталық Қазақстан», «Егеменді Қазақстан» газеттерінде штаттан тыс тілшісі болып, ел өміріндегі жаңалықтарды баспасөзге жариялап, жаңалық жаршысы болды. Жемісті еңбегі арқасында Қазақ ССР орман шаруашылығының «Үздік орманшы» төсбелгісімен және бірнеше рет Құрмет грамоталармен, алғысхаттармен, сондай-ақ «Еңбек ардагері», «Тыл ардагері» медальдарымен марапатталған. Зайыбы Есембаева Мартай Есембайқызы (1935-2015жж.). Он бір бала дүниеге әкелген «Батыр ана», «Алтын алқа» иегері атанды. Өмірін бала тәрбиесіне арнады.

Ақтоғай совхозы, Сарытерек ауылында әртүрлі жұмыстар атқарды. Бірнеше рет Құрмет грамотасымен және алғысхаттармен марапатталды. Қазір сол балаларынан отыз бес немере, елу шөбере, екі шөпшек бар.

СЫЗДЫҚОВА

Шайза

(1936ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай

ауданы, Сарытерек ауылы.) 1954 ж. аудан орталығындағы М.Горький атындағы орта мектепті бітіріп, еңбек жолын 1972 ж. Сарытерек ауылында балабақшада тазалықшы болып бастап, тәрбиеші, аспазшы болып жұмыс істеген. 1981 жылы наубайханада от жағушы, нан пісіруші болып еңбек етті. 12 бала тәрбиелеп өсірген, «Алтын алқа» иегері, ардақты, әз ана.



ТАЛДЫ БЕЙІТ - Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылының жерінде, Тоқырауынға құятын Жіңішке өзенінің қабағына таяу жерде орналасқан. Сыртын айналдыра шикі кірпіштен биік қоршау жасаған бұл қорымды жергілікті халық Талды Бейіт деп атайды. Себебі бейіт ішіндегі жайқалып тұрған жалғыз тал өзінің ерекшелігімен ел көңілін аулайды. Бұл өңірде мұндай ағаш бұрын-соңды болмаған. Жергілікті халық аузында ол ерекше ағаш тұқымын кезінде әкесі Нұрмұхамедтің қабірінің басына Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың отырғызғаны айтылады. 80-нің сеңгірінен асқан немере інісі Райымжан ақсақал бұл сөзді растаған. Санкт

- Петербург орман шаруашылығы институтының экономика факультетін бітірген Әлихан 1905 жылы Санкт-Петербургтен Бразилия ағашының бірнеше жас шыбығын арнайы әкелін, әкесінің бейітіне отырғызады. Сол жас шыбықтардың біреуі ғана зәулім ағашқа айналған. Қалғанын ашаршылық жылдарында Қарқа-



ралыдан Балқашқа қарай шұбырған халық отынға пайдаланса керек. Әлиханның туған інісі Смахан да осы бейітке жерленген. Ол кісі сексенінші жылдары қайтыс болған. Ұзақ жылдар Балқаш қаласында тұрған. Көзі тірісінде Смахан ақсақал Талды бейіттің қабырғасына тағы бір құлпытас орнатқан. Құлпытас мұнда жерленбесе де Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановқа арналып, арыстың аты-жөні және қысқаша ғұмырбаяны жазылған.

Әдеб.:

Қарағанды обл. Энциклопедия.
Алматы. Атамұра. 2006ж.

ТАЙБЕКОВА Рысалды Сатыбалдықызы (1949 жылы туылған Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Киров селолық Кеңесі.) Қоңырат 8 жылдық мектебін бітірген. Абай атындағы



Саран педагогикалық училищесін (1968), КарМУ-ді (1990) аяқтаған. Қоңырат совхозында Қоңырат сегізжылдық мектебінде бастауыш сынып мұғалімі (1968), Кеншоқы совхозында Кеншоқы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі (1981), Қызыларай совхозы Қызыларай орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі (1985), Ақтоғай совхозында Сарытерек орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі (1987), Ақтоғай селосы К.Байсейітова атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (1990), Ә.Бөкейхан атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі (1992) болып ұстаздық қызмет атқарды. ҚР Білім министрлігі Құрмет грамотасымен (1996) марапатталған. Қазір зейнеткер (1998), Қарағанды қаласының тұрғыны.

ТАПАЛОВ Наркен Тапалұлы (1942-1993жж.). Еңбек жолын 1967 жылдан жүргізуші болып бастаған. Өмірінің соңына дейін Ақтоғай совхозының №1



бөлімшесінде аға шопан болып еңбек еткен. Бүкіл өмірін мал шаруашылығын өркендетуге арнады. Совхоз экономикасын арттыруға өз үлесін қосқан еңбек ардагері. Қазақ ССР Құрмет грамотасының иегері. Жұбайы Тапалова Зейнекүл Айтжанқызы (1947ж.т.) 1967 жылдан бастап шопанның көмекшісі болған. Совхоздың мал шаруашылық жұмысында қыста мал күту, көктемде мал төлдету жұмыстарында қиындықтан қайыспай тер төкті. Отбасында 8 бала тәрбиелеп өсірген аяулы ана. Аудандық советтің депутаты болып сайланған еңбек ардагері.

ТАСҚЫНБАЕВ

Асылхан (1937ж.т. Ақтөбе обл., Үйлікші ауданы, Үкіл ауылында, 1985ж.к.). Ең алғаш қазіргі Шабанбай би ауылына жұмыс жасаған.

Алғашқы колхоз ұйымдасқан уақытта тракторист мамандығын оқып, колхозда жер жыртуда еңбек



етті. Рымқұлов Дүйсенбай Ленин колхозының басқармасы болып жұмыс жасаған жылдары Асылхан Сарытерек ауылына қоныс аударып, Шәкен Төлепбекқызымен отбасын құрады. Асылхан ақсақал Ленин колхозында тракторист, Сарытерек ауылында алғашқы электр жарығында моторист болып жұмыс жасаған, сабырлы азамат еді. Шәкен Төлепбекқызы колхозда, совхозда көп жылдар бойы мал төлдету, қой қырқу жұмыстарына қатысты. Шәкен Төлепбекқызы 11 бала тәрбиелеп «Алтын алқа» иегері, атанды. 2014 жылы сәуір айында дүниеден озды. Балалары ержетіп, әр салада жұмыстар жасайды.

ТӘЖИН Оразбек (1929ж.т. Қар.обл., Ақтоғай ауданы, Дастар қонысында). Ұлы Отан соғысы жылдарында Ұшөзек колхозында (егін егу, мал бағу, шөп шабу) ауылшаруашылығы жұмыстарын атқарған. Сарытеректегі 8 жылдық мектепті бітірген. 1950ж. Қарқаралы педучилищесін бітіріп, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын алған. 1950-55жж. Алматыдағы Қазақ Мем. университетінде оқып биология факультетін үздік бітірген. Мамандығы биолог-дарвинист, генетик. 1955-61жж. Балқаш қ. Қоңырат қонысындағы №25 мектепте ұстаздық қызмет атқарған. 1961-

64жж. Қазақ мем. Университетінде аспирантураны оқып, 1965 жылы биология ғылымының кандидаты атағын алған. 1971-77жж. кафедра меңгерушісі болып еңбек етті. О.Тәжин генетика және генетикалық талдау негіздері бойынша бірнеше оқулықтар жазған, көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Отанға сіңірген ғылыми, педагогикалық еңбектері үшін мемлекет тарапынан марапаттарға ие болған.

ТӘЖІБАЕВ

Амантай

(1941 ж.т. Қоңырат ауданы, Сарытерек а.с., Кағанович колхозы). 1956ж. Сарытерек жетіжылдық мектебін бітірген соң, Қарағанды қаласындағы тракторист-механизатор курсында оқып тракторист мамандығын алған. 1957ж. бастап №2 фермада тракторшы болып еңбек етті. Социалистік жарыстың жеңімпазы болып, сан мәрте мақтауға ие болды. Қысы-жазы маусымдық жұмыстарда таңдаулы механизатор болып алғысқа бөленді. Совхозда шопан кадрларының жетіспеуіне байланысты 1972ж. №2 фермаға аға шопан болып қой бақты. Шопандық жұмыстың да ыстық-суығына төзе жүріп, мал басын аман сақтап, міндеттемесін асыра орындап бесжылдықтың жеңімпазы атанды. 1979 жылдары 100 саулықтан 103 қозы алып ферманың ал-

ды болды. Осылайша еселі еңбек етін ел дәулетін молайтуға сүбелі үлес қосты. Құрметке бөленді. Сарытерек селолық советінің депутаты болып сайланды. 1986ж. зейнеткерлікке шықты. Сөйтсе де еңбектен қол үзбей бөлімшеде механизатор болып жұмыс жасады. Жұбайы Тәжібаева Нүркен екеуі он бала тәрбиелеп өсірді. Балалары азамат болып, әр салада жемісті еңбек етуде.

ТӘЖІБАЕВ Жамантай (1943

ж.т. Сарытерек ауылдық советі, Кағанович колх.). 1950ж. Сарытерек жетіжылдық мектебін бітірген. 1961ж. орта мектепті тәмамдаған соң ауылшаруашылығы техникумын және Семей зоовет институтын бітірген. 1965ж. бастап мамандығы бойынша мал дәрігері болып еңбек етті. 1965-68жж. әскери міндетін орындап келген соң туған аулында қызмет істеді. №2, №1 фермада мал дәрігері, зоотехник, ферма меңгерушісі болып жемісті еңбек етті. Бүкіл саналы өмірін мал шаруашылығын дамытуға арнап, талмай еңбек сіңірді. 1995-2014жж. «Дастар» шаруа қожалығын құрып, Тәуелсіз Қазақстан жағдайында толассыз тер төккен Тәжібаев Жамантайдың қысқаша өмір жолы осындай.





Ол туған еліміздің көркеюіне өзіндік үлес қосқан азамат. Зайыбы Қуатбекова Майхан екеуі он бала тәрбиелеп өсірді. Балалары болса ат жалын тартып азамат атанған. Өмірлік серігі Майхан Қуатбекова алтын алқа иегері атанған ардақты ана.



ТӘЖІБАЕВ Зекен (1936ж.т. Қараганды облысы, Қоңырат ауданы, Каганович колхозы.). 1953 жылдан бастап колхозда механизатор болып жұмыс жасаған. Совет армиясының қатарында өзінің азаматтық борышын өтеп келген соң 1959 ж. бастап «Ленин» колхозында механизатор болып еңбек етті. 1961ж. №2 фермада трактористер бригадирі және бастауыш партия ұйымының хатшысы болып еңбек етті. Кейін Желтауда құрылған «Ұшқын» жастар бригадасына, 1975-78жж. «Самал» мал бордақылау бригадасына басшылық жасады. К-700 тракторының жүргізушісі болып, ауыл шаруашылығының маусымдық жұмыстарына атсалысып, талай рет жарыс озаты атанды. 1982 жылы Зекен Тәжібаевтің көп жылғы еңбегі мен тәжірибесін ескере отырып совхоз басшылығы оны орталықтағы машина ауласының меңгерушісі етіп

тағайындады. Өзіне жүктелген осы сенімді ол абыроймен атқара білді. Еңбек ардагері З.Тәжібаев бірнеше рет облыстық, аудандық, жарыс жеңімпазы атанып, марапатқа ие болған. Ауылымыздың құрметті азаматы. Тәжібаев Зекен, жұбайы Тәжібаева Күлзия екеуі 8 бала тәрбиелеп өсірген. Бүгінде балалары жеке-жеке отау болып, өз алдарына әр салада қызмет жасап жүр. Балаларымен немерелерінің қызығын көрін отырған бақытты да, ардақты ана.

ТӘЖІБАЙҰЛЫ Тәнкен (1951 ж.т. Сарытерек ауылы). Совхозда жүргізуші болып еңбек жолын бастаған. Жұбайы Жұматайқызы Күлаш 4 баланың анасы. Совхоз кезінде алғашқы «Майтас» шаруа қожалығын құрған. Қазіргі уақытта осы қожалықта еңбек етуде.

ТӘЖІБАЙҚЫЗЫ Каукария Сабанбаева (1930 ж.т. Сарытерек ауылы.) Соғыс кезінде егін егін, егін оруға ат салысқан. Дүниеге 12 бала әкелген «Алтын алқа» иегері. 1968-1995 жылдары Сарытерек ауылында көмекші шопан болып еңбек етті. Қазір Балқаш қаласында тұрып жатыр.



ТӘУЕКЕЛТЕГІ Құдышев Тишбек қазіргі Ақтоғай ауданы Са-

рытерек аулында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын тәмамдаған, мамандығы ғалым-агроном. Ауданға келген алғашқы жоғары білімді мамандар санатында. Колхозда агроном, кейінірек Қарабұлақ МТС – де бас агроном болды.



Шаруашылықтарда жоғары өнім алудың жаңа агротехникасын енгізе отырып, бидайдан, арпадан жоғары өнім алды. Жүгері де шығым берді. Еңбегі жанып ВДНХ (Мәскеудегі көрме) алтын медалімен марапатталды. Кейінде Қазақ жер шаруашылығы институтында (КИЗ) қызмет істеді, аспирантурасын бітірін, ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты болды. Диссертация тақырыбы: «Алматы облысы шаруашылықтарының жүгері алкаптарында гербицидтерді қолдану».

Жолдасы Сара Хакімқызы көп жыл Қазақ ССР-ы қаржы министрлігінде қызмет істеп, зейнетке шықты. Тишбекұлы Мұрат, жанұялы, көп жыл ҚР Ұлттық Банкі орынбасары, Алматы қаласы әкімінің орынбасары. Алматы халық шаруашылығы институтын, шет тілдері институтын бітірген.


Тишбекқызы Аниса жанұялы, Алматыда тұрады. Тишбек ағамыз 1990 жылы дүниеден озды. Зираты Алматыда.

Дайындаған:

Амантай Қалымбергенов.

ТЕМІРҒАЛИҰЛЫ Әмірғали (т.к.ж.б.) Тоқырауын өзені, Әлиман қыстауы Қарашілікте өмірге келген. Темірғали Жетімшоқыдағы Қали тоғанын қазудан бастап, егін егіп, жылқы баққан. Шоңбай бабасы болыс болып тұрған заманда, өз қыстауы Қаратасты Темірғалиға берген. (Әмірғали – 1912 ж.т. осы қыстауда.) Әмірғали жасынан еңбекке араласып, шопан болып жұмыс жасаған. 1942 жылы армияға алынды. 1943–45жж. Саратовта атқыштар полкінде III Украина майданында соғысқа қатысқан. Елге оралған соң өзінің ауылы Қаратаста 1948ж. Темірғалиева Қайшамен отау құрады. Отбасында 4 бала тәрбиелеп өсірді. Әмірғали өмір бойы шопан болып жұмыс жасады. 1963 жылы совхоз құрылғанда, зейнеткерлікке





шықты. Балаларынан немере сүйіп өмірден өтті.

ТЛЕУБЕКОВ Есімхан
(5.06.1941ж.т. Ақтоғай ауданы Са-



рытерек аулында.-) Сарытерек орта мектебін бітіріп сол ауылда 1958 жылдан бастап 1980 жылға дейін моторист-механизатор болып жұмыс істеді. Жары Тлеубекова Шолпан 1949 жылы 10 ақпанда туылған. 1969 жылдан бастап Сарытерек орта мектебінің интернаттында аспазшы болып 1990 жылға дейін жұмыс атқарды. Екеуі 4 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді.

ТІЛЕУБЕКҰЛЫ Тілеген-
(1945ж.т. Сарытерек колхозы, Ленин колхозы). Аудан орталығындағы М.Горкий атын-



дағы мектепті бітіріп, Алматы қаласындағы ішкі істер бөлімінде қызмет істеген. ШБ қызметінің мойоры. 1966ж. Тілеген Бейсенбайқызы Зәмзәмиямен отбасын құрып, 3 бала тәрбиелеген. Қазір Алматы қаласында немере, шөберелерінің қасында қызығын көріп отырған, бақытты ата-әже.

ТІЛЕУБЕКҰЛЫ Рахым-
(1951ж.т. Сарытерек ауылы.-) Сарытерек орта мектебін бітірген. Әскери борышын өтеп, мамандығы бойынша шофер болып жұмыс істеген. Кейінде Ақшатауда кен



байыту комбинатында еңбек етті. Жолдасы Тұрсынбекқызы Өкенмен отбасын құрып, жанұяда 4 бала тәрбиелеп өсірген. Рахым өмірден жас кетті. Артында балашағасы өсіп-өніп жатыр.

ТІЛЕУБЕКҰЛЫ Жарылқан - (1948ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы). 1956-66жж. Әуелі Сарытерек мектебінде кейін аудан орталығындағы М.Горкий атындағы орта мектепті бітірген. 1966ж. еңбек жолын ме-



ханизатор болып бастаған. 1967-69жж. Совет Армия қатарында азаматтық парызын атқарды. 1970ж. Рахымберліқызы Мақзурамен отбасын құрып, жанұяда 8 бала тәрбиелеп өсірді. Мақзура совхоздың әр түрлі жұмысында еңбек жасады. 1973-87жж. бірнеше бес жылдық, аудан, совхоз бойынша озат механизаторы атанды. Есімі ауданның «Құрмет» тақтасында жазылып 10-15 жыл бойы жарыс көшін бастаған абырой иесі болды. Осы жылдар ішінде ол қоғамдық жұмыстардың да жуан ортасында жүріп сайлау комиссияларының мүшесі болып сайлаушылар мүддесіне қызмет істеді. Жарылқаған Тілеубекұлының мінсіз қызметі әлденеше рет жоғары бағаланып «Құрмет Грамоталарымен» марапатталды. 1978-80ж. ауылдық Советінің, 1982-89жж. аудандық советінің депутаты болып сайланды. Осының бәрі оның адал еңбегіне деген көптің құрметі. 1988ж. Совхоздың ішкі шаруашылық жөнінде комендант бо-

лып жұмыс жасады. 1995ж. Совхоз тарағаннан кейін, Сарытерек ауылдық округінің кіші мамандығы бойынша жұмыс атқарды. 2011ж зейнеткерлікке шығып, немере, шөбере өсіріп отырған жайы бар.

ТЛЕУБЕРЛИНА Орал (1939

ж.т. Шөжек ауылы).

1947-1954жж. Сарытерек ауылы, «Ақшол» мектебінде кейін Ақтоғай ауданында интернатта жатып он жылдықты бітірген. 1984ж. Сарытерек мектебінде кіші қызметкер болып жұмыс жасап, сол мектептен 1992ж. зейнетке шықты.



О.Тлеуберлина отағасы Дағылов Тұрсын екеуі 9 бала тәрбиелеп өсіріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған, Күміс алқаның иегері. Балалары да ержетіп, әр тарапта жемісті еңбек етуде.

ТОҒАН. 1948-49 ж.ж. Ленин колхозының орталығы Қаракұла ауылы, Сарытеректен төмен, Ақтұмсыққа таяу №9 – ауылдың жерінде «Шақа тоғаны» болатын. 48-49 жылдары сол жерлер Ленин колхозына берді, басшылар солай ұйғарған болу керек. Іле-шала сол арадан 70 гектер жер жыртып егін егуге дайындық жасалды. Тоғанды қайта тазарту, көмейінің құмын аршу, мойын тоған қазу, елді көшіруі осы жұмыстар жүргізіліп, содан

Қаракұладан бір түйеге екі адамды мінгізіп біздің шешелеріміз: Садуақасова Бейбіхан мен Алиманова Бейбіш .1948 ж. 24 наурызда жерде ала тегенек қар бар, тиелген теңнің үстінде бала-шаға. Түйені шешелерім кезек-кезек жая жетектеп Сарытеректі басып, Ақтұмсықтан өткеннен кейін біраз жер жүрген соң №9- ауылдың жұртына жеттік. Сол жерге жүкті түсіріп, қалың қарағанның ортасының қарын күреліп тазарған жерге үш қанат лашық тігілді. Үйдің ортасына от жағып, мосы қойып тамақ істелді. Ыстық ас ішіп, бойлары жылынған адамдар жан шақырғандай қауқылдасып шаруа жайын пысықтап отырды. (Қазір ол жерде Рыспеков Биғазы отыр). Осы араға кешікпей үйлер көшіп келе бастады. Егінге дайындық жүргізілді. Қоғылов Қызылбек, Қоғылов Шошымбек, Қашқынбаев Түсіпбек, Қалиев Мұқатай, Біләлов Болшымбай, Сапарғалиев Қалиасқар жер жыртыуды бастап кетті. 4 соқа, әр соқаға 4 өгізден жегіп, 4 өгіздің басын 4 шешеміз жетектеп, жер жыртты. Сол аналарымыз: Садуақасова Бибіхан, Алиманова Бибіш, Молдашбаев Зекеннің шешесі, Үкітай Тұяқбаева, Күлшікен шешелеріміз өгіз басын жетектеді.

70 га жерді жыртылып бітіп енді егіске борона жүру керек.

3-боронаны түйеге тіркеп жер жырта бастады. Бұл боронаны Қашқынбаев Түсіпбек жүргізеді. Ұзындығын бір рет, көлденеңінен бір рет вороналайды. Содан кейін тұқым себілу басталады. Тұқымды Қалиев Мұқатай қолымен себеді. Тұқым себілген соң қайтадан ворона жүреді. Бидайды екі қолмен екі жаққа шашып отырады. Бірде бір шашау кетпей, бидай шыққанда бірде- бір бос жер қалмайды. Сол жылы егін бітік шықты. Жаздай осы егінді су келіп тұрған тоғаннан мойын тоғанға түсіріп, көтерілген ірге қиды кезекпен –кезек аударып егіншілер тыным таппады. Тамыздың орта шенінде бидай пісіп оруға келген шақта орақ баса толады. Орақ оруды да осы кісілер жүргізеді. Орақшыларға күнделікті норма береді, норманы орындағандар кешке тақтаға жазылып, тиісті үлесін алады. Орындамағандарға ештеңе жоқ. Орылған бидайды арбамен тасып, қырман басына



әкелін маялап, үйеді. Үйілген баяды қырманға екі-үш адам жайып, молотилкаға екі атта тіркеп, ол атқа бір – бір баланы мінгізіп, қырыманды айналып таптайды. Осылай тынымсыз жұмыстар жүріп жатады. Тапталған бидайды сыпырып алып, бидайды ұшырып, бір жағына үйеді. Егін жиналып біткеннен кейін колхоз мемлекетке бидайды тапсыру керек. Сол бидайды дуанға «зағотконторға» апарып өткізеді. 1- сорт бидайды таситын Қоғылов Қызылбек, Биялов Болшымбай, Сапарғалиев Калиаскар үш арбамен тасыды. Сол уақытта Қоғылов Шошымбек әкеміз бос отырмайтын, дамыл таппайтын адам еді. Арбаның бәрін сакадай сай етін жөндеп, тәртесін саллып, дөңгелегін бүтіндеп, шенін бекітіп, колхоздың көп жұмысын өрге сүйрейтін.

Ол кезде Ленин колхозының орталығы Қарақұлада ұста дүкен болды. Ұстахананы жүргізген Бөлкембаев Жағыпар әкеміз. Көктемде егіске соқа-арба, соқаның дүзін, варонаның тісін, арбаның шенін, атқа таға, соның бәрін отқа салып көрікпен кыздырып, неше алуан түрлерін жасайтын. 1950-51 жж ұсақ колхоздар қосылғанда ұстахана Сарытерекке көшірілді. Онда Сүлейменов Нұрғали әкеміз ұстаханада жұмыс істеді. Сол жылдардағы әкелеріміздің

жансебіл еңбегі бүгінгіге де, келер ұрпаққа да тағылым.

*Естелік беруші:
Сәдірбеков Амантай.*

ТОЙШЫКЕНОВ Ардақ Амантайұлы (1968ж.т. Қарағанды



обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы, - 2008ж.к.). Қарағанды Политехникалық институтын, Балқаш Мемлекеттік гуманитарлық университетін және КарГУ-дің журналистика факультетін бітірген. Балқаш қаласында қалалық салық мекемесінде аға инспектор, қалалық аурухананың бас экономисті болып еңбек етті. 1990-1994жж. Сарытерек селолық кеңесінде және Ж.Кеңесбаев орта мектебінде бас есепші, 1995ж. аудандық мәдениет бөлімінде ақын, әнші болды. 1996ж. аудандық «Жігіт сұлтаны» байқауына қатысып бас жүлдеге ие болған. Сол жылы Балқаш қаласында өткен Республикалық ақындар айтысында бас жүлдені жеңіп алып, диплом, грамоталармен бағалы сыйлықтармен марапатталған. Одан кейін де өмірінің соңына дейін жыл сайын аудандық, облыстық айтыстарға қатысқан. 1990-1992жж. политехникалық институтта оқып жүргенде республикалық айтыскер ақындар

Аманжол Әлтаев, Мелс Қосымбаев т.б. ақындармен айтысып жүлделі орындарға ие болған. Талантты айтыскер ақын не бәрі 40 жасында дүниеден озды.

ТОҚБЕРГЕНОВА Апақ (1916 ж.т. Ақтоғай өңірінде). Өзінің бүкіл саналы ғұмырын колхоздастыру кезеңінде еңбекке арнаған. Егін орағы, шөп шабу, егін жинау, мал бағу, сиыр сауу жұмыстарында аянбай тер төкті. «Қарашілік» ауылында сиыр фермасында сауыншы болды. Сиыр сауудан озат сауыншы атанып, Москваға ауылшаруашылық слётіне баруға жолдама алды. Бірақ семья жағдайымен бара алмай қалды. Үш баласын аман-есен өсірін, тәрбиелеп ержеткізді. Үлкен ұлы Қасымбеков Жолдыбай сол кездерде жас болса да ерте еңбекке араласып, анасына көмекші болды. 1956.ж тың жер игереміз деп трактор рөліне отырды. Көп жылдар механизатор болды, мал бақты. Ақтоғай совхозының дамуына өз үлесін қосқан еңбек адамы.



ТОҚЫРАУЫННЫҢ «БЕС БАС» Ақ бидайы - Тоқырауын өңірінде егіншілік ертеден дамыған. Атақты бес бас ақ бидай осы Сарытерек өңіріне тиесілі. Өзен жағасын жайлаған: Қаракұла,

Ақтұмсық, Сарытерек елді мекендерінде Батыр, Көшкін, Қазыбай, Орысбай, Шақабай, сол секілді «Қали тоғаны», «Шақа тоғаны» және т.б. рулардың меншікті тоған-арықтарының сорабы әлі күнге сақталған. Заманында аңызға айналған Тоқырауынның Ақ бидайын көрген де, көрмегенде тамсана айтатын, ерекше құбылыс болған.

Дүниежүзіндегі мәдени өсімдіктердің ботаникалық тегін, өсуін, таралуын зерттеген ірі оқымысты ғалым Д.Прянишников (1865-1948 ж.ж.) «Мөлтек егіншілік» атты кітабында «Француз бидайының жүз дәні 4,5 гр., остүнді 3.8 гр., америкалық бидай 3.2 гр. орыс бидайы 2.25 гр. тартса, Қоңырат бидайына жататын «Ақ бидай» - 6.2 гр., Көжебидай - 4.5 гр., тартқан. Бір түпте Ақ бидай 7-ден 25-ке дейін, Көжебидай 30-дан 55-ке дейін тармақ (сабақ) шығарып, әр масағында 30-60-қа дейін дән байлап, егілген әр пұттан 60-70 кг дейін өнім алған деп атап көрсеткен. Зердесі биік зиялылардан осындай жоғары баға алған бидайдың атақ-данқы қазақ даласынан асып жырақтарда жер жарып жатқан. Тоқырауын өңірінде дәнді дақылдар 20 мамырға дейін егіліп, 20 тамызда толық пісіп жетіледі, бидайдың пісіп жетілу мерзімі 105-110 күн. Бұл мерзім осы би-

дай тұқымдарының толық пісіп жетілуіне жергілікті ауданның климатының, ауа-райының қолайлы болғанын көрсетеді. Бес бас бидайдың биіктігі - 1, 2 метрге дейін барған, масағының ұзындығы 15 см жетіп, бір түпте орташа - 20-ға тарта сабақ салып, барлық бес масағында 175-200-ге дейін дән байлаған.

1935 жылы Ақтоғайда өткен ауыл шаруашылығы көрмесінде бір түпте 44 тармағы бар, әр масағында 90-ға тарта дән кездесетін Көжебидай, 32 тармақты, 74 дәнді Ақ бидай көрмеде көрсетілген.

1957 жылға дейін Қонырат ауданында 5 мың гектар егін болса, бұның 3.5 мың гектары суармалы жер болған. Тың игеру кезінде егістік жер көлемі ұлғайып, суармалы жерлер жойылып, топырақ тозып кетті. Ақ бидай тұқымы - аңызак желді, құрғақ климатқа төзімді, кара күйе ауруына сирек ұшырайтын дақыл. 1972 жылы арнайы шыққан экспедиция бұл керемет өсімдікті таба алмады.

Ақ бидайдың шыққан жері Сарытерек ауылдық кеңесіне қарасты Қарақұла, Сарытерек, Ақтұмсық елді мекендерінде суармалы егістікті ұйымдастырып алынған өнім жеті колхозға көбейтуге берілді. Тоқырауын өзенінің жоғарғы саласындағы Киров, Сәуле, Қуаныш, Мәдениет,

Қусақ колхоздарында егілді. Ақ бидай дәні ірі, түсі ақшыл сары, 1000 дәнінің салмағы 55-60 гр. тартқан. Қарағандылық агроном Ғабит Нұрмұханов бидай туралы өз зерттеуінде бидайдың ботаникалық атауы «Ветвистокосая» бұл әзірбайжанша «Тұршдум» деп көрсетеді. Бес бас Ақ бидайдың нақты ботаникалық атауларын Қазақ ғылыми-зерттеу егіншілік институты ғана бере алады. Өйткені, бидайдың масағы сол жерде сақтаулы. Ал, жергілікті жерде бұған жеткілікті мән беріліп іздестірумен, сұраумен ешкім айналысқан жоқ

Ақ бидай дәнін облысымызда 1970 жылдан егіліп келе жатқан бидайдың Саратов-29 сортымен салыстырған. Бұл сорттың масағында 20-30 дәннен болса Бес бас - Ақ бидай- да 120-ға дейін дән болған. Саратов-29 гек-на 10-15 центнерден өнім берсе, Ақ бидай 80-90 центнерден берген.

1965-1972 жж. аралығында аудан көлемінде егілін жүрген бидайдың Саратов-210 сортының дәні Ақ бидайға ұқсас келетін. Дәннің түсі ақшыл сары, өзге бидайлардан ірі, 1000 дәннің салмағы 38-42 гр. дейін тартатын. Бұл бидай сорты 1968 жылы өндірістен алынып, орнына құрғақшылыққа төзімді, түрлі ауруларға сирек ұшырайтын Саратов-29, Безен-

чук-98 сорттары егілді. Саратов-29 сорты дәнінің түсі қызыл күрең, дәні ұсақ, 1000 дәннің салмағы 36-40 гр. Безенчук-98 сорты дәні сұр, ірі, 1000 дәннің салмағы 40-44 гр. Бұл сорт бұрынғы Көжебибайға келіңкірейтін. Өзен бойларында аудан бойынша 5 су диірмені, 1 жел диірмені жұмыс жасаған. Ақтоғай селосында бертінге дейін мотормен істейтін тоқ диірмен болды. Кезінде елді мекендерде 4-5 үйде тастан қашалған қол диірмен, бидай түктейтін келі болды. 1929 жылы Қарқаралы округі бойынша «Оян» колхозы құрылып, төрағасы болып Әбду Жүнісов сайланды. Бұл азамат сол кездердегі өз ортасындағы азаматтардың ішіндегі көзі ашық, сауатты, шаруашылықты ұйымдастыра білетін, жаңалық атаулыны өз шаруашылығында жүзеге асыра білген адам еді. 1930 жылы осы кісінің ізденуімен облыста, тіпті республикада тұңғыш жел диірмені өмірге келді. Ресейдің Омбы қаласынан арнайы адам алғызып, Қарқаралыдан өгіз арбамен ағаш материалдары жеткізіліп диірменді іске қосты. Бұл Ақтоғай ауданының халқын азық-түлікпен қамтамасыз етуге үлкен мүмкіндік туғызды. Кейіннен бұл диірмен колхоздың қоймасына айналды, одан кейін материалдары кім көрінгеннің иелігінде кетті. Қазір де бұндай диірмендер Батыс Еуропада, Украина, Ресейдің шет

аймақтарында аспан асты жәдігері болып сақталуда. «Қолда бардың қадірі жоқ» деген осы.

Ол кезде егін қол орақпен орылып, қолдай бастырылатын. Бір де бір дән шашау шықпай қамбаға құйылатын. Содан тұқымдыққа мемлекетке өткізіліп, қалғаны колхозшыларға еңбек күнге берілетін. Бес бас Ақ бидайдың тұқымының жойылуының себебі, біріншіден, суармалы егістік көлемінің азаюы болса, екіншіден, тұқымдық астықтың дұрыс дәрежеде өңделмеуі. Тұқымдық бидай түрі қоспалардан тазартылады, құрамындағы басқа бидай түрлерінен арылтып, себу тазалығына жеткізіледі. Үшіншіден, қоймада басқа дәнді дақылдармен араластырылмай бөлек сақталады. Осындай қарапайым егіншілік мәдениетінің сақталмауынан, тұқымдық астықтар араласып кеткен. Егілген бидай түрі егін өсіп шыққан соң, дән өсіп, масақта балауызданған шақтан кейін тозданду процесі жүргенде, екінші бір бидай тұқымына ауысады. Қай бидай тұқымы басым болса сол тұқымға біртіндеп өтеді. Сөйтіп, Ақ бидай егіншілік мәдениетінің дұрыс сақталмауынан жойылуға ұшыраған.

Әдеб.: Сұлғанғазы БОРАМБАЕВ, агроном, зейнеткер, Қарағанды қаласы. Мақала «Орталық Қазақстан» газетінен, ықшамдап алынды.

ТОЙШЫКЕНОВ Аман-

тай (1941ж.т. Қарақұла ауылы, Аралтөбе.) Ақтоғай ауданында орта мектепті бітірген соң, 1960ж. Ленин колхозында көмекші шопан болып еңбек жолын бастаған. 1964ж. Қарқаралы малдәрігерлік, зоотехниктік техникумын бітіріп, сол жылы Ақтоғай совхозының №1 бөлімшесінде мал дәрігері, 1966-67жж. совхозда бас зоотехник, кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарды. 1967-1972 жылдар арасында ҚарМУ-ді бітірген соң Сарытерек орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып еңбек етті. 1987 жылы денсаулығына байланысты совхозға бас агроном қызметін атқарған. 1993-95жж. бөлімше меңгерушісі, 1961-2001 жылдары Сарытерек орта мектебінде аға оқытушы болып жұмыс жасаған. 2001-2007 жылдар аралығында аудан басшыларының ұсынысымен мемлекеттік ветеринарлық инспекторы болған. 2008 жылдан бері зейнеткер.



А.Тойшыкенов мал маманы, мұғалім бола жүріп, ақындық, әншілік, күйшілік өнерімен ел құрметіне бөленген абыройлы азамат. 1964-94 жылдар аралығында «Тоқырауын толқыны» құрамында аудан, облыс, республика сахналарында әнші, күйшілік өнерімен жұртшылыққа белгілі өнерпаз.

1964-94 жж. аралығында аудан көлеміндегі барлық совхоздарда айтыскер ақындар болды. Сол уақытта өткен ең үлкен айтыс Кенен Әзірбаевтің 100 жылдық тойында Жезқазған облысының намысын қорғап, Шығыс Қазақстан облысының ақынымен Алматыда республикалық айтысқа түсіп жүлделі орынға ие болғаны. Сол жолы II дәрежелі дипломмен марапатталып, оны мәдениет министрінің қолынан алды. Екі бесжылдық бойы суреті аудандық «Еңбек данқы» галереясында тұрды, есімі ауданның алтын кітабына жазылған. 2017 ж. жеке өлеңдер кітабы жарық көрді. Жұбайы Жаңбырбаева Рысжан (1942ж.т. Ақтұмсық е.м.). Саран педучилищесін, 1971ж. Қарағанды пединститутының филология факультетін бітірген. Соны бастауыш мектебіне мұғалім болып еңбек етті. 1964-1992жж. Сарытерек орта мектебінде бастауыш және жоғары сыныптарға орыс тілі, қазақ тілі, әдебиетінің

мұғалімі болып жемісті еңбек жасады. «Батыр ана» 1992 жылдан зейнеткер.

ТОҚЫРАУЫН КӨТЕРІЛІСІ.

Еліміз тәуелсіздік алған соң бұрын айтылмай келген шындықтар айтыла бастады. Соның бірі - «уық көтерілісі» деген атпен ел жадында қалған Тоқырауын көтерілісі. Қабылбек Рамазановтың әкесі Рамазан ақсақал 1994 жылы 100-ге келіп дүниеден озды. Қабекең көп әңгімені көпті көрген әкенің аузынан естін, соның бәрін қағазға түсірген. Бүгінде Қабылбек Рамазановтың өзі де 90 жастан асты. Ғасырға жуық ғұмыр кешіп отырған ақсақалдың бір кезде әкесінің аузынан жазып алғандарының бірі осы Тоқырауын көтерілісі. Соны оқырман назарына ұсынайық. (Ж.Б.)

«Тобықтыдан тараған Өмір Дадан тұқымдары Ақтоғай өңірінде Манас, Қалдау рулары, сегіз старшын құрып, «Балқаш болысы» атанған. Манастың төрт әйелінен тараған Базарқұл, Тастемір, Жансары, Кенжебарак рулары Қотанабұлақ болысы атанды. 1928-1931 жылдар аралығына ел ішіндегі тәркілеудің салдарынан малмен жансақтап отырған ел-жұрттың күнкөріс тіршілігі құрдымға тірелді. Алда нәубет, үлкен ашаршылық таянып келе жатты. Әлеуетті адамдар оның ішінде Құбылтайдың

Ахметі жанұясымен жер ауып, елден кетті. Босқын көбейді. Дәулеттілердің малын бағып, отын жағып, күнелткен кедейлер баратын жер таппай ашыққан байлармен қоса өлін, өлмегені қаңғып далада көмусіз қалды. Бұл кезде Ақтоғай өңірін мекендеген үш болыс елдің «Мойынсерік», «бірлестік», «артельге» бірігіп, он-он бес, жиырма үйден топтаса бастаған кез. «Әлі есімде дейтін» марқұм әкем Рамазан.

– Біз ағайынды үшеуіміз, Бәкір мен Шәріпке бір-бір өгіз тиді. «Қарашілік» серіктестігін құрып, Шәріп інім соған бастық болды. Кезіне Әлихан Бөкейхановтың атқосшысы болып жүріп үйренген азды-көпті орысша білетінім бар. Осының да көп көмегі тиді, деп отыратын. Әкемнің айтуынша, елдің қолындағы азын-аулақ мал жазғытұрым пышакқа ілігіп, еріксіз сойыла бастады. Бұған түрткі болған ауыл белсенділері болатын. Олар берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан деп малды тартып алып, ішкі Россияға ет жөнелтеміз деп жаппай қырып, сою басталды.

– Қарашілікте көзім көрді, дейтін әкем, - Сойылған малда қисап жоқ, тау-тау болып қатталып жатты. Белсенділер ішкі Россияға жөнелтеміз деп елден көлікке ат, түйе сұрады. Бірақ ол жоққа тән еді.

Ақырында, қисапсыз малдың еті ешкімге бұйырмай, күн жылып итке жем болуға да жарамады. Қайсыбіреулер өзгеге бұйырғанша өзіміз жейік деп белдеудегі бұзауға дейін сойып алып жатты. Ел осылай ашаршылыққа аяқ басты. Ел ішінде наразылық көбейді. Әр жерде толқулар басталды.

Сол кезде Мәскеуден екі орыс жігіті Тоқырауын бойымен Балқаш өңіріне келген еді. Қарашіліктен «азды көпті тіл білесің» деп жолсерік болуды маған тапсырды.

Мезгіл жазғытұрым болатын. Тоқырауынның бойымен Балқашқа жол тарттық. Ел ішінде береке жоқ. Әлі жеткендер көлігінді тарпа бассалып аударып алатын кез. Жол-жөнекей «Тобықтылар үкіметке қарсы көтеріліс жасағалы жатыр» дегенді естідім. Қайсыбіреулер оның бастаушысы Жабайдың Сәдуақасы мен Смайылдың Жақыпбегі дегенде кобалжып қалдым. Мен екі азаматты да білетін едім, «Шіркін, екеуі де алмас қылыштың жүзіндей еді-ау!» деп әкемнің көзіне талай жас алғанын көргенім бар.

Содан Қарабұлаққа келсек, халық жиналып, ерттеуілі ат, жасақталған жасаққа тап болдық. Маған Смайылдың Жақыпбегі: «Үкіметке көтеріліп жатырмыз. Қой екеш қой да бауыздағанда аяғын сермейді, соғұрлым болма-

дык па? Бізге қосыл», - деді. Жасақтың ұзын ырғасы көп екен. Тобықтының Ақсақ-Қалдау руларынан да жігіттер бар екен. Көбінің аузында «бүйтсек тұқымсыз қаламыз», «мал ашуы –жан ашуы» дегенді естідім. Ауылға қайтар жолда Қарабұлаққа соқсам, жасақ Дуанға аттанып кетіпті. Ақтұмсыққа түнделете жүріп таң ата іліктім. Ол кезде жолаушы некен-саяқ еді. Қарсы алдымнан Тәуекел деген көшкін жігіті кездесті. Жөн-жобамды білген соң «Тобықтының жігіттері қайда жиналып жатыр» деп сұрады. Мен білгенімді айтып бердім. Ол шаба жөнелді.

Сарытеректегі Шегірдің үйіне келін, ат басын тіредім. (Ол кісі әйелімнің туған ағасы еді.) Есік терезесі сынған, үйдің айналасы опыр-топыр. Солдаттардан бір кісі өлген, бізден Жекейдің баласы Кәркей оққа ұшыпты.

Солкүні Қарқаралыдан шыққан 12 солдат көтерілісті баспақ болған. Басшысы аудандық милиция бастығы Махношин деген орыс жігіті. Тәуекел бастаған біраз жігіттер үйдегі астыққа шабуыл жасап, алып кетпекші болған кезде солдаттар үстілеріне дөп келеді. Осы арада әжептеуір атыс болды, деп Шекен қысқа ғана түсіндірді. Қалған азық-түлікті, оның ішінде қойма деп бір бөлмеге жинаған

бидайдың қалдығын түйеге артып, Сарытеректен Қарашілікке мені аттандырды. Аймақтың қары әлі қалың екен омбылап жүре алмай келе жатқанда алдымыздан мылтық асынған біраз адамдар жолығып, айт-ұйтқа карамай бізді ала жөнелді. Іштерінде өзімнің інім Нұршының Қайдары, Әмірхан кожаның баласы Ырзахан, Тобықты жігіті Иеш тағы басқа мен білетін азаматтар бар. Бәрі солдат киімін киіп алған. Иықтарына бір-бір мылтық асынған. Сол арада шағын жартас бар екен, солдаттар соны бекініс еткен. Мән-жайды айтқан соң милиция бастығы Махнощин маған тиген жоқ. Қайта жаныма Рыстайдың Біләлін қосып Қарашіліктегі қазіргі Әлиман қорасына шығарып салды.

Жол-жөнекей Біләлдан естігенім төменгі жақтың тобықтылары көтеріліс жасап Дуандағы дүкенді, қойманы бұзып, халыққа таратып беріпті. Енді өзен бойымен жоғарылап ауданды басып алмақ дейді. Соған жергілікті жерден жігіттерді зорлап жинап, Махнощин бастаған отрядқа көмек беріп жатқанын айтты. Біләлда солардың қатарында екен. Үйге келсем есік алдында шана үстінде бір жігіт өліп жатыр. Үкіметке қарсы пікірде жүргендер ұйымдасып солдаттарға қарсылық білдіріпті. Қаза тапқан Қарқаралыдан келген

І. Азанбаев деген азамат екен. Сол күні оның денесін ат шанаға салып 5-6 жігіт алып кетті.

«Халық ашынып отырған еді. Төменгі жақтан келе жатқан үлкен жасакқа қарсы тұра алмаймыз деген пікірде болса керек. Махнощин бастаған отряд ауылдың үстімен кешікпей Ақтоғайға кайтты. Бұл кезде Қарқаралыға арнайы жіберген хабар бойынша қосымша отряд келіп жетті. Көтерілісшілер әжептеуір қол жинап, Сарытеректегі қоймаларды бұзып, қалған астықты сол жердегі тұрғындарға таратып жатқанын естідік. Оларға жол-жөнекей басқа рулардан да қосылушылар көп еді. Ұзын қарасы 150-200 дей аттылы жасақты көзім көрді. Біздің ауылға сокпай өтсе де сырттай бақылап отырдым», деп әкем айтып отыратын. Көтерілісшілерді Ақ үй жақтағы Қарамойын деген жерде арнайы жасақталған отряд тосып жатты. Ақ үйдің төбесіндегі мұржасына дүрбімен карауыл қойды. Көтерілісшілер Тоқырауын бойымен келмей Қасабайдың үстімен тападай талтүсте ауданға қарай қаптап келе жатты. Мен інім Шәріп екеуміз отрядтың ішінде болатынбыз. Милиция бастығы көтерілісшілерге дүрбі салып ұзақ қарап отырып «түп» деп езу тартып күліп жіберді. Кейін білдім көтерілісшілердің көбі мылтық орнына уық асынып алған екен.

Кейде Тобықтының «үкіметке уық алып шықпаңдар» деп қалжындап жататыны содан қалған. Негізіне бұл үлкен ерлік еді. «Табаныңа тапталмаймыз, біз де халықпыз» деп үкіметке көрсеткен елдің сесі еді. Олар біле тұра тәуелсіздік үшін өмірлерін ажалға байлады. Өткен тарихты осылай бағалау керек.

Көтерілісшілердің ішінде 5-6 адамда ғана бесатар, біразы құс мылтықпен қаруланған. Алдында ақ боз ат мінген адам оқшау келе жатты. Тәрізі Жабайдың Сәдуақасы болса керек. Милиция бастығы қаптап келе жатқандардың ішінен алдыңғысын – жаңағы ақбоз атқа мінгенді иесін емес астындағы атын оққа ұшырды. Бірақ көтерілісшілер одан қайта қойған жоқ. Қаруы барлар қарсыласып көрді. Екі солдат жараланды. Атсыз қалғандары кейін шегінді. Арнайы жасақ оларды өкшелей қуып, Жабай аулының маңындағы Керегетас деген жерге бекінді. Осы арада біраз адам көтерілісшілерден шығын болса керек. Өзім көрген Қожағұл руынан Ыбыш, Көшкіннен Тәуекелді ұстап әкетті. Көтеріліс сәтсіз аяқталды. НКВД адамдары ел ішін жасырын аралап жүріп, көтеріліске қатысты-ау дегендерді шетінен ұстап ата бастады.

Жазығы жоқ көп адам жапа шекті. Аяусыз соққыға жығып, еш тергеусіз сотсыз-ақ жазаланып атылып кетті. Солардың ішінде өз халқының тәуелсіздігі үшін жанын пидә еткен Жабайдың Сәдуақасы, Смайылдың Жакыпбегі, Жекейдін Кәркейі тағы басқа азаматтар бар еді. Езіліп жаншылған елге 31-32 аштық нәубеті келіп килікті. Ол өз алдына әңгіме.

Қабылбек Рамазанұлы «Тәуелсіздікке ұмтылған елдің бұлқынысы» «Балқаш өңірі» 2009ж.

Т О Л Е Ш О В
Арслан (1949 ж.т. Сарытерек ауылы.). Қарқаралының Зоотехникумына түсін, 1969 жылы бітірген. Еңбек жолын фермада мал дәрігері болып бастаған. Әскери міндетін атқарып, келген соң екі жыл әкесіне көмекші шопан болған. 1974-76жж. 1 фермада мал дәрігері жұмысын істеген. 1977-83жж. совхоздың қой қырықтыру пунктерінде, жүн қабылдау, жүн сұрыптау, жүнді Семей, Талғар, Жамбыл қалаларындағы жүн фабрикасына өткізу сияқты жұмыстар атқарған. 1993ж. денсаулығына байланысты ІІ топ мүгедектігімен зейнеткерлікке шыққан.



ТОЛЕШОВ Досжан (Досмағанбет) (1911ж.т. Есекей бұлағы,



1957ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. 1941ж. қыркүйек айында Шет ауданынан майданға аттанған. Сол жылы желтоқсан айында ұрысқа кірген.

1942ж. сәуір айының аяғында батальон қоршауда қалып, тірі қалғандар тұтқынға түскен. 1945 жылдың мамыр айының аяғында совет әскерлері неміс лагерінен тұтқындарды босатқанда, фамилиясы «Түркістан легионының» тізімінде болған, соған байланысты қайтадан пойызбен Россияның Свердлов облысы маңындағы Калья поселкіндегі лагерьге алып келген. Сол жерде лагерь тұтқындарды боксид руднигіне жұмысқа айдап апарып, кешке қайтадан әкелін лагерьге қамайтын болған. 1953 жылы Сталин өлгеннен кейін, амнистия болып, Досжан еркіндік алды. Сол жылдары Жауһара деген азаматшамен көңіл қосып, (1949 ж.) Арслан, (1952 ж.) Рүстем, (1954 ж.) Руфина деген балалары дүниеге келген. Сөйтіп үш жарым жыл неміс лагерінде, 4 жыл Совет лагерінде, аш-жалаңаш болғандықтан денсаулығын жоғалтып 1955ж.аман-есен елге оралды. Өмірінің қалған күндерін туған топырағында еркін еңбекке арнап, МТС-те слесарь болып

жұмыс істеді. Өмірі арпалыс пен айдауда, қуғын-сүргінде өтіп, қатыгез заманның қасіретін шеккен есіл ер елге оралып 46 жасында өмірден озды.

ТОЛЕШОВ Жармағанбет (1895-1990жж.). Алғашқы колхоздастыру кезінде ауылшаруашылық жұмыстарына атсалысты. Соғыс кезінде еңбек армияда, Қарағанды көмір шахтасында көмір қазды. 1945-64жж. колхоз бен совхоздың қойын бақты. 1957-1964 жж. «Ленин» колхозының учаскесі Шұбартауда қой бақты. Жармағанбет ақсақалдың бүкіл ғұмыры ат жалында, мал соңында өтті.

ТОЛЕШОВА Жауһара Ғарипқызы (1923ж.т. Башкирияның Киғи ауданы.,2012ж.к.). 1941 жылы соғыс басталғанда ауылдағы жігіттер әскер қатарына, қыздарды госпитальдарға, фабрикаларға, заводтарға жұмысқа жіберді. Жауһара 15 күн санитарлық курста оқып, қоршауда қалған ленинградтықтарға көмектесу үшін санитарлық пойызбен Ленинградқа жіберілген. Соғыс жылдары госпитальде санитар болып жұмыс істеді. Соғыс біткенше Орал өзенінің бойында қиылған ағаштарды дайындау жұмыстарына қатысқан. Сол жылдары Досжанмен тұрмыс құрды. 1955ж. Жетімшоқыға көшіп келген соң сол жердегі мектепте таза-

лықшы болып жұмыс жасады. 1958ж. Досжан қайтыс болған соң, Досжанның немере інісі Тоқмағанбетке қосылып, екеуі бір отар қой бағып жемісті еңбек етті.

ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ Тәуке (1916ж.т. Қоңырат ауданы. Сарытерек аулы.) - Ұлы

Отан соғысының ардагері. 1941-45 жылға дейін сұрапыл соғысқа қатысып, кан майданнан жараланып елге оралды. Соғыстан келген соң бірден еңбекке араласып 1970ж. дейін ауылшаруашылығын өркендетуге зор үлес қосқан белгілі механизатор болды. Сарытерек ауылына ең алғаш келген шөп шабатын шалғылы ШКА -10 тракторымен шөп шауып, мал азығын дайындауға көп үлесін қосқан. Ауылдың үлгілі механизаторы, еңбек адамы, жастарға ұстаз болды. Өмірлік жары Аманбекқызы Ақтоқаш екеуі жарасты ғұмыр кешіп, өмірге 4 бала әкеліп бәрін өсіріп ержеткізді.

Дерек беруші: қызы Қоңыр Тәукеқызы.

ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ Нұрлан (4.05.1941ж.т. Сарытерек ауыл.,-). 1954ж. Сарытерек жетіжылдық мектебін бітірген соң колхозда шөп шабу, мал қыстату, науқандарына қатысып еңбек етті. 1962ж. әскерде болып, азаматтық борышын өтеп



келген соң 1965ж. совхозда әртүрлі жұмыстар жасаған. Осы жылдың қаңтар айынан бастап совхозда әскердегі тәжірибесіне орай механизатор болып еңбек етті. 1977-78жж. тракторист бола жүріп, совхоздың мал бағу жұмыстарына да қатысты. №1 бөлімшенің «Қызылжал» қыстағында 1994 жылға дейін аға шопан болды. 1994ж. совхоз тараған соң совхоздан өз үлесін алып, «Қызылжал» жеке шаруашылығын құрып қожалықтың жұмысын өрге бастырды. Жұбайы Төлеубекова Саркыт-1948ж. 12 шілдесінде «Үшөзек» колхозында дүниеге келген.

ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ Серік (1938ж.т.) 1950ж. Қарағұла бастауыш мектебін бітірген соң, колхоздың әртүрлі жұмыстарына көмектесіп, шөп шабу, өгіздің басына мінін, бұзау бағу т.б жұмыстар атқараған. 1956ж. МТС бөлімшесінен трактористер дайындайтын курсты оқып, бітіріп трактористік мамандық алды. 1956ж. тамыз айынан бастап,

колхозда тракторшы болып, сол кездегі колхоз басқармасы Отыншин Серік деген азамат болатын. Алғашқы трактор «Шотаяк» деп аталатын сол трактормен біраз жұмыс жасап, кейіннен ДТ-54 шынжыр табанды тракторды жүргізді. Колхоздың шөбін шауып, аздап салған егінді жинап, науқандық жұмыстарға үнемі қатысты. 1963ж. колхоздар біріктіріліп, совхоз болып құрылды. Осы кезде совхозда ЮМЗ тракторын жүргізді. Қыс мезгілінде совхоздың тракторларын жоғарғы РТС-қа жөндеуге қоятын. Сол кезде РТС-да жүргенде Ертаева Рәшпен танысып отбасын құрды. Ертаева Рәш - 1934ж. Қызылорда обылысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. 1949ж. Қазалы ауданындағы орта метепте оқып 8 класын бітірген соң 1949ж. Қызылорда қаласындағы медицина училищесіне оқуға түсіп, оны 1953ж. акушер-гинеколог мамандығы бойынша бітірген. Оқу бітіргеннен кейін жас маманды Қарағанды обл., Ақтоғай ауданына жолдамамен жұмысқа жіберген. Ол кездегі аурухана меңгерушісі Бирюкова Жанна Михайловна жас маманды жылы қабылдап, дәрігер жетіспейтін жерлерге жоғарғы РТС-ке жібереді. Сол жерде фельдшер болып жұмыс жасауға кіріседі.

1955ж. Серік Төлепбергеновпен танысып, отбасын құрған. Сарытерек ауылдық кеңесіне қарасты амбулаторияға фельдшер болып жұмысқа орналасты. Сол кездегі туған талай бүлдіршіннің кіндік шешесі атанды. Отбасында жақсы өмір сүріп, өмірге жеті бала әкелді. Көп балалы ана ретінде 1974ж. зейнеткерлікке шығып, сонда да қарап отырмай жолдасына көмектесіп бірнеше жыл Ақтоғай совхозының Кенелі бөлімшесінде көмекші шопан, одан кейін аға шопан болып жұмыс жасады. 1994ж. дейін жұмыс жасап, совхоз тараған соң шаруа қожалығын құрып, осы қожалықта мүше болды. Қожалық аты «Қызылшоқы» қожалығы еді. Бұл күндері екеуі де өмірден өтіп, әкесінің жолын кенже баласы Серікұлы Досан жалғастырып, қазір шаруа қожалығының жетекшісі болып жұмыс жасап отыр.

ТӨКТАЕВ Бекмағанбет (Кәкімаған) (1939ж.т. Ақтоғай ауданы.). Балқаш қаласында арнайы шоферлық курсты бітірген



соң бірнеше жыл (Ленин колхозында), Ақтоғай совхозында жүргізуші болып еңбек еткен. Сонымен бірге бірнеше жыл жедел жәрдем жүргізушісі, совхозда автомеханик, автогараж меңгерушісі болды. Еселі еңбек ете жүріп, төрт дүркін аудандық Советтің депутаты болып сайланған. 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Сарытерек ауылының колхоз, совхоз кезіндегі экономикасымен мәдениетінің одан әрі дамуына үлкен үлес қосқаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталған. 1983-1993жж. жылқышылар бригадасының меңгерушісі болып жұмыс жасап еңбек демалысына шыққан. Зайыбы Мәжетаева Күләнда (1941ж.т. Ақтоғай ауданы.). Ақтоғай ауданындағы орта мектепті бітірген. Жасынан еңбекке араласып колхоздың барлық шаруашылық жұмыстарында қолдай еңбек жасаған. 9 бала тәрбиелеп өсірген «Батыр Ана» медалімен марапатталған.

ТӨЛЕУБАЙҚЫЗЫ Дәмен (1919-9.03.2008жж.) Еңбек жолын Қоңырат ауданы Каганович колхозында бастаған. 1946 жылы жұбайы Шойынбаймен бірге Мойынты-Шу екпінді теміржол құрылысына қатысып, еңбек етті.

Кейіннен туған жеріне келіп, колхоздың түрлі науқандық жұмыстарына атсалысты: тоған қазды, егін салды, тұқым дайын-

дау жұмыстарына белсене араласты. Партия, кеңес органдарының шақыруына үн қосқан жары Мақашұлы Шойынбай мал бақ-



қанда оған қолдау көрсетін, бақташының көмекшісі, озат шопан көмекшісі атанады. Ауылшаруашылығына сіңірген үлкен еңбегі лайықты бағасын алып, бірнеше мемлекеттік наградаларға ие болған. Өртүрлі салаларда қажырлы еңбек, қажымас қайрат көрсете отырып, отбасының ұйытқысы, ардақты ана - 4 ұл, 3 қызды дүниеге әкеліп, олардың тәрбиелі, еңбекқор, адал да кішпейіл болып өсуіне қол жеткізді.

ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ Тайтөлеу (1942 ж.т. Сарытерек ауылы.-2002ж.к.). Мектеп бітірген соң, 1961ж. Қарқаралы қаласындағы мал дәрігерлік техникумына оқуға түсіп, 1965ж. бітіріп шықты. Еңбек жолын Кенелі ауылында бастады. Сол жылдары Исабаева Төлеубаламен отау көтерді. 1969ж. әскерге шақырылып, 1971ж. 3 жылдық әскери борышын өтеп келді. Әскерден келген соң өз мамандығы бойынша жұмысын жалғастырды. Содан өмірінің соңына дейін мал шаруашылығы саласында еңбек етті. Зайыбы



Төлеубала ауылдағы бастауыш сыныпта мұғалімдік қызмет атқарды. 1989ж. ауыр науқастан қайтыс болды. Артында 4 ұл, 2 қыз баласы бар. Балалары өз алдына отау құрып, балалы-шағалы, әр салада қызмет жасап жатыр.

ТӨЛЕШОВ Рустам Досжанұлы (1952-2013жж.).

Еңбек жолын Ақтоғай совхозында 1973-76 жж. қойшы болудан бастаған. 1976-1982жж. Алматыдағы Киров атындағы мемлекеттік университетте оқыды. 1982-1987 жж. Ақтоғайда ауыл шаруашылық басқармасында аға заңгер, 1987-89жж. Ақтоғай аудандық совет атқару комитетінде ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болып еңбек етті. 1989 жылы денсаулығына байланысты II топтағы мүгедектік зейнеткерлікке шыққан. 2005-2008жж. Ақтоғай аумақтық «Нұр Отан» ХДП филиалының заңгер кеңесшісі қызметін атқарған.



ТӨРЕБАЙҰЛЫ

Ақатай

(1892ж.т. Тоқырауын өзені бойында, бас қора, 1985ж.к.). Қазан

төнкерісі кезінде бозбала жігіт әкесінің шаруашылығына көмектесіп, ағайындарымен бірге киіз үй ағаштарын жасап, оны сатумен айналысқан.



Ұжымдық шаруашылық құрылған кезде соның алғашқы мүшелерінің бірі болып науқандық жұмыстар атқарған. ҰОС жылдарында әскер жасынан асып кетуіне байланысты соғыстан броньмен қалдырылып колхоздың жылқысын бақты. 1942-1947жж. жылқы фермасының жұмысына басшылық жасап, тылдағы ауыр еңбекті басынан өткерді. Соғыс жылдарындағы тылдағы ерен еңбегі үшін 1946ж. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. 1947 жылдан бастап жұбайы Зейнеп екеуі колхозда қой бағып Айыртас қыстағын мекендеді. 1967 жылға дейін осы қыстақта мал бағып, совхоз экономикасын дамытуға өз үлесін қосты.

ТҰРЫСБЕКОВ **Ғабдолла** (т.ж.б.) Қарағанды обл., Қонырат ауданы, Каганович колхозында туған. Жолдасы Тікейқызы Мәмила екеуі осы колхозда тоған қазу, өгізбен жер жырту, мал бағу жұмыстарын атқарды.

ТҰРЫСБЕКОВ Нөкербек – (т.ж.б.) Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Каганович колхозында туып өскен. Осы колхозда тоған қазып, егін салып, жер жыртып, мал бағып колхоз жұмысына бір кісідей атсалысқан. Бәйбішесі Қайша екеуі Фабрик, Мағира, Мәрпіш атты балаларын тәрбиелеп өсірген.

ТҰРЫСБЕКОВ Сүйеухан - (1948ж.т. Қарағанды обл. Ақтоғай ауданы, Ленин колхозы.,-) Целиноград қаласындағы құрылыс техникумын бітірген. Ақтоғай совхозда құрылыста мастер, прораб болып еңбек етті. Совхоз орталығындағы МБМ құрылысына прораб болды. Кейіннен Балқаш қаласында еңбек пен түзеу колониясында майор шенінде қызмет атқарды. Жолдасы Баян екеуі Мариям, Адам, Сапура есімді балаларын тәрбиелеп өсірді.

ТҰРЫСБЕКОВ Есенгелді Есейұлы (15.02.1947 ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.).

Қарқаралы қаласындағы зооветеринарлық техникумды бітірген. Оқуды тәмамдағаннан соң, «Қызыларай» совхозының екінші фермасында зоотехник, №1 «Еңбек» бөлімшесінде мал дәрігері, екінші бөлімшенің

меңгерушісі болып абыройлы еңбек етті. Осы жылдар ішінде өзінің іскерлік қабілетімен көзге түскен Е.Тұрысбеков «Ақтоғай» совхозына қызметке ауысып, совхозда зоотехник, бас мал дәрігері сияқты жауапты жұмыстар атқарды. Іскер азаматты ауыл тұрғындары совхоз кәсіподақ комитетінің төрағасы етіп сайлады, кейін партия қызметінде болып тәжрибесі толысқан Есенгелді Есейұлы «Ақтоғай» совхозының директоры болып екі жыл қызмет атқарған соң, «Еңбек» совхозына коммерциялық директор болып тағайындалды. Аудандық, ауылдық советтің депутаты болды. Кейін Ақбастау елді мекеніне қоныс аударып, Ақбастау ауылының әкімі қызметіне тағайындалып, осы жұмысты 2010 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін атқарды.

Есенгелді Есейұлының осындай абыройлы қызмет атқаруына елу жылға жуық тату-тәтті өмір сүріп жатқан отбасының ұйытқысы болған аяулы жары, адам жанының арашашысы, дәрігер болған Марал Уатайқызының үлесі де аз емес екені жұртқа белгілі. Қазір де немерелерінің сүйікті ата-әжесі Есенгелді Есейұлы жары Маралмен зейнеткерлікке шыққаннан бері Қарағанды қаласында тұрып жатыр.



ТҰРЫСБЕКОВ Есей (1915 ж.т.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан кейін Қоңырат ауданы Сарытерек ауыл советіне қарасты «Үшөзек» колхозында ферма меңгерушісі болып еңбек еткен. Отбасының ұйытқысы Садықбекова Күлшария үй шаруашылығында болған.



ТҰТҚАБЕК (т.ө.ж.б.) ағаш ұстасы болған. Мал баққан. 1931-32жж. артельден «Ақтұмсық» колхозы болды. Жер жыртып, егін салған: тары, бұршақ зығыр, ақ бидай, қызыл бидай еккен диханшы. Техниканың жоқ кезі, егістегі жұмыстың бәрі қолмен атқарылатын. Тоқырауын алқабына ағалар өсірген Ақ бидайға ол кісінің де қосқан өзіндік үлесі бар. Шешесі Сыздыққызы Бәшім колхозда еңбек еткен. Тоған аршып, егін суарған. Тұтқабек ақсақал кигіз үй басып, қақпан салып, қасқыр ұстаған аңшы адам.

ТҰТҚАБЕКОВ Қайырберлі Тұтқабекұлы (1928 ж.т. Қаратал облысы, Қаратал совхозы.,-1992ж.к.). Қарқаралы қаласынан бір жылдық ауылшаруашылығы мектебін, Қарқаралы мал дәрігерлік



техникумын бітірген. 1947-48жж. «Еңбек» колхозында мал дәрігері, 1952ж. Қызыларай совхозында, Киров ауыл шаруашылық артелінде зоотехник болып жемісті қызмет істеп, мал шаруашылығын дамытуға өзіндік үлес қосты. 1958ж. бастап Ақтоғай совхозына жұмыс істеді. Қ.Тұтқабеков ерекше қоғамшыл белсенділігімен аудандық баспасөз бетінде жерлестерінің жетістігі туралы үзбей мақала жазып, елді еңбекке үндеуден жалыққан емес. Мал шаруашылығындағы еселі еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

ТҰТҚАБЕКОВА Сақып Аюпқызы (1938ж.т.). Еңбек жолын 1957 жылдан Ленин колхозында жұмысшы болып бастаған. Колхозда шөп шабу, қыстаққа мая салу, кой төлдету жұмыстарына қатысқан. Күнделікті нормасын 1,5-2 еседен орындап еңбек озаты атанған. Ерен еңбегі арқасында «Еңбек ардагері» медалімен, мақтау грамоталарымен марапатталған. Ардақты ана 8 бала тәрбиелеген «Алтын алқа» иегері.



ТҰЯҚБАЕВА Күлзираш Баймұқатқызы (15.05. 1944ж.т. Жезқазған обл. Ақтоғай аудан.,

Буденный селолық советі) Орта мектепті аяқтағаннан кейін 1962 - 64жж. Ақтоғай аудандық «Тоқырауын толқындары» халық ән-би ансамблінің құрамында болып, жеке дауыстағы әнші ретінде өнерімен жұртқа танылды. Қарағанды қаласында өткен «Байқоңыр дауысы» республикалық фестиваліне қатысып, лауреат атанады. 1964 жылы Тұяқбаев Қабдыраш Тұяқбайұлымен отбасын құрып, Сарытерек ауылдық округінде шопанның көмекшісі болып еңбек етті. 1973 жылдан бастап, «Жалын» комсомол жастар бригадасының құрамына жұмысқа қабылданып, ауыл шаруашылығын өркендетуде жолдасымен бірге ірі табыстарға қол жеткізеді. 1979 жылы халық депутаттары Жезқазған облыстық советіне депутат болып сайланды. Жылдар бойғы еселі еңбегі арқасында «Социалистік жарыс жеңімпазы» атанып, «Мал шаруашылығының екінші классты шебері» деген құрметке ие болды. 1982-84 және 1986 жылдары I, II және III дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған. Сондай-ақ 1998-2010жж. «Күміс алқаның да, «Алтын алқаның» да иегері атанды. 1994 жылы



зейнеткерлікке шыққан Тұяқбаева Күлзираш Баймұқатқызы 9 бала өсірін, тәрбиелеген батыр ана.

ТҰЯҚБАЕВ Қабдыраш

Тұяқбайұлы (10.01.1941ж.т.

Қарағанды обл., Ақтоғай аудан., Сарытерек селосы.), 1947ж. Сарытерек селолық советіндегі №4



орта мектепке оқуға қабылданып, колхоз жұмысына адамның жетіспеуіне байланысты 1954 жылы сырттай бөлімге ауыстырылады. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ Ленин колхозында жай жұмыскер болып еңбек жолын бастады. 1958 жылы мектепті бітірін, 1970 жылдарға дейін Ақтоғай совхозында механизатор, шофер, бригадир сияқты жұмыстар атқарған. 1973-1988жж. жастарды еңбекке баулу, қой шаруашылығын өркендетуге байланысты Қарағанды облысы бойынша бірінші болып ашылған «Жалын» комсомол бригадасына жетекші-ұстаз (тәлімгер) болып тағайындалады. Осы жылдары қой шаруашылығын өркендетуде республика, Кеңес одағы көлемінде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, үлкен құрметке ие болады. 1988-1990жж. шопандық кәсіппен айналысып, 1994ж. зейнеткерлікке шықты. Еңбек ет-

кен жылдар ішінде талай-талай биіктерді бағындырып, абыройға бөленді: 1969ж. «Жастар жетекшісі» төсбелгісімен; 1970 жылы «Еңбектегі жетістігі үшін» медалімен; 1973 ж. «Социалистік жарыс жеңімпазы» төс белгісімен; 1975 жылы «Еңбек қызыл Ту» орденімен, 1975 жылы Орталық ВЛКСМ комитетінің «Трудовая доблесть» медалімен, 1976 жылы «IX бесжылдық жеңімпазы» төсбелгісімен, «Халық шаруашылығын дамытудағы еңбегі үшін» ВДНХ-ның қола медалімен, 1979ж. «X бесжылдық жеңімпазы» және «Жастардың тәлімгері» төсбелгілерімен марапатталып, осы жылы Мәскеу қаласында бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысады, 1984 жылы «XI бесжылдық жеңімпазы» медалімен, «Халық шаруашылығын дамытудағы ерен еңбегі үшін» ВДНХ-ның күміс медалімен, 1985 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, «Халық шаруашылығын дамытудағы ерен еңбегі үшін» ВДНХ-ның алтын медалімен марапатталған. Жасынан спорты жанына серік етін, жүйрік ат жаратып, аңшылықпен айналысады. 1991 жылы Ақтоғай совхозы тарағаннан кейін «Қарақұла» шаруа қожалығын құрып, қазіргі уақытта асыл тұқымды ірі қара

мал шаруашылығын өркендетумен айналысып келеді. Жолдасы Тұяқбаева Күлзираш Баймұхатқызы.

ТҰЯҚБАЕВ Саят Қабдырашұлы (9.06.1976ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай аудан., Сарытерек ауылы.). 1997ж. ҚарМУ-дің филология факультетін бітірген. 1997-1999ж.ж. Сарытерек орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 2000ж. Ақтоғай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы, 2001-2002жж. Қызыларай орта мектебінің директоры, 2002-2003жж. Ақтоғай ауданы Өнер мектебінің оқу ісі меңгерушісі, Ақтоғай аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі, Ақтоғай мәдени-сауық орталығының көркемдік жетекшісі, 2010-2011жж. Балқаш қалалық білім бөлімінің әдіскері, 2011-2012жж. Балқаш мәдени-сауық орталығының көркемдік жетекшісі, Балқаш мәдени-сауық орталығының директоры қызметін атқарған.

Бірнеше сахналық қойылымдар мен өнер жобаларының авторы. Аудандық, облыстық, республикалық өнер байқауларының, ақындар айтысының және жазба ақындар мүшәйрасының жүлдегері. Қазақ күресі, кір тасын көтеру, қол күрес спортынан

бірнеше дүркінаудандық, облыстық жарыстардың жеңімпазы. Отбасылы. Жолдасы Сейтмұқашева Гүлшат Гинаятқызы. 3 баласы бар.

ТҮЙМІШІНОВ Нағытай (2.10.1937ж.т. Сарытерек ауылы.). 1956ж. Қарағанды қаласындағы, Токревкада Механизаторлық училищесін бітірген. Сарытерек селосында 1957-1964жж. тракторист, 1964-1980жж. шофер, бригадир болып еңбек етті. Ауыл шаруашылығының әртүрлі саласында тынымсыз еңбек етіп, 1993 жылы зейнеткерлікке шыққан. Қазір Балқаш қаласында тұрады. Жұбайы Жаппарбекова Назыкен 29.01.1941ж. Сарытерек ауылында дүниеге келген. 4 сыныптық білім алған. Соғыс жылдары оқуын жалғастыра алмай, еңбекке ерте араласқан. Колхоз кезінде сауыншы болды, егін егіп, масақ терді, сонымен қоса мал төлдету, мал қырку жұмыстарында істеген. 1991ж. зейнеткерлікке шыққан. Отбасында 9 бала тәрбиелеген. «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегері. Бірнеше медальдармен марапатталған. Балалары: Бибігүл, Саягүл, Әнуарбек, Мнуарбек, Қайрат, Мейрамкүл, Рыскүл, Аманкүл, Дулат барлығы да жеке-жеке отау құрып, еңбек етуде. Немере, шөбере тәрбиелеген. 30.06.2006ж. қайтыс болды.

ТҮЙМІШІНОВ Төлеген (20.12.1956ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай аудан., Сарытерек ауылы., - 01.08.2007ж.қ.). 1974ж. 1 тамызынан бастап Ақтоғай совхозында жұмыскер болып қабылданған. 1975ж. Әскер қатарында азаматтық парызын атқарып келген соң туған ауылы—Сарытеректе, 13.06.1980 ж. бастап № 2 бөлімшеде мал азығын дайындау жұмысының бригадирі болып еңбек етті. Қажырлы еңбегі бағаланып көпшіліктің алғысына бөленді. 1979 ж. Катепқызы Маралмен отбасын құрып, екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. 1994ж. совхоз тараған соң, жеке шаруақожалығын құрып мал басын көбейтіп жұмысыз жастарды жұмысқа тартып, еңбек етті.



ТҮСІПОВ Дауылбай (1896 ж.т. Қызылжаста «Құлатайдың қызылы» казіргі Жамшы совхозының жері, 1966 ж.қ.). Дауылбай ақсақал бес ағайынды болған екен. Інілері: Түсіпов Айтжан (1898ж.т.), Түсіпов Оңғарбай (1900 ж.т.), Түсіпов Молдашбай (1902ж.т.), Түсіпов Кенжебек (1904 ж.т.). Айтжан 1937 жы-



лы үштіктің айыптауы бойынша «халық жауы» деген айыппен сотталып кеткен, хабарсыз. Оңғарбай мен Молдашбай 1942ж. ҰОС-да қаза тапқан. Түсіпов Дауылбай «Ленин», «Каганович» колхоздарында егіс бригадасында бригадир, кейіннен егін салу, мал бағу жұмыстарын атқарған. 1949 жылы Айыртас елді мекенінде мал бағып жұмыс жасаған. 1955 жылы Ақтоғай совхозына көшіп келді. Жұбайы Түсіпов Нұрғайша екеуі 6 бала тәрбиелеп өсіріп, 1972 жылы 67 жасында дүниеден озған. Қызы – Ұлту, ұлы – Жаманбек, ұлы – Әжібек, қыздары - Мәкіжан, Кәкіжан, ұлы – Әйімбек колхоз, совхозда жұмыс жасаған, балалы-шағалы.

ТҮСІПБЕКОВ Жұмахан (1922ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Қарақұла ауылы.,-1993ж.к.). Жасынан колхозда әртүрлі жұмыстар істеген. Бригадир, жылқыда завферма болып еңбек етті. Нұржәмила шешемізбен отау құрған. Нұржәмила осы колхозда аянбай еңбек етіп, 3 бала тәрбиелеп өсірді. Балалары: Амантай, Есетай, Рыстай. 1950-57жж. колхозбен колхоз қосылғанда жер жырту, өгіздің басын жетектеу, егін суару, егін ору, сияқты барлық жұмыстар осы кісілердің мойынында болды. Кейінде Жұмахан ағайымыз

совхозда мал бағып, шешеміз Нұржәмила қой күзетіп, қой төлдету, қой қырқу жұмыстарында атқарған. Нұржәмила шешеміз 1985ж. қайтыс болған.

ТҮСІПОВ Қабыл Әлмағанбетұлы (25.03.1942ж.т. Ақтоғай ауд., Сарытерек ауылы.). 1962ж. Целиноград (қазіргі Астана) қаласындағы сауда техникумының бухгалтерлік бөлімін бітіріп, Ақтоғай тұтынушылар қоғамында бухгалтер болып еңбек жолын бастады. Сол жылдың 16 қарашасында Қоңырат аудандық дайындау конторына көмекші бухгалтер, 1.03.1963ж. Ақтоғай кеңшарындағы жұмысшы кооперативіне бухгалтер-инвентаризатор болып тағайындалды. 1964ж. Алматы халық шаруашылығы институтының жоспарлау-экономика факультетіне оқуға түсті. Сол жылы желтоқсан айында әскер қатарына алынып, Ақтау қаласындағы әскери бөлімде әскери құрылысшы, қоғамдық тамақтандыру бухгалтері жұмыстарын істеді. Бір жылдан соң, оқуын әріқарай жалғастырды. Бұдан кейінгі еңбек жолының тізбесі төмендегідей:

18.08.1969ж. – Ақтоғай совхозында аға экономист; 1970ж. – еңбекақы төлеу бойынша экономист; 06.1977ж. – совхоздың бас бухгалтерінің орынбаса-

ры; 1982ж. – аудандағы жаңадан ашылған «Еңбек» совхозының бас экономисі болып қызмет істеген. 1984ж. – «Ақтоғай» совхозының еңбекақы төлеу жөніндегі экономист; 8.04.1985ж. – совхозының бас экономисі; 9.08.1986ж. – қайта еңбекақы төлеу жөніндегі экономист. Осы қызметті 1995 жылдың 1 сәуіріне, яғни совхоздар таратылғанға дейін атқарып шықты. Зайыбы Әлібекова Құрбанкүл Дүйсебайқызы, (30.11.1947 ж.т. Оңтүстік Қазақстан обл., Шардара ауд.). Бала-шағасы ержетін, ата-анасының арман-тілегін орындап жауапты қызметтер атқаруда.

ТҮСІПБЕКОВ Махмет (1909 ж.т. Сарытерек а.с. «Дастар»



кыстағы.). Әкесі Түсіпбек, анасы Айтбала қарапайым шаруа адамдары болатын. Махмет еңбекке ерте араласқан. 7-8

жасында молдадан арапша оқып сауатын ашқан. Совет үкіметі орнағаннан кейін екі кластық білім алған. Өзінің зеректігімен 18-19 жасында «Үшөзек» колхозына басқарма болған. Сол кездің өзінде әкеміз орысша, қазақша мүдірмей сөйлеген. Сарытерек ауылының бірінші қазығын қадағандардың бірі болған. Бұл 1927-28жж. болған. Сарытерек 4 колхоздан тұрған:

1941-1946жж. Ұлы Отан соғысына қатысқан, 1946-50 жж. завферма, 1950-57жж. Ақбидай өсірген, 1958-62 жж. Өтелбайдағы мал сою пунктінің менгерушісі, 1963-67 жж. Қарашілік ауылындағы дүкенде сатушы болып жұмыс істеген, 1967-69 жылдары совхозының шөпшілер бригадирі болып еңбек етіп, 1969ж. зейнеткерліккешықты. Сонда да еңбек жолын әрі қарай жалғастырып 1970-73жж. Сарытерек ауылында атқора менгерушісі болып жұмыс жасаған. Өмірінің аяғына дейін Сарытерек ауылының гүлденуі мен өсуіне еңбегін аяған жоқ. Түсіпбекова Тоты Ақшабайқызы (1927 ж.т.) Соғыс кезінде тылда жұмыс жасаған.

«Тыл ардагері». Совхоз кезінде мектеп интернатында тазалықшы қызметін атқарған. Совхоз уақытында ауыл шаруашылығының



науқандық жұмыстарына белсене қатысты. Отбасында 3 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсірген бақытты ана. Балаларының үлкені Махметова, Шамшия, Қадания, Бизада, Бекзада, Төлеузада, Әлия, Ғалым атты балалары ержетін әр тарапта еңбек етеді.

ТҮСІПБЕКОВА Мүслима (1928 ж.т.-3.02.2018 ж.қ.). 1942ж. 8 класты бітірген. 1942 жылы

ұстаздар мен ересек балалар майданға кетіп, 9-класс жабылып қалған соң аудандық ақша бөліміне есепші болады. 1943-1946 жж.



Мемлекеттік қамсыздандыру бөлімінде аға есепші болып жұмыс істеді. 1946 жылы 9 класс бойынша «экстерном» емтихан тапсырып 10 класста оқып, мектепті үздік бітіреді. 1948-1950жж.

Қарағандыдағы екіжылдық мұғалімдер институтының «физика-математика» факультетінде оқып, 1950 ж. Қоңырат жетіжылдық мектебіне мұғалім болады. 1952-1954жж.

Калинин жетіжылдық мектебінде, 1955-1967жж. Ақтоғай ауданы М.Горький атындағы орта мектебінде, 1967-1975жж. Сарытерек орта мектебінде, 1975-1978жж.

Шұбартау орта мектебінде сабақ береді. 1978 жылы зейнеткерлікке шықты. Сол жылы Приозерный ауданына көшіп барған соң, отбасы жағдайына байланысты мектеп-интернатта сабақ береді. 1982-1986жж.

Нүркен орта мектебінде де ұстаздық қызмет атқарады. Көп жылғы еткен еңбек, төккен тердің арқасында алған алғысы да жетерлік. Атап айтқанда: «1941-1945жж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі

үшін» медалі; Ұлы Отан соғысы жеңісінің 20, 30, 40, 50, 60 жылдығына арналған мерекелік медальдармен; ҰОС-дағы жеңісінің 55 жылдығына арналған ҚР Президенті Н.Назарбаевтың, Қарағанды обл., әкімі мен Ақтоғай ауданының әкімінің құттықтау хаттарымен сондай-ақ, «Соғыс және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. I және II дәрежелі «Ана» медалінің және «Аналық Данк» орденінің иегері. Отағасы Әбдіғұлов Әшембек екеуі он баланы дүниеге әкеледі. Үш баласы жастай шетінеп, жеті баласын тәрбиелеп өсірген. Осы балаларынан он бес немере, бес шөбере сүйіп отыр.

ТҮСІПБЕКҰЛЫ Сағат

Түсіпбекұлы (31.12.1944 ж.т.

Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылы, 12.02.2003ж.қ.). Алматы обл., Талғар қаласындағы ауылшаруашылық техникумын есепші мамандығы бойынша бітірген. 1965ж. Қызыларай совхоз. мәдениет бөлімінде жұмыс істеді. 1967-1977жж. 10 жыл совхозда экономист болып қызмет атқарды.



С.Түсіпбекұлы өңірдің дамуына етене араласып, Ақтоғай ауданы, Сарытерек совхозын-

да 1977-1995жж. бас экономист, бас бухгалтер болып қызмет атқарды. 1967ж. Есеева Ағжан Есейқызымен бас қосып, дүниеге ұрпақ әкеліп, 8 бала тәрбиелеп өсірді. 1985 жылы Алланың жазуымен Ағжан дүниеден озды. 1987 жылы Сарытерек совхозының тумасы Шайқыстанова Шарбат Шайқыстанқызымен бас қосып, жарасты өмір сүрді, перзент сүйді. Қазіргі таңда балаларының барлығы ержетіп, әр салада қызмет атқарып, еліміздің өркендеуіне атсалысуда.

ТІЛЕУБЕКОВ

Әліхан



(1927ж.т. Қоңырат ауд., Сталин колхозы.,-). Балалық шағы нәубет

жылдары 1932ж. және ҰОС жылдармен сәйкес келіп, еңбекке ерте араласты. 1950ж. Отан алдындағы міндетін өтеп келген соң ауылшаруашылығында еңбек етті. Кейін совхоз құрылып, ауылдағы нақандық жұмыстарға, мал бағу, көмекші шопан, шөп жинау, ауылдағы жылыту пештерін жөндеу, т.б жұмыстарға қатысты. Бүгіндегі Жеңіс саябағындағы ағаштарды сол кісі баптап, күтіп, суғарып еңбек еткен. Жұбайы - Тілеубекова Майкен-1939 жылы туған. Дүниеге 10 бала әкелген, аяулы да, ардақты ана. 1985 жылы орталық комитеттің мақтау грамотасымен, «Батыр ана» төсбелгісімен марапатталды. Майкен Тілеубекова ауылдың барлық жұмыстарына атсалысқан. Әліхан Тілеубеков «Тыл ардагері», «Жеңіске қосқан үлесі үшін», «Ұлы Жеңісін 50,60 жылдық мерекелік медалімен, «Еңбек ардагері» төсбелгілерімен, мақтау қағаздарымен марапатталған.



ҰЛАҒАТТЫ ҰЛАНДАР

Ақтоғай ауданының Құрметті азаматары:

1. Ахметжанов Сәкібай,
 2. Алғамжанов Совет,
 3. Жаркенов Иісбек,
- ҚазКСР-на Еңбегі сіңген
мұғалім:**

Кеңесбаев Жабас

Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері:

Шегіров Нұржақай

Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері:

Қабдолла Досмақов

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік, жастар сыйлығының иегері:

Кеңес Нұрланов

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген энергетигі:

Акимов Амантай

Сарытерек ауылы бойынша орден таққан өрендер:

«Ленин» ордені:

1. Кеңесбаев Жабас-мұғалім
2. Қалиев Мұздыбай-шопан

«Еңбек Қызыл Ту» ордені:

1. Алғамжанов Совет-шопан,
2. Жаркенов Исбек-шопан,
3. Кеңесбаев Жабас- мұғалім.
4. Берікбол Құсайынов-
жүргізуші,
5. Тұяқбаев Қабдыраш-шопан,
6. Жалбаев Аманжол-шопан.

«Октябрь Революциясы» ордені:

1. Жапенов Қахарман-шопан,
2. Жаркенов Иісбек- шопан,
3. Шаяхметов Рахымжан-қоғам
қайраткері.

«Құрмет белгісі» ордені:

1. Алғамжанов Совет-шопан,
2. Жаркенов Исбек-шопан,
3. Жалбаев Аманжол шопан
4. Қалабаев Әбдуақас-шопан,
5. Иманбаев Шөкен-шопан.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені:

1. Кеңесбаев Бауыржан-
мұғалім,
2. Қалиев Ерболат-шопан
3. Шаяхметов Рахымжан-
қоғам қайраткері.

Қазақ ССР Жоғарғы кеңесіне депутат болып сайланған жерлестеріміз:

Алғамжанов Совет
Жаркенов Иісбек
Жапенов Қахарман
Күлмағанбетова Ғайни.

Сарытерек а.о. мұрағатынан.



ХАЛИОЛЛА Масғұт Жа-

басұлы (1929 ж.т.

Ақтоғай ауданы,

Шатырша тауының

теріскейінде «Тоқты

қора».) Аудан орта-

лығындағы М.Горь-

кий атындағы орта

мектебінің тұңғыш

түлегі. 1948-1950ж.ж.

Қарағанды

мұғалімдер институтының

тарих факультетін бітірген.

1952

ж. қаңтар айында аудандық пар-

тия комитетіне насихатшылық

қызметке қабылданған. Сол жы-

лы өз өтінішімен қызметтен бо-

сап, ҚазМУ-дың журналистік

факультетіне түскен. 1957 жылы

толық курсы аяқтаған.

Қарағанды облыстық «Совет-

тік Қарағанды» (кейін «Орталық

Қазақстан») газеті редакциясын-

да аудармашы, әдеби қызметкер,

бөлім меңгерушісі, жауапты хат-

шы, редактордың орынбасары

қызметтерін атқарған.

1965-1974 ж.ж. және 1982-1992

жылдары Қарағанды облыстық

телевизиясында бас редактор бо-

лып еңбек етті. 1992-1995 жыл-

дары халықаралық «Қазақ тілі»



қоғамының облыстық ұйымын басқарды. Қоғам жұмысының жандануына, ана тіліміздің мәртебесін көтеруге, салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуға, ұлттық рухты асқақтатуға, облыс көлемінде қазақ мектептері мен балабақшалардың ашылуына бар білімі мен жігерін сарқа жұмсап, белсене атсалысты.

Бүкілодақтық радио және телевизия мемлекеттік Комитетінің Құрмет грамотасымен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Масғұт Жабасұлы Жалаңтөс батыр жөнінде көлемді зерттеу еңбек жазған бірден-бір жазушы. 2002 жылы «Парыз» атты көсемсөздер, әңгімелер, фельетондар, өлеңдер мен мақал-мәтелдер жинағы баспадан шықты. 2014 ж. «Ой сүзгі» деп аталатын екінші кітабы жарық көрді. Масғұт Жабасұлының есімі Қарағанды облысының 70 жылдығы қарсаңында шыққан облыс тарихы мен шежіресінің энциклопедиясына енді.

2009 ж. Масғұт Халиоллаға – қарт журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында Қазақстан Журналистер одағы, Қарағандының зиялы һәм шығармашылық қауымы лайықты құрмет көрсетті. Ақсақалдың омырауына «Қазақстанның Құрметті журналисі» төсбелгісін тағып, облыс әкімінің



«Алтын сұңқар» сыйлығын тарту етті». Жұбайы Нұрфатима Кенжегазықызы жоғары білімді дәрігер. Алматы медициналық институтын бітірген. 5 қыз, 1 ұлы бар.



ШАБАНБАЙ БИ Қалқаманұлы

(1754-1839жж.) — шаппай жүйрік, сөйлемей шешен болған Шабанбай би. Қаракесектің Сарым бұтағынан.



Шабекеннің жаз жайлауы Нұра, Ақсу өзендерінің бойы, Қаражал Маутан. Қысқы мекені Бегазы тауының оң жақ бауыры. Өмірінің соңын Бәймен шоқысының солтүстік беткейіндегі сайдың жоғарғы басы немересі Шоңбай болыстың қыстауы болған жерде өткерген. Мазары Ақтоғай–Қарағанды тас жолының 103-ші шақырымында күн батыс жағында тұр. Замандастарының бағалауынша Аузы дуалы, сөзі уәлі Шабанбай би қазақ халқының аса бай даналығын бойына жинаған, зерек те зерделі, көкірегі қазына, ақылға бай, ойы терең, толғауы кең, топшылауы жүйрік, алғыр да тапқыр, әділ би болған. Со-

Қаракесек
Сарым және Әлтеке елінің
13.09.1855 жылдан 1870 жылдың соңына дейінгі
болыс билеушісі
ШОҢБАЙ БАЛАПАҢҰЛЫНЫҢ
Мөр – таңбасы



нымен қатар Шабекен ерекше мейрімді, кішпейіл, қарапайым жан болған. Ақтоғай ауданында Шабанбай би атында селолық округ бар. 1839ж. тұрғызылған мазары тозып тұрғандықтан, 1994ж. ел болып, қолға алып, бұрынғы күмбездің сыртынан қоршап, мазарын жаңартып, ас беріп, бата оқытылды. Шабанбай балаларына енші беріп, бөлек отау тігіп шығарғанда Балапан деген баласына берген енші малын баласының замандастары азсыныпты. Сонда: «Ол үйдегі келінім көгені мен желісін өзі бөктеріп ала келген. Оның дәулеті мен керемет қасиетін әлі-ақ көресіндер», - деп жауап берген екен. Сол келіні - Балапанның бәйбішесі Ұмсынғұл (Қарашешем) бидің болжағанындай төрт түлігі сай дәулетті, қолы берекелі адам болған. Шабанбай бидің ұрпағы Шоңбай болыстың әкесі Балапан, шамамен 1775-1860 жылдары өмір

сүрген. Балапан да би болған адам екен. Ол туралы қазақ ғалымы, тарихшы-Манаш Қозыбаев бастаған топ-1996ж. шығарған «Кенесары Қасымов бастаған қазақ топтамасы» деген кітаптың 173-ші бетінде келтірілген. Балапанның бәйбішесі Ұмсынғұл (халық қойған аты Қарашешем екен) әулие, халық анасы, киелі кісі болыпты. Ол кісі жайлы ел аузында қалған аңыз да, әңгіме де көп. Қарашешем өмір сүрген мерзімі ХҮІІІ ғасыр болса керек. Ол кезде жоңғар шапқыншылығы түтеп тұрған кезі, ел бірде тоқ, бірде аш. Үнемі көшіп-қонып, қуғын-сүргінге ұшырап жүрген елде не береке болсын! Жиған азық таусылып ел ашыға бастайды. Қарашешем келіндерін жинап алып, жерошаққа қазан асып, астына от жаға беріндер, мен Аллаға жалынып ашыққан халыққа жәрдем сұрайын деп екі рет намаз оқып, күн батысына қарай жаяу аяндап кетеді. Әлден уақытта Қарашешемнің киімешегін иіскеп, соңына еріп, үлкен сары нар ауылға келеді. Желіні бұтына сыймай сүт ағып тұрса керек. Шешем келіндерін шақырып, жабыла сауындар да сүт пісіріп, ашыққындарға таратындар деп әмір етеді. Сөйтін ашыққан адамдар түйе сүтіне кенеліп, ес жиып алдағы елге

жетеді. Сол шешеміздің зираты Қасабай бөлімшесіндегі, Акқора деген қыстақтың жанында Қасабай өзенінің бойында салынған үлкен бейіт. Бұл бейітке ұрпақтары жылда басына барып қонып-түнеп құран бағыштайды және жан-жақтан ауырған адамдар, ұрпақ сүйе алмай жүрген келіндер түнеп, ниеттері қабыл болып жатады.

Шоңбай би Балапанұлы (1807-1870жж.). Шоңкең Жанқұттының, Құнанбайдың, Алшынбайдың замандасы болған. 1855-1870 жылдары халықтың қалауымен, Әлтеке-Сарым болысының билеушісі болып бекіткен. Шоңбайдың өзі және баласы Бөлкембай, немересі Сейітқали, Жағыпарлар Қарқаралы дуанының Тоқырауын болысында 9 сайлау болыстық құрған екен. Шоңбайдың және ұрпақтарының Тоқырауын болысының ұзақ уақыт болыс болуының басты сыры-халыққа жаққандығы. Әділдігі, патшалық заманда, паракорлықтың қайнап тұрған кезінде, ғұмыр бойы біреуден бір тиын алмағандығы. Кедейге, жарлыға, жетімге мейрімді болғандығы. Шоңбай баласы Бөлкембай 1895ж. сайлауда болыс болды. Бөлкембайдың бәйбішесі Ағыбай батырдың қызы Патсайы. Сол Патсайыдан Сейітқали, Жағыпар, Сейітбаттал атты үш ұл туған. Анамыз 80 жастан асып

дүние салып, Тоқырауын бойында жерленген. 1898ж. сайлауда Бөлкембайдың баласы Сейітқали болыс болды. Сейітқали қуғын-сүргін кезінде Балқаш қаласының Шұбартүбек жерін паналап барады. Содан сол жерде қаза болып жерленген. Әлихан Бөкейханның інісі Бөкейханов Смахан Бөлкембайдың күйеубаласы екен. Сол себепті Смекең Сейітқалидың зиратына белгі ретінде ескерткіш орнатқан. Сейітқалидің бауыры Сейітбаттал 1933ж. зұлмат апатында жұбайы Бікіш екеуі қаза тапқан. Шоңбай ұрпағынан ең соңғы болыс болған ұрпағы Жағыпар деген баласы. Ол кісінің қабілеттілігін, шеберлігін айтып жеткізу қиын. 1949ж. ауырып Алматыға дәрігерге барып операция үстінде қаза табады. Жағыпардан Шаймұрат, Баймұрат деген балалары бар. Шаймұрат мұғалім болып қызмет жасап жүріп, 1941-1945жж. Ұлы Отан соғысына қатысып қайтпай қалған. Екінші ұлы Баймұрат қазір Сарытерек ауылы Қарағұла ауылында тұрады.

ШАЙКЕНҰЛЫ **Есіркеп** (1930ж.т. Сарытерек ауылы.,-1995ж.к.). Еңбек жолын Шұбартау савхозында бастаған, 1969 жылы туған жері Сарытерекке келіп қоныс тепті. 1969 -1993жж. зейнетке шыққанша Ақтоғай совхозының ауылшаруашылығы



саласында еселі еңбек етті. Ерен еңбегі бағаланып «Еңбек ардагері» атанды. Савхоздың науқан жұмыстарына, қоғамдық шараларына әр уақытта белсенділік танытып, қоғамісінен қалыс қалған емес. Зайыбы Үлкенбайқызы Алтынбала (1936ж.т. Қусақ селолық округі.,-1998ж.к.) 1957ж. Шұбартау совхозында еңбек жолын бастаған. 1969ж. бастап Сарытерек ауылында қоныс аударған Шайкеновтер отбасы, совхозда қажырлы еңбек етті. А.Үлкенбайқызының еңбегін бағалаған ауылдастары оны Сарытерек ауылдық советіне депутат етіп сайлады. 10 баланың анасы атанған А.Үлкенбайқызы 1978ж. «Алтын алқа» иегері атанып «Батыр Ана» атағына ие болды.

ШАЙМЕРДЕНОВ **Алшымбай** (13.01.1929ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.,-5.02.2000ж.к.) Еңбек жолын соғыс жылдарында бастаған. 1945



жылы 6 шілде «1941-1945 Ұлы Отан Соғысында ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 1950 ж. Қарқаралы қаласындағы педагогикалық училищені бітірін, сол жылы Балқаш қаласындағы №15 орта мектебінде ұстаздық еңбек жолын бастады. 1952ж. №30 орта мектебінде қызметін жалғастырды. 1955ж. отбасылық жағдайымен туған жері Ақтоғай ауданы, Сарытерекке оралып, ұстаздық қызметін жалғастырды. 1963-68жж. Партияның нұсқауымен Сарытерек совхозы директорының орынбасары қызметіне тағайындалды. 1968-1975жж. Ақтоғай совхозында ферма басқарушысы, Техникалық қауіпсіздік инженері болып еңбек етті. 1978-1984жж. Тоқырауын ауданы Балқаш совхозында аға агроном болып қызмет істеді. 1984 жылы ауылшаруашылық кәсіподағының төрағасы болып сайланды. 1986ж. көп жылғы адал еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1957 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталды. 1989ж. зейнеткерлікке шыққаннан соң



Ортадересін ауылында ақсақалдар алқасының төрағасы болып, қоғамдық жұмыс атқарды. «1941-1945 жылдардағы ҰОС

Жеңісінің елу жылдығы» мерекелік медалімен марапатталды. Бәйбішесі Нұрмағанбетқызы Панар 10 баланы тәрбиелеп өсірген ардақты ана, қазіргі уақытта балаларымен Балқаш қаласында тұрады.

ШАЙМЕРДЕНОВ Шалғынбай (1923-1952) 1941-1945жж. Ка-



лининград майданына катысып, сұрапыл соғыстан елге аман-есен оралды. Елге келгеннен кейін әр түрлі жұмыстар атқарып, 1952 жылы

науқастан қайтыс болды.

ШАРДАРБЕКОВ Мұхамедия (1947 ж.т.

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Киров с.к.) Қызылтас 8 жылдық мектебін бітірген. Қарқаралы Зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын (1966ж.), Алматы Зооветеринарлық институтын (1976 ж.) аяқтаған. Ғалым-зоотехник.



Қоңырат совхозында бөлімше зоотехнигі (1977ж.), совхоз комсомол ұйымының хатшысы (1971ж.), №1 бөлімше меңгерушісі (1974ж.), совхоз кәсіподақ комитетінің төрағасы (1977ж.). Кеншоқы совхозында бас зоотехник (1981ж.), Қызыларай совхозы пар-

тия комитетінің хатшысы (1985ж.), Ақтоғай совхозының директоры (1987ж.). Ақтоғай аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары (1990ж.), аудандық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының бірінші орынбасары (1992ж.), Ақтоғай селосының әкімі (1997ж.). Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру, жалпы бөлім меңгерушісі болып жемісті еңбек етті. Бірнеше рет партия кеңес, комсомол органдарының және аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Еңбек ардагері (1990ж.), ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығының (2001ж.) медальдарының иегері. Ақтоғай аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, халық депутаттары аудандық кеңесінің депутаты, Қызыларай, Киров селолық кеңестерінің депутаты, Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің пленум мүшесі, Жезқазған облыстық комсомол комитетінің пленум мүшесі болып сайланған. Қазір зейнеткер (2010ж.), Қарағанды қаласының тұрғыны.

ШАЯХМЕТОВ Рахымжан Омарұлы (1916ж.т. Қарағанды облысы, Қоңырат ауданының, Сарытерек ауылы). мемлекет қайраткері. Еңбек жолын Қоңырат аудандық комсомол комитетінде

бастаған. Ұлы Отан соғысының қарсаңында Алматы мал дәрігерлік институтын бітірген. Соғыс жылы Павлодар облыстық совхоздар тресінде зоотехник болып еңбек етті. Көп кешікпей ұйымдастырушылық қабілетімен дараланған жас маман облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы және совхоздар бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады.

1947 жылы Р.Шаяхметов Қызылорда облыстық партия комитеті хатшысының орынбасары, 1951 жылы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, одан кейін Ақмола облыстық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Сол уақыттан бастап ол 1972 жылға дейін 30 жыл бойы аттан түспей партия, кеңес органдарында табан аудармай адал еңбек етті. 1954ж. атакты тың игеру науқаны басталғанда ол облыстық партия комитетінің хатшысы ретінде тың игеруге жан-жақтан келген адамдардың барлығын қабылдап, оларға жағдай жасап, орналастыру сияқты күрделі жұмысқа жан-тәнімен араласты, оған айтарлықтай үлес қосты, еңбек сіңірді. Р.Шаяхметов 1960 жылы Шығыс Қазақстан облыстық



атқару комитетінің төрағалығына сайланды. Мұнда ол өнеркәсіп саласында ауылшаруашылық базаларын құрды, оның басшылығымен құс комбинаты салынып, облыстың экономикасы өрге басты. Білікті басшы 1962 жылы республикада жаңадан ашылған Батыс Қазақ өлкесіне қызметке жіберіліп, өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болды. Көп ұзамай Батыс Қазақстан өлкесінің атқару комитетінің төрағалығына сайланды. 1965-1971 жылдары Р.Шаяхметов Целиноград облысы (қазіргі Ақмола облысы) атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Осы қызметті атқарған жылдары Рахымжан Омарұлы қазіргі Астананың, сол кездегі Целиноград қаласының инженерлік инфрақұрылымдарының қалыптасуына, құрылыс саласының қарқынды дамып, әлеуметтік нысандардың көптеп салынуына өлшеусіз үлесін қосты. Бұдан кейін 1976 жылы зейнеткерлікке шыққанша еліміздің ет-сүт өнеркәсібі министрінің орынбасары болып қызмет атқарды. Р.Шаяхметовтің республика экономикасына қосқан мол үлесі мемлекеттік наградалармен атап өтілді. Ол Октябрь Революциясы орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен екі мәрте, Халықтар достығы орденімен және бірнеше медаль-

мен марапатталған. Рахымжан Омарұлы зейнеткерлікке шыққаннан кейін Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі болды, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатын қолдай отырып, егемендігімізді нығайту жолында өткізілетін ішаралардың ұйытқысы болды. Елбасының тікелей қолдауымен Ардақты азаматтың мағыналы да ғибратты ғұмырының айшықты жалғасы, ізгілікті ізі қалды. Жарты ғасыр бірге жасасқан өмірлік серігі Бағира Ақылбекқызы екеуінің артында 4 перзентінен тараған ұрпақтары Шаяхметовтер әулетінің көшін жалғауда.

*Әдеб.: «Егемен Қазақстан»
Ж. Жағыпарұлы.*

ШӘКІРҰЛЫ Мұсан (1914ж.т. Үшөзек колхозы - 1998ж.к.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Үшөзек колхозының Жіңішке мен Тоқырауын өзенінің жағасында Шәкір тоғанын қазуға қатысқан. 1941ж. соғысқа аттанған. 1945ж.



майданнан ауыр жарақат алып елге оралған. Елге келген соң ауыл шаруашылығында жұмыс жасады. Жұбайы Шаймерденқызы Мәстерия (1918-1994 жж.) ұзақ жылдар бойы бақытты шаңырақтың ұйытқысы болып, 4 бала тәрбиелеп өсірген аяулы ана.

ШӘКӘРІМ Сайлаубек (1954 ж.т. Сарытерек ауылы.) Сайлаубек ауыл аймағына белгілі, озат жүргізуші және білікті моторист болған. Ол туралы газет, журнал беттерінде мақалалар жиі жарық көрген. Жұбайы Мәжетаева Күлдания (10.11.1953 ж.т.) 1971ж. КарМУ-дың



математика факультетін бітірген. Сарытерек ауылындағы Ж.Кеңесбаев атындағы орта мектепте математика пәнінен дәріс беріп, 2012ж. құрметті еңбек демалысына шыққан. Қаншама шәкірт тәрбиелеп, 41 жылға жуық талмай еңбек етіп, аудандық, облыстық грамоталармен 1984ж. Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен, 1986ж.

«Халық ағарту ісінің озық қызметкері» төс белгісімен марапатталған. Отбасында 4 бала тәрбиелеп, ЖОО



оқытып жеткізді. 4 баладан 6 немере сүйді. Балаларының бәрі де жоғарғы оқу орнын бітіріп, әр салада жемісті еңбек жасауда.

ШОЙБЕКОВА Жаңылған (Жамал) – (01.01. 1939ж.т. Қытайдың Құлжа қаласында.) Қазақстанға 1961 жылы қараша айында келген. Сол жылдан бастап шопанның көмекшісі болып еңбек етті.



Ата жұртында өсіп өнді, 11-баланы дүниеге әкеліп: «Батыр ана», «Алтын алқа» иегері атанды. Бүгінгі күні Омаровтар әулеті қасиетті казак жерінде өсіп өркендеп, қарормандай елге айналған.

ШОЛАНОВ Қасым (1926-1970жж.) 13 жасынан колхозда еңбек етті. Алғашқы жылдары колхозда бухгалтер кейіннен совхозда бөлімше бухгалтері болып еңбек етті. Қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып, қоғам тәртібін сақтауға дружинник болды. «Ленин» колхозынан қарасты Шұбартау, Айыртас отгонында бухгалтер болып еңбек етті. Зайыбы- Майлыбайқызы Макила екеуі үш бала тәрбиелеп өсірді. Балалары: Ардақ, Гүлшат, Абзал қазір де





жанұялы балаларын өсіріп әртүрлі салада еңбек етуде.

ШОМАҚПАЕВ Сейдығазым (1888ж.т. Қоңырат ауданы, Амангелді ауыл советі). 1932-38жж. «5 декабрь» колхозының төрағасы болып еңбек еткен. 1938-42 жж. колхозшы, 1942ж. «5 декабрь» колхозында ферма меңгерушісі болды. 1942 жылдың 20 қазанынан бастап Ақтұмсык колхозының төрағасы болып 1947 жылға дейін қызмет істеген.

ШОШЫМБЕКОВ Оразбек (1924ж.т. Қоңырат ауд., -2002ж.к. Сарытерек ауыл.) - Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғысқа 1943ж. аттанып, Беларусь майданына қатысқан. Шайқаста жараланып госпитальде жатып жарақаты жазылған соң қайтадан соғысқа кірген.



Брест камалын жаудан азат ету бағытындағы сұрапыл ұрыста ауыр жараланып, бір жыл Саратов госпиталінде емделін, екінші топтағы мүгедек болып елге оралды. Майданнан келген соң шофер, механик, машина алаңының меңгерушісі болып жемісті еңбек етті. Саналы ғұмырын туған жерінде ауыл шаруашылығын көтеруге жұмсаған қарапайым да, қадірлі азамат болды. Соғыста

көрсеткен ерлігі үшін «Отан соғысы» орденімен «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Өмірлік қосағы Керімтаева Кенжетай соғыс жылдары тылда тынымсыз жұмыс жасап жеңісті жақындатуға үлес қосқан еңбеккер жан.

ШОШЫМБЕКОВА Жұмабала (1943ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауд., Ленин колхозы, Желтау қыстағы). 1963-1994жж. аға шопанның көмекшісі болып еңбек етті. Он бала тәрбиелеп отырған ардақты «Батыр ана». Облыстық, аудандық, құрмет грамоталарымен марапатталды. Бірнеше рет Ақтоғай аудандық, ауылдық Советінің депутаты болып сайланды. Еңбек ардагері. 1994 жылдан бастап Құрметті еңбек демалысында. 2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Алтын алқа» иегері атанды.



ШОШЫМБЕКОВ Тұрысбек (1939ж.т. Қарағанды обл., Ақтоғай ауданы, Ленин колхозы, Қарағұла е.м.). Еңбек жолын Ақтоғай совхозы, Сарытерек ауылында жүргізуші механизатор болып бастады. 1963 жылдан, 1994 жылға дейін аға шопан болып еңбек етті. Төл алу науқанында ауданда бірінші бо-

лып әр саулықтан 100 қозы алуды камтамасыз еткені үшін, аудандық, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Еңбек ардагері. 1972 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы» медалімен және басқа да мерекелік медальдарымен марапатталған. 1989ж. есімі аудандық еңбек кітабына енгізілген. 1994 жылдан бастап, Құрметті еңбек демалысында.

ШЕГІРҰЛЫ Нүрділдә (1940ж.т. Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылы.). Алматының зоотехникалық мал дәрігерлік институтын ғалым-зоотехник мамандығы бойынша бітірген. Сарытеректе ауыл шаруашылығының әр саласында қызмет жасаған. Еңбек ете жүрін қосымша орта мектепте машинатану пәнінен сабақ берген. Кеншоқы училищесінің Сарытеректе филиалы ашылған соң, соған басшылық жасап, ауыл жастарының машинист-тракторист мамандығын кәсіби деңгейде меңгеруіне ықпал жасады.

Кейіннен Орта-Дересін қосалқы шаруашылығына



(Балқаш совхозы) ауысып, онда зоотехник болып қызмет атқарды. Мұнда да орта мектепте машинатану пәнінен және сауыншыларға сиыр сауу аппаратының технологиясы бойынша сабақ жүргізген.

Жасы келген соң зейнеткерлікке шығып Балқаш қаласына көшіп келді. Қазір де қатардан қалмай қала ардагерлерінің «Балқаш сазы» хорының әншісі. Домбыраның сүйемелдеуімен халық әндерін орындайды: баян, мондалин, бала-лайка секілді музыкалық аспаптарда шебер ойнайды. Ардагерлердің «Қазыналы қариялар», «Таланттарды іздейміз» облыстық ардагерлер клубынан «Ән көңілдің ажары» байқауының жүлдегері болып дипломдармен марапатталған. Жұбайы Әлкенова Кішат 35 жыл ұстаздық қызметін атқарған, орыс тілі маманы, Қарағандының тумасы.

ШЕГІРОВ Нұржақай - 1965 - 1966 жылдар аралығында 1948 жылы Қарқаралы педагогикалық техникумын бітірген. Кейін Сарытерек ауылындағы жеті-жылдық мектепте мұғалім болып қызмет жасайды. 1963-76 жылдары директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1976-1978 ж.ж. Қызыларай орта мектебінің дирек-



торы, 1981-1992 ж.ж. Сарытерек орта мектебінде директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақ ССР Халық ағарту министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



Ы Б Ы Р А Е В



Асылбек (1805 ж.т.) бұрынғы Қоңырат колхозында қойшы болып еңбек етті. Ерекше еңбекқор жан болды. Жұбайы Ыбыраева Мария

шопанның көмекшісі болып есели еңбек еткен адам.

ЫБЫРАЕВ

Жұмағұл

(1932ж.т. Қарағанды обл. Шет ауданы Октябрь колхозында.) Мамандығы зоотехник. 1952ж. Көкшетау обл. Қотырколь зооветтехникумын



бітірген. 1958-59ж.ж. Ленин колхозында зоотехник, 1959-61ж.ж. Нұраталды совхозында бас зоотехник, 1961-64 ж.ж. Ақтоғай совхо-

зында партия ұйымының хатшысы болып еңбек етті. 1964 ж. бастап Ақтоғай совхозының директоры болып 1972 жылға дейін қызмет іседі. Жұмағұл Ыбыраев совхоз шаруашылығын алға бастыруға бар күш жігерін жұмсап, табысты еңбек еткен совхоз басшыларының бірі ретіне көптің есінде қалды.

ЫБЫШОВ Қуандық (1907-1980жж.). Ескіше оқыған. Жас кезінен бастап ауылда жұмыс атқарған. Әкесі Омаров Ыбыш 1930ж. «Тоқырауын көтерілісіне» қатысты деген жаламен халық жауы ретінде Спасск КарЛаг-та атып өлтірілген. 1983ж. Қазақ ССР министрлер советінің № 1258 «А» және Каз. Бас. М.Қ.К. қаулысымен ешқандай кінәсі жоқ деп ақталды. «Жезқазған туы» газетінде жарияланды. «Халық жауының» баласы деген атпен Қуандық талай ауыртпалықтарды бастан кешкен. 1935ж. бастап КПСС – ке мүше болған. 1938-39жж. партия мүшелерінің арасында тазалау кезінде мүшеліктен шығарып тастаған. 1955-56жж. Н.С.Хрущевтың «Жылымық» заманында, 12 съезінен кейін КПСС мүшелігі қайта қалпына келтірілген. 1936ж. Қарқаралы қаласында 1 жылдық басқарма дайындайтын қысқа мерзімді оқуды бітірген. Еңбек жолын Каганович атындағы колхозда жауап-

ты хатшы, ферма меңгерушісі т.б. жұмыстар атқарған. 1942-43жж. Қарақой колхозында жауапты хатшы, ферма меңгерушісі міндетін атқарған. 1944-49жж. «Қарасу» атындағы колхозда басқарма міндетін атқарған. Зайыбы Ыбышова Тиышбала Әбетқызы - 1906ж. туған. Колхоз кезінде маусымдық жұмыстардың барлығын істеген. Ұлы Отан соғысы жылдарында, тың игеру кезінде РТС-те әртүрлі жұмыстар атқарған. Соның арқасында бірнеше, грамоталар мен медальдармен марапатталған. 102 жасқа толғанда өмірден озды. Отбасында бес бала тәрбиелеген.

ЫДЫРЫСБАЙҰЛЫ Кенжебек (1894ж.т. Тоқырауын өңірінде., -1979ж.к.) Әкесі (Ыдырысбай Сонабайұлы, шамамен 1854ж.т.) шағын ғана мал басының иесі, киіз үйдің ағашын жасайтын үйші болған. Кейін егін салумен айналысып, диірменшілікті де кәсіп еткен. 1917 жылғы қазан төңкерісінен соңғы бірнеше жылда елдің экономикалық жағдайы қиындап, бұған қуаңшылық қосылып, бұл өңірдің шаруалары айтарлықтай күйзеліске ұшырады. Сол жылдары Кенжебек өзінің жанұясымен (әйелінің есімі - Ығайша) қазіргі Шахтинск қаласының қасындағы Сасықкөл жағасына қоныс аударады. Сол жерде ау мен «қаза» тоқуды үйреніп, балық аулауды кәсіп

қылады. Алайда, ол жақта бұрынғы ақ патша саясатының әсерімен «бұратана халыққа» ала көзбен қарайтын казактардан негізсіз қысым көрін, Кенжекең 1924 жылдың соңында Тоқырауынға қайта оралуға мәжбүр болады.



1929 жылы Тоқырауын бойында алғашқы артельдер ашылып, Кенжебек соған мүше болып кіріп, егіншілікпен қабат ұсталықты да кәсіп етеді. Ағасы Дүйсенбек диірменмен шұғылданыпты. «Осы егістікте мен суармаған бірде бір тақта жоқ. Су шығуы аса қиын тақталарды суара алатын екі-үш-ақ адам бар едік» дейтін марқұм Кенжебек ақсақал. Бұл егістік - Үшөзектен басталып, «Ұлы Октябрь» колхозының шекарасына (қазіргі «Дауылбай қорасына» таяу) дейін созылатын кең алқап болған. Сол кездің егіншілік құрал-сайманы - кетпен-шоттан бастап, арба-соқаға дейін қолдан жөнделін, іске қайта қосатын. Міне, осылардың ішінде өзгелердің қолынан келе бермейтін, ұсталық мамандықты қажет ететін бөлшектерін жөндеу Кенжебек ұстаның мойнында болды.

Кенжек ұста, ағасы Дүйсенбек қайтыс болған соң 1952 жылдан ба-

стап, диірменшілікке шындап ден қойған. Сөйтсе де ол арба, айылтұрман секілді шаруашылыққа қажет нәрселерді жөндеуден босатылған жоқ, оның үстіне 1956 жылға дейін егістікті айдау, егінді жинау, т. б. науқандардан қалып көрмеген.

Тоқырауын бойын түлеткен алғашқы колхозшылар қандай қиын-қыстау, аласапыранды бастан өткерсе де қажымайтын, талмайтын, мойымайтын еңбекқор асыл жандар еді. Кенжебек ақсақал да соның бірі, һәм бірегейі болатын.

ЫДЫРЫСОВ Сұлтанбек

Ыдырысұлы (1924ж.т. Қоңырат ауд., «Ленин» колхозы, 1991ж.к.)

1956 жылға дейін Қарағанды қаласында есепші, бригадир, сатушы болып еңбек еткен. 1956 жылы «Ленин» кол-



хозы кейіннен «Ақтоғай» совхозында жылқышы, бас жылқышы, бригадир болып 1978 жылға дейін жемісті еңбек етті. Еңбегі бағаланып «Еңбек ардагері», «Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медальдарымен және бірнеше дүркін облыстық, аудандық мадақтамалармен марапатталған. Зайыбы Кенжемен бірге тоғыз бала тәрбиелеп өсірді.

Балаларының бәрі де өмірден өз орындарын тауып, азамат атанып, ата-ананың арман-тілегі орындалып жүр.

ЫДЫРЫСОВА Кенже Баймағанбетқызы (1926ж.т. Балқаш қаласы., -2005ж.к.)

1944-1963жж. «Ленин» колхозында кейіннен «Ақтоғай» совхозында әртүрлі жұмыстар жасаған. Өмірдің қиын кезеңдерінде жұмыстың қандай түрі болса да қайыспай көтерген ана ұлықты ұл, қылықты қыз (9 бала) тәрбиелеп өсірді. Табиғатынан момын, қайырымды жан— балаларына өнегелі тәлім-тәрбие беріп, олардың оқып білім алуларына барынша ықпал етті. Бала деп ғұмыр кешкен аяулы жан болатын.

Өмірдің қиын кезеңдерінде жұмыстың қандай түрі болса да қайыспай көтерген ана ұлықты ұл, қылықты қыз (9 бала) тәрбиелеп өсірді. Табиғатынан момын, қайырымды жан— балаларына өнегелі тәлім-тәрбие беріп, олардың оқып білім алуларына барынша ықпал етті. Бала деп ғұмыр кешкен аяулы жан болатын.

ЫСҚАҚОВА Үміт (1929ж.т. Ақтоғай ауд. Ленин колхоз., -2003ж.к.)

Бастауыш сыныпты Қарақұлада алған. Жетіжылдық білімді, одан соң наубайханалық курсты Балқаш қаласында оқып, жақсы бітіріп Қоңырат руднигінде шебер наубайханашы болып еңбек етті. Балқаш қаласынан Ақтоғай совхозына 1963 жылы көшіп келіп, ауылдағы



наубайханада тұрақты жұмыс жасады. 1994 жылға дейін ол осы жұмысты жауапкершілікпен атқарды.

Ысқақова Үміттің осындай қажырлы, абыройлы еңбегін елжұрты жоғары бағалап, бірнеше рет селолық, аудандық советтерге депутаттыққа сайлады, аудандық партия комитетінің бірнеше жыл пленум мүшесі, партия конференциясына делегат болды. Есімі еңбек озаттарының аудандық Құрмет тақтасына жазылды. Осындай еңбектерінің нәтижесінде ол «Еңбек ардагері» медалімен, т.б. мерекелік марапаттарға ие болды. Аудандық, облыстық, «Тұтыну қоғамының үздігі» деген төсбелгісін иеленді. Отбасында 9 бала тәрбиелеп өсірген, «Алтын алқа» иегері.

ЫСҚАҚҰЛЫ Шәкәрім

(1919ж.т. Қарағанды обл., Қоңырат ауданы, Сарытерек а.с. Ленин колхозы). Сарытеректе жеті класты бітіріп, аудан орталығына қоныс аударып, почта бөлімінде ұзақ уақыт жұмыс жасаған. Нұрсейітқызы Нұржамалмен отбасын құрып, жанұяда Онал, Марзия, Сайлаубек атты балаларын тәрбиелеп өсірді. Шәкәрім Ысқақұлы өмірден ерте озды.

ІЗБАСАР Құлпейісов

(12.01.1932ж.т. Қызыларай ауылы.) Әке-шешеден ерте қалып,

әкесінің ағасының отбасында ержеткен. Балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тап болып, неше қилы ауыр жағдайларды бастан кешкен. Сол жылдары мектептер де жабылып қалған, өз дәрежесінде уақытында оқу оқи алмаған. Келешекке арманы алға сүйреп, соғыстан кейін жасының есейгеніне қарамастан мектептен қол үзбей, өзінен әлдеқайда кіші балалармен бірге 20 жасында 7 сыныпты бітірген.

Сол жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, Белоруссияның Брест қаласында 3 жыл азаматтық борышын атқарып келіп, Қызыл Отау үйінде (1955-56жж.) меңгеруші болып жұмыс жасады. «Сол кездегі адамдар кітапты көп оқитын еді ғой, кітаптарды қоржынға салып, шопан-бақташыларға таратып отыру міндетім болатын»-деп өткен жылдарды еске алады ақсақал. 1959ж. Қарағанды қаласындағы Совет партия мектебіне оқуға



түсін, оны 1962 жылы бітірген бетте Шұбартау совхозына партия комитетінің секретары болып сайланып осы жұмысты 1964 жылға дейін атқарды. 1965-68жж. аралығында Қызыларай совхозында партком, осы жерде 1968-72жж. совхоз директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, бас агроном болып жұмыстар жасады. 7 маусым 1972ж. бастап 1982ж. тура осы мезгіліне дейін Сарытерек селолық советі атқару комитетінің төрағасы жұмысын атқарды. 1982ж. маусым айынан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Ақтоғай мал бордақылау шарушылығында бас агроном болып еңбек етті. Жұбайы- Омарова Төлеумен 62 жыл отасып, 9 бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы да абыройлы еңбек атқаруда. Ел алдындағы еңбегі елеусіз қалған жоқ «Лениннің 100 жылдығы», «Еңбек ардагері», «Тыңның 25,40,50 жылдығы», «Ұлы Отан соғысының 45,50,60,70 жылдығы» медальдарымен, алғыс хаттарымен әр жылдарда марапатталған. Сарытеректе атқарған еңбегі бір төбе. Жұбайы жас балаларына қарамастан совхоздың қой төлдету, жазғы-күзгі қой қырқыны жұмысынан қалмай көпшіліктің құрметіне ие болған.

ЫРЫСТЫ ӨЛКЕНІҢ ҰЛАНЫ. Медеубеков Сапарғалы

Балықбайұлы жоғарғы Өнер және Мәдениет институтын бітірген. Еңбек жолын 1980 жылы, Қарағанды қаласында С. Сейфуллин атындағы музыка драма театрының актеры болып бастаған. 1983 жылы Балхаш Мәдениет сарайында, режиссёр. 1985 жылы Приозерный ауданында Мәдениет бөлімінде Басқарма басшысы, 1995 жылы Жезқазған қаласында С. Қожамқұлов атындағы облыстық музыка драма театрының директоры, 1997 жылы Астана қаласында филармония басшысы, 1998 жылдан бастап, Астана қаласы орталықтандырылған кітәпханалар жүйесінің директоры болып қызмет істеген. ҚР Мәдениет қайраткері. Ұзақ жылғы еңбегіне орай Астана қаласының 10 жылдық мерей тойына арналған медалімен, ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл медалімен, ҚР Президентінің және Астана әкімшілінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Еңбек ардагері.

ЫРЫС-ҚҰТЫ ТАСЫҒАН – САРЫТЕРЕК. Әлде қалай жолыңыз түсін, Қарағанды қаласынан Балхаштың көкше көліне қарай жол тартсаңыз, Тоқырауын өзені бойымен жолшыбай Сарытерек елді мекеніне кезігесіз. Міне, осы Сарытерек ауылдық кенесінің құрылғанына биыл тоқсан жыл толғалы отыр.




Ауылдық кеңестің Сарытерек аталу себебі не? Бұрынғы өткен атабабаларымыздың айтуы бойынша да, кейбір жазба деректерде де, Тоқырауын өзенінің бойы ит тұмсығы өтпейтін ну тоғай, орман болыпты. Сол ну тоғайдың ортасында екі алып шынар өскен. Оның біреуін біз өз көзімізбен көрдік. Алып шынар (екі кісінің құшағы жетпейтін) тұрса да, ол маңай Бестерек аталатын еді, ал елді мекенді әулие теректің құрметіне Сарытерек деп атайтын. Біздің бала кезімізде сайран салып, суына шомылып, құмына аунап, балық аулаған жеріміз осы әулие теректің маңында болатын. Халық оның бұтағына ақтық байлап, тағзым ететін. Тәуіп қылып, жақсы тілектерін қабылдауға табынатын. Бір қызығы іші қуыс болатын, ал біздер сонда жасырынбақ ойнайтынбыз. Теректің өне бойына жазылған адам аттары тізіліп тұратын, құдды батырлардың есімі жазылған ескерткіш тақта секілді

еді. Солай бола тұра басындағы күміс жапырақтары көктеп, жарқырап тұратын. Жас отаулар шаңырақ көтерген кезде, басына келіп тағзым етіп, дастарқан жайып, бата сұрайтын. Ауыл адамдары келген қонақтарын ертіп апарып, сол жерден салтанатпен аттандырып, ақ жол тілейтін қасиетті орын еді. Өкінішке орай, әулие шынар өртеніп кетті. Сарытерек аудан бойынша ең ірі шаруашылықтың орталығы болатын. Ленин колхозынан Ақтоғай совхозына айналып, аудан бойынша малы да, жаны да көп бай елді мекенге айналып еді. Бірінші болып электр жарығы, байланыс торабы, мәдениет үйі, ауруханасы, сәнді мектебі, моншасы барлығы бір-біріне сайма-сай еді. Өзінің ауыл шаруашылық техникасын жөндеп алатын шеберханасы, кооперативті дүкендері болатын. Алматыдан аңсап барғанда, жетістіктеріне көңілің толып, шалқып, шаттанып қайтатынсың.



Сарытеректен сәл төмен «Ақшол» деп аталатын мектеп болатын. Біз балалар арғы қабақтан (Өтелбай, Бесаяк, Үшөзек қыстақтарынан) жаяу қатынап оқитынбыз. Сабаққа қатынау кезіндегі жол қызығы бұл күнде аңыз ертегідей маған елестейді. Сабаққа баруға әрқашан ерте тұрамыз. Өйткені жолшыбай ойын-думан, жол қызығы бір рахат дүние. Мектепке бара жатып қоянға тұзақ, күзенге қақпан құрамыз. Кейде екеуара бір шаңғымыз, не бір конькиіміз болады. Кезектесіп пайдаланамыз. Бара жатқанда құрған қыл тұзаққа түскен қоян арам қататын, ал қақпанға түскен күзен шақылдап тірі тұрады. Біз кейіннен үлкендердің ақылымен қояндарды босқа қыруды тоқтаттық. Жолшыбай, әсіресе қайтарда, шаңғы теуіп, коньки теуіп, сырғанап ойнау жанның рахаты. Мұз айдынында коньки жетпесе, сыңар аяқпен теуіп, хоккей ойнай беретінбіз. Үнемі қимылда болғандықтан, тоңу, шаршау дегенді білмейтін едік. Осындай қызығы мол қыста өте шығады. Жазғытұрым сайсаладан ағылған сумен арналар толып, Тоқырауын толқындап ағады. Арғы қабақтың балаларының бәрі бергі қабаққа өтеді. Бұрынғыдан да ойын-сауық қыза түседі. Қой қоздап, бие құлындап, сиыр мөңіреп, ауыл маңы азан-қазан

қызу еңбекке толады. Жазғы егін қамына үлкендер кіресе бастайды. Ал біз болсақ өгіз жетектеп, төлалу науқанына араласамыз. Әлі күнге есімнен шықпайтын ерекшелік сол кездердегі адамдардың төзімділігі, шыдамдылығы, керемет еңбекқорлығы мен бірін-бірі құрметтеуі еді. Ұжымда еңбек науқаны басталса, тез ұйымдаса кететін. Әсіресе науқан маусым кездерінде болатын. Бүкіл ел білетін атақты Ақ бидай біздің өңірде, дәл осы Сарытеректе өскен. Дәнінің ірілігі, құнарлылығы керемет, ғажап еді. Сол ақ бидайдың талқанын сары майға шылап жеп өстік қой. Жарықтық ақ бидайды өсіріп, баптау да оңайшылыққа түспейтін. Ақ бидай құнарлы жерде ғана тамаша өнім беретін. Сол ақ бидайды біздің әкелеріміз бен ағаларымыз егіп өсірді. Кеңөткелден төмен Бестеректің тұсынан Бастоған (арық) басталады. Бас арық Шиманбай тоғаны аталатын, себебі оған егін салуда сол кісінің еңбегі сіңсе керек (журналист Совет Шиманбаевтың атасы). Менің бала кезімде ауылда басқарма Бегендік, бригадир (менің әкем) Тілеубек, Оспанқұл Шиманбайдың баласы Советбектің әкесі, Болшынбай, Қызылбек, Жекенбек, Қасенқан тағы басқалар еңбек ететін. Аудандық өкіл Жәкібай дейтін шыны көз болатын.



Әжібек Дауылбаев, еңбек ардагері



**Мал тұқымын асылдандыру, зертханадағы жұмыс.
Совхоздың бас зоотехнигі Тайкен Қалиев**



Байқасқаұлы Кенжетай,
еңбек ардагері



Тәжібаев Амангелді,
еңбек ардагері



Толешов Досжан,
ҰОС ардагері



Қалыбеков Жақыпбек, Тоқбергенова Қаман



Сабақ үстінде



Қалыбеков Сағатбек,
Ауған соғысының ардагері



Мағұрыпбеков
Қайырзада



Саршина
Ағлипа



Касенбеков Серік



Қасенбеков Ермек



2002 ж. Жерлестер бас қосқанда



Түркі әлеміне белгілі теолог-ғалым, ұлт зиялысы **Халифа Алтай**
және мешіт имамы **Досмақов Ғабидолла**



Қазыбеков Нұрымқаш зайыбымен



Қазіргі Жабас Кеңесбаев атындағы ЖОББ мектептің ұстаздары. 2018 жыл



Сенбілік



Сарытерек. Әжелер хоры



Ө. Егінбаев,
спорт шебері



Мектептің спорт залы. 1977 жылғылардың мектеп бітіргендеріне 20 жыл. Дәлмағанбет мұғалімнің атындағы турнирдің етіп жатқан сәті



Тойшыкенов Амантай



Соғыс ардагері **Мырзахмет Құсайыновтың** отбасы



Қой қырку



Сапар Балықбайұлы Медеубеков



Сарытерек ауылының жастары
ауылдың 90 жылдығы қарсаңында
сенбілік ұйымдастырды



Аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің жетекшісі Білісбеков М.



Әкімшілік кеңсесі



Дәрігерлік кеңсе



Сенбіліктен соң



Тоқырауын өзені



Ұшқат

Қайсар терек
тұрды өсіп
өрімдей...



Жас альпенистер Айыртас тауында



Бекарыс және егіз лақ



Жайылымға беттеген жылқылар



Күзгі теректер



Желтаудың сай-саласы



Туған дала



Жайылымда



Мәдениет пен өнөр



Мәдениет үйі



Ертоқым



Қамшы



Атшана



Өрме жүген



Текемет



Текемет, бесік, құрақ керпе



Көшкін баба ескерткіші



Сана би кесенесі



Қожағұл
баба ескерткіші



Таңбалы
тас



Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның әке-шөшесі, туған-туыстары жатқан
«Талдыбейіт»

Жәкібай десе жылаған бала уна-тын. Соның бірі мен едім. Апам таңертең орнынан ерте тұрып, шаруашылықпен айналысайын десе, мен апамның жылы бауырынан ажырағым келмейтін. Сол кезде апам: «Ойбай, Жәкібай келе жатыр» десе, қыңқылым басылады екен. Милиция Аюпов Балтабай болатын. Сол кездегі адамдардың көбінің аты-жөндерін ұмыттым, олардан кешірім сұраймын. Менің есімде қалғаны, қардың іргесі сәгіліп, жер беті жінси бастағаннан ауыл адамдары жерді копара бастайды. Малшылар қойларын қоздатып, ірі қараларын төлдете бастаса, егіншілер жерді аударып, топырағын, тоғанын арши бастайды. Осы бір қызу еңбек үстінде Қызылбек пен Жекенбек ерекше есімде қалыпты. Ол екеуі ағайынды аталас болатын. Тобықтының ішіндегі Құттыбай деген рудан. Қызылбек ұзынтұра, көк көз, тесіле қарағанда көк көзі өңменіңнен өтіп кететіндей бет қаратпайтын. Көп сөзге жоқ, өз дегенін істейтін істің адамы еді. Мінезі қайсар, катал, қайыс денелі бойында артық олпы-солпысы жоқ шым болат кісі еді. Бір өзі бір самауырын шай ішіп, тура моншаға түскендей ағыл-тегіл терлейді. Сонан соң жарты сағаттай демалып алады да, бәйгеге қосатын тың аттай ойнақшып шыға келеді. Же-

кенбек жарықтық қалың мұртты, сарғайып кеткен қалың қасты, буырлы бас Донның тор айғырындай таргыл кісі болатын. Екі танауынан бірдей махорқаның түтінін бұрқ еткізгенде өрге өрлеген состав сүйреткен паровоздай бұрқырататын. Жұмыс кезінде сөйлесу деген ол кісіде болмайтын. Ол демалған кезде арақ ішсе, одан шешен кісі жоқ және сол арақты түгел түбіне жеткізбей орнынан тұрмайтын, мас болуды білмейтін. Ұзаққа сілтейтін мықтының өзі еді. Сол екі кісі Шиманбай тоғанын «Ақшколден» төмен жерден бастап аршып, Бестерекке дейін су тасып жатқанда өзенге тіреп қояды. Бас жағы терең, аяқ жағы саяз болатын тоған кісі бойынан асатын. Ауылдың ашыған көже суыны екеуінің аузында. Оспанқұл, Болшынбай бастағандар соқаға өгіз, сиыр жегіп жер жыртады. Қажетке жараған балалар өгіз жетектеп, өгіз айдайды. Соқа басын әйелдер де болатын, аттарын ұмытып қалдым.

Тоқырауынның екпіні басылып, ағыны қалпына келген кезде ауыл адамдары тайлы таягына дейін жиылып өзеннің шағын бір бөлігін бөгейді, байлайды. Талшыбықтан шарбақ тоқылып, оны шағын арнаға көлбей тартып, бөгеу үшін құм-сазбен, топырақ, шөп-шалаңмен толтырады. Дайын

тұрған тоғанға су жіберіледі. Тоған толы су сарқырағандағы халықтың қуанышын көру бір ғанибет еді. Тоған арқылы судан таралған арықтардан ауыл маңы көкорай шалғынға бөленетін. Егін дестелеу- өз алдына бір дүние. Себілген ақ бидайды су шайып кетпес үшін, бірі қалмай ағын суды реттеумен болады. Көп ұзамай тұқым көктеп, Сарытеректің шағын алқабы көкпеңбек аспан тәріздес болатын. Біраз көтерілген соң көк теңізге айналған алқап толқып тұратын. Көрген сайын жаным рахаттанып, бойымды мақтаныш сезімі билейтін еді. Ауыл іргесін алыстаып, ол маңға мал тұяғын жолатпайтын. Тамыз айында толқыған жасыл теңіз сары алтынға айналып, күнге шағылысып жайнап тұратын. Халықтың мерейі тасып, астық жинауға кіріседі. Қолдарында жарқыраған бір-бір орақ, белдерінде бесіктегі баласы бар әйелдерге дейін егін оруға кіріседі, оны байлайды. Қырман басы қызу еңбек, мақсаттары жауыншашынға ұрындырмай, астықты дер кезінде жинап, қамбаға құю. Болшекеңдер қырман басында күндіз бауды дестелеп, қауызынан айырып ұшырып, тазартса, түнде күзетеді. Бір қадақ бидай қолды болмауы керек. Жұмысшылар мен қоса бригадир, басқарма, милиция, аудан өкілдері қырман басын-

да. Осы жерде сол кезде болған кішкене оқиғаны еске ала кеткенді жөн көрдім.

Ауылда аты аталған Болшынбай керемет ақкөңіл, адал да, аңғал, адам баласына бір тиын зияны жоқ азамат еді. Халық оны адалдығы, аңқаулығы, қызықты қылықтары үшін жақсы көретін. Еркелетіп атақты Бөкейхан төренің ұрпағы, Сұлтанқазының немересі деп басына көтеретін. Қызықтар да толып жатыр. Соның бірі- «Құрбауырым Біркен». Соғыс аяқталып, аман қалған кісілер елге орала бастаған кездер дейді. Ауданнан келген біреу Болшекең бауыры Біркеннің ауданға келгенін, келіп те қалуы тиіс екенін жеткізсе керек. Қуанышы қойнына симаған Болшекең орнынан атып тұрып, үйездеп тұрған бір құр байталды ат қып қарғып мінбей ме. Өмірі басына нөқта кимеген асау байтал тасталқан тулап, атқи жөнеледі. Байтал аспанға секіріп, ошақ қасы, от басын ойран етсе керек. Тақымын мықтап қысқан Болшекең байталға аспай-саспай «Құрбауырым Біркен, Құрбауырым!» дей беріпті. Әбден ақ көбік болған байтал сілесі қатып, жөңге келген екен дейді көргендер. Ал енді менің көзіммен көрген қызығым: қырманға жақын тігілген біздің үйде отырып Балтабай милиция қырман басын түскі

шай ішіп отырып бақылайды. Балтабай апама (Әнеліге): «Әлеке, байқайсыз ба, Болшынбай түскі үзіліс кезінде қырман басында тамақтанады, бірақ тамақтанар алдында тоған жаққа бір барып қайтады. Қараңызшы, оның артынан шаң шұбатылып отырады, басқалардың соңынан ондай белгі байқалмайды. Бұл қалай, мен оны тексеріп көрейін» дегенде апамның іші бірденені сезгендей: «Байқа, байқұстың жүрегін жарып алма, аңқылдақ адам қорқақ болады», - дейді апам. Дәл күндегі уақытында Болшекең тоғанға қарай аяндайды, шынында соңынан шаң шұбырып барады. Балтабай болса тоғанның ар жағында бақылап жатады. Апам: «Ойпыр-ай, анау байқұс бірдене сүйреп барады ғой, әйтпесе неге шаң шығады, тоған суына салқындауға бара ма десем, бір пәлеге ұрынады-ау, сорлы», - деп зарлап отыр. Болшекең тоған басына жетін, кішкене дорбасын лактыра берген кезде, Балтабай: «Қозғалма» деп атып тұрмай ма. Болшекең тіл-ауызсыз қалады. Балтабай олай-бұлай жұлқылайды, үн жоқ, әйтеуір демі бар. Жүрегін жардым ба деп қорыққан Балтабай: «Ойбай, Болшеке, менікі қалжың ғой, көзіңді ашып, тілге келші. Осыдан аман болсаң, бір адамға айтпаймын. Құдай алдында ант етемін», - деп жалынады. Үн

жоқ. Өлердей сөзін айтып жалынады, жалбарынады. Бір кезде Балтабайды аяп кетсе керек: «А-а-а, Балташ, адамға айтпайсың ба, уәденде тұрасың ба?» деп атып тұрады. Болышекең сондай жан еді. Үйде бала-шағасы аш отырған соң солай болған шығар. Ол кісі төре тұқымы болса да, тақыр кедей болатын. Тышқақ лағы болмаған кісі. Егін жиналып, қамбаға құйылған соң ғана жұмысшыларға еңбек ақыға бидай беретін. Оған дейін бір уыс бидай қуырылса иісі жер көкті алатын. Оны қуыратындар масақ тергендер, ерікті кемпіршалдар. Біздер де көмектесіп, алғашқы талқанды жейтінбіз.

Тоқырауын бойында Сарытеректен төмен Ақтұмсыққа қарай Сенбай, Кенжебек деген екі диірменші болды. Ақ бидай сол диірмендерден өтіп, халыққа азық, құт-береке болатын. Сарытеректің азғантай ғана алқабының тоған суына суғарылған ақ бидай берекесі мол азық еді. Ақ бидайдың дәмі ерекше болатын, дәні үлкен, жұмсақ болатын. Ол тең суармалы өңірге шығып, мол өнім берген ғой. Дүние жүзінде тек біздің жерде ғана, Жамшы жағында да егілген дейді. Бірақ мен оны өз басым көрген жоқпын. Кезінде Байжасаров деген жас агроном Бүкіл Одақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне апарып,

бәленбай сыйлық алды деп жүретін. 1969 жылдың қыркүйек айында Алматыда ауыл шаруашылық жетістіктерінің көрмесінде Жақсылық Аманбаевтың (сол кездегі Айыртас савхозынан) әйелі жасақтаған кигіз үйдің ішінде ақ бидайдың бір құшақ масағы тұратын. Көрген сайын бір тебіреніп қалушы едік. Не себеп болғаны айтылмады, павильон түгелдей өртеніп кетті, ақ бидай масағы қоса жанды. Мен сол кезде

өрт шығу оқиғасына қызмет бабымен барғанымда қасиетті дүниені сақтап қала алмағандығымызға қатты қынжылдым. Сарытеректе бұзылған үйлерді көргенде сай сүйегім сырқырайды. Құтты мекен, құйқалы жер жүдемесе екен деп тілеймін. Заман өзгерер, елден кеткендер ес жинар, туған жерім де өз қалпына келер деп үміттенемін.

*Жазған Айтжанов Тілеген
Тілеубекұлы, Ішкі істер
зейнеткері. Алматы қаласы*



ЖЫР АРҚАУЫ ТУҒАН ЖЕР

Амантай ТОЙШЫКЕНОВ

САРЫТЕРЕК

*Бұл есім жүрегіме құяды ағын,
Шоламын сезімменен қиядағын.
Өстім зәй саясында, мен неліктен,
Тіршілік күйкісіне сәй аламын.*

*Жыр жазу талай күннен аңсағаным,
Есімде көктемдегі таң самалың.
Бар бейнең дархан шабыт тудырғандай,
Күмбірлетіп күй шертіп, ән саламын.*

*Атағың көптен таныс елге бүгін,
Көтерген ғасырлардың нелер жүгін.
Бас имей табиғаттың талқысына,
Жайқала қанат жайып өсті гүлің.*

*Алыстан оқшауланып көрінесің,
Биіктеп басқалардан бөлінесің.
Болсаң да қыста сида бөзгылт тартып,
Көктемде бал құраққа көмілесің.*

*Шырайлы сұлулықты бере білдің,
Еркесі сандугашы бұл өңірдің.
Саялап барған жанның сәтсіз бұлтын,
Көгінен көңіліңнің түре білдің.*

Саят ТҰЯҚБАЕВ

*О, Туған жер! Таңы жұпар, түні құт,
Сен деп сөзгер жүректегі жыр үміт.
Араладым жастығымның куәсін,
Дала дәмін тұла бөйге сіңіріп!*

*О, Туған жер! Өзге жерден өзгешем,
Өттай ыстық басыласың көзге сен.
Мынау менің алтын ұя бесігім,
Міне, менің өз ауылым, өз көшем.*

*О, Туған жер! Дархан өңір, дала бел,
Жауқазын жыр, тынбай бүршік жара бер,
Ақтоғайдан шыға қалсаң, жолаушым,
Ауылымның ауасынан ала кел.*

Нәсір КӨШЕРБАЕВ

АРҚАРЛЫ

*Белді жазып шықпасам Арқалыға
Үнім өшіп, өкініш қалам мұңға.
Жол болғанда сапардан базарлығым,
Көріп қалсам қыран құс, қоңыр құлжа.*

*Дүрбі салдық аймаққа айналдыра,
Қарағандай таң қалдық қол айнаға.
Өсімдіктер гүлдеген алуан түс,
Тіршілігі құлпыраған сайын дала.*

*Қиясына, құзына аңда тұлға,
Ай мүйізді ақ төсті ата құлжа.
Ешкі лағын емізген, жүре тоқтап,
Елең етіп, жел бетке ара-тұра.*

ҚОСЫМШАЛАР

Оқырман назарына

Ақтоғай ауданының Сарытерек ауылы 1963 жылға дейін Ленин колхозы, 1963 жылдан бастап Ақтоғай совхозы болып аталды. Сондықтан да бұрынғы дерек атауларды ескі атауларымен атағанды жөн көрдік. Өткен ғасырларда өмірге келіп, еңбек еткен жеке тұлғалардың туған жері туралы мәліметтер сол кездегі атаумен жазылды. Мысалы «Каганович» атындағы колхоз, Қоңырат ауданы» деген секілді. Кітапқа енген адамдардың аты-жөні төлқұжаттағы аты жөні (-ұлы, -ов, -тегі, т.б.) солай сақталды.

Белгілі тұлғалар туралы және кейбір мәселелер туралы анықтамалық мақалаларға ішкі сілтеме курсивпен жазылды. Кейбір атаулар мен мағлұматтар туралы кеңінен баяндау қажет болғанда олар «к.-...б» деп сілтеме жасалды.

Елді мекендердің атаулары бірнеше рет өзгергені белгілі. Сондықтан олар сол кезеңдегі атауларымен аталды.

Негізгі қысқартулар

<i>атком.</i>	– атқару комитеті	<i>т.ж.к.</i>	– туған жылы көрсетілмеген
<i>атынд.</i>	– атындағы	<i>қ,-...б.</i>	– қараңыз ішкі бет
<i>ауытком.</i>	– аудандық атқару комитеті	<i>млн.</i>	– миллион
<i>ауд.</i>	– уданы (-дық, -ындағы, ының)	<i>ҰОС</i>	– Ұлы Отан соғысы
<i>а.ш.</i>	– ауыл шаруашылығы	<i>Т.өзен.</i>	– Тоқырауын өзені (-не, -інде)
<i>әдеб.</i>	– әдебиеті, әдебиеттер	<i>Обл.</i>	– облыс (-тық,-сындағы)
<i>б.з.б.</i>	– біздің заманымыздан бұрынғы	<i>Оңт.</i>	– оңтүстік
<i>б.</i>	– бет	<i>Оңт.бат.</i>	– оңтүстік батыс.
<i>губ.</i>	– губерния (лық)	<i>Оңт. Шығ.</i>	– оңтүстік шығыс
<i>е.м.</i>	– елді мекен	<i>С.ауыл.</i>	– Сарытерек ауылы
<i>ж.т.</i>	– жылы туған	<i>Совх.</i>	– совхоз (-да,-ында)
<i>ж.қ.</i>	– жылы қайтыс болған	<i>?..</i>	– аты –жөнін анықтай алмадық.
<i>т.қ.ж.б.</i>	– туған, қайтыс болған жылы белгісіз	<i>т.б.</i>	– тағы басқа.



Қысқарған сөздер

- БК(б)П* – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы
БЛКЖО – Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы
ОК – Орталық Комитет
ҚарПи – Қарағанды педагогикалық институты.
МТС – Машина- трактор станциясы.
ҚарМУ – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті
КСРО – Кеңестік Социалистік республикалар Одағы.
Қазақ АКСР – Қазақ автономиялық Кеңестік социалистік республикасы
ҚР – Қазақстан Республикасы
ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ШҚ – шаруа қожалығы
ІБ – Ішкі істер бөлімі.



МАҢЫЗДЫ УАҚИҒАЛАР ТІЗБЕГІ

1920ж.

Қазақ АССР-нің құрылуына байланысты осы өлкені мекендеген үш болыс ел (Қотан-Бұлақ, Балқаш, Тоқырауын болыстары) Республика құрамына енгізіліп, Қарқаралы округіне қаратылды.

1926ж.

Қазіргі Сарытерек орта мектебінің негізі - 1926 жылы бастауыш мектеп болып қаланған. Мектептің алғаш ұйымдастырушысы, әрі алғашқы мұғалімі, сол кезде бала оқытарлық сауаты бар Жиенкұлов Мұхамбетжан деген азамат.

1934ж.

Аудан көлемінде құрылған серіктіктер ұжымдық болып 35 колхозға бірікті.

1936ж.

Сарытеректегі 7 жылдық мектептің алғашқы директоры Жартыбаев Молдабек деген азамат.

1945-46жж.

Агроном Байжасаров Омаш ақ бидайдың тұқымын жетілдірін, Тоқырауынбойынаегінсалып «Бесбас» бидайын егіп, өсіріп колхозға мол табыс әкеліп нәтижесінде Мәскеудегі ауылшаруашылығы

жетістіктерінің көрмесіне апарып үлкен абыройға бөленді.

1950ж.

Ақтоғай ауданы бойынша 35 колхоз ірілендіріліп 11 колхоз болып ұйымдасты. Сарытерек жерінде біріктірілген колхоздар («Каганович», «Үшөзек», «Ақтұмысық» «Сарытерек», «Ленин» колхоздары ірілендіріліп, ЛЕНИН колхозы болып аталды.

1954ж.

Тың игеру эпопеясын жасағандардың қатарында Сарытеректің саңлақ мехонизаторы Дауылбаев Әжібек болды.

1955ж.

Қарабұлақ МТС ашылып, орталығы Жетімшоқыға ірге тепті, кейін Ақтұмсыққа ауыстырылды. Оның директоры болып Кириллов Алексей Крондидович деген азамат тағайындалды.

1957-58жж.

Аға шопан Өмірбеков Ақтайбек Еділбай қойымен бірге Қаракөл қойын өсіріп, 100 қойдан 116-дан қозы алып еңбектегі зор жетістігі үшін ауылшаруашылығы жетістігінің Алматыда өткен көрмесіне қатысты.

~~1961ж. 1962ж. 1963ж. 1964ж. 1965ж. 1966ж. 1967ж. 1968ж. 1969ж.~~
1962ж.

Алматы зооветиниститутының қолдауымен дегерес тұсақ малдарын Желтау фермасына әкелін аға шопан Совет Алғамжановқа бекітіп берді. Желтау фермасы қой тұқымын асылдандыру мақсатында жұмыс жасайтын ферма деп аталды. Ғылымдар осы мақсатта зертеу жұмыстарын жүргізді.

1963ж.

«Ленин», «Бірлестік», «Кенелі» колхоздары біріктіріліп Ақтоғай совхозы деп аталып орталығы Сарытерек болды. Жаңа совхоздың алғашқы директоры ауылдың тумасы Рымқұлов Дүйсембай тағайындалды.

1963ж.

«Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь Революциясы» ордендерінің иегері, Исбек Жаркенов 1963 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.

1965ж.

Ақтоғай кеңшарының орталығында орналасқан сегізжылдық мектеп базасында 10 жылдық орта мектеп ашу туралы 1965 жылы аудандық атқару комитетінің қаулысы шықты. Орта мектептің алғашқы директоры болып Шегіров Нұржақай тағайындалды.

1967ж.

Ақтоғай совхозының аға шопаны Жәркенов Исбек Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

1970

Совхозға жоғары вольтты электр жүйесі тартылып, халық игілігіне айналды.

1973ж.

1973 жылға дейін мектеп №4 орта мекеп болып аталып келді. 1973 жылы мектепке Сарытерек орта мектебі деген атау берілді.

1974ж.

Шұбартаулықтардың бастамасымен, Ақтоғай совхозының Қарақұла жерінде «Жалын» жас шопандар бригадасы құрылып, жетекшісі Қабдыраш Тұяқбаев болды.

1974ж.

Ақтоғай совхозында жас шопандар бригадасы құрылды. Желтауда «Ұшқын» жетекшісі Зекен Тәжібаев, Кенеліде құрылған «Айыртас» бригадасын Ерболат Қалиев басқарды.

1988ж.

Осы жылы совхозда екі қабатты 120 орындық жаңа мектеп салынды.

2000ж.

2000 жылғы 20-қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің

Премьер-Министрінің № 1576 Қаулысымен Сарытерек орта мектебіне «Қазақ ССР-нің Еңбек сіңірген мұғалімі», Ленин, «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері атақты ұстаз Жабас Кеңесбаевтың аты берілді.

2014ж.

«Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша ұзындығы 14 шақырымды құрайтын су құбыры тартылып,

ауылдың барлық үйі ауыз сумен қамтамасыз етілді.

2018ж

Сарытерек ауылдық округі шілде айында өзінің 90 жылдық мерейлі мерекесін тойлады. Той қарсаңында Сарытерек аймағының 90 жылдық тарихынан сыр шертетін «Сарытерек ауылдық округі: Таным мен тағылым» атты кітабы жарық көрді.

Сарытерек а.о. мұрағатынан



ЖЫЛДАР АЙҒАҒЫ

Қазақстан Республикасы

Жезқазған облысы

Ақтоғай ауданы әкімінің

ҚАУЛЫСЫ

29 маусым 1995ж.

№43

«Тоқырауын» кеңшарының жекешеленуіне байланысты жер үлесін бекіту туралы.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 10 маусым 1994 жылғы №611 «Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру барысында жер үлесіне /пай/ құнын беру тәртібін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа ала келіп,

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Тоқырауын» кеңшарының жекешелендіруіне байланысты еңбек ұжымының 23 наурыз 1995 жылғы жиналысында бекітілген /жер үлесін алуға құқы бар осы кеңшар қызметкерлерінің тізімі қоса тапсырылған/ еңбек ұжымының әр мүшесіне орташа жер үлесі 133 /бір жүз отыз/ шаршы гектар болып бекітілсін.

2. Осы қаулыны негізге алып жоғарыда көрсетілген көлемде тізімдегі ұжым қызметкерлеріне «Жер үлесіне құқы жөніндегі Куәлік» беру аудандық жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттен /Ғ.Түсінбеков мырза/ сұралсын.

3. Екі жақты уағдаластық жағдайымен өзінен жер үлесіне құқы осы кәсіпорынның өзге қызметкерлеріне беретін ауыл шаруашылық кәсіпорын қызметкерлері жер үлесіне құқын беру шартымен жасалатын келісімін жазбаша түрде рәсімдеп жер үлесіне құқы жөніндегі куәлікпен қоса тапсыратын болсын.

Ақтоғай ауданының әкімі

С.Дүйсебеков

Р6-5

27.06.95ж.

Негізі: Сарытерек а.о. мұрағатынан

Ақтоғай ауданының
әкімі

Аким
Актоғайского района

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2000 ж. 17. сәуір № 10-ш
№ _____

№ _____
№ _____

Сарытерек орта мектебіне
Жабас Кенесбаевтың
есімін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы
№281 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы
кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, теміржол станцияларын,
аумақтарды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау
мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын
өзгертудің тәртібінің" 4-тармағына сәйкес аудан әкімі жанындағы
ономастикалық комиссияның шешімі негізінде :

1. Сарытерек орта мектебі педагогикалық ұжымының
15 желтоқсан 1999 жылғы, Сарытерек селозық округі әкімдер жиы-
лысының 20 желтоқсан 1999 жылғы Сарытерек орта мектебіне Ленин,
Энбек Қызыл Ту ордені ұстаз, әрі ақын Жабас Кенесбаевтың есімін
беру туралы ұсыныстары мақұлданып, аудандық Мәслихат сессиясына
және облыс әкімі жанындағы ономастикалық комиссияға ұсынылсын.

2. Осы шешімнің орындалысына бақылау-басшылық жасау аудан
әкімінің орынбасары, аудандық ономастикалық комиссия төрайымы
С.Абеуова ханымға тапсырылсын.



[Signature]
Т. Ахметбеков

80-4
усын: Э. Смагулова

[Handwritten signature]

АРҚАДАҒЫ АРАЙЛЫ А Қ Т О Ғ А Й



**ЛЕНИН
ИДЕЯСЫМЕН
НҮРЛАНҒАН**

60

САРЫАРҚАННҢ әр тәсінде жатқан Ақтоғай өңірінде күні мен кешіні түрмысқа меймен шап үшін аз далада төнімді шүбінді жер іздеп нұн көккір қалық бүтінге шалқан дәрелерін қолдан алғып, дәлемі өсіп, оны мен қырып нұ орман көкөрі пәлемі жағам. Сорпаи ала, бұйрат құнды тулжатыраға айналдырды. Шөге мен тағамы, қанымыр мен еселеті не арқамы қысқан тасын шалау азықты айма төтінді келіп, ауыл шаруашылығы арқанды судықаш дым әрісі олаққа, берісі ойысқа таныпал болды. Күн қыстап тақыр далаға, тауларды қойнауларын саулетті қала-шақыр мен сәкі ауылдар сап түзеті. Осымен бәрінде ауа ұрықтық жұмысқа ақыл-ойы, білімі мен тәжірибесі, кезеңі менікіке, бұрысқан боралда, қымылтар аялда танып маңдай төрері мен жасыпал әнбәкері бар.

От басқан аттан шықпаған қыз, қалына сойыл мен дойыр қанымадан бағын беру ұстап қарғанын ұя өлініп қиснетті. Отандық көрсету жолында жұмын жаған бөле тейі, не бөлініп алулады. Сонымен ішінде өсіні де аныққы жерастерін жұрыс неге мақтанбақсы! Ақтоғай төптарында тұрған жасыпал өнбөтінді, адам өлісіне үшін жасалған тылды мен әмердің өрендері жетпеген кезі, адынбаған ақтары жоқ.

Мұны түп сыр — не адысты, құныққы көмреде емес.

Бүгін өсініп өсіліп алуанды ұя әстерістердің қабыр қап, түп қанық тарықты жағырққан, жөре күн біздің өзіміз, аурып өсініп ұя Пәтәбейдің тұры шаруашылығы жөре Ақтоғай өңірі де Уаы Оңтөбесі шаруашылығы құрылымы менікі болыптығын жарық шұдықтығын иер алды.

Ленинді ұя алашарды жұрыс асырған ауыл өнбөтінді, бері тарғанысқан адысты өнбөтінді күшімен мадығыт неге қысқаннан қысықты. Қанықтың алауымен түрмысқа жағыр сартты. Қартаи күні үшін арқамы саулетті кезе орнатты. Адам сөзі мен кезеңі арқамы ауыл шаруашылығын ады таныпаларын өсеті. Оны шүбіндінің шаруашылықта өсініп мақданыуды төтіріп үйретті. Жер анығын тұрғын жатқан саулет сөзі бағанын барланды, адысқа өсітіріні айналдырды. Ақтоғайда, түде қымында жүрген қалық шаруашылықты, қысықшының өнбөтінді өрісеті. Қара жерді қалықдай өсіні, тауы кеерді, кеудесіне ордан тақты. Оған қойылысқа астық құрған Коммунистік арқанын шақыруға ілеп жауға беру жолында қысықшының жарысқа қысықты. Білімі чын — қой шаруашылығын шару үшін қанықтар түрес ұтына шықты.

Күн саулеті республиканымыздың және Қазақстан Кеңестерінің 60 жылдық мерекесі ар сөзімен, әр ұрықтың не сөзі мен құндығын, ауданымы өзіміз арқанын жұмын чығарып байланысты. Сонымен бірі — адымын шығарған маңы тағы, өсіні арқанымен, маңырағын жақынған Ақтоғай ауданында. Екі аудлеті, жөрі саулеті, өнері арқанымен мадығыт өтті ауыл бұз.

Ауданын қарымта өсіні мадығыт мен мадығысқы тұрғын маңырақтарды тарғанысқан өсініп бітісіне өнбөтінді.



Қазақ ССР Жоғарғы Сөзетінің депутатты, «Қаратал» қоғамының аға топамы За.рубын Үкіметке қой өсіруін маңырағын бірі. Билы өсініп адырымын әр жүз саулықтың 138 қоны адынды.



«Қызылар» қоғамының «Тұялар» маңырақшылар брі. адымын бригаданы Сөзет Имұшынбақтың өсіні қанық мады. Ол да бесжылдық меркінімен бұрын арқанды. С. Имұшынбақтың аудандық партия анықтығын бәрә күшесі.



«Жымті» қоғамының ады шығаны Зіміне Қобыраи бамы қаруындағы саулықтың әр жүзімен 147 қоны адын екі жоғары өсітіне жетті. Ең некегі бесжылдық өсібіне өнбөтінді.



Қабырат Тұяқбаев «Ақтоғай» қоғамындағы қысықшылардың «Жылқы» топамдар бригадасын басқарды. Жастар ұстаы бригаданы жоғары маңырақшыға жұмыс адырды. Бұтала әр жүз саулықтың 140 қоны ауды мадығыт өтті.

**Алғашқы колхозшылар
Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округі**

1920 жылдан бастап мойынсерік, артель кейін колхоз, совхоз шаруашылықтарында еңбек еткен, ардагерлердің тізімі:

1. Адилов Мақсатбек, Көшкін, малшы
2. Акимов Таттибек, Көшкін, түрлі жұмыс атқарған
3. Алғамжанов Қасенхан, Төре, мал бригадирі
4. Айтжанов Тілеубек, Қожағұл, мал және егіс бригадирі
5. Ақбергенов Әлінбек, Көшкін, малшы.
6. Ақбергенов Рысбек, Көшкін, Соғыс ардагері, малшы.
7. Аманбаев Наурызбай, ауыл ақсақалы.
8. Аманбаев Сүйгенбай, Қожағұл, малшы
9. Анықбаев Бәшей, Қожағұл, бақташы
10. Асылбеков Сыздық, Төлеңгіт, құрылысшы
11. Асылбеков Божбан, Төлеңгіт, орман-тоғай күзетшісі
12. Асылбеков Садуақас, Төлеңгіт, с/совет председателі
13. Асылбеков Мәжін, Төлеңгіт, күзетші
14. Ахметов Нұржан, Қожағұл, Ахмет байдың баласы.
15. Ахметов Сейтіхан, Қожағұл, Ахмет байдың баласы
16. Ахметов Әлібай – Қожағұл, малшы
17. Ахметов Жаңабай – Қожағұл, малшы
18. Ахметов Маңабай – ауыл ақсақалы
19. Ахметов Жаппарбек, Көшкін, түрлі жұмыс атқарған
20. Асаусарин Ыдырыс, Қойлыбай, диханшы
21. Ахметов Тұяқбай, Тобықты, үйші.
22. Ахметов Досман, Тобықты, жұмысшы
23. Ахметов Тойшыкен, Тобықты, малшы
24. Әбеуов Әбілхан – Дәмегөй Кенеліде малшы.
25. Әлжанов Сейтжан, Қожағұл, малшы
26. Әлімбетов Қожахмет, Қожағұл, ферма меңгерушісі
27. Әлімбетов Ақан, Қожағұл, Соғыс ардагері



28. Әлімбетов Нүркен, Қожағұл, малшы
29. Әкімбеков Серік, Қожағұл, малшы
30. Әбдиев Уақап, Майтаста сатушы
31. Әлиманов Рамазан, Сарым, егін салып, шөп шапқан
32. Әлиманов Шәріп, Сарым, серіктестік басқармасы
33. Әйнәпілов Жахмет, Көшкін, түрлі жұмыс атқарған
34. Әменов Құтжан, Көшкін, бригадир
35. Баймұрзаұлы Жүніс жұмысшы
36. Балағанов Сәдіхан, Қожағұл, малшы
37. Балағанов Қасымхан, Соғыс ардагері, МТМ ұста
38. Балағанов Асылжан, Қожағұл, койма меңгерушісі.
39. Балқыбеков Жексембек, егінші.
40. Байғаскин Кенжетай, құрылыс шебері
41. Бапашев Боранқұл, Тобықты, есепші, соғыс ардагері
42. Бертісбаев Шайық, Тобықты, малшы
43. Бейсенбаев Сағындық, Қожағұл, соғысқа кеткен хабарсыз
44. Бейсенбаев Сопыжан, Қожағұл, учетчик, совхозда кассир
45. Бейсенбаев Өміржан, Қожағұл, «Еңбек Қызыл Ту» орденді, бақташы
46. Бәдіқұлов Ахметқали, Сарым, диханшы, мал баққан
47. Бәкіров Ғалымберген, Көшкін, түрлі жұмыс атқарған
48. Балжанов Тұтқабек, Көшкін, түрлі жұмыс атқарған
49. Борымханов Жиренше, Төре, зоотехник
50. Білембаев Сәтпек, Москваға ВДНХ-ға қатысқан, аға шопан
51. Биялов Болшынбай, Төре, егінші
52. Бөлегенов Шәйкен, Тобықты, әр түрлі жұмыс.
53. Ғалиханов Сейтжан, Төре, мал дәрігері, фермер меңгерушісі
54. Днасилов Қуанышбек, Көшкін, құрылысышы
55. Дүйсенбеков Амантай, Қойлыбай, шофер
56. Дүйсекин Шайкен, Төре, заготовитель
57. Досмахов Мұхтар, Тобықты, мұғалім
58. Ермекбаев Қуанышбек, Қожағұл, мал баққан
59. Ермекбаев Әубәкір, Қожағұл, ауыл ақсақалы
60. Ермекбаев Құлжанбек, Қожағұл, мал баққан
61. Есмағанбетов Қадырхан, Қожағұл, мал баққан
62. Есмағанбетов Байдүйсен, Қожағұл, жұмысшы



63. Есекенов Әбет, Байбөрі, ұста
64. Есімов Зекен, Қожағұл, совхозда сварщик
65. Жайсаңбаев Қартас, Көшкін, жұмысшы, ауыл ақсақалы
66. Жұмадилов Нұрғазы, Көшкін, трактор бригадирі
67. Жакенов Кәріпжан, Қожағұл, жұмысшы
68. Жарқыбеков Рақымбай Күлғайша, малшы
69. Исабеков Қабылхан, жұбайы Мәрия, Соғыс ардагері, учетчик
70. Жақсылықов Жайлыбай, бригадир болған
71. Жұмабаев Адамбек, Сарым, құрылысшы
72. Жапбаров Шәйкен, Төре, колхоз председателі
73. Жағыпаров Асылбек, Көшкін, малшы
74. Ибраев Иген, Қойлыбай, жұмысшы
75. Ибраев Оспанқұл, Көшкін, құрылысшы
76. Ибраев Нығметжан, Қойлыбай, малшы
77. Игібеков Шәйкен, соғыс ардагері.
78. Күземханов Дәрібек, Қожағұл, соғыста хабарсыз кеткен
79. Күземханов Дәкәрім, Қожағұл, совхоз коменданты
80. Күземханов Шәкәрім, Қожағұл, сатушы
81. Күземханов Бейсенбек, Қожағұл, соғыс ардагері
82. Күземханов Есімхан, Қожағұл, атбегі
83. Күземханов Айтыхан, Қожағұл, Майтаста сиыр баққан
84. Күземханов Аяған, Қожағұл, ауыл ақсақалы
85. Каукенов Мәжетай, Қожағұл, Майтаста ферма басқарды
86. Көпбаев Мырзабек, тобықты, маман
87. Көшербаев Әбілпейіс, Қожағұл, Соғыс ардагері, малшы
88. Көшербаев Мүсілім, Қожағұл, Соғыс ардагері, ферма меңгерушісі.
89. Көшербаев Мұқажан, Қожағұл, Соғыс ардагері, койма меңгерушісі
90. Кәріпбаев Рақымжан, Көшкін, мұғалім
91. Кенебаев Бекмағанбет, Көшкін, молла
92. Кенжебеков Алшынбек, мұғалім
93. Қалиев Башар – Шұбартау елінде басқарма
94. Қазанғалов Кәжен, Қожағұл, мал дәрігері
95. Қалпебаев Қасым, жұбайы Нұрмия, тыл ардагері, малшы
96. Қожабаев Кенжебек, Соғыс ардагері, малшы
97. Қалиев Мұздыбай, Қожағұл, «Ленин» орденді, шопан

98. Қожыкеев Боранбай, Қожағұл, малшы
99. Қожыкеев Тапал, Қожағұл, мал бригадирі, кейіннен малшы
100. Қалыбеков Жақыпбек, Қожағұл, жылқышы
101. Қалыбеков Мейірхан, Қожағұл, малшы
102. Қылышбаев Қазыбек, Қожағұл, жұмысшы
103. Қылышбаев Тәжібай, Қожағұл, жұмысшы
104. Қазыбеков Нұрымхаш, Қожағұл, Соғыс ардагері, бухгалтер
105. Қашеев Ақшабай, Көшкін, жұмысшы
106. Қанапин Зейнолла, Көшкін, құрылысшы
107. Қалиев Ағдарбек, Қожағұл, жұмысшы.
108. Қалиев Мұхатай, Төре, егіске дән себуші
109. Қалиев Айтжан, Төре, қойма менгеруші
110. Қарынбаев Жалбай, Тобықты, малшы
111. Қасенқұлов Сандықұл, Көшкін, жұмысшы, ауыл ақсақалы
112. Қасенов Нәжмедін, Көшкін, молла
113. Қоғылов Қызылбек, Тобықты, егінші.
114. Қоғылов Шошымбек, Тобықты, егінші.
115. Қылышов Нұрмұхамед, Төре, жұмысшы
116. Майлыбаев Рақымжан, Қожағұл, малшы
117. Мұхамедиев Дуанбек, Қожағұл, ауыл ақсақалы
118. Мұхамедиев Сәдуақас, Қожағұл, Соғыс ардагері, молла
119. Мұхатаев Дартай, Қожағұл, сазгер, «Ақтоғай» ән. авторы
120. Мақашев Шойынбай, Қожағұл, малшы
121. Мұқатаев Егінбай, Сарым, егін салған, мал баққан
122. Мұхаметжанов Быхия, Қойлыбай, жив.серия дайындаушы?
123. Мұхаметжанов Дәкім, Қойлыбай, түрлі жұмысшы
124. Молдабеков Шиетбек, Көшкін, мал баққан
125. Молдашбаев Зекен, Малш баққан
126. Манасбаев Жаманбек, Көшкін, ауыл ақсақалы
127. Маңғазбаев Ахметқали, Көшкін, жылқышы
128. Маңғазбаев Әйіп, Көшкін, соғыс ардагері, гараж диспетчері.
129. Мұстафин Әбілқәтеп, Төре, малшы
130. Нұршин Мұхамедия, Көшкін, малшы,
131. Нығыманов Балтабай, Сарым, түйе баққан

132. Омаров Барлан, Қожағұл,
малшы
133. Омаров Асан, Найман, мал-
шы
134. Олжабеков Алтынбек,
Қожағұл, бақташы
135. Олжабеков Жарқынбек,
1939ж. армия кетіп кейін елге
орады
136. Өмірбеков Аққасқа,
Қожағұл, түйе фермасы
менгерушісі
137. Өмірбеков Ақтаубек,
Қожағұл, малшы
138. Өміртаев Рысбек, Қожағұл,
жұмысшы
139. Өміртаев Түймүсхін,
Қожағұл, жұмысшы
140. Өсербаев Дағыл, Көшкін,
мектеп күзетшісі
141. Өсербаев Смағұл, Көшкін,
тракторист.
142. Өміртаев Байғасқа,
Қожағұл, жұмысшы
143. Райымбеков Бейсеке, Төре,
егінші
144. Рахишев Төлеген, Төлеңгіт,
гар.күзет
145. Рахишев Төлеубек,
Төлеңгіт, комендант
146. Рысбеков Жақыпбек, Соғыс
ардагері, колхоз төрағасы
147. Смағұлов Құлмағанбет,
Байбөрі, Соғыс ардагері, кол-
хоз председателі
148. Смағұлов Айтжан, Байбөрі,
малшы
149. Смағұлов Токмағанбет,
Байбөрі, малшы
150. Стахов Мылгалшер жұбайы
Күлбарам, Керей малшы.
151. Сүлейменов Нұрғали, Са-
рым, ұста
152. Сыздықов Ноғайбек,
Тобықты, ұста
153. Спатаев Нөкеш, Қожағұл,
Соғыс ардагері, мүгедек
154. Спатаев Мұхаметжан, мал-
шы
155. Смаилов Нәби, Қожағұл,
малшы
156. Сәмбетов Әймен,
Қожағұл, шофер
157. Сапарғалиев Қалиасқар,
Сарым, егінші, мал баққан
158. Самсимов Максұтбек,
Көшкін, Қызылтаста астық
қойма менгерушісі
159. Сыздықов Төлеубек,
Көшкін, малшы
160. Салпыдан Шаймерден,
Көшкін, ауыл ақсақалы
161. Салпыдан Кәріпжан,
Көшкін, малшы
162. Сыздықов Төлеубек,
Көшкін, малшы
163. Сыздықов Сейдіғалы,
Көшкін, жұмысшы
164. Сәдуақасова Торғай,
Көшкін, с/совет председаелі
165. Садуақасов Әмірбек, Төре,
малшы
166. Садуақасов Сәдірбек,
соғыстан қайтпаған

167. Төлешов Жармағанбет,
Байбөрі, малшы
168. Төлешов Досжан, Байбөрі,
малшы
169. Түсіпов Тоқымбай, Көшкін,
малшы
170. Төлепбергенов Тәуке,
Көшкін, тракторист
171. Түсіпбеков Жұмахан, Төре,
малшы
172. Торсықбаев Жұмабек,
Қожағұл малшы
173. Тікеев Иманбай, Қожағұл,
малшы
174. Тұрысбеков Күземхан,
Қожағұл, ауыл ақсақалы
175. Түсіпов Дауылбай,
Қожағұл, түрлі жұмыс
атқарған
176. Түсіпов Айтжан, Қожағұл,
егіс бригадирі, с/совет
председателі
177. Түсінов Оңғрабай,
Қожағұл, соғысқа кеткен
178. Түсіпбеков Махмет,
Көшкін, Соғыс ардагері, мал
бригадирі
179. Түсіпбеков Мағрұпбек,
Көшкін, жұмысшы.
180. Тәжібаев Зекен, Қожағұл,
Тыл ардагері
181. Темірғалиев Әмірғали, Са-
рым, жұмысшы
182. Тұрысбеков Нөкербек,
Қожағұл, ауыл ақсақалы
183. Тұрысбеков Ығап,
жұбайы Мәмилә, жұмысшы
184. Тәуекелов Құдыш,
Көшкін, жұмысшы.
185. Төленгітбай Мембай,
Көшкін, су диірменін салған.
186. Төребаев Ақатай, Тобықты,
малшы.
187. Тұтқабеков Қайырберлі,
Көшкін, зоотехник.
188. Шайкенов Есіркеп,
Тобықты, шофер.
189. Шектібаев Шайхы жұбайы
Мәрия, Құланшы, малшы.
190. Шәкіров Тілеуберген,
Көшкін
191. Шәкіров Мұсан, Көшкін,
ферма меңгерушісі
192. Шегиров Нұржақай,
Көшкін, мұғалім, мектеп ди-
ректоры
193. Ыбышев Қуандық,
Қожағұл, койма меңгерушісі
194. Ыдырысов Сұлтанбек,
Қойлыбай, жылқышы, брига-
дир.
195. Ыбыраев Ожан, Айыртаста
мал баққан
196. Ысқақтан Шәкәрім, Сарым,
бухгалтер
197. Ысқақтан Шернияз, Сарым,
колхоз басқармасы
198. Ыдырысбаев Кенжебек,
Көшкін, су диірменшісі
199. Яхин Жансұлтан,
Қойлыбай, мұғалім.

*Дайындаған
Әжібек Дауылбаев*

Жабас Кеңесбаев атындағы орта мектепті әр жылдарда
бітірген тұлелер арасынан
ел мақтанышына айналған азаматтар да көп шыққан.

ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНДЕ

Ғылым докторлары
Тәнірберген Күлтебаев - ауыл
шаруашылығы

Жақсыбек Тәжин - техника
Дәкенов Мұхсиын - тарих
Қайырберлі Мұхамбетжанов -
медицина

Ғылым кандидаттары
Оразбек Тәжин - биология
Тиышбек Құдышев - ауыл
шаруашылығы
Болат Быхин - техника
Шүкірбай Токеев - ауыл
шаруашылығы
Әділзада Шарзадин - педагоғика
Жазира Мұқатаева - химия
Зәмзагүл Айтбаева - химия

Ноғайбеков Мәден - ауыл
шаруашылығы

Егінбаев Әмір - Ақтоғай ауданы
бойынша қазақ күресінен бірінші
спорт шебері

Яхин Ержан - Республикалық
президенттік емхана дәрігері

Жанболат Башар – жазушы,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі

Жахметов Зәрубай - Жезқазған
облысы ауылшаруашылық
басқармасы техникалық бақылау
бөлімі бастығы қызметін атқарған.
Досмақов Ғабидолла - Ақтоғай ау-
даны бойынша ең бірінші бас имам

**Ж.Кенесбаев атындағы орта мектепті «Алтын», «Күміс»
медальдармен, «Алтын белгімен»
және ерекше аттестатпен бітірген түлектер:**

Кенжебеков Мерғазы - мектеп тарихындағы бірінші «Алтын медаль» иегері, айтыскер ақын.

Манат Сымбат - мектеп тарихындағы бірінші «Алтын медаль» иегері, Қарағанды қаласындағы Н.Назарбаев мектебінің мұғалімі.

Бапашева Бота - Қарағанды қаласындағы емдеу орталығының бас экономисі.

Ақтайбекова Айнұр - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бас маманы.

Нұрмұхамедова Айгүл - Қазақстан тұрғын үй-жинақ банкі АҚ Қарағанды филиалының бас маманы.

Шакаримова Алтынай - Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы.

Досмақова Динара - Балқаш КМК-ның кадр бөлімі басшысының орынбасары.

Ордабекова Забира - Ақши орта мектебінің мұғалімі

Құсайынова Нұргүл - Ж.Кенесбаев атындағы мектеп директоры

Рысбекова Зәмзагүл - «Балқаш өңірі» газетінің корректоры

Рахымберлі Динара - Қарағанды облысы тәртіптік кеңесінің «Арна-Қарағанды» газетінің редакторы.

Құсайынова Бақытгүл - ҚарМУ колледжінің мұғалімі.


Досмақ Дананұр Хайроллақызы - Ж.Кенесбаев атындағы орта мектеп тарихындағы бірінші ғалым-магистр атағын алған мұғалім.

*Дайындаған
Хайролла Досмақов*

**1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысып
хабарсыз кеткендер
(Сарытерек ауылы бойынша)**

Ахметов Қайдакеш
Ағыбаев Домбай
Ахметжанов Қуатбек
Адалжанов Кенжебек
Айтыханов Кәмілхан
Асылбеков Әбіл
Әбілжанов Нұрсұлтан
Әбілтаев Жаппар
Әбілтаев Зайдаш
Әділов Жаппар
Бейсенбаев Сағындық
Байдалин Мұратбек
Ғалиханов Ахмедия
Ғалиханов Мұхамедия
Дүйсекин Асылмұрат
Дүйсекин шаймұрат
Дуанбеков Максұтбек
Дәкенов Боржи
Дүйсенбеков Тәтибек
Діншин Төлеубек
Егінбаев Төлеутай
Егімбаев Рахымберлі
Егімбаев Башай
Жағыппаров Шаймұрат
Жаңабаев Шаймағамбет
Жайлыбаев Сатыпалды
Жанғарашов Түркістан
Жанғарашов Шынарбек
Жұмабеков Сәтжан

Кәріпбаев Төлеутай
Кәріпбаев Әли
Күземханов Дәрібек
Күземханов Кәдірбек
Күземханов Оспанбек
Кеңесбаев Хасейін
Кеңесбаев Кусейін
Қанафин Алтынбек
Қалиев Қабден
Қалыбеков Шыныбек
Қожамбергенов Оразбай
Қожабаев Қараторғай
Қожантаев Тілеукең
Қуанышбеков Хайролла
Махатаев Қауымбек
Момынбеков Мұхатай
Мұхамедин Кенжеш
Маңғазбаев Қожахмет
Маханов Дүйсенбек
Мұқашев Төлеутай
Молдабаев Тұрсын
Омаров Ақтан
Өтебаев Байтөре
Сармантаев Қалқай
Сүраншин Әмірбек
Сәдуақасов Сәдірбек
Сәттібаев Имаш
Сәттібаев Кенжебай
Садықов Мұхатай



Тілеубеков Сейітхан
Тілеубеков Әлімхан
Тікеев Иманбек
Тоқбергенов Жиенбай
Түсіпов Қайролла
Түсіпов Молдашбай
Түсіпов Оңғарбай
Тәжин Мұратбек

Тоқбергенов Дүйсенбек
Шәкіров Тілеубай
Ыбышев Алтай
Ыбышев Мақұлбек
Ыбышев Сағындық
Ысқақов Сағындық
Ысқақов Шома



**Ауған соғысының ардагерлері
(Сарытерек ауылы бойынша)**

Дуанбеков Мануарбек (1968ж.т.) Қалыбеков Сағатбек (1960ж.т.)
Сарытерек а.о. мұрағатынан.



**Сарытерек а.о. бойынша 10 баладан 14 балаға дейін
туып тәрбиелеп өсірген «Алтын алқа» иегерлерлі:**

Балағанова Нұпғайын
Аюпқызы
Ақшабаева Жаңыл
Нөкешқызы
Асылбекова Шайза
Алтынбекөва Шәмішкен
Серкебайқызы
Қауымбекова Күлпаш
Ақбергенқызы
Алғамжанова Жолтай
Әбілпейісова Кәкіма
Байсеркина Нұрбала
Біләлова Күлзада
Тажibaева Нұркен
Болеубекқызы
Көшербаева Сара
Дақияқызы
Дауылбаева Мәкіжан
Досмахова Күләш
Дауылбаева Кәкіжан
Егінбаева Шарбан
Есенбайқызы Мәртай
Жанғарашова Күләш
Әлібаева Несіп
Жұмағұлқызы Тиыштық
Игібекова Нескен

Искакова Қайша
Рахымбекқызы
Көпбаева Мәуия
Кенжебекова Күләш
Қуатбекова Майхан
Қалпебаева Үрмия
Спатаева Қауаш
Қуанышбекқызы
Манасбаева Күлән
Нығметжанқызы Төкен
Оңғарбаева Катя
Рамазанова Мәкен
Сабанбаева Кәукеш
Сәтбекова Төлеу
Төребекқызы
Тапалова Айтбала
Тойшыкенова Жәміш
Тасқынбаева Шәкен
Тлеубекова Мәйкен
Шошымбекова Кенжетай
Шошымбекова Жұмабала
Жаңабаева Күләй
Толеубекқызы
Әзімбайқызы Мүпиза
Дәкенова Алтын



**Сарытерек а.о. бойынша 9 бала туып тәрбиелеп өсірген
«Алтын алқа» иегері:**

**Ақшабаева Шәмшия
Аманбаева Бәтес
Алдажарова Әнеш
Ақшабаева Тоты
Барланова Мінуар
Досмақова Майтай
Ершманова Құлғайша
Жаппарбекова Назкен
Жұматайқызы Нұрғайша
Жарқынбекова мария
Исабекова Мәрия
Кешебаева Жаңылхан
Қалқайқызы Майра
Кауірова Әйкен
Калабаева Камария
Қызылбекова Отай
Қалиахметова Күлзада**

**Смайлова Береш
Тапалова Зейнекүл
Тойшыбаева Күлзия
Тілеуберліқызы Орал
Тұтқабекова Сақып
Ақтайбекова Токен
Ахметжанова Сәуле
Смагулова Бақытжамал
Мустафина Орал
Рыстафина Күләш
Дінасылова Зайра
Рахымберлина Мағзура
Жексенбаева Несінкүл
Мақұлбекова Тәкіш
Жаңбырбаева Рысжан
Ақшабаева Жаңыл
Нокешқызы**





Сарытерек мектебі құрылған 1926 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі әр жылдарда еңбек етін, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге өзіндікүлес қосқан мұғалімдер:

Жиенкүлов Мұхамбетжан
Әлімжанова Несіпжан
Мұқашев Нұрғали
Кенжебаева Несіпбала
Малдыбаев Кәрібай
Кенжебаев Тілеукұл
Мырзабеков Құсайын
Сыздықова Кұлаш
Құрмашев Құстай
Сәдірбеков Төкен
Жақыпбеков Бегімбай
Қожамбердинова Зағия
Құрмашев Мұқатай
Мұсанов Төлеу
Кенесбаев Жабас
Жайлыбаева Рымтай
Төлеубаев Әубәкір
Есімғалиева Жамал
Әбішева Зүпіни
Ракишева Орынбасар
Балтабеков Айтан
Әлкенова Кішат
Мекеев Қалиақпар
Мағрұпбеков Қамзада
Яхин Жансұлтан
Қалиева Нестай
Ырғайбеков Баймырза
Мағрұпбеков Қайырзада
Дорощенко Наталья
Тойшыкенов Амантай

Жармағанбетов Шыран
Жаңбырбаева Рысжан
Кәріпбаев Рақымжан
Қасқырбаева Шайзада
Жүнісов Амантай
Адољфовна Бенке Зинаида
Досмақов Мұқтар
Түсіпбекова Зинаида
Жүнісбеков Нұрмашанова
Мұсаханова Мақпуза
Бейсенбаева Кісебай
Исабекова Тілеубала
Шаймерденов Алшынбай
Хамитов Сейіт
Жаңабаев Темірғалы
Молдина Дәкен
Түсіпбекова Шәкен
Боранбаева Бәтес
Смағұлов Әзібек
Байдарова Бибі
Мұхамбетжанова Сарвара
Иманова Рымкеш
Аманжолова Мәкила
Қашқынова Оңал
Нұрланов Әзімхан
Бимурзина Саулеш
Шегіров Нұржақай
Тойбекова Рсан
Барланова Әнуар
Мұстафина Орал

Дакаримов Кәмелбек
Сыздықова Күлмария
Нұрмағанбетова Галя
Есімханова Шокалад
Ахметжанов Сәкібай
Ақыжанова Шарбат
Ыбыраева Тиыштық
Қожахметова Дария
Әбжанова Тиыштық
Дүйсенова Мәруа
Білісбеков Мұқтар
Исина Шайза
Құрманғалиева Күлән
Досмақов Хайролла
Әменов Несіпбек
Әменова Күлзия
Ғалымбергенова Күлаш
Омаров Дәлмағанбет
Байсұлтанова Токен
Кобенов Секен
Хамзин Данелия
Тікеева Бақтыбала
Жақыпбекова Бақыт
Сейсекеев Иван
Бақтаразова Жібек
Асанова Сауле
Мажетаева Күлдания
Айтбаев Бекен
Мұсанова Гүлдания
Байбосынова Зияш
Нұрмағанбетов Жақсыбай
Қасенбекова Саягүл
Қалижанова Толеутай
Мырзахметова Кокенай
Айтжанова Дариға
Бауымбекова Рауза
Малдыбаев Марат

Өкімбаев Еркін
Секербекова Санагүл
Саналиева Әсия
Ахметбекова Нәсен
Толеубекова Бағдат
Кенесбаев Бауыржан
Мұхамедиева Зинагүл
Махметова Айжан
Жазықбаева Гуля
Жекенбекова Дәмет
Мәжетаев Кәріғұл
Рахымбекова Рауаш
Өкімбаева Жаңагүл
Дәрібекова Кенжетай
Айтбаев Берік
Бейсетаева Кенже
Жақыпбекова Айтқайша
Жабасова Нағима
Омабаев Қизат
Изатова Бақша
Аубакирова Алтынай
Бейсембина Ағжан
Сарыбаева Жауһар
Игенов Шанарбек
Серіков Самат
Дүйсенова Гүлшаһар
Әменова Гүлмира
Мұқашев Рымбай
Әменова Индира
Алтынбеков Әбілхайыр
Мағрұпбекова Мейрамкүл
Мейрамбаев Сайлау
Мағрұпбекова Нүргүл
Досмақов Ғайнолла
Мағұрыпбекова Назигүл
Досмақов Зейнолла
Қуанышбекова Бақыткүл

Элмағанбетов Әбіл
Хасенов Ермек
Сүлейменова Шарбат
Шайбекова Сайлаукүл
Орынбаева Орынтай
Жаймурзина Жұмабике
Жаңабаева Мәре
Дінасілова Жайдары
Айтжанова Хадиша
Әмірбекова Бақша
Құсайынов Серік
Рахымбаева Гүлсара
Мұхамедиева Әсия
Әменов Манат
Ыбыраева Райса
Шоланов Марат
Абденова Мараш
Ыдырысбай Төлеутай
Рақышева Саният
Намазбаева Нұрбатима
Діншина Қалимаш
Шегірова Жаңагүл
Сәденова Мағрипа
Тілеубеков Нұрым
Дуанбекова Сәбира
Кенжбекова Жазира
Кәрібеков Алтынбай
Ақтайбекова Анар
Тәжібаева Ғайныл
Аманова Гүлназ
Жағыпарова Нариман
Төлеубеков Марат
Әмірғалиева Нестай
Тұяқбаев Саят
Тойшыкенова Жанат
Сейтмұқашева Гүлшат
Жасымбекова Батима

Тұяқбаева Данагүл
Тұтқабекова Райхан
Оңғарбаева Жұлдыз
Наханова Шакизада
Мүтәлиева Раушанқыз
Сағындықова Бағила
Мұхамбетжанова Күпаш
Жұмабаева Балайша
Кәрібекова Қарлығаш
Нарымбеков Әли
Қасенбекова Бақшагүл
Әлімбетова Алмагүл
Бауымбекова Нұрбақыт
Жұмаханова Әния
Әменова Зәмзагүл
Қызылбекова Анар
Шакаримов Жәзібек
Тілеубекова Бақыт
Құсайынова Нұргүл
Оңғарбаева Ольга
Дағылова Гүлбадан
Қалабаева Маржан
Шарзадин Арнұр
Шарзадина Индира
Әлібаева Гүлназира
Төлешова Фарида
Қасенбекова Шырын
Жамантай Бағдат
Әменова Кенжегүл
Шалаханова Мақтагүл
Жарылғапова Гүлмира
Досмақ Дананұр
Жакупов Дархан
Алдажарова Нұргүл
Сейтқалиева Камшат
Тәжібаева Жанар
Әзімбекова Айман

Серік Мадина
Ақбергенова Ғалия
Смағұлова Шәйза
Сәдірбек Ақбаян
Серіков Саламат

Әбен Айтжанұлы жоғарыда аты аталған ұстаздардан 1960-70жж. тәлім-тәрбие алған көптеген шәкірттердің бірі. Ол өзінің ұстаздарына деген риясыз алғысын өлеңмен білдірген екен, оқырман назарына Әбеннің «Ұстаздарыма» атты өлеңінен (үлкендердің өтініші бойынша) қысқаша үзінді беруді жөн көрдік.

Кез келген ұстаз үшін алғыстың үлкені шәкіртінің ұстазына деген ыстық ықыласы мен құрметі. Сарытерек орта мектебінің түлегі

ҰСТАЗДАРЫМА

*(Сарытерек ауылының шәкірттерін
біліммен сусындатқан ұстаздарыма арнау)*

*Армысың ауыл, армысың ұя мектебім,
Өзіңде өтті, балалық шағым, көктемім.
Білімнің дәні ұстаздар сепкен санама,
Ұлғайды, өсті, жапырақ жайды, көктеді.
Тоқтамас уақыт уақыт жылжыпты алға зулапты,
Сыйы да көп сәттерді талай ұрлапты.
Өзгерді өмір, жас өсті желек желкілдеп,
Ұстазды талай ажалдың ауы шырмапты.
... Ұстаздарым бұл өмірден өткендер,
Мектепке жиі сөқпады деп соқпеңдер.
Халықтан алғыс, Алладан рақым Сіздерге
Шәкірт үшін маңдайдан терін төккендер.
Адалдықтың туын жықпай өмірде,
Өлгенде де кіршіксіз боп кеткендер!*

*Әбен Айтжанұлы
«Әке аманаты». 2015ж. мамыр.*

**1949-1950 жж. колхозда мал санының көбеюіне байланысты
Семей облысы Шұбартау ауданының
несіз қалған қыстақтарға отбасымен көшкендер:**

1. Қылышев Нұрмұханбет
жұбайы Жолжан
2. Түсіпбеков Мағруппек - жолдасы Айжан
3. Ибраев Оспанқұл - жолдасы Марпуға
4. Түсіпов Дауылбай - жолдасы Нұрғайша
5. Спатаев Мұхаметжан - жолдасы Қауаш
6. Нұршин Мұхамедия
7. Смайлов Нәби - жолдасы Несіпбала
8. Жәпенев Кахарман - жолдасы Шайза
9. Темірғалиев Әмірғали - жолдасы Қайша
10. Сәдриев Әшірбек - жолдасы Мәрияш
11. Ибраев Ожан - жолдасы Зәру

1950 ж. ферма менгерушілері:

1. Айтжанов Тілеубек
2. Әлімбетов Қожахмет
3. Жаппаров Шәйкен
4. Шоланов Қасым жолдасы Күләйат

**Мал дәрігері: Сәтбеков Бегендік
Адам дәрігері: Сәтбекова**

Бастауыш мектеп мұғалімі:

Есенбаев Серікбай

Магазин сатушысы:

Әлімбетова К.

Совхоздың автогаражында

әр салала

жұмыс жасаған шоферлер:

1. Дауылбаев Әжібек
2. Құсайынов Берікбол
3. Мұқатаев Сағат
4. Ақшабаев Санақ
5. Мағруппеков Қайыркен
6. Акимов Тәңірберген
7. Аюпов Мұса
8. Мұхамедиев Оралхан
9. Жаппарбеков Төлеуғазы
10. Жаппарбеков Рахман
11. Бейсекин Какен
12. Мақұлбеков Төлеуғазы
13. Ауелбеков Серғазы
14. Жақыпбеков Даулет
15. Жұмадилов Ділдаш
16. Сопыжанов Рахман
17. Төкітаев Қәкімаған
18. Смайлов Жасымбек
19. Сабанбаев Құрмажан
20. Айтжанов Қанат

- 
- | | |
|---|---------------------------------------|
| 21. Бапашев Кәкен | 52. Қасенбеков Ермек |
| 22. Дауылбаев Жаманбек | 53. Қауымбеков Қанат |
| 23. Тапалов Наркен | 54. Сабанбаев Жанғазы –
(бензовоз) |
| 24. Тапалов Сейіт | 55. Әмірбеков Тұрлыбек |
| 25. Медеубеков Балықбай | 56. Дауылбаев Бағдат |
| 26. Медеубеков Нөкіш | 57. Мұқатаев Әтлай. |
| 27. Түймішінов Нағытай | 58. Алдажаров Жарылғапбек |
| 28. Игенов Шәкерім | 59. Әлімбетов Ақан, |
| 29. Жалбаев Несіпбек | 60. Шайкенов Есіркеп, |
| 30. Жармағанбетов
Рысмағанбет – кран
машинисі | 61. Сәдірбеков Төкен, |
| 31. Аманбаев Қоңырбай –
кран машинисі | 62. Жалбаев Несіпбек, |
| 32. Наурызбаев Кәрібай – жа-
нармай тасушы. | 63. Мұхамедиев Қайыр, |
| 33. Нұрлыбаев Лесбай | 64. Төлеубеков Сиязбек, |
| 34. Тәжібаев Ақтай | 65. Момынбеков Жақатай, |
| 35. Тілеубеков Есімхан | 66. Балтабаев Сәттар, |
| 36. Кәрібеков Қонысбай | 67. Шегиров Нүрділда, |
| 37. Кенжебеков Сағат | 68. Ноғайбеков Сәден, |
| 38. Дағылов Тұрған | 69. Жәнібеков Таңкен, |
| 39. Сейдіғалиев Аманкелі | 70. Жалбаев Түсіпбай, |
| 40. Құдышев Аманкелді | 71. Медеубеков Сапар, |
| 41. Сейтжанов Биғазы | 72. Асылбеков Ержан, |
| 42. Олжабеков Тұрсынғали | 73. Әйіпбеков Серғазы, |
| 43. Шайкенов Есіркеп | 74. Таукин Ерғазы, |
| 44. Мейірханов Оралхан | 75. Кенжебеков Боранқұл, |
| 45. Нашарбаев Рыскелді | 75. Мырзабеков Қабдолла, |
| 46. Сабанбаев Төлеуғазы | 76. Рахымжанов Қыдырбай, |
| 47. Шошымбеков Тұрысбек | 77. Мұхамедиев Қайыркен, |
| 48. Қызылбеков Тұрсынбек | 78. Қасенханов Оралтай, |
| 49. Махметов Бекен | 79. Егінбаев Рахман, |
| 50. Мақсутбеков Қанат | 80. Алдажаров Рахман, |
| 51. Медетбеков Мырзабай | 81. Балағанов Қазтай, |
| | 82. Әменов Манат, |
| | 83. Шаланов Райымқұл. |

1963 жылдан бастап Ақтоғай совхозында басшылық және партия, совет қызметтерінде болған азаматтар:

1963 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Ақтоғай ауданы бойынша 11 колхоздан іріленген 6 совхоз құрылды. Солардың бірі - бұрынғы «Ленин» және «Бірлестік» колхоздарының негізінде - «Ақтоғай» совхозы.

Жана совхоздың директоры болып (01.01.1963-10.08.1963жж.) Рымқұлов Дүйсенбай тағайындалды. Одан кейінгі жылдарда совхоз директоры болып:

(1963-1972) Ибраев Жұмағұл,
(1972-1977) Мейірманов Байыз,
(1977-1984) Абдрахманов Райымбек,
(1984-1986) Қызылбаев Жанғабыл,
(1986-1990) Шардарбеков Мұхамедия,
(1990-1992) Тұрысбеков Есенгелді
(1992-1995) Ақтайбеков Қайдар.

Солардың бәрі де совхоз экономикасын көтеру бағытында қажырлы еңбек етті. Ел өмірінде әрқайсының өзіндік қолтаңбасы қалды.

Партком хатшылары:

(1963-1968) Дулатбеков Орынбасар,
(1968-1975) Әбдіғұлов Әшембек,
(1975-1978) Ибраев Мәди,

(1978-1982) Әйнеков Жәкен,
(1982-1984) Қызылбаев Жанғабыл,
(1984-1989) Құдашбаев Зейнолла,
(1989-1995) Сейтмұқашев Ғанаят деген азаматтар сол уақыттағы партия саясатын жүргізіп, қызмет етті.

Ауылдық советтің төрағалары:

Айкүміс (Зәрубектің анасы),
(1954-1962) Садуақасова Торғай,
(1962-1965) Әбдуақасов Жағыпар,
(1965-1968) Жүкіжанов Кенжеғара,
(1968-1974) Саршина Ағлипа,
(1974-1982) Күлпейсов Избасар,
(1982-1989) Алтынбекова Салиман,
(1989-1991) Игенов Шынарбек.

Жұмысшы комитетінің төрағалары:

(1964-1973) Әбдуақасов Жағыпар,
(1973-1977) Хамзин Дәнелия,
(1977-1985) Ахметжанов Сәкібай,
(1985-1988) Тұрысбеков Есенгелді,
(1988-1990) Рысбеков Қойшыбай,
(1990-1995) Балтабаев Сәтімбек.

Совхоздың бас зоотехнигі:

(1963-1972) Қалиев Тайкен,
(1972-1975) Жұмабаев Тұрағұл,
(1975-1983) Қапбаров Амантай,
(1983-1985) Тұрысбеков Есенгелді,
(1985-1995) Қалыбеков Сағатбек.

Бас мал дәрігерлері:

(1963-1996)Түсіпбаев Тұрғанбек,
(1965-1969) Садыханов Қамза,
(1969-1975) Қашқынов Амандық
(1975-1977) Макаримов Рүстем,
(1978-1986) Тұрысбеков Есенгелді,
(1986-1990) Әшкербеков Дәулет,
(1990-1993) Кенжебеков Өмірғазы,
(1993-1995) Төлеубеков Тайтөлеу.

Бас агрономдар:

(1963-1965)Қуандықов
Нұрмағанбет,
(1965-1971) Әбдірбаев Сәбит,
(1971-1975) Шекенов Нұрғазы,
(1975-1983) Иманбаев Бақыт,
(1983-1987) ?.. Қуанышбек
(1987-1991) Тойшыкенов Аман-
тай,
(1991-1995) Рысбеков Қойшыбай.

Бас инженерлер:

(1963-1965)Абдрахманов Райым-
бек,
(1965-1972)Мағұрыпбеков Шарза-
да,
(1972-1976) Нүркеев Серик,
(1976-1985) Мұхтаров Мейрам,
(1985-1995) Жексенбаев Құрмаш.

Бас есепшілер:

(1963-1967) Сүлейменов Мұрат,
(1967-1975) МұхатаевТәңкен,
(1975-1992) Ақтайбеков Қайдар,
(1992-1995) Жұмабаева Роза.

Бас экономистер:

(1963-1966) Шахуов Орал,
(1966-1973) Рахымбеков Рахман,
(1973-1975) Жакыпбеков Есентай,
(1975-1990) Түсіпбеков Сағат,

(1990-1995) Түсіпов Қабыл.

Прорабтар:

(1963-1965) Құдышев Сәкен,
(1965-1972) Они ?..
(1972-1976) Әбжанов Дәкуат,
(1976-1977) Кенжебеков Алшын-
бек,
(1977-1983) Нұрсапин Тілеуен),
(1983-1985)Әбіжанов Бақыт,
(1985-1995) Әбілпейсов Айтқазы.
Директордың шаруашылық
жөніндегі орынбасарлары:
(1963-1972) Шаймерденов Ал-
шынбай,
(1972-1985) Оңғарбаев Ақжолтай,
(1985-1995)Мақсұтбеков Болат.
Совхоз коменданттары:
(1963-1985) Рақышев Төлеубек,
(1985-1989)Құтжанов Райымхан,
(1989-1995) Тілеубеков Жарыл-
қаған.

Орталық койма

менгерушілері:

Қалиев Айтжан,
Ыбышев Қуандық,
Акимов Тәңірберген,
Сәдірбеков Төкен,
Балағанов Асылжан,
Егінбаев Төлеген.

МТМ менгерушісі:

Шошымбеков Оразбек,
Тажибаев Зекен,
Максұтбеков Болат.

Гараж менгерушілері:

Макетов Рымхан,
Дауылбаев Әжібек,
Акимов Тәңірберген,

Төкітаев Бекмағамбет,
Бейсекин Какен.

**Совхозлағы савда бірлестігін
директорлары:**

Медеубеков Балықбай,
Сапарбеков Өрынбай,
Дауылбаев Әжібек.

Авто дүкен сатушылары:

Үсенов Сәбікен,
Мұкатаев Әлтай.

Наубайхана менгерушісі:

Ысқақова Үміт
көмекшісі Асылбекова Шайза.

Сатушылар:

Түймішінова Саягүл - шаруашы-
лық тауар.

Әлімбетова Күләят - өндірістік
тауар.

Қасембекова Салтанат - кітап
дүкені.

Бекмағанбетова Сәуле,
Әбдрахманова Алмаш - азық-түлік
дүкені.

Қазақбаева Мағираш - кезекші
дүкен.

Айтжанова Үмітәлі - 1-ферма

Мәженова Бақыт - 2-ферма

Касымбекова Клара,

Алшағырова Барқыт - 3-ферма

Абзалбекова Жанат - 4-ферма

№ 1 ферма

Менгерушілер:

1. Шаймерденов Алшынбай,
2. Жүкіжанов Кенжеғара,
3. Дағылов Тұрсын,
4. Тікеев Төкен,
5. Сапарбеков Орынбай,

6. Оңғарбаев Ақжолтай

7. Қазанғапов Кәжен,

8. Тәжібаев Жамантай,

9. Аубакиров Бөрігүл.

Зоотехниктер:

1. Тікеев Төкен,

2. Тұрсынов Төлеген,

3. Дәрібеков Ұзақбай,

4. Білісбеков Марат,

5. Райымбеков Өкен,

6. Қуандықов Нұрсұлтан.

Тракторшылар:

1. Тұяқбаев Қабдыраш,

2. Сәдірбеков Амантай,

3. Жұмабеков Кәкмаш,

4. Досмақов Алпысбай,

5. Ақшабаев Абай.

6. Сатыбалды

7. Төлепбергенов Нұрлан,

8. Айтханов Төлеухан,

9. Борымханов Бейбіт,

10. Айтханов Тілеутай,

11. Болшынбаев Алтан.

Койшылар:

Жетімшоқы

Мұстафин Әбілқатеп,

Тапалов Наркен

Қаратал

Кәрібеков Мәжікен,

Асылбеков Орынбек.

Қарағұла

Тұяқбаев Қабдыраш.

Қарашілік

Дуанбеков Мағаз,

Ахметтің қара шоқысы

Иманбаев Шөкен,

Болшынбаев Алтан

Қаракөмер

Бәжеев Зәрубек,
Сәдірбеков Амантай

Күнгеі

Алдажаров Жарылғапбек,
Дуанбеков Сағтар

Көгелбай

Сәтбеков Шегендік
Сәтбеков Төлеуғазы,

Корыспай

Көшербаев Мүсілім,
Әкімбеков Серік

Үшшілік

Игібеков Шайкен,
Сәтбеков Шегендік

Кіші Ақсай

Смағұлов Тоқай,
Молашбаев Зекен

Үлкен Ақсай

Аманбаев Қоңырбай,
Алдажаров Жарылғапбек.

№ 2 ферма

Менгерушілер:

1. Алтынбеков Абзалбек
2. Галиханов Сейтжан
3. Рахымбеков Рахыман
4. Егімбаев Төлеген
5. Тәжібаев жамантай
6. Асылбекова Жәміш
7. Тойшыкенов Амантай.

Зоотехниктер:

1. Ноғайбеков Мәден
2. Досмақов Қабыжан
3. Әділханов Жиренше
4. Қорабаев Жеңіс
5. Тәжібаев Жамантай

6. Төлеубеков Тайтөлеу.

Трактористер:

1. Тәжібаев Зекен
2. Жалбаев Несіпбай
3. Асылбеков Кәрім
4. Тәжібаев Амантай
5. Әмірғалиев Болат
6. Нұрғалиев Рахман
7. Шайқыстанов Қайырбек,
8. Шайқыстанов Орал,
9. Ыдырысов Маман,
10. Шоланов Рай.

Қойшылар:

Тойғанбай қыстағы

Жаркенов Шәйбек,
Мұхатаев Уәли,

Нартай

Сұлтанов Төлен,
Кенжебеков Оралтай,

Ұзынбұлақ

Алғамжанов Совет,
Әмірғалиев Болат,

Ақсай

Омаров Асан,
Алғамжанов Сағынтай,

Баймағанбетов Қоңыр,

Қарабауыр

Жаркенов Исбек,
Тұрсынов Төлеген,

Дастар

Қожкеев Боранбай,
Бейсенбаев Әміржан,

Бауымбеков Кәкім,

Қойтас

Қалабаев Әбдуақас,

Байқозы

Шошымбеков Тұрысбек,

Қарақия

Есмағанбетов Аятбек,
Мақұлбеков Төлеуғазы,

Қоянкөз

Тұрсынов Төлеген,
Тәжібаев Аманбай,

Самал

Тәжібаев Зекен,
Сабанбаев Құрмажан.

№3 ферма

Менгерушілер:

1. Галиханов Сейтжан
2. Алтынбеков Абзалбек
3. Төлеубеков Тайтөлеу
4. Смағұлов Төлеу
5. Егінбаев Төлеген,
6. Мәжетаев Кәрібай
7. Төкітаев Кәкмаған

Зоотехникетер:

1. Мақашев Тілек
2. Дәріғұлов Ұзақбай
3. Есеев Кенжебай.

Трактористер:

Нөкербеков Фабрик,
Қуанышбеков Әбіл,
Нөкешов Болат,
Әлімбаев Тиыштықбай,
Ноғайбеков Сәден,
Нөкешов Бегімбай,
Жәнібеков Тілеужан,
Мылғалшерев Қабдолла,
Мырзабеков Қабдолла,
Әлібаев Ферзат,
Ғалиханов Қазыбек.

№3 ферма орталығы Төкіш
кейінен Қарағаш елді мекені фер-

ма орталығы болды.

Бастауыш мектеп жұмыс жасалды, онда сабақ берген **мұғалімдер:**

Қабдолла (ата-тегін таппадық)-

Ең алғашқы мұғалім,

Шәріпов Жаппарғалы,

Нұрғали,

Есенбаев Серікбай.

Сатұшылар:

Дошаев Аятай,

Күземханов Шәкәрім,

Қасымбекова Клара,

Алшағарова Барқыт.

Медициналық пункт:

Медбибі

Кенжебекова Гаухар.

Койшылар:

Қызыл

Әбеуов Әбілхан,

Шойынбаев Төлеген,

Құрмаш,

Әлібаев Тиыштықбай,

Рахымжанов Қыдырбай.

Жанат

Қожабаев Кенжебек,

Қалпебаев Қасым.

Қарашоқы

Асылбек

Шеткі Қарашоқы

Стахов Мылғалшер,

Добалов Қожай,

Ақшоқы

Исабеков Қабылхан,

Мұстахаев Құрмаш,

Мырзабеков Қабдолла,

Ақшағыл

Көппаев Мырзабек,

Мұхамбетжанов Егінтай,

Сүйірбай

Әміртаев Әмірғалы,

Иманбеков Шөкен,

Көксай бір отар

Қалпабаев Қасым

жолдасы Үрмия.

Түйе қора

Майлыбаев Рахымжан,

Қалиев Ерболат,

Айыртас

Қалиев Ерболат,

Майтас

Жәнібеков Тәңкен,

Қоске

Мұкамедиев Дуанбек,

Жалбаев Аманжол,

Жалбаев Несіпбек,

Қарақозы

Діпшин Әбіш,

Қожа қорасы

Көпбаев Мырзабек,

Талды бұлақ

Сматаев Мұкаматжан,

Әлімбаев Ферзат,

Сейтжанов Айғазы,

Бес қора

Ахметов Әлібай,

Әділханов Жиренше,

Көксай

Қалпебаев Қасым,

Жұмағұл

Ноғайбеков Сәден,

Ноғайбеков Нәсен,

Ноғайбеков Еділ.

Оңғарбай

Мылғалшерев Қабыл.

Совхоздын жылқы фермасы

Бас жылқышылар:

Ыдырысов Сұлтанбек,

Иманбаев Шөкен,

Төкітаев Кәжімхан,

Мәжетаев Кәрібай.

Жылқышылар:

Ахметбеков Кәрібоз,

Жалбаев Несіпбек,

Қасымбеков Жолдыбай,

Шайбеков Несіпбек,

Қалиасқаров Іңкәрбек,

Тапалов Сейіт,

Рақышев Балта,

Шайхстанов Қайырбек,

Катепов Ералы.

Дайындағандар:

Әжібек Дауылбаев,

Ақтайбеков Қайдар,

Балтабаев Сәтімбек,

Досмақов Қайролла.

Бірлестік бөлімшесінің

менгерушілері:

Алдабергенов Қарпық

1.01.1963 – 1967жж.

және 1971 – қазан 1977жж.

Қордабаев Тілеужан

1967-сәуір 1971ж. аралығында

Көпбейіт (Аксенгір, Аксай)

бөлімшесінің менгерушілері:

Қақабаев Елеген

(1963 жылдан бастап).

Рақымбеков Орал

(1960 ж. соңы – 1973).

Даданбаев Ыбыкен (1973-1977).



Имек бөлімшесінің
менгерушілері:

Қордабаев Тілеужан
(1963-1965).

Жөкенов Сейдолла
(1965-1968).

Даданбаев Ыбыкен
(1968-1973).

*Әдеб.: Қуандық Сәденов «Ауылым
Жалаңтөстің Қызылтасы»
Қарағанды. 2016ж. кітабынан.*





САРЫТЕРЕК ОКРУГІ БОЙЫНША ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ:

1. Алдажаров Жарылғапбек
2. Асылбеков Орынбек
3. Асылбекова Шайза
4. Ақшабаев Абай
5. Аубакиров Бөріғұл
6. Ахметжанов Сәкібай
7. Әмірбеков Тұрлыбек
8. Әлімбетова Кәкіма
9. Әменов Серік
10. Барланов Мұрат
11. Барланова Әнуар
12. Бейсекина Жамал
13. Бейсенбаев Өміржан
14. Балағанов Асылжан
15. Байғаскин Кенжетай
16. Дауылбаев Әжібек
17. Досмақов Мұхтар
18. Днасилов Қуанышбек
19. Діншін Әбіш
20. Динасилова Зәйра
21. Егінбаев Төлеген
22. Есмағанбетова Мәкен
23. Егінбаев Шәрбан
24. Жанғарашева Күләш
25. Қалабаев Әбдуқас
26. Қылышбаева Ақбала
27. Қайдекешова Рахима
28. Майлыбаев Рақымжан
29. Омарбаев Сүндет
30. Рамазанова Мәкен
31. Рамазанов Қабылбек
32. Смайлов Жасымбек
33. Сағаындықова Зәйра
34. Төлешова Евра
35. Түсінбекова Тоты
36. Тапалова Айтбала
37. Сәтбеков Шегендік
38. Сәтбекова Төлеу
39. Исабекова Мария
40. Көпбаева Мәуия
41. Қызылбеков Тұрсынбек
42. Рақымжанова Гүлсім
43. Ғалиханов Сейтжан
44. Тәжібаев Зекен
45. Ыбышева Тиышбала
46. Құтжанов Ғазиз.

Ақпанбаеваның «Өшпес ерлік, өлмес мұра» кітабынан алынды. Кейбір азаматтардың ұрпақтарынан сұрап анықтадық. Әлі де қалып қойғандардың болуы мүмкін.

Дайындаған: Әжібек Дауылбаев

**ТОҚЫРАУЫН БОЛЫСЫ,
№3 АУЫЛДЫҢ ҚЫСТАУЛАРЫ:**

(1898 жылғы жүргізілген санақ мәліметтері бойынша)

Көшкін руы - 1920 жылғы тарихи деректер бойынша сол замандағы Тоқырауын болысына қарасты әкімшілік жер аумағын жайлаған. 1898 жылғы Ф.А.Щербининнің экспедициясы жүргізген санақ мәліметтеріне сүйене отырып, белгілі өлкетанушы, Орталық Қазақстан аумағын көп зерттеген Ю.Г.Поповтың тарихи жазбаларынан: Тоқырауын болысындағы №3 ауылдың әулет басында тұрған 59 ақсақалдың есімдерін келтіре отырып, олардың қыстауларын томендегідей ретпен жазғанын көреміз. Сарытерек шежіресіне осы деректерді беруді жөн көрдік.

№1 ауыл Қаңтарбай Намаз, қыстауы Әтекбай.
№2 ауыл Тоғамбай Балжан, қыстауы Қарашоқы.
№3 ауыл Еркебеай Нартай, қыстауы Тәлкембай.
№4 ауыл Шаншарбай Есқан, қыстауы Қия (бәлкім Қарақия шығар)

№5 ауыл Шонтабай Төрегелді, қыстауы Сарыдоңғал мұздышат құдығында.
№6 ауыл Қонақбай Отар, қыстауы Таңбалы тас деген жер.
№7 ауыл Байбала Сабаз, қыстауы Жалды сай.
№8 ауыл Әлімбай Күзембай, қыстауы Қосдоңғал.
№9 ауыл Бәкір Құлынбай, қыстауы Қызылқия
№10 ауыл Ақыш Жұманбай, қыстауы Сары тұмсық.
№11 ауыл Әбділда Жұманбай, қыстауы Жетіжұрт.
№12 ауыл Байбосын Жолдас, қыстауы Сарыжал.
№13 ауыл Қасабай Боры, қыстауы Қожасай.
№14 ауыл Мешел Асан, қыстауы Кесік
№15 ауыл Құлынбай Күзембай, қыстауы Құлшы
№16 ауыл Жұмабек Жаманбала, қыстауы Ақжал.
№17 ауыл Ыдырысбай Қыдырәлі, қыстауы Қарашоқы.
№18 ауыл Манасбай Жолбағар, қыстауы Ақсай.



№19 ауыл Сықак Сәблен,
қыстауы Аккұдық.
№20 ауыл Байсалбай Қабылан,
қыстауы Аксай.
№21 ауыл Жайсаңбай Қабылан,
қыстауы Аксай.
№22 ауыл Брмақан Тойғамбай,
қыстауы Сары оба.
№23 ауыл Алпай Тоқабай,
қыстауы Қарашоқы.
№24 ауыл Күлтебай Саумал,
қыстауы Дастар.
№25 ауыл Ахмет Күлшебай,
қыстауы Шоқпартас.
№26 ауыл Ахмеди Мәукөбен,
қыстауы Шаңырақтас.
№27 ауыл Сқақ Маңғазбай,
қыстауы Акшоқы.
№28 ауыл Жүніс Байқотан,
қыстауы Арталық.
№29 ауыл Қалта Тай,
қыстауы Байғозы.
№30 ауыл Азына Малай,
қыстауы Байғозы.
№31 ауыл Маңғазбай Қоқан,
қыстауы Қаракөмер.
№32 ауыл Байр Қаралы,
қыстауы Қарасу.
№33 ауыл Туғанбай Балжан,
қыстауы Акши.
№34 ауыл Қасқабай Сапар,
қыстауы Айдартас.
№35 ауыл Мұстапа Татан,
қыстауы Ұзынбұлақ.
№36 ауыл Азна Намаз,
қыстауы Қызылшоқы.
№37 ауыл Битан Отар,

қыстауы Жылыжұрт.
№38 ауыл Жиенкүл Қожаназар,
қыстауы Ирек.
№39 ауыл Әлиқұл Қожаназар,
қыстауы Қаракия.
№40 ауыл Тампаш Қонжан,
қыстауы Қарашілік.
№41 ауыл Мұсабай Қосқұлақ,
қыстауы Жартас.
№42 ауыл Қонақбай Қондыбай,
қыстауы Қаракия.
№43 ауыл Әлімжан Құрықбай,
қыстауы Қарашоқы.
№44 ауыл Айқымбай Түңлікбай,
қыстауы Жартас.
№45 ауыл Жақыбай Жексембі,
қыстауы Қойтас.
№46 ауыл Шегенкүл Намаз,
қыстауы Қаражұрт.
№47 ауыл Тапал Баймағамбет,
қыстауы Акшоқы.
№48 ауыл Қоңшыбай Қатбай,
қыстауы Шұбар төбе.
№49 ауыл Хамит Күлтебай,
қыстауы Санабай.
№50 ауыл Омар Тыныбай,
қыстауы Жалпақсары.
№51 ауыл Қуынышбай Жалқыбай,
қыстауы Қызылкөзең.
№52 ауыл Мұсабай Жалқыбай,
қыстауы Тоқырау.
№53 ауыл Нысан Жалқыбай,
қыстауы Акши.
№54 ауыл Нұрша Бейсембай,
қыстауы Қосбент.
№55 ауыл Ахмет Тінәлі,
қыстауы Шеңгел.

№56 ауыл Балықбай Тныбай,
қыстауы Ақши.

№57 ауыл Қарамұрт Шалбай
қыстауы Жуаншыбай.

№58 ауыл Әбдікклық Әбділда,
қыстауы Қаражұрт.

№59 ауыл Спан Мүрікбай,
қыстауы Айыр өткел.

Осылайша, Тоқырауын болысының №3 ауылында 844 адам болған. Барлық мал басы - 8268, мұның - 788 басы жылқы, мүйізді ірі қара - 162, түйе - 262, қой - 5851, ешкі - 771 бас. Мұнымен қоса

аталмыш болысқа қарайтын ел егіншілікпен де айналысқан. Сол заманда Тоқырауын бойындағы Тұяқтың бейіті деген жерден Жіңішке өзеніне дейінгі аралықта егін шаруашылығын жүргізген. Осы олкеде: Қазыбай, Шақабай, Орысбай тоғандары жұмыс жасаған.

Әдеб.:

Ә.Бөкейхан. «Шығармалар жинағы» III том. 510.

бет. Ю.Г.Попов. «Хасен

Бижанов: Окружение, дела и встречи» 2008г. Караганда.

**ТОҚЫРАУЫН БОЛЫСЫ,
№8 АУЫЛДЫҢ ҚЫСТАУЛАРЫ:**

(1898 жылғы жүргізілген санақ мәліметтері бойынша)

Қожагұл руы - Тоқырауын болысына қарасты әкімшілік жер аумағын жайлаған қазақ руларының бірі. Әлихан Бөкейхановтың жазбаларына сүйенсек, 1898 жылы Тоқырауын болысының №8 ауылы әкімшілік ауыл болған. Оған 61 ауыл жатқызылған, соның 37 ауылы Қожагұлдар. Қалғандары Бокейханов әулетіне жататын төрелер және толеңгіттер. 1928-34 жылдардағы Кеңес өкіметінің аудан көлемінде жүргізген колхоздастыру саясаты кезінде, бұрын құрылған серіктестіктер мен артельдер біріктіріліп 35 колхоз ұжымдасқан екен. Сол кезде, баяғы Тоқырауын болысына қарасты №8 ауыл «Ленин» және «Каганович» колхозы болып екіге бөлінген. Соңғысы Қожагұл ауылы болатын.

№14 ауыл Алатай Жарке,
қыстағы Қарағаш.

№15 Сүлеймен Торғай,
қыстауы Қособа.

№16 Құлатай Жарке,

қыстауы Қызылшоқы.

№23 ауыл Жылысбай Қорысбай,
қыстауы Ханым сай.

№27 ауыл Сәмбет Шүлембай,
қыстауы Ақсай

№28 ауыл Омар Ақұлак,
қыстауы Алшағыр.

№29 ауыл Мұстафа Майтан,
қыстауы Қара шат

№30 ауыл Хакімжан Жомарт,
қыстауы Шұбар шілік.

№31 ауыл Қалыбек Асаубай,
қыстауы Қара шілік.

№32 ауыл Сүлеймен Хамит.
Қыстауы Қара мырза.

№33 ауыл Балқыбай Ерден
қыстауы Қара оба.

№34 ауыл Қопабай Жүніс,
қыстауы Қопабайдың ағашы.

№35 ауыл Нұрлыбай Әти,
қыстауы Дөңгелек ши.

№37 ауыл Мыңшал Бапан,
қыстауы Еспе.

№38 ауыл Сқақ Мыңтай,
қыстауы Ақшоқы.

№39 ауыл Тәти Донаш,
қыстауы Қара оба.

№40 ауыл Ынтықбай Мінтай,
қыстауы Қоянкөз.

№41 ауыл Сәкей Қаракүшік,
қыстауы Үш төбе.
№42 ауыл Спатай Шақай,
қыстауы Қарашілік.
№43 ауыл Нұрыбек Мыңшал,
қыстауы Бөденекен
№44 ауыл Жүшпал Бапан,
қыстауы Мыңшұқыр.
№45 ауыл Олжабек Қаракүшук,
қыстауы Сөрек.
№46 ауыл Омарбек Балпы,
қыстауы Ақсай.
№47 ауыл Төребай Тарай,
қыстауы Жақан.
№49 ауыл Өмірзақ Тайлақ,
қыстауы Қазбайлаған.
№50 ауыл Көсембай Құл, қыстауы
Сарыоба.
№51 ауыл Жазықбай Бекбау,
қыстауы Шокпартас
№52 Жақсылық Бекбау қыстауы
Үңгіршат.
№53 ауыл Абдырай Татубай,
қыстауы Алшағыр.
№54 ауыл Киікбай Самеке,
қыстауы Ұзын бұлақ.
№55 ауыл Білембай Елемес,
қыстауы Сарыоба.
№56 ауыл Мыржық


Шүлембай, қыстауы Бастерек.
№57 ауыл Айнабек Ақылбай,
қыстауы Жарық.
№58 ауыл Тұрысбек Ақылбай,
қыстауы Жылкер.
№59 ауыл Семізбай Сәтілен,
қыстауы Бесік.
№60 ауыл Рыспек Мақұлбай,
қыстауы Қарашоқы.
№61 ауыл Бекшойын Байкент,
қыстауы Қарашоқы.

Жоғарыда көрсетілген
мәліметтер бойынша Тоқырауын
болысы №8 ауылдағы жалпы
адам саны: 915 болған. Мал са-
ны: жылқы- 1178, мүйізді ірі қара
- 764, түйе - 308, қой -4855, ешкі
- 741 бас. Барлық мал басы - 7850.
Сол кездердегі адамдар қыс
қыстауда, жаз жайлауда
болғандықтан, жазда киіз үйде,
қыста шымнан салған үйлерде тұр-
ған. Нақты айтқанда әр отбасының
шымнан салған жер үйлері болған.
Ал, ағаш үй №8 ауыл бойынша
Сүлеймен Тартайға тиесілі Қособа
қыстағында болған екен.

*Әдеб.: Ә.Бөкейхан.
«Шығармалар жинағы»
III том. 546-550 бет.*

ЕСІМ КӨРСЕТКІШТЕРІ

1. Абдрахманов Қ.
2. Абдрахманұлы Р.
3. Абдрахманова Т.
4. Ағыбаев А.
5. Азимбаев Ө.
6. Айдарханұлы А.
7. Айнабеков Е.
8. Айнабеков З.
9. Айнапилов Ж.
10. Айтанұлы А.
11. Айтанұлы Б.
12. Айтанұлы Б.
13. Айтбаева З.
14. Айтанұлы К.
15. Айтбаева К.
16. Айтанұлы Т.
17. Айытжанов Ә.
18. Айтжанова Р.
19. Айтжанов С.
20. Айтжанов Т.
21. Айтыханов А.
22. Ақбергенов Ә
23. Ақтанбаева Ү.
24. Акимов А.
25. Акимов Т.
26. Акпаров К.
27. Ақбергеноұлы Ғ.
28. Ақбергенов Р.
29. Ақтайбеков Қ.
30. Ақтайбекова Ү.
31. Ақылбеков А.
32. Ақшабаев С.
33. Алғамжанов С.
34. Алдабергенов Қ.
35. Алдажаров Ж.
36. Алтынбеков А.
37. Алтынбеков М.
38. Алтынбекова С.
39. Аманбаев Н.
40. Алтай
41. Алшымбекова К.
42. Аменов Н.
43. Амиртаев Ә.
44. Арбабаев А.
45. Асаусарин Ы.
46. Асаусарина К.
47. Асылбеков М.
48. Асылбеков С.
49. Аубакиров Ж.
50. Аубакиров Б.
51. Ахметтегі Ж.
52. Ахметжанұлы С.
53. Ахметов С.
54. Ахметов Т.
55. Ахметов К.
56. Ахметов Қ.,М.
57. Аю батыр
58. Әбеуов Ә.
59. Әбдуақасов Ж.
60. Әбдіғұлов Ә.
61. Әбдіұлы У.
62. Әбілпейіс К.
63. Әйіпбеков С.



64. Әйнәпіловтер Д.
65. Әлмағанбетов Ә.
66. Әлібаев Т.
67. Әлібаев.Б.
68. Әлібаев Ф.
69. Әлімбетов А.
70. Әлімбетова К.
71. Әлімбетов Қ.
72. Әлімбетов Н.
73. Әлиманов Ш.*
74. Әлібай
75. Әменова К.
76. Әмен Т.
77. Әменов Құт.
78. Әменов С.
79. Өмірбеков Т.
80. Әмірғалиқызы К.
81. Әуез ене
82. Әуелбеков Ә.
83. Байдарова Б.
84. Байжасарұлы С.
85. Баймырзаұлы Ж.
86. Байсұлтанов Б.*
87. Байсұлтанова Т.
88. Бактыбайұлы Б.
89. Балағанов Қ.
90. Балтабеков А.
91. Балтабаев С.
92. Балтабаев С.
93. Башар Ж.
94. Байбосынов Ж.
95. Байқасқаұлы К.
96. Балағанов А.
97. Балқыбеков Ж.
98. Бапашев Б.
99. Барланов М.
100. Бауымбеков К.
101. Бәдіғұлов А.
102. Бәкіртегі А.
103. Бәкіров К.
104. Бәкіров К.
105. Бәкірұлы Қ.
106. Бегім ханым.
107. Бейсекеұлы Қ.
108. Бейсекина Ж.
109. Бейсенбаева К.
110. Бейсенбаев С.
111. Бейсенбаев Ө.
112. Бекмағамбетов А.
113. Бектібайұлы Н.
114. Бектібайұлы С.
115. Бекмағамбетова С.
116. Бимурзина С.
117. Биялов Б.
118. Божбанова А.
119. Бөкейханов Ә.
120. Бөкейханов С.
121. Быхин Б.
122. Білембайұлы С.
123. Гапова Қ.
124. Ғалиханов С.
125. Дағылов Т.
126. Дағылов Т.
127. Дағылов Т.
128. Дакенов М.
129. Дакенов С.
130. Досмақов Ғ.
131. Досмақов Ғ.
132. Досмақов М.
133. Досмақов А.
134. Досмақов З.
135. Досмақов Қ.
136. Досмақов С.
137. Досмақов Х.

138. Дулатбеков О.
139. Дауылбаев Ә.
140. Дауылбаев Ж.
141. Дауылбаев К.
142. Диншин Ә.
143. Дуанбеков М.
144. Дуанбекұлы М.
145. Дуанбеков С.
146. Дүйсекин Ш.
147. Дүйсенбеков А.
148. Егінбаев Ә.
149. Егімбаев Р.
150. Егімбаев Т.
151. Егімбайқызы М.
152. Ермекбаев Қ.
153. Есекев С.
154. Ескейұлы Ә.
155. Есенбаев С.
156. Есмағанбетұлы А.
157. Жабасқызы Б.
158. Жабасқызы М.
159. Жабасқызы Қ.
160. Жанабаев Т.
161. Жақыпбекұлы А.
162. Жақыпбеков Д.
163. Жанқұтты би
164. Жайлыбаев Р.
165. Жайсаңбайұлы Қ.
166. Жалбаев А.
167. Жалбаева Н.
168. Жаппарбеков Т.
169. Жаппарбеков Р.
170. Жаркенов И.
171. Жахметов З.
172. Жахметов М.
173. Жақыпов А.
174. Жаманбекова М.

175. Жармағанбетов Е.
176. Жармағамбетов К.
177. Жағыпаров Б.
178. Жағыпаров Ш.
179. Жакенова Н.
180. Жакупов Ж.
181. Жапенов Қ.
182. Жаркымбекұлы Р.
183. Жәнібекұлы Д.
184. Жәнібекұлы Т.
185. Жәнібекұлы Ы.
186. Жүнісов Ә.
187. Жүкіжанов К.
188. Жұмабекұлы К.
189. Жұмадилов Қ.
190. Жұмадилов Н.
191. Жұматаев А.
192. Жұматаев С.
193. Жұматаев Ш.
194. Ибраев Н.
195. Ибраев О.
196. Ибраев С.
197. Иғенов Ш.
198. Игібеков Ш.
199. Иманбаев Б.
200. Иманбаев Ш.
201. Иманбекұлы С.
202. Инкарбекова Т.
203. Исабеков А.
204. Исабеков Қ.
205. Исаберлина Б.
206. Искаков Т.
207. Искаков Ш.
208. Катепов Е.
209. Катепов Н.
210. Катепов О.
211. Катепова М.

212. Кәрібеков М.
 213. Кенжебеков А
 214. Кенжебекова К.
 215. Кенжебеков О.
 216. Кеңесбаев Ж.
 217. Кеңесбаев Б.
 218. Кеңесбаев Ж.
 219. Кеңесбаев Қ.
 220. Кеңесбаев Қ.
 221. Керімтаева К.
 222. Көбенов С.
 223. Көбенов Ә.
 224. Көпбаев З.
 225. Көпбаев М.
 226. Көпбаева М
 227. Көсемқұлов С.
 228. Көсемқұлова С.
 229. Көшербаев З.
 230. Көшербаев М.
 231. Көшербаев М.
 232. Көшкін баба
 233. Күземханов Ш.
 234. Күлтебайтегі Х.
 235. Күсенбаев Ж.
 236. Қазанғапов К.
 237. Қазыбеков Н.
 238. Қайдекешова Р.
 239. Қалабаев Ә.
 240. Қалабаева Қ.
 241. Қалдыбаев А*.
 242. Қалиев Б.
 243. Қалиұлы Д.
 244. Қалиев Е.
 245. Қалиев З.
 246. Қалиев Қ.
 247. Қалиева М.
 248. Қалиев М.
 249. Қалиев Н.
 250. Қалиев Н.*
 251. Қалиев С.
 252. Қалиев Т.
 253. Қалиұлы А.
 254. Қалиев Т.
 255. Қалиұлы А.
 256. Қалиясқаров К.
 257. Қалпебаев Қ.
 258. Қалыбеков Ж.
 259. Қалыбеков М.
 260. Қалыбеков С.
 261. Қалымбергенов А.
 262. Қамысбайұлы Ш.
 263. Қантаев Б.
 264. Қасенбеков Е.
 265. Қасенбеков С.
 266. Қасымов Т.
 267. Қаукуенов К.
 268. Қауымбеков Д.
 269. Қауымбекова Т.
 270. Қауырқызы Ә.
 271. Қашқынбаев Т.
 272. Қоғылов Қ.
 273. Қожабаев К.
 274. Қонақбайұлы М.
 275. Қордабаев Т.*
 276. Құлық Жалаңтөс Б.
 277. Қусайнов М.
 278. Құсайынов Б.
 279. Құсайынов М.
 280. Құсайынов С.
 281. Құсайынова Н.
 282. Құтжанов Р.
 283. Құтжанқызы К.
 284. Құтжанов Ғ.
 285. Қызылбаев Ж.

- 286.Қызылбеков Т.
 287.Қызылбекова О.
 288.Қылышбаев Т.
 289.Қылышбаева М.
 290.Қылышев Н.
 291.Қнашин А.
 292.Мағұрыпбеков Қ.
 293.Мағұрыпбеков Ш.
 294.Мағұрыпбеков Х.
 295.Мажетаев К.
 296.Майлыбаев Р.
 297.Мақатаев Б.
 298.Мақсұтбеков Б.
 299.Мақұлбеков Е.
 300.Мақашев Т.
 301.Мақашұлы Ш.
 302.Манасбаев Ж.
 303.Маңғазбайтегі С.
 304.Медетбекұлы Б.
 305.Мейрманов Б.
 306.Медетбеков Қ.
 307.Молдашбаев З.
 308.Молдин А.
 309.Молдин Ж.
 310.Молдина М.
 311.Момынбеков Ж.
 312.Мұкатаева К.
 313.Мұкатаев С.
 314.Мұкатаев Т.
 315.Мұкатаев Төл.
 316.Мұқашқызы М.
 317.Мұқашев С.
 318.Мұхамедиев С.
 319.Мұхатаев У.
 320.Мұрсалбек
 321.Мұсанова Г.
 322.Мұсанов Т.
 323.Мұстафин К.
 324.Мұстафина О.
 325.Мұстафина Ұ.
 326.Мұхаметжанов Қ.
 327.Мұхамбетжанов С.
 328.Мұхамбетжар М.
 329.Мұхамедияұлы С.
 330.Мұхадиұлы Т.
 331.Мұхамедиев Д.
 332.Мұхамедиев С.
 333.Мылғалшеров Қ.
 334.Мырзабеков А.
 335.Нарымбеков Қ.
 336.Нашарбаев Р.
 337.Нәсіпов Ә.
 338.Ноғайбеков М.
 339.Ноғайбеков С.
 340.Нөкербеков Ф.
 341.Нөкешұлы Б.
 342.Нөкешұлы Б.
 343.Нөкешұлы М.
 344.Нұрыбайұлы Е.
 345.Нұрыбаев Ө.
 346.Нұрыбаев Т.
 347.Нұрғалиұлы Р.
 348.Нұрланов Ә.
 349.Нұрланов К.
 350.Нұрмағанбетов Е.*
 351.Нұршин М.
 352.Нығман Б.
 353.Нығызбаев Н.
 354.Омаров А.
 355.Омаров С.
 356.Омаров Д.
 357.Омаров Т.
 358.Оңғарбаев А.
 359.Оразбеков С.

360. Өкімбаев Е.
361. Өмірбеков А.
362. Өмірбеков А.
363. Өміртайұлы Т.
364. Өсербаев М.
365. Райымбекұлы Б.
366. Райымбеков Ө.
367. Ракишев Б.
368. Ракишев Б.
369. Ракишев Т.
370. Рахымжанова Г.
371. Рамазанов Қ.
372. Рахымбеков Р.
373. Рашева Р.
374. Рымқұлов Д.*
375. Рысбеков Ж.
376. Рысбеков Қ.
377. Рысбеков Н.
378. Сабанбайұлы Қ.
379. Сағындықова З.
380. Садирбеков М.
381. Садықов Ж.
382. Садықов М.
383. Садуақасов Б.
384. Садуақасов Ө.
385. Садуақасова Н.
386. Садуақасов С.
387. Садуақасова Т.
388. Салпыұлы Ш.
389. Сапарбеков О.
390. Сана би.
391. Сапарғалиұлы Қ.
392. Сармантайұлы Қ.
393. Сәденов Қ.
394. Сәденұлы М.
395. Сәдірбеков А.
396. Сәмсінов М.
397. Сәтбеков С.
398. Сәтбекова Т.
399. Сәтбеков Ш.
400. Сәттібайұлы К.
401. Сейдіғалиұлы А.
402. Сейдіғалиев Р.
403. Сейтжанов А.
404. Сейтжанов Б.
405. Сейтмұқашев Ғ.
406. Смағұлов А.
407. Смағұлов Ә.
408. Смағұлов К.
409. Смағұлов Т.
410. Смайлов Ж.
411. Смайлов Қ.
412. Смағұлов Т.
413. Спатаев М.
414. Спатаев Н.
415. Стақов М.
416. Сұраншин Ә.*
417. Сүлейменов М.
418. Сүлейменов Н.
419. Сыздықов Қ.
420. Сыздықов М.
421. Сыздықов Р.
422. Сыздықова Ш.
423. Тайбекова Р.
424. Тапалов Н.
425. Тасқынбаев А.
426. Тажин О.
427. Тәжібаев А.
428. Тәжібаев Ж.
429. Тәжібаев З.
430. Тәжібаев Т.
431. Тәжібайқызы К.
432. Тәуекелтегі Т.
433. Темрғалиұлы Ө.

434.Тлеубеков Е.
435.Тілеубекұлы Т.
436.Тілеубекұлы Ж.
437.Тілеубекұлы Р.
438.Тілеуберлина О.
439.Тойшыкенов А.
440.Тоқбергенова А.
441.Тойшыкенов А.
442.Толешов А.
443.Толешов Д.
444.Толешов Ж.
445. Толешова Ж.
446.Төлөпбергенұлы Т.
447.Төлөпбергенов Н.
448.Төлөпбергенов С.
449.Төкітаев Б.
450.Төлеубайқызы Д
451.Төлеубекұлы Т.
452.Төлешов Р.
453.Төрөбайұлы А.
454.Тұрысбеков Ғ.
455.Тұрысбеков Н.
456.Тұрысбеков С.
457.Тұрысбеков Е.
458.Тұрысбеков Е.
459.Тұтқабек
460.Тұтқабеков Қ.
461.Тұтқабекова С.
462.Тұяқбаева К.
463.Тұяқбаев Қ.
464.Тұяқбаев С.
465.Түймішінов Н.
466.Түймішінов Т.

467.Түсіпов Д.
468.Түсіпбеков Ж.
469.Түсіпов Қ.
470.Түсіпбеков М.
471.Түсіпбекова М.
472.Түсіпбеков Сағат
473.Тілеубеков Ә.
474.Халиолла М.
475.Шабанбай би.
476.Шайкенов Е.
477.Шаймерденов А.
478.Шаймерденов Ш.
479.Шардарбеков М.
480.Шаяхыметов Р.
481.Шәкірұлы М.
482.Шәкәрім С.
483.Шойбекова Ж.
484.Шоланов Қ.
485.Шомақбаев С*
486.Шошынбекова О.
487.Шошымбекова Ж.
488.Шошынбеков Т.
489.Шегірұлы Н.
490.Шегіров Н.
491.Ыбыраев А.
492.Ыбыраев Ж.
493.Ыбышев Қ.
494.Ыдырысбайұлы К.
495.Ыдырысов С.
496.Ыдырысова К.
497.Ысқаков Ү.
498.Ысқақұлы Ш.
499.Ізбасар Қ.



Сарытерек ауылы
«Таным мен тағылым» кітабының авторлары

- | | |
|------------------|--------------------|
| 1. Ақтайбеков Қ. | 10. Мұхтаров Қ. |
| 2. Балтабаев С. | 11. Әлібаева Г. |
| 3. Башар Ж. | 12. Кәрібекова Қ. |
| 4. Дауылбаев Ә. | 13. Қасенбекова Ш. |
| 5. Досмақов Қ. | 14. Алдажарова Н. |
| 6. Көшербаев Н. | 15. Серік М. |
| 7. Сәтбеков С. | 16. Тәжібаев Ж. |
| 8. Тойшыкенов А. | 16. Кенжебеков Б. |
| 9. Әлібаев Б. | |





МАЗМҰНЫ


Е. Бизаков Елдік пен еңбектің шежіресі	3
Башар. Ж. Шығарушылар алқасынан	7
Сарытерек ауылдық округі. Географиялық орналасуы	10
Табиғаты мен табиғи байлықтары.....	11
Тарих толқынында	15
Халыққа білім беру жүйесі	52
Денсаулық сақтау ісі	62
Денешынықтыру және спорт	63
Мәдениет пен өнер.....	65
Башар Ж. Сарытерек.....	72
Алфавиттік бөлім	
А	73
Ә	104
Б.....	115
Ғ	134
Д	135
Е.....	149
Ж.....	153
И	170
К.....	175
Қ.....	188



М.....	218
Н.....	235
О.....	240
Ө.....	243
Р.....	244
С.....	250
Т.....	271
Ұ.....	303
Х.....	304
Ш.....	305
Ы.....	314
Жыр арқауы туған жер.....	325
Қосымшалар.....	327
Сарытерек ауылы «Таным мен тағылым» кітабының авторлары.....	
Маңызды уақиғалар тізбегі.....	329
Жылдар айғағы.....	332
Алғашқы колхозшылар Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округі.....	335
1920 жылдан бастап мойынсерік, артель кейін колхоз, совхоз шаруашылықтарында еңбек еткен, ардагерлердің тізімі:.....	335
Жабас Кеңесбаев атындағы орта мектепті әр жылдарда бітірген түлектер арасынан ел мақтанышына айналған азаматтар.....	341
Ғылым әлемінде.....	341



Ж.Кеңесбаев атындағы орта мектепті «Алтын», «Күміс» медальдармен, «Алтын белгімен» және ерекше аттестатпен бітірген түлектер:	342
1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысып хабарсыз кеткендер (Сарытерек ауылы бойынша)	343
Ауған соғысының ардагерлері (Сарытерек ауылы бойынша).....	344
Сарытерек а.о. бойынша 10 баладан 14 балаға дейін туып тәрбиелеп өсірген «Алтын алқа» иегерлері:	345
Сарытерек а.о. бойынша 9 бала туып тәрбиелеп өсірген «Алтын алқа» иегерлері:	346
Сарытерек мектебі құрылған 1926 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі әр жылдарда еңбек етіп, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге ө зіндік үлес қосқан мұғалімдер.....	347
Ұстаздарыма	350
1949-1950 жж. колхозда мал санының көбеюіне байланысты Семей облысы Шұбартау ауданының иесіз қалған қыстақтарға отбасымен көшкендер.....	351
1963 жылдан бастап Ақтоғай совхозында басшылық және партия, совет қызметтерінде болған азаматтар	353
Сарытерек округі бойынша тыл ардагерлері:	360
Тоқырауын болысы, №3 ауылдың қыстаулары	361
Тоқырауын болысы, №8 ауылдың қыстаулары	364
Есім көрсеткіштері.....	366
Сарытерек ауылы «Таным мен тағылым» кітабының авторлары.....	373



Шығарушылар алқасы кітапты баспаға әзірлеу жұмысына атсалысып қол ұшын берген Қарағанды облыстық мұрағатының ұжымына, Сарытерек ауылдық округінің әкімі Ерлан Бизақовқа, Сарытерек орта мектебінің ұжымына, мақала авторларына, еңбек ардагерлеріне, зиялы азаматтарға ерекше ықылас танытқандары үшін алғыс айтамыз. Сондай-ақ кітаптың жарық көруіне жан-жақты көмек көрсетіп, қаржылай қолдау танытқан азаматтарға, демеушілерге шексіз алғысымызды білдіреміз.

Кітаптың сапасы мен мазмұнын жақсарту жөнінде келелі кеңес айтып, пікір қосқан Әжібек Дауылбаев, Халиолла Досмақов, Сәтімбек Балтабаев сынды ауыл азаматтарына ризашылық білдіреміз.

Кітапты дайындау кезінде «Қазақстан энциклопедиясы, Қарағанды энциклопедиясы, Ә.Бөкейханов шығармалар жинағы, Мұстафа Шоқай шығармалар жинағы, «Арқа еңбеккері» (бұрынғы «Қызыл Ту») газетінің, «Балқаш өңірі» газетінің архивтері, Қарағанды мемлекеттік мұрағатының қоры, Республикалық басылымдар, Т.Мұқан. «Ел тарихы-рухани қазына», Юрий Попов «Хасен Бижанов, Окружение, дела и встречи» 2008ғ. З.Тайшыбай құрастырған. «Абылай хан» 2005ж. «Астана», Т.Әміртайұлы. «Өмір өткелдері» 2016ж. «Қарағанды», Зияда Аманбаев «Әулет аралық естелік» Балқаш. 2001., Қабылбек Рамазанов «Тоқырауын бойы-тектілер мекені» Балқаш. 2004., Қуандық Сәденов «Ауылым Жалаңтөстің Қызылтасы» Қарағанды.2016ж. басқа да әдебиеттер мен түрлі түсті фотоальбомдар пайдаланылды.



САРЫТЕРЕК
ауылдық округі
АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Бас редактор

Жанболат БАШАР

Компьютерде тергендер

Қасенбекова Шырын,

Алибаева Гүлназира

Тех.редактор **Жанболат Башар**

Корректоры

Айнұр Кендірбаева

Суреттерін өңдеген,

және компьютермен беттеген

Б. Жумаділова - тел.:+7 707 907 5988

Баспаға жіберілген уақыты 12.06.2018ж. Басуға қол қойған күн

15.06.2018ж. Пішімі 70/100 1/16. Офсеттік басылым.

Гарнитура «Times New Roman». Шартты баспа табағы .

Таралымы 700 дана. Тапсырыс

Қарағанды қаласы. «Tengri ltd» ЖШС баспаханасы.



